Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

Қызмет хроникасы



1992–1993

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

ҚЫЗМЕТ ХРОНИКАСЫ 1992–1993 жылдар

АСТАНА 2013

УДК 342
ББК 67.400.6
Қ 18

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС

Редакциялық-баспагерлік топ:
М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,
Б.Б. Темірболат (жауапты редактор), саяси ғылымдардың кандидаты,
Ж.К. Үсембаева, техника ғылымдарының докторы, профессор,
Е.А. Хасенов, филология ғылымдарының кандидаты,
Т.А. Темірханов, М.М. Бейсенова

Қ 18 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы. 1992–1993 жылдар. — Астана: Деловой Мир Астана, 2013. — 596 б.

ISBN 978-601-7259-65-5

49836

Бұл кітап «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы бойынша шығарылып отырған кезекті басылым болып табылады.

Кітапта 1992–1993 жылдары елімізде және шетелдерде Мемлекет басшысының қатысуымен өткізілген басты іс-шаралар жайында баяндалған, сонымен қатар осы кезеңде Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген толыққанды сөздерінің мәтіндері, 1992–1993 жылдары қабылданған Қазақстан Республикасының маңызы зор заңдары мен Президент жарлықтарының тізбесі ұсынылған, түрлі анықтамалық ақпараттар келтірілген.

Сондай-ақ, кітаптың компакт-дискідегі мультимедиялық нұсқасы ұсынылған.

Басылым көпшілік оқырманға арналған.

УДК 342
ББК 67.400.6

ISBN 978-601-7259-65-5

© Қасымбеков М.Б., 2013
© «Деловой Мир Астана» ЖШС, 2013
© Барлық құқықтары қорғалған

1992–1993 жылдар — таңдау нарықтық қатынастардың пайдасына шешілген сенімді дағдарысқа қарсы шаралардың кезеңі. «Бұл кезең бізге өнегелі сабақ болды, олардың ең бастысы — тұрақты әрі мықты экономикасыз саяси даму күйзеліспен және баяу жүретінін, жалпыхалықтық наразылық пен елдің тұрақсыздығына әкелуі мүмкін екенін сезіну болды».

Жоспарлы экономикалық жүйенің шикізаттық қосымшасы принципі бойынша құрылған теңгерімі бұзылған экономика КСРО-дан Қазақстанға мұра болып қалғаны белгілі. Адам сенгісіз жұмыссыздық, жаппай тапшылық, гиперинфляция, шаруашылық қатынастардың күйреуі Кеңес Одағының құлауымен қоса қабат жүрді. Экономикадағы қарыздар республика ІЖӨ-нің көлеміне теңелді, кредиттер бойынша мөлшерлемелер 400% асты, жылдық инфляция 2500% көрсеткішінен асты, кәсіпорындардың жартысынан көбі банкрот немесе шығынды деп танылды, орташа айлық жалақы мөлшері 2 еседен аса, ал ең аз мөлшері шамамен 90% түсіп қалды.

Өндірістің құлдырауы, қаржыландырудың бұрынғы арналарының жойылуы бюджеттің кіріс бөлігін күрт кемітіп жіберді. Нәтижесінде мемлекет өз шығыстарын барынша азайтуға мәжбүр болды, ол әлеуметтік салаға зор нұқсан келтірді және халық тұрмысының айтарлықтай төмендеуіне себеп болды.

Осының барлығы экономиканы тұрақтандыру мен жедел түрде нарыққа көшу бойынша кідіріссіз және батыл шаралар қабылдауды талап етті.

Алғашқы қадамдардың ішінде 1992 жылғы қаңтар айында іске асырылған бағаның либералдануы, сондай-ақ қабылданған шұғыл дағдарысқа қарсы шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдетудің үкіметтік бағдарламасы және Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу және

жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасының қабылдануына сәйкес ұйымдастырылған мемлекет иелігінен алу мен жаппай жекешелендіру болды.

КСРО-дан мұраға қалған банктік және қаржылық жүйелерді қайта құрылымдау келесі маңызды бағытқа айналды. 1992–1993 жылдар арасындағы кезең ТМД-ның басқа елдеріндегідей Қазақстанда да «банктік серпілісімен» белгілі болды. 1992 жыл ішінде республикадағы банктер саны 155-тен (877 филиалдары бар) 204-ке дейін (1023 филиалы бар) өсті.

1993 жыл елдің банктік жүйесінің дамуында күрт өзгерісті жыл болды. Қазақстандағы банктік қызмет көрсету саласы 1993 жылы қабылданған заңмен реттелді, оған кейіннен өзгерістер енгізілді. Заң мемлекеттік, жеке меншік, акционерлік және бірлескен банктер жүйесінде реттеуші қызметін атқаруды көздеген орталық институт — Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін құрды. Лицензиясы бар банктер дәстүрлі банктік операциялардың барлық түрлерін іске асыру құқығын сақтап қалды.

Сонымен қатар ел басшылығы сыртқы қаржылық ресурстардың құйылуы болмаған жағдайда сыртқы қарыздың кемуі, ішкі ақша айналымының тұрақтануы және нарықтық экономиканы құрудың ауқымды міндеттерін шешу асқан қиындық тудыратынын біле отырып, халықаралық экономикалық жүйенің маңызды субъектілері — халықаралық ұйымдармен сындарлы және өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға бағыт алды.

Бұл арада тұрақты экономикалық өсудің маңызды шарттарының бірі болған әлемнің жетекші қаржылық және экономикалық институттарымен өзара қарым-қатынасты белсендіре түскен Президент Н.Ә. Назарбаев өзекті рөл атқарды.

Экономикалық реформаларды қаржыландыру, Қазақстанның ұлттық экономикасының жекелеген салаларын дамыту жөніндегі арнайы жобаларды іске асыру үшін займдар мен кредиттер алу тарапынан алғанда Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, Еуропа қайта құру және даму банкі секілді халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнатуға баса назар аударылды.

Қазақстан ХВҚ-ға кіріп, шетелдік бизнес үшін өз нарығын ашты, бірлескен кәсіпорындар құра бастады. Республикаға шетелдік инвестицияларды тарту саясатының алғашқы «қарлығаштары» қатарында «Chevron Corporation», «Philipp Morris» және т.б. атынан дүниежүзіне танымал компаниялар келді.

Сонымен бірге, 1993 жылдың соңына дейін Қазақстан біртұтас рубль аймағында бола отырып, іс-жүзінде өздігінен экономикалық саясат жүргізудің нақты мүмкіндігіне ие бола алмады. Соңғы нүкте 1993 жылдың қараша айында өзінің жеке валютасы — теңге енгізілгенде ғана қойылды.

1993 жылғы 12 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлығы шықты.

1993 жылғы 15 қарашада теңге КСРО-ның 500 рубліне 1 теңге қатынасында айналымға енді. Бұл күн ресми түрде Ұлттық валюта күні болып табылды.

Теңгені енгізу аса ауыр экономикалық жағдайларда іске асты. Ұлттық валюта енгізілген сәтте гиперинфляция деңгейі 2500% жетті, ІЖӨ — бұдан бұрынғы 1992 жылмен салыстырғанда 40% құлады, өндіріс — 9,2% төмендеді. Ең төменгі рұқсат етілген деңгейі 60% бола тұрып, экономиканы ақшалы ету дәрежесі 6–7% дейін

құлдырады. 1993 жылға қарай 1 доллар 990 рубльге дейін жетті. Әлеуметтік және қаржылық күйзеліс пісіп-жетіліп, шегінен шықты.

Қазақстан бірыңғай рубль аймағында болған кезде Ресей жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарға қарамастан, 1993 жылғы 26 шілдеде біржақты тәртіпте 1961–1992 жылдары шығарылған рубль банкноттарын жаңа үлгідегі рубльдерге ауыстыруды бастап, сындарлы жағдай апатты ауқымға дейін жетті. Бұл ретте, Қазақстан рубль аймағынан іс-жүзінде шығарылып тасталды. Республикаға алдымен Қырғызстаннан, содан соң Ресейден ескі кеңес ақшалары жаппай «тастала» бастады.

Осылайша, ұлттық валютаны енгізу мәселесі елдің жоғарғы басшылығының бұрынғы КСРО республикаларымен байланыс үзу ниетімен емес, тұтынушылық нарықты сақтап қалу, ел экономикасын, халықты экономикалық күйзелістен қорғау мақсатында жүзеге асырылды.

Республиканың қаржы-несиелік жүйесінің басында Ұлттық банк тұрды. Екінші деңгейдегі банктерге қойылатын талаптарды қатаңдату бірінші қадам болды. 1993 жылы Ұлттық банк бекітілген талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты банктік қызмет көрсетудің 15 лицензиясын қайтарып алды. Дәл осы кезде әртүрлі бұзушылықтар үшін экономикалық санкциялар енгізілді, сондай-ақ қаржылық институттардың ең төменгі жарғылық капиталына қойылатын талаптар көтерілді.

Осыншалықты ауқымды экономикалық міндеттерді шешу қажеттігі қоғамды біріктіріп, жұмылдыра алатын мемлекеттік биліктің тиімді құрылымын жасауды талап етті.

Мемлекеттік құрылыстың алғашқы үлгісінің басымдықтарын Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құрылыс теориясы бойынша алғашқы іргелі еңбектерінің бірі болған «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясында» (1992 ж.) және «Қазақстан дамуы — қоғамның идеялық бірігуі» (1993 ж.) атты еңбегінде негіздеді.

Осы кезеңде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның ашық түрдегі қоғам ретінде Қазақстан дамуының тұжырымдамалық үлгісін — демократиялық, бейбітсүйгіш мемлекеттің — болашақ елдің түпүлгісін жасады, ол Қалыптасу стратегиясында көрсетілгендей:

а) адам құқығы мен бостандықтарына, тұрақты азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ететін саяси және идеологиялық плюрализмге, халықаралық қоғамдастықта лайықты және теңқұқылы орынға ие болуға септігін тигізетін сенімді қорғаныс пен қауіпсіздікке кепілдік беретін мықты президенттік республика болып табылады;

б) әралуан меншік нысандары мен әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпкерлігі, дұрыс бәсекелестік, шетелдік инвесторлардың ақылға қонымды қатысуы бар дамыған нарықтық экономикаға сүйенеді;

в) нақты айқындалған әлеуметтік бағдары бар, өз мүмкіндіктерін қолдану мен материалдық жағынан игілікті тұрмыс кешуі үшін барлығына бірдей тең жағдайлар мен мүмкіндіктер жасайды, әр халықтың ұлттық мәдениетін сақтап, дамытады, тұрақты даму негізі ретінде ұлттық консенсус саясатын жүргізеді.

Осы кездері елдегі қоғамдық-саяси жағдай өте қиын және әралуан сипатымен ерекшеленді.

Саяси авансахнадан КОКП-ның кетуі нәтижесінде билік басында пайда болған бос орынды Жоғарғы Кеңес бастаған Халық депутаттары кеңесі толтырғысы келді, алайда сәтсіздікке ұшырады. Реформалар қарама-қайшылықтарды шиеленістіре түсті және Кеңестердің ұлғая түскен әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың сын-қатерлеріне жауап бере алмауын және елдің нарықтық экономикаға көшуін қамтамасыз ете алмауын ашық көрсетті. Осындай жағдайда толық билікті өз қолында шоғырландырған Кеңестер жүйесі Қазақстанның одан әрі дамуы жолында іс-жүзінде тежегішке айналды. Оның үстіне, ол демократиялық қоғамның іргелі негізі — билікті бөлу принципіне қарама-қайшы келді.

1993 жылғы 28 қаңтарда іске асқан Конституциялық реформа жасау қажеттігі туындады.

Қазақстанның алғашқы Конституциясын әзірлеу мен талқылау елдің мемлекеттік-саяси құрылымының негізін қалайтын принциптерге байланысты саяси пікірталаспен жалғасты. Қоғамдық пікірсайыстың ашық саяси қақтығысқа жалғасып кету қаупі айқындала бастады. Елдің постсоциалистік қоғамға аса күйзелісті, ал қоғамның белгілі бір топтары үшін қажетсіз әрі жедел ауысуына байланысты жағдай бірнеше есеге қиындай түсті. Сондықтан да 1993 жылғы Конституцияны әзірлеу мен қабылдау әртүрлі, кейде қарама-қайшы ұстанымдарды тудырған бітпей кеткен ымыралас тұжырымдамалар іздеуге әкелгені заңды. Нәтижесінде, Конституцияның қорытынды мәтіні тым әмбебаптығымен ерекшеленді.

Жаңа Конституция Қазақстан егемендігінің қалыптасуын заң жүзінде аяқтады. Алайда көп ретте 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясын қайталаған Негізгі заң ымыралық сипатта болды. Бұрынғы жүйенің негізгі механизмін тікелей Кеңестер тарапынан сақтай отырып, жаңа Конституция іс-жүзінде Қазақстанның енді ғана қол жеткізген мемлекеттілігінің астына баяу іске қосылатын жарылғыш зат қойғанмен бірдей болды. Елде шын мәнінде, қосбилік орнады, ол ел дамуын сіреститіп тастады және жедел шешілуін талап етті.

Бұл жағдай Президент пен Жоғарғы Кеңес арасындағы қарама-қарсылықпен сипатталған Қазақстанның саяси өмірінің бұдан былайғы мазмұнын айтарлықтай дәрежеде алдын ала айқындап берді, бұл мемлекеттік басқару үдерістерінің шырқын бұзып, либералды экономикалық реформаларды үдемелі іске асырудың орындалмау қаупін төндірді. 1993 жылы қазан айында көршілес Ресейдің Мәскеу қаласында адам құрбандығына әкелген қарулы қақтығыспен аяқталған билік тармақтарының қарама-қарсы тұру тәжірибесі осындай жағдайдың мемлекет үшін қаншалықты қауіпті екенін көрсетті.

Барлық осы объективті факторлар Кеңестер жүйесінің құлауына себеп болды. Мазмұнды қарама-қайшылық және Кеңестердің тежеусіз билігі мен биліктің демократиялық бөліну принципінің үйлесімсіздігі Жоғарғы Кеңестің он үшінші шақырылымының 1993 жылы өзін-өзі таратуына әкелді.

Жоғарғы кеңестің он үшінші шақырылымының өзін-өзі таратуы өкілетті биліктің төменгі құрылымының өздігінен құлдырауынан басталды. Аудандық, соңынан облыстық кеңестер бірінен соң бірі өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдер қабылдай бастады. Мемлекеттік билік тармақтарын бөлу принциптері

бойынша өкілетті билікті реформалау қажеттігі мен парламенттің заң шығарушылық қызметін кәсібилігі мен оның тиімділігін арттыру жағына қарай жетілдіру қажеттігін түсінген Жоғарғы Кеңестегі депутаттардың көп бөлігі де мандаттарын тапсыра бастады.

1993 жылғы 13 желтоқсанда Жоғарғы Кеңестің он үшінші шақырылымы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.

1990 жылдың 24 сәуірінен 1993 жылдың 13 желтоқсанына дейін жұмыс істеген Жоғарғы Кеңестің он үшінші шақырылымы Қазақстанда парламентаризмнің қалыптасу тарихында ерекше рөл атқарды. Ол 1990 жылдың 25 наурызында өткен алғашқы демократиялық сайлаудың тәжірибесінен туындады.

Әлі де сындарлы өкілетті органның маңызды рөлі Қазақстан тәуелсіздігінің негізін қалаған Мемлекеттік егемендік туралы декларация, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң, Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау туралы заң, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы секілді аса маңызды саяси-құқықтық құжаттардың қабылдануымен айқындалды.

Осылайша, 1993 жылғы Конституция барлық кемшіліктеріне қарамастан ұлттық-мемлекеттік құрылыстың негізін қалап қана қоймай, демократияландыру үдерістері мен құрылымдық саяси реформаларды тереңдетуге жәрдемдесті.

Дәл осы кезеңде өзін-өзі саяси тұрғыда білдіру үшін жағдай жасау, мемлекеттік емес БАҚ-тарды дамыту және т.б. көрініс тапқан қоғамдық-саяси өмірдің жүйелі түрде либералдануы басталды. Осы секілді серпінді либералды үдерістер ең қысқа мерзімде елдің саяси дамуын жаңа мазмұнмен толықтырып, саяси реформаларды одан әрі іске асырудың бағдарын айтарлықтай нақты белгілеуге мүмкіндік берді.

Қоғамдық өмірдің либералдануы сондай-ақ елде көппартиялықтың енгізілуімен есте қалды. Саяси плюрализмнің дамуы нәтижесінде саяси партиялар санының өсуі байқалды. Егер бұған дейінгі кезеңде Қазақстанның саяси майданында тек азаматтық және протопартиялық институттар болатын болса, 1993 жылдың соңында саяси партиялар құрылуының алғышарттары қалыптаса бастады.

Осы жылдары сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесінің жалпы бейнесі айқындала бастады. Атап айтқанда, 1992 жылдың ішінде «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Заңына өтпелі кезеңде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы және «Экономикалық реформа жағдайларында мемлекеттік басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметін жетілдіру туралы» Президент Жарлығы бірінен соң бірі қабылданды

Осылайша, Қазақстанда алғаш рет Президенттен бастап жергілікті әкімшіліктер басшыларына дейін біртұтас атқарушы-басқарушылық органдар жүйесі бекітілді.

1993 жылы жергілікті атқарушы билік органдарының атауына, құрылымы мен өкілеттігіне түбегейлі өзгерістер енгізген «Қазақстан Республикасындағы жергілікті атқарушы және өкілетті органдары туралы» Заңы қабылданды.

Осылайша, 1992–1993 жылдардағы саяси дамудың мазмұны өкілетті және атқарушы билік тармақтарының функциялары мен өкілеттіктерінің шегін ажырату мен нарықтық экономикаға көшу жағдайындағы атқарушы билік органдары қызмет

ету механизмінің оңтайлы моделін іздеуге бағытталған мемлекеттік басқарудың ескі жүйесін реформалау үдерістерімен толықты. Атқарушы және президенттік биліктің Мемлекет басшысының қол астына бірігуі осы кезеңге тән сипат алды, ал дамудың негізгі үрдісі — саяси маңыздылығын жоғалта бастаған Кеңестер жағын өкілдік еткен өкілетті билікке қарама-қарсы атқарушы билікті нығайту болды. Нәтижесінде басқарудың жаңа құрылымының конституциялық жағы бекітілді, оның шеңберінде атқарушы билік органдары (жергілікті әкімшіліктерді қоса алғанда) Парламентке есеп беру міндетінен Президентке бағыныстылығы қайта қаралды, ал президенттік тікелей басқару биліктің жеке тармағы ретінде бөлініп шықты.

Күрделі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайда елде этносаралық қатынастар тұрғысында да белгілі бір теріс әсерлі жағдай қалыптасты.

Бұл кезеңде ең бір қызу пікірсайыстар қосазаматтық мәселесі төңірегінде жүргізілді. Алайда, ақыр-соңында дұрыс тоқтам жасалды: қосазаматтық жойылды, бұл елдің саяси және экономикалық қауіпсіздігіне төнген қатерлерді айтарлықтай төмендетті. КСРО-ның бөлшектенуіне қарай бұрынғы республикалар арасында көптеген аумақтық және мүліктік наразылықтар жинала бастады, ал Қазақстанның айналасы мен ішінде де шекараны қайта қарауға шақырған сепаратистік ой-пікірлерді тарата бастаған саяси топтар белсендіріле түсті.

Жалпы Қазақстандағы этносаралық келісімді сақтап қалуға ел Президентінің ой елегіне салынған, үдемелі саясаты көп дәрежеде жәрдемдесті. Этносаралық келісім, азаматтық бейбітшілік пен қоғамдық тұрақтылықты «үш алып кит» және Н.Ә. Назарбаевтың саяси пәлсапасының сөзсіз әрі үзілді-кесілді кесімі деп айтуға болады, онсыз қазақстандық қоғамның ілгері дамуы мүлдем мүмкін емес. Алайда көптеген елдерде және ғылыми доктриналарда көпэтностылық «қауіптілік» факторы болып есептелетін болса, Н.Ә. Назарбаев 1980 жылдардың соңынан бастап-ақ мемлекеттің этностық, тілдік, конфессиялық әралуандығын бағасыз әлеуметтік-гуманитарлық капитал және бірігу факторы ретінде қарастыра отырып, бұл таптаурынды бұзды.

Сонымен бірге басқа үдеріс — Қазақстанға бір кездері Отанын тастап кетуге мәжбүр болған оралмандардың қайта келуі басталды. Қазақ диаспорасының әр түрлі бөліктерінің Қазақстанмен қауышуына дүниежүзінің 30-дан астам елдерінен 700-ден астам делегаттарды жинаған 1992 жылғы I дүниежүзілік қазақтар құрылтайында шешуші бастама берілді. Онда осы заманғы қазақ этносының көкейкесті проблемалары талқыланды және Дүниежүзі қазақтары қоғамдастығы құрылып, Н.Ә. Назарбаев оның төрағасы болып сайланды.

Ел тәуелсіздігі Қазақстан халқының шынайы рухани жаңғыруына бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер берді. Ғасырлар мен ондаған жылдар бойғы мәңгүрттіктен кейін халқына аса қымбат есімдері мен ескерткіштері қайтарылды. Зиялы күнтізбеде Наурыз мейрамы мерекесінің жаңғыртылуын қосқанда жаңа мерекелердің пайда болуымен қатар, республикада осы кезең ішінде тарихи оқиғаларға, ұлттық тарихтың танымал қайраткерлерінің (қазақтың ұлы билері — Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би) есімдерін мәңгі есте сақтауға және құрметтеуге арналған еске алу шаралары өткізілді.

1991 жылы дүниежүзілік қоғамдастықтың теңқұқылы мүшесіне айналған соң, Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы саясатын қалыптастыру мен басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасын реттеу қажеттігін сезінді.

Стратегиялық ядролық әлеуетінен өз еркімен бас тарту туралы шешімі Халықаралық қоғамдастыққа жаңа егеменді мемлекет құқығымен кірген Қазақстанның алғашқы әрі аса зор маңызды қадамдарының бірі болды.

1992 жылдың наурыз айында Мәскеу қаласында Ресей, Қазақстан, Украина және Беларусь арасындағы меморандумға қол қойылған соң және 1992 жылғы мамырда Меморандум қағидаттарын заңды түрде бекіткен Лиссабон хаттамасын жасасқаннан кейін Қазақстан Республикасы ядролық қарусыз мемлекетке айналды. 1993 жылғы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Парламенті Ядролық қаруды таратпау туралы шартты (ЯҚТШ) ратификациялады.

Жетекші әлемдік державалар тарапынан қауіпсіздігіне кепілдік берумен нығайтыла түскен Қазақстанның ядролық қарусыз мәртебесі жас республиканың шекарасы бойымен бейбітшілік пен қауіпсіздіктің негізін қалады және Қазақстанның басқа елдермен жемісті ынтымақтастық жасауына нақты мүмкіндіктер берді.

«Ядролық держава» деген әуезді әрі көп нәрседен дәмелі ететін мәртебеден бас тарту туралы оңай болмаған шешім қазақстандық басшылықтың кейінірек «көпвекторлық» деген ұғыммен айқындала түскен кемел де, жауапты сыртқы саяси бағытты ұстануға ұмтылысын паш етті.

Қазақстан тәуелсіздігін бірінші болып Түркия Республикасы қарсы алды. Осы сәттен бастап басқа шетел мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастарды орнату үдерісі басталды.

Қазақстан сондай-ақ едәуір беделді халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жақсы жолға қоя бастады, олардың қатарында — БҰҰ, ЕҚЫҚ, ЕО, ХВҚ, Дүниежүзілік банк, Еуропа қайта құру және даму банкі, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЮНЕП, ЭСКАТО, БҰҰДБ, ДДСҰ, МАГАТЭ, ЭЫҰ және т.б. бар.

1992 жылғы 2 наурызда БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-шы сессиясында Қазақстан Республикасын Ұйым мүшелігіне қабылдау туралы қарар бірауыздан мақұлданды. Бұл Қазақстанның толық құқылы қатысушы ретінде дүниежүзілік қоғамдастыққа қабылдануының дәлелі болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген бірінші сөзі зор маңызға ие болды, онда тәуелсіз Қазақстанның осы халықаралық ұйым қызметіне қатысуының принциптері, оның осы заманғы әлемдегі рөлі туралы айтылды. Барлығының ортақ мойындауына сәйкес Қазақстан Президентінің сөйлеген сөзі, ол ұсынған ауқымды сыртқы саяси бастамалары жас мемлекеттің әлемдік саясатқа қатысуы үшін маңызды мәлімдеме болып, оның көп ретте БҰҰ-да танылуына жәрдемдесті.

Қазақстан Республикасы өзін дүниежүзілік қоғамдастықтың лайықты әрі тең мүшесі ретінде көрсете білді және ірі сыртқы саяси бастамалар деңгейіне шықты, олардың ішінде ең ауқымдысы және перспективалысы Қазақстан Республикасы Президентінің БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында ұсынған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесін (АӨСШК) құру идеясы болды.

Бұл бастаманың мәні Азия құрлығында сақтандыру дипломатиясының тиімді тетіктерін құруға келіп тоғысты, онда әлемнің басқа өңірлеріне қарағанда бұл секілді тетіктер әлі құрылмаған болатын. «Еуропадағы ЕҚЫК секілді біздің құрлықта Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымын құру идеясы көптен бері өзектілігін жоймай келеді... Осындай құрлықтық құрылымға қарай іс-қимыл көпқадамды әрі кезең-кезеңімен жүргізілуі мүмкін. Ол, мәселен, мынадай сызба бойынша: өңірлік және құрлықтық құрылымдар мен коалициялар арқылы ынтымақтастықтың жекелеген түрлері бойынша (сенім шаралары мен ұжымдық қауіпсіздік, гуманитарлық, экономикалық, мәдени өзара әрекет ету) «екіжақты қатынастардан» кең ауқымды мәселелер бойынша ынтымақтастықтың жалпы құрлықтық органдарына қарай жүргізілуі мүмкін». АӨСШК идеясы іс жүзінде бірден бірқатар мемлекеттер тарапынан қолдау тапты.

Осындай көпвекторлы радиуста Қазақстан консультациялар негізінде өзінің шекаралары бойымен «бейбітшілік пен тату көршілестік белдеуін» қалыптастыруға кірісті, себебі бірінші кезеңде өткір экономикалық және әлеуметтік проблемалармен ғана емес, шекара мәселелерін, әсіресе, Қытай арасындағы шекара мәселесін шешу қажеттігімен бетпе-бет келді, себебі бұрынғы Кеңес Одағының басшылығы көптеген жылдар бойы осы аса маңызды мәселенің қандай да бір шешімін таппай келген болатын.

Осы мәселені шешу үшін жалғыз мүмкін жол — пәтуаластық негізінде және өзара мүдделестікті есепке ала отырып даулы мәселелерді бейбіт жолмен реттеу таңдап алынды. Осыған орай Қазақстанда құрамына посткеңестік республикалар Ресей, Қазақстан, Қырғызстан мен Тәжікстан бар бірлескен делегация шеңберінде Қытаймен ортақ шекара тұстарында сенім шараларын қамтамасыз ету бойынша келіссөздерді жалғастыру туралы шешім қабылданды. 1992 жылғы 8 қыркүйекте Минск қаласында осындай бірлескен комиссия құру туралы Хаттамаға қол қойылды. Бұл Хаттама дипломатиялық ортада келешекте Шанхай ынтымақтастық ұйымын (ШЫҰ) құруға әкелген келіссөздердің бастау алар нүктесі болып есептеледі.

Көрсетілген кезең ішіндегі Қазақстанның сыртқы саясатының басқа да бағыттарына келер болсақ, Президент Н.Ә. Назарбаевтың ұстанымы республиканы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ең белсенді әрі бастамашыл мүшелерінің қатарына шығарды. Қазақстан және Президент Н.Ә. Назарбаевтың өзі де ТМД тағдыры үшін ерекше жауапкершілік сезімін көрсетті. ТМД елдерімен тең құқылы және өзара тиімді қатынастарды орнату мен дамыту Қазақстанның сыртқы саясаты басымдықтарының біріне айналды.

Посткеңестік кеңістікте ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру және 1992 жылғы 15 қаңтарда Ташкент қаласында Қазақстан мен Ресейдің бастамасы бойынша ТМД бес мемлекет басшыларының сәйкес Шартқа қол қоюы зор маңызға ие болды, онда қатысушы мемлекеттер өздеріне мемлекетаралық қатынастарда күш қолдану немесе қауіп-қатер төндіруден тартыну, өзара және басқа мемлекеттер арасындағы барлық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу міндеттерін алды.

Мемлекет басшысы өңірлік қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жақтасы ретінде елдің Қарулы Күштерін құру мәселесіне аса зор мән берді.

1992 жылғы 7 мамырда ол «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығына қол қойды. Бір жыл өткен соң 1993 жылғы 9 сәуірде

«Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы» бірінші Заңға қол қойылды. Бұл Заңмен Қазақстан Республикасы қорғанысының негізі, мемлекеттік билік пен басқару органдарының қорғаныс мәселелерін шешудегі құзыры, оның экономикалық қамсыздандырылу жүйесі белгіленді. Сондай-ақ онымен мемлекеттің қорғаныстық қабілетін нығайту бойынша ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың міндеттері нақты айқындалды. Заңмен Қарулы Күштердің Қазақстан Республикасы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесіндегі рөлі, орны мен міндеттері, сондай-ақ қорғаныстық шараларды өткізудің тәртібі анықталды.

Нәтижесінде, 1992–1993 жылдар ішінде Республикалық ұлан, ішкі және шекара әскерлері, Қазақстан Республикасының Әскери-теңіз күштері құрылды. Бұл Қазақстанның нақты егемендігін алу, қорғаныстық қабілеті мен қауіпсіздігін нығайту бағытындағы тағы бір қадамы болды.

1992

ҚАҢТАР



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



arrell Ash

3 қаңтар

Мемлекет басшысы «Бағаны ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» №569 Жарлығына қол қойды.

6 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Негізгі заңының жобасы талқыланған Қазақстан Республикасы Конституциялық комиссиясы отырысына төрағалық етті.



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай Халық Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар және сыртқы сауда министрі Ли Ланьцин бастаған үкіметтік делегацияны қабылдады.

Келіссөздер барысында екіжақты саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстардың жай-күйі мен даму перспективалары талқыланды. Тараптардың өзара келісімі бойынша ынтымақтастықтың бірінші кезектегі бағыттарының қатарында тармақталған әуе, теміржол және автокөлік қатынастарын құру, шекара маңындағы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданымен, сондай-ақ Қытайдың басқа да провинцияларымен сауда байланыстарын орнату, мамандар және студенттермен алмасуды кеңейту мәселелері аталды. Бұл ретте екі мемлекет арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы шартты жедел түрде жасасу қажеттігі ерекше атап өтілді.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев ҚХР Мемлекеттік кеңесінің премьері Ли Пэнге Қазақстанға ресми сапармен келуге шақыруын жолдады.

Мемлекет басшысы «Т.Т. Жүкеевті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №571, «Б.І. Істілеуовті Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңес төрағасының орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №572 жарлықтарына қол қойды.

7 қаңтар

Мемлекет басшысы нарықтық қатынастарға көшу мәселелеріне арналған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының таңғы пленарлық отырысына қатысты.

Отырысқа сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің мүшелері, облыстық

атқарушы комитеттерінің төрағалары, министрліктері мен ведомстволары, мемлекеттік концерндері мен қоғамдастықтарының басшылары қатысты.

Премьер-министрдің орынбасары Д.Х. Сембаев — нарық жағдайларында бағаларды либералдандыру және халықты әлеуметтік қорғау шаралары туралы, Премьер-министрдің орынбасары Б.М. Тұрсынбаев — ауылшаруашылығы өнімдерінің әзірлемелерін ұйымдастыру туралы және Мемлекеттік кеңесші Ұ.Қ. Караманов — Президенттің халықтың өзін-өзі азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуі үшін жағдайлар жасау туралы Жарлығының орындалу барысы туралы, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы бағдарламасын іске асыру туралы баяндамаларын жасады.

Отырыс қорытындысына сәйкес Президент Министрлер кабинетіне агроөнеркәсіптік кешенді басқарудың оңтайлы құрылымын әзірлеуді, ал облыстар, Алматы және Ленинск қалалары әкімшіліктерінің басшыларына халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарын қорғау бойынша шаралар қолдануды тапсырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының кешкі пленарлық отырысына қатысып, онда «Жергілікті өзін-өз басқару және Қазақ КСР халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы», «Қазақ КСР Министрлер кабинеті туралы», «Қазақ КСР Конституциясының жекелеген нормаларының қолданылуын өтпелі кезеңде тоқтата тұру туралы», «Қылмыстық-процессуалды заңнама», «Мереке күндері туралы» заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларын қарастырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік банкінде болды.



«Қазалтын» ӨБ бас директоры М.А. Мұртазаев Президентке Мәскеу қаласы фабрикаларының бірінде қазақстандық асыл металдан жасалған салмақтары 11 килограмнан жоғары 99,99 сынамалы 5 алтын кесекті және 30 килограмнан 2 күміс кесекті табыс етті.

Жиналғандарды ел өміріндегі елеулі оқиғамен құттықтай отырып, Н.Ә. Назарбаев құймаларды Ұлттық

мемлекеттік банктің Кассалық операциялар мен бағалы заттарды сақтау орталығына сақтауға берді.



Қазақ КСР Президентінің «Қазақ КСР-інде алтын қорын және алмас қорын жасау туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы Жарлығына сәйкес, Қазақстанның жер қойнауында өндірілген металдар алғаш рет республика игілігі болып табылады.

8 қаңтар

Мемлекет басшысы Қарағанды және Екібастұз қалалары шахталарының, кеніштері мен бірлестіктерінің еңбек ұжымдарын, басшыларын, Қазақстанның көмір өнеркәсібі кәсіподақтарының көшбасшыларын қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстанға Арал теңізін құтқаруға және Семей ядролық полигонымен шектесіп жатқан аудандардағы тіршілік ету ортасын қалпына келтіруге бағытталған халықаралық қоғамдастық күштерін үйлестіру жөніндегі өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою үшін келген БҰҰ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламасының (ЮНЕП) өкілдерін қабылдады.



БҰҰ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП ағылш. United Nations Environment Programme) БҰҰ Бас Ассамблеясының 1972 жылғы 15 желтоқсандағы №2997 қарарына сәйкес құрылған. Оның басты мақсаты қазіргі және болашақ ұрпақтар игілігі үшін қоршаған ортаны қорғау мен жақсартуға бағытталған шараларды ұйымдастыру мен өткізу болып табылады. Бағдарлама ұраны: Қоршаған орта — даму үшін!

9 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Мемлекет басшысы «Қазақ КСР халық депутаттарының қызметін қамтамасыз ету және олардың депутаттық қызметке байланысты шығындарын өтеу туралы» Қазақ КСР Заңының күші жойылды деп тану туралы» №1104-XII Заңына қол қойды.

10 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Северо-Казахстанская областная библиотека

Талқылау барысында Қазақстан Республикасының Әскери тұжырымдамасын әзірлеу, сондай-ақ Қазақстан аумағында орналасқан бөлімдер мен құрамалардағы әскери техникаларды, қару-жарақтар мен оқ-дәрілерді және әскери мүліктерді түгендеу, әскери борышты азаматтарды әскери қызметке шақыру мен оларды запасқа шығару тәртібін анықтаған дұрыс деп танылды.

Сондай-ақ Республикалық ұлан құру, Кеңес Одағының маршалы И.С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесін көпбейінді әскери оқу орны етіп қайта құрып, суворовтық тип үлгісіндегі арнайы әскери училищесін құру туралы ұсыныстар айтылды.

Отырыс қорытындысы бойынша Президент әскери қызметшілерді әлеуметтік қорғау туралы жарлықты, сондай-ақ Республикалық ұлан туралы заң жобасы мен ережесін дайындауды тапсырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан аумағына көшірілген әскери бөлімдер мен құрамалардың командалық құрамымен кездесті.

Президент елдің Қарулы Күштерін құру туралы таяу арадағы міндеттері, сондай-ақ әскери қызметшілер мен олардың отбасыларын әлеуметтік қорғау шаралары туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы» №1107-XII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері туралы» №575, «Генерал-майор В.В. Гордеевті Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы қызметіне тағайындау туралы» №576 жарлықтарына қол қойды.

11 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан өнеркәсібінің металлургия, химия және машина жасау салалары кәсіпорындарының жетекшілерімен кездесіп, олармен ел экономикасының нарыққа өту жағдайларындағы жұмыстарының мәселелерін талқылады.

12 қаңтар

Мемлекет басшысы «Бағаны ырықтандыру жағдайында халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі

қосымша шаралар туралы» №577 Жарлығына қол қойды.

13 қаңтар

Мемлекет басшысы ТМД Біріккен Қарулы Күштердің Бас қолбасшысы, авиация маршалы Е.И. Шапошниковты және Түркістан әскери округінің командованиесін қабылдады.

Кездесуде Президент Қазақстанның Достастық аясында біртұтас Қарулы Күштерді сақтап қалуды дәйекті түрде жақтайтынын, соған байланысты Әскери тұжырымдаманы әзірлеу, әскери органдарды, бөлімдер мен бөлімшелерді басқарудың күйреуіне жол бермеу, әскери қызметшілерді әлеуметтік қорғау бойынша шаралар қолдану ерекше маңызға ие болып отырғанын мәлімдеді.

Ядролық қаруландыру туралы сөз ете отырып, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан оны қысқарту бойынша барлық мемлекетаралық уағдаластықтар мен үдерістерге қатысуға дайын екенін және Орта Азия мен Қазақстан мемлекеттерін қорғау мәселелерінде бірыңғай ұстанымды жасап шығару қажеттігін атап айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстанның қорғаныс кәсіпорындары жетекшілерімен кездесті.

Президент ТМД мемлекеттері басшыларымен, ең алдымен Ресеймен материалдық-техникалық жеткізілімдерге өзара квота мен лицензияны алып тастаудың мақсаттылығы жөніндегі келіссөздер барысы туралы ақпарат берді.

Одан басқа, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетіне қорғаныстық салаға несие беру үшін 1992 жылға 1 млрд. рубль көлемінде қаражат қарастырып, кәсіпорындарды ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында республикаішілік резервтерді анықтауды тапсырды.

Мемлекет басшысы «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Қазақ КСР Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1117-XII, «Өтпелі кезеңде Қазақ КСР Конституциясының жекелеген нормаларын тоқтату туралы» №1119-XII, «Қазақ КСР Министрлер кабинеті туралы» Қазақ КСР Заңына өтпелі кезең кезінде

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1120-XII заңдарына қол қойды.

14 қаңтар

Мемлекет басшысы бағаның ырықтандыруына байланысты Қазақстан халқына үндеуін жариялады.

«Біздің әрқайсысымыз өмірдің қиын да күрделі кезеңіне қадам бастық. Әлеуметтік-нарықтық шаруашылық құруға бел буа отырып, ал онсыз біз гүлденген елдер қоғамдастығына ене алмаймыз, біз бұл кезеңді бастан өткізуге мәжбүрміз. Сіздердің Президентіңіз ретінде өтпелі кезеңнің ауыртпалығы мен қиыншылықтарын халыққа жеңілдету үшін қолымнан келер және мүмкін болар нәрсенің бәрін істемекпін», — деп атап айтты Президент үндеуінде (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік хатшысының экономика жөніндегі орынбасары Р. Фауверді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен АҚШ арасындағы, ең алдымен, Қазақстан экономикасын инвестициялау саласындағы екіжақты тікелей экономикалық байланыстардың даму мәселелері, сондай-ақ жетекші батыс елдері тарапынан ТМД мемлекеттеріне көмек көрсету аясында Қазақстанға гуманитарлық көмекті жеткізіп беру сипаты талқыланды.

Одан басқа, Р. Фаувер әңгіме барысында АҚШта сауда-саттық пен жеңілдетілген салық салуды орнату саласында Қазақстанға барынша қолайлылық режимін беру туралы бірқатар құжаттар даярланып жатқандығын хабарлады.

Мемлекет басшысы Қазақстанның көлік саласы кәсіпорындарының жетекшілерімен кездесті.

Кездесу барысында әуе, теміржол және автомобиль көліктерін дамыту мәселелері, сондай-ақ оларды материалдық-техникалық жабдықтау проблемалары қаралды.

Кешке қарай Мемлекет басшысы Қазақстанның саяси партиялары мен қоғамдық қозғалыстарының көшбасшыларымен кездесті.

Кездесу барысында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының республиканың

егемендігін нығайтуға, нарықтық экономика мен демократия құруға, қоғамда азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді сақтауға бағытталған өзара іс-қимылдарының жолдары, түрлері мен тетіктері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақ КСР Министрлер кабинеті туралы» Қазақ КСР Заңы қабылдануына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №1121-XII, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік статистика туралы» №1122-XII, «Банкроттық туралы» №1124-XII, «Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы» №1126-XII, «Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Қазақ КСР заңдарына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысын бекіту туралы» №1127-XII заңдарына қол қойды.

15 қаңтар

Мемлекет басшысы сыртқы экономикалық қызмет жөніндегі республикалық кеңеске қатысты.

Президент сөйлеген сөзінде: «Қазақстанның дүниежүзілік интеграциялық үдеріске кіруі үшін қажетті барлық маңызды алғышарттар жасалды, осы кеңес оның басы бола алады. Біріншіден, бұрынғы КСРО аумағындағы ахуалды түбегейлі өзгерткен оқиғалар және Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы туралы сөз етіліп отыр. Енді республиканың дүниежүзілік экономикалық қоғамдастыққа кіруіне зор техникалық-өнеркәсіптік әлеуеті, тұрақты қоғамдық-саяси жағдай және басшылықтың нарықтық қатынастарға көшудің дұрыстығына нық сенімділігі, кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттік меншікті жекешелендіру және бұған шетелдік компанияларды тарту үшін ең қолайлы жағдайлар жасау сияқты барлық мүмкіндіктері бар. Алайда, қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі және Батыс пен Шығыстың серіктесі болу үшін бізге бұрынғы одақ шаруашылығының «шикізаттық қосымшасы» деген сұрықсыз ауытқушылықты жою қажет, ол үшін, ең алдымен, біздің экономиканың құрылымында жаңғыртулар жасау керек. Дамыған индустриялы

елдермен тығыз қарым-қатынас орнатпай, сондай-ақ шетел инвестицияларын кеңінен тартпай, бұл мәселенің шешімін жылдам табу мүмкін емес», — деп атап айтты.

Мемлекет басшысы ХШЖҚ аумағында ашылған халықаралық экспорттық тауарлар көрмесіне барып, онда қазақстандық және шетелдік өнімдермен танысты.

Мемлекет басшысы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» №1128-XII, «Қазақстан Республикасындағы ғылым мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы» №1129-XII заңдарына қол қойды.

16 қаңтар

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында экономикалық сипаттағы бірқатар келісімдерге қол қойылып, ТМД Біріккен Қарулы Күштерін құру туралы шешім қабылданды, әскери қызметшілерге арналған жалпы ант бекітілді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды.

ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Неке және семья туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1138-XII, «Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1141-XII, «Қазақ КСР Әкімшілік хұқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар

енгізу туралы» №1142-XII, «Қазақ КСР айналадағы ортаны қорғау туралы» Қазақ КСР Заңының, Қазақ КСР Жер кодексінің және «Қазақ КСР жер реформасы туралы» Қазақ КСР Заңының қабылдануына байланысты Қазақ КСР Әкімшілік хұқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1143-XII, «Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1143а-XII заңдарына қол қойды.

17 қаңтар

Мемлекет басшысы ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысуына байланысты Ресей Федерациясында болған кезінде Мәскеу қаласындағы Кремльдің съездер сарайында өткен I бүкілармиялық офицерлер кеңесіне қатысты.

Кеңеске қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті бірыңғай Қарулы Күштерді ТМД елдерінің бірлескен кеңістігінде қауіпсіздік кепілі ретінде сақтау қажеттігін мәлімдеді және әскери қызметшілерге әлеуметтік және құқықтық кепілдіктер берілуін қолдау туралы пікірін білдірді.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында екіжақты экономикалық байланыстарды дамыту үшін барынша қолайлы экономикалық және құқықтық жағдай жасауға бағытталған шаруашылық қызметке шектеуді алып тастау туралы келісімге қол қойды.

Күн соңында Мемлекет басшысы Ресей Федерациясындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Р. Страусты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстандағы экономикалық реформаларға, бағаның либералдануына және халықты әлеуметтік қорғауға байланысты мәселелер талқыланды. Р. Страус АҚШ-тың қазақстандық реформаларды қолдауға және гуманитарлық көмек көрсетуді кеңейтуге әзір екендігін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының арбитраждық соты туралы» №1144-XII, «Қазақстан

Республикасы арбитраждық соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы» №1145-XII, «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» №1146-XII, «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы» №1148-XII заңдарына қол қойды.

18 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Сыртқы істер министрі Д. Хэрдті қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Ұлыбританияның саяси және экономикалық ынтымақтастығын дамыту жолдары, ядролық қаруды қайта орналастыру мен қысқарту мәселелері талқыланды. Өз тарапынан Қазақстан Президенті республиканың бұрынғы КСРО қабылдаған міндеттемелерге сәйкес ядролық қаруды қысқартуға қатысуға даярлығы туралы мәлімдеді.

Тараптар сондай-ақ Қазақстанға гуманитарлық және техникалық көмекті ұйымдастыру бойынша жұмыс тобын құру туралы уағдаласты.

Мемлекет басшысы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен Қазақстанның тұтынушылық кооперациясының кезектен тыс XV съезіне қатысты.

Өз сөзінде Президент оның ауыл мен қала арасындағы сауда-саттық қатынастарды ұйымдастырудың қуатты факторына айналуы, нарықтық қатынастарға өту жағдайларында ауыл тұрғындарына қызмет көрсетуді жақсарту үшін жергілікті жерлердегі тұтынушылық кооперациясы жұмысының түбегейлі жақсаруының маңыздылығын атап көрсетті.

Мемлекет басшысы «Білім беру туралы» №1153-XII, «Мереке күндері туралы» №1154-XII, «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1154а-XII, «Қазақ КСР еркін экономикалық аймақтар туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер енгізу туралы» №1156-XII, «Ішкі істер органдары қатардағы және бастықтар құрамының арнаулы атақтары туралы» №1161-XII, «Қазақ КСР Конституциясының 97 және 114-3 баптарына толықтырулар енгізу туралы» №1167-XII заңдарына қол қойды.

20 қаңтар

Мемлекет басшысы ЕҚДБ бірінші вице-президенті Р. Фримэнді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның Еуропа қайта құру және даму банкіне мүшелікке енуі, экономикадағы құрылымдық өзгертулерді жүзеге асыру, оның экономикалық әлеуетін дамыту, нарықтық қатынастарға өтуде және, ең алдымен, банктік-қаржылық саладағы нарықтық инфрақұрылымдарды дамытуда консультативтік-техникалық көмек көрсету үшін республикаға шетелдік капиталды тарту мәселелері қаралды.

22 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Ішкі әскерлері әскери қызметшілерінің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» №581, «Қазақстан Республикасы Материалдық ресурстар министрлігін құру туралы» №582, «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанынан Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет құру туралы» №583 жарлықтарына қол қойды.

24 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің өкілдері — кеңшар директорлары және ұжымшар төрағаларымен, фермерлермен, өңдеу өнеркәсібінің қызметкерлерімен кездесті.

Кездесу барысында Президент ауылдағы жекешелендіру үдерісін тереңдету қажеттігін негіздеді және мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарын жедел түрде акционерлік қоғамдарға өзгертуге және басқа да мемлекеттік емес шаруашылық нысандарын енгізуге шақырды.

25 қаңтар

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Сыртқы істер министрі Р. Дюманы қабылдады.

Кездесу барысында ядролық қауіпсіздік, ядролық, химиялық және қарапайым қаруға бақылау жасау мәселелері талқыланды. Сондай-ақ екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас қағидаттарын анықтайтын базалық құжаттарды дайындау үшін бірлескен жұмыс тобын құру туралы және Алма-Ата қаласында Франция Республикасының дипломатиялық өкілеттігін ашу туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Франция Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастарды орнату туралы хаттамаға қол қойылды.

Мемлекет басшысы Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысы Б. Бутрос-Галиден 23 қаңтар күні БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі өзінің отырысында Бас Ассамблеяға Қазақстан Республикасын БҰҰ мүшелігіне қабылдау туралы ұсыныс жасаған қарарды дауыс берусіз мақұлдағаны туралы айтылған жеделхатын алды. Қауіпсіздік кеңесінің шешімі мәлімдемеде тарихи оқиға ретінде бағаланған және Қазақстанның БҰҰ Жарғысында көрсетілген міндеттерді орындауға қабілетті және орындағысы келетін бейбітсүйгіш ел ретінде осы халықаралық ұйым қызметінің барлық салаларына өзінің аса зор белсенді және сындарлы үлесін қосатындығына, сондай-ақ оның Жарғысындағы мақсаттар мен принциптерін қатаң түрде сақтайтындығына сенім білдірілген.

Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке 1991 жылғы 3 наурызда БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-шы сессиясының пленарлық отырысы барысында қабылданды.

Мемлекет басшысы «Экономиканы тұрақтандыру және нарықтық қайта құрулар жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін ұйымдастыру туралы» №585 Жарлығына қол қойды.

28 қаңтар

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы А.С. Омаровпен және Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының бас директоры А.С. Күленовпен кездесіп, олар Президентке Қазақстанда тұңғыш рет толығымен дайындалған салмағы 10,5 килограмдық құйма алтынды көрсетті. Комбинат директоры кәсіпорында асыл металды алудың жетілдірілген технологиясы табысты игеріліп жатқанын хабарлады.

АҚПАН



Дс		3	10	17	24
Сс		4	11	18	25
Ср		5	12	19	26
Бс		6	13	20	27
Жм		7	14	21	28
Сн	1	8	15	22	29
Жк	2	9	16	23	



1 ақпан

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласына 1992 жылғы 2 ақпанда болатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының проблемалары жөніндегі Дүниежүзілік экономикалық форумның арнайы пленарлық отырысына қатысу үшін келді.

Сол күні Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Президенті Р. Фельбермен, Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясының вице-президенті Ф. Андрияссенмен, Кипр Республикасының Президенті Г. Василиумен, Түркия Республикасының Премьер-министрі С. Демирельмен, Пәкстан Ислам Республикасының Премьер-министрі Н. Шарифпен, АҚШ бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Г.А. Киссинджермен, ЮНИСЕФ жетекшісі Дж. Грантпен, батыс елдерінің бірқатар ірі өнеркәсіптік компанияларының, қоғамдық ұйымдарының және іскер топтарының өкілдерімен екіжақты кездесулер өткізді.

2 ақпан

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының проблемалары жөніндегі Дүниежүзілік экономикалық форумның арнайы пленарлық отырысына қатысты.

Өз сөзінде Қазақстан Президенті: «Бүгінде, бірінші кезекке жаңа тәуелсіз мемлекеттерді дүниежүзілік экономикалық шаруашылыққа кіріктіру міндеті шығып отыр.

...Мемлекетіміз бүгінде басынан кешіріп отырған созылмалы экономикалық дағдарыстан шығу жолын біз жаңа сипатты өндірістік қатынастарды қарқынды қалыптастыруда деп білеміз. Олар экономиканың жандануы мен алдағы өрлеуін қамтамасыз етуге тиіс. Жүргізіліп жатқан экономикалық жаңғыртулардың қағидатты мақсаттары мен бағдарлары нарыққа, тауар өндірушілердің дербестігіне, бәсекелестікке бағытталған.

Жаңа экономикалық серпілісті бірқатар басым бағыттар бойынша қарқынды да кешенді түрде жүзеге асыру көзделіп отыр. Олардың арасында қатаң қаржылық және несие саясатының негізінде қаржыны тұрақтандыру, мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру арқылы жеке меншікті қалыптастыру,

бағаны ырықтандыру, мемлекеттің экономикалық қызмет пен кәсіпкерлікке тікелей араласудан бас тартуы сияқты аса маңызды бағыттар бар», — деді (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанның Халықаралық валюта қорына кіруіне орай ХВҚ мен Дүниежүзілік банк басшылығымен кездесті.

«Қазақстан Республикасын Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банкке қабылдау туралы шешім — шын мәнінде тарихи оқиға. Біз үшін ол тек қана ХВҚ-дан несие алу мүмкіндігі емес, ең бастысы — әлем қоғамдастығы алдында Қазақстанның абыройын арттыратындығы. Біздің ХВҚ-ға кіруіміз Дүниежүзілік банк қаржыландыратын жобаларға қатысу мүмкіндігімізбен де тікелей байланысты. Ал, бұл дегеніңіз біздің мемлекетаралық ұстанымымызды нығайта түспек.

Мен ХВҚ қатарына қосылуымызды Қазақстанның орталықтың орашолақ саясаты қамап қойған экономикалық қыспақтан құтылуы ретінде қарастырамын. Бұрынғы КСРО-да ондаған жылдар бойына басқа әлемнен оқшауландырылған экономикалық жүйе қалыптасқанын, оның әлемдегі қоғамдастықпен ынтымақтасуға бейімделмегенін сіздер білесіздер», — деп мәлімдеді Президент кездесу барысында (Қосымшаны қараңыз).

3 ақпан

Мемлекет басшысы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы проблемаларының жөніндегі Дүниежүзілік экономикалық форумның арнайы пленарлық отырысына қатысуына байланысты Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында болған кезінде «Nepszabadsag» венгриялық газетіне сұхбат беріп, онда Қазақстан және оның нарықтық экономика мен демократиялық саяси жүйеге өту ерекшеліктері туралы әңгімелеп берді.

5 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Германия Федеративтік Республикасының Экономика министрі Ю. Меллеман бастаған үкіметтік делегациясын қабылдады.



Кездесуде германиялық делегацияның Қазақстан үкіметімен келіссөздері барысында қол жеткізілген Қазақстан мен ГФР арасындағы ынтымақтастықты тереңдету туралы уағдаластықтарының қорытындылары талқыланды. Н.Ә. Назарбаев қол қойылған екіжақты үкіметтік келісімге, үкімет, ғылым, іскерлік топтар өкілдерінің қатысуымен Қазақстан-Германия кооперациялық кеңесін құру туралы шешімге жоғары баға берді.

6 ақпан

Мемлекет басшысы «Д.Х. Сембаевты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №592, «О.Н. Сосковецті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары — Өнеркәсіп министрі қызметіне тағайындау туралы» №593, «Е.Г. Ежиков-Бабахановты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №594, «П.П. Нефедовті Қарағанды облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №595, «М.Ф. Үркімбаевты Шымкент облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №596, «В.И. Власов туралы» №597 жарлықтарына қол қойды.

7 ақпан

Мемлекет басшысы «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру туралы» №600, «Қ.Қ. Бәйкеновті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары — Энергетика және отын ресурстары министрі қызметіне тағайындау туралы» №601, «Ғ.Ә. Әбілсейітовті Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрі қызметіне тағайындау туралы» №602, «Б.Ғ. Нұржанов туралы» №603, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің республика территориясында әскери қызметті өткеру тәртібін анықтаудағы өкілеттігі туралы» №604, «С.Қ. Түгелбаевты Гурьев облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №605, «К.Ү. Үкинді Қостанай облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №606, «С.В. Кулагинді Торғай облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №607, «Н. Есқалиевты Орал облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №608, «Б.М. Тұрсынбаевты Қазақстан

Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №609, «В.И. Двуреченский туралы» №610, «С.Т. Тұрысовты Талды-Қорған облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №611 жарлықтарына қол қойды.

8 ақпан

Мемлекет басшысы «А.С. Есімовті Алматы облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №612, «Г.П. Юрченконы Жезқазған облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №613, «З.Қ. Нұрқаділовті Алматы қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №614, «Материалдық орта салаларындағы өндірісті тұрақтандыру және өркендету жөніндегі шаралар туралы» №615, «Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» №616 жарлықтарына қол қойды.

10 ақпан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясындағы Оңтүстік Африка Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Г. Оливьені қабылдады.

Елші Оңтүстік Африка Республикасының Президенті Ф.В. де Клерктің сәлемін жеткізді және ОАР-дың Қазақстанмен дипломатиялық қатынастар орнатып, өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға әзірлігі туралы мәлімдеді.

Өз тарапынан Қазақстан Президенті дипломатиялық қатынастарды орнату туралы ұсынысын қолдады, ОАР мен Қазақстан арасындағы ақпарат алмасуды жолға қою және екіжақты сауда миссияларын ашу қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы «С.Ш. Ақымбековті Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №617, «Кешірім жасау туралы» №618, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №622, «Ж.С. Кәрібжановты Көкшетау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №626, «А.Ә. Жабағинді Павлодар облысының әкімі қызметіне

тағайындау туралы» №627, «А.И. Бектемісовті Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №628, «С.Ш. Шаухамановты Қызыл-Орда облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №629 жарлықтарына қол қойды.

11 ақпан

Мемлекет басшысы Ауғанстан Ислам Республикасының вице-президенті А.Р. Хатеф бастаған үкіметтік делегацияны қабылдады.

А.Р. Хатеф Ауғанстан халқы атынан Қазақстанға көп жылдар бойы көрсетіп келе жатқан риясыз көмегі, оның ішінде халық шаруашылығына кадрлар даярлаудағы көмегі үшін шексіз алғысын білдірді.

Өз тарапынан Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның дамудың өркениетті жолымен жүретін барлық мемлекеттермен саяси, экономикалық және мәдени байланыстар жасауға ұмтылысын атап өтті, Ауғанстандағы соғыстың көп ұзамай тоқтайтынына сенімін білдірді.

Мемлекет басшысы «Л.М. Трубниковті Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №630, «Қ.Т. Тұраповты Қазақстан Республикасы Материалдық ресурстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №631, «С.А. Медведевті Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №632, «Ш.Қ. Құлмахановты Ақтөбе облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №633, «В.К. Гартманды Солтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №634, «В.Ф. Черновты Семей облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №635, «М.М. Бәкенов туралы» №636, «А.М. Дубицкий туралы» №637 жарлықтарына қол қойды.

12 ақпан

Мемлекет басшысы «Ө. Байгелдиевті Жамбыл облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №638, «Ф.А. Новиковті Маңғыстау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №639, «А.Г. Браунды Целиноград облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №640, «Е. Рахмадиевті Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі қызметіне тағайындау туралы» №641, «Ш.Х. Бекболатовты

Қазақстан Республикасының Транспорт құрылысы министрі қызметіне тағайындау туралы» №642 жарлықтарына қол қойды.

13 ақпан

Мемлекет басшысы «Республика халық шаруашылығын қолда бар ақшамен қамтамасыз ету жөніндегі төтенше шаралар туралы» №643 Жарлығына қол қойды.

14 ақпан

Мемлекет басшысы Беларусь Республикасының астанасы Минск қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитке сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының Президенті А.Н. Муталибов, Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросян, Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Молдова Республикасының Президенті М.И. Снегур, Тәжікстан Республикасының Президенті Р.Н. Набиев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов, Украинаның Президенті Л.М. Кравчук, Беларусь Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.С. Шушкевич қатысты.

Отырыс қорытындылары бойынша оның қатысушылары ТМД мүше мемлекеттері арасында күш қолдануды немесе күш қолдану қаупін болдырмау және олардың арасында туындаған даулы проблемаларды келіссөздер жолымен және бірқатар басқа да құжаттармен бейбіт құралдар арқылы шешу туралы мәлімдеме қабылдады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды.

ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

17 ақпан

Мемлекет басшысы өзі тағайындаған облыстық және қалалық әкімдіктердің басшыларын қабылдап, оларды Қазақстан Республикасының вице-президенті Е.М. Асанбаевқа, Премьер-министрі С.А. Терещенкоға, республика үкіметінің, министрліктері мен ведомстваларының жауапты қызметкерлеріне таныстырды.

Кездесу барысында Президент жаңа басшылардан экономикалық реформаларды қолдауда батыл іс-әрекет күтетінін атап айтты. Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, әкімшілік басшылары үшін бірінші кезектегі міндеттер кадрларды іріктеу, жекешелендіру бойынша ұйымдастыру жұмыстарын және жергілікті жерлерде түсіндіру жұмыстарын жүргізу болуы тиіс.

Мемлекет басшысы «В.А. Брынкинді Ленинск қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №645 Жарлығына қол қойды.

18 ақпан

Мемлекет басшысы «ELF Aquitane» франциялық концернінің бас директоры Л. ле Флок-Прижанды Қазақстан үкіметі мен концерн арасында Ақтөбе облысындағы мұнай-газы бар алаңдарды іздестіру, барлау және өңдеудегі достастық туралы келісім-шартқа қол қойылуына байланысты қабылдады.

19 ақпан

Мемлекет басшысы Австрия Республикасында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Вена қаласында Президент К. Вальдхаймммен, Канцлер Ф. Враницкимен, Сыртқы істер министрі А. Мокпен және Австрияның іскерлік орта өкілдерімен кездесті.

Келіссөздер барысында австриялық тарап Қазақстанға менеджмент, салық салу және банк ісі салаларындағы білікті мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру, консультациялық қызметтер көрсету ісінде ауқымды көмек көрсетуге даярлығын мәлімдеді. Сондай-ақ ынтымақтастықтың әртүрлі бағыттары мен техникалық жәрдемдесу бойынша сарапшылар деңгейінде жиі кездесулер өткізіп тұру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнату туралы хаттамаға

және Екі ел арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

20 ақпан

Мемлекет басшысы Австрия Республикасына жұмыс сапары барысында Сыртқысаяси қауымдастық президенті Э.А. Шеварднадземен екіжақты кездесу өткізіп, ТМД-дағы ахуал, Еуропадағы және жалпы әлемдегі жағдай туралы пікір алмасты. Әңгімелесушілер Достастық аясында тиімді әрекет ететін үйлестіру құрылымдарын құру қажеттігін атап өтті.

21–22 ақпан



Мемлекет басшысы Үндістан Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Дели қаласында Президент Р. Венкатараманмен және Премьер-министр Н. Раомен кездесті.

Келіссөздер барысында Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнату туралы хаттамаға, Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас принциптері туралы декларацияға, Сауда-экономикалық қатынастар туралы келісімге, Ғылыми, мәдени және спорттық байланыстар туралы келісімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызмет банкі мен Үндістан Республикасының Мемлекеттік банкі арасындағы келісімге қол қойылды.

23–25 ақпан

Мемлекет басшысы Пәкстан Ислам Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Исламабад қаласында Президент Г.И. Ханмен кездесті.

Шағын құрамдағы келіссөздер барысында екі ел арасында саяси, экономикалық, сауда-саттық, ғылыми және мәдени салаларда ынтымақтасу мүмкіндіктері қаралды.

Тараптар сондай-ақ халықаралық тақырыпты да сөз етті. Бұл ретте, Н.Ә. Назарбаев Пәкстанның Оңтүстік Азияда ядролық қарусыз аймақ құру туралы ұсынысын қолдады және Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартына қосылуға даярлығын мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Пәкстан Ислам Республикасының Премьер-министрі Н. Шарифпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында сауда-саттық, қаржы мекемелері арасында тікелей байланыстар орнату, жерүсті және әуе байланыстарының берік жүйесін құру, жылына 100 млн. доллар шегінде клиринг шеңберінде сауда-саттықты ұйымдастыру, Қазақстанның сыртқы әлеммен байланыс жасауы үшін Пәкстан телекоммуникацияларын пайдалану және т.б. мәселелер қаралды.

Одан басқа, пәкстандық тарап қазақстандық түсті металдар, тыңайтқыштар, өнеркәсіп тауарларының кейбір түрлерін импорттауға қызығушылық танытты.

Мемлекет басшысы Пәкстан Ислам Республикасына ресми сапары барысында Пенджаб штатының әкімшілік орталығын — Лахор қаласын аралап көрді.


27 ақпан

Мемлекет басшысы «Өндіріс озаттарын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №649, «Денсаулық сақтау қызметкерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №650, «Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті қызметкерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №651, «Т.М. Акользинаны Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №652, «Ж. Ибрагимовті Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №653, «Ю.А. Подгайныйды Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №654, «С.М. Байсұлтановқа, Д.Ә. Жанботаевқа «Қазақстан Республикасының халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №655, «С.Қ. Бұлғақбаевқа, Т. Рақышеваға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №656, «Г. Піржановаға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №657, «И.Я. Мирныйге «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №658, «А.Т. Степачевке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №659, «К. Ыбыраеваға, А. Ілімбаевқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №660, «Денсаулық сақтау мекемелерінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының

еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» №661, «Халыққа білім беру жүйесінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №662, Ж. Ысмағұловқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №663, «К. Сейдехановқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №664, «В.А. Воложанкинге, В.Т. Степановқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №665, «Ұ.А. Аманғалиеваға, А.Б. Бетбаевқа, Е.Е. Қазиевке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №667, «И.Қ. Елекеевке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген юрисі» құрметті атағын беру туралы» №668 жарлықтарына қол қойды.

НАУРЫЗ

1992



Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	31
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	



2 наурыз


Мемлекет басшысы Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясының вице-президенті Ф. Андриессен бастаған делегацияны қабылдады.

Ф. Андриессен ЕҚ-ның Қазақстанмен және ТМД-ның басқа да мемлекеттерімен тікелей байланыстарды орнату ұмтылысын білдірді және Н.Ә. Назарбаевты сәйкес мәселелер ауқымын шешу үшін Комиссияның Брюссель қаласындағы штаб-пәтеріне шақырды.

Мемлекет басшысы Кувейт Мемлекетінің Қаржы министрі Н.А. Ар-Родаи бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында, ең алдымен, көмірсутек шикізатын барлау, игеру және өңдеу саласындағы екіжақты экономикалық ынтымақтастықты дамыту перспективалары қаралды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша нақты уағдаластықтарға келу мақсатында байланыстарды жалғастыру туралы шешім қабылданды.



Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Х. Четин бастаған үкіметтік делегацияны қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев кездесуді аша отырып, Қазақстанның көршілері арасында Түркия ерекше орын алатынын атап айтты, бұл тіл, мәдениет, салт-дәстүр жақындығымен түсіндіріледі. Оның үстіне, Түркия Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып мойындады.

Келіссөздер барысында білім беру, көлік, байланыс салалары бойынша ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды және оның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнату туралы хаттамаға қол қойылды.

3 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциялық комиссиясының кезекті отырысына төрағалық етті.

Комиссия жұмысын аша отырып, Президент «Конституция Қазақстан халықтарын бөлмей, біріктіруі керек. Сондықтан да Негізгі заңды дайындау кезінде асығыстыққа жол беруге болмайды. Бұл ретте, соңғы сөз саясаткерлерге емес, көпұлтты Қазақстанда

тұратын әрбір жеке адамға берілуі керек. Тек осы жағдайда ғана республика Конституциясы шынайы халықтық болмақ», — деп атап айтты.

5 наурыз

Мемлекет басшысы Таулы Қарабақта болған оқиғаларға байланысты баспасөз бетінде мәлімдеме жариялап, онда Таулы Қарабақ айналасындағы дағдарыстық ахуал тікелей әскери қақтығыстарға әкелгенін атап айтты. Ресей, Қазақстан және белгілі бірқатар елдердің қабылдаған бітімгершілік шаралары тиісті нәтижесін бермеді. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев қантөгісті тоқтатып, Қарабақ қақтығысын ауыздықтауға бағытталған бірқатар кідіріссіз шаралар қабылдауды ұсынды.

Мемлекет басшысы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Энергетика жөніндегі Мемлекеттік хатшысы — Энергетика және отын ресурстары министрі Дж. Уэйкхемді қабылдады.

Кездесу барысында Ұлыбританияның Қазақстанға өтпелі кезеңде қайтарымсыз гуманитарлық көмек көрсету, сондай-ақ екі мемлекет арасындағы өнеркәсіптің ядролық, көмір, газ және мұнай салаларындағы ынтымақтастығының перспективалары туралы мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы «Xenel Group» компаниясының бас директоры Х. Алиреза бастаған Сауд Арабиясы Корольдігінің іскерлік орта өкілдері делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында шикізатты игеруден бастап әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнімді алуға дейінгі толық өндіріс циклі бар кәсіпорындар құруға арналған технологиялар мен жабдықтар жеткізумен алмасу үшін қазақстандық мысты Сауд Арабиясына экспорттау мүмкіндіктері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №671 Жарлығына қол қойды.

6 наурыз

Мемлекет басшысы 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

10 наурыз

«Казахстанская правда» газетінде Мемлекет басшысының «Империялық одақтан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына» атты мақаласы жарық көрді.

«Бұрын КСРО құрамында болған республикалардың ерікті таңдауының негізінде жаңа Достастық құру орын алған жағдайда ортақ болашақ үшін қажетті мәмілеге қол жеткізу мақсатындағы жалғыз дұрыс шешім болды деп нық сеніммен айта аламын. Қазақстан осы сәтте іске асыруға болатын ең мүмкіндігі жоғары шараларға баса назар аударып, елдің бей-берекет құлдырауының алдын алуға тырысты», — делінген мақалада.

11 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанның облыстары мен қалалары әкімдіктерінің басшыларымен кеңес өткізді.

Кеңесте республикадағы халық шаруашылығының үстіміздегі жылғы екі айлық жұмысының нәтижелері, Президенттің нарықтық экономикаға көшу, жаңа жағдайлардағы өнеркәсіп кәсіпорындары жұмысын қайта құру және көктемгі егістік жұмыстарына дайындық мәселелері талқыланды.

Президент нарықтық қатынастарға көшу жағдайындағы экономика үдерістерін өңірлік деңгейде басқаруды жақсарту қажеттігіне назар аударды.

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласының вице-мэрі Ю.М. Лужков бастаған үкіметтік делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау саласындағы ынтымақтастық, ғылыми-техникалық ақпарат алмасу, көліктік қамсыздандыру, кедергісіз транзиттік тасымалдау мәселелері бойынша пікір алмасу болып өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

12 наурыз

Мемлекет басшысы Социнтерн вице-президенті Х.-Й. Фогельді қабылдады.

Әңгіме барысында ТМД мемлекетаралық қатынастар және ядролық қарулану мәселелері қозғалды.

13 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық етіп, оның барысында қылмысқа қарсы күресті күшейту жөніндегі шұғыл шаралар туралы талқылады.

Президент бұл ретте мемлекеттік қаржы қаражаты мен валютасын заңсыз және ұқыпсыз шығындауына қаржылық бақылау жасаудың нақты тетіктерін қарастыру қажеттігіне ерекше назар аудара отырып, құқық қорғау жүйесін реформалау тұжырымдамасын дайындауды жеделдетуді талап етті.

Сондай-ақ Қазақстанның Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі халықаралық қауымдастық бағдарламаларына қатысуы дұрыс болады деп танылды.

Мемлекет басшысы «Б.Ә. Базкеновке генерал-лейтенант әскери атағын беру туралы» №672 Жарлығына қол қойды.

14 наурыз

Мемлекет басшысы Орта Азия және Қазақстан биржа қауымдастығы отырысының қатысушыларына сәлемдеме жолдады.

«Орталық Азия және Қазақстан биржа қауымдастығы отырысының қатысушыларын құттықтай отырып, мен бастамалары, ізденістері, білімі мен күш-қуаты Достастық республикаларының гүлденуі мен еңбеккерлердің өмір сүру деңгейін арттыруға және жаңа өндірістік қатынастардың қалыптасуына жәрдемдесуге бағытталған барлық кәсіпкерлерге үндеу жариялаймын.

Сіздердің бірлестіктеріңіз тиімді нарықтық шаруашылықты дамыту үшін жағдайлар жасау, күрделі экономикалық мәселелерді үйлестіре отырып шешуге өңірдің іскер адамдарын біріктіру, әртүрлі гуманитарлық көмек көрсету секілді алдына қойып отырған мақсаттар жан-жақты қолдау көрсетуге лайықты. Сіздердің «Арал балаларына көмек» қайырымдылық акциясына қолдау көрсетулеріңіз кәсіпкерлердің тоталитарлық өткеннің әлеуметтік кемшіліктері салдарын жоюға қатысуының лайықты мысалы болып табылады.

Кездесулеріңізге және бұдан кейінгі қызметтеріңізге табыс тілеймін», — делінген жолдауда.

16 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Республикалық ұланын құру туралы» №673, «Қазақстан Республикасының территориясында әскери қызметкерлерді және әскери қызметтен босаған адамдарды әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы» №674, «С. Алтынбековке генерал-майор әскери атағын беру туралы» №675, «Т.О. Әубәкіровке авиация генерал-майоры әскери атағын беру туралы» №676, «П.Т. Переверзевке генерал-майор әскери атағын беру туралы» №677 жарлықтарына қол қойды.

17 наурыз

Мемлекет басшысы «Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» №684 Жарлығына қол қойды.

18 наурыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру. Проблемалары мен перспективалары» атты халықаралық конференцияға қатысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын құру туралы» №688, «Бұрын тағайындалған зейнетақылардың мөлшерін арттыру туралы» №689 жарлықтарына қол қойды.

19 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақфильм» киностудиясына барып, онда түсіру павильондарын, мультипликация цехын қарап шықты, өндірістегі жұмыстармен танысты.

20 наурыз

Мемлекет басшысы Украинаның астанасы Киев қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында ТМД мүше мемлекеттер арасындағы күш немесе күшпен қауіп төндіруді қолданбау туралы декларацияға, ТМД жоғарғы органдарының қорғаныс мәселелері бойынша өкілеттігі туралы келісімге, Біріккен күштер

қызметінің құқықтық негіздері және оларды жинақтау принциптері, қару-жарақпен қамтамасыз ету және оларда әскери қызметті өткеру туралы келісімге, сондай-ақ Қазақстан Президентінің бастамасымен жасалған ТМД-да бейбітшілікті сақтау бойынша әскери байқаушылар және ұжымдық күштер тобын құру туралы келісімге қол қойылды.



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды.

ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

Сол күні Мемлекет басшысы Украинаның Президенті Л.М. Кравчукпен екіжақты кездесу өткізіп, оның барысында тараптар екі мемлекет арасындағы өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

21 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Президент Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты экономикалық байланыстарды сақтау мен кеңейту, сондай-ақ 1992 жылдың 23 наурызында Орал облысының Орал қаласында болатын Қазақстан-Ресей үкіметтері басшыларының кездесуі аясындағы саяси және әскери салалардағы өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Наурыз мерекесіне орай баспасөз бетінде қазақстандықтарға құттықтауын жариялады.

«Баршаларыңызды қайта түлеген көктем, еңбек және жаңару мерекесі — Наурыз мейрамымен шын

жүректен құттықтаймын. Шығыс күнтізбесі бойынша жыл басы болып есептелетін бұл күн ежелден бері береке-бірліктің, ынтымақтастықтың символын білдіреді, қайта құруға, адами тазаруға, мейірімділікке шақырады.

Қазақ халқында «Бұлақ көрсең, көзін аш!» деген терең мағыналы даналық сөзі бар.

Оның мағынасы біз Наурызбен байланыстыратынымыздың барлығымен тікелей байланысты деп ойлаймын. Біз тазартып, сақтауға тиісті бұлақ — бұл туған табиғатымыз, бізді қоршаған орта. Бұл — адам бойындағы биік рухани бастама, оның өз күшіне деген сенімі, өмірде болып жатқандардың барлығына бар жауапкершілікті сезіну. Бұл — адамдар арасындағы қайталанбас достық сезімі», — делінген құттықтауда .

1992 жылғы 22 наурызда Қазақстанда ресми түрде Наурыз мерекесі демалыс күні ретінде аталып өтті. Мереке 1926 жылы кеңестік билікпен қысқартылып тасталған болатын. 1988 жылы қайта жаңғыртылды.

24 наурыз

Мемлекет басшысы «Өндіріс озаттарын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №692, «Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі қызметкерінің бір тобы Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №693, «С.Ө. Қысықованы, А.С. Скворцованы Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №694, «Ә. Жұмағалиевты Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №695, «Ж. Шәрденовке «Қазақстан Республикасының халық суретшісі» құрметті атағын беру туралы» №696, «А.Н. Горбенкоға, Ю.А. Лебедевке, А.А. Шлейге, А.Г. Хасеновке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №697, «С.И. Рүстембековке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген архитекторы» құрметті атағын беру туралы» №698, «С. Мұқановқа, С. Төлебаевқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №699, «Ю.Ф. Семыкинге «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген сауда және қызмет көрсету саласы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №700, «Денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері»

құрметті атағын беру туралы» №701, «Халыққа білім беру жүйесінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №702, «Р. Қонақоваға, Ә.М. Мұхамеджановқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №703, «Н.Г. Мустакидиге «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №704, «Ғ. Әбдінәбиеваға, В.Ф. Воробьевке, Л.Т. Кәденоваға, Г.М. Қазақбаеваға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №705, «Қ. Мәмбетовке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №706, «Әлеуметтік қамсыздандыру органдарының қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №707 жарлықтарына қол қойды.


25–31 наурыз

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

31 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Бағаны ырықтандыру жағдайына халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлығының қолданылу мерзімін ұзарту туралы» №710, «Қазақстан Республикасында 1992 жылғы сәуір-маусымда белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызмет әскери қызметшілерін запасқа шығару және азаматтарды міндетті әскери қызметке кезекті шақыру туралы» №711 жарлықтарына қол қойды.

СӘУІР



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



1 сәуір

Мемлекет басшысы «Әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары мен олардың отбасы мүшелері арасындағы зейнеткерлерге төленетін зейнетақы мөлшерін қайта қарау туралы» №713 Жарлығына қол қойды.

7 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясындағы Швеция Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Э. Бернерді қабылдап, онымен Қазақстан-Швеция ынтымақтастығын дамыту перспективалары туралы пікір алмасты.

8 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында халық тұтынатын тауарларды шығарумен маманданған «Электробытприбор» зауытында болды.

Өндіріс қуатын қарап шығып, Президент зауыт қызметкерлерімен кездесті. Н.Ә. Назарбаев қалыптасқан жағдайға түсініктемелер бере отырып, ендігіде әрбір адам өз игілігін өзі жасайтынын, ал мемлекеттің міндеті — сол мүмкіндіктерді іске асыру үшін барлық жағдайларды жасау екенін атап айтты.



Содан соң Президент нан өнімдері комбинатына барып, оның өнімдер көрмесін тамашалады, цехтарда болып, мамандармен және жұмысшылармен әңгімелесті. Н.Ә. Назарбаев ұжымның өз өнімін сатуға, қаржыландырудың қосымша көздерін іздестіруге байланысты барлық жұмыстар мен жауапкершіліктерді өз мойнына алуға деген ынтасын мақұлдады.

10 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясындағы Израиль Мемлекетінің Төтенше және Өкілетті Елшісі А. Левинді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастық мәселелері, сондай-ақ палестиналық проблемаларды шешу жолдары бойынша пікір алмасу өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның қалалық және аудандық әкімдіктері басшыларының семинар-кеңесіне қатысты.

Президент мемлекеттік құрылыс, экономикалық даму және өтпелі кезеңде халықты қолдау міндеттерін белгіледі.

«Кеңес Жеңіс күні мерекесі қарсаңында өткізіліп отыр. Осыған байланысты облыстық, қалалық және аудандық әкімшіліктер басшыларына Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының, ауғандық ардагерлердің, қаза тапқан әскери қызметшілер отбасыларының әлеуметтік қорғалуы мәселесіне тағы да оралуын тапсыруды қажет деп есептеймін», — деді сөз соңында Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Жеке тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй кооперациясын дамытуды жеделдету үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына, кәсіпорындары мен ұйымдарына қосымша жеңілдіктер беру және экономикалық ынталылығын туғызу туралы» №715 Жарлығына қол қойды.

11 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің отырысына төрағалық етіп, онда республикадағы халық шаруашылығының I тоқсандағы жұмыс қорытындылары және 1992 жылдың II тоқсанына арналған тұрақтандыру шаралары туралы мәселелер қарады.

Отырыс қорытындысы бойынша Президент үкімет мүшелері мен министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, облыстық әкімшіліктердің басшыларына тиісінше тапсырмалар берді және олардың орындалу мерзімін белгіледі.

12 сәуір

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болды.



Президент Қордай ауданына барып, «Қордай» аграрлық ғылыми-өндірістік бірлестігінің қызметімен, Р. Люксембург атындағы кеңшарда жаңа технологиялар бойынша егін егу жұмыстарының барысымен танысты, «Плодородие» және «Селекция» агроөнеркәсіптік бірлестіктерінде болды.

Қордайлықтардың оң тәжірибелерін атап өте отырып, Н.Ә. Назарбаев жоғары өнімділікке кепілдік беретін қарқынды технологияларға, сондай-ақ алдыңғы қатарлы, оның ішінде шетелдік тәжірибеге

сүйене отырып, азық-түлік мәселесін бір ғана жолмен шешуге болатынын атап айтты. Сонымен бірге ауыл шаруашылығы өндірісінде жаңа нарықтық құрылымдар жасауға бағыт алу қажет.

13 сәуір

Мемлекет басшысы «Сохнут» халықаралық агенттігінің төрағасы, Дүниежүзілік еврейлер парламентінің төрағасы С. Диницті қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанда білім беру, кәсіпкерлікті ұйымдастыру, банктер мен қаржы жүйелерін қайта құру, сондай-ақ инвестиция саясаты, мәдениет пен ғылым саласындағы ұзақмерзімді ынтымақтастықты реттеу мәселелері бойынша семинарлар өткізу мүмкіндіктері талқыланды.

14 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға австриялық тікелей несие желісінің ашылуына байланысты келген Австрия Республикасының Экономика жөніндегі Федералды палатасының президенті Л. Мадертанер бастаған іскер топ өкілдерін қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев республиканың австриялық несие желісін кең ауқымда, басым салалардағы перспективалық мақсаттарға, ең алдымен, өз өнімі арқылы әлемдік нарыққа шыға алатын кәсіпорындар құруға пайдалануға ұмтылысын атап айтты.

15 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциялық комиссиясының кезекті отырысына төрағалық етті.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өтіп жатқан «Студенттік көктем» республикалық фестиваліне қатысушыларға сәлемдеме жолдады.

«Бүгін біз жастарға үлкен үміт артып отырмыз. Республика үшін зияткерлік әлеуетті күрт арттыру, білім саласының әртүрлі салаларында, өнеркәсіп, ғылым, мәдениеттің әр саласы үшін осы заман талабына сай ойлайтын мамандардың ірі отрядын дайындау аса маңызды.

Студенттіктің көптеген мәселелері бүгін олардың тікелей қатысуы арқылы шешіле алады және шешілуі тиіс, үкімет сіздердің жоғары кәсіби даярлықтан өтіп,

өміріміздің жаңару үдерісіне үйлесімді қосылуларыңыз үшін барлық жағдайларды мақсатты түрде іске асыратын болады», — делінген жолдауда.

Мемлекет басшысы «Нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының бұқаралық ақпарат құралдарын, мемлекеттік кітап басу ісін қорғау жөніндегі шұғыл шаралар туралы» №717, «А.Х. Арыстанбекованы Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілі қызметіне тағайындау туралы» №718 жарлықтарына қол қойды.

16 сәуір

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Конгресінің Хельсинки комиссиясының мүшелері, сенаторлар Д. де Консини мен Дж. Джеффордсты қабылдады.

Әңгіме барысында Қазақстан аумағында орналасқан ядролық қару арсеналына байланысты мәселелер талқыланды. Өз тарапынан Н.Ә. Назарбаев республиканың ядролық қаруды қысқарту мен толығымен жойып жіберуге дейінгі үдерістеріне қатысуға әзір екендігін растады.

Мемлекет басшысы «Генерал-лейтенант А.С. Рябцевті 40-шы жеке жалпы әскери армиясының қолбасшысы қызметіне тағайындау туралы» №719 Жарлығына қол қойды.

17 сәуір

Мемлекет басшысы Талды-Қорған облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Қаратал өзені арқылы өтетін теміржол көпірінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты, Талды-Қорған қант зауытын қарап шықты, содан кейін Текелі қаласына барып, Текелі қорғасын-мырыш комбинатындағы және Текелі тау-кен байыту фабрикасындағы іс жағдайымен танысты.

Мемлекет басшысы «Қызыл жарты ай және Қызыл крест Қазақ қоғамының қызметі туралы» №720, «М.Т. Берсенев туралы» №722, «В.Г. Шумов-

ты Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №723 жарлықтарына қол қойды.

18 сәуір

Мемлекет басшысы Талды-Қорған облысына жұмыс сапары барысында Талды-Қорған қорғасын аккумуляторларын шығару зауытының қызметімен танысып, Кербұлақ ауданындағы бірқатар фермерлік шаруашылықтарды аралап шықты.

Жұмыс сапарының соңында Президент облыс активімен кеңес өткізді.

21 сәуір

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Түркия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі А. Езнайдан сенім грамотасын қабылдады.

Түркияның Төтенше және Өкілетті Елшісімен сенім грамотасын тапсыру рәсімі тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тұңғыш процедура әрі Қазақстанда шетелдік дипломатиялық корпусты қалыптастырудың бастамасы болды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №726 Жарлығына қол қойды.

23 сәуір

Мемлекет басшысы Қырғызстан Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен Орталық Азия және Қазақстан мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысты.

Саммитке сондай-ақ Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов және Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов қатысты.

Кездесуге қатысушылар ТМД аясында нарыққа көшу жағдайындағы өңір мемлекеттерінің экономикалық қарым-қатынас жасау ахуалын, негізгі проблемалары мен перспективаларын талқылады.

Саммит қорытындысы бойынша мемлекет басшыларының бірлескен мәлімдемесі қабылданып, онда Орта Азия мен Қазақстан республикаларының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қалыптасуы мен нығаюына қызығушылық танытуы расталды,

сондай-ақ Құқықтық ынтымақтастық негіздері туралы келісімге, Көлік саласындағы ынтымақтастық принциптері мен өзара қарым-қатынас шарттары туралы келісімге, Теміржол көлігінің қызметін үйлестіру және Қырғызстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасының теміржол көлігі туралы Ресей-Қазақстан келісіміне қосылуы туралы хаттамаға және т.б. қол қойылды.

24 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға транспортшылар кеңесіне қатысу үшін келген бірқатар шетел мемлекеттік органдары мен компанияларының басшыларын қабылдады.

Кездесу барысында Еуропа мен Тынық мұхит-Оңтүстік Азия өңірін байланыстыруға арналған трансазиялық теміржол магистралінің құрылысы мен пайдалану перспективалары талқыланды. Президент осы мәселе турасында сөз сөйлей отырып, шын мәнінде, еуразиялық субқұрлығында жаңа көлік жүйесі жасалып жатқанын атап айтты. Ол осы алып аумақта орналасқан елдердің арасындағы дәстүрлі экономикалық және мәдени байланыстарды дамытуға жәрдемдесетіні сөзсіз. Жаңа техникалық негізде ежелгі «Жібек жолын» қалпына келтіретін бұл көпірден жалпы дүниежүзілік қоғамдастықтың да пайда табатынына күмән жоқ.

25 сәуір

Мемлекет басшысы оңтүстіккореялық «Samsung» компаниясы басқармасының вице-төрағасы Пил Гон Ри бастаған бір топ өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанда электроника, халықтық тұтыну тауарлары, медициналық жабдықтар өндірісін ұйымдастыруға компанияның қатысу мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында жалақыны өсіру және бағаны реттеу туралы» №730 Жарлығына қол қойды.

27 сәуір

«The Christian Science Monitor» американдық газетінде Мемлекет басшысының Қазақстанның ядролық қару, ТМД дамыту, Қазақстан-Америка

ынтымақтастығы мәселелері бойынша ұстанымын толығырақ баяндаған сұхбаты жарияланды.

28 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжан Дэгуаннан сенім грамотасын қабылдады.

Ч. Дэгуан өз үкіметінің атынан Қытай өзінің тату әрі сенімді көршісі — Қазақстанмен жан-жақты өзара қатынастарды одан әрі нығайтуға белсенді түрде көмектесетініне сендірді.

Мемлекет басшысы «Материалдық өндіріс салаларында меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге арналған жұмысты жандандыру жөніндегі шаралар туралы» №732, «А.А. Аманбаев туралы» №733, «В.Н. Девятконы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметіне тағайындау туралы» №734 жарлықтарына қол қойды.

29 сәуір

Мемлекет басшысы «Fiat» концерні әкімшілік кеңесінің мүшесі Р. Руджиери бастаған Италияның іскерлік ортасы өкілдерінің делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында италиялық кәсіпкерлердің Қазақстанда автомобиль жасау саласын дамыту, ауылшаруашылық техникасының кейбір түрлерін, жоғары сапалы азық-түліктерді шығаруды жақсы жолға қою, сондай-ақ қазақстандық мыс пен басқа да металдарды экспорттауды ұлғайту жөніндегі ұсыныстары талқыланды.



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Түркия Республикасының Премьер-министрі С. Демирельді қабылдады.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында кәсіпкерлікті ынталандыру мен шетел инвестицияларын тарту негізінде экономиканы жаңғырту бойынша Түркияның тәжірибесін пайдалану, сондай-ақ Түркия компанияларының Батыс Қазақстандағы мұнай кен орындарын зерттеу, Ақтөбе қаласындағы газ негізіндегі электр стансасын салу, Ақтау портын қалпына келтіру, қазақстандық жүктерді Каспий, Қара

және Балтық теңіздері арқылы тасымалдау үшін теңіз тасымалын ұйымдастыру секілді ірі экономикалық жобаларды іске асыруға іс жүзінде қатысу мүмкіндіктері және т.б. талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша бірлескен коммюнике қабылданды, сондай-ақ банк саласындағы ынтымақтастыққа қатысты өзара түсіністік, өзара жәрдемдесу мен инвестицияларды қорғау, автомобиль көлігі мен әуе қатынасы саласындағы ынтымақтастық, орта және кіші кәсіпкерлерді дамытудағы ынтымақтастық, білім, ғылым, мәдениет және спорт салаларындағы ынтымақтастық туралы меморандумға және т.б. қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Премьер-министрі С. Демирельмен бірге Қазақстан Республикасындағы Түркия Республикасы Елшілігінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

30 сәуір


Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Түркия Республикасының Премьер-министрі С. Демирельмен бірге Шымкент облысына барып, Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи кесенесін және Отырар ауданы Шәуілдір ауылындағы Арыстан баб кесенесін қарап шықты.

Сол күні Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Премьер-министрі С. Демирельмен бірге Қызыл-Орда облысында болып, «Байқоңыр» ғарыш айлағына барды және қонақты оның инфрақұрылымымен таныстырды.



МАМЫР

1992



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31



1 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Түркия Республикасының Премьер-министрі С. Демирельмен бірге Алматы қаласында өткен 1 мамыр мерекесіне арналған мерекелік шараларға қатысты.

2 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Жапонияның Сыртқы істер министрі М. Ватанабэні қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Жапония арасындағы өзара тиімді экономикалық байланыстарды кеңейту мәселелері, сондай-ақ ядролық қаруды таратпау проблемалары бойынша пікір алмасу өтті.

6 мамыр

Мемлекет басшысы ЕҚЫК жанындағы Америка Құрама Штаттарының Елшісі Дж. Марескті қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Орта Азия және Қазақстан мемлекеттерінің Хельсинки үдерісіне қосылуы осы ұйымдағы қарым-қатынасты өзгертетінін және келешекте жаңа консультациялық механизмнің құрылуына әкелуі мүмкін екенін атап айтты. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев ЕҚЫК принциптері Қазақстанның іске асырып отырған саясатына толығымен сәйкес келетінін және Қазақстан Хельсинки келісімі мен жаңа Еуропаға арналған Париждік хартияның қорытынды актісіне қол қоюға, сондай-ақ ұжымдық қауіпсіздік бойынша басқа халықаралық құжаттарға қосылуға дайын екенін атап көрсетті.

Ресейлік «Независимая газета» басылымында Мемлекет басшысының сұхбаты жарияланып, онда ол Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының проблемалары мен перспективалары, Қазақстанның ядролық қаруға қатысты ұстанымдары, сондай-ақ республикадағы тұрақтылықты сақтау жолдары туралы әңгімелеп берді.

Н.Ә. Назарбаев берген сұхбатында: «Барлық мемлекеттің іргетасы — бұл адамдардың қалыпты өмірін қамтамасыз ететін экономика. Республиканың кейбір оппозицияшылары біз болып жатқан оқиғалардан артта қалып келе жатырмыз және тіпті, тәуелсіздігімізді де ең соңғы болып жарияладық деп

маған кінә тағады. Алайда саясат шынайылықты есепке ала отырып жасалуы керек. Осының арқасында біз көпұлтты алып мемлекетіміз — Қазақстанды сақтап қала алдық деп есептеймін», — деп атап өтті.

7 мамыр

Мемлекет басшысы «Radio Liberty» директоры Э. Уимбуш басқарған «Radio Liberty» және «Voice of America» радиостансалары тілшілерінің бір тобын қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев журналистерге республикадағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы, халық шаруашылығын нарықтық қатынастарға көшіруді жеделдету бойынша мемлекеттің қолданып отырған шаралары туралы айтты.

Кездесу барысында республика алдында тұрған міндеттерді шешудегі баспасөз, радио және телевизияның рөлі туралы мәселелер бойынша пікір алмасу өтті, тілші кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастық, американдық радиостансалардың тікелей бағдарламаларын Қазақстанға және Қазақстанның бағдарламаларын Америка Құрама Штаттарына тарату мүмкіндіктері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» корпорациясының президенті Р. Мацкені қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасы үкіметі мен «Chevron Corporation» корпорациясының арасында Теңіз кен орнын игеру жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру бойынша ынтымақтастық принциптері туралы хаттамаға қол қойылды, оған сәйкес «Теңізшевройл» БК 1993 жылдан бастап Теңіз және Корольдік мұнай-газ кен орындарын зерттеуге кірісуі керек.



Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы» №738, «С.Қ. Нұрмағамбетовке генерал-полковник әскери атағын беру туралы» №739, «Генерал-полковник С.Қ. Нұрмағамбетовті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қызметіне тағайындау туралы» №740, «В.Г. Шумовқа ішкі істер қызметінің генерал-майоры арнаулы атағын беру туралы» №741, «Л.С. Дагаевқа

генерал-майор әскери атағын беру туралы» №742, «Е.І. Мұсабаевқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №743, «Отставкадағы генерал-лейтенант С.Қ. Нұрмағамбетовті Қарулы Күштер кадрлары қатарына қайтадан алу туралы» №744, «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» №745 жарлықтарына қол қойды.

8 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басшылығымен кездесті.

Президент жиналғандарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуымен құттықтап, оны жедел түрде нығайту бойынша барлық шараларды қолдануға шақырды. Бұл ретте, Н.Ә. Назарбаев қорғаныстық құрылыс мәселелерін бейбіт, өркениетті жолмен шешу қажеттігін ерекше атап өтті.

1992 жылғы 7 мамыр Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған күні болып есептеледі. Қазақстан басшылығының алдында ұлттық Қарулы Күштерді құру қажеттігі Кеңес Одағы құлаған соң бірден туындады. Осы шешімді дұрыс әрі ойланып іске асырылуына мемлекеттің халықаралық қоғамдастықтағы рөлі мен орны ғана емес, Қазақстанның бұдан әрі даму сипаты да байланысты болды.

«Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғау мақсатында өзінің Қарулы Күштерін құруға құқылы» екенін белгілеп берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң егемен Қазақстан армиясын құру жолындағы алғашқы қадам болды. Бұл мәселені Қазақстан басшылығы ақыр-аяғына дейін біртұтас, содан соң Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бірікккен Қарулы Күштері туралы идеясын жақтай отырып, ТМД елдерінің ішінде ең соңғысы болып шешті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығына 1992 жылғы 7 мамыр күні қол қойды. Осы күннен бастап Қазақстан аумағында орналасқан барлық әскери құрылымдар, барлық қару-жарақтары, техникасымен және мүлкімен республиканың қарамағына өтті. 40-шы жалпы әскери армиясының әскерлері Қазақстан Қарулы Күштерінің негізін қалады. Қарулы Күштердің құрамына сондай-ақ ӘӘК мен ӘШҚ, оларға қызмет көрсету мен қамтамасыз ету құрамалары мен бөлімшелері енеді.

Қысқа мерзім ішінде Қарулы Күштерді басқару жүйесі құрылды. Қарулы Күштерге әскери-саяси басшылықты Қазақстан Республикасының Президенті — Қарулы Күштердің Жоғары бас қолбасшысы жүзеге асырады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарының ұйымдастырылу мен қызметін жетілдіру туралы» Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №749, «Кешірім жасау туралы» №750, «Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, интернационалист-жауынгерлердің, соғыс мүгедектері мен қаза тапқан әскері қызметшілердің отбасына зейнетақы мөлшерін өсіру туралы» №754 жарлықтарына қол қойды.

9 мамыр



Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне арналған мерекелік шараларға қатысты.

Ардагерлермен бірге Н.Ә. Назарбаев 28 гвардиялық-панфиловшылар саябағындағы Даңқ мемориалы алдында Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

Сол күні Мемлекет басшысы Түрікменстан астанасы Ашғабад қаласына 1992 жылғы 10 мамырда болатын Иран Ислам Республикасы, Пәкстан Ислам Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Түркия Республикасы және Түрікменстан мемлекеттері мен үкіметтері басшыларының кездесуіне қатысу үшін келді.

10 мамыр

Мемлекет басшысы Түрікменстан астанасы Ашғабад қаласында өткен Иран Ислам Республикасы, Пәкстан Ислам Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Түркия Республикасы және Түрікменстан мемлекеттері мен үкіметтері басшыларының кездесуіне қатысты.

Саммитке сондай-ақ Иранның Президенті Х. Рафсанджани, Өзбекстанның Президенті И.А. Каримов, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов, Пәкстан мен Түркияның премьер-министрлері Н. Шариф пен С. Демирель қатысты.

Кездесу барысында бірлескен жобаларды іске асырудағы елдердің өзара іс-қимылының жай-күйі мен перспективалары талқыланды. Атап айтқанда, тараптар «Теджен-Серахс-Мешхед» темір жол желісін 1995 жылға қарай аяқтауды және Қазақстан мен Қытай арасындағы темір жол шекара өткелі — Достық бекетін

дамытуды қоса ала отырып, Трансазиялық темір жол магистралінің құрылысын жеделдетуге келісті, сондай-ақ халықаралық автомобиль қатынасын ашу үшін Ыстамбұл, Тегеран, Исламабад, Ашғабад, Ташкент, Бішкек, Алматы қалаларын байланыстыратын магистральды автомобиль жолдарының учаскелерін жобалау, салу және қалпына келтіруді бастау туралы уағдаластықтарға қол жеткізді.

Саммит қорытындысы бойынша Өзара қызығушылық тудыратын жобаларды іске асырудағы экономикалық ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдеме мен келісімге қол қойылды.

12 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңес Төралқасының отырысына қатысып, онда жаңа Конституция жобасы талқыланды.

13 мамыр

Мемлекет басшысы «С.К. Жүрсінбаевқа 3-ші сыныпты Мемлекеттік заң кеңесшісі сыныптық шенін беру туралы» №759, «Бір топ өндіріс озатын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №760 жарлықтарына қол қойды.

15 мамыр

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласында өткен ТМД Мемлекет басшыларының кеңесіне қатысты.

Саммит барысында ТМД-ның алты мемлекеттері — Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан мен Өзбекстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қол қойды, онда қатысушылар мемлекетаралық қатынаста күш қолдану немесе күшпен қауіп төндіруден бас тарту, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің кез келгеніне қарсы агрессия актісінің іске асырылуы жағдайында әскеримен қатар кез келген қажетті көмек көрсету және БҰҰ Жарғысының 51-ші бабына сәйкес ұжымдық қорғаныс құқығын іске асыру тәртібінде олардың қол астындағы қаржымен қолдау көрсетуді өз міндеттеріне алды.

Одан басқа, ТМД мүше мемлекеттерімен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, білім саласында ынтымақтастық орнату, мәдениет саласында ынтымақтастық орнату, сыртқы экономикалық қызмет саласында ынтымақтастық орнату туралы үкіметаралық келісімдерге және т.б. қол қойды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды.

ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт қатысушылардың ұлттық Қарулы Күштерін құруға, олардың жаңа тәуелсіз мемлекеттілігін құру үшін баламалы сыртқы жағдайларды қамтамасыз етуге көмегін тигізді. Шарттың басты міндеттерінің бірі Шартқа қатысушы елдердің егемендігін сақтау, аумақтық бүтіндігін және конституциялық құрылымын қорғау мақсатында КСРО мен Варшава шарты ұйымының құлауынан болатын жағымсыз салдарлардың алдын алу болып табылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы ғалымдарының бір тобын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №761, «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жүйесі мен «А» бөлімі қызметкерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №762, «В.В. Войтешонок пен К. Жәукебаеваны Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №763, «Т.М. Завотпаевты Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №764, «А.А. Чехонинді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №765, «Е.Т. Мергеновке «Қазақстан Республикасының халық суретшісі» құрметті атағын беру туралы» №766, «Л.А. Бакаеваға, М.Г. Варкентинге, О.Б. Прядкоға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №767, «М.Т. Төрешевке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №768, «Т.Қ. Имашевқа «Қазақстан Республикасының

еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы №769, «И.Г. Кочердинге, П.Ф. Радецкийге «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №770, «І. Қожабаевқа, Қ. Күнтуаровқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №771, «Қ.Ы. Ақбаевқа, В.А. Баумейстерге, М. Көжековке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» №772, «А.Ф. Богатыревке, Н. Ғабдуллинге «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №773, «Ғ. Айдаровқа, А.Н. Квятовскийге «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №774, «Д.Ә. Бәйімбетовке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №775, «Р. Қосмамбетоваға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №776, «І.О. Оразбақовқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №777, «А.И. Яуфманға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №778, «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы және Атом қуаты жөніндегі агенттігі туралы» №779 жарлықтарына қол қойды.

16 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Отырыста 1992 жылғы 15 мамырда өткен ТМД Мемлекет басшыларының ташкенттік кездесуінің қорытындысы талқыланды, онда қабылданған Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің мықты базасын, оның аумақтық тұтастығы мен шекарасының мызғымастығын қамтамасыз ететін егеменді мемлекеттердің қарым-қатынас жасауы үшін іргелі негіз ретіндегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа баға берілді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық пен өзара көмек көрсету туралы шартты дайындау мен жасасу туралы мәселе қаралды.

«Егеменді Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде Мемлекет басшысының «Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегі жарияланып, онда ол Қазақстанның ашық түрдегі қоғам ретінде дамуының тұжырымдамалық үлгісін — демократиялық, бейбітсүйгіш мемлекеттің — болашақ елдің түпүлгісін жасады, ол Қалыптасу стратегиясында көрсетілгендей:

а) адамның құқығы мен бостандығына, саяси және идеологиялық плюрализмге кепілдік беретін тұрақты азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, сенімді қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін халықаралық қоғамдастықта лайықты әрі тең құқықты жағдайға ие болатын қуатты президенттік республика құрады;

б) меншіктің алуан түрі, әлеуметтік жауапты кәсіпкерлігі, салауатты бәсекелестігі бар, шетелдік инвесторлар парасатты қатысатындай дамыған нарықтық экономикаға сүйенеді;

в) айқын әлеуметтік бағыты бар, бәріне бірдей өзінің қабілетін жұмсауға әрі материалдық жағынан игілікті өмір сүруіне тең жағдай жасап, мүмкіндік туғызатын, әр халықтың өзінің ұлттық ерекшелігін сақтап, дамытатын тұрақты дамудың негізі ретінде ұлттық келісім саясатын жүргізетін мемлекет құруды көздейді (Қосымшаны қараңыз).

Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегі «Ресурс сақтау және нарыққа өту стратегиясы» (1992 ж.) және «Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде» (1993 ж.) атты жұмыстарымен қатар Қазақстан Республикасында мемлекет құру теориясы бойынша бірінші іргелі еңбегі болды.

17 мамыр

Мемлекет басшысы «Түркия Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» №780, «Қ.Б. Саудабаевты Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №781, «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия туралы» №784 жарлықтарына қол қойды.


18 мамыр



Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарында алғашқы ресми сапармен болды.

Сапар бағдарламасы АҚШ Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкермен кездесуден басталып, онда ядролық қаруды бақылау мәселелері қаралды.

19 мамыр



Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарында ресми сапары барысында «Chevron Corporation» корпорациясы Директорлар кеңесінің төрағасы К. Деррмен кездесті және Қазақстанда Теңіз және Корольдік мұнай кен орындарын зерттеу жөніндегі «Теңізшевронойл» бірлескен кәсіпорнын құру туралы құрылтайшылық келісімге қол қойды

20 мамыр



Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында АҚШ Президенті Дж. Бушпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастық пен халықаралық проблемалардың кең ауқымды мәселелері бойынша пікір алмасу өтті. Бұл ретте Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы шартына қосылуы мен оның Стратегиялық шабуылдаушы қаруды (СШҚ) шектеу туралы шартының ережелерін орындауына, сондай-ақ екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дұрыс жолға қою мәселелеріне басты назар аударылды.



Келіссөздер қорытындысы бойынша Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияны жасасу туралы Бірлескен мәлімдемеге, Өзара түсіністік туралы меморандумға, Капитал салуды көтермелеу мен өзара қорғау туралы шартқа, Капитал салуды ынталандыру, сауда-саттық қатынастар, жәрдемдесуді қамтамасыз ету туралы келісімдерге және т.б. қол қойылды.

Құжаттарға қол қойылған соң, Ақ үйде өткен рәсімде сөз сөйлей отырып, АҚШ Президенті болып өткен келіссөздер екі мемлекеттің көптеген мүдделерінің ортақтығын көрсеткенін айтты және оларды «елдер арасындағы жаңа қатынастардың бастауы» ретінде сипаттады. Вашингтон Қазақстанның тәуелсіздігін қолдап, оның қауіпсіздігі Еуропа мен Азиядағы тұрақтылық үшін маңызды деп есептейді. Дж. Буш

сондай-ақ АҚШ-тың Қазақстанға экономиканың нарықтық жүйесіне өту кезінде жан-жақты қолдау көрсететінін мәлімдеді.

Сол күні Мемлекет басшысы АҚШ Қаржы министрі Н. Брейдимен, АҚШ Қорғаныс министрі Р. Чейнимен, сенаторлар Дж. Митчеллмен, Р.Доулмен, К. Пеллмен, С. Наннмен, А. Крэнстонмен, Р. Лугармен, Дж. Байденмен, К. Левинмен, «The Washington Post» және «The Washington Times» екі астаналық жетекші газеттердің редколлегия мүшелерімен, сондай-ақ АҚШ іскер топ өкілдерімен екіжақты кездесулер өткізді.

Американдық бизнесмендер алдында сөйлеген сөзінде Президент: «Біз мұнда бірдеңе сұрау үшін келген жоқпыз, біз өзімізбен бірге жүздеген жобалар мен ұсыныстарды ала келдік әрі американдық бизнесмендерге оны мұқият зерттеуді ұсынамыз», — деп мәлімдеді.

21 мамыр

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында Дүниежүзілік банк президенті Л. Престонмен, ХВҚ басқарушы-директоры М. Камдессюмен, АҚШ Орталық барлау басқармасының директоры Р. Гейтспен, АҚШ Ауыл шаруашылығы министрі Э. Мэндиганмен екіжақты кездесулер өткізді.

Сол күні Мемлекет басшысы Вашингтон қаласынан Нью-Йорк қаласына барып, БҰҰ штаб-пәтерінде болды, БҰҰ бас хатшысы Б. Бутрос-Галимен кездесті, АҚШ Федералды резервтік банкі басқармасының отырысына қатысты, «JP Morgan Chase Bank» банк корпорациясының штаб-пәтерінде болып, оның басқармасының төрағасы Д. Уэзерстоунмен екі тараптың алдағы ынтымақтастыққа мүдделілігі туралы меморандумға қол қойды.

23 мамыр

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында Халықаралық қатынастар жөніндегі Нью-Йорк кеңесінде сөз сөйледі.

Қазақстан Президенті өз сөзінде: «Қазақстан объективті жағдайларға байланысты әлемдік

оқиғалардың ортасында қалды, әрі бұл ешқандай да астамшыл алдаусырату емес. XXI ғасырға назар тіге отырып, мемлекеттік қайраткерлер мен сарапшылар толық негізде Азияның жаңа түлеуін аңғаруда. Соған байланысты да Солтүстік пен Оңтүстік, христиан және мұсылман әлемдерінің арасында орын алуы мүмкін текетірестерден қауіптенеді. Олар қазірдің өзінде геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің ықтимал жолдарын қарастырып, діни негіздегі аумақтық жанжалдарды жоюға зор көңіл бөліп отыр.

Осылардан барып, көпшілік бүгінде Қазақстанды Еуропа мен Азияның, христиандар мен мұсылмандардың арасындағы келісімнің айқын нышаны ретінде қабылдайды. Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы бейбітшілікті қамтамасыз етуде Қазақстан Америка Құрама Штаттарының стратегиялық одақтасы екеніне мен берік сенімдімін.

Біздің алдымыздан халықаралық қатынастардың жаңа субъектісі ретінде көпқырлы ынтымақтастықтың кең өрісі ашылуда. Оны кеңейте отырып, біз өзге әлемнен жасанды түрде оқшаулану арқылы ешқандай идеологиялық немесе конфессиялық блоктарға қосылмаймыз, яғни Шығыс пен Батысты жалғастыратын құрлықтық көпір ретінде Қазақстанның шын мәніндегі айрықша рөлін пайдалануға тырысатынымызды атап айтқым келеді», — деп атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Мемлекет басшысы «Pirelli Group» және «Chilevich» компанияларының басшылықтарымен екіжақты кездесулер өткізді.

24 мамыр

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарына ресми сапары барысында АҚШ көне әскери жоо — АҚШ Әскери академиясына (Вест-Пойнт) барды.

25 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Президент Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа және «Байқоңыр» ғарыш айлағын пайдалану тәртібі туралы келісімге қол қойды.


29 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының пленарлық отырысына қатысып, онда Қазақстан Республикасы Премьер-министрі С.А. Терещенконың экономикалық реформалар барысы туралы және Ұлттық мемлекетттік банкі басқармасының төрағасы Ғ.Б. Байназаровтың ақша айналымының ахуалы туралы баяндамалары тыңдалды.

30 мамыр

Мемлекет басшысы «Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы» №1367а-XII Заңына қол қойды.

МАУСЫМ



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



1 маусым



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының пленарлық отырысына қатысып, Қазақстан Республикасы Конституциялық комиссиясының төрағасы ретінде «Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы туралы» баяндамасын жасады.

Президент баяндамада Конституциялық комиссия өз жұмысын республикадағы Жоғарғы Кеңестің қаулысы бойынша 1990 жылдың желтоқсанынан бастағанын, жобаны дайындауға халық депутаттары, басқарудың республикалық органдары, белгілі құқықтанушы ғалымдар, қоғамдық ұйымдар өкілдері тартылғанын атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев Негізгі заңның қабылдануы көпұлтты мемлекет — Қазақстан Республикасы дамуының қуатты біріктіруші факторы бола алатынын атап айтты.

Мемлекет басшысы Конституция жобасының негізгі ережелеріне тоқтала келе, оны бүкілхалықтық талқылауға салуды ұсынды және осыны ескере отырып, Конституциялық комиссия жобаны пысықтап, Жоғарғы Кеңестің екінші оқылымында қарауға ұсынады (Қосымшаны қараңыз).

Конституция жобасын түбегейлі талқылаған соң, Жоғарғы Кеңес оны бірінші оқылымда қабылдау және баспасөз бетінде жариялап, бүкілхалықтық талқылауға шығару туралы шешім қабылдады.

2 маусым



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының пленарлық отырысына қатысып, онда алдымен депутаттармен, содан кейін бүкілхалықтық талқылауға шығарылған Конституция жобасын талқылау нәтижелері бойынша қорытынды сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы Әл-Фараби атындағы Республикалық жас дарындарды қолдау қорының желісі бойынша Түркия Республикасына оқуға аттанғалы отырған бір топ жастарды қабылдады.

Кездесу барысында Президент олардың алған білімдері егеменді Қазақстанға гүлденген қоғам құру үшін аса қажет болатындығын атап өтті. Бұл ретте ол республиканың басынан өтіп жатқан қиындықтар экономикалық және әлеуметтік даму

перспективаларына кедергі бола алмайтынын атап айтты. Алайда, осы қиын үдерістің қалай өтетіні сауатты мамандардың болуына көбіне-көп қатысты болмақ.

4 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының пленарлық отырысына қатысып, онда Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері — Мемлекеттік ту мен Мемлекеттік елтаңба қаралып, бекітілді.

Жаңа мемлекеттік рәміздерді дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін 1992 жылдың қаңтарында құрамына халық депутаттары, мәдениет, өнер, ғылыми зиялы қауым өкілдері енген жұмыс тобы құрылды. Топ жұмысы кезеңінде мемлекеттік рәміздердің үздік жобасына конкурс жарияланды, оның барысында азаматтар мен қоғамдық ұйымдардан түскен ұсыныстар талқыланды. 1992 жылдың жазында топ ту жобасы бойынша 453 үлгі және 142 жазбаша ұсыныс (бейбітшілік, ынтымақтастық, тыныштық пен игіліктің белгісі ретінде көгілдір түс таңдап алынды), елтаңба жобасы бойынша 245 жұмыс пен 67 жазбаша ұсыныс (аңыз сарыны мен тарихи дәстүрлер елтаңбаны таңдаудағы шешуші критерийлер болды. Елтаңбаның негізгі түсі — тектілік белгісі болып табылатын алтын түстес. Ортасында шаңырақ, жұлдыз, сондай-ақ қанатты пырақтар мен «Қазақстан» жазуы бейнеленген. Аңыз аттардың — қанатты тұлпарлардың бейнесі Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» бас киімінен алынған), әнұран жобасының 51 музыкалық және 132 мәтіндік нұсқаларын қарай отырып, жұмысын аяқтады. Мемлекеттік әнұранның үздік жобасы конкурсына мәтіні мен әні бар толыққанды шығармалар да, жеке-жеке мәтіндік және музыкалық шығармалар да жіберілді. Бұдан басқа, жұмыс тобының шешімі бойынша басқаларымен қатар, 1944 жылы жазылған қолданыстағы әнұранның музыкалық сүйемелдеуі де қарастырылды. Бірнеше рет тыңдаудан өткен соң, дәл осы музыкалық редакцияны қалдыру туралы шешім қабылданды. Жаңа мемлекеттік рәміздер Қазақстанның Жоғарғы Кеңесімен қабылданды және Мемлекеттік туды жасаушы — суретші Ш. Ниязбековтің, Мемлекеттік елтаңбаны жасаушы — сәулетшілер Ж. Мәлібеков пен Ш.-А. Уәлихановтың жұмыстары бекітілді. Сазгерлер — М. Төлебаев, Е. Брусиловский және Л. Хамиди жазған әнұранның әні бұрынғы редакцияда сақталып қалды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы» №1372-XII, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы» №1374-XII, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

гимнінің музыкалық редакциясы туралы» №1376-XII заңдарына қол қойды.

5 маусым

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» №1378-XII, «Қазақстан Республикасында Конституциялық сот ісін жүргізу туралы» №1379-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №793, «Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдігін ашу туралы» №795 жарлықтарына қол қойды.

6 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік рәміздерін ресми түрде жариялау рәсімі өткен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Жоғарғы Кеңестің Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздерін қабылдауы қазақ халқы мен республикада өмір сүретін басқа ұлт өкілдері үшін жай ғана таптық, тоталитарлық қоғамның ескірген, тозығы жеткен атрибуттарын ауыстыру болып табылмайды. Бұл республиканың демократиялық және құқықтық мемлекет құруға, жеке тұлға егемендігі принципіне негізделген оның этностық жағынан әралуан халқының бірлігін паш ететін жаңа қоғам құруға бетбұрысының дәлелі», — деп атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

8 маусым

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігін құру туралы» №799, «Қ. Абдоллаевты Қазақстан Республикасының Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №800 жарлықтарына қол қойды.

9 маусым

Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі «Ынтымақ» Қазақ республикалық сауда үйінде отандық және шетелдік өндірушілер өнімдерін сатуға арналған үлгілермен — сыйкәделер мен сыртқы киімдерден бастап күрделі тұрмыстық техникалар және электроникалармен танысты.

12 маусым

Мемлекет басшысы «Қазақ КСР Президентінің «Қазақ КСР-нің РКФСР-дағы Тұрақты өкілдігін құру туралы» Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №804 Жарлығына қол қойды.

15 маусым

Мемлекет басшысы әр ұлттың көркемсөз шеберлерінің барлық буындары өкілдерін көрсеткен Қазақстан жазушыларының бір тобын қабылдады.

Жазушылар алдында сөз сөйлей келе, Н.Ә. Назарбаев Қазақстан басшылығының жүзеге асырып отырған саясаты туралы, өмірдің барлық салаларында ауқымды жаңғыртулар жүргізу үшін құқықтық база құру туралы әңгімелеп берді. Мемлекет басшысы нарықтық экономикаға көшу болмай қоймайтын қиындықтармен астасып жататынын атап айтты. Оларды еңсеру үшін барлығы еңбек тиімділігінің басымдылығын сезініп, әрбір азаматтың бойында қоғам алдындағы парызы мен жауапкершілік сезімі қалыптасуы қажет.

Президент көпэтностық мемлекетте негізгі ұлт онда тұратын барлық халықтарды біріктіруші негізге айналуы қажет, бірақ ол миссияны әрбір этностың мүдделерін ескеріп, тек қана өркениетті және демократиялық қағидаттарды пайдалана отырып орындауы қажет екеніне назар аударды.

16 маусым



Мемлекет басшысы БҰҰ делегациясын қабылдап, оның мүшелерін республика үшін БҰҰ-мен көпқырлы ынтымақтастық жасаудың маңыздылығын атап өте отырып, Қазақстандағы саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалмен таныстырды. Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, БҰҰ-ның сарапшылары мен мамандандырылған ұйымдары Қазақстанға реформаларды ілгерілету, ішкі және сыртқы саясаттың тиімділігін арттыру, демократиялық жаңғыртуларды тереңдету, қоршаған ортаны қорғау ісінде жәрдемдесе алуы мүмкін.

Кездесу қорытындысы бойынша Алма-Ата қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымы өкілдігін ашу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

17 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының пленарлық отырысына қатысып, онда үкіметтің «Ауыл шаруашылығындағы жағдай және өтпелі кезеңде оған қолдау көрсету жөніндегі іс-

шаралар және «Ауыл, село және агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың басымдығы туралы» Заңның орындалуы туралы» есебі тыңдалды.

19 маусым

Мемлекет басшысы Кеңес Одағының маршалы И.С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесінің (АЖЖКУ) офицер түлектерін шығаруға арналған салтанатты рәсімге қатысты.

Дипломдар мен төсбелгілерді табыс еткен соң, Президент түлектерді құттықтап, олар Қазақстан халқы шынайы тәуелсіз мемлекет құру жолында күресіп, жеке Қарулы Күштерін құрып жатқан қиын кезеңде офицерлер атанғандарын айтып өтті. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының тарихындағы алғашқы АЖЖКУ түлектеріне қиын әскери қызметте сәттілік тіледі.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының пленарлық отырысына қатысып, онда «Қазақстан Республикасының 1992 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» Заңына өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасы қаралды.

Мемлекет басшысы қазақстандықтардың үлкен тобын қабылдап, оларға жоғары мемлекеттік наградалар табыс етті.

Қазақстан суретшілері одағының басқарма төрағасы Е.Т. Мергеновке — «Қазақстан Республикасының халық суретшісі»; Қазақстан дизайнерлер одағы басқармасының төрағасы Т.Б. Сүлейменовке — «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері»; Қазақстандағы «Останкино» телерадиокомпаниясының меншікті тілшісі Д.А. Байымбетовке, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайының директоры Р. Қосмамбетовке, Алматы қалалық дене тәрбиесі және спорт комитетінің төрағасы И.О. Оразбақовқа — «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері»; Алматы энергетикалық институтының ректоры А.Ф. Богатыревке және Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің кафедра меңгерушісі Н. Ғабдуллинге — «Қазақстан Республикасы халықтық білім беру саласының еңбек сіңірген қызметкері»; Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі Ш.Қ. Сәтбаеваға, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының кеңесшісі Ғ. Айдаровқа және Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Металлургия және кен байыту институты директорының орынбасары А.Н. Квятковскийге «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атақтарын беру туралы куәліктері мен төсбелгілері табыс етілді.

Қазақстан Республикасының Халық әртісі атағын Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының доценті Ж.Я. Әубәкірова және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі атағын Республикалық неміс театрының актері М.Г. Варкентин иеленді.

Бір топ ғалымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қызметкерлері Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Кездесу соңында Президент марапатталғандарды тағы да құттықтап, олардың республика игілігіне арналған еңбектеріне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы «Егеменді Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттеріне «Мен жарқын болашаққа сенемін» атты сұхбат беріп, ұлтаралық қатынастар, республиканың сыртқы саясаты, жаңа Конституция жобасы, ауыл жастарының өмірі, армияның жағдайы және т.б. мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап берді.

Қазақстан мемлекеті қандай болуы керек деген сұраққа Н.Ә. Назарбаев өз көзқарасын ұсынды: «Саясатта — мемлекет демократиялық, ал экономикада — нарыққа бағдарланған болуы керек. Бізде тұрақты жұмыс істейтін кәсіби парламент, оның төрағасы мен өз функцияларын іске асыру үшін барлық құқығы бар жалпыхалықтық сайлауда сайланған Президенті болуы керек».

20 маусым

Мемлекет басшысы Алматы-II темір жол бекетінде өткен «Алматы – Үрімші» алғашқы тұрақты халықаралық жолаушылар бағытының ашылуына арналған митингке қатысты.



Жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде Президент бұл темір жол Қазақстан мен Қытай арасындағы достықты, өзара түсіністік пен сенімді одан әрі тереңдету ісіне қызмет ететініне үмітін білдірді.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан кәсіпкерлерінің I форумына қатысты.

«Кәсіпкерлік біздің республикамызда тек алғашқы қадамдарын жасап жатыр, сондықтан да ол қиын қадам, — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев. — Менің айқындамам сіздерге белгілі. Ол нық және бұлжымас сенімге негізделген: біздің алға жылжуымыздың бірден-бір жолы — саяси, әлеуметтік және басқа да себептерден келіп туатын нарықтық экономикаға апаратын жол.

...Мен біздің экономикамыздың негізгі тірегі — нағыз өндірушілерді қолдаймын және қолдай беретін боламын. Жоғарғы Кеңестің өтіп жатқан сессиясында өндіріске жағдай жасау үшін салық ставкасын өзгерту туралы ұсыныс талқыланып жатқандығын сіздер білесіздер. Бұдан басқа, Президент жанынан Кәсіпкерлік жөніндегі кеңес құрылған. Ол қажетті шешімдерді дайындау барысында сарапшылық орталық рөлін атқаратын болады.

Біз бірігіп әрбір адамға өзіндік таңдауы мен экономикалық өзін-өзі анықтауға әлеуметтік, ұлттық және саяси ықыластарын жүзеге асыру үшін тең мүмкіндік ашатын көп құрылысты нарықтық экономикасы бар қалыпты демократиялық қоғам орнатамыз» (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» №1403-XII Заңына қол қойды.

23 маусым

Мемлекет басшысы Шымкент облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында «Қазақиталқаракөл» БК, сондай-ақ ТМД-да алғаш рет «Rank Xerox» корпорациясының көшіру аппараттарын шығаруды жолға қойған «Фараб» Қазақстан-Британия кәсіпорнына барды.

Президент сондай-ақ облыстық консультациялық-диагностикалық орталыққа барды, Келес ауданында XXI партсъезд атындағы кеңшарының егістік алқаптарында болды, Шымкент қаласының жаңа шағын аудандары құрылысының жобасымен танысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» №1405-XII, «Қазақстан

Республикасының Ішкі әскерлері туралы» №1407-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы туралы» №806 Жарлығына қол қойды.

24 маусым

Мемлекет басшысы Шымкент облысына жұмыс сапары барысында облыстық шаруашылықтардың басшылары мен мамандарының, жергілікті әкімдік басшыларының семинар-кеңесіне қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы Түркістан қаласында Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен келешегі талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қойды, сондай-ақ бауырластар арасындағы қантөгісті тоқтатуға, мейірімділік пен төзімділік танытуға, Тәжікстан жерінде бейбітшілік пен тыныштықты қайта орнатуға шақырған «Тәжікстан Республикасының халқына» үндеуін қабылдады.

Мемлекет басшысы «Қазақ КСР сот құрылысы туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1410-XII, «Қазақ КСР Азаматтық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1411-XII, «Қазақ КСР-інің Қылмыстық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1412-XII, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1992 жылғы 17 сәуірдегі қаулысын бекіту туралы» №1416-XII, «Қазақстан Республикасының Патент заңы» №1422-XII заңдарына қол қойды.

25 маусым

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болып, Жамбыл, Свердлов және Луговой аудандарының шаруашылықтарындағы дәнді дақылдар мен қант қызылшасы егістіктерін қарап шықты.

26 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжан Дэгуанды оның өтініші бойынша қабылдады.

Мемлекет басшысы «Шетелдік инвестицияларды пайдаланатын кәсіпорындар Заңның («Қазақ КСР-індегі шетелдік инвестициялар туралы» 1990 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақ КСР Заңына қосымша) 20-шы бабына сәйкес жеңілдіктер ала отырып өндіретін өнімдер мен көрсететін қызметтердің тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1430-XII, «Қазақ КСР Жер кодексіне, «Қазақ КСР жер реформасы туралы», «Қазақ КСР шаруа шаруашылығы туралы» Қазақ КСР заңдарына және «Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1431-XII, «Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта қорына, Халықаралық қайта құру және даму банкісіне, Халықаралық қаржы корпорациясына, Халықаралық даму қауымдастығына, Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігіне және Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа мүшелігі туралы» №1433-XII, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1435-XII, «Көшіп келу туралы» №1437-XII, «Қазақ КСР Еңбек туралы заңдар кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1439-XII, «Қазақ КСР Еңбекпен түзеу кодексінің 56-шы бабына өзгерістер енгізу туралы» №1443-XII, «Қазақ КСР Неке және үйелмен туралы кодексінің 63-ші бабын толықтыру туралы» №1444-XII, «Қазақ КСР кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №1446-XII, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерін өзгерту, толықтыру және күші жойылды деп тану туралы» №1447-XII заңдарына қол қойды.

29 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының пленарлық отырысына қатысып, онда Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің республикадағы экономикалық реформалар барысы, ауыл шаруашылығындағы істің жағдайы және

оны өтпелі кезеңде қолдау шаралары туралы, сондай-ақ «Ауылды, селоны және агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың басымдықтары туралы» Заңның орындалуы туралы есептері бойынша қаулы жобалары бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының 1992 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1451-XII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Шетелдерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №810, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №811, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №812 жарлықтарына қол қойды.

30 маусым


Мемлекет басшысы «Қосылған құнға салынатын салық туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1457-XII, «Қазақстан Республикасы азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1459-XII, «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» Қазақ КСР Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №1461-XII, «Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық туралы» Қазақстан Республикасы Заңына толықтыру енгізу туралы» №1462-XII, «Жер салығы туралы» және «Жол қоры туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1464-XII, «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» №1468-XII, «Тіркелген (ренталық) төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы» №1469-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «1992 жылғы егін орағын, ауыл шаруашылық дақылдары өнімін сақтау мен ұтымды пайдалануды және жемшөп дайындауды қамтамасыз ету жөніндегі төтенше шаралар туралы» №813 Жарлығына қол қойды.

ШІЛДЕ



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



1 шілде



Мемлекет басшысы бірінші тараптан Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті, және екінші тараптан «British Gas» британдық компаниясы мен «Agip KCO» италиялық компаниясы арасында Қарашығанақ кен орнын өнеркәсіптік өңдеу жөніндегі ниеті хаттамасына қол қою рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев «Chevron Corporation» фирмасымен аса ірі келісім-шартқа қол қойылғаннан кейін мұнай бизнесі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін тағы бір маңызды қадам жасалғандығын, бұл инвестициялық саясатымыздың едәуір қарқынды сипатқа ие бола бастағанының айғағы екендігін атап өтті.

Мемлекет басшысы «Тұрғын үй кодексі» №1473-XII Заңына қол қойды.

2 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Президент Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының құрамына кіретін кандидатуралар туралы ұсыныстарын енгізді.

Талқылау мен дауыс беру қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының төрағасы — М.Т. Баймаханов, ал оның орынбасары болып И.И. Рогов сайланды.

Мемлекет басшысы «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» №1488-XII, «Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1491-XII, «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Қазақ КСР Қылмыстық кодексіне, Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1505-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің «Бағаны ырықтандыру жағдайында халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлығына ішінара өзгерістер енгізу туралы №817, «Халықаралық валюта қоры келісімінің баптарын Қазақстан Республикасының қабылдау

құжаты туралы» №818, «Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта қорына мүшелігіне байланысты өкілеттіктер туралы» №819, «Халықаралық валюта қоры келісімінің баптарына өзгерістерді Қазақстан Республикасының қабылдауы туралы» №820, «Халықаралық валюта қорынан Қарыз алып пайдаланудың арнаулы бөлімнің қызметіне Қазақстан Республикасының қатысуы туралы» №821, «Д.Х. Сембаев және Т. Әбдіқадыровты Қазақстан Республикасынан Халықаралық валюта қорының Басқарушылар кеңесіне тағайындау туралы» №822, «Қазақстан Республикасының Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімдер баптарына қабылдау құжаттары туралы» №823, «Қазақстан Республикасының Халықаралық қайта құру және даму банкіне мүше болуына байланысты өкілеттіктер туралы» №824, «Д.Х. Сембаев және Ғ.Б. Байназаровты Қазақстан Республикасының Халықаралық қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіне тағайындау туралы» №825, «Қазақстан Республикасының Халықаралық даму қауымдастығының келісім баптарын қабылдау құжаты туралы» №826, «Қазақстан Республикасының Халықаралық даму қауымдастығына мүшелігіне байланысты өкілеттіктер туралы» №827, «Әскери қызметшілердің және әскери қызметтен босатылған адамдардың әлеуметтік жағынан қорғалуын күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы» №828, «Е.А. Гришенкоға генерал-майор әскери атағын беру туралы» №829, «Р.М. Хадеевке генерал-майор әскери атағын беру туралы №830, «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы ережені бекіту туралы» №831, «Қазақстан Республикасының елшілігі туралы ережені бекіту туралы №832, «Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттерде тіркелген Төтенше және Өкілетті Елшісінің негізгі міндеттері мен құқықтары туралы ережені бекіту туралы» №833, «Т.С. Сүлейменовке Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №834 жарлықтарына қол қойды.

3 шілде

Мемлекет басшысы италиялық «Giornale» газетіне сұхбат беріп, онда Қазақстандағы қоғамдық-саяси ахуалға, этникааралық қатынастар саласына, Қазақстанның ядролық қарусыздану ұстанымдарына қатысты сауалдарға жауап берді.

Мемлекет басшысы Корея Республикасының Сыртқы істер министрі Ли Сан Ок бастаған ресми делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында Ли Сан Ок өз елінің басшылығы Қазақстанның халықаралық қызметін жоғары бағалайтынын атап өтті. Оның пікірінше, екі мемлекет экономикасының өзара толықтырылып отыратын сипаты мемлекеттік желі бойынша ғана емес, сонымен қатар жеке кәсіпкерлік бойынша да ынтымақтастық салаларында жақсы перспективалардың болуына ықпал етеді. Ли Сан Ок Қазақстан басшылығын республикада тұрып жатқан және оның азаматтары болып табылатын корей ұлттарының тұлғаларына қатысты ізгі ниетті саясаты үшін алғысын білдірді.

Мемлекет басшысы «Туризм туралы» №1508-XII, «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» №1510-XII, «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1520-XII, «Қазақ КСР азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақ КСР Заңына толықтырулар енгізу туралы» №1521-XII, «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-ші бабына өзгерістер енгізу туралы» №1522-XII заңдарына қол қойды.

4 шілде

Мемлекет басшысы Целиноград облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Целиноград, Вишневск және Ерментау аудандарының шаруашылықтарына барды, дәнді және азықтық дақылдар егістіктерін қарап шығып, жем-шөп дайындау, егін жинау техникаларын жөндеу, тұрғын үй және әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық нысандарды салудың ұйымдастырылуымен танысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Кеден комитеті мекемелерінің басқарушы құрамының дербес атақтары туралы» №1526-XII, «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты өтпелі кезеңде жер және шаруашылық заңдарының

жекелеген нормаларын қолдану тәртібі туралы» №1530-XII, ««Қазақ КСР Халық депутаттары жергілікті кеңестерінің тұрақты комиссиялары туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1531-XII, «Ұжымдық шарттар туралы» №1541-XII, «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» №1543-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің «Жеке тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй кооперациясын дамытуды жеделдету үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына, кәсіпорындары мен ұйымдарына қосымша жеңілдіктер беру және экономикалық ынталылығын туғызу туралы» 1992 жылғы 10 сәуірдегі №715 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №835, «Кешірім жасау туралы» №836, «Ю.А. Хитринді Қарулы Күштер кадрлар қатарына шақыру туралы» №840, «Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігін құру туралы №843 жарлықтарына қол қойды.

5 шілде

Мемлекет басшысы ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысу үшін Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына келіп, бірден Президент Б.Н. Ельцинмен, сондай-ақ экономикалық сипаттағы мәселелер бойынша кеңес алу үшін бірқатар ғалымдар және мамандармен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев қазақстандық делегация премьер-министрлердің бірінші орынбасарлары деңгейінде ТМД Экономикалық үйлестіру кеңесін құру туралы ұсынысын әкелгенін атап айтты, олардың міндеті Достастық елдерінің экономикаларын жақындастыруға бағытталған іс-шараларды жасап шығару болып табылады.

6 шілде

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммиттің күн тәртібін экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері құрады. Атап айтқанда, ТМД Экономикалық сотының құқықтық мәртебесі туралы, жекелеген мемлекеттердің ұлттық валютаны енгізу жағдайында рубль аймағындағы мемлекеттердің мүдделерін қорғау, мемлекеттік

меншік, мемлекеттік мұрағат, бұрынғы Одақтың қарыздары мен активтері туралы шарттарға қатысты құқықиеленушілік туралы мәселелер талқыланды.

Саммит қорытындысы бойынша бұрынғы КСР Одағының шетелдегі барлық меншігін бөлу туралы келісімге қол қойылды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды.

ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

8 шілде

Мемлекет басшысы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің (ЕҚЫК) саммитіне қатысу үшін Финляндия Республикасының астанасы Хельсинки қаласына келісімен, Финляндия Президенті М. Койвистомен кездесті.

Әңгімелесу барысында ЕҚЫК перспективалары, жалпыеуропалық үдерісті Азия құрлығына одан әрі тарату мүмкіндіктері талқыланды. Бұл ретте, М. Койвисто Н.Ә. Назарбаевтың Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесін (АӨСШК) шақыру бойынша бастамасы туралы жоғары пікір білдірді.



Сол күні Мемлекет басшысы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің Қорытынды актісіне қол қою рәсіміне қатысты. Бұл Қазақстанға осы ұйымның толыққанды мүшесі мәртебесін берді.

Қазақстанмен қатар ЕҚЫК-тің жаңа мүшелері болып Әзірбайжан, Армения, Босния мен Герцеговина, Грузия, Қырғызстан, Словения, Түрікменстан, Хорватия енді.

Рәсімнің соңында Финляндия Президенті М. Койвисто: «Қатысушы мемлекеттердің қабылдаған

құндылықтары, принциптері мен міндеттемелері үнқатысуды жедел саяси өзгерістер жағдайында да жалғастыруға мүмкіндік береді. Оның негізгі мақсаттары қақтығыстарды болдырмау және олардың себептерін жою, адам құқықтарын қорғау, демократия және құқықтық мемлекет принциптерін сақтау болып табылады. Соңғы жылдар ішінде ЕҚЫК-ке қатысушы елдердің саны 34-тен 52-ге дейін өсті. Бұл ретте, ЕҚЫК сандық қатынаста ғана өсіп қоймай, адами қатынастар және мәдени құндылықтармен де баи түсті», — деп мәлімдеді.

9 шілде

Мемлекет басшысы Финляндия Республикасының астанасы Хельсинки қаласында өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің I пленарлық отырысына төрағалық етті.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Темір шымылдықты» талқандай отырып, біз жауыздық пен күдіктің кезеңінен өткендей едік. Алайда, әлемді қазіргі таңда да қауіпсіз дей алмайтынымыз өкінішті. Өйткені жаһандық текетірестің орнына шағын ұшқыннан алапат өртке айналып кетуі мүмкін аймақтық жанжалдар келді.

Өзінің декорацияларын айтарлықтай ауыстыратын геосаяси сахна барша әлемдік қоғамдастықтың ықтиятты режиссурасын талап етеді. Ол демократия, өзара құрмет, адам құқығының асқақтығы, заңдылық пен құқық тәртібі сияқты жалпыға танылған құндылықтар жүйесіне неғұрлым көптеген мемлекеттерді тарту үшін керек.

Қазір біз Хельсинки үдерісінің аясын Еуропадан Азия құрылығына көшіре отырып, маңызды қадам жасаудамыз. Егер де бұрын осы мінберден тек Ванкуверден Владивостокқа дейінгі бірыңғай кеңістік туралы ғана әңгіме қозғалса, ендігі жерде ондай сөйлем құрылымына өмірдің өзі қажетті өзгерістер енгізуде. Ол әлемге деген көзқарас координаттары жүйесіне «Батыс-Шығыс» және «Солтүстік-Оңтүстік» біліктерін бір бүтін ретінде қосып отыр.

...Бұл бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі көп салалы ынтымақтастықты кеңейтуге, саяси ахуалды тұрақтандыруға, аймақтық жанжалдарды болдырмау мен реттеуге бағытталған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) бола алар еді. Ашғабадта өткен мамыр

кездесуіндегі Қазақстан бастамасын қазірдің өзінде Иран, Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан, Пәкстан және Өзбекстанның қолдап отырғаны белгілі.

ЕҚЫК-нің биік мінберінен мен біздің республиканың осынау үдерісті өрістету және нәтижесінде Алматыны Азияның Хельсинкиіне айналдыру жөніндегі саяси күш-жігерді өз мойнына алуға әзір екенін қуаттаймын.

...Ол табысты жұмыс істеген жағдайда, АӨСШК діни факторға қарамастан, Азиядағы барлық ұлттық, аймақтық және халықаралық ұйымдарды ЕҚЫК үлгісіндегі бірыңғай құрылымға біріктіру үшін негіз бола алар еді.

Еуразия құрлығындағы өзара іс-қимылдың өркениетті, демократиялық және адамгершілік нысандарын ұйымдастырудағы келесі қадам ЕҚЫК пен Азиядағы сондай ұйымның тұрақты қарым-қатынасы болар еді. Олар бірлескен және жалпы үйлестіруші құрылымдардың бастамаларын іске асыруға көшер еді. Сөйтіп, таяудағы болашақта біз Еуразиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі бірыңғай кеңес құру туралы айта алар едік», — деп атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Мемлекет басшысы ЕҚЫК саммитінің жұмысы аясында Франция Республикасының Президенті Ф. Миттеранмен, Испания Корольдігі Үкіметінің төрағасы Ф. Гонсалеспен, Швейцария Конфедерациясының вице-президенті, Көлік, коммуникация және энергетика министрі А. Огимен екіжақты кездесулер өткізді.



10 шілде

Мемлекет басшысы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің саммитіне қатысуына байланысты Финляндия Республикасында болған кезінде Германия Федеративтік Республикасының Федералды канцлері Г. Кольмен, Румынияның Президенті И. Илиескумен, Түркия Республикасының Премьер-министрі С. Демирельмен және Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкермен екіжақты кездесулер өткізді.

13 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін Қазақстан

Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті етіп қайта құру туралы» №844, «Б.Ә. Баекеновті Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №845, «Ю.А. Хитрин туралы» №846, «Ю.А. Хитринге юстиция генерал-лейтенанты әскери атағын беру туралы» №847 жарлықтарына қол қойды.

14 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан облыстары, Алматы және Ленинск қалалары әкімдіктері басшыларының, мемлекеттік концерндердің жетекшілерінің қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің кеңейтілген отырысына төрағалық етті.

Отырыста халық шаруашылығы жұмыстарының қорытындылары және бірінші жартыжылдықтағы республикалық бюджеттің орындалуы, 1992 жылдың екінші жартыжылдығында экономиканы тұрақтандыру бойынша шаралар туралы мәселелер қаралды. Сондай-ақ нарыққа өту жағдайында денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру бойынша кезек күттірмейтін шаралар анықталды.


15 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлерінде Әскери кеңес құру туралы» №848, «Ж.А. Тұяқбаевқа 1-ші сыныпты Мемлекеттік заң кеңесшісі сыныптық шенін беру туралы» №849, «Х.Д. Дриллер туралы» №850, «Қ. Абдоллаев туралы» №852 жарлықтарына қол қойды.

16–31 шілде

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

ТАМЫЗ



Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	



3 тамыз

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының астанасы Анкара қаласында өткен Түркия Республикасының ТМД елдерімен іскерлік ынтымақтастығы кеңесінің отырысына қатысты.

Отырыста сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев текстиль, тері, ет өнімдерін өңдеу өндірістері бойынша Қазақстан-Түркия бірлескен кәсіпорнын құруды ұсынды және Қазақстанның шикізаты бар екендігін, енді оған жаңа технологиялар қажеттігін атап айтты.

Өз тарапынан Түркия Республикасының Президенті Т. Озал орталықазиялық республикаларға қаражат салу ниеті бар бизнесмендерге жеңілдіктер ұсыну қажеттігі туралы сөз сөйледі.

4 тамыз

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының ТМД елдерімен іскерлік ынтымақтастығы кеңесінің отырысына қатысуына байланысты Түркия Республикасында болған кезінде Түркия Премьер-министрі С. Демирельмен бірге Түркияның батысында орналасқан Бурса қаласының ірі өнеркәсіп орталығындағы бірқатар кәсіпорындарды аралады.

7 тамыз

Мемлекет басшысы жапониялық парламентарийлер делегациясын қабылдады.

Әңгіме барысында екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелері, соның ішінде Семей ядролық полигоны мен Арал маңы проблемаларын шешу проблемалары талқыланды.

8 тамыз



Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, Кеген, Нарынқол және Үйғыр аудандарына барды және дала жұмыстарының барысымен, еңбек жағдайымен және малшылардың тұрмысымен танысты.

10 тамыз

Мемлекет басшысы Қызыл крест және Қызыл жарты ай қоғамдары халықаралық федерациясының бас хатшысы М. Стенбекті қабылдады.

Президент ұйымның Қазақстанға көрсетіп отырған қайырымдылық көмегі үшін алғысын білдірді. Арал теңізінің проблемаларына қатысты, Н.Ә. Назарбаев оның құрып кетуінен туындаған экологиялық

зардаптар жаһандық сипатқа ие екендігін, сондықтан Қазақстан апатты жоюға мүдделі мемлекеттер басшыларының тиісінше конференциясын өткізу бастамасын көтергендігін атап айтты.

11 тамыз



Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Мұнай министрі Г. Агазаде бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында отын-энергетикалық саладағы екіжақты байланыстарды дамыту мәселелері қаралды.

12 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстанның зияткерлік күштерін шоғырландыру, реформаторлық бағытты іске асырудың тиімді жолдарын іздеу, қоғамдық-саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету мақсатында құрылған өз жанындағы Консультативтік кеңестің бірінші отырысына төрағалық етті.

14 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға өзінің жеке шақыруы бойынша келген Нью-Йорк қаласындағы АҚШ Федералды резервтік банкінің президенті Дж. Корригенді қабылдады.

Кездесу барысында нарықтық экономика жағдайында банк жүйесінің қызмет етуі мен жауапкершілігі мәселелері талқыланды.

18 тамыз

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, Қарашығанақ газконденсатты кен орнына барды, сондай-ақ Теректі ауданында астық жинау барысымен, бірқатар картоп, қызылша, мал шаруашылықтары ұжымдарының және шаруа қожалықтарының жұмыстарымен танысты.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №860, «Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы» №862, «Генерал-лейтенант Е.Н. Неверовскийді Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің қолбасшысы — Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №863, «Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» №864 жарлықтарына қол қойды.

19 тамыз

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Орал қаласында Башқұртстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы М.Г. Рахимовпен және Татарстан Республикасының Президенті М.Ш. Шаймиевпен кездесті.

Кездесу барысында өзара тиімді ынтымақтастық пен өзара көмек көрсетудің жолдары мен бағыттары туралы пікір алмасу өтті. Тараптар қарым-қатынасты дамытуға ниет білдіріп, ортақ экономикалық кеңістікті сақтау мәселелері бойынша көзқарастарының сәйкестігін атап өтті, Президент Н.Ә. Назарбаевтың интеграциялық үдерістерді күшейту жөніндегі бастамасын қолдады.

Тараптар экономикалық қызметке қатысушылар арасындағы тікелей ынтымақтастықты көтермелеу, мәдениет, өнер, білім және ақпарат, ғылым мен техника салаларындағы алмасуды дамыту үшін пікірлерін білдірді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Бірлескен коммюнике, сондай-ақ Кавказ маңындағы оқиғаларға байланысты Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

20 тамыз



Мемлекет басшысы Ақтөбе облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Ақтөбе, Комсомол, Новороссийск, Октябрь, Ленин аудандарының шаруашылықтарына барып, астық жинау науқанының барысымен танысты.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев облыстық тәжірибелік ауыл шаруашылығы стансасына барып, дәнді дақылдардың жаңа ауылшаруашылық сұрыптарын шығару бойынша жұмыстар туралы ақпаратын тыңдады.

Күн соңында Мемлекет басшысы Хромтау қаласына барып, Дөң тау-кен байыту комбинатының салынып жатқан нысандарын қарап шықты.

Мемлекет басшысы Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаевқа жер сілкінісі нәтижесінде адамдардың қайғылы қазаға және зор шығындарға ұшырауына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Сізден Қазақстан Республикасы үкіметі мен халқының атынан қаза болғандардың туған туыстарына, сондай-ақ республиканың жапа шеккен тұрғындарына көңіл айтуымыз бен қайғыларына ортақтығымызды қабылдап, жеткізуіңізді сұраймын», — делінген жеделхатта.

21 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Франция Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Б. Фессара де Фуконы қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан Президентінің Францияға 1992 жылғы 23-25 қыркүйектегі ресми сапары және оның Франция Республикасының 200 жылдығын тойлауға қатысуы егжей-тегжейлі талқыланды.

23 тамыз

Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасының Президенті А.Г. Эльчибеймен және Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросянмен телефон арқылы сөйлесіп, Таулы Қарабақ айналасындағы кейбір аспектілерді талқылады.

Н.Ә. Назарбаев екі көршілес мемлекеттер арасындағы әскери қақтығыстарды жедел тоқтату қажеттігі туралы пікірін білдірді және жанжалдасушы тараптарды шұғыл түрде Қазақстан арқылы келіссөздерге кірісуге шақырды.

24 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстандағы істің жай-күйіне баға беруге арналған өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің республикалық кеңесіне қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев «республиканың одан әрі дамуы тек екі бағытта ғана: реформаны жедел ілгерілете отырып және мемлекеттік меншіктің кемінде 30–40% жекешелендіре отырып алға басу немесе бұрынғы әкімшіл-әміршіл жүйеге қайта оралу бағыттарында ғана мүмкін болатынын» атап айтты.

25 тамыз

Мемлекет басшысы «Әскери ант туралы» №870 Жарлығына қол қойды.

27 тамыз

Мемлекет басшысы Таулы Қарабақ айналасындағы шиеленісті реттеу мәселелері бойынша келіссөздерге қатысушылар — Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы және Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлерін қабылдады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев қақтығыстың айыптылары мен кінәсіздерін табу мүмкін емес екенін және оны тоқтатудың нақты жолдарын қарастырудың маңыздырақ екендігін атап айтты.

Әзірбайжан мен Армения өкілдері Қазақстан Президентінің қарулы қақтығысты тоқтату құралдары

мен тетіктерін жасау және қақтығысты реттеуге тиімді бақылау орнату үшін үшжақты сарапшылардың жұмыс тобын құру туралы бастамасын қолдады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Әзірбайжан мен Арменияның әскери қимылдарды 1992 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тоқтатуға дайын екені расталған меморандум қабылданды, сондай-ақ Қазақстан, Әзірбайжан, Армения президенттерінің кездесуі және соған қажетті құжаттар пакетін дайындау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Мемлекет басшысы «С.Б. Тоқпақбаевқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №876, «Т. Нұрахметовке генерал-майор әскери атағын беру туралы» №877, «Н.Х. Тілемісовке кедендік қызметтің II дәрежелі Мемлекеттік кеңесшісі дербес атағын беру туралы» №878, «В.В. Шклярға кедендік қызметтің III дәрежелі Мемлекеттік кеңесшісі дербес атағын беру туралы» №879, «Бір топ өндіріс озаттарын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №880, «Прокуратура органдары қызметкерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №881, «П.Н. Андрейконы, В.Л. Ивановты, В.М. Моргулевті Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №882, «Ұ.Б. Баялышеваны Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №883, «Жазушылар мен ақындардың бір тобына «Қазақстан Республикасының халық жазушысы» құрметті атағын беру туралы» №884, «А.О. Жамаловқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №885, «Н.К. Бабенкоға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген байланыс қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №886, «Ф.Ф. Сандтке «Қазақстан Республикасының өнертапқышы және рационализаторы» құрметті атағын беру туралы» №887, «Қ. Бітібаеваға, Ә.С. Смағұловқа, Ғ.Г. Тамендаровқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №888, «С.Ә. Айсағалиевқа, С. Сартаевқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №889, «М.Г. Борисовке, А.А. Крюковке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №890, «Р. Бердібаевқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері»

құрметті атағын беру туралы» №891, «М. Рүстемовке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №892, «Е.А. Сергебаевқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №893, «М. Әбішевке, Е.Б. Асылғазиновқа, Қ.Қ. Бекбосыновқа, Ә. Еңкебаевқа, Қ.А. Шойынбаевқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №894, «Н.Б. Әлмырзаевқа, А. Қапсұлтановқа, Б.С. Хасеновке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген юрисі» құрметті атағын беру туралы» №895, «В.А. Андреевке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №896, «Б.С. Зәкиевке генерал-майор әскери атағын беру туралы» №897 жарлықтарына қол қойды.

31 тамыз

Мемлекет басшысы жетекші ресейлік басылымдардың бас редакторлары теледидар клубының I жылжымалы отырысына қатысты.

Бұқаралық ақпарат құралдарын «Известия», «Труд», «Комсомольская правда», «Литературная газета», «Московские новости» газеттерінің, сондай-ақ қазақстандық «Егеменді Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің бас редакторлары өкілдік етті.

Тілшілердің сұрақтарына жауап бере отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Қазір, екі жол бар дейді: не реформалар жолымен алға ілгерілеу, не болмаса әміршілдік экономикаға қайтып оралу. Бұл жердегі шындық ойланып-толғанбай, нақты таңдау жасау қажеттігінде жатыр. Менің ойымша, тек қана алға — жекешелендіру мен реформаларды тереңдету жолымен жылдамдатып жүруге ұмтылу қажет», — деп атап өтті.

Кездесу соңында Президент «Егеменді Қазақстан» газетінің бас редакторы Ш. Мұртазаға 60 жасқа толуына орай құттықтау хатын табыс етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы әуе көлігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» №899, «Қазақстан Республикасындағы Үкіметтік байланыс әскерлері туралы» №902 жарлықтарына қол қойды.

ҚЫРКҮЙЕК



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 қыркүйек

Мемлекет басшысы Торғай облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында бірқатар шаруашылықтарға барды, сондай-ақ Жангелді ауданының Торғай ауылындағы жаңа мешіттің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде Президент барлық діндер адамдарды мейірімділікке, адами қасиеттерді жетілдіруге үйрететінін, қоғамда руханилық мен мәдениеттің дамуына жәрдемдесетінін айтты. «Дін өзінің уағыздаушылары мен дін қызметкерлері арқылы мемлекеттің ішкі және сыртқы өміріне игі әсерін бере алады. Алайда, бұл ретте, рухани-діни саланы радикалдауға үзілді-кесілді жол беруге болмайды, діни белгілері бойынша қарама-қарсылық білдірудің барлық фактілерін батыл жою қажет», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев.

3 қыркүйек

Мемлекет басшысы Армения мен Әзірбайжанның арасындағы әскери қимылдардың 1992 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тоқтатылуына байланысты баспасөз құралдарында мәлімдеме жасады.

Қазақстан Президенті президенттер А.Г. Эльчибей мен Л.А. Тер-Петросянның батыл шешімдерін қолдай отырып, Қазақстан астанасында өткізіле алатын үш мемлекет президенттерінің кездесуіне қажетті тиісті құжаттарды дайындау мақсатындағы үшжақты жұмыс тобының отырысын кідіріссіз өткізуді ұсынды.

«Бұл ұзаққа созылған қақтығысты бейбіт жолмен реттеуге жол ашатын алғашқы, ең қиын қадам.

27 тамызда Алматы қаласында өткен Армения, Әзірбайжан және Қазақстан республикаларының сыртқы істер министрлерінің кездесуінде қол жеткізілген уағдаластықтар іс жүзінде іске асырыла бастады.

...Енді осы әлі де осал әлемді нығайту және әскери қимылдарды тоқтатудың шарттарын сақтауға бақылау жүргізудің тетіктері мен құралдарын жасауға кідіріссіз кірісу өте маңызды», — делінген мәлімдемеде.

4 қыркүйек

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасы Ішкі істер министрлігінің парламенттік статс-хатшысы Г. Ваффеншмидтті қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан Президентінің ГФР алдағы сапарының мәселелері, сондай-ақ Қазақстанда тұрып жатқан немістердің проблемалары талқыланды. Н.Ә. Назарбаев республика басшылығымен бұдан бұрын айтылған мәселелерді шешудің бірлескен тәсілдерін ойластыру қажеттігі туралы ұстанымын қолдайтынын растады және Қазақстандағы германиялық бизнесті кеңейтудің мақсаттылығын атап көрсетті.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында 1992 жылғы 9 қазанда Қырғызстан Республикасының астанасы Бішкек қаласында өтетін ТМД Мемлекет басшылары кеңесі отырысының күн тәртібі бойынша пікір алмасу болып өтті.

Кездесу соңында мемлекет басшылары Алма-Ата қаласындағы Іскерлік ынтымақтастық орталығы ұйымдастырған «Қарқара-92» халықаралық көрмесін тамашалады.

Баспасөз бетінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың, Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельциннің, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовтың және Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаевтың Тәжікстандағы азаматтық соғыстың ушығуына байланысты бірлескен мәлімдемесі жарияланды.

Мәлімдемеде Тәжікстандағы азаматтық соғыстың ушығуына алаңдаушылық білдіріліп, ТМД оңтүстік шекараларының мызғымайтындығы туралы қатаң ұстанымы жайында жазылған.

5 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанда жұмыс сапарымен жүрген Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен бірге Алматы облысының Жамбыл ауданында «Желтоқсан жаңғырығы» қоғамдық қорының бастамасымен Алматы қаласында өткен 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына арналған «Ар-намысым, қасіретім, мақтанышым — Желтоқсан» ұранымен өткен қазақ және қырғыз жастарының кездесуіне қатысты.

Сөз сөйлеген екі республика басшыларының пікірінше, сол күндердің оқиғалары империялық орталықтың өктемдігіне жасалған алғашқы соққы, Қазақстанда ғана емес, бұрынғы КСРО кеңістігіндегі демократиялық жаңғыртулардың алғашқы жаршысы болды.

«Бұл оқиғалар кезінде қырғыз халқы біздегі ахуалды дұрыс түсініп, қазақ бауырларына шынайы ынтымақтастығын көрсетті.

Егемендік алған біздің республикаларда кінәсіз құрбандар ақталып шығарылды. Бұдан былай 17 желтоқсан Қазақстанда Демократиялық жаңару күні болып аталып өтілетін болады. Алматы қаласында «Желтоқсан жаңғырығы» қоғамдық қорына түсетін халық қаражатына сол оқиғаларға қатысушылардың құрметіне арнап ескерткіш орнатылатын болады.

Олар біздің барлығымызға үлгі боларлық сабақ берді. Ұлттық мәселелерге немқұрайлы қараудың соңы ылғи да ауыр салдарымен байқалады. Таулы Қарабақ айналасында ұзаққа созылған қақтығыс, соңғы кездері Тәжікстанда орын алған күрделі жағдай соның жарқын дәлелі. Біз бауырлас Қырғызстанмен біріге отырып, ондай шиеленісті жерлердің жабылып, халықтардың достық және өзара қолдау дәстүрлері салтанат құруы үшін ұмтылудамыз. Бүгін өткізіліп отырған республикалар жастарының кездесуі үлкен мәнге ие, себебі достықты нығайтып, жас тәуелсіз мемлекеттердің болашағын құру — сол жастардың қолында», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев.

6 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің кубогына теннистен I Халықаралық турнирдің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

7 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында «Қостанай» іскерлік ынтымақтастық қауымдастығына, Қостанай дизельді қозғалтқыштар зауытына, сондай-ақ Қостанай ауданының бірқатар кеңшарларына барды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 10 сәуірдегі №715 және 1992 жылғы 4 шілдедегі №835 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» №905 Жарлығына қол қойды.

8 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапары барысында Семиозерный, Ленин, Федоров аудандарының бірқатар кеңшарларына барып, астық жинау науқанының барысымен, диқандардың тұрмыс-тіршілігімен танысты және механизаторлармен, шаруашылықтардың мамандары және басшыларымен кездесті.

9 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болып, «Қарашалғын», «Красный флаг», «Армавирский» кеңшарларының егістік алқаптарын аралады, Қорғалжын ауылының тұрғындарымен кездесті, Қорғалжын мемлекеттік қорығына барды.

10 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ақмола облысына жұмыс сапары барысында Степногорск қаласында болып, алтын мен алмаз өндірісін жолға қойған Целинный тау-химия комбинатына, «Биомедпрепарат» ғылыми-өндірістік кешеніне және №16 мемлекеттік мойынтірек зауытына барды.

11 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға агроөнеркәсіптік кешен жүйесіндегі халықаралық ғылыми және экономикалық байланыстарды дамыту мәселелері жөніндегі симпозиумға қатысу үшін келген ТМД бірқатар аграрлық академияларының басшыларын қабылдады.

Кездесу барысында Президент КСРО-ның бұрынғы республикаларында жалғасып жатқан өндірістің құлдырауы, экономикалық дағдарыс бұзылған халық шаруашылығы байланыстарын қалпына келтіру қажеттігін барған сайын дәлелдей түсіп отырғанын атап айтты. «Қазақстан бірыңғай экономикалық және қаржылай-кредиттік кеңістікті сақтап қалуды қолдайды, алайда ол өз мүмкіндіктерін толықтай пайдаланып болған Одақты қайтадан қалпына келтіруге тырысу жолы емес. Біздің республика ТМД мүшелерінің толық егемендігін жақтап келді, жақтайды және жақтай береді де», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы экологиялық жобаларды жасап, жүзеге асырумен айналысатын «Tachibana Trading

Co Ltd.» жапониялық компаниясының президенті Т. Хаясиді қабылдады.

Кездесуде Арал проблемасы бойынша халықаралық ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Осыған байланысты жапондық тарап компанияның Ата қаласында өз өкілдігін ашқанын және өз қаражаты есебінен Арал маңындағы 10 елді мекенді сумен жабдықтауды ұйымдастыруға міндеттенетінін хабарлады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының жауынгерлерімен кездесті.

Кездесу барысында Президент ұландықтардың тұрмыс жағдайлары, оқуларымен танысты және ұлттық әскери құрылымдар құрылысының барысына қанағаттанарлық сезімін білдірді.

«Сіздер — жас егеменді республиканың бірінші ұландарысыздар. Мемлекетіміздің қонақтарын сіздер қарсы алып, олардың қауіпсіздігін күзетесіздер. Өздеріңізге жүктелген міндеттерді шешуде әрқашан да биіктен көрінетіндеріңізге сенімдімін. Бейбіт заманда мықты денсаулық және жақсы әскери оқу тілеймін. Президент ретінде республикада тұрақтылық пен тыныштық орнап, ТМД халықтарының арасында достық пен өзара тиімді ынтымақтастық нығая түсуі үшін қолдан келгеннің барлығын жасаймын», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан облыстарының, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдіктері басшыларымен, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті мүшелерімен, концерндері мен банктерінің басшыларымен кеңес өткізді.

Кеңесте 1992–1993 жылдары халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің жай-күйі мен шаралары талқыланды. Бұл ретте дәнді-дақылдарды, картоп, көкөністер мен басқа да ауылшаруашылық дақылдарын жинауға, сондай-ақ нан өнімдері мен концентрацияланған жем-шөп бағасының жасалуына ерекше назар аударылды.

Президент астықты ұйымдасқан түрде жинаумен және агроөнеркәсіптік кешеннің материалдық-техникалық қамсыздандырылуымен байланысты нақты тапсырмалар берді.

14 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлері одағының I съезіне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Экономиканы ырықтандыру мен қаржы тұрақтылығы экономикадағы институттық өзгерістер мен құрылымдық қайта құрудың одан арғы қажетті шарттары болып табылады.

...Егер экономикалық реформаны жүзеге асыруда табысқа жетуді ойласақ, жаңа ұйымдасқан күшіміз болуы керек. Біздің осындай өзгерістерді жасауға қабілетті шаруашылық әлеуметтік, саяси қатынастардың жүйелі үлгісіне тұрақты негіз ретінде сүйене алуымыз керек.

Мұндай күштердің пайда болуын өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер Одағының құрылуымен байланыстырамын», — деп атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

15 қыркүйек

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Иран Ислам Республикасының елшісі Р. Исламиден, Америка Құрама Штаттарының елшісі У. Кортниден, Ресей Федерациясындағы және Қазақстан Республикасындағы елші қызметін қоса атқарып жүрген Канаданың елшісі М.Р. Бэлден сенім грамоталарын қабылдады.



Мемлекет басшысы ТМД Біріккен Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы, авиация маршалы Е.И. Шапошниковты қабылдады. Ол Президентке ТМД Біріккен Қарулы Күштерінің эмблемасын табыс етті.

16 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанға үкіметтік делегацияны басқарып келген Беларусь Республикасы Министрлер кеңесінің төрағасы В. Кебичті қабылдады.

Келіссөздер барысында өзара қызығушылық тудырған кең ауқымды мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, достық қатынастарға қарқындылық беру, қалыптасқан интеграциялық үдерістерді нығайту, нарықтық қатынастардың қалыптасуы үшін ең жақсы жағдайларды жасау қажеттігі атап өтілді. Екі

республиканың да салық салу мен қаржы айналымы саласында үйлесімді саясат жүргізуге, экономикалық және мәдени байланыстарды тереңдету мен дамыту үшін ең жақсы жағдайлар жасауға жәрдемдесуге деген ынтасы расталды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнату туралы хаттамаға, сондай-ақ мемлекетаралық шаруашылық құрылымдарын құру, мемлекетаралық өнім алмасу бағаларының құрылуы, көлік және байланыс саласы, сауда-экономикалық ынтымақтастық, салық саясаты принциптері туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №907 Жарлығына қол қойды.

17 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстанда тұратын неміс халқының өкілдерін қабылдады.

Әңгімелесу кезінде Президент республикамыз қазақстандық немістер өздері сіңісіп кеткен жерін тастап кетпеуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасап жатқандығын айтты. «Отандастарымыздың әрқайсысы сөзсіз құқылы болып табылатын ГФР-ге көшіп кетулері республика үшін орны толмас шығын», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев, және Германияға сапары кезінде бірлескен шешімі осы еңбексүйгіш халық өкілдерінің жаңа отанда біржола тұрақтап қалуына ықпал ететін мәселелерді көтеретінін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Д. Дәубековке милиция генерал-майоры арнаулы әскери атағын беру туралы» №916 Жарлығына қол қойды.

18 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Шетелдерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №919, «Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясын құру туралы» №920, «Ө.Қ. Болсамбековке милиция генерал-майоры арнаулы әскери атағын беру туралы» №927 жарлықтарына қол қойды.

19 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Президент Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында 1992 жылғы 25 мамырда қол қойылған Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы достық, ынтымақтастық пен өзара көмек туралы шартына сәйкес екі мемлекеттің саяси, экономикалық және әскери салалардағы ерекше қатынастарын одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Тараптар сондай-ақ Тәжікстандағы ахуалды талқылап, Ташкент қаласында қол қойылған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа сәйкес осы шартқа қол қойған мемлекеттер шекараларының мызғымастығын сақтап қалуға дайындығын білдіре отырып, әрекет ету ниеттерін растады.

20 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында Ресей немістері мемлекетаралық одағының және бұрынғы КСРО немістерінің «Возрождение» қоғамының басшыларын қабылдады.

Президент Қазақстанда неміс диаспорасының өкілдері ештеңеден де таршылық көрмеуі үшін барлық жағдайлар жасалатынын атап өтті және өзінің басталып отырған Германияға сапарын ол неміс ұлтты отандастарының игілігі үшін барынша пайдалы етіп өткізуді мақсат етіп отырғанын айтты. «Қалыптасқан алғышарттарға сәйкес ГФР мен Қазақстан өз күш-жігерін үйлестіре отырып, мәдениет пен тілге қатысты, Қазақстанда тұратын неміс ұлтты тұрғындардың басқа да ұлттық қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты көптеген мәселелерді дұрыс шеше алатынына сенімді болуға болады», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев.

21 қыркүйек

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасында ресми сапармен болып, Бонн қаласында ГФР Федералды Президенті Р. фон Вайцзеккермен, ГФР Экономика министрі Ю. Меллеманмен, ХДО/ХӘО парламенттік фракциясы төрағасының бірінші орынбасары В. Бечпен, «Deutsche Bank» басқармасының мүшесі Г. Круппен кездесті.



Келіссөздердің өзекті тақырыптарының бірі Қазақстандағы немістердің жағдайы туралы болды. Әңгімелесу қорытындысы екі жақ та неміс ұлтты азаматтардың өздері туып-өскен екінші отанында қалуына мүдделі екенін көрсетті.

Сол күні Мемлекет басшысы «Siemens AG» концернінің басқарма мүшесі П. фон Сименспен екіжақты кездесу өткізіп, оның барысында экономиканың металлургия, машина жасау, отын-энергетикалық салаларындағы ынтымақтастықты дамыту туралы әңгіме өрбіді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша «Siemens AG» концернімен заманауи медициналық құрал-жабдықтарды, телекоммуникация құралдарын шығаратын кәсіпорындардың, сондай-ақ газбен жұмыс істейтін электр стансаларының құрылысы туралы Бас келісімге қол қойылды.

22 қыркүйек

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасына ресми сапары барысында ГФР Федералды канцлері Г. Кольмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында мемлекеттік институттар мен жеке меншік компаниялардың Қазақстан экономикасын жаңғырту үдерісіне іс жүзінде қатысуының тетіктері қаралды.

Канцлер Г. Коль Қазақстанда терең экономикалық және саяси жаңғыртулар үдерісі өріс ала бастағанын атап өтті, республика жеке меншік бастамалар мен нарықтық экономиканы дамыту жолына түсті. «Германия және оның батыстағы серіктестері Қазақстанға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын», — деп атап көрсетті Г. Коль.

Өз тарапынан Н.Ә. Назарбаев өзінің Германияға сапары екі мемлекет арасындағы кең ауқымды ынтымақтастықтың дамуына үлкен серпін беретініне және оны толыққанды тәжірибелік мазмұнмен толтыратынына үміттенетінін мәлімдеді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас негіздері туралы бірлескен мәлімдемеге, Экономика, өнеркәсіп, ғылым және техника салаларындағы кең ауқымды ынтымақтастықты дамыту туралы шартқа, Капитал салуды көтермелеу мен өзара қорғау туралы шартқа және т.б. қол қойылды.

Мемлекет басшысы ГФР Аумақтарды және қала құрылысын реттеу федералды министрі И. Шветцермен, Бундестагтағы ГӘДП фракциясының төрағасы Х.-У. Клоземенен, Федералды министр жанындағы Экономикалық ынтымақтастық мәселелер жөніндегі парламенттік статс-хатшысы Х.-П. Репникпен екіжақты кездесулер өткізді.

Сол күні Мемлекет басшысы Неміс сыртқы саясатының қоғамымен және Германия экономикасы шығыс комитетімен ұйымдастырылған Германия іскерлік топтарының өкілдерімен кездесуге қатысты.

Неміс бизнесмендері алдында сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті оларды кеңінен ынтымақтастық жасауға шақырды. «Біз сіздерге қол жайып барып, өз пайдамызды күйттеп отырған жоқпыз, керісінше, сіздерді өзара тиімді әрі теңқұқылы серіктестікке шақырамыз», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев.

Күн соңында Мемлекет басшысы Германиядағы қазақ диаспорасы өкілдерімен кездесті.

23 қыркүйек

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасына ресми сапары барысында Баден-Вюртемберг жерінің астанасы Штутгарт қаласында болды және «Daimler-Benz AG» автомобиль жасау концерніне барып, оның басшылығымен кездесті.

«Daimler-Benz AG» концерні басқармасының төрағасы Э. Ройтермен кездесуде жоғары технологиялар, электротехника, ғарыш кеңістігін игеру салаларындағы ынтымақтастық туралы сөз болды.

«Daimler-Benz AG» концернінің еншілес компаниясы болып табылатын «Mercedes-Benz AG» басқармасының төрағасы В. Нифермен келіссөздер барысында Алма-Ата қаласында «Mercedes» маркалы автобустарды жинау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Мемлекет басшысы Баден-Вюртемберг жерінің Премьер-министрі Э. Тойфельмен кездесіп, онымен Қазақстан өңірлері мен Баден-Вюртемберг жері ара-

сында тікелей байланыстар орнату мүмкіндіктері туралы пікір алмасты.

Сол күні Мемлекет басшысы Франция Республикасына ресми сапармен барып, осы елдің астанасы Париж қаласында Президент Ф. Миттеранмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастық мәселесінің барлық кешені бойынша пікір алмасу болып өтті.

Президент Ф. Миттеран Францияның Қазақстанды Орталық Азиядағы тұрақтылықтың аса маңызды факторы, келешекте әлемнің осы өңірінде маңызды рөлге ие болатын ел ретінде қарастыратынын мәлімдеді. Ф. Миттеран одан әрі: «Франция үшін Ресей, Қытай және мұсылман әлемінің жолайырығында орналасқан Қазақстан маңызды серіктес болып табылады», — деп атап көрсетті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Франция Республикасы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы шартқа, Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясына, Экономикалық ынтымақтастық туралы хаттамаға және т.б. қол қойылды.

24 қыркүйек

Мемлекет басшысы Франция Республикасына ресми сапары барысында Париж қаласының мэриясына барды.

Франция астанасының мэрі Ж. Ширак өз мейманын қарсы ала отырып, Қазақстан басшылығының саясаты туралы оң пікірін білдіре келіп, оның негізінде республиканың кең байтақ жерінде тұрып жатқан барлық ұлттарға деген төзімділік пен құрмет сезімі жатқандығын атап өтті. Ж. Ширак Франция мен Қазақстан, Еуразиялық құрлықтың екі ең маңызды полюстері — Еуропа мен Орталық Азия арасындағы байланыстардың маңыздылығын атап айтты.

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Премьер-министрі П. Береговуамен кездесті.

Келіссөздер барысында Инвестицияларды өзара қорғау туралы келісімге қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Франция кәсіпкерлерінің ұлттық кеңесінде француялық іскер топ өкілдерімен кездесті.

Кеңес төрағасы Ф. Периго құттықтау сөзінде Франция Қазақстанның негізгі серіктестерінің бірі болғысы келетінін айтты. Оның пікірінше, қазақстандықтар екі негізгі «көзірге» ие: оларды ықтимал байлыққа апаратын мол табиғи ресурстар, сондай-ақ экономикалық саясатты жүзеге асырудағы шынайылықпен жақсы үйлесетін саяси тұрақтылық.

Н.Ә. Назарбаев жиналғандарды Қазақстанның экономикалық әлеуетімен, елдің экономикалық дамуына шетел капиталы қатысуының заңнамалық негіздерімен, салық тәртібімен таныстырды. «Алайда, — деп мәлімдеді Қазақстан Президенті, — пайдалы қазбалардың жоғары әлеуеті туралы сөз ете отырып, біз оларды бастапқы түрінде сату арқылы ысырап етуге жол бермейміз. Қазақстан шикізатты емес, оны өңдеу өнімдерін сатуды мақсат етіп отыр».

Франция кәсіпкерлеріне үндеу тастай отырып, Н.Ә. Назарбаев Қазақстанда қалыптасқан саяси және экономикалық ахуалға объективті баға беру — біздің экономикаға капитал салудың сенімді әрі пайдалы іс екенін көрсетуі керек екенін атап айтты.

25 қыркүйек

Мемлекет басшысы Франция Республикасына ресми сапары барысында Бретань провинциясының астанасы, Алматының бауырлас қаласы Ренн қаласында болды.

Қала мэрлігінде сөз сөйлей келе, Н.Ә. Назарбаев Франция және басқа елдердің көмегімен Қазақстанның барлық әлемге ашық экономикалық гүлденген, демократиялық мемлекетке айналатынына үміттенетінін атап айтты және екі халық арасындағы қатынастардың дамитынына сенімін білдірді.

26 қыркүйек

Мемлекет басшысы Франциядан Қазақстанға қайтып оралған сапарында жолай Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласына аз уақыт аялдап, онда ТМД Біріккен Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы авиация маршалы Е.И. Шапошниковпен кездесті, сондай-ақ Ресей және шетел тілшілері үшін баспасөз конференциясын өткізді.

Н.Ә. Назарбаев тілшілердің көптеген сұрақтарына жауап берді. Қазақстан Президенті Германия Федеративтік Республикасының Федералды канцлері Г. Коль мен Франция Республикасының Президенті Ф. Миттеран бұрынғы КСРО-ның сыртқы қарыздарын қайтару мерзімін шегеруге түсіністікпен қарағанын атап айтты. Н.Ә. Назарбаев сапардың маңызды нәтижесі ретінде Бонн көмек көрсетуге дайын екенін, оның ішінде Қазақстан аумағында тұрып жатқан миллиондаған немістерге жәрдемдесетінін, соның ішінде қайтарымсыз көмек те көрсететінін атап өтті.

29 қыркүйек



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Финляндия Республикасының Президенті М. Койвистомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастық мәселелері кеңінен қаралды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы және инвестицияларды қолдау және өзара қорғау туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №928, Белгіленген әскери қызмет мерзімін өтеген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару туралы және 1992 жылғы қазан-желтоқсан айларында азаматтарды міндетті әскери қызметке кезекті шақыру туралы» №929 жарлықтарына қол қойды.

30 қыркүйек



Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республика сарайында өткен I Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына қатысты.

Құрылтай жұмысын аша отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Қазақ халқы бүгін тағы да үлкен сынақтың алдында тұр. Тәуелсіздігімізді жариялай отырып, біз тағдырдың өзі беріп отырған халқымыздың ғасырлар бойғы арманын іске асыру, ортақ күш жұмсай отырып, еркін, қуатты, гүлденген мемлекет құруда тарихи мүмкіндігімізді жіберіп алмауымыз керек», — деп, осы сәттің Қазақстан үшін маңыздылығын атап көрсетті.


«...Қазақы қалпымызға қайта келіп, тарихымызды таразылап, жоғалтқанымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді жаңғыртып жатқанымыздың куәсі боласыздар. Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау — менің Президенттік те, перзенттік те парызым.

Осы тұста басын ашып айтатын бір жай бар. Әр азаматтың өз ұлтының көркеюін, нығаюын армандауы заңды. Бірақ оған республикадағы өзге ұлт өкілдерін, әсіресе орыс ұлты өкілдерін кемсіту, шеттету, мұқату арқылы жетемін демеу керек. Халқымыздың басынан өткен азап пен мехнатқа республикада өмір сүріп жатқан өзге ұлттардың өкілдері кінәлі емес. Оған сол кездегі саясат кінәлі, сондай саясат ұстанған қоғам кінәлі. Республикадағы қазіргі ұлтаралық жарасым ахуалын көздің қарашығындай сақтай білу — барлық ұлттың, әрбір азаматтың ең жауапты міндеті. Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйтқысы болу міндетін алдымен осы атамекеннің иесі — қазақ халқы өз мойнына алуы керек. Өйткені, халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола алады. Басқадай бағыт ұстанар болсақ, онда біз тұйыққа тірелеміз, талай тағдырдың обалына қаламыз, қазіргі абыройлы атымыздан айырыламыз, исі қазақтың дархан көңіліне көлеңке түсіреміз» (Қосымшаны қараңыз).

Құрылтай жұмысының қорытындысы бойынша Дүниежүзі қазақтарының қоғамдастығы құрылып, оның төрағасы болып Н.Ә. Назарбаев сайланды.

I дүниежүзілік қазақтар құрылтайына Азия, Еуропа және Американың 30 елінен қазақ диаспораларының 700-ден аса өкілдері қатысты.

ҚАЗАН



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	

КИМЭП

1 қазан

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Италия Республикасының елшісі М. Теуччи мен Үндістан Республикасының елшісі К. Шармадан сенім грамоталарын қабылдады.

Мемлекет басшысы ТМД елдеріне экономикаларындағы құрылымдық өзгерістердің жүргізілу барысын зерттеу мақсатында жасаған турнесі аясында Қазақстанға келген ХВҚ басқарушы-директоры М. Камдессюді қабылдады.

Келіссөздер барысында тараптар Қазақстан экономикасын одан әрі тұрақтандырудың, ондағы жекешелендіру жүргізуді жеделдетудің, мемлекет иелігінен алудың өзекті проблемалары, сондай-ақ республика мен ХВҚ тығыз қарым-қатынасын реттеудің басқа да мәселелерін талқылады.

2 қазан



Мемлекет басшысы Алматы қаласында Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтының (ҚМЭБИ) салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Республикадағы экономикалық ахуалды талдай келе, Президент республиканың сыртқы саясаты кадр жетіспеушілігін бастан өткеріп жатқандығын, оның ҚМЭБИ болашақ түлектеріне көбірек үміт артып отырғандығын айтып, жаңа институт алдына қойылып отырған міндеттерге тоқталды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №933, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №935, «Алматы қаласында тұратын Н.А. Шевченконың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №939 жарлықтарына қол қойды.

5 қазан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясына қатысты.

Қазақстан Президенті сөйлеген сөзінде өзекті өңірлік мәселелерді шешу мен қатысушы елдер арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін жалпыазиялық диалог құру форумын қалыптастыру мақсатында Азиядағы



өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру бойынша идеясын ұсынды.

«Біздің құрлықта Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі сияқты Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымдарын құру идеясы көптен бері айтылуда...

Мұндай континенттік құрылымға қарай қозғалыс ұзақ та кезең-кезеңді болуы мүмкін.

Мұндай қозғалыс мынадай схема бойынша өте алар еді: ынтымақтастықтың жекелеген түрлері бойынша аймақтық және континенттік құрылымдар мен коалициялар арқылы «екіжақты қатынастардан» бастап (сенім шаралары мен ұжымдық қауіпсіздік, ізгілік, экономикалық, мәдени өзара іс-қимыл шараларын әзірлеу) ынтымақтастықтың кең көлемді проблемалары бойынша ортақ құрылымдық органдарын құруға дейін», — деді Н.Ә. Назарбаев АӨСШК идеясының мәнін аша отырып (Қосымшаны қараңыз).



Сол күні Мемлекет басшысы БҰҰ штаб-пәтерінде болып, БҰҰ бас хатшысы Б. Бутрос-Галимен және БҰҰ Бас Ассамблеясы 47-ші сессиясының төрағасы Болгария Республикасының Сыртқы істер министрі С. Ганевумен кездесті.

Кездесу барысында БҰҰ жұмысын жақсарту мен дүниежүзілік қоғамдастықтағы рөлін күшейту, БҰҰ қызметіне жаңа тәуелсіз мемлекеттерді барынша белсендірек тарту мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Алматы қаласында Қазақстан және Орталық Азияның республикалары үшін БҰҰ өкілдігінің ашылуы туралы келісімге қол қойылды. Қазақстан Президенті сондай-ақ балалар мүдделерін қорғауға қатысты Дүниежүзілік декларацияға қол қойды.

6 қазан

Мемлекет басшысы БҰҰ және ЮНЕСКО Азиядағы тәуелсіз және плюралистік ақпарат құралдарын дамытуға жәрдемдесу жөніндегі халықаралық семинарға қатысушыларға баспасөз бетінде құттықтауын жариялады.

«Осыншалықты маңызды форумды өткізу плюралистік және тәуелсіз баспаны сақтау әрі қолдау қажеттігімен түсіндіріледі, онсыз демократияны дамыту мен нығайту, кез келген мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік ілгерілеуі мүмкін емес.

Сіздердің ЮНЕСКО аясында жетекші халықаралық ұйымдар тілшілерінің қатысуымен өткізіп отырған беделді семинарларыңыз көптеген мемлекеттерге осы күрделі мәселелерді шешуге көмектесетініне сенімдімін. Семинар қазақстандық журналистиканың плюралистік тәуелсіз баспаның даму үдерісіне белсенді қосылуына жәрдемдеседі деп ойлаймын.

Сіздерге табысты жұмыс, шығармашылық байланыстарды нығайтуды, абыройлы істеріңізде сәттілік тілеймін!», — делінген құттықтауда.

8 қазан

Мемлекет басшысы БҰҰ және ЮНЕСКО Азиядағы тәуелсіз және плюралистік ақпарат құралдарын дамытуға жәрдемдесу жөніндегі халықаралық семинарға қатысушыларды қабылдады.

Кездесуде Н.Ә. Назарбаев республика басшылығы тәуелсіз баспасөзді дамыту үшін жағдай жасауға мүдделі екендігін, онсыз демократиялық мемлекет құру мүмкін еместігін атап өтті.

Мемлекет басшысы 1992 жылғы 7–8 қазанда Алматы қаласында өткен ТМД қатысушы елдерінің, сондай-ақ Литва мен Латвияның прокуратуралары басшыларының кеңесіне қатысушыларды қабылдады.

Президент ортақ экономикалық кеңістікпен қатар ТМД-да құқық қорғау органдарына өз міндеттерін айқын орындауға, әрбір республикада ғана емес, сонымен қатар бүкіл Достастық елдерінде қылмыспен және сыбайлас жемқорлықпен күрестегі күштерді біріктіруге мүмкіндік беретін ортақ заң кеңістігі де болуы керектігін атап айтты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 13 ақпандағы №643 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №941 Жарлығына қол қойды.

9 қазан

Мемлекет басшысы Қырғызстан Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитте Достастыққа қатысушы мемлекеттердің шаруашылық заңнамаларын жақындастыру және қаржы-кредиттік саясатын келісу мәселелері қаралды.

Отырыс қорытындысы бойынша саяси, әскери және экономикалық салалардағы ынтымақтастық туралы құжаттар пакетіне қол қойылды, оларға сәйкес ТМД барлық мемлекеттері КСРО-ның құқықтық мұрагері бола отырып, шын мәнінде, КСРО мен АҚШ арасында жасасқан шарттардың қатысушылары болып танылды. Сондай-ақ ТМД қатысушы мемлекеттер заңнамаларын жақындастыру принциптері, ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы және т.б. келісімдер қабылданды. Бірыңғай ақпараттық кеңістіктің маңызды элементі ретінде «Останкино» мемлекетаралық телерадиокомпаниясын құру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Одан басқа, рубль аймағында қалған Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей және Өзбекстан арасында Бірыңғай қаржы жүйесі және рубльді заңды есеп-айырысу қаражаты ретінде сақтап қалған мемлекеттердің келісілген қаржы-кредиттік валюта саясаты туралы келісім жасалды, сондай-ақ Мемлекетаралық есеп-айырысуға арналған банк құру туралы шешім қабылданды.

Жеке мәлімдемеде мемлекет басшылары Тәжікстандағы ахуалға алаңдаушылық білдірді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды.

ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

10 қазан

Мемлекет басшысы Көкшетау облысының Көкшетау қаласында Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен келіссөздер жүргізді.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты мемлекетаралық қатынастарға, оның ішінде астық тасымалдауға қатысты кең ауқымды мәселелер бойынша пікір алмасу болып өтті.

Тараптар сондай-ақ 1992 жылғы 25 мамырда Мәскеу қаласында жасасқан Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық пен өзара көмек көрсету туралы ратификациялық грамоталармен алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша екі мемлекет те өзара ынтымақтастық, әуе кеңістігі мен жылжымалы теміржол құрамын үйлесімді пайдалану саласында кедендік және транзиттік баж салығын енгізуден бас тартатыны атап өтілген бірлескен мәлімдеме қабылданды. Сондай-ақ сыртқы сауда, қауіпсіздік, қарусыздандыру мен қару-жарақ бақылау жасау, әскери кәсіпорындарды конверсиялауды көздейтін әскери ынтымақтастық, сондай-ақ ғылым, халық шаруашылығы және «Байқоңыр» ғарыш айлағында, Семей ядролық полигонында және екі мемлекеттегі қорғаныс кешенінің басқа нысандарында құрылған ғылыми-техникалық әлеуеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету салаларында келісілген саясат жүргізу туралы мәлімделді.

11 қазан



Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында Н.Ә. Назарбаев Совет ауданы «Ленинский» кеңшарының еңбеккерлерімен кездесіп, Петропавл қаласында жайылған ауыл шаруашылық өнімдерінің көрмесін қарап шықты, сондай-ақ республиканың 10 облысының басшылары қатысқан кеңесте сөз сөйледі.

14 қазан

Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» корпорациясы Директорлар кеңесінің төрағасы К. Деррді қабылдап, онымен бірлескен жобаны 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосу үшін уақытылы дайындалу мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы «С.А. Алтынбековті Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының қолбасшысы қызметіне тағайындау туралы» №943 Жарлығына қол қойды.

16 қазан

Мемлекет басшысы Үндістан Республикасының Сыртқы істер министрі Р.-Л. Бхатияны қабылдады.

Кездесу барысында сауда, экономикалық, ғылыми және техникалық ынтымақтастық және мәдени алмасулар бойынша үкіметаралық комиссия құру туралы келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Қ.Ш. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №950 Жарлығына қол қойды.

17 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен I Дүниежүзілік рухани келісім конгресіне қатысушыларға арнап баспасөз бетінде құттықтауын жариялады.

«Алматы қаласына еріктілік миссиясымен келген бейбітшілік елшілеріне шын жүректен Қазақстан жеріне қош келіпсіздер дегім келеді.

Дүниежүзілік рухани келісім конгресі қайырымды күштердің барлығына біріктіріп, XXI ғасыр қарсаңында әртүрлі қоғамдық қозғалыстар өкілдерінің, саяси ағымдар мен діни конфессиялардың арасында берік байланыс орнатуға жәрдемдесетініне сенімдімін.

Сіздерге жемісті еңбек, достық түсіністік, қызықты бастамалар тілеймін!», — делінген құттықтауда.

20 қазан

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Мемлекеттік министрі Д. Чагларды қабылдады.

«Түркияның үкіметтік делегациясы сапарының негізгі мақсаты — Қазақстанға көмек бағытын, сондай-ақ бірлескен және өзара тиімді күш жұмсауды нақты анықтау. Екі ел арасындағы үлкен достықтың құрметіне Түркияда «Алматы» атты кеме суға жіберілді», — деп атап көрсетті оның басшысы.

Н.Ә. Назарбаев екіжақты экономикалық және мәдени байланыстардың дамуына ризашылық сезімін білдірді және бірлесіп күш жұмсау арқылы оған, әсіресе, металлургия, пайдалы қазбаларды өндіру, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу секілді салаларда одан да асқан қарқындылық берілуіне ниет білдірді.

22 қазан

Мемлекет басшысы Қазақ теледидары арқылы демократиялық қоғамға және нарық экономикасына көшудің проблемалары туралы сөз сөйледі.

Президент үкіметтің үш жылға есептелген тереңдетілген түбегейлі реформалар бағдарламасын әзірлейтінін хабарлады.

Н.Ә. Назарбаев объективтік шындыққа арқа сүйей отырып, кез келген идеологиялық таптаурынға қарамай, ең бастысы, тартыншақтап кешіктіру мен қисынсыз алға кетушіліктен тең дәрежеде бас тарта отырып, өткізілетін реформалардың тактикасы мен әдістеріне айтарлықтай түзетулер енгізу қажеттігін атап өтті. Тірек болатын жаңа нүктелерді анықтай отырып, өмірден аластатылмаған ескілерін де барынша тиімді пайдалану маңызды.

Бірінші кезекте, нарықтық экономика қалыптасуының қазіргі — дағдарыстық және өтпелі кезеңінде — халық шаруашылығын нақты басқаруды қалпына келтіру, мемлекеттік органдардың реттеуші рөлін уақытша күшейту қажет. Басқарудан шығып кеткен бағалардың өсуін экономикалық тетіктермен тоқтату, өміршең кәсіпорындардың өмір сүруі үшін күрестегі басты кепілі ретінде қаржылық теңгерімді қамтамасыз ету, еңбеккерлердің жаппай қайыршылыққа ұшырауына кедергі жасайтын халықты әлеуметтік қорғаудың нақты жұмыс істейтін тетігін енгізу талап етіледі.

Мемлекет басшысы халықтар достығын, Қазақстан халқының ұлтаралық келісімі мен бірлігін сақтау қажеттігін ерекше атап айтты. Қазақстан жері — оның азаматтарының ұлтына, наным-сеніміне қарамайтын ортақ Отаны, басты байлығы. Қазақстанда өздерін толыққанды азамат деп сезінбейтін, өз балаларының болашағы мен ошағының қауіпсіздігі үшін алаңдайтын «екінші сұрыпты» адамдар болмауы керек.

Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарды ортақ Отаны мен бірыңғай мақсаттар сезімін жете түсінуге шақыра отырып: «Бүгінгі таңдағы қоғамдық-саяси тұрақтылық республиканың әрбір азаматына байланысты», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

23 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы *Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық* етті. Онда әскери доктрина мен республиканың әскери құрылысының тұжырымдамасы қаралды.

Отырыста Қазақстанның әскери доктринасының соғыстың алдын алып, бейбітшілікті сақтауға бағдарланған қорғаныстық бағыты бар екендігі атап көрсетілді. Сонымен бірге, республика оның аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігіне қол сұғуға ешқашан жол бермейді, ендеше, кез келген уақытта болуы мүмкін агрессияға тойтарыс беруге дайын болуы керек.

Қазақстанның әскери доктринасы сондай-ақ ТМД-ның әскери қауіпсіздік тұжырымдамасына де сүйенеді, Ресей Федерациясы және басқа да мемлекеттермен қорғаныс саласындағы ынтымақтастықты көздейді.

Мемлекет басшысы «Е.Н. Неверовский туралы» №951, «Б.С. Зәкиевті Қазақстан Республикасының Шекара әскерлерінің қолбасшысы — Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №952, «В.В. Гордеев туралы» №953 жарлықтарына қол қойды.

28 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциялық комиссиясының отырысына төрағалық етті. Онда республиканың Негізгі заң жобасын жалпыхалықтық талқылау қорытындылары шығарылды және нақтылаулар мен толықтырулар енгізілді.

«Шетелдік саясаткерлер адамға құқығы мен бостандығын ұсынатын Конституциямыздың жобасын жоғары бағалайды. Біз шын мәнінде құқықтық, демократиялық мемлекет құрудамыз», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері туралы» №956, «Ә.Ш. Жаңбыршинға Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №957, «Ә.Ш. Жаңбыршинды Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №958 жарлықтарына қол қойды.

29 қазан

Мемлекет басшысы Түркия Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Анкара қаласында Түркия Республикасының жарияланғанына 69 жыл толуына арналған мерекелік шараларға қатысты.



Сол күні Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті Т. Озалмен және Премьер-министрі С. Демирельмен бірге Түркиядағы Қазақстан Елшілігінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев республикамыз алғашқы елшілігін дәл осы Түркияда ашып отырғанын, бұл екі ел арасындағы достықтың айқын дәлелі екендігін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан немістерінің I съезіне қатысушыларға құттықтауын жолдады.

Құттықтауда республиканың едәуір бөлігін құрай отырып, біздің неміс ұлтты жерлестеріміз барлық қазақстандықтардың жоғары беделі мен құрметіне ие болғандығы атап өтілді. «Біз бір жерде тұрып жатырмыз және осы өміріміз бейбіт әрі жақсы көршілестік сезімде өрбуі, немістер де республиканың барлық азаматтары секілді ертеңгі күніне сеніммен қарауы, олардың мәдениеті, тілі, дәстүрі сақталып, толыққанды дамуы үшін көп күш жұмсауымыз қажет. Бұл адамдардың жан дүниесіне үрей ұрығын сеуіп, экономикалық және моральдық шығындарды қатар әкелетін эмиграциялық үдерістермен байланысты шиеленісті жағдайды тарқатуға жәрдемдесетіні сөзсіз», — делінген құттықтауда.

30 қазан



Мемлекет басшысы Түркия Республикасының астанасы Анкара қаласында өткен Түркі тілдес елдердің мемлекет және үкімет басшылары кеңесіне қатысты.

Саммитке сондай-ақ Түркия Республикасының Президенті Т. Озал, Әзірбайжан Республикасының Президенті А.Г. Эльчибей, Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов және Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов қатысты.

Кездесуді аша отырып, Түркия Президенті түркі тілдес мемлекеттерді тарихи және мәдени тамыры ортақ бауырлас елдер арасындағы қатынастарды нығайту мен дамыту үшін барынша күш жұмсауға шақырды. Ол Түркия ортаазиялық республикалардың, Қазақстан мен Әзірбайжанның тәуелсіздігін бірінші болып мойындап, олармен дипломатиялық қатынастар орнатқанын атап айтты.

31 қазан

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының астанасы Анкара қаласында өз жұмысын жалғастырған Түркі тілдес елдердің мемлекет және үкімет басшылары кеңесіне қатысты.

Саммиттің екінші күні оның қатысушыларының екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты дамытуға және ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін түрлі халықаралық ұйымдарда бірлескен позицияларды ұстануға талпынуы туралы мәлімделген «Анкара декларациясына» қол қоюымен тәмамдалды.

Мемлекет басшысы Түркі тілдес елдердің мемлекет және үкімет басшылары кеңесінің жұмысы аясында Түркия Республикасының Премьер-министрі С. Демирельмен екіжақты кездесу өткізді.

Келіссөздер барысында тараптар қазақстандық мұнайды Иран мен Түркия арқылы Жерорта теңізі елдеріне тасымалдауға болатын ұзындығы 2,2 мың шақырым мұнай құбырының құрылысын салу туралы түбегейлі уағдаластыққа қол жеткізді, сондай-ақ Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін ашу туралы келісімге қол қойды.

Сол күні Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасына ресми сапармен аттанып, осы елдің астанасы Тегеран қаласында Президент Х. Рафсанджанимен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты қатынастар мен халықаралық ахуал мәселелері бойынша пікір алмасу болып өтті.

Ирандық тарап Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті ұйымдастыру туралы ұсынысын оң бағалап, осы бастаманы іске асыру бағытында басқа азиялық елдермен ынтымақтастық орнату туралы ниетін білдірді. Одан басқа, бірқатар өңірлік және халықаралық мәселелер бойынша ұстанымдардың үндесуін ескере отырып, Қазақстан мен Иран өңірлік және халықаралық ұйымдар қызметі шеңберінде мемлекеттердің ынтымақтастық орнату қажеттігін растай түсті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы декларацияға, сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге, Көлік саласындағы ынтымақтастықты дамыту туралы хаттамаға және т.б. қол қойылды.

ҚАРАША



Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	



2 қараша

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасына ресми сапары барысында Иранның Жоғарғы көшбасшысы А. Хаменеимен кездесті.

А. Хаменеи Қазақстанның өңірдегі маңызды рөлін атап айта отырып, Иран мен Қазақстан өз халықтарының тарихи достығының арқасында ең жақын ынтымақтастық қатынастарды орната алатынын атап өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы Парсы шығанағындағы еркін экономикалық аймақ құрылған Кешм аралына және Мешхед қаласына барды.

4 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Молдова Республикасының Президенті М.И. Снегурмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында өнімді, бірінші кезекте ауылшаруашылық өнімдерін жеткізіп беру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Қазақстан Молдоваға бидай тиеуді бастауға дайындығын білдірді. Өз кезегінде, Молдова өкілдері Қазақстанда шарап өндіру өнеркәсібінің бірлескен кәсіпорындарын ашуды ұсынды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы шартына, Туристік байланыстарды дамыту туралы келісімге, Спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген НАТО бас хатшысы М. Вернерді қабылдады.

Кездесу барысында Президент сақтандыру дипломатиясын жүргізу мен таяу және шалғай елдермен экономикалық байланыстарды дамыту үшін АӨСШК шақыру бастамасына меңзей отырып, ішкі ғана емес, сонымен қатар сыртқы тұрақтылыққа да мұқтаж екенін атап көрсетті.

НАТО жетекшісі Қазақстанның халықаралық аренадағы, соның ішінде азаматтық салада — ғылыми жетістіктер алмасу мен конверсияны іске асыруға көмек көрсетудегі, әскери салада — кеңес беруге

жәрдемдесу мен кадрлар даярлауға қатысудағы саясатын жоғары бағалай отырып, Қазақстанға кез келген қолдау көрсетудің мүмкіндігін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Тәжікстандағы ішкі саяси ахуалдың күрт шиеленісуіне байланысты шұғыл түрде өз бастамасымен ұйымдастырылған Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен, Тәжікстан Республикасы Президентінің уақытша міндетін атқарушы А.И. Искандаровпен және Ресей Федерациясы Президентінің жеке өкілі — Сыртқы істер министрі А.В. Козыревпен кездесуге қатысты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Тәжікстанда орын алған жағдайға алаңдаушылық білдіріліп, тәжік халқына өз жерлерінде бейбітшілік пен құқықтық тәртіпті қалпына келтіру мақсатында қажетті қолдау көрсетуге дайындығы дәлелденген Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

Тәжікстандағы азаматтық соғыс КСРО-ның құлдырауы нәтижесінде елдің тәуелсіздігін жариялауынан кейін болған (1992–1997 жж.) орталық билік пен Біріккен тәжік оппозициясы тарапындағы әртүрлі топтар арасындағы қарулы руаралық қақтығыс. Ең қатыгез қақтығыстар ел іс жүзінде екі бөлікке бөлінген кезде 1992 жылғы тамыз айының соңынан 1993 жылғы шілдеге дейін болды. 1993 жылдың жазынан бастап қақтығыс қарқыны бәсеңдей түсті, алайда жекелеген ұрыс-керістер тайталасқан жақтардың ымыраға келген 1997 жылғы 27 маусымына дейін жалғасты.

5 қараша

Мемлекет басшысы «О.Н. Сосковец туралы» №959 Жарлығына қол қойды.

6 қараша

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Президенті болып сайлануына байланысты Б. Клинтонға құттықтау жеделхатын жолдады.

9 қараша

Мемлекет басшысы Франция Республикасы Конституциялық кеңесі төрағасының бас кеңесшісі Ж.К. Кальерді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы туралы пікір алмасу өтті.

10 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстанның әкімдіктерінің басшылары мен Халық депутаттарының жергілікті кеңестері төрағаларының республикалық кеңесіне төрағалық етті.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы туралы» баяндамасын жасай отырып, Президент Конституциялық комиссия өз жұмысында халықаралық құқық нормаларына сәйкес келетін нағыз шынайы демократиялық Конституция жасау ниетін ғана басшылыққа алған жоқ, сонымен бірге, адамдарды біріктіретін Конституцияның иесі болу қажеттігін көздегендігін атап айтты. «Конституцияның бірде-бір тармағы қоғамда айтыс тудырмай, жағдайды өршітпей, тайталасқа арандатпау керек. Бізге кез-келген өткір мәселелерді ашық талқылап, олар бойынша көп ұлтты мемлекетте барлық адамдардың теңдігін қамтамасыз етуді көздейтін біздің принципті саясатымызға сай келетін шешім табуымыз керек. Мен қоғамды қайта өзгертудегі біздің барлық табыстарымыздың негізі — барлық қазақстандықтардың бірлігі, келісімі мен татулығы екенін қайталаудан ешқашан да жалықпаймын», — деп атап көрсетті Мемлекет басшысы (Қосымшаны қараңыз).

11 қараша

Мемлекет басшысы өз жұмысын жалғастырған Қазақстанның әкімдіктерінің басшылары мен Халық депутаттарының жергілікті кеңесі төрағаларының республикалық кеңесіне төрағалық етті.

Кеңесте Қазақстан Республикасының Премьер-министрі С.А. Терещенко экономиканы тұрақтандыру және нарыққа көшу кезеңіне арналған шұғыл дағдарысқа қарсы шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету жөніндегі үкіметтік бағдарламасының негізгі қағидаттары туралы баяндамасын жасады.

Кеңесті қорытындылай келе, Н.Ә. Назарбаев дағдарыстың негізгі себептерінің қатарында ЭӨКК аясында жұмыс істеп тұрған бұрынғы Одақтың ортақ экономикалық кеңістігінің құлауы мен шаруашылық байланыстардың үзілуін атап айта отырып, бұл жағдайларда республика өзінің жеке даму жолын іздеуге кірісетінін мәлімдеді.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанның әкімдіктерінің басшылары мен Халық депутаттарының

жергілікті кеңестері төрағаларының республикалық кеңесіне қатысқан жергілікті атқарушы органдар басшыларымен жұмыс кеңесін өткізді.

Кеңесте республиканың халық шаруашылығы қызметінің, банктік және қаржы-несиелік қызметінің проблемалары талқыланды.

12 қараша

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының бұрынғы Президенті Дж.Э. Картерді жұбайымен қабылдады.

Әңгіме барысында халықаралық проблемалар бойынша пікір алмасу болып, бұқаралық ақпарат құралдарының халықтарды жақындастыру, азаматтық құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету ісіндегі орасан зор рөлі атап өтілді.

Дж. Картер американдық тарап екі мемлекет арасындағы мәдени байланыстарды нығайтудағы жаңа үлесі ретінде Қазақстанның радио және телевизиясы үшін кәсіби кадрларды даярлау ісіне қатысатынын мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының қаржы, салық және кеден қызметтерін қайта ұйымдастыру туралы» №963, «Е.Ж. Дербісовті Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметіне тағайындау туралы» №964, «Т. Әбдіқадыров туралы» №965, «Қазақ КСР Президентінің 1991 жылғы 16 сәуірдегі №315 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 12 желтоқсандағы №537 Жарлығы 2-ші тармағының күші жойылған деп тану туралы» №967 жарлықтарына қол қойды.

13 қараша

Мемлекет басшысы Ауылшаруашылық және агроөнеркәсіп кешенінің барлық салалары қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Президент қазақстандық егін шаруашылығы тарихында рекордтық астық жинаған республикамыздың диқандары ең жылы құттықтауларға лайық екенін атап өтті. «Ең алдымен ауылдықтарға ризашылығымды білдіремін, — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев, — Қазақстанның күрделі экономикалық жағдайларда бастаған реформаларын жалғастыруға, тәуелсіз даму бағытын мықтап ұстануға, ертеңгі күнге зор сеніммен әрі үмітпен қарауға мүмкіндігі бар».

Мемлекет басшысы «Агроөнеркәсіп кешенінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №968, «Агроөнеркәсіп кешенінің қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №969 жарлықтарына қол қойды.

19 қараша

Мемлекет басшысы «Бір топ өндіріс озаттарын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №973, «Бір топ қызметкерлерді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №974, «Спортшылар мен жаттықтырушылардың бір тобын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №975, «З.А. Ақбарова мен Р.С. Андриасянға «Қазақстан Республикасының халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №976, «Л.Я. Ақназаровқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №977, «Т. Абақановқа, А.Ж. Омаровқа, А. Тәңкеевке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген транспорт қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №978, «Ш.Ә. Мұқашевқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» №979, «Республиканың білім беру жүйесінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №980, «Т.Қ. Наурызбаеваға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №981, «Н.В. Долматоваға, Ж.Ә. Махамбетовке, В.В. Рушковскийге, Р.Б. Саттароваға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №982, «Т.Т. Бәйімбетовке, Т.Т. Рахымовқа, Л.В. Сливинаға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №983, «Б.А. Әубәкіровке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген экономисі» құрметті атағын беру туралы» №984, «Қ.Ғ. Хайрекешевке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №985 жарлықтарына қол қойды.

20 қараша

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып сайлануына байланысты Э.Ш. Рахмоновқа құттықтау жеделхатын жолдады.

Тәжікстанда қалыпты өмір үдерісі басталатынына сенім білдіре, және республиканың саяси партияларын, қоғамдық қозғалыстарын, барша азаматтарын қарулы қақтығыстарды тоқтатуға шақыра отырып, Н.Ә. Назарбаев жеделхатта Қазақстанда Тәжікстанға азық-түлікпен жедел гуманитарлық көмек көрсету туралы шешім қабылданғанын хабарлады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасын Бірыңғай хаттама практикасының негізгі ережелерін бекіту туралы» №987 Жарлығына қол қойды.

21 қараша

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Конгресі Сенаты Қарулы күштер жөніндегі комитетінің төрағасы С. Нанн мен Халықаралық байланыстар бойынша комитетінің мүшесі Р. Лугарды қабылдады.

Американдық тарап АҚШ Президенті Б. Клинтонның ТМД елдері ішінде Стратегиялық қару-жарақты шектеу туралы шартына бірінші болып қол қойып, оны таратпау туралы келісімге қосылуды міндеттенген Қазақстанмен жақсы қатынастардың дамуына үлкен назар аударатынын атап өте отырып, ядролық қаруды тасымалдау, монтаждау және ТМД аумағында жою үшін АҚШ 800 млн. доллар қаражат бөлетінін мәлімдеді.

23 қараша

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрі Цянь Цичэньді қабылдады.

Кездесу барысында кең ауқымды экономикалық және саяси мәселелер талқыланды. Өзара тиімді сауда-саттық қатынастарды кеңейтуге, бірлескен кәсіпорындарды ұйымдастыруға, ынтымақтастықтың басқа да нысандарын дамытуға деген ұмтылыстары айтылды. Серіктестіктің пайдалы қазбаларды зерттеуден бастап, ғарыш кеңістігін игеруге дейін жаңа салалары ұсынылды.

Сондай-ақ Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы бастамасына қатысты пікір алмасу бо-

лып өтті. Цянь Цичэнь Қазақстан Президентінің бастамалары ҚХР-дың жоғары дәрежелі ортасында мұқият зерттелетініне сендірді.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №989, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №992, «Запастағы офицерлерді міндетті әскери қызметке шақыру туралы» №996 жарлықтарына қол қойды.

24 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің отырысына төрағалық етті.

Отырыста экономиканы тұрақтандыру және нарыққа көшу кезеңіне арналған шұғыл дағдарысқа қарсы шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету жөніндегі үкіметтік бағдарламасының жобасы қаралды.

Қорытындылай келе, Президент экономикалық реформаның басты міндеті — мемлекеттік меншікті жекешелендіру екенін атап айтты. «Өркениетті нарыққа кірудің басқа жолы жоқ, — деп атап өтті Мемлекет басшысы. — Қазір белгіленген мақсаттан, басталып кеткен жаңғыртулардан ешбір себеппен бас тартуға болмайды, өйткені бұл бізді артта қалған өткенімізге қайта келтіреді, экономиканы алдымен жансыздандырып, кейіннен толығымен құлатады. Оның үстіне, сауда-саттық, қызмет көрсету салаларын ғана емес, индустрия мен агроөнеркәсіптік кешеннің кәліктік және стратегиялық маңызды нысандарын да жекешелендіруді жеделдету қажет».

Бұл ретте, Н.Ә. Назарбаев халықты әлеуметтік қорғауды одан әрі дамыту мен жетілдіру қажеттігін атап көрсетті. «Осындай қорғауды шынымен де қажет ететіндерді, белгілі бір себептермен өзін және өз отбасын қазір немесе әлі қамтамасыз ете алмайтын азаматтарды қорғау қажет», — деді Президент.

Мемлекет басшысы қазақ әдебиетінің классигі Ғ.М. Мүсіреповтің туғанына 90 жыл толуына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы (1902–1985) — танымал қазақ жазушысы, сыншы, драматург, қоғам қайраткері.

Оның қаламынан «Қазақ солдаты» (1949), «Оянған өлке» (1953), «Үлпан» (1976) романдары, сондай-ақ «Қыз Жібек»

(1934) музыкалық драмасы, Әлиевтің (1935) «Қозы-Көрпеш Баян сұлу» (1936), «Ақан сері» мәтінді (1958) пьесалары жарық көрді.

26 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Қазақ тілі» Республикалық қоғамының I құрылтайына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев қиын заманда ана тілін жаңғырту бойынша үлкен жұмыс атқарып, ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуге көмектесіп жатқан құрылтай делегаттарына және қоғамның барлық мүшелеріне алғысын білдірді.

«Бүгінгі таңда қол жеткізіп отырғандардың ең маңыздысы, — деп атап айтты Мемлекет басшысы, — бұл Қазақстан халқының рухани еркіндік алуы. Біз жоғалтып алған ұлттық байлықтарымызды, оның ішінде ұлттың өмір сүру негізі — ана тілімізді қайтарып алып жатырмыз.

Алда болатын республика Жоғарғы кеңесінің сессиясында Қазақстан Конституциясы қабылданатын болады. Тіл туралы бапта Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік тіл деп белгіленген. Республика орыс тілінің мемлекеттік тілмен қатар еркін пайдаланылуын қамтамасыз етеді. Азаматтардың мемлекеттік тілді білмеуіне байланысты құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тыйым салынған.

Біздің ішкі саясатымыздың негізгі қағидасы, — деп мәлімдеді Мемлекет басшысы, — ұлтаралық келісім принципі болуы керек. Республиканың жетекші этносы ретінде қазақ халқы оның қамын бірінші жасауға міндетті».

28 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Уақытша импорттық кеден тарифі туралы» №1000 Жарлығына қол қойды.

30 қараша

Мемлекет басшысы Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында «Балқашмыс» бірлестігінің негізгі өндірістерімен, кәсіпорынның шикізаттық мүмкіндіктерімен, оны қайта құру мен одан әрі дамыту перспективаларымен танысты.



ЖЕЛТОҚСАН



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 желтоқсан

Мемлекет басшысы Талды-Қорған облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар бағдарламасы Президенттің саяси партиялардың, азаматтық қозғалыстардың, ұлттық-мәдени орталықтардың жұртшылықтың және түрлі меншік түрі бар кәсіпорындардың өкілдерімен кездесуден басталды.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев «Талды-Қорған — Нижний Новгород» сауда-өнеркәсіптік үйінің «Дәулет» дүкеніне барып, оның тауар түрлерімен танысты, сондай-ақ Талды-Қорған педагогикалық институтының ұстаздары және студенттерімен кездесті.

4 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында Алматы ауыр машина жасау зауытында оның ұжымымен кездесті.

Мемлекет басшысы өз жанындағы Консультативтік кеңестің отырысына төрағалық етіп, онда Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесі он екінші шақырылымының кезекті X сессиясының ашылуы қарсаңында Қазақстанның қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайын талқылады.

Мемлекет басшысы «Көп балалы отбасыларын әлеуметтік жағынан қолдау жөніндегі шаралар туралы» №1002 Жарлығына қол қойды.

7 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақ мемлекеттік экономикалық университетінде өткен Алматы қаласының студенттік және шығармашыл жастар өкілдерімен кездесу өткізді.

Президент сөйлеген сөзінде республикадағы жоғарғы білім ахуалына сыни сараптама жасап, оның кемшіліктері мен олқылықтарын атап көрсетті. «Жас мамандарды тәрбиелеуде, бірінші кезекте, қоғамда ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерінің сұранысы болмауы, зияткерлік еңбек беделінің төмендеуі, мамандар даярлауда бәсекелестіктің болмауы, білім беру қызметтеріне мемлекет монополиясы өз әсерін берді. Бұл білім беру деңгейінің айтарлықтай төмендеуіне әкелді», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Президент білім беру саласының басым бағыттарының қатарында оны шынайы гуманизациялау мен демократияландыруды, экономиканың нарыққа көшуін ескере отырып, ұлттық және жалпы адами құндылықтар негізінде жеке тұлғаның дамуына жағдайлар жасауды атады.

Сөзінің соңында Мемлекет басшысы жастарды табанды түрде білім алып, қазақстандықтардың саяси және ұлтаралық келісімін нығайтуға шақырды, онсыз заманауи мемлекет құру мүмкін емес.

Мемлекет басшысы «Қазконтракт» республикалық контракт корпорациясын құру туралы» №1006 Жарлығына қол қойды.


8 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басшылық құрамымен кездесті.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев саясат және экономика салаларындағы проблемаларға, оның ішінде республикадағы және ТМД-дағы ахуалға, Қазақстанның Тәжікстанға қатысты ұстанымына, қарусыздану мен бейбіт бастамаларға, қорғанысқа берілетін 1993 жылға арналған бюджетке, әскери ведомстваның жергілікті әкімшілікпен өзара әрекетіне, тұрғын үй проблемасына және т.б. толығырақ тоқталды (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында негізгі қорларды (құралдарды) қайта бағалау туралы» №1007 Жарлығына қол қойды.

9 желтоқсан



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы талқыланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының IX сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы және оның жалпыхалықтық талдау қорытындысы туралы» баяндамасын жасай отырып, Президент одақтас республикалардың соңғы конституциялары қалыптасқан үлгі бойынша қабылданған 1977 жылғы игілікті-театрландырылған жағдайында жасалып жатқан жоқ деп атап көрсетті. Мүлдем жаңа та-

рихи және геосаяси ақиқат қалыптасты. Бұрынғы біртұтас Одақ енді жоқ, одан мұраға қалған қираған үйінділердің үстінде жаңа мемлекет құруға тура келіп отыр.

Одан әрі Н.Ә. Назарбаев, Конституция жобасын талқылауға 18 мыңнан астам ескертулер мен ұсыныстарын жасаған 3 млн. астам адам қатысқанын мәлімдей отырып, депутаттарды Негізгі заң жобасын талқылауға ақылмен, ойлы, конструктивті түрде қарауға шақыра отырып, Конституцияның негізгі қағидаттарына толық тоқталып өтті.

«Жаңа Конституция, — деді сөзінің соңында Н.Ә. Назарбаев, — қиын және қысылтаяң өтпелі кезеңдегі жағдайда біздің алға жылжуымыздың берік негізі, шынайы егеменді, тұрақты және берекелі Қазақстанды дәйекті түрде жасау жолында сенімді бағдар болуға тиіс» (Қосымшаны қараңыз).

10 желтоқсан

Мемлекет басшысы «М.М. Әуезовке Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1008, «М.М. Әуезовті Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1009 жарлықтарына қол қойды.

11 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Халық депутаттарының VII съезіне, Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинге, Ресей Федерациясы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Р.И. Хасбулатовқа, Ресей фракциялары, саяси партиялары мен қозғалыстарының жетекшілеріне үндеуін жолдады.

Н.Ә. Назарбаев Ресейдің қарама-қарсылықтың шиеленіскен жеріне жеткен саяси күштерін ахуалды қалыпты жағдайға келтіру үшін қолдан келгеннің барлығын жасауға, жоғарғы заңнамалық және атқарушы билік арасындағы қауырт жағдайдың ауқымды азаматтық қақтығыстарға ұласуына жол бермеуге, барлық мәселелерді тек қана конституциялық органдар мен билік институттары шеңберінде бейбіт жолмен шешуге шақырды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының 1992 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер

енгізу туралы» №1773-XII, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің тексті туралы» №1774-XII, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні туралы» №1775-XII заңдарына қол қойды.

12 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қ.Т. Тұрапов туралы» №1011 Жарлығына қол қойды.

14 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан халықтары форумына қатысты.

Форумға қатысушыларды құттықтай келе, Н.Ә. Назарбаев тағдырдың жазуымен қазақтардың байырғы жері ежелден бері көптеген халықтардың өкілдерін түрлі тарихи, саяси, әлеуметтік себептермен қабылдағанын айтты. Біздің жеріміз жатсынбай мыңдаған адамдардың туған үйіне айналды және бұған қазақ ұлты, оның ашықтығы, ғасырлар бойғы тату көршілестік пен қонақжайлылық дәстүрлері өз ізін салды. Аға буынның басына түскен қиын-қыстау заманды өткеру жолындағы бірлесіп еңбек етудің арқасында республиканың осы заманғы кейпін жасаған бірегей көпұлтты жұртшылығы қалыптасты.

«Біз барлығымыз қарапайым тұрғындар ғана емес, — деп атап айтты Мемлекет басшысы, — біз Қазақстан Республикасының азаматтарымыз! Сондықтан адамға лайық өмір жолын таңдаған, ұрпақтар алдында жауапкершілікті мойнына алған өз мемлекетіміз үшін мақтаныш сезіміне бөленіп, біртұтас отбасы сезімін сезінуге, қазір бүкіл дүниежүзі білетін республика Туын, Елтаңбасын, Әнұранын ардақтап, құрметтеуге тиіспіз. Нақ қазақстандық мемлекеттік патриотизм республиканың оны мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың қайта түлеуінің басты тірегіне айналуы мүмкін».

Н.Ә. Назарбаев осындай форумның тұрақты негізде жұмыс істеуін ұсынды: «Ол біздің Отанымыздың ұлттары мен ұлыстары арасындағы татулық пен келісімді сақтау және нығайту үшін көп іс тындыруға мүмкіндігі бар.

Бүгінгі талқылаудың нәтижесінде біз жаңа қоғамдық институт — Қазақстан халықтарының келісім және бірігу ассамблеясын құра алар едік деп ойлаймын. Бұл Қазақстандағы ұлтаралық келісімді бүкілхалықтық нығайту міндетін шешетін саяси емес, үкіметтік емес ұйым болар еді» (Қосымшаны қараңыз).

Сөйлеген сөзінің соңында Мемлекет басшысы академик М.К. Сүлейменовке, Қазақстанның халық жазушысы Д.Ф. Снегинге, жазушы Г.К. Бельгерге 1992 жылғы Президенттік бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығын табыс етті.

Президенттік әдебиеттік және рухани келісім сыйлығы Адамзаттың ұлылары қатарына мәңгілікке қосқан, оларды Қазақстан Республикасының тарихи фактісі ретінде мәңгілік мәдени құндылықтар қорына енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 31 қаңтардағы қаулысымен белгіленді.

15 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғашқы жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Президент өзінің «Қазақстанның өз жолы, өз болашағы бар» атты баяндамасында Қазақстан өзінің байырғы тарихын, мәдениетін, дербес ішкі және сыртқы саясатын жаңғыртуға кіріскенін, бұрынғысынан мүлдем бөлек, жаңа қоғамның заңнамалық негіздерін құрғанын атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының өз заңдары, өз жолы, өз болашағы бар егеменді мемлекет екенін әлі барлығы сезініп үлгермегенін атап айтты. Қазақстандықтар өздері ақылдаса келе республикамызда тұрып жатқандардың игілігі үшін қандай қиын болса да барлық проблемаларды шешуі тиіс. Олар үшін ешкім де республиканы өзгертіп, Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы лайықты орнына қол жеткізе алмайды, ешкім де азаматтардың қалыпты өмірін жақсартпайды.

Қорытындысында, қазақстандықтарды мерекемен құттықтай келе, Мемлекет басшысы барша халықты табанды еңбекке, төзімділік пен ұлттық келісімге шақырды, тек осы үш фактор ғана халық үшін алға қойған мақсаттарға жетудің сенімді кепілі бола алады (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Халық шаруашылығының бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1015, «Ішкі істер органдарының қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1016, «Е.Н. Неверовскийді Қазақстан

Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1017, «Мәдениет пен өнер қызметкерлерінің бір тобына Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1018, «В.Н. Околовичке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №1019, «Білім беру жүйесінің қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №1020, «Агроөнеркәсіп кешені жүйесінің бір топ қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1021, «Д.А. Ахметовке, В.А. Ветковқа және Е.Т. Петренкоға Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1022, «Г.В. Гусеваға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген экономисі» құрметті атағын беру туралы» №1023, «Т.Қ. Жаманқұловқа «Қазақстан Республикасының халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №1024, «Ж.М. Әбділдинге, М.І. Дәулетбақоваға, Т.Ж. Жүнісовке, Л.Г. Романовқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №1025, «Т.Ж. Бигелдиновке авиацияның генерал-майоры әскери атағын беру туралы» №1026, «Ә. Белгібаевқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №1027, «С. Жақыпбековке генерал-майор әскери атағын беру туралы» №1028, «О. Жұмабековке 3-ші сыныпты Мемлекеттік заң кеңесшісі сыныптық шенін беру туралы» №1029, «Е.Ә. Сағынаевқа 3-ші сыныпты Мемлекеттік заң кеңесшісі сыныптық шенін беру туралы» №1030, «В.Г. Рыбинскийге милиция генерал-майоры арнаулы әскери атағын беру туралы» №1031, «В.Л. Холманскийге ішкі істер қызметінің генерал-майоры арнаулы әскери атағын беру туралы» №1032 жарлықтарына қол қойды.

16 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 1 жылдығына арналған мерекелік шараларға қатысты.

Мемлекет басшысының атына Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 1 жылдығына орай БҰҰ бас хатшысы Б. Бутрос-Галиден, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ян Шанкуньнан, Америка Құрама Штаттарының Президенті Дж. Буштан, Ресей

Федерациясының Президенті Б.Н. Ельциннен, Германия Федеративтік Республикасының Президенті Р. фон Вайцзеккерден, Румынияның Президенті И. Илиескуден, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовтен, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязовтан, Грекия Республикасының Президенті К. Караманлистен, Корея Халықтық-Демократиялық Республикасының Президенті Ким Ир Сеннен, Түркия Республикасының Президенті Т. Озалдан, Куба Республикасы Үкіметінің және Мемлекеттік кеңесінің төрағасы Ф. Кастродан және т.б. құттықтау жеделхаттары келіп түсті.

18 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» №1787-XII Заңына қол қойды.

19 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Министрлер кеңесінің — Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинді қабылдады.



Кездесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Өзара төлем принциптері туралы хаттамаға, бірқатар аса маңызды бұйымдарды өзара жеткізу туралы, халық шаруашылығын және тұрғындарды отын-энергетикалық ресурстармен қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимыл туралы, металлургиялық кешендегі кооперациялық байланыстар туралы келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік баж туралы» №1792-XII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Б.М. Кузеняткинге авиация генерал-майоры әскери атағын беру туралы» №1034, «В.Г. Сапсайға, А.Б. Тасболатовқа және Г.Б. Тимошенкоға генерал-майор әскери атағын беру туралы» №1035, «С.Ә. Құрманғожинге, Қ.К. Тоқаевқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1036 жарлықтарына қол қойды.

21 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстанға Бұрынғы КСРО астана-қалалары қауымдастығының құрылтайшылық

жиналысына қатысу үшін келген қауымдастық мүшелерін қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан Президенті жаңа ұйымның халықтарды жақындастыруға, экономиканы ауыр дағдарыстан шығаруға көмектесетініне сенім білдірді.

Астана қаласы Қазақстанның алғашқы қаласы мәртебесі берілгелі бойлаған күнгелі. Оның құрметтеуінде мерекесіне қатысу үшін 10 астананың Алматы, Ашхабад, Баку, Бишкек, Душанбе, Киев, Минск, Москва, Тбилиси, Санкт-Петербургтің делегациялары Алматы қаласына жиналды.

Қауымдастықтың басты мақсаты – ТМД аясындағы экономикалық және мәдени байланыстар.

22 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қосылған құнға салынатын салық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1798-XII, «Қазақстан Республикасының азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1799-XII, «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» Қазақ КСР Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №1800-XII заңдарына қол қойды.

23 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Акциз туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1802-XII, «Тіркелген (ренталық) төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізу туралы» №1803-XII, «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1805-XII, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1815-XII, «Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1816-XII, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1817-XII, «Қазақ КСР-індегі кәсіпорындар туралы» Қазақ КСР Заңына

толықтырулар енгізу туралы» №1818-XII, «Қазақ КСР Неке және үйелмен туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы» №1820-XII, «Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1820а-XII заңдарына қол қойды.

26 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республикалық оқушылар сарайында малшылардың, сондай-ақ интернат пен отбасылық балалар үйлерінің 400 балаларына арнап ұйымдастырылған жаңажылдық балға қатысты.

Мемлекет басшысы «А.Г. Саламатинді Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрі қызметіне тағайындау туралы» №1037 Жарлығына қол қойды.

28 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Республика кеңесін құру туралы» №1038, «Әскери қызметшілердің әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» №1040 жарлықтарына қол қойды.

30 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жол-жөнекей келген Израиль Мемлекетінің Президенті Х. Герцогпен кездесті.

Кездесу барысында сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға екңжақты мүдделілік білдірілді.

Сондай-ақ кейбір халықаралық проблемалар бойынша пікір алмасу өтті. Х. Герцог Израиль Қазақстан Президентінің Азия құрлығындағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі конференциясын шақыру туралы бастамасын қолдайтындығын, өз елінің осы үдеріске қосылуға дайын екендігін атап айтты.

31 желтоқсан

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды келе жатқан 1993 жылмен құттықтады (Қосымшаны қараңыз).

1993

ҚАҢТАР



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31


ТОШКЕНТ
1993
ҚЫРҒЫЗСТАН

4 қаңтар





Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласында өткен Орталық Азия республикалары мен Қазақстанның мемлекет және үкімет басшыларының кездесуіне қатысты.

Саммитте ТМД саяси және экономикалық жағдайы, өңір мемлекеттері арасындағы көпжақты байланыстарды одан әрі нығайту мәселелері, бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалу барысы, Тәжікстандағы ахуал талқыланды.

Мемлекет басшылары үкіметтерге баға саясатына, коммуникацияны дамытуға, энергия тасымалдағыштармен қамтамасыз етуге, Арал және Каспий теңіздерінің проблемаларына байланысты мәселелерді пысықтауды тапсырды. Тараптар сондай-ақ Аралды құтқару халықаралық қорын құру туралы шешім қабылдады.

Кездесу қорытындысы бойынша өңір елдері арасындағы бұдан да тығыз экономикалық қатынастардың болу маңыздылығы атап көрсетілген Бірлескен коммюникеге қол қойылды, мемлекетаралық шарттар мен келісімдердің орындалуына үнемі бақылау жасап отырудың нақты тетігін жасап шығару туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

6 қаңтар

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1043, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №1045 жарлықтарына қол қойды.

7 қаңтар

Мемлекет басшысы Еуропа қайта құру және даму банкінің президенті Ж. Атталиді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Еуробанктың мүдделерін қозғайтын кең ауқымды мәселелер талқыланды. Әңгімелесуде қаржылық саясат пен жекешелендіру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциялық комиссиясының отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында келісу комиссиясы және жұмыс тобымен ұсынылған түзетулерді ескере отырып әзірленген елдің Негізгі заңы жобасының қорытынды нұсқасы қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1050, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуы туралы» №1051 жарлықтарына қол қойды.

8 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Франция Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Б.Ф. де Фуконы қабылдады.

Қазақстандағы реформалар барысы, Қазақстан-Франция ынтымақтастығының перспективалары, Н.Ә. Назарбаевтың Францияға ресми сапары кезінде қол жеткізілген келісімдердің іске асырылуы туралы пікір алмасу болып өтті.

9 қаңтар

Мемлекет басшысы «Германия Федеративтік Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» №1054, «Франция Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» №1055, «Иран Ислам Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» №1056, «Әзірбайжан Республикасында, Армения Республикасында, Беларусь Республикасында, Грузия Республикасында, Қырғыз Республикасында, Молдова Республикасында, Түрікменстанда, Өзбекстан Республикасында, Украинада, Қазақстан Республикасының елшіліктерін ашу туралы» №1057, «Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігін (Елшілігін) ашу туралы» №1058 жарлықтарына қол қойды.

11 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақ ауылшаруашылық ғылымдары академиясының президенті Ғ.Ә. Қалиев басқарған бір топ аграршы-ғалымдармен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев академияның әзірлеген агроөнеркәсіптік кешенді дамыту тұжырымдамасымен таныса отырып, оны жоғары бағалады. Сонымен бірге, Мемлекет басшысы бірқатар ескертулер жасады. Оның пікірінше, дәнді дақылдар егілетін алқаптар дәнді-дақылдардың жаңа, одан да шығымды және күй талғамайтын сұрыптарын ендіру барысында, жер шаруашылығының жалпы деңгейін арттыру бары-

сында ғана кемуі керек. Тұжырымдамада сондай-ақ әлеуметтік факторлар көрсетілмеген.

Н.Ә. Назарбаев жекешелендіру және ауылда мемлекеттік емес меншік нысаны бар құрылымдардың пайда болу тақырыбын сөз ете отырып, өтпелі кезең жағдайында ауылшаруашылық өндірісін басқаруды жетілдіру мәселелеріне ерекше тоқталып өтті.

Пікір алмасу барысында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту тұжырымдамасын пысықтап, содан соң оны тағы да бір рет түбегейлі талқылау туралы шешім қабылданды.

Мемлекет басшысы «Ғ.Ә. Әбілсейітовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Ғылым және жаңа технология министрі қызметіне тағайындау туралы» №1062, «Қазақстан Республикасының Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетін Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті етіп қайта құру туралы» №1063, «П.В. Своикті Қазақстан Республикасы Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1064, «Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы» №1066, «Т.С. Қабдырахманов туралы» №1067, «Б.І. Ізтілеуовті Қазақстан Республикасының Экономика министрі қызметіне тағайындау туралы» №1068 жарлықтарына қол қойды.

12 қаңтар

Мемлекет басшысы республиканың агроөнеркәсіп кешенінің қызметкерлері — ұжымшарлар мен кеңшарлардың, өңдеу және қызмет көрсету кәсіпорындарының, бірлестіктер мен қауымдастықтардың, облыстар мен аудандардағы басқару органдарының басшыларымен және мамандарымен, шаруа және кооператив шаруашылықтарының өкілдерімен, халық депутаттары — аграршылар және ғалымдармен кездесті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістер ұлттық кеңесін құру туралы» №1069 Жарлығына қол қойды.

13 қаңтар



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Тәжікстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Э.Ш. Рахмоновпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Н.Ә. Назарбаев 1993 жылғы 4 қаңтарда Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласында өткен Орта Азия республикалары мен Қазақстанның Мемлекет және үкімет басшыларының кездесуінде қабылданған Тәжікстанның конституциялық билігіне моральдық қолдауды күшейту және жан-жақты гуманитарлық көмек көрсету туралы шешімдерді ұстанатындығын растады.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы қатынастардың негіздері туралы шартқа, Сауда-экономикалық ынтымақтастық саласындағы келісімге және т.б. қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» №1872-XII, «Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы» №1874-XII заңдарына қол қойды.

14 қаңтар

Мемлекет басшысы Ұлы Отан соғысының ардагері В.И. Панфиловаға оның әкесі, аты аңызға айналған генерал И.В. Панфиловтың туғанына 100 жыл толуына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

«Республика жұртшылығы осы атаулы оқиғаны салтанатты түрде атап өтуде. И.В. Панфиловтың өмірі мен теңдессіз батырлығы жайында Қазақстанның түпкір-түпкірінде біледі, оның өшпес ерліктерін мақтан тұтып, талай Отан қорғаушылар тәрбиеленуде», — делінген жолдауда.

Мемлекет басшысы аграршы-халық депутаттарымен, шаруашылықтар және басқарушы құрылымдар басшыларымен, Қазақстан Республикасы министрліктері және ведомстволарының өкілдерімен кездесті.

Президент кездесуді аша отырып, өткен жылдың қорытындылары туралы айтты, агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру принциптерінің ерекшеліктеріне, Қазақстан Республи-

касы Президентінің сәйкес жарлықтарының орындалу барысына тоқталды.

Н.Ә. Назарбаев жекешелендірудің баяу қарқынына назар аударды, алайда бұл ретте республика басшылығы кеңшарлар мен ұжымшарларды таратып жіберіп, тек қана жеке секторды жандандыруды алдына мақсат етіп қойып отырмағанын, меншік нысанының әралуандығы мен ақылға қонымды үйлесімділікті әрі өзара тиімді серіктестікті жақтайтынын атап айтты.

Бұл ретте Мемлекет басшысы алдымен 3 жылға, содан соң 5 жылға және солай 2000 жылдың соңына дейін перспективтік жоспарлаудың мақсаттылығын атап көрсетті.

15 қаңтар

Мемлекет басшысы «Кеден нарығы мен бажы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына толықтыру енгізу туралы» №1881-XII Заңына қол қойды.

16 қаңтар

Мемлекет басшысы Республика кеңесінің I отырысына төрағалық етті.

Кеңес 1992 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамудың қорытындысы мен 1993 жылға арналған міндеттерді талқылады.

Мемлекет басшысы жуық арада инфляцияны тоқтатып, табиғи өндірісті төмендету, содан соң ең сұранысқа ие тауарлардың шығарылуын жақсы жолға қою сияқты екі басты міндетті шешу қажеттігін атап көрсетті.

Н.Ә. Назарбаев халық шаруашылығының базалық салаларын инвестициялау, жекешелендіру, бағалы қағаздар нарығын құру, халықты әлеуметтік қорғау мәселелерін қозғады. Мемлекет басшысы экономикада дұрыс бағдар жасау үшін перспективтік жоспарлауға қайта оралу қажеттігі туралы мәлімдеді.

Кеңес отырысында сондай-ақ республикадағы тілдерді дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы мәселе қаралды және ұлтаралық қатынастар мен теңгерімді тіл саясаты мәселелерімен мақсатты түрде айналысатын мемлекеттік комитет құру ұсынысы айтылды.

18 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы X сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Президент кезек күттірмейтін дағдарысқа қарсы шаралар жөніндегі үкіметтік бағдарламаның негізгі ережелері және әлеуметтік-экономикалық реформалар бойынша өз ұстанымын баяндай келе, үкімет дағдарысқа қарсы бағдарламаны табанды еңбектеніп, халықтың ауызбірлігі болғанда және халық депутаттары экономикалық дағдарыстан жедел шығуға ортақ қызығушылық танытқанда ғана табысты жүзеге асыра алатынын атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Стандарттау және сертификаттау туралы» №1886-XII, «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» №1888-XII, ««Жол қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1890-XII, «Өлшем бірлігі туралы» №1894-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «М. Жолдасбеков туралы» №1070, «Қ.С. Ізбасханов туралы» №1071, «А.Ә. Жабағинді Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1072, «Қ.С. Сұлтановты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1073, «Ж.С. Кәрібжановты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1074, «Қ.Қ. Бәйкеновті Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрі қызметіне тағайындау туралы» №1075, «Б.М. Тұрсынбаевты Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №1076, «Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Бас бақылау инспекциясын құру туралы» №1078, «Е.Г. Ежиков-Бабахановты Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Бас бақылау инспекциясының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1079, «Н. Есқалиевты Көкшетау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1081 жарлықтарына қол қойды.

19 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросянмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Н.Ә. Назарбаев Таулы Қарабақ айналасындағы ахуалға тоқтала келе, Қазақстан гуманизм қағидаттарына сүйене отырып, жанжалға іліккен халықтардың тағдырына алаңдағандықтан, делдалдық миссиясын жүргізгендігін атап айтты. Қазақстан Президенті ЕҚЫҚ ұранымен бітімгершілік күштерін жалғастыруға әзір екендігін мәлімдеді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы өзара қатынастардың негіздері туралы шартқа, сондай-ақ сауда-экономикалық ынтымақтастық саласындағы және өзара есептесу жөніндегі қарыз міндеттемелерін реттеу бойынша үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» №1897-XII, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын сақтау туралы» №1899-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қ.Қ. Жақыповты Батыс Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1082, «Д.К. Ахметовті Павлодар облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1083, «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде командирлердің, бастықтардың тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарларының институтын құру туралы» №1084 жарлықтарына қол қойды.

20 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан суретшілерінің одағына барып, онда Одақ басқармасының төрағасы Е.Т. Мергеновпен, танымал шеберлермен, жас суретшілермен кездесті.

Мемлекет басшысы «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» №1901-XII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «А.С. Сәрсенбаевты Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі қызметіне тағайындау туралы» №1085 Жарлығына қол қойды.

21 қаңтар

Мемлекет басшысы «Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы» №1910-XII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Алтыналмас» Ұлттық акционерлік компаниясы туралы» №1086, «Ә. Кекілбаевты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №1089, «Республиканың ғылымын ұйымдастыруды жетілдіру мен ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар туралы» №1090 жарлықтарына қол қойды.

22 қаңтар

Мемлекет басшысы Беларусь Республикасының астанасы Минск қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитке сондай-ақ Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросян, Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Молдова Республикасының Президенті М.И. Снегур, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов, Украинаның Президенті Л.М. Кравчук, Беларусь Республикасы мен Тәжікстан Республикасы Жоғарғы Кеңестерінің төрағалары С.С. Шушкевич пен Э.Ш. Рахмонов қатысты. Әзірбайжан Республикасының атынан байқаушылар өкілдік етті.

Келіссөздер барысында Молдова, Түрікменстан және Украинадан басқа қатысушылар Достастық жарғысын қабылдап, оны ратификациялауды ұсынды. Сондай-ақ Мемлекетаралық банк құру, мемлекетаралық бағалы қағаздар нарығын реттеу, бұрынғы КСРО Жол қатынастары министрлігінің жүк вагондары мен контейнерлері инвентарлық паркін бөлу және теміржол көлігі жұмысының бірыңғай технологиясын сақтап қалу мақсатында оларды одан әрі бірігіп пайдалану және т.б. келісімдерге қол қойылды.

Барлық отырысқа қатысушылар Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы тұжырымдамаға қосылды, сондай-ақ Тәжікстан бойынша мәлімдеме қабылдады, онда Тәжікстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің республикаға ұжымдық бітімгершілік күштерін енгізу туралы өтініш етілген үндеуіне қолдау көрсетті,

ондай көмек көрсетуге келісімдерін растап, тәжік-ауған шекарасын қорғауды нығайту бойынша қосымша шаралар қабылдау қажеттігін құптады.

Түрікменстан Президентінен басқа Мемлекет басшылары ұлтаралық және мемлекетаралық даулар мен қақтығыстарды шешумен айналысатын Достастықтың мемлекетаралық сотын құру туралы шешімімен келісті.

Одан басқа, 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығын мерекелеуге дайындық туралы шешім бірауыздан қабылданды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды.

ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

Мемлекет басшысы Еңбекті қорғау туралы» №1914-XII Заңына қол қойды.

23 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» №1921-XII, «Қазақ КСР халық депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1923-XII, «Қазақстан Республикасының Орман кодексі» №1924-XII заңдарына қол қойды.

25 қаңтар

Мемлекет басшысы «1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы» №1927-XII Заңына қол қойды.

26 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстанға Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер халықаралық конгресінің кезектен

тыс ассамблеясына қатысу үшін келген Жапония-Ресей сауда қауымдастығының президенті, Шет елдермен экономикалық және сауда байланыстары жөніндегі Жапония қауымдастығының тұрақты мүшесі Т. Сатоны қабылдады.

Әңгімелесу барысында Қазақстан-Жапония сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейту мәселелері талқыланды. Т. Сато Жапония жағының Қазақстанға нарықтық құрылымдар үшін кадрлар даярлауға, экономикалық проблемалар бойынша консультациялар өткізуге жәрдемдесуге даярлығын мәлімдеді.

Мемлекет басшысы ТМД елдерінің 22 ұлттық одақтары басшыларының, сондай-ақ бұрынғы Экономикалық өзара көмек кеңесіне (ЭӨКК) кірген мемлекеттердің басын қосқан Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер халықаралық конгресінің кезектен тыс ассамблеясының ашылуына қатысты.

Қазақстан Президенті ТМД елдерінің экономикалық қаржы-қаражатын интеграциялау идеясын жақтайтынын растап, оларды іске асырудың, оның ішінде серіктестік пен мемлекетаралық ынтымақтастық туралы, атап айтқанда, Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдері экономикаларының өзара іс-қимылы; Шығыс Еуропа, бұрынғы Одақ және Еуразияның тарихи жағынан жақын елдерінің экономикалық ынтымақтастығын үйлестіру жөніндегі ұйымдастырушылық құрылымдардың ең үздік жобасына халықаралық конкурс өткізу; Алматы қаласында Еуразия экономикалық кеңістігі мәселелерін зерттеу жөніндегі халықаралық институттың ашылуы, Ассамблеяның жаңа экономикалық кеңістік туралы Алматы конвенциясын қабылдауы секілді бірқатар нақты ұсыныстарын жасады.

Сол күні Мемлекет басшысы Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер халықаралық конгресі кеңесінің үйлестіруші-төрағасы А.И. Вольский бастаған бір топ конгресс ассамблеясына қатысушыларды қабылдады.

Экономикалық реформаларды жүргізудің тиімді жолдары туралы тыңғылықты пікір алмасу болып өтті. Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер бірлестіктерінің, Қазақстан және басқа да елдердің кәсіпорындары арасында тікелей ынтымақтастық орнату бойынша нақты ұсыныстар айтылды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы X сессиясының пленарлық отырысына қатысып, онда елдің Негізгі заң жобасын баптары бойынша талқылау жалғастырылды.

Депутаттар жалпы ережелер, азаматтық, азаматтық құқықтар мен бостандықтар, саяси құқықтар мен бостандықтар, экономикалық және әлеуметтік құқықтар, азаматтардың негізгі міндеттері, құқық пен бостандық кепілдіктері, жеке меншік және кәсіпкерлік, отбасы, қоғамдық бірлестіктер туралы бөлімдеріне дауыс берді.

27 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының X сессиясының пленарлық отырысына қатысты. Онда Конституция жобасындағы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі және Президенті туралы бөлімдері талқыланды және олардың баптары қабылданды.

28 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы X сессиясының пленарлық отырысына қатысты. Онда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды.

Жоғарғы Кеңес басым дауыспен (312 депутаттардың ішінен Конституция үшін 309 дауыс берді) Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясын қабылдады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.Ә. Әбділдин Қазақстан Республикасының Президентіне Негізгі заң мәтінінің түпнұсқасын табыс етті.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде барша қазақстандықтарды Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясының қабылдануымен құттықтай отырып, мемлекеттіліктің қалыптасуы, ұлттық тәуелсіздікті, азаматтық құқық пен бостандықтың нақты кепілдіктерін, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудағы перспективтік ойларды іс жүзіне асыруды қамтамасыз етудің жаңа сапалық кезеңіне өтуі үшін құқықтық база құрудың негізі қаланды деп атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

1993 жылғы Конституция Қазақстан егемендігінің қалыптасуын заң жүзінде аяқтады. Алайда көп ретте 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясын қайталаған Негізгі заң ымыралық сипатта болды. Бұрынғы жүйенің негізгі механизмін тікелей Кеңестер тарапынан

сақтай отырып, жаңа Конституция жүзінде Қазақстанның жаңадан иелеген мемлекеттілігін нығайта түсу іске қосылатын жаңғырық затын қоғамның бірлігі болуы. Елде шын мәнінде, қосбилік орнады. ол өз дамуын сіресіріп тастады және жедел шешілуін талап етті.

Бұл жағдай Президент пен Жоғарғы Кеңес арасындағы қарама-қарсылықпен сипатталған Қазақстанның саяси өмірінің бұдан ылайғы мазасыз ахуалдық дәрежеде алдын ала айқындап берді. Мемлекеттік биліктің ретіндегі Жоғарғы кеңестің жойылуымен аяқталған 1993 1995 жылдардағы қос парламенттік президенттік-парламенттік қарама-қарсылық айтады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Конституциясы» №1932-XII, «Қазақстан Республикасының және Қазақ КСР кейбір заң құжаттарына толықтырулар енгізу туралы» №1934-XII заңдарына қол қойды.

29–31 қаңтар

Мемлекет басшысы Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында өткен Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысты.

Форумның күн тәртібін Шығыс және Орталық Еуропа мен ТМД елдерінің даму проблемалары, АҚШ экономикасының жандануы, Еуропалық қоғамдастық құру, Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі экономикалық серпіліс және оның әлемдік шаруашылыққа тигізетін әсері мәселелері құрады.

Қазақстан Президенті Дүниежүзілік экономикалық форум жұмысына екінші рет қатыса отырып, «Орта Азия — энергетиканың дамып келе жатқан орталығы» пленарлық отырысына төрағалық етті.

30 қаңтар

Мемлекет басшысы «Жол қозғалысының қауіпсіздігі мен көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзудың жекелеген түрлері үшін санкциялардың өзгертілуіне байланысты Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы» №1947-XII Заңына қол қойды.

АҚПАН



Дс	1	8	15	22
Сс	2	9	16	23
Ср	3	10	17	24
Бс	4	11	18	25
Жм	5	12	19	26
Сн	6	13	20	27
Жк	7	14	21	28



1 ақпан

Мемлекет басшысы Бельгия Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Брюссель қаласындағы НАТО штаб-пәтеріне барды.

НАТО бас хатшысы М. Вернермен кездесу барысында Еуропа мен Азия қауіпсіздігін қамтамасыз етумен және Қазақстан мен НАТО арасындағы серіктестік қатынастарды дамыту перспективаларымен байланысты мәселелер талқыланды. Н.Ә. Назарбаев НАТО-мен ынтымақтастықты кеңейтуді қолдап пікір білдірді және Қазақстанның өз Қарулы Күштерін құру үрдісінде осы ұйым ресурстарын пайдалану қандай пайда әкеле алатынын атап айтты.

Қазақстан Президенті содан соң Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымына мүше елдердің тұрақты өкілдері алдында сөз сөйледі. Оларға арнаған сөзінде Н.Ә. Назарбаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы ұсынысына егжей-тегжейлі тоқталып өтті және бұл идеяны НАТО барлығы үшін ортақ мақсатқа бағытталғанына орай қолдайтынына сенім білдірді.

Сол күні Мемлекет басшысы Бельгия Королі Бодуэнмен және Бельгия Корольдігінің Премьер-министрі Ж.-Л. Деанмен кездесті.

Кездесу барысында екі ел арасындағы өзара тиімді байланыстарды дамыту перспективалары, сондай-ақ бірқатар халықаралық мәселелер талқыланды. Қол қойылған бірлескен декларацияда Бельгия мен Қазақстан демократия, экономикалық еркіндік пен әлеуметтік әділдік принциптері негізінде серіктестер болуға ниеттілігі атап көрсетілді. Екі жақ та достық қатынастарды нығайту және қысқа мерзім ішінде ынтымақтастықтың әртүрлі салаларындағы нақты мақсаттар белгіленген меморандумға қол қоюға батыл шешім қабылдады.

2 ақпан

Мемлекет басшысы Бельгия Корольдігіне ресми сапары барысында Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясының төрағасы Ж. Делормен кездесті.

Келіссөздер барысында Еуропалық қоғамдастық пен Қазақстанның бірыңғай экономикалық кеңістікті сақтау және ТМД аумағында интеграциялық үдерістерді күшейтуді қолдайтын ұстанымдарының бір

жерден шығатыны атап өтілді. Сондай-ақ Еуропалық қоғамдастық пен Қазақстан арасында серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісім жасасуға байланысты мәселелер талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Еуропалық қоғамдастық пен Қазақстан арасында өкілеттіктер алмасу туралы келісімге қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Австрия Республикасына ресми сапармен аттанып, осы елдің астанасы Вена қаласында Австрияның Федералды канцлері Ф. Враницкимен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында ең алдымен экономика саласындағы екіжақты ынтымақтастық мәселесіне баса назар аударылды. Атап айтқанда, Қазақстанның — шикізаттық ресуртарға, ал Австрияның өнімділігі жоғары технологияларға бай екенін ескере отырып, екі мемлекет арасындағы өзара тиімді экономикалық байланыстарды одан әрі дамытудың көптеген аспектілері нақтыланды.

Өз тарапынан Н.Ә. Назарбаев Австриядағы сапары барысында сол ел кәсіпкерлерінің назарын электроника, машина жасау, ауылшаруашылық өнімдерін шығару, инфрақұрылымды дамыту салаларындағы Қазақстан кәсіпорындарымен ынтымақтастық жасау перспективаларына аударғысы келетінін атап айтты.

3 ақпан

Мемлекет басшысы Австрия Республикасына ресми сапары барысында Австрияның Федералды Президенті Т. Клестилмен кездесті.

Келіссөздер барысында екі ел арасындағы байланыстарды дамытудың үдемелі сипаты атап өтілді.

Мемлекет басшысы Австрияның ірі банктері мен компаниялары өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында Экономика федералды палатасының вице-президенті И. Тихи-Шредер австриялық кәсіпкерлердің Қазақстанды сенімді серіктес ретінде көретінін, республика кәсіпорындарымен экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға барынша қызығушылық танытатындығын атап айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы өзінің ағылшын тілінде жарық көрген өмірбаяндық кітабының тұсаукесер рәсіміне қатысты.

6 ақпан

Мемлекет басшысы «Қазақстанның халықтық бірлігі» одағының құрылтай конференциясына қатысты.

Жаңа қоғамдық бірлестік жариялаған принциптер — халықтар достығы, центризм, әлеуметтік теңдік пен серіктестік — терең әлеуметтік-экономикалық жаңғыртулардың қажеттігін сезінетін көптеген қазақстандықтар арасынан жақтаушыларын тапты.

Н.Ә. Назарбаев таптық қарама-қайшылық пен қоғамның қауіпті қарама-қарсылығын еңсерудің маңыздылығын ерекше атап өтті. Ол осы заманғы өркениеттің, демократия мен қоғамдық-саяси тұрақтылықтың шынайы тірегі болып табылатын орташа таптың дәйекті түрде қалыптасуы үшін біржақты пікір білдірді.

Өз сөзінде Мемлекет басшысы ұлттық радикализмге қарсы тұру қажеттігіне, өтпелі кезең мәселелерінің әлеуметтік-экономикалық қорын құруға, партияаралық ассамблея құру және т.б. қатысты бірқатар мәселелерді тілге тиек етті.

«Маған бағдарламалық принциптермен қатар жаңа саяси ұйымның «Қазақстанның халықтық бірлігі» одағы деген атауы да ұнайды, — деді Н.Ә. Назарбаев өз сөзін аяқтай келе. — Себебі қазақстандықтардың бірлігі ғана шынайы бейбітшілік пен республиканың барлық азаматтарының ұлтына қарамастан, ортақ отаны болып табылатын біздің жеріміздің гүлденуін қамтамасыз ете алады.

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық салт-дәстүр мен мемлекеттік-қоғамдық ерекшеліктерді басып тастамайтындай, елдің жалпыадамзаттық, жалпыжаһандық құндылықтарды тіреу ете отырып, елдің әлемдік өркениет арнасына кіру идеясы идеологиялық жаңарудың негізі болуы керек. Шынайы демократия, адам, ұжым мен қоғам мүдделерінің үйлесімділігі негізінде бекітілген тұлғаның экономикалық, саяси және рухани еркіндігімен ұштасатын ар-намыс, әділдік, тәрбиелілік, гуманизм секілді адамгершілік сезімінің өзгеріске ұшыраған негізгі ұғымдарын қалпына келтіру оның өзегі болуы мүмкін».

Конференция делегаттары бірауыздан Н.Ә. Назарбаевты «Қазақстанның халықтық бірлігі» одағының көшбасшысы етіп сайлады.

9 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Иордания Хашимит Корольдігінің ханзадасы Раад бен Зейд басқарған үкіметтік делегацияны қабылдады.

Келіссөздер барысында халықаралық қатынастардың көптеген аспектілері бойынша екі ел басшылығы ұстанымдарының үйлесімділігі атап өтілді. Н.Ә. Назарбаев араб мемлекеттері орналасқан өңірлердегі барлық проблемалар палестина және израиль халықтарының құқықтарын сақтай отырып, тек бейбіт жолмен шешілетініне сенім білдірді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Бірлескен коммюнике мен Дипломатиялық қатынастар орнату туралы хаттамаға қол қойылды.

10 ақпан

Мемлекет басшысы Төтенше және Өкілетті елшілер — Моңғолия Республикасының елшісі Э. Бямбажаваны және Корея Халықтық-Демократиялық Республикасының елшісі Пак Чже Пхирді қабылдап, олар Қазақстан Президентін өз елдеріндегі ахуал жайлы хабардар етті және Қазақстанмен екіжақты саяси, сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту перспективалары туралы пікірлерін білдірді.

11 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстанға Н.Ә. Назарбаевтың шақыруы бойынша келген Америка Құрама Штаттары Әскери академиясының (Вест-Пойнт) түлегі Д. Кристианды қабылдады.

Мемлекет басшысы Д. Кристианмен өзінің 1992 жылғы 17–24 мамырда АҚШ-қа ресми сапары барысында танысқан болатын. Д. Кристиан Н.Ә. Назарбаевқа Ақ үйдегі ресми рәсім кезінде таныстырылды. Арада біраз уақыт өткеннен кейін Н.Ә. Назарбаев Д. Кристианға Қазақстанға келуге шақыру жолдады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет атқаруға байланысты азаматтардың арыздарын қарау жөнінде комиссия құру туралы» №1093 Жарлығына қол қойды.

12 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Экономикалық өзгерістер ұлттық кеңесінің отырысына төрағалық етіп, онда 1993–1995 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру ұлттық бағдарламасының жобасы қаралды.

Мемлекет басшысы «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №1099, «Кешірім жасау туралы» №1104, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1105, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1106, «А.И. Филистовичті Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы — Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1109 жарлықтарына қол қойды.

13 ақпан



Мемлекет басшысы Египет Араб Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Каир қаласында Президент М.Х. Мубаракпен кездесті.

Шағын құрамдағы келіссөздер барысында халықаралық және өңірлік проблемалар талқыланды, сондай-ақ басып алынған араб жерлеріндегі палестиналықтардың үлкен тобы айналасындағы дағдарыс тұрғысында Таяу Шығыстағы бейбіт үдеріс перспективалары қаралды.

14 ақпан

Мемлекет басшысы Египет Араб Республикасына ресми сапары барысында Президент М.Х. Мубаракпен кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді.

Тараптар екіжақты ынтымақтастықты орнату және дамыту жолдарын талқылады, демократияны дамыту мен азаматтық бостандықты қамтамасыз ету, заңнамалық органдардың, сондай-ақ демократиялық қоғамдағы баспа және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі туралы мәселелер бойынша пікір алмасты. Н.Ә. Назарбаев пен М.Х. Мубарак ұлттық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экстремизмнің кез келген түрлеріне жол бермеудің маңыздылығын атап айтты және гуманизмнің дамуына діннің оң әсер беретінін атап өтті.

Кездесу барысында Алма-Ата қаласында Египеттің қаржысына ислам рухани-мәдени орталығы мен

фармацевтикалық фабрика құрылысын салу, Алма-Ата мен Каир арасында тікелей әуе қатынасының ашылуы, білім саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, египеттік дәрі-дәрмектерді Қазақстанға экспорттау туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы арасындағы қарым-қатынас негіздері туралы шартқа, Сауда-саттық келісіміне, экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық, инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау және т.б. туралы келісімдерге қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Египет Араб Республикасы Халық жиналысының төрағасы Ф. Сурормен және Египет Араб Республикасы Консультативтік кеңесінің төрағасы М.К. Хильмимен кездесті.

15 ақпан



Мемлекет басшысы Египет Араб Республикасына ресми сапары барысында Премьер-министр А. Сидькимен және египеттік бизнесмендер тобымен кездесті.

Әңгіме барысында екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша пікір алмасу болып өтті.

Сол күні Мемлекет басшысы египеттік журналистер үшін баспасөз конференциясын өткізіп, онда бұл жас егеменді мемлекеттің араб елдеріне жасаған алғашқы сапары екендігін атап айтты. Араб әлемімен рухани ортақтығы бар Қазақстан олармен үзіліп қалған байланыстарды қалпына келтіруге және ең тығыз достық саяси-экономикалық қатынастарды құруға тырысады.

17 ақпан

Мемлекет басшысы Египеттен Қазақстанға қайтар жолда Түркия Республикасына сәл ғана аялдап, осы елдің астанасы Анкара қаласында Түркияның Премьер-министрі С. Демирельмен кездесті және онымен екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

18 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті

Елшісі У.Х. Кортниді қабылдады. Ол Н.Ә. Назарбаевқа АҚШ Президенті Б. Клинтонның жолдауын жеткізді.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның СШҚ-1 туралы шарт пен оның Лиссабон хаттамасының міндеттемелеріне беріктігін тағы да растады. Сонымен қатар ол республика үшін қауіпсіздік кепілдіктері, сондай-ақ Қазақстан аумағындағы ядролық қаруды бөлшектеп, жоюға АҚШ қаржылық және техникалық көмегі қажеттігін атап айтты.

19 ақпан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлері одағының II съезіне қатысты.

Президент өнеркәсіпшілер мен өндіріс саласының қызметкерлеріне ТМД аясында мемлекетаралық экономикалық келісімдерді үнемі сақтамау жағдайында, ең алдымен, өз ресурстарына бағдар ұстап, ішкі нарық қажеттіліктерін қанағаттандыруды ұсынды.

Н.Ә. Назарбаев акциялардың бақылау пакетін мемлекетке қалдырып, қалған бөлігін еңбек ұжымдарының, сондай-ақ республиканың басқа тұрғындары арасында бөле отырып, мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлеу идеясын жақтайтынын растады.

Мемлекет басшысы өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлерді акционерлік бастамалармен мұнай және газ кен орындарын зерттеуге, оларды орналастыру мен көлік магистральдарын салуға белсендірек қатысуға шақырды. Республиканың шынайы отын тәуелсіздігіне қол жеткізудің ең маңызды міндеттерінің бірі ретінде Н.Ә. Назарбаев «Батыс-Шығыс» құбырының құрылысын атады.

22 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен үкіметтік делегацияны басқарып келген Украинаның Премьер-министрі Л.Д. Кучманы қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Украина арасында үнемі берік экономикалық және мәдени байланыстар болғаны қанағаттанарлық сезіммен айтылды және бұрынғы КСРО құлдырауы кезеңінде бұзылған әртүрлі салалардағы өзара тиімді байланыстарды қалпына келтіру қажеттігі атап өтілді.

Н.Ә. Назарбаев республика Украинаның пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын зерттеуге, мұнай өңдейтін объектілер құрылысына,

ауылшаруашылық шикізатын өңдеу бойынша бірлескен кәсіпорындар ұйымдастыруға қатысуына, Қазақстанға ауылшаруашылық техникасы мен тау-кен жабдықтарын жеткізіп беруіне мүдделі екенін атап көрсетті. Ынтымақтастық жасаудың басым салалары ретінде Н.Ә. Назарбаев жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, ғарыш кеңістігін игеруді атады.

Өз жағынан Л.Д. Кучма оның үкіметі Қазақстанның ТМД елдерінің арасындағы экономикалық байланыстарды қалпына келтіруге бағытталған интеграциялық саясатын мақұлдайтынын мәлімдеді. Украина халық тұтынатын тауарларды, жабдықтарды жеткізіп беруге және сонымен қатар бидайдың қатты сұрыптарын сатып алуға дайын. Н.Ә. Назарбаевтың екі мемлекет халқының арасындағы мәдени байланыстарды тереңдету туралы ұсынысын украиналық тарап жылы қабылдады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдау, теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастық, көлік, әуе қатынасы салаларындағы ынтымақтастық принциптері және т.б. туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

23 ақпан

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Израиль Мемлекетінің Төтенше және Өкілетті Елшісі Б. Кармельден сенім грамотасын қабылдады.



Мемлекет басшысы Қазақстан астанасының атқарушы және өкілетті органдарының басшыларын қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласының республика айнасы болып табылатынын атап айтты, осыған байланысты жергілікті әкімшілік, Кеңестер, үкімет жақын арада астананы барлық жағынан үлгілі ету үшін қажетті шаралардың бәрін қабылдауы тиіс.

24 ақпан

Мемлекет басшысы Әзірбайжан Республикасының Премьер-министрі міндетін атқарушы А.А. Масимов бастаған үкіметтік делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында экономикалық, саяси және әскери мәселелер бойынша пікір алмасу өтіп, екіжақты қатынастарды дамыту мүмкіндіктері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша сауда-экономикалық ынтымақтастық, несие және қарыз қатынастары, электр және пошта байланысы, көлік салаларындағы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

25 ақпан

Мемлекет басшысы Д.А. Қонаевты, ғалым-түрколог Х. Алтайды, жазушы Ә.К. Нұрпейісовті және Қазақстанның ерікті кәсіподақтар конфедерациясының президенті Л.З. Соломинді қабылдады.

Кездесу барысында республикадағы әлеуметтік-экономикалық ахуалмен, түбегейлі реформаларды жүргізумен, мәдениетті дамытумен, ұлттық дәстүрлерді жаңғыртумен байланысты өзекті проблемалар талқыланды. Сондай-ақ саяси және қоғамдық бірлестіктер қызметінің, олардың Қазақстандағы азаматтық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлінің мәселелері қозғалды.

Мемлекет басшысы «Қазақ КСР Ғарыш зерттеулер агенттігін Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі етіп қайта құру туралы» №1118, «Т.О. Әубәкіровті Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігінің бас директоры қызметіне тағайындау туралы» №1119, «Қазақ мемлекеттік экономика университетін Қазақ мемлекеттік басқару академиясы етіп қайта құру туралы» №1120 жарлықтарына қол қойды.

26 ақпан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен кездесті.

Кездесу барысында бірыңғай экономикалық және рубльдік кеңістік мәселелері, сондай-ақ Ресей мен Қазақстанның әскери ынтымақтастығына қатысты проблемалар талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Ақпан

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында бірыңғай қорғаныс кеңістігін құру, әскери-өнеркәсіп кешенінің, оның ішінде «Байқоңыр» ғарыш айлағының және екі елдің халық шаруашылығы мүдделеріндегі басқа да полигондардың әлеуетін пайдалану бойынша іс-қимылдарды үйлестіру мақсатында келісілген кедендік саясатты, әскери ынтымақтастықты қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Тараптар сондай-ақ несие-қаражат эмиссиясы және бюджет пен салық тапшылығының келісілген деңгейін ұстап тұру бойынша қосымша бірлескен шаралар қабылдау туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

НАУРЫЗ



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



2 наурыз

Мемлекет басшысы «А. Қалмырзаевқа, А. Қоразбаевқа «Қазақстан Республикасының халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №1122, «Мәдениет және өнер қызметкерлерінің бір тобына Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1123, «П.Н. Снаговскийге «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №1124, «З. Молдахметовке, А.Д. Фрезоргерге, О.А. Ханға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №1125, «Республика халық шаруашылығының бір топ қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1126, «А.Б. Базарбаеваға, С.М. Плешковаға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №1127, «Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасын жасау жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы» №1128, «Еңбек ұжымдары қызметкерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1129, «Н.Ж. Жақыпованы Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1130 жарлықтарына қол қойды.

3 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасының жобасы бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдары басшыларымен кеңес өткізді.

Президент кеңесті аша отырып: «Республика түбегейлі өзгерістер кезеңінде тұр және олардың өзекті бағыты мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру ісі болып табылады. Экономиканы реформалау, оны дағдарысты жағдайдан шығару меншікке деген көзқарасты түбегейлі өзгертпейінше мүмкін еместігі айдан анық», — деп мәлімдеді. — Бүгінгі таңда республикада мемлекеттік меншікті өзгерту процесінде бетбұрысты кезең туып отыр. Алғашқы кезеңде атқарылған жұмыс қоғамдық пікірді кең ауқымды жекешелендірудің қажет екенін түсінуге дайындады. Ал оны таяу жылдарда өрістету керек. Осыдан сәйкес мемлекеттік меншікті өзгертудің оңтайлы

ұйымдастырушылық формаларын құруға бағдарланған жаңа экономикалық стратегияны әзірлеу қажеттігі де туындады» (Қосымшаны қараңыз).

5 наурыз

Мемлекет басшысы «Алматыгороформление» комбинаты мен «Fannen fleck» неміс компаниясы өкілдері дайындаған әртүрлі мемлекеттердің атрибутикасымен танысты.

Әртүрлі мемлекеттік тулар, елтаңбалар, байрақтар, ордендер, медальдар, әскери қызметшілердің, ұлттық гвардияшылардың, полицейлердің, кеденшілердің және т.б. киімдері қаралды.

Президент 110 жыл осындай өнімдерді шығарумен айналысып келе жатқан неміс компаниясы Қазақстанмен қандай шарттар негізінде ынтымақтастық жасағысы келетініне, қазақстандық атрибутиканы жасауда қазақ халқының салт-дәстүрлерін, оның фольклорының ерекшеліктерін ескеру мүмкіндігіне қызығушылық танытты.

Мемлекет басшысы Халықаралық кооператив альянсының президенті Л. Маркусты қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев альянстың бүкіл әлем кооператорларын біріктіру бойынша қызметіне қанағаттанғандығын атап өтіп, қонақты республикадағы кооперация тарихымен және құрылымымен таныстырды.

Өз тарапынан Л. Маркус Қазақстанның ТМД мен Шығыс Еуропа елдері арасындағы экономикалық байланыстарды қалпына келтіруге бағытталған интеграциялық саясатын мақұлдайтынын атап айтты және қазақстандық әріптестеріне нарықты игеруде көмек көрсетуге әзір екендігін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Мемлекет басшысы «Хабарсыз кеткен және тұтқындағы әскери қызметшілерді іздестіру және босатып алу жөніндегі комиссия құру туралы» №1133, «Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға (II-

ші кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы туралы» №1135, «Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құру жөніндегі ұйымдастыру шаралары туралы» №1136, «Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» №1137, «Кешірім жасау туралы» №1146, «Қазақстан Республикасының Жоғары экономикалық кеңесінің тартылуы туралы» №1149, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті туралы» №1150, «Ақ сұңқар» мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясы туралы» №1152 жарлықтарына қол қойды.

6 наурыз

Мемлекет басшысы 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне орай баспасөз бетінде Қазақстан әйелдеріне арнап үндеу жариялады.

«Көктем мен жаңарудың басталғанын білдіретін осы күні сіздерге ең жылы, ең шынайы құттықтау әрі алғыс сөздерімді арнағым келіп отыр.

Ең мейірімге толы жарқын сәттер сіздеріңіздің есімдеріңізбен байланысты, қымбатты аналар мен әйелдер. Адам әлемнің және отбасының беріктігін, игілік пен ошақ жылуын сақтаудағы мәңгілік үмітін де сіздермен байланыстырады. Бүгін, қиын-қыстау сәттерді бастан өткеріп отырған кезеңде сіздердің мейірімділіктеріңіз бен кеңпейілділіктеріңіз, жан жылуымен емдеп жазу қабілеттеріңіздің біз үшін маңызы өте зор», — делінген құттықтауда.

Мемлекет басшысы Алматы облысы ауылшаруашылық қызметкерлерінің кеңесіне қатысып, онда ауыл шаруашылығындағы мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің ерекшеліктерін айтып берді.

9 наурыз



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының мүшелерін қабылдады.

Конституциялық соттың құқықтық мемлекет құрудағы рөлі мен орны туралы тыңғылықты әңгіме барысында барлық субъектілердің — Президент, парламент, үкімет, сот, прокуратура, барлық лауазымды

тұлғалар, әрбір азаматтың Негізгі заң мен басқа да заңдарды жалпыға бірдей әрі қатаң сақтамайынша бұл мақсатқа жетудің мүмкін еместігі атап өтілді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифі туралы» №1154, «Т.С. Қабдырахмановқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1155, «Т.С. Қабдырахмановты Қазақстан Республикасының Франция Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1156 жарлықтарына қол қойды.

10–20 наурыз

Мемлекет басшысы қысқа мерзімді демалыста болды.

20 наурыз

Мемлекет басшысы Наурыз мейрамына орай қазақстандықтарға арнап баспасөз бетінде құттықтау сөзін жариялады.

21 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға ТМД елдеріне турнесі аясында келген Ресей Федерациясы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Р.И. Хасбулатовты қабылдады.

23 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Германия Федеративтік Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі А. Браклоны қабылдады.

Әңгіме барысында екіжақты қатынастарды дамытудың, Қазақстан-Германия басшылықтарының кездесуі барысында қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалуы бойынша жұмыстарды белсендірудің кең ауқымды мәселелері талқыланды. Сондай-ақ Қазақстанда тұрып жатқан неміс ұлтты тұлғалардың істері жөніндегі комиссия құрудың маңыздылығы атап айтылды.

24 наурыз

Мемлекет басшысы «Dresser Industries» компаниясы басқармасының төрағасы, бас атқарушы директоры Дж. Мэрфи бастаған бір топ американдық кәсіпкерлерді қабылдады.

Әңгімелесу барысында Қазақстан Президенті экономиканы түбегейлі реформалау республика халқының 15% мемлекеттік емес секторда жұмыс істеуіне алып келгенін атап өтті.

Дж. Мэрфи, американдық іскер топтардың пікіріне сүйене отырып, Қазақстанда ТМД-ның басқа елдерімен салыстырғанда шетел капиталын тартуға айтарлықтай қолайлы жағдайлар жасалғанын мәлімдеді . «Dresser Industries» компаниясы Қазақстанға мұнай және газ өнеркәсібі үшін әртүрлі жабдықтарды, заманауи технологияларды ұсынып, геологиялық бақылау мен бірлескен кәсіпорындар құруға қатыса алады, — деп атап айтты Дж. Мэрфи.

Сол күні Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» корпорациясы басқармасының төрағасы К. Деррді қабылдады.

Кездесу барысында алдағы «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісімге қол қоюмен байланысты мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы өз жанындағы Кәсіпкерлерлік жөніндегі кеңестің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста Меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру ұлттық бағдарламасын іске асыру, халықтық тұтыну және азық-түлік тауарларын өндіру саласындағы шағын бизнесті дамыту және қолдау мәселелері қаралды.

25 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етіп, онда Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік басқару органдары лауазымды тұлғаларының тәртіп, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің жағдайы үшін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін арттыру туралы» қаулысының орындалу барысы мен одан әрі іске асыру шаралары туралы мәселесін қарады.

26 наурыз

Мемлекет басшысы Қызыл-Орда қаласында Ресей Федерациясының қатысуымен Арал теңізін сақтап

қалу проблемалары жөнінде өткен Орталық Азия және Қазақстан мемлекеттері басшыларының I конференциясын ашты.

Конференцияға сондай-ақ Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Тәжікстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Э.Ш. Рахмонов, Ресей Федерациясы Үкіметінің — Министрлер кеңесінің төрағасы Г.С. Хижа қатысты.

АҚШ-та ресми сапармен болған Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов конференциямен қабылданатын құжаттарға қосылуға келісім білдірді.

Конференцияны аша отырып, Н.Ә. Назарбаев «Мұндай бірлескен әңгіменің қажеттілігі баяғыда пісіп-жетілді. Алайда біз үшін маңыздысы сөз емес. Арал проблемасын шешудің идеялары жетіп жатыр. Теңізді құтқарудың жобаларының өзі ғана 200-ден астам болды. Біз олардың нәтижесіне мүдделіміз. Ол үшін бізде салыстырмалы түрде, таяуда ғана егемендік алған мемлекеттерге алдағы жұмысқа деген өз көзқарастарымызды тұжырымдап алу керек. Менің пайымдауымша, ондай көзқарас, ең алдымен, Арал маңына қоныстанған халықтардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысына негізделгені жөн.

Бүгінгі таңда экологиялық апат аймақтарынан ұлттық шекарамен бөліне алмаймыз. Сондықтан да Қызылордадағы кездесу біздің ынтымақтастығымызға жаңа сапалық серпіліс беріп, Арал өңіріндегі ахуалды жақсы жағына қарай өзгерту ұмтылысымызды іске асыруға мүмкіндік туғызуға тиіс.

Қазір бірлескен және келісілген шаралар қажет. Әмудария мен Сырдарияның сулары бізді бөлмеуге, қайта біріктіруге тиіс», — деп мәлімдеді (Қосымшаны қараңыз).

Конференцияға қатысушылар Арал теңізі бассейніндегі дағдарыстық жағдаймен байланысты кең ауқымды мәселелерді қарап, президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланған Аралды құтқару халықаралық қорын құру туралы шешім қабылдады, сондай-ақ Арал теңізі мен Арал маңы мәселелерін шешу, экологиялық сауықтыру және Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-қимыл туралы келісімге қол қойды.

29 наурыз

Мемлекет басшысы Ақмола облысының Ақмола қаласында өткен ТМД, Балтық және Закавказье мәндары елдері аграршыларының кеңесіне қатысты.

Кеңеске қатысушылар алдында сөз сөйлей келе, Президент кооперация саясатының қажеттігін атап өтті, онсыз экономиканың өзекті мәселелерін шешу мүмкін емес. «Біздің барлығымызға өмірдің өзі агроөнеркәсіптік кешендегі келісілген іс-қимыл жасау туралы кідіріссіз уағдаластыққа келу, өзара тиімді байланыстарды қалпына келтіріп, нығайту қажеттігін талап етіп отыр», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Қазақстан көшбасшысының ұстанымын толығымен қолдай отырып, кеңеске қатысушылар оған жуық арада болатын ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысында Ақмола қаласында қабылданған мемлекетаралық экономикалық қатынастардың құрамдас бөлігі ретіндегі ортақ аграрлық нарық құру жөніндегі құжаттарды бекіту туралы ұсыныс жасауын сұрады.

30 наурыз

Мемлекет басшысы Моңғолия Республикасының Сыртқы қатынастар министрі Ц. Гомбосурэнді қабылдады.

Ц. Гомбосурэн Моңғолияда Азиядағы бейбітшілікті нығайтуға бағытталған Қазақстанның түбегейлі саясатын жоғары бағалап, қолдайтынын, оны осы өңірдегі тұрақтылықтың маңызды факторы деп есептейтінін атап айтты. Ол сондай-ақ қазақтардың көші-қонына байланысты кейбір проблемалар туралы айтып берді.

Өз тарапынан Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның терең тарихи тамырлар байланыстыратын Моңғолиямен өзара тиімді қатынастарды дамытуға мүдделі екенін атап көрсетті және қазақтардың тарихи отанына оралуына байланысты мәселелерді бірігіп шешу қажеттігін айтты. «Бұл мәселеде, — деді ол, — біз Қазақстан Республикасы Конституциясына, заңына сәйкес әрекет етіп отырмыз және тұрғын үй қиындығы мен қаражаттың жетіспеушілігіне қарамастан, 40 мың адамды қабылдап үлгердік».

31 наурыз

Мемлекет басшысы Израиль Мемлекеті Ғылым және білім министрі Ш. Шитрит, Энергетика министрі А. Рубинштейн және Израиль Мемлекеті Кнессеті


төрағасының орынбасары О. Эли бастаған іскер топ өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге қатысты кең ауқымды мәселелер талқыланып, израильдік компаниялармен ауыл шаруашылығы саласында, азық-түлік өнеркәсібі және фармацевтикада бірқатар нысандарды салу мен қалпына келтірудің нақты жобалары қаралды. Делегация мүшелері сондай-ақ Қазақстанға Израиль Мемлекеті Кнессетімен бекітілген ірі мақсатты несие бөлінетінін хабарлады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының депутаттарын қабылдап, олармен ауыл шаруашылығының өзекті проблемаларын талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық қызметі туралы» №2052-XII, «Қазақстан Республикасының Су кодексі» №2061-XII, «Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу жайында» №2064-XII заңдарына қол қойды.

Сәуір



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	
Жк	4	11	18	25	



1 сәуір

Мемлекет басшысы «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №2066-XII, «Қосылған құнға салынатын салық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» №2068-XII, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1993 жылғы 1 сәуірдегі №2069-XII, «Қазақстан Республикасының бірқатар заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2071-XII, «Қазақ КСР сот құрылысы туралы» Қазақ КСР Заңына, Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексіне, Қазақ КСР Азаматтық істер жүргізу кодексіне, Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2073-XII заңдарына қол қойды.

2 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Түркия Республикасының елшісі А. Озпай мен Ресей Федерациясының елшісі Б.А. Красниковты қабылдады.

А. Озпаймен әңгімесінде Қазақстан мен Түркия арасында бұрын қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалу барысы талқыланды.

Б.А. Красниковпен кездесуде Ресеймен ТМД нығайту және Достастық елдерінің экономикалық ықпалдасуын күшейту бойынша бірлескен іс-қимылдарды одан әрі жалғастыру мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Әскери-теңіз күштерін құру туралы» №1158, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 12 қыркүйектегі №443 Жарлығының күші жойылған деп тану туралы» №1159, Белгіленген әскери қызмет мерзімін өтеген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару туралы және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1993 жылғы сәуір-маусым айларында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» №1160, «Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің Әскери кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1164 жарлықтарына қол қойды.

3 сәуір

Мемлекет басшысы «Алтын қоры мен Алмас қоры туралы» №2078-XII Заңына қол қойды.

5 сәуір



Мемлекет басшысы «Daewoo» оңтүстік кореялық корпорациясының президенті Ким У Джунды қабылдады.

Кездесу барысында Ким У Джунның Қапшағай қаласындағы пайдасыз робот зауытының орнына күрделі тұрмыстық техникалар — телевизордан бастап шаңсорғыштар мен олардың бөлшектеріне дейін шығаратын өндіріс ашу, сондай-ақ Ақмола қаласында халықаралықтан бастап ауылдыққа дейін автобустардың барлық түрлерін шығаруды ұйымдастыру туралы ұсыныстары талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жанында Тіл комитетін құру туралы» №1166 Жарлығына қол қойды.

6 сәуір

Мемлекет басшысы «Chevron Corporation» корпорациясы басқармасының төрағасы К. Деррді қабылдады.

Кездесу барысында 40 жыл мерзімге «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру туралы меморандумға қол қойылды.

«Chevron Corporation» корпорациясы, 1993 жылы Қазақстанмен бірлесе «Теңізшевройл» (ТШО) кәсіпорнын құрған, Қазақстанға жұмыс істеуге келген алғашқы шетелдік мұнай компаниясы. 1993 жылы компаниямен жасалған келісім-шарт бұрынғы кеңес кеңістігіндегі ең ірісі болды.

«Теңізшевройл» БК меморандумға қол қойған сәттен бастап 5 жыл бойы өзі жұмыс істейтін Атырау облысына 50 млн. доллар төлеу міндеттемесін өз мойнына алды. Аталған қаражат облыстың әлеуметтік даму жобаларына, оның ішінде ауыз сумен жабдықтау жүйесін жаңартуға және медициналық мекемелерге бағытталуы тиіс болатын. Бірлескен кәсіпорынның бүкіл әрекет ету мерзіміндег табыстарды бөлу 80%-ы Қазақстанға және 20%-ы «Chevron Corporation» корпорациясына тиесілі деп қарастырылған болатын. Одан басқа, кәсіпорын қызметкерлерінің 90%-ын жергілікті тұрғындар есебінен қалыптастыруға міндеттенді.

Мемлекет басшысы «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнының қызметі туралы» №1168 Жарлығына қол қойды.

7 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесі он екінші шақырылымы X сессиясының таңғы пленарлық отырысына қатысты.

Мемлекет басшысы «Қазақ КСР-індегі бағалы қағаздар айналымы және қор биржасы туралы» Қазақ КСР Заңына толықтырулар енгізу туралы» №2085-XII, «Қазақ КСР-індегі шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы» Қазақ КСР Заңына өзгеріс енгізу туралы» №2086-XII заңдарына қол қойды.

8 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамымен кездесті.

Кездесу барысында егеменді мемлекет армиясының қалыптасу проблемалары, әскери қызметшілерді әлеуметтік-құқықтық қорғау мәселелері талқыланды. «Республиканың әскери жағдайға әзір, елді, оның азаматтарын қорғау мүмкіндігі бар және өз белгілері бойынша саналы қажеттілік талаптарына жауап бере алатын Қарулы Күштері болуы керек», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев. Осыған байланысты Президент жас жеткіншек азаматтарды әскери қызметке дайындауды жақсарту және жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруді күшейту қажеттігін айрықша атап айтты.

Қазақстанның Қарулы Күштерінде әскери қызметтен өткен ТМД елдерінің азаматтары туралы айта отырып, Президент олардың құқықтары бұзылмайтынына және оларға әлеуметтік-құқықтық қорғау шараларының барлығы да тарайтынына сенімді кепілдік берді.

Мемлекет басшысы Қазақстанға осы елдегі денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдастырылуымен танысу мақсатында келген Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Мемлекеттік денсаулық сақтау хатшысы В. Боттомлиді қабылдады.

Мемлекет басшысы Оман Сұлтандығы Премьер-министрінің орынбасары Кейс бен Абдул Муним әл-Завави бастаған үкіметтік делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды. Осыған байланысты Оман делегациясының басшысы Қазақстанға 100 млн.доллар несие бөлінетінін, сондай-ақ мұнай тасымалдауға арналған «Теңіз-Новороссийск» құбырының құрылысын қаржыландыратынын хабарлады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2087-XII, «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2088-XII, «Қазақстан Республикасындағы концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» №2090-XII, «Қазақ КСР сыртқы экономикалық қызметінің негізгі принциптері туралы» Қазақ КСР Заңының күші жойылды деп тану туралы» №2091-XII, «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және Қазақстан Республикасының «Шаруа шаруашылығы туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2092-XII, «Жер салығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2093-XII, «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» Қазақ КСР Заңына толықтыру енгізу туралы» №2105-XII заңдарына қол қойды.

9 сәуір



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Түркия Республикасының Президенті Т. Озалмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар Қазақстан-Түркия қатынастарының кең ауқымды мәселелері, сондай-ақ өзекті халықаралық және өңірлік проблемалар бойынша пікір алмасты.

Т. Озал қазақстандық көшбасшының Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесін шақыру туралы бастамасына қолдау білдірді. Тараптар осы бастаманы алға жылжыту үшін және Азия құрлығында тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау тетігін жасау үшін тығыз ынтымақтастықта болу қажеттігін айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті Т. Озалмен бірге Алматы қаласында «Анкара» болашақ бесжұлдызды қонақ үй құрылысының орнына тас салу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы «Кәсіптік одақтар туралы» №2107-XII, «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» №2108-XII, «Қазақ КСР-індегі меншік туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2109-XII заңдарына қол қойды.

10 сәуір



Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Түркия Республикасының Президенті Т. Озалмен бірге Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында болып, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барды.

«Ахмет Яссауи есімі Түркияда танымал әрі құрметке ие. Түркияда 1993 жыл осы ұлы жазушы, философ әрі ғалымның жылы болып белгіленді», — деп, Тү Озал бүкіл елдердің мұсылмандары шет қалмай, кесенені қалпына келтіруге жұмыла атсалысатынына үміттенетінін білдірді.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев пен Т. Озал Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, оның барысында президенттерге университеттің құрметті профессорлары атақтары берілді.

Мемлекет басшысы «Жоғары білім беру туралы» №2110-XII Заңына қол қойды.

12 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен, Әзірбайжан Республикасының Президенті А. Эльчибеймен, Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросянмен Таулы Қарабақ айналасындағы ахуал жөнінде телефон арқылы сөйлесті.

Пікір алмасу барысында мемлекет басшылары Қазақстан мен Ресейдің әскери іс-қимылдарды тоқтату мен өңірдегі тыныштық пен тәртіпті қалпына келтіруге бағытталған белсенді бітімгершілік күштерін жалғастырудың дұрыстығымен келісті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту қоры туралы» №2112-XII, «Инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесі туралы» №2113-XII, «Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы» №2115-XII, «Шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдар туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2117-XII, «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде» №2118-XII, «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2120-XII, «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2122-XII, «Аренда туралы» Қазақ КСР Заңының күші жойылды деп тану туралы» №2123-XII заңдарына қол қойды.

13 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Бақылау палатасы туралы» №2131-XII, «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» №2133-XII, «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақстан Республикасы халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» №2136-XII заңдарына қол қойды.

14 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Қаскелең ауданына барды.

Президент алдымен «Ленинский» кеңшарының егістік алқаптарын қарап шығып, онда көкөніс өсіруге арналған тамшылатып суару технологиясын ендіру барысымен танысты.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев италиялық жабдықта жергілікті шикізаттан тері бұйымдарының сан алуан түрлерін өндіру ұйымдастырылған Қаскелең қаласындағы тон-тері комбинатында болды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы банкілер туралы» №2139-XII, «Валюталық реттеу ту-

ралы» №2141-XII, «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» №2143-XII, «Қазақ КСР-індегі кәсіпорындар туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2154-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «В.Б. Темірбаевқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1174, «В.Б. Темірбаевты Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілі (Елшісі) қызметіне тағайындау туралы» №1175, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №1177 жарлықтарына қол қойды.

15 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы X сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаевтың ұсынуы бойынша парламент С.Ә. Құрманғожинді — Венгрия Республикасындағы, Б.Қ. Тайжановты — Египет Араб Республикасындағы, И.Ә. Аманғалиевті — Әзірбайжан Республикасындағы, С. Батыршаұлын — Өзбекстан Республикасындағы, С.Т. Тұрсыновты — Германия Федеративтік Республикасындағы, Ә.М. Қырбасовты Бельгия Корольдігіндегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті елшілері етіп бекітті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» және «Қазақстан Республикасында Конституциялық сот ісін жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде» №2168-XII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Египет Араб Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» №1181, «Бельгия Корольдігінде Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» №1182, «Венгрия Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» №1183 жарлықтарына қол қойды.

16 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің бастамасы бойынша Беларусь Республикасының астанасы Минск қаласында шақырылған ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің кезектен тыс отырысына қатысты.

Саммит барысында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының президенттері Н.Ә. Назарбаев пен Б.Н. Ельциннің ТМД-ны нығайту, оның ішінде, ТМД елдері аумақтарында бірыңғай экономикалық кеңістік құру, өзара есеп айырысу үшін бірыңғай ұлтүсті валютаны айналымға енгізу, қауіпсіздік жүйесін жетілдіру бойынша ортақ ұсыныстары талқыланды.

«Бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы аумағындағы экономикалық кеңістікті қалпына келтіру қажет, — деп атап айтты Қазақстан Қазақстан Республикасының Президенті, — себебі республикалар Ресейсіз қалай өмір сүре алмаса, Ресей республикаларсыз да дәл солай өмір сүрмейді».

Саммит қорытындысы бойынша ТМД-ны одан әрі нығайту туралы хаттамалық шешім қабылданды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды.

ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

18 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Дүниежүзілік экономикалық форумның көшпелі сессиясына қатысты.

Президент, Қазақстанның шетел инвестицияларын салу және жоғары тиімді бірлескен өндірістерді құру саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенін атап айта келе, Алматы қаласында ДЭФ сессиялары Ыстамбұл және Давос қалаларындағыдай жыл сайынғы тұрақты өткізіліп тұратын акцияларға айналса екен деген тілегін білдірді (Қосымшаны қараңыз).

19 сәуір

Мемлекет басшысы 1993 жылғы 26 наурызда Орта Азия және Қазақстан мемлекеттері

басшыларының қызыл-ордалық конференциясында құрылған Мемлекетаралық Аралды құтқару қоры басқармасының бірінші отырысына төрағалық етті.

«Арал маңындағы саламатты экология, тұрғындардың қалыпты өмірі үшін күрес барлығымызды біріктіруі керек», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев және оған мемлекеттік құрылымдармен қатар, қоғамдық қозғалыстар да белсенді қатысса екен деген тілегін жеткізді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Түркия Республикасының Елшілігіне барып, Түркия Президенті Т. Озалдың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

20 сәуір

Мемлекет басшысы Түркияның астанасы Анкара қаласында Түркия Республикасы Ұлы ұлттық жиналысы Бас кеңесінің азалы отырысына қатысты.

Мемлекет басшысы Түркия Республикасы Президентінің резиденциясына барып, марқұмның жұбайы С. Озалға, оның туыстары мен жақындарына көңіл айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Премьер-министрі С. Демирельмен екіжақты кездесу өткізіп, онда екі мемлекет ынтымақтастығының перспективалары талқыланды. С. Демирель Түркияның Қазақстанға қатысты бағытының өзгермейтіндігіне сендірді.

21 сәуір

Мемлекет басшысы Түркияның астанасы Анкара қаласында Түркия Республикасының Президенті Т. Озалмен қоштасу ресми рәсіміне қатысты.

Сол күні Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының Президенті Р. фон Вайцзеккермен, Америка Құрама Штаттарының вице-президенті А. Гормен, Әзірбайжан Республикасының Президенті А. Эльчибеймен, Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросянмен, Грузия Республикасы

Парламентінің төрағасы Э.А. Шеварднадземен, Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі А. Велаятимен, АҚШ бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкермен және т.б. екіжақты кездесулер өткізді.

Мемлекет басшысы облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдіктерінің басшыларына, министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың жетекшілеріне келе жатқан Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне байланысты үндеуін жолдады.

«Кеңес Социалистік Республикалар Одағының құлауына және егемендік алуымызға байланысты қоғамдық құндылықтар жүйесінің қайта бағалануына қарамастан, 9 мамыр әрбір қазақстандықтың жүрегінде мәңгілік ең жарқын күндердің бірі болып қала бермек. 9 мамыр мерекесі ардагерлердің жүректерін үміт пен сенімге толтырып, ертеңгі күнге сенімділік ұялатуы тиіс. Біздің парызымыз — оны тарихымызға, аға ұрпаққа, соғыс және еңбек ардагерлеріне деген құрмет белгісімен атап өту», — делінген үндеуде.

23 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанның шаруа қожалықтары басшыларымен кездесті.

Президент сөйлеген сөзінде агроөнеркәсіптік кешенде басталып кеткен жаңғыртулар қиындықтармен болса да, жүріп жатқанын атап өтті. Өз сөзінің дәлелі ретінде ол республика бойынша 11 мыңнан астам шаруа қожалықтары құрылғанын мәлімдеді.

«Мемлекет, — деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев, — фермерлік шаруашылыққа қатысты өз саясатын мақсатты түрде құрып жатыр, оны дамыту үшін қажетті құқықтық кепілдіктер жасалған. Заңдар жаңа жеке меншік шаруашылықтардың құрылуына тікелей жәрдемдеседі. Шаруалар ұжымнан шығу құқығын алып, жекешелендіру барысында жер телімін иеленеді. Ал үкімет оларға жан-жақты көмек көрсетуге кепілдік береді».

Н.Ә. Назарбаевтың мәлімдеуі бойынша, АӨК кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алып, жекешелендіруді 1993–1995 жылдар ішінде еңбек ұжымдарының мүшелеріне үлестерін немесе телімдерін анықтай отырып, жеке меншікті сату арқылы аяқтау белгіленіп отыр.

Мемлекет басшысы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің төрағасы, Швеция Корольдігінің Сыртқы істер министрі М. Углас бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның ЕҚЫК қатысуы және олардың ұйымның қатысушы елдерінің нарықтық экономикаға өту тәжірибесін пайдалануы туралы әңгіме қозғалды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьяларына біліктілік сыныптарын беру туралы» №1185 Жарлығына қол қойды.

24 сәуір

Мемлекет басшысы АҚШ астанасы Вашингтон қаласында ХҚДБ аясында ашылған «Арал теңізінің дағдарысы: ұсынылып отырған іс-қимыл құрылымы» атты халықаралық семинарға қатысушыларға үндеуін жолдады.

«Апат ауқымын айқын түсіне отырып, Орталық Азияның басқа да елдері секілді Қазақстан да Халықаралық қайта құру және даму банкінің орын алған жағдайдан шығудың оңтайлы жолдарын табу жөніндегі ниетін ризашылықпен қабылдады», — делінген үндеуде.

Үндеуде Арал апатының жаһандық ауқымына назар аударылды және семинар қорытындысының тиімділігіне сенім артылды.

26 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Австрия Республикасының Федералды канцлері Ф. Враницкийді қабылдады.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Австрияның кредит беру, сондай-ақ Қазақстан аумағында бірлескен кәсіпорындар құру мүмкіндігі қаралды. Ынтымақтастықтың осындай деңгейі Н.Ә. Назарбаевтың 1992 жылғы 19–20 ақпанда Австрияға жұмыс сапары кезінде қол жеткізген уағдаластықтар қорытындысының арқасында мүмкін болғанын тараптар ризашылықпен атап өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қарағанды металлургия комбинатын қалпына келтіруге арналған

инвестициялар туралы меморандумға және Алматы мен Вена қалаларының арасындағы әуе қатынасы туралы келісімге қол қойылды.

Күн соңында Мемлекет басшысы Австрия Республикасының Федералды канцлері Ф. Враницкиймен бірге Қазақстан мен Австрияның іскер орта өкілдерімен кездесті.

Мемлекет басшысы «С.Т. Тұрсынов туралы» №1187, «С.Ш. Ақымбеков Талды-Қорған облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1188, «И.Ә. Аманғалиевқа Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1189, «С. Батыршаұлына Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1190 жарлықтарына қол қойды.

28 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында «Самал» шағын ауданындағы 10,5 мың орынға есептелген жабық спорттық кешеннің құрылысы барысымен танысты.

29 сәуір

Мемлекет басшысы Отан қорғаушылар күні қарсаңында Алматы қаласының жанында орналасқан әскери бөлімдердің біріне барып, оның жеке құрамын келе жатқан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 1 жылдығымен құттықтады (Қосымшаны қараңыз).



МАМЫР



Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	


YAMAHA
Maruben
UBOTA L245-II

1 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республика алаңында өткен 1 мамыр мерекесіне арналған мерекелік шараларға қатысты.

3 мамыр

Мемлекет басшысы «I-Chou» гонконгтік компаниясының президенті Чжуан Юнцзиньді қабылдады.

Кездесу барысында Гонконг кәсіпкерлерінің қазақстандық экономикаға инвестициялар құю мәселелері қаралды.

Сол күні Мемлекет басшысы Швейцариялық банктер одағы басқармасының төрағасы Н. Сенн бастаған Швейцария Конфедерациясының кәсіпкерлер тобын қабылдады.

Кездесу барысында ірі инвестициялық жобалар бойынша сараптық консультациялар ұйымдастыру, жаңа алтын өндіру кен орындарын игеру және аффинажды өндірісті ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

4 мамыр

Мемлекет басшысы Абай атындағы Алматы қалалық қорының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Президент Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына орай өтетін мерекелік шаралар үлкен мәдени оқиға ғана емес, Қазақстан егемендігінің қалыптасуына, әлемдік аренада оның беделінің артуына жәрдемдесетінін атап айтты. «Қазақстан ЮНЕСКО-ға 1995 жылы дүниежүзілік Абай жылын өткізу туралы ұсынысын жасады», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы өз кітаптарын шетелде басып шығаруының қаламақысы ретінде алған 100 мың доллар мөлшеріндегі алғашқы жарнасын Абай атындағы қорға салып, осы қаражат Абай шығармаларының ағылшын тіліндегі аудармаларын дайындауға бағытталатын болсын деген тілек білдірді.

5 мамыр

Мемлекет басшысы «Дәуір» республикалық газет-журнал баспасына барып, мерзімдік басылымдарды басып шығару үдерісімен танысты және цехтағы полиграфистермен әңгімелесті.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанның республикалық бұқаралық ақпарат құралдары басшыларын қабылдады.

Олардың алдында сөз сөйлей келе, Президент адамдар психологиясын, олардың саяси және экономикалық үдерістерге деген қатынасын түбегейлі өзгертетін маңызды өзгерістер жағдайында бұқаралық ақпарат құралдары үкіметке дағдарысқа қарсы бағдарламаны орындауға адамдарды жұмылдыруға жәрдемдессе, Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің қабылдаған заңдарын барынша белсенді түрде түсіндірсе, оларға деген құрмет сезімін, құқықтық нормалар бойынша өмір сүруге ұмтылысын қалыптастырса, нарыққа көшу жеңілірек әрі табыстырақ болар еді деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы фашистік Германиядағы Жеңістің 48 жылдығы мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына бір жыл толуына орай астаналық горнизон әскери қызметшілерінің, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің және жұртшылық өкілдерінің салтанатты жиналысына қатысты.

Президент КСРО құлағаннан кейін егеменді мемлекеттердің құрылуы және олардың ұлттық армияларын құруы Қазақстанды өз Қарулы Күштерін құру қажеттігіне міндеттегенін атап айтты. Бұл ретте, Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әскери доктринасы ТМД елдерінің әскери доктринасын ескере отырып, бірлескен қорғаныс міндеттерін шешу барысында олармен көпжақты және екіжақты шарттар мен келісімдер негізінде ынтымақтастық жасауды көздейтінін ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысы «1941–1945 жылдардағы Ұлы отан соғысына қатысушы Кеңес Одағының батырлары мен Даңқ орденінің толық иегерлеріне қосымша жеңілдіктер туралы» №1194, «Ю.В. Коваленкоға, Ф.И. Щербаковқа, А.Ғ. Есенғұловқа, Ә.Х. Қасымовқа және С.Ж. Темірбековке жоғары офицер құрамы әскери атақтарын беру туралы» №1195, «С.Қ. Нұрмағамбетовке армия генералы әскери атағын беру туралы» №1196 жарлықтарына қол қойды.

6 мамыр



Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, Шамалған ауылындағы Д.А. Фурманов атындағы орта мектепке барды және сыныптарды қарап шығып, ұстаздармен, оқушылармен кездесті.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев мектепке өзіне Түркия Республикасының Президенті Т. Озал сыйлаған телевизор мен бейнемагнитофонды және Германия Федеративтік Республикасына сапары кезінде алған «Mercedes» жүк автокөлігін, жеке кітапханасынан 500 кітапты сыйға тартты.

7 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Үндістан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі К. Шарманы қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан-Үндістан ынтымақтастығының жай-күйі мен перспективалары талқыланды. Осыған байланысты қолда бар үкіметаралық құжаттарды белсендіру қажеттігі атап өтілді.

Мемлекет басшысы Қазақстанға Алматы қаласында банк өкілдігінің ашылуына орай келген «Deutsche Bank» неміс банкінің бірінші вице-президенті Г. Круппты қабылдады.

Президент Қазақстан астанасында «Deutsche Bank» өкілдігінің ашылуы — өзара тиімді экономикалық байланыстардың белсенді түрде арта түсуінің тағы бір дәлелі екенін атап айтты. «Республика үкіметі банкпен кеңінен ынтымақтастық орнатуға дайын», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев. Осындай ынтымақтастықтың басым бағыттары ретінде Мемлекет басшысы шағын және орта бизнеске инвестициялар салуды, өнеркәсіп қалдықтарын пайдалануды, асыл металдардың жаңа кен орындарын зерттеуді, темір жол трансмагистралінің құрылысын, басқа да жобаларды атады.

Өз тарапынан Г. Крупп неміс банкирлерінің Қазақстанды ортаазиялық өңірде ең тұрақты мемлекет ретінде қарастыратынын мәлімдеді, бұл жалпы Батыстың іскерлік ортасын Қазақстанмен экономикалық байланыстарды арттыра түсуге бағыттайды.

Сол күні Мемлекет басшысы өз жарлығымен генералдық атақтар берілген бір топ әскери қызметшілерді қабылдап, оларды Жеңіс күнімен және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 1 жылдығымен құттықтады және погондар табыс етті.

8 мамыр

Мемлекет басшысы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 1 жылдығына арналған астаналық гарнизонның әскери шеруін қабылдады.

9 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы 28 гвардиялық-панфиловшылар саябағында Даңқ мемориалы алдындағы Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою салтанатты рәсіміне қатысты.

11 мамыр

Мемлекет басшысы идеология мәселелері жөніндегі республикалық кеңеске қатысты.

Өзінің «Қоғамдық идеялық тұрғыда ұйыстыру — Қазақстан дамуының басты шарты» атты баяндамасында Президент осы заманғы кезеңде саяси жұмыстың өзегі бола алатын саяси бірігу, қоғамдық ілгерілеушілік және әлеуметтік сериктестік идеясын талқылауды ұсынды.

Н.Ә. Назарбаев республикада тұратын ұлттар мен халықтардың ерекшеліктеріне сәйкес өтінімдерін зерттеу мәселелерін қамтитын өтпелі кезеңге арналған Қазақстанның ұлттық саясатының бірыңғай тұжырымдамасын дайындау қажеттігін атап айта отырып, азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайтуды Қазақстанның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі ретінде жариялады.

«Қоғамды біріктіру жөніндегі жұмыстағы тағы бір маңызды бағыт, — деп атап өтті Мемлекет басшысы, — қазақстандық патриотизм идеясы болуы тиіс. Қоғамда бір ғана қарапайым ойды бекіту керек: Қазақстан — біздің Отанымыз. Қай ұлт болса да әрбір азаматтың парызы, ең алдымен, біздің ортақ үйімізде достық қатынасты өзі сақтауы қажет».

Содан соң Н.Ә. Назарбаев құқықтық мәселелерге және, ең алдымен, республикадағы құқықтық мәдениет пен құқықтық реформаға егжей-тегжейлі

тоқталып өтті, онсыз бірігу де, қоғамдық іллерілеушілік те, әлеуметтік серіктестік те іске аспайды.

Республиканың экономикалық саясатының негізгі қағидаттары туралы айта келе, Мемлекет басшысы күн тәртібіне әлеуметтік серіктестік, жеке меншік иелерінің ауқымды тобының, осы заманғы өркениеттің, демократия мен қоғамдық-саяси тұрақтылықтың нақты тірегі болып табылатын оргаша таптың дәйекті түрде қалыптасуының идеясы шығарылып отырғанын атап айтты. Мемлекет басшысы сөзінің соңында: «Ғасырлар бойғы ұлттық салт-дәстүр мен қоғамдық-мемлекеттік ерекшеліктерді жоққа шығармайтын жалпыжаһандық құндылықтарды тірек ете отырып, елдің әлемдік өркениет арнасына кіру идеясы жаңарудың негізі болуы тиіс», — деп мәлімдеді (Қосымшаны қараңыз).

13 мамыр



Мемлекет басшысы «Hanwha Corporation» оңтүстік кореялық корпорациясының президенті Ким Че Вон бастаған өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында шетелдік кәсіпкерлер Қазақстан экономикасындағы телекоммуникация, электр стансасы құрылысы, металлургия, мұнай өңдеу өнеркәсібі тәрізді салаларының бірінші кезекті дамуына мүдделіліктерін белгіледі.

Өз тарапынан Н.Ә. Назарбаев жақын арада республикада нақты жекешелендіру жобалары, бірлескен өнеркәсіптік кәсіпорындар салу бойынша алдымен дайындық жұмыстары басталатынына, содан кейін іске асыру жүргізілетініне үмітін білдірді.

Мемлекет басшысы «С. Батыршаұлын Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1197 Жарлығына қол қойды.

14 мамыр

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында ТМД Үйлестіру-консультациялық комитетін және Атқарушы хатшылығын құру туралы келісімге қол жеткізілді, сондай-ақ Экономикалық одақ құру қажеттігі туралы декларация қабылданып, онда отырысқа қатысушылар терең ықпалдасу жолымен жүруді, еркін тауар, капитал, қызметтер

айналымына арналған ортақ нарық құруды шешкендігі туралы мәлімдеді.



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды.

ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

Мемлекет басшысы «Б.Қ. Тайжановқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1201, «Б.Қ. Тайжановты Қазақстан Республикасының Египет Араб Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1202, «Е.Ж. Дербісовті және Б.І. Ізтілеуовті Қазақстан Республикасының Халықаралық қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіне тағайындау туралы» №1203, «Ғ.Б. Байназаровты және О.Ә. Жандосовты Қазақстан Республикасынан Еуропа қайта құру және даму банкінің Басқарушылар кеңесіне тағайындау туралы» №1204, «Ғ.Б. Байназаровты Қазақстан Республикасынан Халықаралық валюта қорының Басқарушылар кеңесіне тағайындау туралы» №1205 жарлықтарына қол қойды.

18 мамыр

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті болып сайлануына байланысты С. Демирельге құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Д.Х. Сембаевты Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Үйлестіру-консультациялық комитетінің құрамына тағайындау туралы» №1206, «Кешірім жасау туралы» №1207, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №1211 жарлықтарына қол қойды.

19 мамыр



Мемлекет басшысы Түрікменстанда мемлекеттік сапармен болып, осы елдің астанасы Ашғабад қаласында Президент С.А. Ниязовпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында саяси, сауда-экономикалық және әскери салалардағы екіжақты байланыстарды күшейту мүмкіндіктері талқыланды. Тараптар сондай-ақ экологияны және Каспий теңізінің биоресурстарын сақтау мақсатында Каспий маңы мемлекеттерінің ынтымақтастығын белсендіру туралы ойларымен бөлісті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы достық қатынастар туралы шартқа, сондай-ақ мұнай өңдеу өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы, көлік пен байланыс саласындағы өзара қатынастардың негізгі принциптері туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.



Сол күні Мемлекет басшысы Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязовпен бірге түрікмен көшбасшысының Ашғабад қаласына жақын орналасқан отаны — Қыпшақ ауылында жаңа мешіттің алғашқы тасын салды, сондай-ақ түрікмен поэзиясының классигі, Шығыстың ұлы гуманист ойшылы Мақтұмқұлының туғанына 260 жыл толуына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

20 мамыр

Мемлекет басшысы Түрікменстанға мемлекеттік сапары барысында Президент С.А. Ниязовпен бірге Красноводск қаласына барып, Красноводск теңіз портын қарап шықты және оны мемлекетаралық тасымалдауларды жүзеге асыру үшін пайдалану мүмкіндіктерін талқылады, сондай-ақ қала тұрғындарымен және қазақ диаспорасының өкілдерімен кездесті.

21 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан инженерлерінің I съезіне қатысты.

Съезд делегаттары алдында сөйлеген сөзінде Президент Қазақстанның әлемдік нарыққа шығу стратегиялық міндетінің аясында «экономиканы өзгертуге инженерлік күштердің шоғырлануы егеменді Қазақстанның технологиялық серпін алуына ықпал жасайтынын» атап айтты.

22 мамыр



Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған жапон өнеркәсібінің көрмесін тамашалады.

Көрмені ұйымдастырушылармен және фирма өкілдерімен әңгімесінде Президент екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың мүмкіндіктері мен перспективаларын талқылады. Жапондық кәсіпкерлер Қазақстанда оларды қоғамдық-саяси тұрақтылық, табиғи бай ресурстары қызықтыратынын, сондықтан да олар өз инвестицияларын қазақстандық экономиканың түрлі салаларына салуға әзір екендіктерін атап айтты.

25 мамыр



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Үндістан Республикасының Премьер-министрі Н. Раомен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты сауда-экономикалық байланыстарды дамытудың жай-күйі мен перспективалары, дипломатия, маркетинг, банк ісі мен ауылшаруашылық салалары бойынша қазақстандық кадрларды даярлау мәселелері талқыланды.

Үндістанның Премьер-министрі сондай-ақ өз елінің Үкіметі қабылдаған Қазақстанға бірлескен кәсіпорындар құру мен үнді тауарларын сатып алуға 10 млн. доллар кредит беру туралы шешімі жайында хабарлады. Одан басқа, Н. Рао Н.Ә. Назарбаев қолдау көрсеткен екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелерін шешу бойынша арнайы комиссия құру туралы ұсынысын айтты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданды, сондай-ақ Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға, Инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы келісімге, Ғылым мен технология саласындағы келісімге және т.б. қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Еуропа қайта құру және даму банкіне мүшелігі туралы» №1212 Жарлығына қол қойды.

26 мамыр

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы орталық мешітінде өткен чартерлік авиарейспен Сауд Араби-

ясы Корольдігіне Мекке қаласындағы қасиетті жерлерге қажылық жасау үшін аттанатын Қазақстанның 120 азаматына шетел төлқұжаттарын салтанатты тапсыру рәсіміне қатысты.





Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Ташкент қаласында Президент И.А. Каримовпен кездесті және онымен бірге өзбек астанасының орталығында орналасқан Төле би мен Шайхантахур кесенесіне барды.

Содан соң шағын құрамда болып өткен келіссөздер барысында екі елдің экономикалық және мәдени салалардағы ынтымақтастығын дамыту перспективалары талқыланды. Сұхбаттасушылар қазақ пен өзбек халықтарын ғасырлар бойғы достық қатынастар, ортақ салт-дәстүрлер біріктіретінін атап өтті. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев И.А. Каримовты Қазақстанның XVIII ғасырдағы белгілі мемлекет қайраткерлері — Төле би, Қазыбек би және Әйтеке биді еске алу күндеріне қатысуға шақырды.

27 мамыр

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Жұмыс сапарының бағдарламасы Сайрам ауданына барудан басталды, онда Президент Ақсу ауылындағы дәнекерлеу электродтарын шығаратын германиялық жабдықтармен жабдықталған «Электрод» АҚ зауытын аралап көрді, сондай-ақ «Жеңіс» ұжымшарының көкөніс алқаптарында болып, осында ендірілген тамшылап суарудың израильдік озық технологиясымен танысты.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Алғабас ауданына барып, «Домалақ ана» мемориалды кешенін көрді және диқандардың облыстық кеңесіне қатысты.

Түстен кейін Президент Шымкент қаласына келіп, «Шымкент қорғасын зауыты» АҚ мен «Сенім» Қазақстан-австриялық бірлескен кәсіпорнының қызметімен танысты.

28 мамыр

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Өзбекстан



Республикасының Президенті И.А. Каримовпен және Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен бірге Ордабасы шатқалында өткен Қазақстанның XVIII ғасырдағы белгілі мемлекет қайраткерлері — Төле би, Қазыбек би және Әйтеке биді еске алу күндеріне қатысты.

Салтанатты шараларға Оңтүстік Қазақстанның 100 мыңға жуық тұрғындары, республиканың барлық облыстарынан, Алматы мен Ленинск қалаларынан келген делегациялар, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Достастықтың басқа да елдерінен меймандар қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде үш ұлы бидің ерлік өмірі мен қызметі ұрпақтарына үлгі боларлық лайықты сабақ бергенін атап айтты. «Дана билер біздің санамызға өте қарапайым, сонымен бірге ұлы ақиқатты: іс жүзіндегі әрбір қадамымызды теңестіруге тиісті ұлттық мүдде, жалпыхалықтық мақсат дамуымыздың қуатты жасампаз күші болып табылатынын сіңдіре білді, — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев. — Қазақстан — осы ұлан-байтақ өңірді мекендеп жатқан барша ұлт пен ұлыстың ортақ Отаны деген қарапайым да қастерлі қағиданы бүгінгі адамдардың да, келер ұрпақтық да санасынан бір сәтке шығармауымыз керек» (Қосымшаны қараңыз).

Сөзінің соңында Президент «Ордабасы» Ұлттық тарихи-мәдени қорығын құру туралы қаулысын жариялады.

31 мамыр

Мемлекет басшысы ТМД қатысушы мемлекеттерінің сыртқы экономикалық ведомстволары басшылары кеңесінің II отырысына қатысушыларды қабылдады.

Қазақстан Президенті іске біліксіздікпен кірісу, келісушіліктің болмауы үкіметтер мен ведомстволар арасында проблемалар туғызған ТМД нарығындағы іс жағдайына алаңдаушылығын білдірді.

МАУСЫМ



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 маусым



Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Грузия Республикасы Парламентінің төрағасы Э.А. Шеварднадземен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері, сондай-ақ халықаралық және мемлекетаралық бірлестіктер аясындағы іс-қимыл туралы пікір алмасу болып өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Грузия Республикасы арасындағы өзара қарым-қатынастың негіздері туралы шартқа, Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесі мен Грузия Республикасының Парламенті арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге, ғылыми-техникалық ынтымақтастық, электр қуаты, пошта байланысы, әуе қатынасы, халықаралық автомобиль қатынасы, мәдени және гуманитарлық ынтымақтастық туралы және т.б. үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

2 маусым



Мемлекет басшысы Алматы қаласы бойынша жұмыс сапарын жасап, оның барысында дипломатиялық миссия мен шетелдік фирмалар қызметкерлеріне арналған тұрғын үй құрылысының барысымен танысты.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің құнды қағаздарды, акция бланкілерін және чектерді шығару бойынша арнайы учаскесінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

3 маусым

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының Экономикалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі министрі К.-Д. Шпрангер бастаған үкіметтік делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында екі мемлекет арасындағы жанжақты байланыстардың жай-күйі мен перспективалары талданды. «Қазақстан экология, кадрларды даярлау және қайта даярлау, халықты әлеуметтік қорғау салаларындағы ірі жобаларды іске асыруға әзір», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Куба Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Р. Гуаспаны қабылдады.

Әңгімелесу барысында екіжақты сауда-экономикалық қатынастардың жай-күйі мен перспективалары талқыланып, осы саладағы бұрын қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру бойынша қосымша шаралар белгіленді.

Дипломат Мемлекет басшысына Куба Республикасының Президенті Ф. Кастроның Кубаға ресми сапармен келуге шақыру туралы жеке жолдауын жеткізді.

4 маусым

Мемлекет басшысы Корея Халықтық-Демократиялық Республикасы Жоғарғы халықтық жиналысы Тұрақты кеңесінің төрағасы Ян Хен Соб бастаған КХДР ресми делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында Президент екі ел арасында жақсы қарым-қатынас орнату үшін барлық негіз бар екенін атап айтты, бұл ретте, КХДР-дың Ядролық қаруды таратпау туралы шарттан шығу жөніндегі шешімі Қазақстанның алаңдаушылығын тудырғанын атап өтті.

Өз тарапынан Ян Хен Соб, өз елінің екіжақты қатынастарды орнату мен одан әрі дамытуға мүдделестігін мәлімдей келе, Н.Ә. Назарбаевты КХДР-ға ресми сапармен келуге шақырды.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Палестина Мемлекетінің Елшісі М.А. Таршахани мен Жапония Елшісі А. Мацуиден сенім грамоталарын қабылдады.

5 маусым

Ресейлік «Известия» газетінде Мемлекет басшысының мемлекетаралық қатынастар саласындағы кең ауқымды интеграциялық бастамаларды жасап шығару туралы сөз болған сұхбаты жарияланды.

Президент атап өткендей, «посткеңестік кеңістіктің интеграциялану перспективаларына деген жаңа тұжырымдамалық жол бізге ынтымақтастықты төменнен, экономикадан, өмірдің жекелеген сала-

болып өтті. А.А. Ақаев сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевты Қырғызстандағы ұлттық валюта енгізілгеннен кейінгі ішкі саяси ахуал, әлеуметтік-экономикалық және қаржылық жағдай туралы хабардар етті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа, сондай-ақ бірқатар үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1216, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №1217 жарлықтарына қол қойды.

8 маусым

Мемлекет басшысы «Mitsubishi Corporation» корпорациясы Директорлар кеңесінің төрағасы М. Синреку бастаған Жапония кәсіпкерлерінің өкілдік делегациясын қабылдады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев жапондық бизнесмендер делегациясының мүшелерін Қазақстанның экономикалық және зияткерлік мүмкіндіктерімен таныстырды.

9 маусым

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Италия және басқа да елдердің ірі мұнай-газ өндіруші компанияларының бір топ жетекшілерін қабылдады.

Кездесу барысында Каспий теңізі түбінің қазақстандық бөлігін геологиялық барлау бойынша бағдарламаны іске асыру үшін халықаралық консорциум құру туралы келісімге қол қойылды.

Консорциум құрамына «Қазақстан-Каспийшельф» ААҚ, «Agip KCO» (Италия), «British Gas» (Ұлыбритания), «British Petroleum» (Ұлыбритания), «Statoil» (Норвегия), «Mobil-Oil» (АҚШ), «Shell Exploration BV» (Нидерланды) және «Total S.A.» (Франция) корпорациялары кірді.

Мемлекет басшысы Жаңа тәуелсіз мемлекеттерге қатысты АҚШ саясатының арнайы үйлестірушісі, арнайы тапсырмалар жөніндегі елшісі С. Тэлботт бастаған Америка Құрама Штаттарының делегациясын қабылдады.

10 маусым

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында облыспен танысу мақсатында келген американдық кәсіпкерлер тобын қабылдады.

Кездесу барысында өңірдің даму перспективалары мен ірі американдық компаниялардың инвестицияларын Қазақстан экономикасына тарту мәселелері талқыланды.

11 маусым

Мемлекет басшысы «С.Ә. Құрманғожинді Қазақстан Республикасының Венгрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1222, «И.Ә. Аманғалиевты Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1223 жарлықтарына қол қойды.

12 маусым

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Марқакөл ауданының әкімшілік орталығы — Алексеевка ауылына барып, жыл сайынғы облыстық ауылдық спорт ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

14 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Саха Якутия Республикасының Президенті М.Е. Николаевты қабылдады.

Әңгіме барысында Н.Ә. Назарбаев пен М.Е. Николаев екі республика арасындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін және өзара қызығушылық танытқан басқа да мәселелерді талқылады.

15 маусым

Мемлекет басшысы өз жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңесінің бірінші отырысына төрағалық етті.

Отырысты аша отырып, Президент жас егеменді республика саясатының негізін анықтаудың ерекше маңыздылығын атап айтты және мемлекеттік саясаттың міндеттерін тұжырымдады, республика егемендігінің дәйекті түрде тереңдей түсуі, экономикалық дағдарыстың жылдам еңсерілуі,

қазақстандықтардың лайықты өмірін қамтамасыз ету олардың сәтті шешілуіне тікелей байланысты.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ барлық деңгейдегі Халық депутаттары кеңесі құрамының өкілеттік мерзімінің аяқталуын ескере отырып, сайлау туралы жаңа заңды дайындап, қабылдау қажет екенін атап айтты.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 маусымдағы қаулысымен құрылған кеңесші орган.

Кеңестің басты міндеті қоғамның әлеуметтік-саяси реформациясының ғылыми дәлелденген тұжырымдамалық негіздерін жасау, халықтың демократиялық дәстүрін қалыптастыру, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың тұрақтылыққа, этникааралық келісім мен азаматтық татулыққа қол жеткізудегі қызметі бойынша жұмыстарды үйлестіру.

Мемлекет басшысы Қазақстанға дінаралық қатынастар мен дін басыларымен тікелей байланыстар орнату үшін келген Египет Араб Республикасының Дін істері және вакуфтар (діни мүліктер) министрі М.А. Махгубті қабылдады.

Кездесу барысында Алматы қаласында құрамына университет, мешіт және басқа да сәйкесті нысандар кіретін Ислам мәдени орталығының салынуы туралы мәселе талқыланды.

М.А. Махгуб барлық жұмыстарды египеттік тарап іске асыратынын және ол Египет Араб Республикасы Үкіметінің Қазақстан халқына сыйы болып табылатынын атап көрсетті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында Мүгедектер күнін белгілеу туралы» №1224, «Үндістан Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы» №1225 жарлықтарына қол қойды.

16 маусым

Мемлекет басшысы Алматы қаласында болашақ Ислам мәдени орталығы құрылысының орнына естелік тас салу салтанатты рәсіміне қатысты.

Рәсімде Египет Араб Республикасының Дін істері және вакуфтар министрі М.А. Махгуб сөз сөйлеп, Египет Президенті М.Х. Мубарактың Қазақстан халқына арнаған құттықтауын жария етті.

Мемлекет басшысы «М.В. Плетневтің басқаруындағы Ресей Ұлттық симфониялық оркестрінің ұжымын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1227, «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» №1228, «Ғ.Н. Ержанов туралы» №1229, «Н.А. Шәйкеновті Қазақстан Республикасының Әділет министрі қызметіне тағайындау туралы» №1230, «А.В. Константиновке және Қ.Н. Ахметовке сыныптық шен беру туралы» №1234, «Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын құру туралы» №1235, «Мәдениет пен өнер қызметкерлерінің бір тобына Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1236, «Республика халық шаруашылығының бір топ қызметкерлеріне «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №1237, «Білім беру жүйесінің бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1238, «М.С. Құлымжановты, Қ.Ғ. Дүйсенбинді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1239, «Ә.Қ. Жетібаевқа, Ғ.Ә. Қалиевқа, С.Қ. Сыбанбаевқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №1240, «Бір топ өндіріс озаттарын Қазақстан Республикасының құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1241, «Н.Ө. Маханованы, Б. Стамбековты Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1242 жарлықтарына қол қойды.

17 маусым

Мемлекет басшысы «А.Ә. Баймахановқа, Г.Д. Лебедкинге және Т.Ә. Үмбетбаевқа генерал-майор әскери атағын беру туралы» №1244, «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтын құру туралы» №1245, «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы» №1246 жарлықтарына қол қойды.

18 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етіп, онда жасалған қылмыс үшін жазаның

қолданылмай қалмайтындығын қамтамасыз ету бойынша құқық қорғау және сот органдары қызметінің мәселелерін талқылады.

Қауіпсіздік кеңесі Қылмысқа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту жөніндегі бірінші кезекті шаралардың 1993–1995 жылдарға арналған бағдарламасы жобасының негізгі қағидаттарын мақұлдады және Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетіне осы бағдарлама ішінен таяу арада қылмысқа шабуылды күшейтуді көздейтін шұғыл шараларды бөліп алуды тапсырды.

Мемлекет басшысы Кеңес Одағының маршалы И.С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесінің және Алматы жоғары шекара командалық училищесінің түлектеріне дипломдар тапсыру салтанатты рәсіміне қатысты.

21 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті мүшелерінің, облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдіктері басшыларының, Ұлттық банк, коммерциялық банк, республиканың ірі өнеркәсіп кәсіпорындары басшыларының қатысуымен республикадағы экономикалық ахуал және ТМД елдерімен қаржы-несиелік қатынастардың жағдайы туралы мәселелер бойынша кеңес өткізді.

Мемлекет басшысы «М.М. Аманжоловқа және Б.Ғ. Ысқақовқа милиция генерал-майоры арнаулы әскери атағын беру туралы» №1247, «Қ.Н. Серікбаевқа милиция генерал-майоры арнаулы әскери атағын беру туралы» №1250, «Мемлекеттік акционерлік «Қазақстан жолдары» компаниясын құру туралы» №1251, «Ш.Х. Бекбулатов туралы» №1252, «С. Алтынбеков туралы» №1255, «Т.Ә. Үмбетбаевты Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының қолбасшысы қызметіне тағайындау туралы» №1256, «КРАМДС» Ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы» №1257 жарлықтарына қол қойды.

22 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының құрылғанына 1 жыл толуына арналған жиналысқа қатысты.


«Салыстырмалы түрде өте қысқа мерзім ішінде біздің егеменді мемлекетімізде жаңа қоғамның алғашқы заңнамалық негіздері қаланып үлгерді. Мыңдаған милиция қызметкерлерінің жасағы құқықтық мәртебені, бүгінгі күні ең маңыздылардың бірі болып табылатын өз қызметтерінің әлеуметтік және басқа да кепілдіктерін алды», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1260, «С.Ж. Әбішевті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Сыртқы экономикалық байланыстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №1268, «С.В. Кулагинді Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1269, «Ж. Қосабаевты Торғай облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1270, «Б.С. Оспановты Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1271 жарлықтарына қол қойды.

23 маусым

Мемлекет басшысы «Кен-металлургия кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру туралы» №1287, «Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы» №1291 жарлықтарына қол қойды.

ШІЛДЕ



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	


KAZAKHSTAN

2 шілде

Мемлекет басшысы «С.Т. Тұрсыновқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1292, «С.Т. Тұрсыновты Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1293 жарлықтарына қол қойды.

6 шілде



Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Ыстамбұл қаласында өткен ЭЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының II кездесуіне қатысты.

Саммитке сондай-ақ Ауғанстан Ислам Мемлекетінің Президенті Б. Раббани, Иран Ислам Республикасының Президенті Х. Рафсанджани, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмонов, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Түркия Республикасының Президенті С. Демирель, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов, Пәкстан Ислам Республикасының Премьер-министрі Н. Шариф, Әзірбайжан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Р.Б. Гулиев қатысты.

Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөзінде Ұйымның ең алғашқы міндеттерінің бірі ретінде көлік және коммуникациялық желілерді дамыту бойынша күштерді үйлестіру проблемаларын көретінін мәлімдеді, Трансазиялық теміржол магистралінің құрылысын салуды, ЭЫҰ мемлекеттерінің астаналарын қосатын халықаралық автокөлік қатынасын ашуды, мұнай-газ құбырларын салуды, заманауи телекоммуникация жүйелерін құруды белсендіруге шақырды (Қосымшаны қараңыз).

Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) 1985 жылы Иран, Пәкстан және Түркия елдерімен құрылған өңірлік мемлекетаралық экономикалық ұйым. Ол сол қатысушылармен 1977 жылғы 17 наурызда қол қойылған Измир шарты негізінде әрекет еткен Өңірлік даму ынтымақтастығы ұйымының құқықтық мәртебелі болып табылады.

1992 жылдың басына дейін ЭЫҰ аясындағы ынтымақтастық негізінен екіжақты сипатта болды. 1992 жылдан бастап ұйым қызметі жаңадан 7 мүшелікке: Әзірбайжан, Ауғанстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанның қосылуына байланысты ауқымдық белсенді бола түсті.

1995 жылы ЭЫҰ ЪҮҰ Бас Ассамблеясы жанынан, сондай-ақ ИКҰ жанынан байқаушы мәртебесіне ие болды.

Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Тұрақты өкілдер кеңесі, Өңірлік жоспарлау кеңесі, Хатшылық ЭЫҰ органдары болып табылады.
ЭЫҰ хатшылығы 3 жылдық мерзімге Сыртқы істер министрлері кеңесімен сайланатын Бас хатшымен тағайындалады.

Мемлекет басшысы ЭЫҰ мүше мемлекеттері басшыларының II кездесуінің жұмысы аясында Түркия Республикасының Президенті С. Демирельмен, Иран Ислам Республикасының Президенті Х. Рафсанджанимен, Ауғанстан Ислам Мемлекетінің Президенті Б. Раббанимен және Пәкстан Ислам Республикасының Премьер-министрі Н. Шарифпен екіжақты кездесулер өткізді.

Сол күні Мемлекет басшысы Түркия Республикасындағы Қазақстан Республикасы Сауда үйінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

14 шілде

Мемлекет басшысы «М. Шахановқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1295, «М. Шахановты Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1296 жарлықтарына қол қойды.

20 шілде

Мемлекет басшысы Таиланд Корольдігіне бара жатқан жолда Үндістан Республикасына сәл ғана аялдап, осы елдің астанасы Дели қаласында Премьер-министр Н. Раомен кездесті.

21 шілде



Мемлекет басшысы Таиланд Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Бангкок қаласында Премьер-министр Ч. Ликпаймен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екі ел арасындағы едәуір тығыз ынтымақтастыққа және өзара түсіністіктің реттелуіне ықпал ету мақсатында сауда мен инвестициялар жөніндегі екіжақты келісімдер бекіту қажеттігін айтты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданып, Екіжақты ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссия құру туралы келісімге қол қойылды.

22 шілде



Мемлекет басшысы Таиланд Корольдігіне ресми сапары барысында Таиланд Королі П. Адульядетпен (Рама IX) кездесті.

26 шілде

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының ақша жүйесі туралы» №1303 Жарлығына қол қойды.

27 шілде

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Өзбекстан Республикасының Елшісі Н. Якубовтан және Қырғыз Республикасының Елшісі Т. Ишемкуловтан сенім грамоталарын қабылдады.

28 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында президенттер ТМД-дағы ахуал туралы пікір алмасты және Достастық мемлекеттерінің басшыларына арналған үндеуді қабылдады.

Кездесу қорытындысында сондай-ақ 1994–2000 жылдарға арналған экономикалық интеграцияны тереңдету шаралары туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1304, «Р.М. Досановты Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1308 жарлықтарына қол қойды.

29 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының кеңейтілген алқа отырысына қатысты.

Алқа отырысында сөйлеген сөзінде Президент барлық құқық қорғау органдарының басты міндеті қандай қиын болса да, республика азаматтарына тыныш өмір сүріп, жемісті еңбек етулері үшін жағдайлар жасау қажеттігін атап айтты.

Мемлекет басшысы қазақтың атақты ақыны, әнші әрі сазгер Ақан серінің туғанына 150 жыл толуына орай Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық

опера және балет театрында өткен салтанатты жиналысқа қатысты.

30 шілде

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Болгария Республикасының Президенті Ж. Желевпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында президенттер бір-бірін өз елдерінде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық реформалардың барысы туралы хабардар етті. Н.Ә. Назарбаев Болгария басшылығының Балқандағы жағдайды тұрақтандыруға бағытталған түбегейлі саясаты туралы жоғары пікір білдірді және Болгария делегациясы Экономикалық өзара көмек кеңесі (ЭӨКК) қызметінің тоқтатылуынан кейін Қазақстанға келген Шығыс Еуропа елдерінің алғашқысы екенін атап өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан мен Болгария арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастық туралы шартқа, Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы, Бірлескен Қазақстан-Болгария кредиттік-инвестициялық банкі мен холдингін құру туралы келісімдерге, Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы конвенцияға және т.б. қол қойылды.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Президентінің арнайы уәкілі, Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары А.Л. Адамишинді қабылдады. Ол Н.Ә. Назарбаевқа Б.Н. Ельциннің жеке жолдауын табыс етті.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев Таулы Бадахшанға ондағы орын алған күрделі жағдайға байланысты гуманитарлық көмек көрсететінін және Ресей, Қырғызстан және Өзбекстанмен бірге жағдайды қалпына келтіру мақсатында қақтығысқа қатысушылар арасында диалог орнатуға жәрдемдесетінін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Ә.М. Қырбасовқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1309, «Ә.М. Қырбасовты Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1310, «Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар туралы» №1311 жарлықтарына қол қойды.

ТАМЫЗ



Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	31
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	



4 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Қаскелең және Жамбыл аудандарының шаруашылықтарына барды.



«Қаскелең» кеңшарында Н.Ә. Назарбаевқа Израильде кеңінен қолданылатын қызанақты үнемді тамшылатып суару әдісі көрсетілді, ал В.И. Ленин атындағы ұжымшардың егіс алқаптарында венгер технологиясы бойынша өсіріліп жатқан жүгері егістігін қарап шықты.

5 тамыз

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасы Халықтық өкілдерінің бүкілқытайлық жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Т. Давамет бастаған Қытай парламенттік делегациясын қабылдады.

Келіссөздер барысында Президент Трансазиялық теміржол құрылысы бойынша жұмыстардың жедел аяқталатынына үмітін білдірді.

Өз тарапынан Т. Давамет түрлі салалардағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығына қанағаттанатынын білдірді және Н.Ә. Назарбаевқа ҚХР басшылығының Қытайға ресми сапармен келуі туралы шақыруын табыс етті.

6 тамыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин және Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов қатысқан үшжақты кездесуге қатысты.



Кездесу қорытындысы бойынша оған қатысушылар Ресей Федерациясы аумағында КСРО Мемлекеттік банкінің және Ресей Орталық банкінің 1961–1992 жылдардағы ақша билеттерінің айналымы тоқтауына байланысты Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

7 тамыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында өткен Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысты.

Саммит барысында Шекараның мызғымастығы туралы декларацияға қол қойылды, онда: «Халықаралық нормалар мен принциптерді ұстанатындығын растай

отырып және мемлекеттердің жеке және ұжымдық қорғанысына құқығының тартып алынбайтынын ескере отырып, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан өздерінің шекараларына кез келген қол сұғуды халықаралық құқыққа сәйкес, оның ішінде, жеке немесе ұжымдық өзін-өзі қорғау тәртібінде қарулы күштерді пайдаланумен жауап беру және соған сәйкес шараларды қабылдауға негіз беретін құқыққа қайшы әрекет ретінде қарастырады» делінген.

8 тамыз



Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Орал қаласында Президент «Металлист» зауытына барып, жергілікті қорғаныс кәсіпорындары шығаратын халық тұтынатын тауарлар көрмесімен танысты. Н.Ә. Назарбаев шұжық және наубайхана шағын зауыттары, шағын тракторлар мен мотоблоктар, сүрлем шөп жинайтын комбайндар мен жанармай таситын көліктер, кардиологиялық кешендер мен радиостансалар, үтіктер, электрлі сүт айыратын машиналар, жиһаз фабрикасының жиынтықтары, қысқатолқынды радиотелефон жүйелеріне назар аударды.

9 тамыз

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында аудандардың және облыстың басшыларымен кеңес өткізді, содан кейін Ресей Федерациясының шекаралас Орынбор, Саратов, Самара облыстары басшыларымен кездесуге қатысты.

10–11 тамыз

Мемлекет басшысы Атырау облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент облыс орталығында «ЕКЕ» фин компаниясы тұрғызып жатқан қазандық құрылысын қарап шығып, мұнай өңдеу зауыты мен жапон технологиясын пайдалана отырып металл бұйымдарын шығаратын зауытта болды.

Мұнайшылардың тыныс-тіршілігімен таныса отырып, Н.Ә. Назарбаев Құлсары кентіне барды, Жаңа Қаратон кентінің Қазақстан-Чехия-Словакия бірлескен кәсіпорны салып жатқан шағын аудандарын аралап көрді, Теңіз газ өңдеу зауытында және «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнында болды.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Теңіз ауданына барып, Ресей Федерациясы Астрахан облысының губернаторы А.П. Гужвинмен кездесті және Каспий теңізінің қазақстандық жағалауын ұшақпен аралап көрді.

12 тамыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Орталық банкінің төрағасы В.В. Геращенконы және Ресей Федерациясы Ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы В. Машецті қабылдады.

Әңгіме барысында бірыңғай ақша жүйесін құру үдерісіне байланысты проблемаларды шұғыл шешу мәселелері талқыланды.

13 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі У. Кортниді қабылдады. Ол АҚШ Президенті Б. Клинтонның жолдауын Н.Ә. Назарбаевқа табыс етті.

14 тамыз

Мемлекет басшысы ауған-тәжік шекарасындағы қарулы қақтығысқа байланысты Ауғанстан Ислам Мемлекетінің Президенті Б. Раббаниге жолдауын жолдады.

Қазақстанның Ауғанстанмен өзара құрмет пен ынтымақтастық қатынастарын дамытуға деген ниетін білдіре отырып, Н.Ә. Назарбаев Б. Раббаниге өз еркімен шекарада болған қарулы қақтығыс нәтижесінде қолға түскен шекарашыларды неғұрлым тезірек қайтару бойынша кідіріссіз шаралар қолдану туралы өтініш білдірді.

18 тамыз



Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының Федералды қорғаныс министрі Ф. Рюэні қабылдады.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев Қазақстан ядролық держава болудан бас тартатынын, алайда өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әлемнің жетекші елдерінің кепілдіктеріне сенім артуға, сондай-ақ зымырандарды республикадан шығарып, жоюдан өтемақы алуға құқылы екенін ерекше атап өтті.

19 тамыз

Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болды.



Ақмола қаласында Президент облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдіктері басшыларымен кеңес өткізіп, онда егін жинау науқанына, республиканың келешектегі астық саясатын қалыптастыруға және ауылшаруашылық өнімдерінің мемлекеттік сатып алуын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлді.

20 тамыз

Мемлекет басшысы Ақмола облысына жұмыс сапары барысында Вишневск ауданының егістік алқаптарында болып, аграршылармен агөөнеркәсіп кешенінің проблемаларын талқылады.

24 тамыз

Мемлекет басшысы «М.К. Исаевқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1323, «М.К. Исаевты Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1324 жарлықтарына қол қойды.

25 тамыз

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында «Ақтөбесельмаш» АҚ барды және кәсіпорынның еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың нарықтық түріне көшу барысымен танысты, жұмысшылармен және мамандармен әңгімелесті.

Мемлекет басшысы «И.Н. Тасмағамбетов туралы» №1327 Жарлығына қол қойды.

26 тамыз

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысына жұмыс сапары барысында Ақтөбе және Мәртөк аудандарында болып, голландиялық технология бойынша өсіріліп жатқан картоп алқаптарын қарап шықты, жөндеу-механикалық зауытында болды, сүт өңдейтін жаңа цехты іске қосуға қатысты, аудандардың тұрғындарымен кездесті.

Мемлекет басшысы «М. Жолдасбековке Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1330, «М. Жолдасбековті Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1331 жарлықтарына қол қойды.

27 тамыз



Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болып, Көкшетау қаласында Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен және Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесті.

Кездесу барысында мемлекет басшылары астық пен газды өзара тасымалдау туралы уағдаласты, ақын, әнші әрі сазгер Ақан серінің өмірімен және қызметімен байланысты мемориалдық орындарды аралады және қазақтың атақты ғалымы әрі саяхатшысы Ш.Ш. Уәлихановтың атақоныс мекеніне барып, үш жас тал екті.

28 тамыз

Мемлекет басшысы Ақмола облысына жұмыс сапары барысында облыстың бірқатар шаруашылықтарының егістік алқаптарын қарап шығып, Шортанды-Бурабай курорттық аймағымен танысты, Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының геофизикалық обсерваториясына барды.

Мемлекет басшысы баспасөз бетінде 1993 жылғы 30 тамызда Алматы қаласында өтетін II Халықаралық антиядролық конгреске қатысушыларға құттықтауын жариялады.

«Алматы қаласына бітімгерлік, гуманистік мақсаттармен келген Халықаралық антиядролық конгреске қатысушыларды шын жүректен құттықтаймын. Қазақстандықтар үшін олар өте жақын әрі түсінікті... Сондықтан да егеменді Қазақстанның бірінші халықаралық актісі Семей полигонын жабу болды. Дәл сол себептен республикада қуатты антиядролық қозғалыс құрылып, ол қысқа мерзім ішінде республикада ғана емес, оның шекарасынан тыс жерлерде де қолдау тауып, үлкен беделге ие болды... Сіздердің

мақсаттарыңыз — игі. Мен конгреске қатысушыларға табысты жұмыс тілеймін...», — делінген құттықтауда.

30 тамыз

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен II Халықаралық антиядролық конгреске қатысты.

Конгреске қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде, Қазақстан Президенті ядролық клуб елдерінің үкіметтеріне ядролық, химиялық, биологиялық, жаппай қырып-жоятын барлық қару түрлерін сынауға мораторийді 2005 жылға дейін ұзарту туралы бастамасымен жүгінді. «Ядролық клуб елдерінің үкіметтеріне өз халқының алдында XXI ғасырда біздің әлемімізге үні өшкен ядролық полигондармен кіре алатынын іспен дәлелдеуінің нақты мүмкіндігі туып тұр», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

ҚЫРКҮЙЕК



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



3 қыркүйек

Мемлекет басшысы жекешелендіру және мемлекет иелігінен алу мәселелері бойынша мемлекеттік холдингтік және акционерлік компаниялар басшыларымен өткен кеңеске қатысты.

Кеңесті аша келе, Президент «Республика басшылығы экономикамызды дағдарысты жағдайдан алып шығудың жолдарын табандылықпен іздестіруде. Атап айтқанда, Ресейдің өкімет органдарымен қарқынды келіссөз жүргізілуде, Қазақстанның ішкі мүмкіндіктері мен бай әлеуетін пайдалануға есептелген өз шараларымыз жасалуда, ауыр кезеңнің күрделі мәселелері мен қиындықтарын жеңудің әртүрлі тактикалық нұсқаулары қолданылуда. Бірақ бір нәрсе — реформаларды одан әрі дамытып, тереңдету, нарықтық экономиканы құру ең басты да мызғымас мақсат ретінде қалып отыр. Республика осы бекем бағыттан айнымақ емес.

...Жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын жүзеге асырудың табысты болуы көп ретте Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттің және басқа экономикалықоргандардың,жергіліктіәкімшіліктермен кәсіпорындар басшыларының бірлесе және үйлесімді жұмысына тәуелді. Біздің түпкі мақсатымыз — жаңа нағыз меншік иелерін жасау. Мемлекет бұдан былай залалмен жұмыс істейтін кәсіпорындарға жәрдемақы бере алмайды. Әрбір акционерлік немесе холдингтік компания тек өз қаржысына ғана өмір сүріп, дамуға тиіс. Мемлекеттік инвестициялар тек жалпыұлттық маңыздағы объектілерге ғана бағытталатын болады», — деп мәлімдеді (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1335, «Атырау облысының аумағында геологиялық барлау жүргізу және өнім бөлісу жөніндегі шарт туралы» №1342, «Қазақ мемлекеттік кинобейнефильмдер шығару, жалға беру және көрсету жөніндегі концернді Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы «Қазаққино» мемлекеттік компаниясы етіп қайта құру туралы» №1343 жарлықтарына қол қойды.

6 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Ресей Федерациясы Министрлер кеңесінің — Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен кездесті.

Келіссөздер барысында ТМД аясында экономикалық одақ құру және жаңа үлгідегі рубльдік аймақты қалыптастыру мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Жаңа тұрғын үй саясаты туралы» №1344 Жарлығына қол қойды.

7 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында ТМД аясында экономикалық одақ құру, жаңа үлгідегі рубльдік аймақты қалыптастыру, әскери-саяси ынтымақтастық, қоршаған ортаны қорғау ісіндегі өзара іс-қимыл, «Байқоңыр» ғарыш айлағының тиімді қызметі мәселелері талқыланды.

8 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Науырзым ауданының бірқатар шаруашылықтарын аралады және егін жинау науқанының барысымен танысты.

9 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Daimler-Benz AG» компаниясы басқармасының төрағасы Э. Ройтерді қабылдады.

Әңгіме барысында Қазақстан мен компанияның автокөлік жасау саласындағы ынтымақтастықтың перспективалық жобалары талқыланды.

10 қыркүйек

Мемлекет басшысы елімізге Қазақстандағы Ресей мәдениеті күндерінің ашылуына қатысу үшін келген Ресей Федерациясы Министрлер кеңесінің — Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинді қабылдады.



Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Министрлер кеңесінің — Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен бірге Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен Қазақстандағы Ресей мәдениеті күндерінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Министрлер кеңесінің — Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдинмен және Қазақстан Республикасының Премьер-министрі С.А. Терещенкомен бірге Көкшетау облысына жұмыс сапарымен аттанды.

Олар келісімен Көкшетау және көршілес Омбы облыстарындағы егін жинау барысымен танысты, сондай-ақ екі республика шекарасындағы ресейлік кеден бекеттерінің біріне барды.

11 қыркүйек



Мемлекет басшысы Көкшетау облысына жұмыс сапары барысында Қазақстан мен Ресейдің экономикалық ынтымақтастығы мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңеске сондай-ақ Ресей Федерациясы Министрлер кеңесінің — Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдин, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі С.А. Терещенко, шекаралас облыстар әкімшіліктерінің басшылары, екі мемлекеттің үкіметтері аппараттарының, министрліктері мен ведомстваларының жауапты қызметкерлері қатысты.

Кеңес қорытындысы бойынша екі мемлекеттің азаматтары үшін кедендік бақылауды алып тастау туралы үкіметаралық келісімге қол қойды.

12 қыркүйек

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының арнайы тапсырмалар жөніндегі елшісі С. Тэлботты қабылдады.

Әңгіме барысында тараптар екі елдің де жоғары деңгейдегі байланысқа әзірлігін және екі елдің өзара қатынастарын іспен жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.



Сол күні Мемлекет басшысы «Қарқара-93» халықаралық көрмесін тамашалады және өз өнімдерін Қазақстанға жеткізіп отырған кәсіпорындардың, фирмалар мен компаниялардың экспозицияларын қарап шықты.

13 қыркүйек

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент «Исот-аксан-холдинг» түрік компаниясымен құрылысы салынатын макарон фабрикасының

іргетасына тас салу рәсіміне қатысты және Бескөл ауданындағы егін жинау науқанының барысымен танысты.

14 қыркүйек

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында жаңа облыстық эксперименталды орталығына барды, жаңа сыйкәде жасау фабрикасының ашылуына қатысты, халықтық тұтыну тауарларының көрмесін тамашалады, облыстың әкімшілік-шаруашылық активімен өткен кеңесте сөз сөйлеп, өңірдегі реформалар барысы туралы алған әсерлерімен бөлісті және жергілікті биліктің экономиканы реформалауды жеделдетуге және тұрғындарды әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге бағытталған бірінші кезектегі міндеттерін айқындады.

Кешке қарай М. Жұмабаевты еске алып, қуғын-сүргін құрбаны болған ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Сол күні Мемлекет басшысы Жезқазған облысына жұмыс сапарымен аттанды.

15 қыркүйек

Мемлекет басшысы Жезқазған облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Сәтбаев қаласына барып, мыс катанкалар зауыты құрылысының барысымен танысты, «Жезқазғантүстіметалл» ҒӨБ тұрғызған ет кешенін аралап көрді.

Ұлытау ауданында Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның бірлігін паш ететін ескерткіш тұрғызылуы тиіс жердегі мемориалдық тасқа гүл шоқтарын қойды.



Мемлекет басшысы Алматы қаласында өз жұмысын бастаған II Халықаралық түркі поэзиясының фестиваліне қатысушыларға құттықтауын жолдады.

«Бұл фестивальдің егеменді Қазақстан үшін маңызы айрықша. Ол алда болатын ұлы ақын әрі шығыстың ойшылы Абайдың 150 жылдығына арналған. Фестиваль қазақ әдебиеті данасының шығармаларын шетел тіліне аудару бойынша жұмысына жаңа қарқын береді деген үміттеміз. Осы кездесу бауырлас халықтардың рухани бірігуінің жақсы дәстүрін қалпына келтіруге әсерін тигізеді деп сенемін», — делінген құттықтауда.

16 қыркүйек



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Франция Республикасының Президенті Ф. Миттеранмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында саяси, экономикалық, мәдени, ғылыми және басқа да салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың одан әрі даму перспективалары талқыланды.

Сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелеріне баса назар аударылды. Осыған байланысты француялық тарап Қазақстанға бірлескен жобаларды іске асыру үшін бірқатар ірі кредиттер ұсыну жөніндегі шешімі туралы мәлімдеді, сондай-ақ «Elf Aquitaine», «Total S.A.», «Tomson», «Bouygues», «Credit Commercial de France», «Spi Batignole» сияқты және т.б. француялық компаниялардың Қазақстанға қызығушылық танытып отырғанын хабарлады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Ғылым және жаңа технологиялар саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен декларацияға, Әуе қатынасы туралы декларацияға, Мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге және т.б. қол қойылды.

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Президенті Ф. Миттеранмен бірге Қазақстандағы Франция Елшілігінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.



Сол күні Мемлекет басшысы Австрия Республикасының Туризм және менеджмент институтына оқуға жіберілгелі жатқан бір топ қазақстандық жастармен кездесті.

Жылы шырайда өткен кездесу барысында Президент 3 мыңнан аса қазақстандықтардың алыс шетелдерде қысқа мерзімді курстарда оқып білім алғанын, биылғы топ — Мемлекет басшысының арнайы қоры есебінен толық оқыту курсына баратындардың алғашқысы екенін атап өтті.

20 қыркүйек

Мемлекет басшысы Моңғолия Республикасы Ұлы мемлекеттік хуралының төрағасы Н. Багабанди бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Моңғолияның ішкі және сыртқы жағдайларының мәселелері туралы сөз қозғалды.



Мемлекет басшысы «А.А. Құлыбаевты Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі қызметіне тағайындау туралы» №1346 Жарлығына қол қойды.

21 қыркүйек

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Чэнь Диден сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Ресей Федерациясы Мемлекеттік академиялық Кіші театрының ұжымын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1347 Жарлығына қол қойды.

22 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару туралы және азаматтарды 1993 жылғы қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» №1348 Жарлығына қол қойды.

23 қыркүйек

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі кейбір шешімдерінің күшін жойғаны және өзгертулер енгізілгені туралы» №1350 Жарлығына қол қойды.

24 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитке сондай-ақ Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы басшылары қатысты.

Мемлекет басшыларының кездесуі барысында ТМД елдерінің экономикалық одағын құру туралы шартқа, Ұжымдық бітімгерлік күштерді құру және оларды материалдық-техникалық қамсыздандыру бойынша бірлесіп күш жұмсау туралы келісімге, Мемлекетаралық Еуроазиялық көмір және металл бірлестігін құру туралы келісімге және т.б. қол қойылды. Сондай-ақ Ресей мен Қазақстанның ақша жүйелерін біріктіру туралы екіжақты мемлекетаралық келісімге қол қойылды.

ТМД құрамына Әзірбайжанның ресми түрде кіруі болып өтті.

ТМД Мемлекет басшылары кеңесі отырысының қорытындысы бойынша өткен баспасөз конференциясында Н.Ә. Назарбаев тілшілердің сұрақтарына жауап бере отырып, Экономикалық одақтың құрылуын келешекте Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасындағы жаңа, нағыз өзара тиімді экономикалық қатынастар қалыптаса бастайтын іргетасы деп атады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды.

ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

27 қыркүйек

Мемлекет басшысы Семей облысында жұмыс сапарымен болып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерінің авиациялық бөліміне барды және «Баян» тау-кен өндіру кәсіпорнының «Каражигора» көмір кенішін қарап шықты.



28 қыркүйек

Мемлекет басшысы Семей облысына жұмыс сапары барысында Семей қаласындағы бірқатар мемлекеттік және жеке кәсіпорындарға барды, сондай-ақ облыстың және өнеркәсіп кәсіпорындарының басшыларымен кеңес өткізді.

29 қыркүйек

Мемлекет басшысы өз жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста Президент 1993 жылғы 11 мамырдағы егеменді мемлекеттің идеологиялық қызметі мәселелері жөніндегі республикалық кеңесте оқыған өз баяндамасының тезистері негізін қалаған «Қоғамды идеялық тұрғыда ұйыстыру — Қазақстан дамуының басты шарты» тұжырымдамасын жариялады.

Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөзінде қазақстандық қоғамның тұғырнамасы мен идеялық бірігуінің негізгі бағыттарын және идеология саласындағы мемлекет рөлінің түбегейлі айырмашылықтарын жан-жақты сипаттап берді.

Мемлекет басшысы елдің басынан өткеріп отырған өтпелі кезеңі — қысылшаң уақыт емес, дәл қазір болашақтағы өркениетті және гүлденген Қазақстанның негізі қаланатынын атап көрсетті. Сондықтан да республикада тәуелсіздік, жалпыұлттық ынтымақтастық, қоғамды жаңғырту мен саяси тұрақтылық идеологиясын бекітпей, Қазақстанның болашағын құру мүмкін емес.

«Қоғамды идеялық тұрғыда ұйыстыру — Қазақстан дамуының басты шарты» тұжырымдамасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ресурс сақтау және нарыққа өту стратегиясы» (1992 ж.) және «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясында» (1992 ж.) аты басқа да еңбектерімен қатар Қазақстан Республикасындағы мемлекет құру теориясы жөніндегі іргелі еңбектерінің бірі.

30 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ресей мемлекеттік академиялық Кіші театрының әртістерін қабылдап, екі елдің халықтары арасындағы өнерді дамытуға, достық пен өзара түсіністікті нығайтуға қосқан зор үлесі, әртістердің жоғары шеберлігі үшін театрдың көркемдік жетекшісі Ю.М. Соломинге салтанатты жағдайда Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасын табыс етті.

ҚАЗАН



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31


R CHIN

2 қазан

Мемлекет басшысы Ресейдегі саяси ахуалдың шиеленісуіне байланысты баспасөз бетінде мәлімдемесін жариялады.

«Қазақстанда Мәскеу мен оның өңірлерінде болып жатқан оқиғаларды аса алаңдаушылықпен бақылауда... Орын алған жағдай ресейлік саясаткерлер тарапынан ерекше жауапкершілікті талап етеді. Федерализм дағдарысы және Ресей мемлекеттілігінің тұтастығына төніп отырған қауіп-қатер Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен дүниежүзілік қоғамдастық мүдделеріне әсерін тигізбей қоймайтын геосаяси ауқымдағы қауіпті зардаптарға итермелейді...», — делінген мәлімдемеде.

Ресей Федерациясындағы 1992–1993 жылдардағы саяси дағдарыстың негізінде атқарушы (РФ Президенті Б.Н. Ельцин мен Ресей үкіметі) және заң шығарушы (РФ Халық депутаттарының съезі мен РФ Жоғарғы Кеңесі) биліктің арасындағы қақтығыс жатты.

Дағдарыс елдің мемлекеттік құрылымы мен оның одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуы жолдарының оңтайлы формаларын таңдау үшін болған шиеленіскен саяси жанжалдан туды. РФ Президентін жақтаушылар мықты президенттік республиканы таңдады, бұл, олардың ойынша, реформаларға қарқындылық пен дамуды қамтамасыз етуі керек болды. Ал олардың қарсыластары Ресейді парламенттік республика болуы керек деп есептеді, себебі алда болатын жаңғыртулардың күрделілігі оның барысына тиімді қоғамдық бақылаудың жүзеге асырылуын және сәйкесінше билік өкілеттігінің өкілетті билік құрылымында шоғырлануын талап етті.

Саяси дағдарыс 1993 жылғы 21 қыркүйекте Президент Б.Н. Ельциннің жарлығымен Халық депутаттары съезі өкілеттігінің тоқтатылуы, РФ Жоғарғы Кеңесін тарату, 1993 жылғы желтоқсанда мемлекеттік биліктің жаңа органдары — Федерация кеңесі мен Мемлекеттік думаға сайлау өткізу, сондай-ақ елдің жаңа Конституциясы бойынша референдум өткізу туралы жариялаған кезінде барынша шиеленісе түскен еді. 1993 жылғы 23 қыркүйекке қараған түні Халық депутаттарының X төтенше съезі Б.Н. Ельцинді Президент қызметінен босатып, мемлекет басшысы ретінде вице-президент А.В. Руцкойға ант қабылдатты. Өз кезегінде Конституциялық сот атқарушы биліктің (Президент пен үкіметтің) әрекетін мемлекеттік төңкеріс деп бағалады.

1993 жылғы 3–4 қазанда Мәскеу қаласының орталығында және «Останкино» телеорталығының маңында болған қарулы қанды қақтығыс және Президент Б.Н. Ельцинге берілген әскерлердің парламент ғимаратына шабуылы дағдарыстың шарықтау шегіне айналып, екеуі біріге отырып, қарапайым халық арасындағы адам құрбандықтарына әкелді.

РФ Жоғарғы Кеңесінің дағдарысы мен оғанды жақтаушылар тұтқынға алынған соң, елде конституциялық тәртіп орнады. Ресей Федерациясының жаңа Конституциясы қабылданып, қолданысқа енгізілген 1993 жылғы желтоқсан айын саяси дағдарыстың соңы деп есептеуге болады.

3 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Қазақстанның халықтық бірлігі» одағының I съезіне қатысты.

Съезд делегаттары мен қонақтарының алдында сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев басқа қоғамдық-саяси бірлестіктер сияқты Одақтың да басты міндеті ұлтаралық келісімді нығайту, демократиялық қоғам құру, адамдарда қазақстандық патриотизм мен мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу болып табылатынын атап көрсетті.

4 қазан

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен, Украина Президенті Л.М. Кравчукпен, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен, Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросянмен және Әзірбайжан Республикасы Президентінің міндетін атқарған Г.А. Алиевпен бірге 1993 жылғы 3–4 қазанда Мәскеу қаласында болған оқиғаларға байланысты үндеуін жариялады.

«...Антидемократиялық күштер үнемі айтылып келген шегінен асып кетті. Мәскеуде қан төгілді және оған айыптылар өздерін заң шеңберінен тыс көрсетті. Келіссөздер үдерісін болдырмай тастаған және адам шығындарына әкелген заңсыз қарулы құрылымдардың соқыр тәуекелшілдігін ешқандай да саяси күштер ақтап шығара алмайды. Халықтарымыздың тағдыры тарихи байланысқан Ресей халқымен бірге біз болған оқиға үшін қатты қайғырып, қаза болғандардың отбасыларына көңіл айтамыз. Барлық ресейліктерді осы сын сағаттарда ақылдылық пен төзімділік танытуға шақырамыз. Біз Ресей Президенті мен Үкіметінің арандатушыларды тоқтатып, демократияны қорғау үшін қолдан келгеннің барлығын жасайтынына сенеміз. Біз тағы да адам құрбандықтарын болдырмау үшін қолдан келген барлық саяси күш-жігерді жұмылдыруға дайынбыз. Біздің үндеуімізді ТМД-ның басқа да мемлекеттері қолдайтынына сенімдіміз», — делінген үндеуде.

6 қазан

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1357 Жарлығына қол қойды.

11 қазан

Мемлекет басшысы «Франциядағы Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Т.С. Қабдрахмановты ЮНЕСКО жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1368, «М.С. Нәрікбаевқа 3-ші сыныпты Мемлекеттік заң кеңесшісі сыныптық шенін беру туралы» №1369 жарлықтарына қол қойды.

12 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы XI сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы мен жүргізіліп отырған реформаларды белсендіру туралы баяндамасын жасай отырып, Президент Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы болмай қоймайтын сипат алғанын айтты және «біздің ілгерілеуіміздің басты да сенімді негізі ұлтаралық бірлік, тұрақтылық, топтасу, халықтың рухани келісімі болып табылатыны сөзсіз. Бұл — Қазақстандағы реформалау мен прогрестің маңызды шарасы, бастау алар көзі», — деп атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

13 қазан

Мемлекет басшысы Халықаралық қаржы корпорациясының атқарушы вице-президенті У. Райериді қабылдап, ол Алматы қаласында «АБН Амро Қазақстан» бірлескен банкін құру, сондай-ақ басқа да бірқатар бірлескен жобаларды іске асыру барысы туралы хабардар етті.



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы депутаттарының Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті мүшелерімен кездесуіне қатысты.

Кездесуде Ресей Федерациясымен бірыңғай ақша жүйесін құру және қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік серіктестермен өзара есеп айырысу

шарттары туралы уағдаластықтардың іс жүзінде орындалу мәселелері, сондай-ақ ең төменгі жалақы мен зейнетақыны көтеру мүмкіндіктері қаралды.

14 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің мүшелерімен, орталық мемлекеттік органдар басшыларымен, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдіктері басшыларымен кеңес өткізді.

Президент 1992 жылғы 12 қазанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы XI сессиясының пленарлық отырысында жарияланған Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы мен жүргізіліп отырған реформаларды белсендіру туралы баяндамасында көрсетілген атқарушы билік міндеттерінің ауқымын анықтап берді.

Кеңес қорытындысын шығара келе, Н.Ә. Назарбаев іс жүзінде реформаларды жылдам өткізуге жауапты біртұтас командасы болып табылатын атқарушы биліктің барлық органдарын үйлесімді жұмыс істеуге шақырды.

Мемлекет басшысы «Ең төменгі жалақы мен ең төменгі зейнетақы туралы» №2422-XII Заңына қол қойды.

15 қазан

Мемлекет басшысы ХҚДБ вице-президенті В. Тольвицті қабылдады.

Әңгімелесу барысында Қазақстанның ірі халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастығын дамыту перспективалары қаралды.

Мемлекет басшысы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен қазақтың танымал сазгері Құрманғазы Сағырбаевтың туғанына 175 жыл толуына арналған мерекелік концертін тамашалады.

Мемлекет басшысы «Қазақ КСР Қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2428-XII, «Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу

кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2429-XII, «Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы» №2433-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «М. Бақтыгереевке, Н. Нүсіпжановқа «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №1373, «Мәдениет пен өнер қызметкерлерінің бір тобына Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1374, «Қазақстан Республикасының бір топ қызметкерлеріне «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №1375, «Білім беру жүйесінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №1376, «Ә. Ақмырзинге, К.Ә. Малшыбаеваға, С. Шылмұрзаевқа «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №1377, «Бір топ ғалымдарға Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы» №1378, «Еңбек ұжымдарының бір топ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1379, «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің бір тобын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1380, «Ж.Қ. Ерғалиев пен В.С. Старобыховскийді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1381, «Ж.Б. Бұтабаевтан КСРО мемлекеттік наградасын қайтарып алу туралы» №1382, «Ш. Шаяхметов туралы» №1383, «Е.Ә. Мамбетқазиевті Қазақстан Республикасының Білім министрі қызметіне тағайындау туралы» №1384 жарлықтарына қол қойды.

18 қазан



Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Бейжің қаласында ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминьмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екі мемлекет арасында ресми түрде дипломатиялық қатынастар орнатылғаннан кейін сауда-экономикалық салада қол жеткізілген оң нәтижелер атап өтіліп, қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі, көлік және машина жасау, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда екіжақты ынтымақтастықты дамытуға жаңа серпін беру қажеттігі баса айтылды.

Сондай-ақ өзекті халықаралық мәселелерді талқылау барысында Цзян Цзэминь қазақстандық

тараптың ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру мен Азиядағы тұрақтылықты нығайту жөніндегі бастамасына толық қолдау көрсететінін білдірді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы достық қатынастардың негізі туралы бірлескен декларация қабылданды, сондай-ақ әуе көлігі, халықаралық автокөлік қатынасы туралы және т.б. келісімдер жасалды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы» және «Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2442-XII, «Қазақ КСР Еңбекпен түзеу кодексінің 50-ші бабына өзгерістер енгізу туралы» №2443-XII, «Қазақ КСР Азаматтық істер жүргізу кодексіне өзгерістер енгізу туралы» №2444-XII, «Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының арнаулы атақтары туралы» 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №2445-XII, «Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы» №2446-XII, «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты кейбір заң құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2448-XII, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы» №2450-XII заңдарына қол қойды.

19 қазан



Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына ресми сапары барысында ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Пэнмен кездесті.

Келіссөздер барысында энергетика, металлургия, ауыл шаруашылығы және т.б. салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2453-XII Заңына қол қойды.

20 қазан

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына ресми сапары барысында ең ірі қытайлық мегаполис — Шанхай қаласына барды.



21 қазан

Мемлекет басшысы Моңғолия Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Ұлан-Батыр қаласында Президент П. Очирбатпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында Қазақстан-Моңғолия қатынастарының өзекті мәселелері және екі елдің өзара тиімді қарым-қатынасының даму перспективалары қаралды. Тараптар өзара тиімділік пен барынша жақсы жағдайлар туғызу принциптері негізіндегі Қазақстан-Моңғолия сауда-экономикалық ынтымақтастығының жаңа сапалық деңгейі туралы сөз қозғады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша саяси, экономикалық, мәдени және басқа да салалардағы тұрақты және ұзақмерзімді ынтымақтастықтың келешегіне жол ашқан Қазақстан Республикасы мен Моңғолия Республикасы арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» №2463-XII, «Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2464-XII заңдарына қол қойды.

22 қазан

Мемлекет басшысы Моңғолия Республикасына ресми сапары барысында Моңғолия Республикасы Ұлы мемлекеттік хуралында сөз сөйледі, «Гоби» тау-кен комбинатына барды және қазақ диаспорасы өкілдерімен кездесті.

Мемлекет басшысы «Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы» №2470-XII, «Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы» №2473-XII, «Қазақ КСР Неке және отбасы туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2475-XII заңдарына қол қойды.

24 қазан



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы У. Кристоферді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан аумағында құрлықаралық баллистикалық зымырандардың шахталық-іске қосу қондырғыларын бөлшектеу, апатты оқиғалардың салдарын жою және ядролық қаруды таратудың алдын алу туралы негіздемелік келісімді дайындау мәселелері талқыланды.

25 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Иран Ислам Республикасының Президенті Х. Рафсанджанимен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері, сондай-ақ өзара мүдделілік тудыратын халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасу болып өтті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға, сондай-ақ азаматтардың өзара сапарлары, транзитті тасымалдау, сауда-экономикалық, өнеркәсіптік, ғылыми-техникалық, көлік және мәдени құрылыс, банктік есеп-айырысу және кедендік қатынастар және т.б. туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде» №2477-XII Заңына қол қойды.

26 қазан

Мемлекет басшысы «Е. Рахмадиев туралы» №1386, «С.С. Әшіляевты Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі қызметіне тағайындау туралы» №1387 жарлықтарына қол қойды.

27 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі А. Мацуиды оның өтініші бойынша қабылдады.

Кездесу барысында жапониялық тараптың Қазақстанда бірқатар инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша ұсыныстары қаралды.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен «Машина жасау зауыты» ӨБ аумағында орналасқан «Контек-93» Қазақстанның өнеркәсіп кәсіпорындарының конверсиялық технологиялары мен өнімдерінің көрмесін аралап көрді.

Мемлекет басшысы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» №2487-XII Заңына қол қойды.

28 қазан



Мемлекет басшысы Алматы қаласында орналасқан мотоатқыштар полкіне барып, әскери бөлімшенің техникасымен және оқу-материалдық базасымен танысты, спорт кешенін, асхананы, клуб және басқа да нысандарды аралап көрді. Н.Ә. Назарбаев жеке құрамының тізіміне Кеңес Одағының Батыры Б. Момышұлы мәңгілікке жазылған бірінші ротаның Құрметті мейманда кітабына естелік жазба қалдырды.

Содан соң Президент Алматы облысында орналасқан десанттық-шабуылдау бригадасы шоғырланған жерге барып, әскери бөлімше мен әскери қалашықты аралап көрді, шұғыл қызметтегі офицерлер, сержанттар мен сарбаздардың жаңа киім үлгілерімен, сондай-ақ әскери қызметшілер отбасылары өмірінің тұрмыстық және әлеуметтік жағдайларымен танысты.

Мемлекет басшысы «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөнінде және Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген айыппұл мөлшерін есептеу тәртібі жайында» №2492-XII, «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» заңдарды бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейту жөнінде» №2493-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің «КРАМДС Ұлттық акционерлік компаниясы туралы» 1993 жылғы 21 маусымдағы

№1257 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1389 Жарлығына қол қойды.

29 қазан

Мемлекет басшысы доктор Ким Ман Дже бастаған Корея Республикасының бір топ экономикалық консультанттарын қабылдады.

Олар Қазақстанның қаржылық және банктік жүйелерін, валюталық қатынастары мен жекешелендіру саясатын зерттеу қорытындылары бойынша өздері әзірлеген талдамалық баяндамасын ұсынды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанның қорғаныстық кешені кәсіпорындарының жетекшілерін қабылдады.

Кездесу барысында қорғаныстық кешеннің жай-күйі мен даму перспективалары талқыланды. Президент республиканың Қарулы Күштерін өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан, барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету керектігін атап көрсетті.

30 қазан


Мемлекет басшысы Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, Жамбыл ауданында Ұзынағаш ауылының еңбек ардагерлерімен және көнекөз қарттарымен кездесті, сондай-ақ еңбеккерлері республикада алғашқылардың бірі болып жүгері өсірудің озық венгерлік технологиясын пайдаланып, жоғары нәтижелерге қол жеткізген В.И. Ленин атындағы ұжымшарға барды.



ҚАРАША



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



4 қараша

Мемлекет басшысы «Азия даму банкіне Қазақстан Республикасының мүшелігі туралы» №1392 Жарлығына қол қойды.

5 қараша

Мемлекет басшысы «Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» №1393, «Қазақстан Республикасының Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссиясын құру туралы» №1395 жарлықтарына қол қойды.

7 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Литва Республикасының Президенті А. Бразаускаспен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар бір-бірін өз мемлекеттеріндегі саяси және экономикалық ахуал туралы хабардар етті және өзара тиімді әрі теңқұқылы ынтымақтастықты дамытуға ниеттерін білдірді. Н.Ә. Назарбаев ТМД елдерінде болып жатқан оқиғалар Қазақстанға өз валютасын енгізе бастауға дайындық жүргізу қажеттігін талап етіп отырғанын ерекше атап айтты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы шартқа, сондай-ақ бірқатар үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

9 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстанның облыстары, Алматы және Ленинск қалалары әкімдіктерінің басшыларымен ұлттық валютаны енгізуге дайындық мәселелері бойынша республикалық кеңес өткізді.

Президент жергілікті жерлердегі атқарушы билік органдарының ұлттық валютаны енгізуге дайындықтары бойынша міндеттерін айқындай келе, «ұлттық валютаға көшу кезінде және одан кейін де республикадағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты, азаматтарымыздың ертеңгі күнге деген сенімі мен тыныштығын қамтамасыз етуге бар күш-жігеріңізді жұмылдырыңыздар», — деп үндеді (Қосымшаны қараңыз).

10 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында ұлттық валюталарды енгізуге және екі ел арасындағы интеграциялық үдерістерді одан әрі тереңдетуге байланысты мәселелер талқыланды. Тараптар бірдей уақытта ұлттық валюталарын енгізу туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша екі мемлекет басшыларының сәйкес Бірлескен мәлімдемесі қабылданды және 1994 жылға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.

12 қараша

Мемлекет басшысы ұлттық валютаның енгізілуіне байланысты Қазақ теледидары арқылы Қазақстан азаматтарына үндеуін жариялады.

«Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Жоғарғы Кеңестің маған берген өкілеттігіне сәйкес мен 15 қараша күні сағат 8-ден бастап елімізде ұлттық валюта — теңгені енгізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Осы сәттен бастап тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы мен дамуының жаңа, шын мәніндегі өзгерістер кезеңі басталады. Мұндай оқиға әр елдің тарихында тек бір-ақ рет болады. Баршамыз өзіміздің ұлттық валютамызды енгізудің қаншалықты қажеттілігін және жағдайдың төтенше сипаты мен себептерін түсіне білуіміз керек. Біз үшін оның экономикалық қана емес, саяси маңызы да аса зор», — деп мәлімдеді Президент (Қосымшаны қараңыз).

1993 жылғы 12 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлығы шықты.

1993 жылғы 15 қарашада теңге КСРО-ның 500 рубліне 1 теңге қатынасында айналымға енді. Бұл күн Ұлттық валютаның енгізілген ресми күніне айналды.

Теңгені енгізу аса ауыр экономикалық жағдайларда іске асты. Ұлттық валюта енгізілген сәтте гиперинфляция деңгейі 2 165% жетті, ІЖӨ — бұдан бұрынғы 1992 жылмен салыстырғанда 40% құлады, өндіріс 9,2% төмендеді. Ең төменгі рұқсат етілген деңгейі 60% бола тұрып, экономиканы ақшалы ету дәрежесі 6–7% дейін құлдырады. 1993 жылға қарай 1 доллар 990 рубльге дейін жетті. Әлеуметтік және қаржылық күйзеліс пісіп-жетіліп, жарылар шағына жетті.

Қазақстанмен бірыңғай рубль аймағында болған Ресей жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарға қарамастан, 1993 жылғы 26 шілдеде біржақты тәртіпте 1961–1992 жылдары шығарылған рубль банкноттарын жаңа үлгідегі рубльдерге ауыстыра бастаған кезде сын-

дарлы жағдай апатты ауқымға дейін жетті. Бұл ретте, Қазақстан рубль аймағынан іс-жүзінде шығарылып тасталды. Республикаға алдымен Қырғызстаннан, содан соң Ресейден ескі кеңес ақшалары жаппай тастала бастады.

Осылайша, ұлттық валютаны енгізу мәселесі елдің жоғарғы басшылығының бұрынғы КСРО республикаларымен байланыс үзу ниетімен емес, тұтынушылық нарықты сақтап қалу, ел экономикасын, халықты экономикалық күйзелістен қорғау мақсатында жүзеге асырылды.

Өз ұлттық валютамызға көшу гиперинфляцияны 1994 жылы — 1 260% дейін, ал 1995 жылы 58% дейін төмендетіп, ауыздықтауға мүмкіндік берді.

Теңге айналымға енгізілген соң, Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда жарияланған мемлекеттік-саяси егемендігін алғаннан кейін болған экономикалық тәуелсіздікке ие болды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» №1399, «Қазақстан Республикасының аумағында КСРО Мемлекеттік банкі мен Ресей банкінің 1961–1992 жылдардың үлгісіндегі қазынашылық және банк билеттерінің айналысын аяқтау және оларды ұлттық валютаға айырбастау мерзімдері туралы» №1400 жарлықтарына қол қойды.

16 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі У. Кортниді оның өтініші бойынша қабылдады.

Кездесу барысында дипломат АҚШ Президенті Б. Клинтонның жақын арадағы айларда едәуір тығыз серіктестік қатынастарды орнату мақсатында жоғары деңгейде бірқатар кездесулер өткізу туралы ұсынысы айтылған жеке жолдауын табыс етті.

Елші сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевқа АҚШ Қазақстанның ұлттық валюта енгізу туралы шешімін қолдайтынын хабарлады.

Президент Б. Клинтонға жолдауы және АҚШ тарапынан Қазақстан үшін ұлттық валюта енгізудің қиын да күрделі кезеңінде қолдау көрсеткені үшін ризалығын білдірді.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1402, «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің құрамындағы өзгеріс туралы» №1409, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақша

жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» 1993 жылғы 5 қарашадағы №1393 Жарлығының жекелеген тармақтарының күші жойылған деп тану туралы» №1410 жарлықтарына қол қойды.

17 қараша

Мемлекет басшысы «Т.Ж. Жұмасұлтанов туралы» №1411, «В.И. Горячковскийді Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1412 жарлықтарына қол қойды.

18 қараша

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыс активіне жаңа әкімді С.Т. Пачинді таныстырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен келіп, оның барысында облыс активіне жаңа әкімді Л.К. Киіновті таныстырды.

Мемлекет басшысы «К.Ү. Үкин туралы» №1413, «Б.М. Тұрсынбаевты Қостанай облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1414, «Ш. Құлмахановты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №1416, «С.Т. Пачинді Ақтөбе облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1417, «Ф.А. Новиков туралы» №1418, «Л.К. Киіновті Маңғыстау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1419 жарлықтарына қол қойды.

19 қараша

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыс активіне жаңа әкімді Б.М. Тұрсынбаевты таныстырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Көкшетау облысына жұмыс сапарымен келіп, оның барысында облыс активіне жаңа әкімді Қ.Ы. Жұмабаевты таныстырды.

Мемлекет басшысы «Н. Есқалиев туралы» №1420, «Қ.Ы. Жұмабаевты Көкшетау облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1421 жарлықтарына қол қойды.

22 қараша

Мемлекет басшысы «С.В. Кулагинге Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттерін жүктеу туралы» №1422 Жарлығына қол қойды.

23 қараша

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшілер — Румыния Елшісі М. Энескуден және Америка Құрама Штаттарының Елшісі Н. Джонстан сенім грамоталарын қабылдады.

Сол күні Мемлекет басшысы заңгерлердің республикалық кеңесіне қатысты. Онда құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасының жобасы және Қазақстан заңгерлер қауымдастығын құру мен Заңгер күнін бекітуге байланысты мәселелер талқыланды.

24 қараша

Мемлекет басшысы «Агроөнеркәсіп кешенінің қызметкерлеріне «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №1423, «Агроөнеркәсіп кешенінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1424, «А.Т. Рыжковтан КСРО мемлекеттік наградаларын қайтарып алу туралы» №1425, «Ұ. Қараманов туралы» №1426, «В.В. Соболевті Қазақстан Республикасының Еңбек министрі қызметіне тағайындау туралы» №1427, «Л.М. Трубников туралы» №1428, «С.Ж. Дәукеевті Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрі қызметіне тағайындау туралы» №1429, «Қазақстан Республикасы Президентінің «КРАМДС» Ұлттық акционерлік компаниясы туралы» 1993 жылғы 21 маусымдағы №1257 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1430, «Е.Г. Ежиков-Бабаханов туралы» №1432, «С.Д. Бейсеновті Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Бас бақылау инспекциясының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1433 жарлықтарына қол қойды.

Сол күні Мемлекет басшысы Нидерланды Корольдігінің Маастрихт қаласына 1993 жылғы

25–27 қарашада болатын «Global Panel» халықаралық конференциясына қатысу үшін келді.

25 қараша



Мемлекет басшысы Нидерланды Корольдігінің Маастрихт қаласында өткен «Global Panel» халықаралық конференциясына қатысты.

Осы экономикалық форумда сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстан 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялай отырып, нарықтық экономикасы бар демократиялық әрі зиялы мемлекет құру жолына табандылықпен нық тұрғанын атап айтты (Қосымшаны қараңыз).

26–27 қараша

Мемлекет басшысы «Global Panel» халықаралық конференциясына қатысуына байланысты Нидерланды Корольдігінің Маастрихт қаласында болған кезінде Нидерланды Корольдігінің Премьер-министрі Р. Любберспен, Аргентина Республикасының Президенті К.С. Менеммен, Нидерланды және Маастрихт форумына қатысқан басқа да мемлекеттердің іскер топ өкілдерімен екіжақты кездесулер өткізді.

30 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының отырысына қатысып, онда «Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті туралы», «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі туралы» конституциялық заңдарының жобалары, сондай-ақ сайлау туралы кодекстердің, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы», «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы» заңдарының жобалары талқыланды.

ЖЕЛТОҚСАН



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



2 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен телефон арқылы сөйлесіп, онда тараптар екі елдің өз ұлттық валюталарын енгізуіне қарамастан, ТМД аясындағы интеграциялық үдерістерді тереңдетуге күш салуды одан әрі жалғастыра беруге уағдаласты.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық етті. Онда Қазақстан Республикасы Президентінің Республикалық ұланды құру және оны дамыту перспективалары туралы Жарлығының орындалу барысы, сондай-ақ елдің Әскери-теңіз күштерін дамыту тұжырымдамасы қаралды.

Мемлекет басшысы құрамында «Қазақстан-Каспийшельф» ААҚ және 7 шетелдік мұнай-газ компаниясы бар халықаралық консорциумның құрылтайшы-компаниялар өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында Президентке консорциумның жұмысы туралы есеп ұсынылып, таяу арадағы және ұзақмерзімді перспективаға белгіленген міндеттер туралы ақпарат берілді.

3 желтоқсан

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың, ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларымен, әртүрлі деңгейдегі Халық депутаттары кеңесінің депутаттарымен кеңес өткізді.

Кеңесте сөз сөйлей келе, Президент мемлекеттік органдар алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттерге, оның ішінде қаржылық жүйені жетілдіру, экономикалық саясаттың негізі ретіндегі нарықтық қатынастарды қалыптастыру үшін жаңа тәсілдерді жасап шығару, қаражатты пайдаланудың тиімділігін арттыру, ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күресті күшейтуге тоқталды.

Мемлекет басшысы Грузия Республикасы Парламентінің төрағасы Э.А. Шеварднадзеге жеделхат жолдап, онда қазақстандықтардың Грузиядағы

өткір саяси және экономикалық дағдарысқа алаңдаушылығын білдіріп, орын алған жағдай жуық арада шешілетініне сенімін жеткізді.

Н.Ә. Назарбаев өз жолдауында: «Сіздер үшін аса ауыр осы уақытта қазақстандықтар достық қатынастағы Грузия халқына тәжірибелік көмек көрсетуге дайын. Біздің елдер арасында қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес Қазақстан Үкіметі Грузияға биылғы жылғы астық өнімінен 100 мың тонна бидай бөлді. Республика қалыптасуының қиын-қыстау кезеңінде біздің іске асырып отырған бұл қадамымыз сіздердің ежелгі жерлеріңізде тыныштық пен игіліктің орнауына аз да болса жәрдемдеседі деген үміт артып отырмын», — деп атап айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасына ресми сапармен барып, осы елдің астанасы Бішкек қаласында Президент А.А. Ақаевпен кездесті және онымен бірге экономикалық одақ құру, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерінің арасындағы қатынастарды тұрақтандыру, бейбітшілік пен тату көршілестікті сақтау ісіне қосқан сүбелі үлесі үшін Халықаралық «Руханият» руханилықты жандандыруға жәрдемдесу қоғамдастығы ұсынған алтын медаль мен «Жыл адамы» атағын иеленуінің Құрмет дипломын салтанатты табыс ету рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы «М.Ф. Үркімбаев туралы» №1436, «З.Қ. Тұрысбековті Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1437 жарлықтарына қол қойды.

4 желтоқсан

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Конгресінің Өкілдер палатасы Ғылым, ғарыш және жаңа технологиялар жөніндегі комитетінің төрағасы Дж. Браун бастаған бір топ АҚШ конгрессмендерін қабылдады.

Кездесу барысында «Байқоңыр» ғарыш айлағының әлеуетін пайдалану, Қазақстан, Ресей және АҚШ бірлескен халықаралық ғарыштық жобаларын іске асыру, Қазақстан мен АҚШ арасындағы екіжақты экономикалық және ғылыми ынтымақтастық мәселелері бойынша пікір алмасу болып өтті.

6 желтоқсан

Мемлекет басшысы облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдіктері басшыларының қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің кеңейтілген отырысына төрағалық етті.

Отырыста Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының XI сессиясында оқитын Министрлер кабинетінің «Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы және үкіметтің инфляцияны төмендету, ұлттық валютаның қолданылуы жағдайында реформаларды тереңдету бойынша 1994 жылғы іс-қимылы туралы» баяндамасының жобасы талқыланды, сондай-ақ 1994 жылға арналған мемлекеттік бюджет жобасы қаралды.

7 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының отырысына қатысты.

Отырыста парламенттік дағдарысқа байланысты елде орын алған қоғамдық-саяси ахуал және соған байланысты Халық депутаттарының жергілікті кеңесі мен Жоғарғы Кеңестің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мен мерзімінен бұрын парламенттік сайлауды тағайындау мәселелері талқыланды.

1993 жылғы парламенттік дағдарыстың болуына 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасы бірінші Конституциясының қарамақайшылығы себеп болды.

Бұрынғы жүйенің негізгі механизмін тікелей Кеңестер тарапынан сақтай отырып, жаңа Конституция іс-жүзінде Қазақстанның жаңадан иеленген мемлекеттілігінің астына баяу іске қосылатын жарылғыш затын қойғанмен бірдей болды. Елде, шын мәнінде, қосбилік орнады, ол ел дамуын сірестіріп тастады және жедел шешілуін талап етті.

Бұл жағдай Президент пен Жоғарғы кеңес арасындағы қарама-қарсылықпен сипатталған Қазақстанның саяси өмірінің бұдан былайғы мазмұнын айтарлықтай дәрежеде алдын ала айқындап берді.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Корея Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ким Чан Кыннан сенім грамотасын қабылдады.



Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстанға жеке сапармен келген Америка Құрама Штаттарының танымал мемлекеттік қайраткері әрі саяси сарапшысы, профессор З. Бжезинскийді қабылдады.

8 желтоқсан



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы XI сессиясының пленарлық отырысына қатысты. Онда Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшелерін сайлау болып өтті. Комиссия құрамына 7 адам кірді және төрағасы болып Қ.Т. Тұрысов сайланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі мен жергілікті өкілді органдары депутаттарының сайлауы туралы» №2570-XII, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» №2572-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі №1344 Жарлығының 10-шы тармағына өзгерістер енгізу туралы» №1442 Жарлығына қол қойды.

9 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Халық депутаттары жергілікті кеңестерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» №2573-XII, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы кодекс» №2574-XII, «Қазақ КСР халық депутаттарының сайлауы туралы» Қазақ КСР Заңының, «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» Қазақ КСР Заңының және «Қазақ КСР Халық депутаттары жергілікті кеңестері депутаттарының сайлауы туралы» Қазақ КСР Заңының күші жойылды деп тану туралы» №2575-XII заңдарына қол қойды.

10 желтоқсан

Мемлекет басшысы Жапонияның Сыртқы сауда және өнеркәсіп министрлігі Сыртқы сауда саясатының бас директоры К. Ожи бастаған жапониялық делегацияны қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев: «Республиканың мықты экономикалық әлеуеті бар және біз жапондық компаниялар осында өз инвестицияларымен, алдыңғы қатарлы технологияларымен келіп, өздері үшін де, біз үшін де пайдалы болуы үшін жұмыс істегенін қалаймыз», — деп атап көрсетті.

Өз тарапынан К. Ожи Қазақстан-Жапония экономикалық комитеті құрылғанын, ауыл шаруашылығы, қара және түсті металлургия саласында ынтымақтастық орнатылатынын мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесі он екінші шақырылымы XI сессиясының пленарлық отырысына қатысып, онда Президентке және жергілікті әкімшіліктер басшыларына қосымша өкілеттіктерді уақытша беру және Жоғарғы кеңес өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы заң жобасы қабылданды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» №2576-XII, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» №2577-XII, «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Қазақ КСР Заңының және «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы Қазақ КСР Заңына өтпелі кезеңге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақстан Республикасы Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының күші жойылды деп тану туралы» №2577а-XII, «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» №2578-XII заңдарына қол қойды.

13 желтоқсан



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Америка Құрама Штаттарының вице-президенті А. Горды қабылдады.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар Қазақстан аумағында орналасқан ядролық қаруды бөлшектеу мен кәдеге жарату, Байқоңыр ғарыш айлағын пайдалануда ынтымақтастық жасау мүмкіндіктері, қоршаған ортаны қорғау, Арал теңізі мен бұрынғы Семей ядролық полигонына тікелей жалғасатын өңірлерде денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру мәселелерін талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Құрлықаралық баллистикалық зымырандардың шахталық-іске қосу қондырғыларын бөлшектеу, апатты оқиғалардың салдарын жою және ядролық қаруды таратудың алдын алу туралы негіздемелік келісімге, сондай-ақ Капитал

салуды көтермелеу және өзара қорғау туралы шарты ратификациялау грамоталарымен алмасу туралы хаттамаға қол қойылды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Алғашқы санитарлық-меди-циналық көмек көрсету жөніндегі Алматы декларациясы қабылдануының 15 жылдығына арналған «Алматы — 15 жыл өткен соң» ДДСҰ және ЮНИСЕФ мерейтойлық халықаралық конференциясына қатысты.

Конференцияда сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев Семей ядролық полигонындағы ядролық жарылыстармен, Аралдың апатты тартылуымен, Каспий теңізі деңгейінің көтерілуімен қиындай түскен Қазақстандағы өткір экологиялық жағдай осы өңірлер тұрғындарының денсаулығына дәрігерлер тарапынан ғана емес, үкімет тарапынан да ерекше баса назар аударуды талап ететінін атап айтты.

Алғашқы санитарлық-медициналық көмек көрсету жөніндегі Алматы декларациясы 1978 жылғы қыркүйекте ДДСҰ және ЮНИСЕФ аясында ұйымдастырылған халықаралық конференцияда Қазақстанның астанасы Алматы қаласында қабылданды. «Денсаулық сақтаудың ұлы хартиясы» деп атайтын декларацияда денсаулық алғаш рет адамның негізгі құқығы ретінде жарияланды, оның қамтамасыз етілуі мемлекеттік әлеуметтік қызметтермен қатар азаматтық институттар қоғамының бақылауында жүзеге асырылуы тиіс. Алматы декларациясы принциптерін іске асыру дүниежүзілік денсаулық сақтау саласының дамуына, бұған дейін қарапайым медициналық жәрдем алу құқығынан айырылған жер шарындағы миллиондаған адамдардың өмірі мен денсаулығына айрықша әсерін тигізді. Алматы декларациясында тұжырымдалған алғашқы санитарлық-медициналық көмек принциптері бірнеше онжылдықтарға «Денсаулық — барлығына» деген мақсаттарға жету стратегиясының негізін қалады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы XI сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Президент Қазақстан тәуелсіздігінің негізін қалаған Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңын, Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау туралы заңын, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы сияқты аса

маңызды саяси-құқықтық құжаттарды қабылдаудағы Жоғарғы кеңестің он екінші шақырылымының рөлін ерекше атап өте отырып, депутаттарға Қазақстанның мемлекеттілігін қалыптастыру және қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға қосқан үлесі үшін алғысын білдірді.



Жоғарғы Кеңестің он екінші шақырылымы өз қызметін 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Заңына сәйкес тоқтатты. 1990 жылдың 24 сәуірінен 1993 жылдың 13 желтоқсанына дейін жұмыс істеген Жоғарғы Кеңестің он екінші шақырылымы Қазақстанда парламентаризмнің қалыптасу тарихында ерекше рөл атқарды. Ол 1990 жылдың 25 наурызында өткен алғашқы демократиялық сайлаудың тәжірибесінен туындады. Әлі де сындарлы өкілетті органның маңызды рөлі Қазақстан тәуелсіздігінің негізін қалаған Мемлекеттік егемендік туралы декларация, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң, Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау туралы заң, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы секілді аса маңызды саяси-құқықтық құжаттардың қабылдануымен айқындалды. Сонымен бірге, Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы кезеңінде қалыптасқан барлық мемлекеттік билік толығымен Жоғарғы Кеңестің қолында болған басқарудың парламенттік формасы уақыттың сын-қатерлеріне жауап берген жоқ және елдің одан әрі дамуын іс жүзінде тежеп келді. Оның үстіне, жұмыс істеп тұрған Жоғарғы Кеңес басқарған Кеңестер жүйесі демократиялық қоғамның іргелі негізі — билікті ажырату принципіне қайшы келді.

Сондай-ақ Жоғарғы Кеңес қызметінің процедуралық мәселелері де өзгертулер енгізуді талап етті, өйткені ол кәсіби парламенттер секілді тұрақты емес, сессиялық негізде жұмыс істеді. Жоғарғы кеңестің заңшығарушылық қызметінің тиімділігін арттыру туралы мәселе де өткір тұрды, оның қабылдаған 250 заңдарының 30-ы ғана өміршеңдігін дәлелдеді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы алатын немесе Қазақстан Республикасы кепілдікпен алатын сыртқы заемдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» №2589-XII, «Қазақстан Республикасының ақша жүйесі туралы» №2591-XII заңдарына қол қойды.

14 желтоқсан

Мемлекет басшысы Тәуелсіздік күні қарсаңында республиканың бір топ мәдениет пен өнер, ғылым қайраткерлеріне, білім беру және өндірістік сала қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын табыс етті.

15 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста сөз сөйледі.

«Бірнеше жыл бұрын Қазақстан халқы саналы түрде тәуелсіздік жолын таңдап, сол арқылы келер ұрпақ алдында өзіне аса зор жауапкершілік алды. Өркениетті дүниежүзілік қоғамдастыққа кіре отырып, біз өзіміздің мемлекеттік егемендік туралы Декларациямыз бен республиканың жаңа Конституциясында басым орын алатын жалпы-адамзаттық құндылықтарды жариялады қ. Әлеуметтік нарықтық экономикалы құқықтық мемлекет құру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сыртқы салада ашық болу, қоғамдағы топтасу, ұлтаралық және азаматтық келісім — жалпы халық таныған басымдылыққа ие болды», — деді Президент өз сөзінде (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьяларына біліктілік сыныптарын беру туралы» №1446, «Қ.Б. Саудабаевқа Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1447, «А.Х. Арыстанбековаға Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1448, «Жоғары офицер құрамының әскери атақтарын беру туралы» №1449, «Сыныптық шен беру туралы» №1450 жарлықтарына қол қойды.

17 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен М.О. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында өткен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының салтанатты тұсаукесер рәсіміне қатысты.

«Еліміз мемлекеттік егемендігін алған сәтінен бастап өткен екі жыл ішінде, — деп атап өтті Президент, — оның өмірінде көптеген озық өзгерістер мен маңызды оқиғалар болды. Республикада тағдыр тәлкегімен оның шекарасынан тыс жерде жүрген біздің отандастарымызға қалауына қарай өзінің тарихи отанына қайтып оралуы үшін заңнамалық база құрылды. Шетелдегі қазақ диаспорасымен байланыс жасаудың барлық мәселелерімен енді осы Дүниежүзілік қауымдастық айналысады, оған үкімет қаулысымен мемлекеттік-қоғамдық ұйым мәртебесі берілді».

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне барып, оның ұжымына жаңа төрағасы Д.Х. Сембаевты таныстырды.

Жаңа басшылық алдына міндеттер қоя отырып, Президент ақша реформасын жүзеге асыру мен ұлттық валютаны нығайтуда банктің рөлін түбегейлі күшейту қажеттігін ерекше атап айтты.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №№1453, 1456, «Шет елдерде тұратын адамдарды Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1457, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1458 «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы туралы» №1459, «Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігін құру туралы» №1460, «Қ. Тұрысов туралы» №1461, «Б.С. Әйтімованы Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрі қызметіне тағайындау туралы» №1462, «F. Байназаров туралы» №1463, «Д.Х. Сембаевты Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1464, «Жоғары басшы құрамының арнаулы әскери атақтарын беру туралы» №1465 жарлықтарына қол қойды.

18 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Ә.М. Қажыгелдинді Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1466 Жарлығына қол қойды.

20 желтоқсан

Мемлекет басшысы ХВҚ басқарушы-директоры М. Камдессюді қабылдады.

Қазақстан Президенті Халықаралық валюта қорының басшысына ұлттық валютаны енгізуде көрсеткен көмегі үшін алғыс айтты. Тараптар сондай-ақ өзара байланыстардың дамуына қанағаттанғандықтарын білдірді және Қазақстан Республикасы үкіметі мен ХВҚ арасында қол жеткізілген ұзақмерзімді өзара тиімді ынтымақтастық туралы келісімді жоғары бағалады.

21 желтоқсан

Мемлекет басшысы Павлодар облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында өндіріске жаңа



технологиялар мен жұмыс тәсілдерін енгізіп жатқан бірқатар мемлекеттік және жеке меншік сектор кәсіпорындарының қызметімен танысты.

Президент, атап айтқанда, алюминий сульфаты, галий, ванадий шығаратын «Қазглинозем» ӨБ; «Ертіскард» электронды төлем жүйесі енгізілген облыстық жинақ банкінде; Павлодар медицина бұйымдары зауытында; тұрғызылып жатқан Черноярск көкөніс консервілеу зауытында; аяқ-киім тігетін «Верица» ӨҚ; «Мәди» тоқыма фабрикасында болды; сондай-ақ Павлодар қаласының Трактор жасаушылар мәдениет сарайында өткен халық тұтынатын тауарлар көрмесін тамашалады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградалары белгілерінің таңдаулы жобаларына конкурстың қорытындысы туралы» №1468 Жарлығына қол қойды.

22 желтоқсан

Мемлекет басшысы Павлодар облысына жұмыс сапары барысында Екібастұз қаласында болып, Екібастұз МАЭС-2 қуаттылығы 500 мегаватт болатын екінші энергоблогын салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Энергия жасаушылар және энергия құрушылар алдында сөйлеген сөзінде Президент оларды осы Ертіс маңындағы павлодарлықтар үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл республикамыз үшін маңызды болып табылатын оқиғамен құттықтады.

23 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығын алудың оңайлатылған тәртібін белгілеу туралы» №1470 Жарлығына қол қойды.

24 желтоқсан

Мемлекет басшысы Түрікменстанның астанасы Ашғабад қаласында өткен ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Саммитке сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.А. Алиев, Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросян, Молдова Республикасының Президенті М.И. Снегур, Өзбекстан Республи-

касының Президенті И.А. Каримов, Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов, Украина Президенті Л.М. Кравчук, Беларусь Республикасы мен Тәжікстан Республикасы Жоғарғы кеңестерінің төрағалары С.С. Шушкевич пен Э.Ш. Рахмонов, Грузия Республикасы Парламентінің төрағасы Э.А. Шеварднадзе қатысты.

Мемлекет басшылары кеңесінің жұмысы барысында ТМД құрамына Грузияны қабылдау жүргізілді, сондай-ақ ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің төрағасы болып Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин сайланды.

Саммит қорытындысы бойынша ТМД қатысушы мемлекеттері арасында ынтымақтастықты дамыту мен сенімділікті нығайту туралы Ашғабад декларациясына қол қойылды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) — 1991 жылғы 8 желтоқсанда бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттермен қатынастарды реттеу мақсатында Ресей, Украина және Беларусьпен құрылған өңірлік халықаралық ұйым.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан ТМД құрамына кіру туралы ниеттерін білдірді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 мемлекет басшылары ТМД мақсаты мен ұстанымы туралы жазылған Алматы декларациясына қол қойды.

ТМД органдары Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Парламентаралық ассамблея, Экономикалық сот, ТМД Атқарушы комитеті және т.б. болып табылады.

Мемлекет басшысы «Ю.В. Коноваленко туралы» №1471 Жарлығына қол қойды.

25 желтоқсан



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Министрлер кеңесінің — Үкіметінің төрағасы В.С. Черномырдин мен Қазақстан Республикасының Премьер-министрі С.А. Терещенконы қабылдады.

Үкімет басшылары Байқоңыр ғарыш айлағын бірлесіп пайдалану және отын-энергетикалық саладағы өзара іс-қимыл мәселелері бойынша өткен үкіметаралық келіссөздер қорытындысы туралы хабардар етті.

Кездесудің соңында Президенттің қатысуымен тараптар «Байқоңыр» ғарыш айлағының жұмыс істеуін

қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға және т.б. қол қойды.

26 желтоқсан



Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Республикалық оқушылар сарайында ұйымдастырылған Қазақстанның барлық өңірлерінен жиналған балалар үйлерінің 400 тәрбиеленушілері мен көпбалалы отбасыларының балаларына арналған жаңажылдық балға қатысты.

27 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Селолық жердің тауар өндірушілері мен халқына қызмет көрсетуді жақсарту шаралары туралы» №1473, «Т.Т. Жүкеев туралы» №1475, «Б.Ә. Баекеновті Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1476, «С.Б. Тоқпақбаевты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1477, 229. «Т.Қ. Айтмұхамбетов туралы» №1479, «М.Ф. Малаховты Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1480, «М.С. Нәрікбаевты Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты төрағасының бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1481, «Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Уақытша комиссия құру туралы» №1482, «Мемлекеттің валюта резервтерін қалыптастыру және валюталық шығыстарды ретке келтіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» №1483 жарлықтарына қол қойды.

31 желтоқсан

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды келе жатқан Жаңа 1994 жылмен құттықтады (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында валюта нарығын дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» №1484, «Кешірім жасау туралы» №1485 жарлықтарына қол қойды.

ҚОСЫМШАЛАР

Бағаны ырықтандыруға байланысты Қазақстан халқына үндеуі

Алматы қаласы, 1992 жылдың 14 қаңтары

Қымбатты отандастар!

Бағаның ырықтандырылуынан кейін небәрі бірнеше күн өтті, бірақ ол қазірдің өзінде көптеген адамдарды аса ауыр жағдайға душар етіп отыр. Россия және басқа республикалардан кейін біздің де осындай шара қолдануға мәжбүр болғанымызды сіздер жақсы білесіздер. Әйтпесе, біздің өнімдерімізді, бірінші кезекте азық-түлік пен халық тұтынатын тауарларымызды бұрынғы КСР Одағының басқа аймақтарының халқы жаппай сатып әкетер еді де, сөйтіп, Қазақстан экономикасы орны толмас шығынға ұшырар еді.

Нарықта балама жоқ екенін тағы да атап көрсеткім келеді. Бағаның өсу процесі өткен жылдың өзінде-ақ біздің ырқымыздан тыс жүре бастаған, осы әрекеттен «көлеңкешілердің», басқа да алыпсатар элементтердің байып, құныға түскені белгілі. Сондықтан да бұған тыйым салу керек болды.

Әйтсе де біз Россия мен басқа да республикалардың басшылығына бағаның ырықтандырылуын 1992 жылдың 1 шілдесіне дейін кейінге қалдыруға өтініш жасадық, ол үшін таңдап алынған кезеңді мүлдем қолайсыз деп санадық. Қыс жағдайында, оның үстіне, егін шықпаған жылдан кейін, азық-түліктің және дүние атаулының бәрінің қатаң тапшылығы жағдайында мұндай шараға баруға болмайтын еді.

Жаз кезі болса, бір сәрі: жаңа өнімнің алғашқы жемісі пайда болып, шаруашылық шарттары, үкіметаралық келісімдер жұмыс істей бастар еді. Сондықтан да халыққа жеңілдеу тиер еді.

Оның үстіне, еркін бағаны күту шаруашылық шарттарын жасауды апатты түрде тежеп отыр. Бүгін таңда, ес тандырарлық терапия жағдайында кәсіпорындар серіктестер ұсынып отырған баға қолайсыз деп санап, бір бірінен өнім алудан бас тартуда.

Бірақ, өкінішке қарай, біздің дәйектемелеріміз түсіністік таппады.

Мен нарыққа көшу елеулі қиыншылықтармен және қиын-қыстау сәттермен қосарлана жүретіні туралы талай рет айтқан болатынмын. Өмір мұның дұрыстығын дәлелдеп отыр.

Бағаның ырықтандырылуынан кейін оның аспандап кетуі біздің республиканың көптеген қарапайым адамдарының қалтасына шақ болмай шықты. Халық және, ең алдымен, оның аз қамтамасыз етілген тобы іс жүзінде қайыршылық шегінен де төмендеп кетті.

Сондықтан, халық өзіме берген билікті пайдалана отырып, мен нанның, сүт пен сүт өнімдерінің барлық түрлеріне, сары май мен қатты ірімшіктен басқасына, бағаны оның ырықтандырылуына дейін қолданылып келген мөлшерінен 3 еседен асып кетпейтін деңгейде қалдыру туралы шешім қабылдадым. Осы шешімнің біздің экономикамыз бен бюджетімізге ауыр тиетіні түсінікті. Бәлкім, ол кейбір шығындарды күрт қысқарту немесе тіпті тоқтата тұру есебінен жүзеге асырылатын да болар. Бірақ, басқа жол жоқ. Мен бұл қадамды саналы түрде, жалақыны

өсіру зейнетақы, жәрдемақы мен стипендияны ұлғайту жағдайында ол сіздердің баршаңызға, Қазақстан азаматтарына еркін бағаға көшудің бірінші, ең ауыр кезеңінен өтуге мүмкіндік береді деген үмітпен жасап отырмын.

Бұл орайда ең қысқа мерзімде қаладағы сауда алаңдарының кем дегенде 10%-ын кеңшарларға, ұжымшарларға және ұқсату кәсіпорындарына беру қажет деп санаймын. Соның нәтижесінде азық-түлік тағамдарымен сауда жасауды күшейту мүмкіндігі пайда болады.

Сонымен қатар мен сөзімді село еңбеккерлеріне, аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің шаруашылықтары мен кәсіпорындарының басшылары мен мамандарына арнап, оларды қала тұрғындарына өнімді мүмкіндігінше төмен, әлеуметтік есіркеуші бағамен сатып, сол арқылы осынау қиын кезеңде қалалықтарға іс жүзінде қолдау көрсетуге шақырамын.

Бюджеттік ұйымдарға желтоқсанның 15-інен бастап жалақыны 90% өсіру туралы қабылданған шешімді жергілікті өкімет орындары дер кезінде жүзеге асыруды қамтамасыз етпегенін барынша айқындықпен мойындау керек. Сондай-ақ, аз қамтамасыз етілген еңбеккерлер мен ардагерлерге кәсіпорындар тарапынан ақшалай және заттай көмек көрсетуін ұйымдастыру, кедейлікке ұшыраған нақты азаматтарға және сол сияқтыларға тегін тамақ беру және әлеуметтік төмен бағамен тауарлар сату үшін қайырымдылық асханалары мен дүкендер жүйесін өрістету ісін жолға қою жөнінде нақты қадамдар жасаған жоқ.

Мұның барлығы жоғарыдан қабылданған кез келген шешімдер егер жергілікті өкімет енжарлық, сүлесоқтық, іске қабілетсіздік танытатын болса, ізгі ниеттердің өзі немқұрайдылықтың, бюрократизмнің, сөзбұйдаға салудың ми батпағына батып, халыққа жеңілдік әкелмейтінін көрсетіп отыр. Міне, сондықтан да өкімет орындарының барлық сатысында, жоғарыдан төмен қарай — осы бағыттың бүкіл өн бойында олардың жүзеге асырылуы үшін қатаң талап қою қажет.

Халықтың мүддесін басшылыққа ала отырып, жергілікті Кеңестердің басшыларынан, олардың атқарушы органдарынан, жауапты лауазымды адамдардан, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларынан осы шешімдердің және өткен жылғы желтоқсанда баспасөзде жарияланған халыққа қосымша әлеуметтік қолдау көрсету және республиканың тұтыну рыногын қорғау жөніндегі мен қабылдаған жарлықтар мен қаулылардың шын мәнінде жүзеге асырудың тиісті шараларын қабылдауды үзілді-кесілді талап етемін. Бұлай болмаған жағдайда кез келген лауазымды адам халық үшін осындай қиын-қыстау уақытта қылмыстық қарекетсіздігі үшін қатаң әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылатынын ескертемін.

Сондай-ақ Министрлер кабинетіне менің шешімдерімнің сөзсіз жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін қажетті механизмдерді қарастыруға тапсырма берілді.

Халық үшін де, өнім өндірушілер үшін де біз өз еркімізден тыс тап болған осындай қиын жағдайдан шығудың жолы, жалақыны өсіруге, өнімнің кез келген қымбаттауына өтем төлеуге немесе өнімге бағаны шексіз өсіруге күш салу мақсатымен қоқан-лоққы жасау немесе ереуіл өткізу жөн емес екенін талай рет, соның ішінде сайлаушылармен сайлау алдындағы кездесу кезінде де айтқанмын және оны тағы да атап көрсеткім келеді. Мұндай қадам тек инфляцияның жаңадан шиыршық атуына душар етуі мүмкін, ал оның тұтынушыларды да, өндірушілерді де одан әрі титықтатары анық. Бұдан шығатын жол біреу-ақ — халықтың әл-ауқатын ұдайы және дәйектілікпен арттыра түсу үшін көбірек те жақсырақ еңбек ету.

Осыған байланысты кәсіподақтар мен еңбекшілердің басқа да қоғамдық ұйымдарын өздерінің күш-жігерін қазақстандықтарды өндірістің ұйымдастырылуын жетілдіру, оның көлемі мен ауқымын ұлғайту жолында топтастыруға бағыттауы жөнінде ұсыныс айтқым келеді. Өйткені, өндірістің кез келген тоқтауы экономика мен адамдардың өмір сүру деңгейіне қатты соққы болып тиіп, аласапыран туғызады және нарықтық экономиканы енгізуге байланысты біздің барлық үмітімізден айырады. Бізді құтқарып қалатын бір-ақ нәрсе бар, ол өзара ұстамдылық, шыдамдылық және қауырт еңбек болмақ.

Қазақстандықтар қазіргі қиыншылықтармен бетпе-бет келе отырып, байсалдылық сақтап, абыржымайды деп сенемін. Өздерінің барлық потенциалдық күшін, жігері мен еркін жұмылдыра отырып, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы өнімдерін шығару көлемін еселей түсіп, өздерінің еңбегімен Республиканы қазіргі дағдарысты жағдайдан алып шығатынына сенімдімін.

Қымбатты отандастар!

Біздің әрқайсысымыз өмірдің қиын да күрделі кезеңіне қадам бастық. Әлеуметтік-нарықтық шаруашылық құруға бел буа отырып, ал онсыз біз гүлденген елдер қоғамдастығына ене алмаймыз, біз бұл кезеңді бастан өткізуге мәжбүрміз. Сіздердің Президентіңіз ретінде өтпелі кезеңнің ауыртпалығы мен қиыншылықтарын халыққа жеңілдету үшін қолымнан келер және мүмкін болар нәрсенің бәрін істемекпін.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының проблемалары жөніндегі Дүниежүзілік экономикалық форумның арнайы пленарлық отырысында сөйлеген сөзі

Швейцария Конфедерациясы, Давос қаласы, 1992 жылдың 2 ақпаны

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Өтіп бара жатқан ғасырдың алапат апаттары мол болды әрі соңына дейін солай болып қала беретін сыңайлы. Өйткені жыл сайын өткізілетін Бүкіл дүниежүзілік форумның осы басқосуының өзі жаһандық халықаралық ахуалға айтарлықтай ықпал етуі мүмкін геосаяси қалпының ірі өзгерістер жағдайында өтіп отыр.

КСРО мен Шығыс Еуропадағы тоталитарлық-оқшауланушылық режимдердің күйреуі, «темір шымылдықтың» құлауы әскери-стратегиялық, саяси, экономикалық және басқа да қалыптасқан доктриналарды түбегейлі қайта қарауға жетелейді. Ол өз кезегінде, шешілу жолдары миллиондаған қарапайым адамдарды, саясаткерлерді, бизнесшілер мен ғалымдарды толғантып отырған бүтіндей бір ұйысқан проблемаларды туғызады.

Достастық шеңберіндегі Алматы уағдаластығының аса маңызды, тіпті, ең маңызды нәтижелерінің бірі ядролық әлеуетке ие 4 республиканың «Ядролық қаруға қатысты бірлескен шаралар туралы» келісімдері болып табылады. Онда осы қаруды таратпау, бұндай қаруды бірінші болып қолданбау жөніндегі міндеттеме қағидаттарына және барлық ядролық қару-жарақты жоюға деген ортақ ұмтылысқа біздің адалдығымыз қуатталады. Мұнда біздің халықаралық тұрақтылықты жанжақты нығайтуға деген тілегіміз айқын көрініс тапты. Қазақстан өз аумағындағы әлемнің аса ірі 2 полигонының бірін жапқан дүниежүзіндегі тұңғыш мемлекет болып табылады.

Қырғи-қабақ соғыс кезеңінің орнына ізгілік пен ынтымақтастық дәуірі келуде. Оны ядролық қаруды қысқарту мен стратегиялық тежеуірді жоюға бағытталған жаңа бастамашылықтар айқын аңғартады.

Бұрынғы Кеңес Одағының ыдырауына байланысты дүниежүзінің саяси картасында жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Олардың 11-ін біріктіретін Достастық мемлекет те, мемлекеттен жоғары құрылым да емес.

Оны құру бәрімізге ортақ болашақ үшін қажетті мәмілеге тезірек жету мақсатында қазіргі қалыптасқан жағдайдағы ерікті келісім негізінде құрылған жалғыз парасатты шешім болды деп батыл айта аламын. Қазақстан интеграциялық үдерісті әрқашан да әлемдік өркениетті дамытудың объективті қажеттілігі деп қараған болатын, сөйте тұра нақты шындықты және елдің бейберекет ыдырауын болдырмауға деген ұмтылысты басшылыққа ала отырып, қазіргі кезеңде болуы мүмкін ең сәтті нәтижеге барынша қол жеткізуге тырысты.

Бірақ, өкінішке қарай, тарих үнемі парасатты ақыл-ой арнасында дами бермейді. Алайда, мен ТМД шеңберіндегі мемлекеттер ынтымағының нығая беретініне, Еуропа қоғамдастығының органдарына ұқсас Достастықтың ұлттықтан жоғары тұратын үйлестіруші құрылымдарының құрылатынына үміттене бермекпін. Мұндай құрылымдарсыз Достастық нақты мазмұны толықтырылмаған әдемі ғана бос сөз болып қалады.

Бұрынғы кеңестік федерацияның республикаларын әлемнің халықаралық қатынастардың толыққанды субъекті ретінде тануы — қалыптасқан жағдайды түсінудің, диалог пен ынтымақтастыққа әзірліктің куәсі.

Бүгінде, бірінші кезекке жаңа тәуелсіз мемлекеттерді дүниежүзілік экономикалық шаруашылыққа кіріктіру міндеті шығып отыр. Ендігі жерде Қазақстан туралы білетіндер көп, алайда ол мәліметтер Қауіпсіздік кеңесінің мақұлдауымен, алдағы уақытта оның БҰҰ-ға кіретінімен, республиканың бұрынғы КСРО-ның тұрақты өңірлерінің бірі екенін білумен ғана шектеліп жатады. Соңғысы, сөз жоқ, өте маңызды жағдай, сондықтан да мен біздің Қазақстанда тұратын барлық халық пен ұлттық азшылықтың тең құқығын, жеке адамның саяси, экономикалық және рухани бостандығын қамтамасыз етуге талпынып отырғанымызды айрықша атап өткім келеді. Ал, бізде жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері бар.

Қазақстан Республикасы әртүрлі минералдық шикізаттың бірегей қорына, сондай-ақ ауқымды ауыл шаруашылығы жерлеріне ие. Мұның өзі экономиканың жылдам өсуі үшін қажетті алғышартты қалыптастырады.

Мемлекетіміз бүгінде басынан кешіріп отырған созылмалы экономикалық дағдарыстан шығу жолын біз жаңа сипатты өндірістік қатынастарды қарқынды қалыптастыруда деп білеміз. Олар экономиканың жандануы мен алдағы өрлеуін қамтамасыз етуге тиіс. Жүргізіліп жатқан экономикалық жаңғыртулардың қағидатты мақсаттары мен бағдарлары нарыққа, тауар өндірушілердің дербестігіне, бәсекелестікке бағытталған.

Жаңа экономикалық серпілісті бірқатар басым бағыттар бойынша қарқынды да кешенді түрде жүзеге асыру көзделіп отыр. Олардың арасында қатаң қаржылық және несие саясатының негізінде қаржыны тұрақтандыру, мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру арқылы жеке меншікті қалыптастыру, бағаны ырықтандыру, мемлекеттің экономикалық қызмет пен кәсіпкерлікке тікелей араласудан бас тартуы сияқты аса маңызды бағыттар бар.

Осыған орай республиканың негізгі заңдарының топтамасы, соның ішінде сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру, шетел инвесторларын тарту үшін қолайлы жағдай қалыптастыру, олардың қорғалуының кепілдігін қамтамасыз ету туралы заңдар қабылданды. Таяуда қабылданған концессиялар және еркін экономикалық аймақтар туралы шешімдер де бұған оң ықпал ететініне біз сенімдіміз.

Қазақстан сыртқы қарыздарын төлеу жөніндегі өзіне қабылдаған міндеттемелерін қатаң орындайды. Халықаралық валюта қорымен (оның қатарына мүше болып кіруге ресми өтініш білдірілген), Дүниежүзілік банкпен, Еуропа қайта құру және даму банкімен, басқа да халықаралық экономика және қаржы институттарымен іскерлік байланыстар орнатуға біз маңызды мән беріп отырмыз.

Бір кездерде Қазақстан аумағы арқылы әлемге әйгілі Ұлы Жібек жолы — көптеген ғасырлар бойы халықтарды, мәдениеттер мен өркениеттерді байланыстырған құрлықаралық сауда даңғылы өткен болатын. Біз бизнесшілер мен саясаткерлерді тарихи дамудың жаңа сатысында, сол жолды қайта жаңғыртуға шақырамыз.

Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк басшылығымен кездесуде сөйлеген сөзі

Швейцария Конфедерациясы, Давос қаласы, 1992 жылдың 2 ақпаны

Құрметті мырзалар!

Қазақстан Республикасын Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банкке қабылдау туралы шешім — шын мәнінде тарихи оқиға. Біз үшін ол тек қана ХВҚ-дан несие алу мүмкіндігі емес, ең бастысы — әлем қоғамдастығы алдында Қазақстанның абыройын арттыратындығы. Біздің ХВҚ-ға кіруіміз Дүниежүзілік банк қаржыландыратын жобаларға қатысу мүмкіндігімізбен де тікелей байланысты. Ал, бұл дегеніңіз біздің мемлекетаралық ұстанымымызды нығайта түспек.

Мен ХВҚ қатарына қосылуымызды Қазақстанның орталықтың орашолақ саясаты қамап қойған экономикалық қыспақтан құтылуы ретінде қарастырамын. Бұрынғы КСРО-да ондаған жылдар бойына басқа әлемнен оқшауландырылған экономикалық жүйе қалыптасқанын, оның әлемдегі қоғамдастықпен ынтымақтасуға бейімделмегенін сіздер білесіздер.

Біз халықаралық қаржы органдары көмегінің терең мағынасын түсінеміз. Бұл жерде бізді қанау да, жарылқау да жоқ. Ол — біздің қаз басып, тұрып кетуімізге жәрдемдесудің жосығы. Сондықтан да ондай ұйымдардан алынатын қаражатты біз жыртығымызды жамау үшін емес, нарық моторын іске қосуды жеңілдету үшін жұмсайтын боламыз.

Қазір біздің экономикалық ой-пікіріміздің ержеткенін дәлелдейтін ең басты емтиханымызды тапсыратын кез келді. Біздің капиталға деген мұқтаждығымыз үлкен. Қазақстан қауырт инвестициялық дағдарысты бастан кешіруде. Әрі ол біздің бүгінгі таңдағы барша дағдарыстарымыздың арасындағы ең ауыры және өз салдары тұрғысынан ең қауіптісі де.

Қолда бар қуаттарын қолдауға ғана емес, сол сияқты өндірістік әлеуетін кеңейтуге де ақша салмайтын кез келген экономика құрдымға кетеді. Бүгінгі мемлекеттің күрделі салымы жоқтың қасы (тиімді экономикаға тән жағдай), ал еркін кәсіпорындарға ие болғандар өздерінің қаражатын тұтыну қорына толассыз) тоғытуда.

Әйтсе де, көптеген кәсіпорындардың техникалық жағдайы олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Алайда, бұл қаражат ескі стандарттар бойынша бөлінеді дегенді мүлде білдірмесе керек. Әртүрлі халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған несиелер шығыстары мен нәтижелерінің негізделген нақты коммерциялық жоспары, қатаң міндеттемесі бар жобаларға бөлінетін болады. Бізге бүгінгі инвестициялардың XXI ғасырда қаншалықты тиімді болады және ол халық шаруашылығының болашақ құрылымына қалай ықпал етеді деген мәселелерді айқындап алу қажет. Таяу болашақта мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды, шетел инвестицияларын сұрыптап алуға қабілетті болуға тиіс ұлттық агенттік құрылмақ. Бірақ та бұл, мемлекеттік жоспарлау тұрғысындағы немесе ескі министрліктер тәсілімен орталықтандырылған бөлу жүйесін қайта қалпына келтіруді қалаймыз дегенді білдірмесе керек. Әңгіме

ұсынылған несиелерді ақылмен пайдалану туралы болып отыр. Бізге еркін ақша берілмейді, ұсынылған жобалардың сапасына байланысты ақша бөлінеді. Бұл республика үшін тарихи мүмкіндік: не біз бөлінген қаражатты толық игере аламыз, болмаса — ұятқа қаламыз.

Халықаралық қаржы ұйымдарына мүше болу — ешқандай да табыс кепілі емес. Соңғысына қол жеткізу қауырт жұмысты, ХВҚ нақтылы ақша сомасын бөлуге келісетін экономикалық және қаржылық саясаттың нақты бір қыр-сырлары бойынша Қазақстан мен ХВҚ арасындағы пікірталастарды талап етеді. Ондай жұмыс қазірдің өзінде басталып та кетті. Келісілген іс-әрекет бағдарламасының таяу уақытта аяқталатынына мен сенімдімін.

Қазақстан Республикасында болып жатқан экономикалық үрдістер туралы сөздерді қысқаша хабардар етсем деп едім.

Ел 1991 жылы саяси дағдарысты бастан кешірді: әлем картасынан біртұтас КСРО мемлекеті ғайып болды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қалыптасты. Менімше, ол экономикалық одақты нығайта алған жоқ.

Керісінше, кейбір мемлекеттер жікшілдікке, алшақтыққа арқа сүйеуді жалғастырып, өз экономикасын және әлеуметтік проблемаларын жеке-дара шешуге тырысуда. Ондай іс-қимылдардың қорытындысы ретінде көп жылдық шаруашылық байланыстардың ара жігі қазірдің өзінде ашылып, соның салдарынан бұрынғы барлық кеңестік республикаларда өндіріс күрт құлдырап, инфляция шарықтап өсуде.

Бүгінгі күннің шындығы мынада: ТМД субъектілерінің экономикалық саясат саласындағы іс-әрекетінде үйлесімділік жоқ. Бұл бағыттағы қазіргі атқарылып жатқанның бәрі нарықтық қайта құрылымдарды қолдау ниеті мен экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі жалпылама сөз ғана. Олар рубль аймағы шеңберіндегі экономиканы тұрақтандыру жөніндегі нақтылы істермен бекітілмеген.

ТМД экономикасы үшін қазір қиын кезең. Экономикалық оң ниет саяси кеудемсоқтықтың құрбанына айналуда. Рубль аймағына кіретін мемлекеттердің экономиканы қайта құру, шаруашылық жүргізудің нарықтық шығындарына көшу, тіпті, халық тұрмысының мәселелері саяси ойындардың майда тиынының кебін киді.

1991 жылғы желтоқсанда қабылданған ТМД экономикалық уағдаластықтарының бар пакеті 1992 жылғы қаңтарда-ақ түгелдей тығырыққа тірелді.

Қазіргі рубльді біржолата ығыстыру үрдісі жүріп жатыр. Проблема ТМД-ны құрушылардың КСРО Мемлекеттік банкін жойғанда, оның орнына ТМД орталық банкін не банкаралық одақ құру туралы ешқандай шешім қабылдамағандығымен де асқына түсуде. Соның салдарынан заңдық және экономикалық нонсенс орын алды: Ресей қолма-қол ақша алуда өз талаптарын орындата отырып, валютасымен 14 тәуелсіз мемлекетті қаржыландырады. Бұл жағдайдың өзегінде тек қана экономикалық соғысқа алып келетін жанжал жасырулы. Қазірдің өзінде біз оның куәгерлері мен лажсыз құрбандарына айналып отырмыз.

Мен әрқашан да рубль аймағы шеңберінде экономикалық одақ құру (оның құрамына өз валюталары бар республикалардың да қосылуын жоққа шығармастан) туралы айтып келемін және айта да бермекпін. Ондай одақтың негізінде тауарлардың, капиталдың, жұмыс күші мен көрсететін қызметтің еркін айналымы қағидаттары болуы қажет. Қаржылық, ақша-кредиттік, саланың, бағалық, әлеуметтік салалық,

көп қырлы экономиканы дамытудың келісілген саясатының болуы маңызды. Өзара келісімдер негізінде ұлттықтан және мемлекеттіктен жоғары тұрған үйлестіру институттарын құру қажет. Мемлекеттер арасындағы іс-қимыл, басқару жүйелері және жекелеген мемлекеттердің тарапынан басқалардың мүдделеріне қайшы біржақты шаралардың қабылдануын болдырмайтын реттеу және бақылау қызметтерінің атқарушы қағидаттарын тұжырымдау керек.

Бұл жерде мен егемен мемлекеттердің қалыптасатынына күдік келтіруден аулақпын. Әңгіме — осынау өркенді үдерістің ойластырылмаған экономикалық алшақтамауы, ең болмағанда, өтпелі кезеңде кірігуден ажырасып қалмауы хақында. Олай болмаған жағдайда, тек мемлекетаралық қана емес, өндірістік те, тұтыну тауарларының да жетіспеушілігімен, мемлекетшілік ушығулардың орын алуы мүмкін.

Республикадағы экономикалық жағдай сіздерге жақсы белгілі, олар қызметкерлеріңіз жүргізген талдаулардың негізінде ХВҚ мен Дүниежүзілік банктің отырыстарында баяндалды. Мен бұл жерде республикадағы экономикалық реформаның жекелеген бағыттарына тоқталып өтпекпін. Әрине, олар жаңа жағдайлар мен беделді халықаралық қаржы ұйымдарының ұстанымдарын ескере отырып, түзелетін болады. Осылайша, жан-жақты тұжырымдалған үкіметтің нақты бағдарламасы таяу болашақта республика Парламентінің сессиясына ұсынылатынын да атап айтқым келеді.

Егер де республика Үкіметі инфляцияны ынталандыратын, жеңілдіктер мен демеуақының өсуіне бағытталған, бекітілген бағаны сақтап қалатын тиімсіз өндірістерге жәрдем ақша бөлетін, табыстың көпшілігін индекстейтін саясатты жалғастыра беретін болса, онда экономикалық күйреудің болмай қоймайтыны даусыз.

Республика басшылығының батыл саясатының арқасында жаңа экономикалық бағыт серпінді, кешенді және бірқатар негізгі шаралар бойынша үйлесімді түрде жүзеге асырылуда. Солардың арасындағы ең маңыздысы — экономикалық тұрақтылық. Оның негізінде Парламент қабылдаған республикалық бюджет, қатаң қаржылық саясат, салық реформасы бойынша заңдар пакеті бар. Мемлекеттік шығыстардың құрылымын өзгерту, шығынды кәсіпорындарды қаржыландыруды азайту, мемлекеттік басқару органдарының аппараттарын ұстау шығындарын кеміту, т.с.с. жөніндегі түбегейлі шаралар қарастырылған.

Салық жүйесінің реформасы оны жаңа жағдайларға сәйкес келтіруге және бір мезгілде нарықтық экономикалы елдердің салық жүйесінің қағидаттары мен құрылымын жақындатуға бағытталған. Оның маңызды мәні жаңа салық түрін — қосымша құн салығын енгізу болып табылады. Алайда, оның мөлшерінің қазірше жоғары екенін атап өткен жөн. Сондықтан да, кәсіпорындардың одан жалтаруын, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтің белсенділік деңгейін төмендетуге жол бермеу мақсатында қосымша шаралар (оның мөлшерін кейін біріздендіретіндей төмендетіп отыру) қабылданатын болады.

Республикадағы экономикалық реформаның маңызды бағыты бағаны ырықтандыру болып табылады. Үкімет бағдарламасы ақша массасы мен жоғары деңгейде ауыр болса да, бағаны ырықтандыру арқылы тауарларды рыноктағы біреуге ғана ұсынудың арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтірудің объективті қажеттілігін негізге алды. Бұл ретте нақты тауарды өндірудің монополиялау деңгейі

мен сыртқы сауданы ырықтандыруға қарай нарыққа көшудің алғашқы кезінде бағалық реттеу қарастырылды. Одан кейін бағаны босату уақыттың ғана мәселесі болып саналды және «рубль аймағына» кіретін басқа мемлекеттермен келісімді саясат жүргізу көзделді.

Өкінішке қарай, Ресейдің бағаны ырықтандыру жөніндегі біржақты шаралары республикада тиісті жұмыстарды жүргізуге және үкіметтің саясатына тактикалық сипаттағы өзгерістер енгізуге мүмкіндік бермеді.

Қазақстанда мемлекеттік меншіктің монополиясына негізделген экономикалық дамудың әкімшіл-әміршіл жүйесін бұзудың белсенді үрдісі жүріп жатыр. Бұл үдерістер, ең алдымен, өкіметтік-шаруашылық қатынастарды тиімді тұғырландыру мақсатында этатистік-төрешілдік органдардың монополиясын жоюға, шаруашылық жүргізуші субъектілердің күш-жігері мен шаруашылық қызметтің нәтижелері арасындағы үзілген тікелей байланыстарды қалпына келтіруге бағытталған.

Мен мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендіру бағдарламасын бекіттім. Оған қызмет көрсету саласы, сауда, тұрмыстық қызмет, коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары, тұрғын үй, өнеркәсіптің, құрылыстың, ауыл шаруашылығының, автокөліктің шағын кәсіпорындарын жекешелендіру кезеңі, сондай-ақ индустрия мен аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің ірі кәсіпорындарын акционерлендіру кезеңі енгізілді.

Республикада мемлекеттік меншікті республикалық және муниципалдық (коммуналдық) деп бөлу жүзеге асырылды. Бұл мемлекеттік мүлікті жекешелендіру үдерісін күрт жеделдетуге және оны іске асырудың жолдары мен тәсілдерінің алуан түрлілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, ақылы және тегін тәсілдерді қолдана аламыз. Қызметкерлердің бойында кәсіпкерлік істің дағдыларын дамыту үшін кең негіз қалыптастыратын шағын және орта кәсіпорындарды жекешелендіру тегеурінді өрістетілуде.

Меншік пен шаруашылық жүргізу нысандарының алуан түрлілігін қолдану экономикалық реформаның басқа да іс-шараларымен қатар, шаруашылық тыныстіршілігін жалпы сауығуы мен жеделдеуіне айтарлықтай үлес қосуда.

Әйткенмен де, реформа нарықтық қатынастардың шын мәніндегі субъектілерін әлі құра алған жоқ. Кәсіпорындар нарықтық ынталандыруларға бұрынғысынша селқос қарауда.

Жекешелендіруді жүзеге асыру барысындағы қаржылық және мемлекеттің әкімшілік масылдығын азайту, бәсекелестікті дамыту, экономикалық тиімділікті арттыру, мемлекеттік емес инвестицияларды тарту, мемлекеттік монополияны жою мен құрылымдарды төрешілдіктен шығару сияқты шаралар басымдықты міндеттер ретінде қала бермек. Мемлекет жекешелендірілген кәсіпорындар қызметін реттеудің жаңа нысандарын қалыптастыруға ұмтылуда.

Біз мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерістерінің бағалық, банктік, қаржылық, әлеуметтік, монополияға қарсы саясатпен, сондай-ақ кәсіпорындардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жақсартумен, кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамытумен үйлесімді жүзеге асырылуына баса мән береміз. Бұл ретте жаңа талаптарға сәйкес статистикалық, бухгалтерлік есеп пен талдау жүйелері өзгертіледі.

Қазақстан орасан зор табиғи-экономикалық әлеуетке ие. Аграрлық секторда 220 млн. гектардан астам ауыл шаруашылығы жерлері бар, оның ішінде,

35,5 млн. гектары егістік жерлер. Жыл сайын орта есеппен 24 млн. тонна астық дақылдары, 1,5 млн. тонна ет, 107,7 мың тонна жүн және басқалары өндіріледі. Ұлттық табыстың жалпы көлеміндегі агроөнеркәсіп өндірісінің үлес салмағы 36,4%, күрделі қаржы — 34%. Ауыл шаруашылығы азық-түліктің негізгі түрлері бойынша халық қажеттілігін толық қамтамасыз етеді және республикадан тысқары жерлерге шығаруға мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіптік кешен дамуының тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында біз оны нарықтық экономика рельсіне көшіру жөніндегі заңдар пакетін қабылдаудың, сөйтіп жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қалыптастыру мен меншіктің көптүрлі нысандарын дамыту үшін құқықтық алғышарттар жасалды. Қазіргі кезде оларды іске асыру бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Соның нәтижесінде бүгіннің өзінде шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысандары: кеңшарлар, ұжымшарлар, кооперативтер, шаруа қожалықтары, шағын кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар және басқалары тең құқықты түрде қызмет атқаруда.

Кеңшарлар мүлкін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерісінде акционерлеу, кейіннен сатып алуы үшін оларды еңбек ұжымдарына жалға беру, ал жекелеген жағдайларда — негізгі және айналым қорларын еңбек ұжымына тегін беру түрлері басымдылықпен дамып келеді. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығының басты байлығы жер тек қана Қазақстан Республикасының меншігі болып қалатынын атап өткен жөн. Ол азаматтарға өмір бойғы иелікке, сондай-ақ шетел азаматтарын қоса алғанда, заңды және жеке тұлғаларға иегерлік талаптарымен уақытша пайдалануға беріледі.

Шетел капиталын, техникасы мен технологиясын, өндірісті ұйымдастыру мен басқару тәжірибесін кеңінен пайдалану Қазақстанның экономикалық өсуінің маңызды секторы ретінде қалыптастырылуда. Республикада экономиканың прогрессіл құрылымдық қайта жаңғыртылуы бағыты жүргізілуде. Қазіргі кезде халық шаруашылығына салалық құрылымдардың өрескел бұзылуы, оның ілбіген қарқыны мен ресурсты көп қажетсінуі халық тұтынатын тауарлардың (негізінен азық-түлік емес тауарлар) импортқа тәуелділігі тән. Сондықтан да Қазақстан экономикасын әлемдік шаруашылық байланыстарға белсенді қосу мүмкіндіктерін пайдалану қажет.

Республикада 1 100-ден астам сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылар тіркелген, оның ішінде 116 бірлескен кәсіпорын бар, 21 сыртқы экономикалық қауымдастық жұмыс істеуде, бірлескен халықаралық коммерциялық банк пен бір шетел кәсіпорны ашылған. Экспортталатын тауарлар номенклатурасы 290-ға жуық атауды қамтиды және әлемнің 80-нен астам еліне шығарылады.

Таяу болашақтағы жылдарда экспорттық әлеуеттің негізін Қазақстан үшін дәстүрлі өнімдер — мұнай, газ, металлургия, химия және агроөнеркәсіптік кешендер өнімдері құрайтын болады.

Сонымен бір мезгілде шетел инвесторларын ынталандыру бағдарламасы әзірленіп, қабылданатын болады. Ол экономикалық талаптарға жауап беретін жобаларға шұғыл шетел инвестицияларын тарту, қолдау көрсету, оған қажетті жағдайлардың бәрін жасау және шетел инвесторларына тартымды имидж қалыптастыру үшін қажет.

Әңгіме ауыл шаруашылығы, тамақ және энергетика өнеркәсібі, түсті және қара металлургия, қалдықтарды қайта өңдеу, медицина өнеркәсібі, тұтыну

тауарларын өндіру, құрылыс материалдары мен құрылыс жүргізу индустриясы сияқты экономиканың басымдықты секторларындағы жобалар туралы болып отыр. Қазақстандағы шетел инвесторлары қатысатын экономикалық жобалар осындай жобалар үшін Қазақстанның барлық заңдарында қарастырылған басымдықтарды, заңдық және экономикалық жеңілдіктерді пайдаланады және ешқандай нысандағы кемсітушілікке ұшырамайтын болады. Әлемдік қоғамдастықтың Қазақстан Республикасын тәуелсіз мемлекет ретінде тануы қолданыстағы халықаралық құқық нормаларына сәйкес сыртқы экономикалық қызметін қамтамасыз ететін заңнама бөлігінде оған белгілі бір міндеттемелер жүктейді. Шетел инвестициялары мен концессиялар туралы, сыртқы экономикалық қызметтің негізгі қағидаттары туралы, еркін экономикалық аймақтар туралы заңдар қабылданды.

Ол заңдарда қарастырылған нормалар болуы мүмкін шетелдік әріптестерді Қазақстан экономикасына капитал инвестициялау үшін қажетті қолдауды қамтамасыз ететіндей есеппен белгіленген. Қазақстанның бүкіл аумағында орналасқан шетелдік және бірлескен кәсіпорындар үшін, егер шетелдік капиталы 30%-дан асса, жария етілген табыс алынған кезден бастап 5 жылда дейін олар ондай салық төлеуден босатылатыны көзделген.

Қазақстан шетел инвесторларына қызметінен түскен табысты елден тыс жерлерге аударуға және шетелдік қатысушысы бар заңды тұлғаларды жоюға, сондай-ақ олардағы өз үлестерін сатуына кепілдік береді.

Жалпы алғанда, экономикалық реформаның нәтижелері мен қоғамдағы қалыптасқан жағдайды жақсарту ішкі және сыртқы факторларға бірдей тәуелді екенін атап өткен жөн. Мұндай жағдайдағы Қазақстан Республикасы үкіметінің басты міндеті — өз іс-әрекетіндегі дәйектілік пен жігерлік, оларды үйлестіру мен басқа мемлекеттермен келісу, барлық жерде бірдей нарықтық тәсілдерді қолдану, іске кәсіпкерлік және біліктілік тұрғысынан келу.

Халықаралық қаржы ұйымдары, әлемдік қоғамдастық көрсететін бұндай көмек Қазақстанның экономикалық дағдарыстан шығуына мүмкіндік береді деп ойлаймын. Біздің еліміз де алдағы уақытта ХВҚ мен Дүниежүзілік банк арқылы әлемдік экономикалық дамуға өзіндік ықпал етеді деп сенемін.

Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы

Алматы қаласы, 1992 жылдың 16 мамыры

Қиын толғаныстар мен шешімдер, өмірді түбегейлі қайта өзгерту уақыты тағдырдың жазуымен біздің үлесімізге тиіп отыр.

Коммунистік режимнің сан жылдар бойғы күш-жігерімен құрылған тоталитарлық қоғам көз алдымызда, және де елеулі сыртқы ықпалдың әсерісіз-ақ ойыншық үйшіктей быт-шыты шықты. Аса қуатты-ақ державаның соншалықты тез және қайтып келместей күйреуінің көптеген себептерін атауға болар еді. Бірақ, меніңше, олардың ең бастысы КСРО-да бастапқы кезден-ақ адамның өзін-өзі ұғына білу және өз тағдырын өзі айқындау механизмінің болмағандығына байланысты. Кеңес адамдары өздерін өз өмірлерінің, өз меншігінің, өз елінің шынайы қожайындары ретінде ешқашан да шынайы сезінбей, тек партиялық-мемлекеттік мәшинеңің тілсіз бұрандасы ғана болып келді.

Тұлғаның жалпы бұқара арасынан ерекшеленбеуі, жалпыға бірдей теңгермешілік — қоғамдық құрылыстың көнелігінің ғана көрсеткіші емес, сондай-ақ адамды өзінің ең басты құқығының бірі — талдау құқығынан айыратын зор әлеуметтік қасірет екеніне терең сенімдімін. Бұрынғы санагерлі қасаң қағидалар желге ұшқан күлдей болысымен, көпшілігі абыржып, енді «Біз кімбіз және таяудағы, сондай-ақ алыстағы болашақта кім боламыз?» деген кәдімгі адами сұраққа жауап таба алмай отырғаны кездейсоқ емес. Көптеген адамдар бүгінде таныс бағдарынан айырылып қалған жолаушыдай.

Иә, біз бұлыңғыр және ешкімге түсініксіз марксизм-ленинизм жобалары бойынша «жарқын болашақ» құрудан бас тарттық. Бірақ бұл бізге енді тегінде кез келген перспектива жат дегенді білдіре ме? Әрине, жоқ. Ежелгі гректер: өзінің қай аймаққа баратынын білмейтін кемеге жел оңынан тұрмайды, деген екен. Айқын мақсатсыз адам да, билік жүргізуші құрылым да, қоғам да өмір сүре алмайды. Саналы мұратсыз, асқақ армансыз өмір сүретін адамдарды ұсақ, тоғышарлық мүдде, бір сәттік жеке бастың материалдық пайдасын ойлау стихиясы сөзсіз арбап алады. Сөйтіп, соның салдарынан қоғамдық азғындау басталады. Бүгінде әркімге біздің қозғалысымыздың бағытын көруге, оқиғаны болжап білуге, түпкі мақсатқа қол жеткізуге сенімді болуға мүмкіндік беретін Қазақстан қоғамы дамуының айқын және нақты тұжырымдамасы, міне, сондықтан да қажет.

Ұсынылып отырған егеменді Қазақстан Республикасының қалыптасу және даму стратегиясы осы қажетке сай келеді деп ойлаймын.

I. Қазақстанның дамуының стратегиялық мақсаттары мен концептуалдық үлгісі

Бұрынғы Кеңес Одағының бет-бейнесін түбегейлі өзгерткен оқиғалар тарих еншісіне айналды. Бүгінде өз тағдырын өзі айқындаған қазақ ұлтының жас егеменді мемлекеті, Қазақстанның бүкіл халқы мен экономикасы өзінің жаңа жай-күйінің жолында тұр.

Қоғамдық организм, онда орын алған саяси және экономикалық қатынастар өзгеру үстінде. Қоғам мен экономика барған сайын ашық сипатқа ие болуда.

Демократияның дамуы, меншіктік қатынастарды реформалау және толыққанды жүйелі нарыққа қадам жасау экономиканы дағдарыстан шығарудың баламасыз құралы ретінде танылды, ұлттық мемлекеттіктің қалыптасуы үшін қолайлы жағдай жасауда.

Осы бағытпен жүре отырып, біз қалыптасқан шындықты байсалды бағалап, қандай да болмасын әсіре құлшыныстан бас тартып, сабырлы және салмақты практицизммен қаруланауға тиіспіз. Және де бастысы — барлық қоғамдық қайта құруды біздің санамыздағы және қылықтарымыздағы бұрынғы тоталитарлық режимнің сарқыншақтарын міндетті түрде ескере отырып, ал олардан біздің қанша қаласақ та тез арылуымыз мүмкін емес, халықтың қалыптасқан психологиясы мен дәстүріне сәйкес жүзеге асыру қажет.

Қазақстанды біз үшін басқа ешкім де өзгертпейтінін, дүниежүзі қауымдастығында оған лайықты орын алып бермейтінін, біздің өміріміздің стандартын жоғары көтермейтінін түсіну маңызды. Барлық қазақстандықтан ілгерілеудің концептуалдық бағытын көрмейінше, алыстағы мақсатты түсінбейінше, олардың стратегиялық байланысындағы нақты бағдарламалық қадамдарсыз ол бос сөз болып қала беретініне сенімдімін.

Бүгінде біз алдымызға қандай стратегиялық мақсаттар қойып отырмыз? Егер саясат саласын алатын болсақ, онда олар мынаған келіп саяды:

- жас егеменді мемлекеттің күшті президенттік республика құру бағытында дамуы;

Бұл орайда, мемлекеттік құрылымның ұлттық белгілерін қорғап, оның шайылып кетуіне жол бермеу маңызды, әйтпесе ол әкімшілік-территориялық бірліктің жай ғана жиынтығына айналады.

Ұлт мемлекеттіліксіз өмір сүре алмайды. Мәселенің қатаң диалектикасы осындай. Сондықтан қай ұлтқа жататынына қарамастан, барлығы үшін мүмкіндіктер теңдігі мен барлығының заң алдында тең принципін жүзеге асырушы біздің мемлекетте тұрғылықты ұлт — қазақтардың мүддесі жекелеген жағдайда бірқатар мемлекеттерде орын алып отырғанындай, ерекше бөліп айтылатыны да әбден орынды. Бұл ұлттық мәдениет пен тілді түлетуге, қазақ диаспорасымен рухани-мәдени және басқадай байланыстарды қалпына келтіруге, Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болған адамдардың өз Отанына қайтып оралуына қандай да болмасын алғышарт жасауға қатысты.

Орталықтың қайта құруға дейінгі державалық саясаты қазақ ұлтын апат және жойылып кету шегіне қойып, ондаған жылдар бойы мәдениетінен айыру және ұлтсыздандырудың мақсатты процесі жүргізілгені баршаның есінде.

- демократиялық өзгерістерді тереңдететін және көпұлтты қоғамды топтастыруға жағдай туғызатын жаңа саяси қайраткерлер мен лидерлер ұсынатын көп партиялы жүйе құру;

- басты саяси мақсат ретінде, әсіресе өтпелі кезеңде экономикалық реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде тұрақтылықты қамтамасыз ету;

- геосаяси тұрғыдан өзін айқындауды ескере отырып, Қазақстанның қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз ететін көпжақты және әртүрлі нұсқадағы әскери-саяси және экономикалық балансты сақтау;

- демократиялық бостандықтар мен адам құқығын сақтау есебінен дүниежүзі қоғамдастығында Қазақстанның саяси салмағын арттыру, дүниежүзі экономикасында өзіндік және қомақты орнын табу;

- дүниежүзі шаруашылық байланыстарына ену технологиясында Қазақстанның тиімді геосаяси жағдайын пайдалану.

Еуропа мен Азия арасындағы аралыққа орналасқан, осында көптеген көне тайпалар мен олардың ұрпақтары ежелден тұрып келе жатқан Қазақстан территориясы қызу сауда мен саяси байланыстардың сахнасы болды. Сондықтан Қазақстан бүгінде Еуропа, бұрынғы КСРО-ның Орталық Азия бөлігі, жедел дамушы Азия және Тынық мұхит аймағы мен Азия құрлығының оңтүстігі арасында байланыстырушы буынның стратегиялық маңызды рөлін атқара алады.

Экономика саласында:

- меншіктің негізгі түрлерін (жекеменшік пен мемлекеттік меншік) үйлестіре және өзара іс-қимыл жасай отырып, бәсекелестік бастамаға негізделген әлеуметтік-нарықтық экономика құру, ал олардың әрқайсысы экономикалық және әлеуметтік өзара байланыстың жалпы жүйесінде өз міндетін атқаратын болады;

- адамның экономикалық тұрғыдан өзін айқындау принципін іске асыру үшін құқықтық және басқа жағдайлар жасалады.

Мемлекеттік меншіктің үлесі ұдайы азая түседі және болашақта, сірә, 30% шеңберінде белгіленетін болар. Бұл, біздің экономиканың өзегін республиканың ерекше меншігін құрайтын жер қойнауының байлығына негізделген саласы құрайтынына байланысты.

Бірақ, әлеуметтік нарықтық шаруашылыққа қадамымыздың барлық кезеңінде мемлекеттік реттеу элементтері белсенді пайдаланылатын болады. Мұның өзі мемлекетке толық немесе ішінара қарайтын кәсіпорындардың болуымен ғана емес, сондай-ақ оның бюджет, салық, несие және әлеуметтік саясат арқылы жүзеге асырылатын қызметімен байланысты.

Қазақстан үкіметінің экономикаға, оның түбегейлі құрылымдарын қалыптастыруға ықпалы бұрынғыдан да гөрі экономикалық сипат алатын болады, ол қабылдайтын шешімдер нарық серпіндеріне негізделіп, ақша айналымын реттеуге, салықтар, баж салығы және бюджет саласындағы саясатқа, валюталық курс пен банк пайызына байланысты болады.

Экономика дағдарыстан шыққаннан кейін немесе тұрақтанған соң ұлттық валютаны енгізу және оның ішкі, ал енді одан кейін сыртқы өтімділігін қамтамасыз ету мәселесі қойылмақшы. Бұл процесс өркениетті түрде сом аймағы мемлекеттерімен шарттар жасасу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Ортақ валюта — сом өтпелі кезеңде маңызды екені сөзсіз, біз оны қолдаймыз. Бірақ оның Қазақстанның дербестігін тежейтінін және оның экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретінін айтпасқа болмайды. Өкінішке қарай, қазірдің өзінде Ресей ақша жүйесіне өзінің бақылау жасауын оқшаулауда.

Республика экономиканың тұрақтануын күтпей-ақ ұлттық валютасын енгізуге қарай қадам жасауға мәжбүр болды. Сондай-ақ банк жүйесін жаңғырту, құнды қағаздар рыногын жасап және оны реттеу де қажет болады;

- Қазақстанның табиғи ресурстарының негізінде дүниежүзілік тауар рыногында өзінің нақты айқындамасын жеңіп алу немесе басқа елдермен оны бөлісу және ұқсатушы әрі ғылымды көп қажет ететін салаларды жеделдете дамыту, қазіргі шетелдік техника мен технологияларды қатыстыра отырып, экспорттық және импорттық өндірістердің орнын алмастыратын өндірістер есебінен оның экономикасын қайта құру;

- тұтыну рыногын толықтыру. Мұның өзі еңбекке ынталандырудың Қазақстандағы әрбір отбасы тұрмысының ахуалын жақсартудың әрі әлеуметтік тұрақтылықты жасаудың басты жолы болып табылады. Тұтыну тауарларының шын мәнінде молшылығы болмайынша, еңбекке деген құлшыныс шын мәнінде зор болмақ емес. Онсыз инфляция мен бюджет тапшылығын да жоюға болмайды;

- Қазақстанды дамыту үшін шетел инвестицияларын тарту және тиімді пайдалану.

Нарыққа көшуді жүзеге асыра отырып, сонымен бір мезгілде біз экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруды әрі қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялауды жүргізуге тиіспіз, техникалық және технологиялық артта қалушылығымызды жойып, экологиялық жағынан таза өндірісі бар жоғары индустриялы елге айналуымыз қажет. Республиканың халықаралық экономикалық және қаржы органдарына белсене қатысуының, шетел банктері жүйесін ашуының маңызы зор.

Сонымен бірге Қазақстан потенциалының молдығы сондай, ол көз жетерлік болашақта республиканы өзінің капиталын басқа елдердің экономикасына жұмсай алатын мемлекетке айналдыруға болады деген нақты болжам жасауға болады.

Әлеуметтік даму саласында:

- іс жүзінде бәрінің игілігін қамтамасыз ететін қоғам орнату;

- кез келген басқа бір салада күш жұмсауға ниет білдірген әрбір адамға кәсіпкерлік еркіндік пен мүмкіндік туғызу. Біз өз тәжірибемізде көзіміз жеткеніндей, теңгермешілдік, экономикалық еркіндіктің болмауы адамның белсенділігін жояды. Мұның өзі қоғам үшін серпінділікті жоғалтуға әкеліп соғып, әлеуметтік масылдықты туғызады;

- этностық өзіндік өзгешелікті дамыту және Қазақстанның ұлттық-мәдени алуан түрлілігін сақтау, соның негізінде қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты аймақ ретінде оның әлемдегі беделін арттыру;

- экономиканың өсуі мен тұрақтануына және оның дүниежүзілік шаруашылық байланыстарына интеграциялауына орай еңбек табыстарын, зейнетақыны және жәрдемақыны арттыру, бірақ соның өзінде заңсыз баюға жол бермеу.

Сөйтіп, Қазақстанды дамытудың концептуалдық тұрқы ашық үлгідегі қоғамды демократиялық, бейбітшіл мемлекет құруды көздейді, осылайша:

а) адамның құқығы мен бостандығына, саяси және идеологиялық плюрализмге кепілдік беретін тұрақты азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, сенімді қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін халықаралық қоғамдастықта лайықты әрі тең құқықты жағдайға ие болатын қуатты президенттік республика құрады;

б) меншіктің алуан түрі, әлеуметтік жауапты кәсіпкерлігі, салауатты бәсекелестігі бар, шетелдік инвесторлар парасатты қатысатындай дамыған нарықтық экономикаға сүйенеді;

в) айқын әлеуметтік бағыты бар, бәріне бірдей өзінің қабілетін жұмсауға әрі материалдық жағынан игілікті өмір сүруіне тең жағдай жасап, мүмкіндік туғызатын, әр халықтың өзінің ұлттық ерекшелігін сақтап, дамытатын тұрақты дамудың негізі ретінде ұлттық келісім саясатын жүргізетін мемлекет құруды көздейді.

Мұндай үлгінің шындыққа айналуы үшін әрбір қазақстандықтан, оның ұлтына, діни сеніміне, саяси ықыласы мен жақтырмайтындығына қарамастан, экономикада терең түбегейлі өзгерістер жасамайынша, Қазақстанның лайықты болашағы жоқ екенін айқын түсінуі талап етіледі. Гүлденген қоғамға нарық, ашық экономика, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау арқылы жетуге болады. Егер барынша нақты

айтатын болсақ, онда таяудағы 3 жылда біз тұтыну рыногын бір қалыпқа келтіру, келесі 7–10 жылда экономиканың шикізат сипатын жою және инфрақұрылымды дамыту үшін ірі қадамдар жасау, тағы бір 5–7 жылда жаңа индустриалды елдердің қатарына қосылу міндеті тұр. Мұны уақыттың ықпалымен жасалған өкімет пен халықтың арасындағы әлеуметтік келісім деп қарау керек. Бұл орайда екі жақ оны орындау жөніндегі өздерінің міндеттемелерін ойдағыдай жүзеге асыруға тиіс.

Халықтың мүддесі тұрғысынан қарағанда, барлық қоғам өркениетті немесе өркениеті кем, демократиялық және демократиялық емес, өз азаматтарының игілігін қамтамасыз ететін және әртүрлі себептермен — бастапқы кедейшілігінен экономикасының милитарландыруынан, басшыларының шалағайлығынан немесе дұрыс бағыт таңдап алмауынан, азаматтық татулық пен келісімнің жоқтығынан игілікті қамтамасыз ете алмайтын болып бөлінеді. Басқаша бөлу қулық немесе идеологиялық зұлымдық болып табылады.

Қазақстанда либералдық немесе халықтық капитализм шынайы немесе жаңғырған социализм емес, тек қана көпукладты нарықтық экономикасы бар демократиялық қоғам болады. Ол әр адамға дербес жолын таңдауға және экономикалық өзін-өзі айқындауға, өзінің экономикалық, әлеуметтік, ұлттық және саяси мүдделерін іске асыруға тең мүмкіндіктер ашады. Онда тек қана заң, халықтың еркі мен ақыл-ойы үстемдік құрады, ал кәсіпкерлер мен еңбексүйгіш адамдар дәулетті әрі ауқатты азаматтар қатарына қосылады.

II. Ішкі саясат саласындағы стратегия

Ішкі саясаттың жалпы проблемалары

Ішкі саясаттың орын алып отырған проблемалары Қазақстан тұңғыш рет өзінің жаңа әрі жаңарған тарихында өзін жан-жақты дамыту үшін нақты жағдайға қол жеткізген даусыз фактісімен тығыз байланысты. Бұл даму қазақ халқының және республикадағы басқа да сан алуан ұлттардың өзіндік ерекшелігін түлету мақсатында жүргізілуде. Сондықтан ішкі саясаттың іргелі қағидасы ұлтаралық келісім принципі болуға тиіс. Міне, осының өзі демократиялық, құқықтық мемлекет құрудағы қазақстандық жолдың ерекшелігін және біздің дүниежүзілік қоғамдастыққа енуіміздің ерекшелігін айқындайды.

Қазақстан егемендігінің күрделі этносаяси әрі құқықтық табиғаты бар. Мұның өзі қазақтарды ұлттық бастауы мен дәстүрлеріне қайта оралтатын ұлттық егемендігінің және Қазақстан халқының тұтас этносаяси қоғамдастығы егемендігінің өзіндік жиынтығы болып табылады. Міне, сондықтан да көп ұлтты халықтың әлеуметтік тұрақтылығы мен мүдделерінің серпінді тепе-теңдігі біздің мемлекеттің қалыптасу және даму процесін әрқашан да айқындайтын болады. Осыны айқын сезіне отырып, Қазақстанның гүлденуі үшін республиканың барлық халықтарының ынтымақтасуына, әр адамның бақыты мен бостандығына, барлық азаматтардың материалдық және рухани мәдениетін көтеруге қамқорлық жасау керек. Қазақ халқының әуелден-ақ кез келген ұлттар мен ұлыстардың өкілдерімен ынтымақтық пен татулықта тұра білетін дәстүрлі салиқалылығына, олардың табиғи кеңпейілдігі мен көршілерінің мүддесіне терең құрмет көрсететіндігіне сүйене отырып осыған жете аламыз. Қазақстанда өмір сүретін басқа да халықтар тарапынан қазақ ұлтының өзінің қайта өрлеуіне деген табиғи ұмтылысына кеңпейілдік, құрмет және түсіністік біздің мемлекетіміздегі татулық пен достықтың іргетасына айналмақ.

Әңгіме этникалық алуан түрліліктегі әлеуметтік біртұтастықтың стратегиясы, бір территорияда тұратын, тұрмыстың ортақ жағдайымен әрі туысқандық менталитетпен, игілік және бақыт идеясымен біріккен, бір демократиялық, құқықтық мемлекет қорғайтын адамдардың үйлесімді қауымдастығын қолдау туралы болып отыр.

Бұл орайда, Қазақстан қазіргі шекарасында кейініректе қазақ ұлты мен қазақ хандығын құрған тайпалар орналасқан тарихи-этностық территория болғанын атап өткен орынды. XVII ғасырдың соңғы ширегінде қазіргі Қазақстанның бүкіл территориясы іс жүзінде қазақтардың бақылауында болды.

Сондықтан өзінің осы қалпындағы Қазақстан — біреулердің қазақтарға тартуы емес, қайта олардың тарихи Отаны, ежелден қазақ жері. Біздің халықтың кінәсі емес, маңдайының соры мынада: патша империясының отаршылдықпен езіп-жаншуы, Кеңес үкіметі жылдарында аштықтан қырылуы, ұжымдастыру және Отан соғысы кезеңінде жер аудару мен басқа ұлттарды зорлап көшіру, тың эпопеясы мен республикасының жер қойнауын игеру барысында тұрғылықты емес халықтың үлес салмағының механикалы түрде өсуі салдарынан өз ата-бабаларының жеріне азшылыққа айналғандығында.

Өткендегі өкпені халықтың есіне салу — арзымайтын іс. Бірақ жаңа жағдайда өз орнын таба алмай отырған шовинистік пиғылдағы саяси авантюристтердің жекелеген арандату әрекеттерін жауапсыз қалдыруға болмайды. Сондықтан республиканың билік жүргізу құрылымдары Қазақстанның унитарлық тұтастығын, оның территориясының бірлігі мен бұзылмауын қамтамасыз ету үшін барлық конституциялық құралдарды бұдан былай да пайдаланатын болады.

Жалпы демократиялық процестермен, адам құқығын жүзеге асырумен қазақтардың үйлесімді ұлттық түлеуі басқа ұлттардың тең құқықты дамуының қажетті шарты болып табылады. Өзінің дамуына бөгеттер кездестірмеген қазақ ұлты, сөз жоқ, басқа халықтардың мүддесі мен сұранысына түсіністікпен және құрметпен қарайтын болады. Әр халықтың интеллигенциясы әуел бастан тайталасқа емес, қайта топтасуға ынтық болуы керек.

Сонымен бірге мынадай жайтты да атап көрсету керек: этностың мемлекет құруға қабілеті, ең алдымен, оның қалған ұлттың өкілдерімен ынтымақты тұру, республикада тұратындардың барлығы Қазақстанды өз Отаны деп есептеуі үшін қажетті ахуалды тұрақты ұстау ниеті мен қабілетінен байқалады. Басқадай айқындама тұйыққа әкеліп тірейді. Бұл өте маңызды, мен айтар едім, басты нәрсе. Әңгіме қазақ ұлтының топтастырушы миссиясы туралы болып отыр.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігінің дамуы президенттік басқаруды іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз етумен қатар жүретін болады. Республика Президенті мемлекет басшысы ретінде тиімді басшылық жүргізу үшін барлық қажетті тұтқаларға ие болуы керек. Үкіметті басқара отырып, ол жоғары атқарушы биліктің жұмысымен байланысты мәселелерді шешіп, үкіметте кадрлық тағайындауларды жүргізіп, үкімет пен оның мүшелерінің жауапкершілігін белгілейді.

Жаңа Конституцияның қабылдануымен парламенттік қызметті ұйымдастырудың неғұрлым дамыған түріне көшу дәйекті жүзеге асырылады. Қазақстанның жоғары өкілетті өкімет органы шағын және құзырлы депутаттық корпусы бар республикалық және аймақтық мүдделерді үйлесімді ұштастыратын, заң жобасы жұмысын жоғары сапамен қамтамасыз етуге қабілетті шынайы кәсіпқой органға айналады.

Орталықта және жергілікті жерлерде өкілеттікті айқын ажырату принциптері негізінде билікті бөлісу және олардың өзара іс-қимылын неғұрлым тиімді ұйымдастыру бағыты бұдан әрі де жалғастырылады. Сонымен бірге мемлекет басшысы республика Конституциясы мен заңдарының күшін оның азаматтарының құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету мақсатында биліктің басқадай салаларына жедел түзету енгізуге ықпал ету мүмкіндігіне ие болуы керек.

Республикада сот билігі соттардың өз міндеттерін біртіндеп өмір бойы атқару жүйесіне мемлекет басшысы мен өкілетті өкімет арасында осы жүйені құру жөніндегі өкілеттіктерді ұтымды бөлуге біртіндеп көше бастайды. Сайып келгенде, біз республиканың біртұтас Жоғарғы сот органы мен жергілікті арнаулы сот органдарының тарамдалған жүйесіне келетін боламыз.

Республиканың жергілікті өкілетті органдарының қызметінде шынайы өкілдік негізін дамыту және жергілікті атқарушылықтың функциясын жүзеге асырудың жеке-дара сипатын нығайту бағытында жергілікті өкілетті және атқару органдарының жүйесін жетілдіру ісі жалғасатын болады.

Республикада тоталитарлықтан кейінгі кезеңге сай саяси және экономикалық билікті шектеу, мемлекеттің меншікке абсолютті монополиясын жою процесі жүретін болады. Соңғысы меншіктің жеткілікті түрде ықпалды және қомақты мемлекеттік емес түрін неғұрлым белсенді жекешелендіру мен жұмыс істеуінен, экономиканың және тұтастай алғанда қоғамның дамуына тұрақтылық беретін меншік иелерінің қалың орта жігін құрудан көрінеді. Нақ осы жік қоғамда масылдық пиғылдар, тегін көмек сұрау және экономикалық қиыншылықтар туған жағдайда өкіметке шағымдану әдеті сияқты теріс құбылыстарды жоюға мүмкіндік туғызады.

Бірақ өтпелі кезеңде, әл-ауқат деңгейінің айтарлықтай жіктелуі жүріп және халықтың көпшілігі үшін нарықтық жүйенің орнауы негізінен әл-ауқатты жақсартудан гөрі, ауыртпалықпен байланысты болып отырған кезде адамдардың реформаларға деген теріс қатынасына түсіністікпен қарау керек. Нарықты қабылдамаудың өзі оның болмысымен таныс емес, жаңа жағдайда нақты жұмыс істеуге жеткілікті тәжірибесі жоқ адамдардың әбден түсінікті дәрменсіздігінен туып отыр. Осыған байланысты нарықтық қазыналардың қолайлылығы мен әділдігіне адамдардың көзін жеткізуге қабілетті нарықтық идеологияны орнықтыру үшін жаппай негіз құрумен айналысу қажет.

Бұл экономикалық реформаны ойдағыдай жүзеге асырудың басты әлеуметтік шарты.

«Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясын» басшылыққа ала отырып, біз азаматтардың мүліктік құқығын нақты мазмұнмен толықтыруға ұмтылатын боламыз. Онсыз адамның шынайы бостандығы туралы әңгіме тек бос ызың ғана, ал әлемдік стандартқа сәйкес келетін тұрмыс деңгейіне жету орындалмайтын арман болып шығады.

Қайта құруды ойдағыдай жүргізудің басқа бір шарты азаматтардың құқық жөніндегі санасын арттыру мемлекеттік және коммерциялық құрылымдардың шаруашылықты жүргізуші барлық субъектілер мен азаматтардың заңға бағынуы болып табылады. Міне, сондықтан да кез келген билік кез келген заңнан жоғары тұрған біз үшін дәстүрлі жағдайды түзеу үшін өкіметтің құқық қорғау және сот органдарының барлық тұтқалары пайдаланылады.

Таяудағы болашақта мемлекет бүкіл әлемдегі сияқты әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу негізінен жанама түрде реттеу функциясын сақтап, экономикалық бостандық пен мемлекеттің мақсаткерлікпен ықпал жасауы арасындағы ақылға сыйымды тепе-теңдігі қолдау табатын болады. Өтпелі кезеңде атқарушы билікті күшейту тенденциясы сақталады, онсыз іс жүзінде экономиканы реформалау мүмкін емес. Азаматтар тарапынан болсын, сондай-ақ мемлекеттік институттар тарапынан болсын, қоғамдық тәртіп пен заңдылықты сақтау мәселелерінде мемлекеттік өкіметтің дәйекті іс-қимылы ерекше сипатта болуға тиіс. Мемлекет азаматтардың құқықтық санасында құқық пен заңдылықтың қабілетті кепілдігі деп қабылдануы қажет.

Азаматтың меншік иесі болу сияқты табиғи құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз етудің қоғамдық қажеттілік деген желеумен мүліктен еріксіз түрде жаппай әрі заңсыз шеттетілуіне, ал мұның өзі талай рет болғаны есімізде, жол бермеудің маңызы ерекше.

Қазақстанның ішкі саясатында уақыт өте келе демократиялық азаматтық қоғамның ажырағысыз бөліктері ретінде әртүрлі саяси партиялар мен ұйымдар бұрынғыдан гөрі елеулі рөл атқаратын болады.

Көппартиялық халықтың мүліктік кәсіби және басқа да стратификациясына байланысты қоғамның әлеуметтік топтарының нақты мүдделерінің айырмашылығын объективті түрде білдіреді. Көппартиялық арқылы өкіметке саяси оппоненттік процесс жүзеге асырылады, мұның өзі халықтың әртүрлі жіктері мен топтарының сан алуан мүдделері мен әлеуметтік үмітін ескеруге мүмкіндік береді, тоталитаризм мен волюнтаризмнің қайталанбауын нақтылы қарсылық пайда болады, ал парламент жүйесі шеңберінде белгілі бір қоғамдық қайшылықтарды өркениетті шешудің мүмкіндігі туады.

Көппартиялық жасанды түрде қалыптаспайды, қайта оған нақты негіз пайда болуына орай қоғамның нарыққа барар және халықтың әртүрлі топтары мүдделерінің түзілуі жолындағы оның бірыңғай әлеуметтік-экономикалық біртектілігінің табиғи күйреуі есебінен құрылады. Бірақ, сонымен бірге саяси бостандықтың және жалпы адамзатқа ортақ қоғамдық тәртіп нормаларын өрескелдікпен аяққа басуды саяси бостандық ретінде ұсынудың арасында нақты шекара айқын ажыратылатын болады. Міне, сондықтан біз ұлттық таптық және діни төзбестікті уағыздайтын біздің егеменді мемлекетіміздің конституциялық құрылысына және территориялық тұтастығына қатер төндіретін саяси партиялар мен ұйымдарға батыл түрде қарсы боламыз.

Саяси демократия тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарынсыз ақылға сыйымсыз болар еді. Сонымен бірге олардың объективсіздік пен теріс пиғылдылықтың бүлдіруші әрі тұрақсыздандырушы күшін сезінуі әлеуметтік жауапкершілігі болуға тиіс. Нақ сондықтан оларға бағдар ұстана отырып мемлекеттік өкімет құрылымдары қоғамдық пікірді зерттейді және өзінің іс-қимылын соған сәйкес түзетіп отырады.

Экономикалық даму стратегиясы

Қоғамдық өмірдің шешуші саласы — экономика саласындағы стратегия мен тактика құрылымдық және технологиялық артта қалушылықты бір мезгілде жоя отырып, нарықтық жүйеге көшуді одан әрі жалғастыру болып табылады.

Тіпті, тұрақты экономиканың өзі үшін ауыр болатын бұл проблемаларды, Қазақстанның бүгінгі таңда ТМД-ның басқа мемлекеттерімен бірге саяа-

си шаруашылық және жүйелік себептер, яғни бұрынғы одақтың тұйыққа тірелген әміршіл экономикасы әрі басшылықтың субъективті қателіктері туғызған күрделі экономикалық дағдарысты басынан өткізіп отырғаны біз үшін тереңдете түсіп отыр.

Күн тәртібінде дағдарысты жоюды қалай бастап, құлдырауды тоқтатып және бірте-бірте қалай өрлеу керек деген өмірлік маңызы бар мәселе тұр.

Мұнда шетелдердің инвестициялары, сөз жоқ, оң рөл атқара алар еді. Бірақ қайта құру жылдарының практикасы жуық арада сыртқы факторға елеулі түрде иек артудың қате болатынын көрсетіп отыр. Осы уақытқа дейін кең көлемді несие көмегін көрсету уәде шеңберінен аспай келеді. Әрине, ол үшін объективті негіздер де бар (тұрақсыздық, ұлтаралық соғыстар, осы уақытқа дейін кіммен істес болатындығының — әлсіреген орталықпен бе, әлде нығайған республикалармен бе, белгісіз болуы және т.б.). Бірнеше жылдан бері несие көмегін көрсетудің көлемі мен мерзімінің белгісіз болуы өз мүмкіндігіміздің шеңберінде біздің инициативаларымызды тежеп, батыл принципті шешімдер қабылдауға бөгет жасауда.

Міне, осындай жағдайда сырттан көмек күтіп босқа отыруға болмайды. Бұдан шығатын бір ғана жол бар. Ең алдымен, өзіне ғана сену керек және өз күшіне арқа сүйеп, дағдарыстан шығуды бастау қажет. Негізінен өзіміздің өндірушіміз бен инвесторымызға сенім артуымыз қажет, жұмыс істейтіндер мен өндіретіндерге қаржы сақтайтындар мен қаржы салатындарға көмек көрсетіліп келеді.

Егер біз осыны істей алмасақ, онда экономикалық апат болады да, бұрынғы одақтың барлық республикалары дамыған мемлекеттердің ұзақ уақыт бойы экономикалық колониясының бейшаралық рөлін бастан кешетін болады. Мұның өзі жайсыз тұжырым болғанымен, нақты жағдайға сай.

Әрине, егер ТМД елдерінің кейбір саясатшылары саяси шамданулар мен нәтижесіз ойындарды серпіп тастап, күш-жігерлерін біріктіре алса, дағдарыстан бірлесіп шығу анағұрлым жеңіл болар еді. Өйткені, біздің экономикамыз бір-бірімен шын мәнінде «біте қайнап», тығыз матасқан ғой, міне, сондықтан бұрынғы Одақтың әр мүшесі егеменді мемлекет халықаралық қатынастардың дербес субъектісі, БҰҰ-ның және басқа да халықаралық ұйымдардың толыққанды мүшесі болды екен деп, сол тығыз байланыстарды үзу ақылға сыймаған болар еді. Дүниежүзінің көптеген елдері байыпты ақыл-ойды басшылыққа ала отырып, өз егемендігін елеп жатпай-ақ бірігуге ұмтылуда. Ал біз өз жүрегімізде ыдыраған бұрынғы тоталитарлық орталыққа, мейлі, ол әділ-ақ болсын, өкпемізді сақтай отырып, бөліну процесін қасарыса тереңдетудеміз. Бұл абырой әпермейді бізге.

Қазақстан дағдарыстан шығудың біріккен нұсқасына қашан да дайын болатын, оны экономикалық тұрғыдан да, сондай-ақ саяси тәсілдермен де жүзеге асыруға ұдайы ұмтылып келді. Дегенмен, өкінішке орай, біздің инициативаларымыз ТМД-дағы серіктестеріміздің көпшілігі тарапынан қолдау таппады. Сондықтан күш-қуатты бірлестірудің шын жақтастары бола отырып, біз қалыптасқан жағдайдан өз бетімізше шығудың жолын іздеуге мәжбүр болып отырмыз, атап айтқанда, ТМД елдерімен «интеграция» саясатынан «координация» саясатына өтуді жүзеге асырамыз. Бұл саяси бағыт абыр-сабырсыз және қауіпті шыдамсыздықсыз, ішкі потенциалдық мүмкіндіктерге сүйене отырып жүзеге асырылатын болады. Ал бұл мүмкіндіктер бізде жеткілікті, шынтуайтына келгенде, көптеген елдерде экономикалық қайта түлеудің жолын бастағанда бүгін біздің қолдағы барымыздың мысқалдайтынының да болмағандығын айтуымыз керек.

Біріншіден, бұл іс жүзінде кез келген өндіріс түріне сенімді шикізат негізі болатын пайдалы қазба байлықтардың көптігі. Екіншіден, жерге қатысты реформаларды жүзеге асырғаннан кейін Қазақстанға, тіпті, дүниежүзілік аренада азық-түлікті экспортқа шығаруда көзге түсуге мүмкіндік беретін ауылшаруашылық жері мен егістіктің кең көлемі. Үшіншіден, жеткілікті мөлшерде дамыған өндірістік потенциалдың және барлық салаларда сауатты жұмысшылар контингентінің болуы. Төртіншіден, әдеттегі күнделікті ұғым шеңберіне сыймайтын, тәуекелді, барлық жаңалық атаулыны қабылдамайтын тоңмойындық дәстүрлердің өмір сүргіштігінен, өкінішке орай, әзірге мемлекеттік қолдау таба алмай отырған бұрынғы жүйе кәдімгідей талап етпеген ғылыми идеялардың мол арсеналы, жаңалықтар мен өнертабыстар.

Сонымен, стратегиялық салдарға орай алғашқы принципті тұжырым жасауға болады: дағдарысты өршітпеуді және экономиканы қалпына келтіруді мұны жасауға мүмкіндік беретін өз мүмкіндіктеріміздің есебінен жасауымыз қажет. Біздің тарихымызда бұдан әлдеқайда нашар бастапқы жағдай болғанда да тығырықтан шыққан кездеріміз болған.

Осындай маңызы бар екінші қорытынды: экономиканың прогресшіл құрылымдық қайта құрылуы, оның технологиялық артта қалуын жою, дұрыс басым бағыттарды таңдау арқылы және оларды жекелеген салаларды дамытуға экономикалық көтермелеу механизмін құру негізінде жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан үшін материалдық өндіріс саласында басым бағыттар:

- рынокты азық-түлікпен және халық тұтынатын тауарлармен толтыру;
- құрылыс және құрылыс индустриясы базаларын бірінші кезекте тұрғын үй құрылысы үшін дамыту;
- түсті және қара металлургияда түпкі шектерді белгілеп, экономиканың шикізаттық бағытын жою;
- ғылымды көп қажет ететін өндірістер мен машина жасауды дамыту, диверсификациялау және қажет болған жағдайларда қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялау;
- экологиялық таза технологияларды енгізу;
- осы заманғы инфрақұрылымдарды (көлік, байланыс, энергетика, туризм, қонақ үй жүйесін) құру болып табылады.

Басым бағыттарды жүзеге асырудың нақты формасы индикативтік жоспарға негізделген және оларға қатысудың негізінде жаңа ұйымдастыру құрылымдары құрылатын арнайы мемлекеттік бағдарламалар болады.

Республикада аталған басым бағыттарды ескере отырып, төмендегі мемлекеттік бағдарламаларды талдап жасау және жүзеге асыру міндеті тұр:

- рынокты тұтыну тауарларымен, азық-түлікті қоса алғанда, толтыру бағдарламасы;
- Қазақстанның экспорттық потенциалын дамыту бағдарламасы. Ол табиғи түрде өнеркәсіптегі ғылымды көп қажет ететін өндірістегі қорытынды бөлісті аяқтаудың, қорғаныс кешендері кәсіпорындарын дамыту мен қайта құрудың проблемаларын өзіне қосып алады;
- бір мезгілде валюта ресурстарын үнемдеу мәселесін де шешетін импортты ауыстыратын өндірісті дамыту бағдарламасы;
- құрылысты өрістету және тұрғын үйлерді сату бағдарламасы. Ол тұрғын үй проблемасын шешу идеологиясын өзгертіп және шын мәнінде тұрғын үй рыно-

гын құруы керек. Бұл өз кезегінде бізге өте маңызды рыноктық инфрақұрылымды құратын — олардағы іскерлік белсенділіктің дамуы мен құлдырауына байланысты бір саладан екінші салаға, бір аймақтан екінші аймаққа олардың ауыс-түйісіне жол ашатын жұмыс күші рыногының болуына мүмкіндік береді;

- инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы.

Экологиялық проблемалар шетелдік инвесторлардың қатысуымен және олардың көмегімен аса жаңа технологияларды пайдалану арқылы айтылған барлық проблемаларды жүзеге асыру барысында шешілетін болады.

Экологиялық жүйелерде экологиялық апаттарды, авариялар мен басқа да сәйкессіздікті болдырмау мақсатында әрбір жобаға алдын-ала білікті сараптама жасалуға тиіс. Бізге өз мамандарымыз әзірге жетіспейтіндіктен, ұзақ мерзімді негізде шетелдік фирмалардың қызметіне сүйенуге тура келеді. Ал олар шарттарға сарапшы болудан және консультациялар беруден өзге біз үшін экологиялық жағынан қауіпсіз технологияны таңдайтын кадрлар дайындауға көмектесетін болады.

Бүгінгі таңдағы басты міндет — адамның еңбек етіп табыс табуға ниеті ауып, нарықтың жасампаздық рөліне сенуі үшін еңбекке деген ынтасын түлету керек. Оның бірден-бір жолы тауар молшылығын жасау. Бастапқы кезде адамдарға ең болмаса өздерінің талғам талап етпейтін бірінші кезектегі сұранысын, әсіресе азық-түлік тағамдарына деген сұранысын еркін қанағаттандыруға мүмкіндік беру.

Сондықтан барлық стратегиялық басымдықтардың көш басында агроөнеркәсіп кешенін дамыту, оны дәйекті де батыл реформалау, сондай-ақ тұтыну рыногын өнеркәсіп тауарлармен толтыру шаралары жүретін болады.

Бұл міндетті шешуге үкімет жасап жатқан шағын село индустриясын дамытудың ұлттық бағдарламасы қызмет етеді. Соған сәйкес Қазақстанның селолық аудандарында жинақы жабдықтардан 1 100–1 200 шағын кәсіпорындар мен қала индустриясының отау филиалдары салынады. Бұл ауыл шаруашылығы шикізатының ысырабын азайтуға, жергілікті жерде жоғары сапалы түпкі өнім шығаруға, село жастарына арнап беделді жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Бағдарлама селолық жерлерді индустриялық тұрғыдан жаңғыртуға, селолық инженер-техник интеллигенция мен бизнесмендер жігін нығайтуға жәрдемдеседі.

Мұнымен қатар жоғарыда аталған тұрғын үй бағдарламасы жасалып, жүзеге асырылады.

Бір жақсысы, екі бағдарламаның да басында нарықтық елдерде қабылданғандай, банктер тұратын болады. Бұл мақсатқа кәсіпорындар, жергілікті әкімшіліктер мен азаматтар тарапынан акционерлік қаржылар жұмылдырылады.

Республикаға сондай-ақ өнімнің жекелеген түрлері мен өндірістер бойынша нысаналы бағдарламалар қажет, олар кейіннен дүниежүзілік экономика саласында Қазақстанның «сөресін» құрып, тұрақты мемлекеттік қолдау объектісіне айналады.

Біздің потенциалымыз тауарлардың 10–15 түрі бойынша және жоғары технологиялардың 3–5 түрі бойынша лидерлікті бөлісуге мүмкіндік береді ғой деп ойлаймын.

Осы айтылған барлық ұлттық бағдарламаларды АҚШ-тың тәжірибесі бойынша Қазақстан Республикасының жекелеген заңдары түрінде хаттау керек.

Нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттер тәжірибесін басшылыққа ала отырып, бізге белгілі бір кезең ішінде Қазақстан экономикасының дамуына үкімет тарапынан тұрақты талдау мен бақылау жасау мақсатында индикативті сипаттағы қысқа-орта-ұзақ мерзімді жоспар-болжамдар практикасын енгізу қажет.

Стратегияның маңызды элементі Қазақстанның қайта түлеуі мен дамуының қарқыны болмақ.

Дүниежүзінің бірқатар елдерінде жедел экономикалық өсу стратегиясы ойдағыдай жүзеге асырылған. Олардың қатарында — ГФР, Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань, Гонконг бар. Бұл мемлекеттердің бастапқы кезіндегі жағдайы, теңіз бен мұхит жолдарына тікелей шығу мүмкіндігі болғанынан басқасы, бүгінде Қазақстанның қолында бар нәрселерден көш артта болатын.

Осыны басшылыққа ала отырып, сондай-ақ ғылым, жаңа технологиялар мен басқару, интеграция, дүниежүзілік шаруашылық байланыстары саласындағы мега тенденциялардың күшеюін ескере отырып, Қазақстанның жаңа жағдайға өтуі мерзімін 15–20 жылға дейін қысқартуға болады.

Біз бұл жолға өзіміз үшін, біздің балаларымыз бен немерелеріміз үшін түсуге тиіспіз. Олай болса бұл өзіміздің еңбек ырғағымызды арттыра түсуге тиіспіз дегенді білдіреді, өйткені, даму және прогресс жолы қарапайым да жалғыз — ол қол жеткізілгеннен үнемі асып түсу.

Ал осы кезде біздің көпшілігіміз шөп басын сындырмай немесе кеше істелгенге ештеңе қоспай алға жылжығымыз келеді. 1990 жылғы дерек бойынша Қазақстан өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі Пәкстандағыдан, Таиландтағыдан, Түркиядағыдан және Ирандағыдан төмен. Сондықтан қажырлы жанқиярлық еңбекке үндеу бізге кезекті насихаттық ұран ретінде емес, қайта, егер біз шындап аяғымыздан тік тұрып, қалыпты өмір сүргіміз келсе, төтенше және қатаң қажеттілік ретінде керек. «Жолбарыстар» жалқаулардан емес, қайта инициативалы да ізденімпаз, жұмысқа қабілетті де шыдамды адамдардан өсіп шығады. Біз Қазақстанда нақ осындай міндет қойып отырмыз және оны шешуге тиіспіз. Тағдырдың өзі беріп отырған мүмкіндікті уыстан шығаруға болмайды, ал бұл үшін барлық объективті негіз бар.

«Жедел даму стратегиясы» бүкіл қоғамның, Қазақстанды өзінің Отаны деп есептейтін және өтпелі кезеңнің ауыртпалығы мен болашақ әл-ауқатының қуанышын онымен бөлісуге әзір әркімнің экономикалық санагерлігіне айналуы керек.

Нарықтық экономика арнасымен, мінсіз «кестемен» жүру керек, онда өзінің кезеңдері мен оған сай келетін нақты міндеттер бар. Маған ол мынадай болып көрінеді.

Бірінші кезең. 1992–1995 жылдарды қамтиды және макроэкономикалық тұрақтандырудың 2 негізгі процесімен сипатталуға тиіс: олар меншікті мемлекет иелігінен белсенді түрде алу, оны жекешелендіру және тұтыну рыногын тауарлармен толтыру.

Меншікті реформалау бұл уақыт ішінде белгілі бір формада мемлекеттік меншіктің барлық объектілерінде, стратегиялық маңызы бар және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететіндерінен басқасында іс жүзінде жүргізілуге тиіс. Бұл орайда экономиканың әртүрлі саласының шағын және орташа кәсіпорындарын жекешелендіру негізінен 1994 жылдың ортасына қарай аяқталуға тиіс.

Қызмет көрсету саласы мен тұрғын үй секторының объектілерін 1993 жылдың аяғына дейін жекешелендіріп болған жөн.

Бұл шаралар монополияға қарсы белсенді саясатпен ұштаса келіп, жекеменшік секторы мен меншік иесі — кәсіпкерлерді нығайтуға жәрдемдесетін болады. Сондай-ақ озық технологиялық жобалар үшін шетел инвесторларына жерді ықшамдап концессияға, ұзақ мерзімді жалға беру мен сатуды практикаға енгізу қажет.

Атап өтілгендей, экономиканы жандандыру мен өрге бастыру сатысы үшін бастапқы күш бірінші кезекте біздің ішкі мүмкіндіктерімізге негізделген, сондықтан оларды топтастыру механизмін табу, кәсіпорындардың жалғасып келе жатқан ведомстволық және салалық бытыраңқылығын жою, олардың технологиялық және экономикалық интеграциясын тиімділікпен іске қосу, бұған кәсіпкерлік бизнес саласын қатыстыру аса маңызды.

Мұнымен қатар, үстіміздегі жылдың өзінде үкімет шетел инвестицияларын қатыстыру мен пайдалану, таңдап алынған стратегия мен басым бағыттарды ескере отырып, импорттық технологияларын әкелу мен игеру бағдарламасын жасауы керек.

Мемлекеттік несие бөлігінде мұндай бағдарлама валютамен өзін-өзі өтейтін жобалар үшін шетел инвестицияларын салмақты және экономикалық жағынан дәлелді қатыстыруға, сыртқы қарыздың қауіпті көлемде көбеюіне жол бермеуге, сондай-ақ мемлекеттің алтын және валюта қорын мақсаткерлікпен қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дүниежүзінде қабылданған шетел және Қазақстан кәсіпкерлерінің капитал салуын сақтандыру жүйесін енгізу керек. Мұның өзі несиені дер кезінде қайтаруға және Қазақстан үшін сенімді серіктес беделін жеңіп алуға кепілдік беретіні де маңызды.

Сонымен қатар ғылыми зерттеулердің қысқа мерзімін, жоғары қайтарымын, коммерциялық өнімді тез алуды қамтамасыз ететін дүниежүзілік деңгейдегі жаңалықтарды анықтау және алмасымды кәсіпкерлікті дамыту мақсатымен республиканың ғылыми-техникалық потенциалына егжей-тегжейлі тексеру жүргізу қажет.

Болашақ технологиялық үрдіс үшін алаң іс жүзінде мақсаткерлікпен даярлануға тиіс. Алматы мен Павлодардың іргесінде озық даму аймағы, Семей полигоны мен Байқоңыр космодромының негізінде халықаралық сипаттағы технопарктер немесе технополистер, Қарағандыда, Өскеменде, Целиноградта, Атырауда инновациялық орталықтар құру үшін объективті алғышарттар бар.

Екінші кезеңде (1996–2005 жылдар) экономиканың шикізаттық бағытын біртіндеп жою жалғасады, бірақ оның басты мазмұны көлік жүйесі мен телекоммуникацияны жедел дамыту, сондай-ақ дамыған тауар және валюта нарығын, басқа нарықтар — капитал, жұмысшы күші, бағалы қағаздар, интеллектілік меншік нарығын құру болмақ.

Тынық мұхиттан Босфор бұғазына дейін тартылатын Трансазия темір жол магистралінің жобасын жүзеге асыру және Алматы маңында осы заманғы халықаралық жүк-жолаушы әуежайын салудың басым маңызы болады. Мұның өзі Қазақстанның дүниежүзілік экономикаға енуін жеделдетеді, оған Шығыс пен Батыс арасында, Еуропа мен Азия — Тынық мұхит аймағы елдері арасында өзіндік бір «көпір» болуға және сондай-ақ өзінің геосаяси міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Екінші кезең ішінде экономиканың интенсивті дамуының қозғаушы күштері мен стимулдары:

- толыққанды нарықтық механизмдер;
- барлық тауар өндірушілердің шынайы еркіндігі;
- табиғатты ұтымды пайдалану;
- шапшаңдығын үдете түскен жоғары технологияларды игеру процесі мен дүниежүзі экономикасында шептерді жеңіп алу;

- отандық және халықаралық бизнес саласында білікті кадр корпусы пісіп-жетілуге тиіс.

Үшінші кезең 5–7 жыл мерзімге дейін созылып, ашық үлгідегі экономиканың шапшаң қарқын алып дамуымен сипатталады, соның негізінде өтпелі кезеңнің стратегиялық мақсатына жетумен, Қазақстанның әлемдік саудадағы айқындамасының нығаюымен және дүниежүзіндегі жаңа индустриалды елдер қатарына кіруімен сипатталатын болады.

Нарықтық қатынастардың құрылуына орай бюджет тапшылығы және валютаның өтімділік проблемасы шешіледі. Мемлекетте тек басқа құрылымдардан гөрі, бұған нарықтық құрылымдарды қосқанда, ол жақсырақ атқаратын функциялар ғана қалады.

Бұрынғы экономикалық ақпарат жүйесі экономикадағы болып жатқан процестерді білікті бағалау үшін жарамсыз болып қалды, өйткені, ол жаңа өндірістік қатынастарға жауап бере алмай отыр. Кәсіпорыннан тиісті ақпарат алу мүмкіндігін кәсіпорын туралы заң бұзды. Міне, сондықтан да халықаралық талаптарға бейімделген, қаржы активтерінің, төлем қабілеттілігінің жағдайын, бағаларды, өзіндік құнды және басқа көрсеткіштерді қоса алғанда, кәсіпорындардың объективті ақпараттарды статистика және банк органдарына беріп тұру міндетін заң жүзінде бекіту қажет.

Өтпелі кезең стратегиясының мазмұны мен мақсатының толық орындалуына байланысты Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастықтағы жаңа сапасы мен жаңа рөлін ескере келіп, басқа стратегиясын талдап жасау қажеттігі келіп туады.

Әлеуметтік даму стратегиясы

Экономика саласындағы міндеттерді жүзеге асыру әлеуметтік даму мәселелерімен тығыз байланысты. Тұтыну рыногын толтыру және азық-түлік молшылығын жасау, сонымен бір мезгілде экономиканы тұрақтандыру мен халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, әлеуметтік шиеленісті төмендету міндетін шешетінін айтсақ та жеткілікті.

Ең алдымен, инфляцияны жандандыруға және сөйтіп, халықтың нақты табысын азайтуға байланысты себептерді бәсеңдететін шаралар қолданылатын болады. Мұның өзі бір-бірімен байланысты екі жолмен жүзеге асырылады: біріншісі — тауарларды өндіру мен қызметтерді ұсынуды кеңейту; екіншісі — табысты ағымдағы тұтынудан (құнды қағаздар, тұрғын үй құрылысы, ұзақ мерзімге пайдаланатын заттар және т. б.) алып шығу үшін оның өсуін тоқтатпау және байлап қоймау.

Қазақстан халқын әлеуметтік қорғау мемлекеттің өтпелі кезеңдегі стратегиясының бел ортасында болады:

- ең алдымен, еңбекке қабілетсіз және дәулеті аз жіктерді — зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларын, оқушы жастарды мемлекеттік қолдау және әлеуметтік жебеу жүйесін құру;

- ғылымға, мәдениетке, білім беруге және денсаулық сақтауға мемлекеттік қолдау;

- жұмыссыздық жөніндегі әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету.

Біз әзірше нарықтың жұмыссыздық сияқты қатерлі «қақпанын» жете бағаламай келеміз, өйткені, ол кәсіпорындардың қымбатшылықтан және тұтыну сұранымының азаюы салдарынан жаппай банкрот болған жағдайда шапшаң қарқынмен арта түспек. Міне, сондықтан да әр облыс пен қала қосымша жұмыс орнын құру

жөніндегі бағдарламаны жасау ісімен шұғылдануға тиіс. Бәсекелестік, банкроттық пен жұмыссыздық нарықтық жүйенің сөзсіз белгілері болып табылады.

Жұмыссыздықтың теріс салдарын мүмкіндігінше азайту үшін жұмыспен қамту қызметіне елеулі көңіл бөлінетін болады. Осы мақсатпен мамандар мен жұмысшыларды қайта даярлау жүйесі нығайтылып, тұрғын үй рыногы құрылады және қазіргі Қазақстанның ішіндегі және одан тысқары жерлерге басқаруға келмей отырған адамдардың көшіп-қонуының өркениетті ауқымы енгізілетін болады;

- экологиялық ерекше дағдарысты және шалғайдағы аудандарда тұратын халыққа өтем қолдауы;

- ойластырылған демографиялық және иммиграциялық саясат жүргізу, ол бір жағынан халықаралық нормаларға қайшы болмауы қажет, екінші жағынан шапшаң дамудың стратегиясы табысқа жете қалғанда, республикаға шетел жұмысшы күшінің жаппай ықтимал ағылуы жағдайында жергілікті халықтың мүддесін қорғайтын болады.

Әлеуметтік қорғаудың осы бағыттарын жүзеге асыру, ең алдымен, бюджеттен қаржы бөлу есебінен және әр алуан әлеуметтік қорлар мен қайырымдылық қаржылары арқылы жүзеге асырылатын болады.

Ақшаның құнсыздану серпінін ескере отырып, зейнетақы мен еңбекақының ең аз мөлшері оларды көбейту жағына қарай жүйелі түрде қайта қаралып отырады.

Зейнетақы мен жәрдем алатын адамдарды төлем құралы ретінде ұлттық металл теңгелерді пайдаланатын арнаулы дүкендер арқылы кепілді қамтамасыз ету мәселелері пысықталып жатыр.

Экономиканың дағдарысқа ұшырауы жағдайында, ең алдымен, өндірістік емес сала, бәрінен бұрын халықтың интеллектуалдық күш-қуаты жинақталған сала зардап шегетіні белгілі. Мемлекеттің барлық мүмкіндігін пайдалана отырып, мұнда орташа еңбекақыны өндірістік саладағы орташа еңбекақыға жақындату үшін шаралар қолданылады.

Бүкіл өтпелі кезеңге халықтың әлеуметтік шетін контингентіне негізгі медициналық қызметтерді, сондай-ақ білім алудың тегін болуын қамтамасыз ету сақталады. Жоғары мектептер мен техникумдар жүйесінде ақылы оқытуды енгізу қатаң мөлшерлі түрде жүргізілуге тиіс, онсыз білім алуға тек ауқатты адамдардың ғана қолы жетуі мүмкін.

Әлеуметтік жауапкершілігі жоғары әрі ісі оңынан туып тұрған кәсіпкерлер халықтың кедей, еңбекке қабілетсіз жігіне көмекке келуге тиіс. Әсіресе, өтпелі кезеңде ондай адамдардың тығырыққа тірелген, шарасыздық сезімін бәсеңдетуге көмектесуі қажет. Сонымен бірге үкіметтің алдында қысқа мерзім ішінде шағын бизнеске орта және ұзақ мерзімге несие берудің нақты жүйесін құру міндеті тұр. Өйткені, кәсіпорындардың жоғары деңгейдегі шоғырлануына байланысты шағын кәсіпорындардың үлесі өте азғантай болып табылатын Қазақстан үшін оның зор маңызы бар. Ал шын мәнінде осы шағын кәсіпорындар өзгермелі нарықтық жағдайға басқаларынан гөрі бейімделгіш келеді ғой.

Біздің дәстүрлерімізбен, тіпті, халықтың ауқатты бөлігінің мәредегі тұрмыс жағдайының деңгейін еске алғанда, жеке меншіктің шешуші рөл атқаруы үшін көп уақыт қажет. Міне, сондықтан, бізге ұжымның құндылықтары мен пәрменді әрекеттерінен және кәсіпкер-еңбеккердің тиімділігінен бас тартудың қажеті жоқ. Кәсіпкерлікті қорғау, оның ішінде шетел капиталының қысымынан қорғау, оларға

қатысты тоңмойындықтың өктемдігін шектеу өтпелі кезеңнің қажетті әрі маңызды элементі болып табылады.

Азаматтарды қосымша қорғау шарасы ретінде ерікті зейнеткерлік қамсыздандыруды енгізу көзделіп отыр.

Жалпы алғанда, өтпелі кезеңдегі әлеуметтік стратегияның құрамдас бөлігінің бірі нарықтық экономиканы әлеуметтік бағыттаудың негізінде халықтың табысы аз және кедей топтары мен жіктеріне, Қазақстанның селолық аймақтарына белгілі бір назар аудару арқылы тұрмыс дәрежесінің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

Бүкіл әлемде қабылданғанындай, еңбек ақысы жоғары, мемлекетпен ұзақ мерзімге еңбек шартын жасайтын және еңбек сіңірген жылдар үшін сыйлықақы алатын мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік мәртебесі мен бейнесі елеулі түрде жоғары көтерілетін болады. Олардың көпшілігі еңбек ақысының аздығына байланысты коммерциялық құрылымдарға қазірдің өзінде кетті немесе кетуге әзірленуде. Егер осы процесті тоқтатпасақ, онда тек мемлекет қызметкерлері ғана қолдап, жақтап және қорғауға тиісті қоғамдық мүдде зиян шегетін болады. Мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған шаралар қолданылуға тиіс.

Халықтың жаңа әлеуметтік құрылымын және әлеуметтік институттарды нарықтық жүйеге тең дәрежеде қалыптастыру, сондай-ақ ұлтаралық қатынастардың тұрақтылық деңгейін арттыру қайта құрудың салдарына айналмақ.

Қысқаша түрде әлеуметтік стратегияның мазмұны мынаған келіп тоғысады:

- адамдар тұрмысының дамыған елдердің тұтыну стандарттарына жақын жаңа сапасына қол жеткізу;

- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларын, балалар мен жастарды, сондай-ақ басқа да аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғаудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру;

- экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің, нарықтық реформаларды жүргізудің, экономиканы тұрақтандыру мен өрге бастырудың өзекті факторы ретінде Қазақстан кәсіпкерлерінің әлеуметтік жігін (еңбекке жарамды халықтың жалпы санының 10–15%) құру;

- жас ұрпақта нарықшыл сана-сезімді қалыптастыру есебінен қоғамдағы қазыналық бағдарды өзгерту;

- жеке адамның шынайы экономикалық бостандығына қол жеткізуге мүмкіндік беретін жұмыспен қамту массивтерін ұлғайту және мемлекеттік емес құрылымдарда экономикалық сөрелер есебінен халықтың нақты әлеуметтік икемділігі үшін жағдайлар жасау;

- әлеуметтік жағынан қорғаудың қосымша арналары ретінде сақтандырудың сан-салалы жүйелерін дамыту;

- арнаулы қорлардан қаржы бөлу және шаруашылықты жүргізудің жеңілдікті тәртібі есебінен Қазақстанның ішіндегі артта қалған аймақтарды әлеуметтік жағынан даму деңгейіне тарту.

Әлеуметтік стратегияны іске асыру мерзімі экономикалық даму стратегиясын жүзеге асыру мерзімімен сай келмейді, өйткені, әлеуметтік стратегия қоғамның әлеуметтік құрамындағы құрылымдық өзгерістермен ғана емес, сондай-ақ қоғамдық сана-сезімді қазыналық тұрғыдан қайта бағдарлаумен де байланысты,

ал ол экономикалық және әлеуметтік жағынан неғұрлым белсенді жаңа ұрпақ өмірге келмейінше мүмкін емес.

Жалпы алғанда, әлеуметтік өзгерістер 3 сатыда өтеді: 1) қоғамның әлеуметтік жікке бөлінуі; 2) жаңа әлеуметтік құрылымдардың нарық жағдайына бейімделуі; 3) олардың өзара қосылуы және ұтымды өзара іс-әрекеті. ГФР-дің соғыстан кейінгі қайта түлеу тәжірибесін пайдалана отырып, Қазақстан үкіметі қоғамның табыс деңгейі бойынша жікке бөліну процесіне қарамастан, бұл айырмашылықты парасатты ең аз мөлшерге жеткізуге тырысады. Бұл үшін қажетті экономикалық тұтқаларды әлі жасауға тура келеді.

Әлеуметтік даму стратегиясын жүзеге асыруға ықпал ететін оң сипаттағы да, теріс сипаттағы да факторлар туралы бірер сөз айта кету керек. Олардың біріншісіне:

- түбегейлі өзгерістерге кіріскен көптеген елдермен салыстырғанда, индустрияландырудың неғұрлым жоғары деңгейі;
- республика халқының біршама жоғары білім деңгейі;
- міндетті негізгі орта білім, тегін медицина, базалық мәдени қызметтерге қол жетушілік және т.б. түріндегі мемлекеттік әлеуметтік қолдаудың дамыған жүйесі;
- болашақ орта жіктің ықтимал негізін құрайтын интеллигенция мен басқарушылардың бұқаралық әлеуметтік топтарының болуы;
- мемлекеттік аппараттың жоғары жігін ұтымды бағдарлау, атқарушы органдар артықшылығының уақытша күшеюі жағдайында мұның маңызды мәні бар;
- қандай да болмасын аймақтық блоктарға қыстырылмаудан туған геосаяси таңдаудың салыстырмалы еркіндігі.

Психологиялық масылдықтың сақталуы, халық пен әлеуметтік даму ресурстары таралуының аймақтар бойынша күрт біркелкі болмауы, өндірістік аппараттың арта қалуы тежегіш кезеңдер рөлінде әрекет етуі мүмкін.

III. Сыртқы саясат және ұлттық қауіпсіздік саласындағы стратегия

Сыртқы саясаттың жалпы проблемалары

Егемендік алып, Біріккен Ұлттар Ұйымына және көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болған Қазақстан өзі үшін жаңа проблемалармен — өзінің сыртқы саясатының, қорғанысы мен қауіпсіздігінің проблемаларымен, дүниежүзілік экономика мен дүниежүзілік қоғамдастыққа дербес ену проблемаларымен бетпе-бет келіп отыр.

Халықаралық сахнаға шыққан Қазақстан сапалық тұрғыдан өзге ортаға сүңгіп кетті, ал онда оның сыртқы саяси бағыты, кез келген басқа мемлекеттікі сияқты, ұлттық-мемлекеттік мүдделер талап ететін өз қисыны бойынша дамуда. Бірақ осының барлығына қарамастан Қазақстанның сыртқы саясаты өзімен жалпы адамзаттық зарядты да алып жүруге міндетті. Мұның өзі болашақта оның халқына дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орынды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның геосаяси жағдайы мен этнодемографиялық құрамының ерекшелігі, экономикасының дамуы мен әскери құрылысының деңгейі оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери құралдарды емес, қайта ең алдымен, өз күшіне және парасатты, салмақты дипломатияға сүйене отырып, әсіресе бұрынғы одақ республикаларының мемлекеттігі қалыптасуының қазіргі, күрделі кезеңінде, саяси құралдарды басым етеді.

Кеңес империясының ыдырауы нәтижесінде мүлдем жаңа геосаяси жағдай туды, онда Қазақстан Еуропаны Азия-Тынық мұхиты аймағымен байланыстыратын сыртқы саяси және стратегиялық тиімді кеңістікті алып жатыр.

Бірақ ашық теңізге тікелей шыға алмау, коммуникациялық құралдардан қашықта орналасу біздің халықаралық экономикалық байланыстарға қатысуымызды қиындатады. Сондықтан көршілес мемлекеттермен, ең алдымен, біз үшін дүниежүзі коммуникациясына енетін қақпа болып табылатын Ресеймен және Қытаймен толық сенім принципінде өзара тиімді достастық қатынастың ерекше мәні бар. Қазақстан бұған әзір. Сонымен бірге біз, әрине, халықаралық әділеттілік және серіктестік негізінде барлық басқа елдермен кең байланыстарды дамытуды жақтаймыз.

Бізге ортақ шекарасымен, қалыптасқан шаруашылық байланыстарымен, экономикаларының өзара бірін-бірі толықтыруымен және өзара тәуелділігімен қоян-қолтық араласып отырған, тарихи және мәдени-этникалық игіліктері ортақ Орталық Азия мемлекеттерімен де тығыз өзара арақатынас жасау өте маңызды.

Қазақстан мен Түркия, Пәкстан, Үндістан арасында келісімге қол қою, сондай-ақ Ашғабад кездесуінің қорытындысы (үстіміздегі жылғы мамырдың

9-ы, оған Иран қатысты), Азияның осы және басқа мемлекеттерімен ынтымақтастықтың дамуы туралы айтуға негіз береді.

Серпінді дамып отырған капиталдардың, технологиялардың, шикізат және өнеркәсіп өнімдерінің нарығына еркін кіру мақсатында Азия-Тынық мұхиты аймағындағы, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы, Таяу және Орта Шығыстағы қосылу процестеріне Қазақстанның қатысуы жандандырыла түседі. Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың жетекші елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту маңызды стратегиялық бағыт болып қалады.

Дүниежүзі қоғамдастығына ену саясатын нарықтық жүйенің 3 басты орталығы АҚШ, Жапония және Батыс Еуропамен серіктестік мүмкіндігін тиісті бағалай отырып құру қажет және нақ осылардың дүниежүзілік шаруашылық байланыстарын күшейтудің қозғаушы күші болғанын есте сақтаған жөн. Олармен өзара іс-қимыл сондай-ақ халықаралық қаржы және басқа институттарына жол ашады, ал олардың рөлі дүниежүзінде айтарлықтай өсті. Халықаралық ұйымдар — Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық валюта қоры, Бүкіл дүниежүзілік банкі тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім, Халықаралық даму және қайта құру банкі және басқаларымен көп жақты ынтымақтастық пен тиімді қатысуды біз өз қоғамымыздың ашықтығына деген бағыттың, экономикалық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытының қисынды жалғасы ретінде қараймыз.

Басқа елдермен сауда-экономикалық қатынастарды дамыту, осы қатынастарды барынша диверсификациялау үшін Қазақстанға қазіргі заманғы халықаралық құқыққа сәйкес өзі үшін теңізге бөгетсіз шығуды баянды етуі қажет.

Бұл құқықты көршілермен екі жақты шарттарда және келісімдерде баянды етпейінше және нақтыландырмайынша Қазақстан тәуелді жағдайда болады, ал ол тек оның экономикалық қана емес, сондай-ақ саяси дербестігіне де нұқсан келтіруі мүмкін. Өз тарапымыздан біз, өзіміздің әуе кеңістігіміз, сондай-ақ территориямыз (темір жол және автомобиль магистральдары) адамдар мен тауарлардың барлық бағытта транзитті жүріп-тұруы үшін пайдаланыла алатынына кепілдік береміз. Сонымен бірге, біз Каспий, оңтүстік арқылы Жерорта және Қара теңізге шығу мүмкіндігін пысықтап жатырмыз. Қытаймен, Иранмен және Түркиямен арадағы

Тынық мұхиттан Жерорта теңізіне дейін транзитті темір жол магистралін құру туралы қол жеткізілген уағдаластықтың маңызды мәні бар.

Осылармен қатар ТМД-ға қатысушылармен екіжақты шарттар және келісімдер шеңберінде шекаралардың ашықтығы, азаматтардың жүріп-тұру бостандығы мен ақпарат беру принципін қабылдап, жүзеге асыру қажет.

Шарттарда қауіпсіздік (әскери, экономикалық, экологиялық) кепілдіктер, әр жақтың бір-біріне қандай да болмасын түрде, соның ішінде екінші бір жақпен көршілес үшінші елдің территориясын, территориялық суы мен әуе кеңістігін пайдалану арқылы, күш қолдану немесе күш қолдануға қоқан-лоққы жасамау міндеттемесі баянды етілуі керек.

Ұлттық қауіпсіздікті құру кезінде біз екі держава — Ресей мен Қытайдың «түйіскен жеріндегі» өзіміздің геостратегиялық жағдайымызды басшылыққа аламыз. Ол ұжымдық қауіпсіздік жүйесіне қатыса отырып, өзіміздің қорғаныс құралдарымызды үйлестіру негізінде қамтамасыз етілуі мүмкін.

Қазақстанның қауіпсіздік жүйесі аймақтық және планеталық қауіпсіздік жүйесінің құрамдас бөлігі болуы керек.

Географиялық, саяси, этникалық және басқа тарихи факторлардың нәтижесінде Ресеймен қатынас біз үшін ең маңызды мәселе болып табылады. Ресеймен өзара қарым-қатынаста біз қажет болған жағдайда онымен өзара қауіпсіздік туралы келісімдер мен ұзақ мерзімді шарттар жасауға тырысамыз және бұл орайда оның да бұған деген қарымта мүдделілігіне сенім артамыз.

Варшава шарты ұйымы тарағаннан кейін қазіргі заманғы дүниежүзінде НАТО-ның рөлі жаңаша көрінеді. Онда біздің жақындасуымызға қолайлы міндет бар — Шығыс және Орталық Еуропа мен ТМД елдерінің демократиялық дамуына жәрдемдесу, өзінің мүмкіндіктеріне қарай аймақтық қақтығыстардың алдын алу міндеті бар. НАТО, сондай-ақ Еуропа қоғамдастығы да, бұрынғы Одақтың республикалары арасындағы өзінің ықпалын кеңейтуге мүдделі. Үстіміздегі жылғы 1 сәуірде НАТО-ның штаб-пәтерінде өткен қорғаныс министрлері мәжілісінде қабылданған мәлімдемеде бұл үшін арнайы құрылған — Солтүстік Атлантика ынтымақтастығы кеңесі шеңберінде қорғаныс саласындағы диалогты, серіктестік пен ынтымақтастықты, сондай-ақ екіжақты байланыстар мен алмасуларды дамытуға әзірлік көрсетілген. НАТО-ға мүше елдер осы мақсатта өздері жинаған айтарлықтай сараптық потенциал мен қорғаныс сипатындағы мәселелерді шешу тәжірибесін беруге міндеттеме алды.

Осыны ескере отырып біз НАТО-мен байланысты кеңейтетін боламыз. ТМД шеңберіндегі әскери ынтымақтастыққа немесе екі жақты әскери байланыстарға зиян келтірмей, олардың саласы мен шегін айқын белгілейміз.

Әскери байланыстарды қатаң салыстырылған шеңберде диверсификациялау, Еуропа қауіпсіздігі жүйесіне белсенді қосылу республика мүддесіне сай келеді. Хельсинки Қорытынды актісінің 10 принципінің арасында — шекаралардың мызғымастығы, мемлекеттердің территориялық тұтастығы мен күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау бар. Бір осының өзі Қазақстанның НАТО-мен байланысты кеңейту және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің (ЕҚЫК) жұмысына қосылу ниетін ақтайды, ал біз бұрынғы одақтың құқықты мирасқорларының бірі ретінде кеңеске қатысушы болып отырмыз.

Қазақстан территориясында орналасқан ядролық қару Ресеймен, АҚШ-пен, ал болашақта қалған ядролық державалармен шарт процесі шеңберінде оны айтарлықтай қысқартқаннан кейін де өзінің қорғаныс міндетін орындауын жалғастыра беретіні айқын және Қазақстан шарт процесі нәтижесінде ядролық қарудан бос аймақ болады. Өз қауіпсіздігіміздің мүддесін ескере отырып, біздің түпкі ниетіміз — ядролық потенциалсыз территориялық тұтастық пен тиіспеушілік кепілдігіне ие болу.

Ислам Қазақстандағы жалғыз дін болмағанымен және бізде ислам фундаментализмі жоқ болса да, біз қазіргі заманғы халықаралық қатынастағы оның нақты мәніне қарай «ислам факторын» назарда ұстауға тиіспіз. Діндар мұсылмандар үшін бұл діни қатынас айқындамасынан, ал барлық қазақстандықтар үшін, олардың қай конфессияға жататынына қарамастан, ислам әлемінің бай елдерімен байланыстан потенциалды пайда тұрғысынан алғанда маңызды. Олармен халықаралық қатынас барлық салада өзара тиімді ынтымақтастық үшін, әсіресе, Қазақстанның экономикасы мен бүкіл халқының әл-ауқатын көтеру үшін пайдаланылатын болады.

Алуан қырлы экологиялық қауіп біздің уақытымыздың қайғылы нышанына айналып отыр. Қазақстан үшін басты қауіп Аралдың құрғауына байланысты. Бұл тек аймақтық қана емес, сондай-ақ планетарлық та проблема — Арал Жердің биосферасын сақтауда үлкен рөл атқарады. Арал проблемасын шешу оны қорғау жөніндегі кең ауқымды және тиімді халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыруды талап етеді. Бұл тірі қалудың негізі және бүкіл адамзаттың имандылық міндеті.

Біздің экологиялық дипломатиямыз аймақтың экологиялық жүйені басқаруды реттейтін екіжақты және көпжақты мемлекеттік келісімдер жасауға бағытталатын болады. Оған Дунай және Рейн комиссиялары, Ұлы көлдер жөніндегі Канада-АҚШ комиссиясы мысал бола алады. Бұларда халықаралық алакөздікті және өндіріс пен ауылшаруашылығы мақсаттары үшін су бассейндерін пайдалануға байланысты жанжалдарды реттеудің нақты механизмі жасалған.

Ұлттық Қауіпсіздік жүйесі және әскери доктрина

Соңғы кезде геосаяси жағдайдағы болған өзгерістерге және Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауына байланысты оның өз Қарулы Күштерін құру туралы мәселе туындады, ал мұның өзі бүкіл өркениетті дүниеде дербес мемлекет құрылымының міндетті элементі болып табылады.

Қазақстанның ТМД Біріккен Қарулы Күштерін сақтауға тырысқанына қарамастан, Достастықтың жекелеген мүшелерінің нақты іс-әрекеттері проблеманы Қазақстанды дербес Қарулы Күштерін құру ісіне қарай итермеледі. Сөйтіп, біз бұл қадамды жасадық та.

Республиканың ұлттық қауіпсіздік жүйесі мынадай принциптер бойынша құрылуға тиіс деп ойлаймын:

- республиканың қауіпсіздігін, оның мемлекеттік және территориялық тұтастығын, ең алдымен, саяси шаралардың көмегімен және экономикалық өзара іс-қимылды тереңдету арқылы кепілді қамтамасыз ету;

- ұлттық қауіпсіздікке жауап беретін ведомстволардың өкіметтің жоғары органдары мен жалпы қоғам алдында, жариялылық пен мүмкін болатын шекті ашықтық жағдайында бақылауда болуы;

- Қарулы Күштерді ұйымдастырудың, құрал-жабдықтармен және техникамен жабдықтау дәрежесінің қорғаныстың жеткіліктілігі принципі негізінде нақты әскери қауіп жағдайына барабар болуы;

- ұлттық қауіпсіздік жүйесін құрудың ұлттық-тарихи дәстүрлерді және дүниежүзілік тәжірибені ескере отырып, құқықтық мемлекет пен халықаралық құқық нормаларына сәйкестігі.

Республиканың ұлттық қауіпсіздігі жүйесінің орталық бөлігі — әскери қауіптің жолын кесу және осы қауіпке қарсы әрекет механизмі бар әскери доктрина.

Ең алдымен, біз өз саясатымыздың бейбітшілік сүйгіш бағытын жариялаймыз және әлемнің бірде-бір мемлекетіне территориялық талабымыздың жоқтығын мәлімдейміз. Кез келген әскери жанжалдың апатты салдарға әкеліп соғатыны жөніндегі өзіміздің жауапкершілігімізді түсіне және сезіне отырып:

- Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым мақсаты ретінде бейбітшілік сақтауды мойындаймыз;

- саяси, экономикалық және басқа да мақсаттарға жетудің құралы ретінде соғысты және күш көрсету қоқан-лоққысын қабылдамаймыз;

- ядролық қарусыз мемлекет мәртебесін алуға және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға ұмтыламыз;

- жаппай қырып-жоятын қаруды бірінші болып қолданбау принципін және осы міндеттемені дүниежүзі қоғамдастығының барлық мемлекеттерінің қабылдауын қолдаймыз;

- қалыптасқан шекаралардың бұзылмауы, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принциптерін ұстанамыз.

Бүгінде дүниежүзілік ядролық және кәдімгі соғыс қаупі едәуір азайды. Сонымен бірге әлемде экономикалық, территориялық, діни, этникалық және басқа да сипаттағы елеулі қайшылықтар сақталып отыр. Ал бұл қайшылықтар Қазақстанның және ол өзара қорғаныс немесе басқа да міндеттемелер арқылы байланысқан басқа да мемлекеттердің мүддесін қозғайтын қарулы жанжалдарға әкеліп соғуы мүмкін.

Ықтимал әскери қауіптің көзі ретінде біз мыналарды атаймыз:

- мемлекеттердің немесе олардың коалициясының дүниежүзілік қоғамдастықта немесе аймақтарда басымдыққа ие болуға және даулы мәселелерді соғыс құралдарымен шешуге тырысуы;

- бірқатар мемлекеттерде немесе олардың коалициясында қарулы күштердің қуатты тобының болуы және олардың база жүйелерінің сақталуы, соның ішінде Қазақстан Республикасының шекарасына таяу жерлерде сақталуы;

- бірқатар мемлекеттерде ішкі саяси жағдайдың тұрақсыздығы және мемлекеттер арасындағы қарулы жанжалдардың орын алуы;

- мемлекеттердің белгілі бір бөлігінің өзінің әскери қуатын арттыруы. Қазақстан дүниежүзі қоғамдастығында ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құруға қатысуды өзінің басты мақсаты етіп қояды және кез келген бітімшілік жолындағы күш-жігерге белсенді түрде көмектесуге міндеттеме қабылдайды. Республика осы мақсатта:

- жанжалды жағдайларды тек қана бейбіт жолмен, халықаралық құқық шеңберіндегі келіссөздер арқылы реттеуге;

- жер бетінде жанталаса қаруландыруды тоқтатуды және оның космосқа шығуына жол бермеуге;

- халықаралық қоғамдастықтың барлық мемлекеттерінің өз қарулы күштерін қорғанысқа жеткілікті ең аз деңгейге дейін кезең-кезеңмен қысқартуына;

- жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлерін өндіруді және сынауды, және де бірінші кезекте ядролық қаруларды, болашақта толық жою мақсатымен қысқартуға;

- қазіргі бар жаппай қырып-жоятын қаруларды қолдануға және оны өндіру үшін жаңа технологияларды жасауға тыйым салуға; жаппай қырып-жоятын қаруларды жасауға жәрдемдесетін материалдар мен технологияларды сыртқа шығаруға (беруге) жол бермеуге;

- химиялық қаруларды жоюға;

- әскери қызметте өзара ашықтық және сенім мен қауіпсіздікті нығайту саласында шараларды жүзеге асыруға;

- әскери-саяси одақтарды ұжымдық және кең ауқымды халықаралық қауіпсіздік жүйесінің жаңа құрылымдарына қарай өзгеруіне республика қол жеткізуде және қол жеткізе беретін болады.

Қазақстанның Ресеймен және ТМД-ның басқа елдерімен әскери-саяси және экономикалық мүддесінің ортақтығын тани отырып, біз Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттермен халықаралық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі өз күш-жігерімізді үйлестіретін боламыз.

Кез келген егеменді мемлекет сияқты, Қазақстан өзінің қорғаныс қабілетін сақтауды маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі және оның бүкіл халқының ісі деп санайды, бәрін де қамтитын халықаралық қауіпсіздік жүйесі құрылғанға дейін өзімен бірге қорғаныс одағына енуге ниет білдірген басқа мемлекеттермен бірлесіп әскери құрылысты жүргізетін болады. Біздің басты мақсатымыз — Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау.

Өз Қарулы Күштеріміз — Қазақстан Республикасының армиясын құру қорғаныс стратегиясының тұжырымдамасы негізінде қысқа мерзім ішінде аяқталуға тиіс. Оның құрамында Құрлықтағы әскерлер, Әскери Әуе Күштері, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері, әскери-теңіз бөлімдері, сондай-ақ қамтамасыз ету және қызмет көрсету құрамалары мен бөлімдері болады. Соғыс уақытында ішкі әскерлер мен Республика ұланы оның резерві болып табылады.

Қазақстан Республикасының армиясы Қазақстан мен оның одақтастарына қарсы агрессияға тойтарыс беруге, республика мен қорғаныс одағына қатысушы мемлекеттердің егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғауға арналған. Оны жасақтау территориялық, жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызметке шарт бойынша ерікті қабылдауды үйлестіру және республиканың барлық азаматтарының әскери міндетін орындау кезінде заң алдында теңдігі принципінде жүзеге асырылады.

Өз әскери доктринамыздың негізін жариялай отырып, біз қорғаныс одағы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде қабылданған, сондай-ақ басқа халықаралық құқықтық актілермен белгіленетін міндеттемелерді қатаң сақтауға кепілдік береміз.

Сыртқы экономикалық байланыстар стратегиясы

Қазіргі заман жағдайында мемлекеттің табысты дамуының негізі макроэкономикалық тұрақтылық — инфляцияға ұшырамаған ақша-несие саясаты, бюджет тапшылығына қатаң бақылау жасау мен қалыпты баға белгілеу, сондай-

ақ сыртқы саудадағы ашықтық — экспортты ынталандыру, импортты барынша аз шектеу, біртұтас импорт тарифі, ұлттық валютаның оңтайлы құны мен сыртқы инвестиция үшін қолайлы жағдай болып табылады.

Мемлекеттің экономикаға араласу дәрежесі мен деңгейі — елеулі фактор. Көбіне нақ осының өзі дамушы елдер сәтсіздігінің басты себебі болды, өйткені, бұл істе парасатты жеткіліктілік шеңберінен асып кету зардабының келеңсіз сипаты бар. Бұл жерде ішкі экономикада, сондай-ақ сыртқы байланыстар саласында да өкімет, облыстық өкіметтер, мемлекеттік кәсіпорындар мен жеке сектор арасындағы міндеттерді айқын ажырату және реттеудің экономикалық тәсілдеріне көшу маңызды.

Сыртқы экономикалық қызметті күшейту шеңберінде республикаға:

- кәсіпкерлікті дамыту мен халықтың салым ақшасын қатыстыру үшін жағдай жасау керек, өйткені, ұлттық капитал барлық дамушы елдерде шетел инвестициясына қарағанда, 8–12 есе көп инвестицияны қамтамасыз етеді;
- сыртқы экономикалық байланыстар саласында заңдар кешенін талдап жасап енгізу, олардың орындалуын және тұрақтылық кепілдігін қамтамасыз ету;
- инфрақұрылымды дамыту — көлікті, байланысты, қаржы нарығы мен сақтандыру ісін, банктер жүйесін дамытып, қазіргі заманғы ақпарат жүйесін құру;
- халықаралық құқық пен маркетинг, статистика саласында кадрлар, салық инспекторларын, банкі қызметкерлерін, аудармашылар, қаржы қызметкерлерін, аудиторлар, бухгалтерлер, сыртқы сауда жөніндегі, нарық үшін және реформаны білікті басқару үшін қажетті басқа кәсіптегі мамандар даярлау;
- республика үшін басым салалар бойынша, сондай-ақ экономикалық блоктар тұрғысынан да белсенді сыртқы экономикалық саясат жүргізу және экономикасы біздің экономикамен өзара бірін-бірі толықтыратын жекелеген елдермен нысаналы жұмыс жүргізу қажет.

Шетел банктерінің Қазақстандағы экономикалық қызметке қатысуын жеңілдетіп, экономиканың басым салаларында неғұрлым үйлесімді валюта режимі мен шетел иеліктеріне режим енгізіп, нақты ұлттық жобаларды жүзеге асыруға «портфель инвестициялары» түрінде шетел капиталын көбірек қатыстыру қажет.

Республика байланыстарының қазіргі жай-күйі мен стратегиялық мүддесін ескере отырып, сыртқы экономикалық саясат нақты маңызы бірдей мына бағыттар бойынша дамитын болады:

1. «ТМД», Ресеймен, Украинамен, Беларусьпен, Өзбекстанмен және ТМД-ның басқа мемлекеттерімен экономикалық одақты сақтап, нығайту. Бұл орайда мыналар ескеріледі; а) кәсіпорындар арасындағы тығыз байланыстар; ә) дүниежүзі нарығындағы бағаны түсірмеу үшін шикізат экспорты саласындағы іс-әрекетті үйлестіру қажеттігі; б) Еуропа мен Таяу Шығысқа біздің жүктердің транзитін қамтамасыз ету; в) ғылыми-техникалық орталықтарды бірлесіп пайдалану және конверсияны жүргізу; г) бұрынғы КСРО-ның сауда өкілдіктері мен шетелдегі аппаратын пайдалану.

2. «Азия – Тынық мұхит аймағы». «Бейжің-Сеул-Токио» арқылы Оңтүстік Шығыс Азияның басқа елдеріне шығу. Бұл бағыттың алдыңғы қатарлы технологиялар, ірі көлемде инвестициялар мүмкіндігі бар несие көзі, болашақта — біздің өнімді өткізу және Қазақстанда бірқатар жобаларды іске асыру үшін жұмысшы күшін қатыстыру рыногы ретінде үлкен мәні бар.

3. «Азия», ықтимал өткізу рыногы және нарықтық экономиканы дамыту үлгілерінің бірі ретінде Түркияға басты назар аудару. Экономикаға инвестиция тарту үшін шығысы мен алдыңғы Азия елдерімен ынтымақтастық.

4. «Европа». ГФР-ға басым назар аударылады, ол ТМД-ға барлығынан да көп қаржы салуға әзір. Айтарлықтай неміс диаспорасы болуының арқасында Қазақстанмен ірі көлемде ынтымақтастық жасалуы мүмкін. Оның үстіне ГФР-дің экономикалық үлгісі біз үшін неғұрлым тартымды. Инфрақұрылымды дамыту және кадрларды оқыту мақсатында техникалық жәрдем мен несие алу үшін Европа экономикалық қоғамдастығымен ынтымақтастық. Бірқатар салада Шығыс Европа елдерімен өзара іс-қимыл сақталады.

5. «Америка». Дүниежүзінің жетекші экономикалық державасы ретінде АҚШ-қа басты назар аудару. Мексикамен және Латын Америкасының басқа елдерімен байланыстардың болашағы өте зор.

Халықаралық ұйымдардағы: Халықаралық валюта қоры, Халықаралық қайта құру және даму банкі, басқа экономикалық ұйымдар, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім, Халықаралық азаматтық авиация ұйымы, шикізаттың жекелеген түрлерін экспортқа шығарушы елдер одағындағы қызмет өте маңызды жеке сала болып табылады.

Сыртқы экономикалық байланыстар саласындағы стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін алғашқы қадам ретінде мыналар талап етіледі:

- аяқталған кешен құру және шикізат бағытын жеңу мақсатымен республика экономикасын құрылымдық қайта құру бағдарламасын жасап, сыртқы экономикалық байланыстар саласындағы бүкіл қызметті осы міндетке бағындыру қажет. Дайын өнім беретін аяқталған технологиялық кешендер құрып, өндіруші салаларды экстенсивті дамудан жаңа технологияларды пайдалануға көшіру жөніндегі, ең алдымен, үйінділер мен қалдықтарды ұқсату және ішкі нарықты толтыру, сондайақ экспорт потенциалын ұлғайту үшін интенсивті ауылшаруашылығын, жеңіл және тамақ өнеркәсібін жан-жақты дамыту жөніндегі байырғы міндетті іске асыру керек. Бұл салалар мен өндірістерде біздің қазіргі басты артықшылығымыз — жұмысшы күшінің салыстырмалы арзандығы мен қолда бар шикізатты жеңіл және тез іске асыруға болады;

- ақша айналымының реттегіші ретінде Ұлттық мемлекеттік банкінің рөлін нығайта отырып, банктер жүйесін реформалауды аяқтау және нарық үлгісіндегі нағыз коммерциялық банктер құру. Экспортты несиелеу үшін мемлекеттік экспорт-импорт банкін, шикізат экспорты мен оны бөлуден түскен табысты шоғырландыруға арналған даму банкін, сыртқы сауда келісімдері мен экспорт несиелерін сақтандыру жөнінде мекемелер құрып, шетелдегі қаржы нарығындағы Қазақстан өкілдерінің қызметін ұйымдастыру қажет;

- сыртқы экономикалық байланыстар саласында мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру және мемлекеттік органдар құрып, оны қарапайым, бақыланатын және үкіметтің өзі, оның ведомстволары, жергілікті өкіметтер мен кәсіпорындар арасында міндеттер мен жауапкершіліктерді айқын бөле отырып, шетелдік серіктестіктер үшін түсінікті ету;

- шетел инвестициялары жөнінде комиссия мен агенттік құрып, біздің нарыққа шығатын шетел фирмаларының несие қабілетін тексеру жөніндегі жұмысты жолға қою қажет. Бұл органдар барлық ірі инвестициялық жобаларды сараптан өткізіп, ше-

тел несиелерін пайдалануды үйлестіруге міндетті, өйткені, олардың барлығы әзірге үкіметтің кепіліне ғана беріліп отыр; шетел инвесторларын біздің мүмкіндіктер туралы, сондай-ақ біздің кәсіпорындарды қолда бар ұсыныстар туралы хабардар ету жүйесін құру керек;

- жер қойнауы туралы, зымиян бәсекелестік туралы заңдар қабылдап, шетел инвестициялары туралы, концессиялар туралы заңдарға, сондай-ақ азаматтық кодекске өмірдің өзі талап етіп отырған өзгерістерді енгізу; негізгі серіктестермен инвестицияларға өзара кепілдік туралы және қос салық салуға жол бермеу туралы келісімдер жасау қажет. Осы саладағы ұлттық заңның орындалуына жауапты ведомстволарды белгілеп, мұны қатаң бақылау керек;

- өз патент-лицензия жұмысы жүйесін жолға қою және Қазақстан ұйымдарының интеллектуалдық меншігін қорғау үшін, сондай-ақ шетелдің жеке адамдары мен заңды ұйымдарының интеллектуалдық меншігін қорғау кепілі үшін халықаралық келісімдерге қосылу қажет;

- сыртқы экономикалық байланыстардың барлық негізгі бағыттары бойынша кадрларды оқытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдау керек.

Дүниежүзі қоғамдастығымен қосылуға деген ұмтылысымызды білдіре отырып, халықаралық экономикалық стратегияларды үйлестірудің қалыптасқан құралдарын тануға біздің әзір екеніміз түсінікті. Алайда, мұның әрбір жекелеген жағдайда өзіне зиян келтіре отырып, біреудің ыңғайына қарай әрекет етуге мәжбүр ететін экономикалық және саяси қысым арқылы емес, қайта өзара мүдделердің әділ тепе-теңдігі негізінде болғаны маңызды.

Қазақстанның ерекшелігі, оның дамыған ел (халқының жаппай сауаттылығы, ғылыми-зерттеу мекемелерінің кең жүйесі, ғарыштық зерттеулер), сондай-ақ дамушы ел (экономикасының шикізаттық бағыты, көптеген аймақтарының экологиялық ластануы, шетел инвестициялары мен жаңа технологиялар импортына деген қажеттілік, инфрақұрылымының артта қалуы) белгілеріне ие екендігінде болып отыр. Бұған территориясының ұлан-байтақтығын, континент ішінде орналасуын, табиғат ресурстарының зор қорын, халқының алуан түрлі этникалық құрамын қосқан жөн.

Осының бәрі жинақтала келіп, дүниежүзі қоғамдастығындағы біздің орнымызды, ең күрделі өтпелі кезеңдегі егеменді ұлттық мемлекет ретінде Қазақстанның қалыптасу және даму стратегиясын айқындайды. Егер Қазақстан халқы бұл стратегияны жүзеге асырса, біздің республикамыз Еуразияның геосаяси картасында беделді жағдайға ие болады.

Біздің стратегиялық ниеттеріміздің байыптылығын түсіне отырып, мемлекет басшысы ретінде мен қолымыздан келмейтін міндеттер қоюға, Қазақстан мен оның халқы үшін мұны қанша қалағанымызбен, шынайы болжаудың шегінен шықпауға тырыстым. Егер әркім жоғарыда баяндалғандарды өзінің жеке бағдарламасы ретінде, өзінің туған-туысқандары мен жақындары алдындағы біздің орнымызды басатын келер ұрпақ алдындағы парызы ретінде қабылдаса, осы айтылғанның бәріне толығымен қол жеткізуге болады.

Халықаралық қатынастар жөніндегі Нью-Йорк кеңесінде сөйлеген сөзі

АҚШ, Нью-Йорк қаласы, 1992 жылдың 23 мамыры

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Осындай биік мінберден сөйлеуге көрсеткен құрметтеріңіз бен кейбір әлемдік және аймақтық проблемаларға деген көзқарасымды бөлісуге мүмкіндік бергендеріңіз үшін алғысымды білдіремін.

XX жүзжылдықтың геосаяси аясын бірінші кезекте 2 оқиғаның: 1922 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы, содан кейін Шығыс Еуропадағы тоталитарлық режимдердің күйреуімен астасқан оның жойылуы болғаны ендігі жерде айдан анық.

«Темір шымылдықтың» құлауымен және коммунистік КСРО ретіндегі болжап болғысыз құрылыстың құрдымға кетуімен бірге өзіміздің бүгініміз бен балаларымыздың болашағына деген қатер де сейілді. Алайда, енді көпшіліктің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы деген түсініксіз құбылысқа орай жаңа сақтық сезімі пайда болды.

Өзімнің оған деген көзқарасымды айтпас бұрын, саяси одақтың жаңа нысанына жеткізер жолдың қашан да ұзақ әрі тайғақ екенін атап өткім келеді.

1980-ші жылдардың соңынан бастап бұрынғы КСРО-да федерацияның сапалық тұрғыдан жаңа нысанын іздестіру белсенді түрде жүргізілгені белгілі. Сонымен бір мезгілде, өз аумағындағы барлық ұлттық байлыққа иелік ету, пайдалану және билік жүргізудің ерекше тән құқығын қоса, одақтық республикаларға кең өкілеттіктер бере отырып, орталықтың жаппай билеп — төстеуінен бас тарту да ұсынылды. Ал, орталық болса, республикалар өз қалауымен аманаттайтын нақты өкілеттіктерді ғана иеленуге тиіс.

Осы көзқарастар мен ережелердің барлығы жаңа Одақтық шартта көрініс табуға тиіс болатын. Алайда, оған қол қою кезекті сағымға айналып, қайта-қайта кейінге сырғытыла берді.

Ал, Ресей, Украина, Қазақстан және Беларусьтың бастамашылығымен қолға алынған Новоогарево үдерісі болса, 1991 жылғы тамыз мемлекеттік төңкерісін жасамақ болу салдарынан үзіліп қалды. Ол оқиғадан кейінгі жерде біз өзге құндылықтар мен уақыт өлшемінің өзегіне ендік.

Дей тұрғанымен де, пайымды кірігуді іздестіру жалғаса берді. Бәлкім, Беловежье қорығындағы желтоқсан басқосуына да себеп болған сол кездесулер болар? Алайда, ол кездесудің әрқилы пікір тудырғанын да түсінесіздер. Әлдекімдер славяндық мемлекеттік құрылымның «пісіп тұрған» идеясын қанай отырып ұсынса, енді біреулер оған қарсы күш ретінде «Түркістан конфедерациясын» кешеуілдетпей құра қоюға ден қойды. Егер де біз сондай арандатушылардың соңынан еріп, халықтарымызды этностық және конфессиялық белгілеріне қарай бөлшектесек, не болғанын ойлаудың өзі қорқынышты. Бірақ біздің ақыл-ойымыз бен ерік-жігеріміз балама блоктар құру туралы ойды үзілді-кесілді аластап, бүгінгі шындыққа жеткізген парасатты пайымға жол ашты.

Нәтижесінде Алматыда 21 желтоқсанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды. Бұрын КСРО-ның құрамына кірген 11 республиканың ерікті таңдауының

негізінде оның құрылуы қалыптасқан жағдайдағы, ортақ болашағымыз үшін қажетті ымыраға тезірек жетудің бірден-бір парасатты шешімі болғанын батыл қуаттай аламын.

Қазақстан қашан да кірігу үдерісіне әлемдік өркениеттің объективті дамуы ретінде қарастырады. Бірақ, сол тұстағы мүмкіндіктің ең қажетіне қарай бағыт бұрып, елдің бейберекет бүлінуін болдырмауға талпынды.

Үлкен өкінішке қарай, Достастықтың саяси аренадағы біраз оқиғалары ТМД-ның құрылуымен күйреу әрекетін тоқтатудың орайы келген жоқ. Кеңес Одағы мұрагерінің болашағы күн өткен сайын бұлыңғырлана түсуде. Құрдымға кеткен Кеңес елінің саяси сахнасында кейбір жас тәуелсіз мемлекеттер басшыларының күш салуымен тілек пен мүмкіндіктің арасындағы кірігуді тереңдете түсуді қалайтын уақыт талабы мен парасатты мемлекеттік қайраткерлер емес, кеудемсоқ, уақытша саясатшы сымақтарға тән көзсіз оқшаулану бағыты арасындағы жанжал отына май құйыла түсуде.

Бүгінде пайымдалған әлеуметтік-экономикалық кірігуге саяси мәселелердің реттелмеуі, екіжақты және көпжақты негіздегі мемлекетаралық тәжірибенің жоқтығы кедергі келтіруде. Интеграциялық байланыстардың үзілуінен өндірістік күштердің дамуын қиындатып, экономикалық дағдарыстан шығу үдерісін баяулататынын және онсыз да мардымсыз қарқынын тежейтінін қайсыбір мемлекет басшыларының қасақана түсінгісі келмейтінін де осыған қосуға болады. Саяси мақсатқа жетудің құралы ретіндегі фарисейлік пен популизм қазірше салауатты экономикалық көзқарасқа айқын ауыртпалық түсіріп тұр. Айналып келгенде, мұның бәрі жасанды автаркияға, осы уақытқа дейін мыңдаған әртүрлі саяси, экономикалық, мәдени арқаумен жалғасып жатқан республикаларды бөлек-бөлек күн кешуге мәжбүрлеуі мүмкін.

Бірақ, өкінішке қарай, тарих үнемі парасатты ақыл-ой арнасында дами бермейді. Бірақ мен, ТМД шеңберіндегі мемлекеттер ынтымақтастығының органдары сияқты Достастықтың да ұлттықтан тыс үйлестіруші құрылымдарының қалыптасатынына үміттене бермекпін. Мұндай құрылымдарсыз Достастық нақты мазмұнмен толықтырылмаған әдемі бос сөз болып қана қалады.

Әлжуаз Еуразиялық альянсты одан әрі түрлендіре түсу, сөз жоқ, құрлықтың алтыдан бір бөлігінің «жеке ісі» болып қала алмайды. Ядролық фактор жалпы әлемдік проблемалар шеңберін айтарлықтай кеңейтіп, дүние жүзін баяғыда-ақ, өзара байланысты етіп тастады. Сондықтан да бұрынғы КСРО-ның ядролық қаруы тағдырының жалпыға ортақ назардың өзегіне айналуы да заңдылық. Егер де мен Батыстың қауіпсіздену іне негіз жоқ десем, шындықтан шалғай кеткен болар едім. Өйткені, ондай себептер бұрынғы Кеңес Одағының аумағындағы қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақсыздығымен, қазірдің өзінде буырқанып жатқан және болашағын болжап болмайтын кейбір жанжалдардың реттелмеуімен қыздырыла түсуде.

Сонымен қатар тағы бір жағдай бар. Оны қайсыбір батыстық талдаушылар айрықша атап, бұқаралық ақпарат құралдарында мынадай қисындық пирамида тұрғызуда: «Қазақстан — ядролық қару иемденіп отырған бірінші мұсылман мемлекеті. Пантүріктік (немесе одан бетер — панисламдық) идеяның біріктірілуін іс жүзіне асырған жағдайда, Батыстың қызыл тулы коммунизммен арадағы опат болған текетіресінің орнын одан да болжауға келмейтін әрі одан да қауіпті исламның жасыл туы басады».

Бұл жөнінде не деуге болады? Сөз жоқ, мұсылман әлемінде осындай сценарий бойынша дамуды жақтайтындар бар. Бірақ, нақтылы уақыт кезеңіне орай,

2 діни конфессияның ядролық қақтығысы — тек ойда ғана орын алуы мүмкін тұжырымдамадан басқа түк те емес. Қазақстанның ислам фундаментализмі идеясына тарихи душар болмауы, республикадағы христиан жұртының айтарлықтай үлесі және ел басшылығының демократияны тереңдеу мен нарықтық қатынастырды бекітуге бет алған батыл бағыты осының айқын айғағы.

Егер де Қазақстанның ядролық мәселе жөніндегі ұстанымына көңіл ауанынсыз және байыпты қарайтын болсақ, меніңше, бізге бәлен деп мін тағу қиын.

Біріншіден, ядролық қару республика аумағында оның еркінен тыс, ол Кеңес Одағының құрамдас бөлігі болып тұрған кезде пайда болды. Ендеше, КСРО-ның ядролық қаруын 4 тәуелсіз мемлекеттің арасына бөліп беруге біздің ерік-жігеріміздің алып келмегені де белгілі.

Екіншіден, орталық биліктің қатты қарсылығына қарамастан, менің алғашқы жарлықтарымның бірі Семейдегі ірі сынақ полигонын жабу туралы болды.

Үшіншіден, республика үшін қарусыздану жолының баламасыз екенін басшылыққа ала отырып, Қазақстанның жаппай қырып-жою құралдарын қысқартуға қатысты барлық халықаралық келісімдерді, стратегиялық шабуылдау қаруларын (СШҚ) қысқарту туралы КСРО-АҚШ шартын ратификациялауға әзірлігіміз жөнінде мен сан мәрте мәлімдегенмін. Соңғы құжаттың ережелеріне сәйкес, жойылатын ядролық оқтұмсықтардың үлкен бөлігі Қазақстан аумағына жиынтықталғанын да атап өтпекпін.

Әрине, көпшіліктің республиканың ядролық қарудан азат аймаққа айналу үдерісінің қашан жеделдете басталатынын білгісі келеді. Алайда, бүгінгі таңда ондай шешім жай ғана сөз болып қалар еді: тіпті, басталып кеткен стратегиялық қаружарақты 50%-ға қысқартудың өзіне ғана 7 жыл қажет. Оның үстіне, Қазақстанда орналасқан ядролық қарудың өзіне тән ерекшелігі сондай, іс жүзінде оларды тасымалдау мүлде мүмкін емес.

Және бір мәнді жағдай тағы бар. Қазақстанның «ядролық шабаданының» жоқтығы белгілі. Сондықтан ол бұрынғы КСРО-ның стратегиялық күштерінің бірыңғай басқару аясында болуына мүмкіндігінше мән береді. Ол ма, кез-келген кездейсоқтықтан берік кепілдікті қамтамасыз ету мақсатында Украина, Қазақстан және Беларусь президенттерінің ядролық іске қосуын болдырмайтын тиімді жүйені енгізуді талап етудеміз.

Ақыр аяғында, соңғысы. Қазақстанды тезірек «ядросыз клубқа» кіруге шақыратындар өз халықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен өз мемлекеттерінің стратегиялық мүдделерін сақтау міндетін басшылыққа алады. Біздің іс — әрекетіміздің қисыны да нақ сол мүдделерді көздейді. Қазақстан Республикасы екі ірі ядролық державаның арасында орналасқан. Олардың біріндегі жағдай өте тұрақсыз. Ал екіншісінде, біздің шекарамызға тікелей жақын жерлерде ядролық қару сынақтары жүргізіледі. Әрине, біздің ойламаған жерде төс пен балғаның арасында қалғымыз келмейді. Демек, біздің өз ядролық қалқанымызды жоюымыз Ресейден, Қытай Халық Республикасынан және Америка Құрама Штаттарынан тиісті кепілдікті талап ететіні қисынды екенін түсінерсіздер деп ойлаймын.

Әлбетте, осының бәріне қарамастан, Батыс әлемінде Қазақстанға күшпен қысым жасағысы келетін идеологтар да табылады. Бірақ олар үкіметтік және іскер топтар тарапынан қолдау таппайды деп сенемін, өйткені ондай саясат сөз жоқ, кері әсерге жетелейді. Батыстың экономикалық санкцияларының қатаң қыспағының республиканың объективті көп полюсті бағытына сызат түсіріп, Батыстың бір

Шығыспен арақатынас аясын жасанды түрде шектейтінін түсіну үшін көріпкелдік қасиетке ие болудың қажеті жоқ. Ал, оқиғалардың осылай өрбуі, жоғарыда мен айтып өткенімдей, алып қашпа пайымдаулар тұжырымдамасын іске асыру үшін негіз қалайды.

Әйтсе де, белді саясаткерлердің біздің республикаға деген көзқарасында ядролық қарудың қорқынышынан гөрі, әлдеқайда үлкен үміттің бар екеніне мен сенімдімін. Қазақстан объективті жағдайларға байланысты әлемдік оқиғалардың ортасында қалды, әрі бұл ешқандай да астамшыл алдаусырату емес. XXI ғасырға назар тіге отырып, мемлекеттік қайраткерлер мен сарапшылар толық негізде Азияның жаңа түлеуін аңғаруда. Соған байланысты да Солтүстік пен Оңтүстік, христиан және мұсылман әлемдерінің арасында орын алуы мүмкін текетірестерден қауіптенеді. Олар қазірдің өзінде геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің ықтимал жолдарын қарастырып, діни негіздегі аумақтық жанжалдарды жоюға зор көңіл бөліп отыр.

Осылардан барып, көпшілік бүгінде Қазақстанды Еуропа мен Азияның, христиандар мен мұсылмандардың арасындағы келісімнің айқын нышаны ретінде қабылдайды. Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы бейбітшілікті қамтамасыз етуде Қазақстан Америка Құрама Штаттарының стратегиялық одақтасы екеніне мен берік сенімдімін.

Біздің алдымыздан халықаралық қатынастардың жаңа субъектісі ретінде көпқырлы ынтымақтастықтың кең өрісі ашылуда. Оны кеңейте отырып, біз өзге әлемнен жасанды түрде оқшаулану арқылы ешқандай идеологиялық немесе конфессиялық блоктарға қосылмаймыз, яғни Шығыс пен Батысты жалғастыратын құрлықтық көпір ретінде Қазақстанның шын мәніндегі айрықша рөлін пайдалануға тырысатынымызды атап айтқым келеді.

Әлбетте, жоғарыда айтып өткенімдей, біз Америка Құрама Штаттарымен өзара байланысқа бірінші кезекте мән береміз. Демек, тәуелсіз Қазақстан аумағында ашылған алғашқы елшіліктің нақ АҚШ елшілігі екені еш кездейсоқтық емес.

Біз Ұлыбританиямен, Франциямен, Австриямен, Германиямен, басқа да Еуропа елдерімен көпжақты ынтымақтастықты әр қадам сайын қалпына келтіре түсудеміз.

Сонымен қатар, қазақтар — түрік тілді ұлт. Сондықтан да бізді Шығыс халықтарымен этникалық жақындық пен ортақ мәдениеттің байланыстыруы табиғи нәрсе. Оның үстіне, Азия елдерінің нарықтық тәжірибелері біздер үшін икемді. Көбіне көп, жоғары дамыған Батыс елдеріне қарағанда, олар үшін біздің проблемаларымыз да түсініктілеу. Міне, сондықтан да біз бүгінде өзіміздің жақын көршілерімізбен арақатынасқа құрметпен қараймыз. Қытаймен, Түркиямен, Корея Республикасымен, Сингапурмен жасалған экономикалық келісімдер қазірдің өзінде нақтылы жемісін беруде.

Алайда, бұл байланыстарды дамыта отырып, біз ең сәтті деген әлеуметтік-экономикалық даму үлгісінің өзін іс жүзінде көшіріп алу мүмкін емес екендігі туралы белгілі аксиоманы жоққа шығарғымыз келмейді. Біз оны қалаймыз ба, жоқ па, әлемнің жиынтық тәжірибесіне сүйене, ұлттық сипаттың ерекшеліктерін, көп ұлтты республика халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін ескере отырып, өзіміздің жеке тұжырымдамамызды жасауымызға тура келеді. Одан қашып құтыла алмаймыз.

Кеңес қоғамында жұмыс атқарған жалған демократиялық институттар құмнан тұрғызылған қамал болып шықты. Оны қайта құрудың жойқын тасқыны бір

сәтте тас-талқан қылды. Бүгінде, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясын қабылдау барысында, бір республикада жалпы адамзаттық және, сонымен бірге, қазақстандық өзіндік ерекшеліктер негізінде өмір шындығынан шығатын нақты демократия құрғымыз келеді. Ол нәсілдік және ұлттық тиесілігіне, жынысына, тіліне, әлеуметтік, мүліктік және қызметтік жағдайына, дінге қатыстылығына, саяси нанымына және де басқаларға қарамастан, республикамызда тұратын барлық адамдардың теңдігі мен бірдей бостандығын толық қамтамасыз ететін демократия болады. Басқа сөзбен айтқанда, әр адамның барлық әлеуметтік мүмкіндіктерін мейлінше іске асыру үшін жеке тұлғаның экономикалық, рухани және саяси бостандығын қамтамасыз етуді қалаймыз.

Біз нақтылы демократиялық жүйені орнықтырмайынша мемлекеттің әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі бола алмайтынын да ескереміз. Өзара тығыз тәуелді әлемде — үшінші мыңжылдықтың табалдырығынан аттауға әзір тұрған әлемде — мейлінше көптеген адамдар ғаламшарлық деңгейде ойлай бастады. Өйткені олар, егер де жер бетінде демократия абыройынан айырылған аймақ болса, онда, ерте ме, кеш пе ол жаһандық дүмпулерге алып келуі мүмкін жалпы адамзат организмінің дерті деп әділ есептейді.

Демократия — тоталитаризмге қарсы медициналық егу де, бала кезінен бері аурушаң адам іше салса болды, жазылып кететін дәрі де емес. Барша жұрт демократиялық қоғам мен нарықтық экономиканы саналы түрде аңсап отыр деп те ойлауға болмайды. Адамдар қарны тоятын тұрақтылықты қалайды. Алайда, ондай жағдай Батыста демократия мен нарықтан бастау алса, біздерде әлемдік өркениеттің сол асқарлары экономикалық дағдарыс пен әлеуметтік бейбастықпен астасып жатады. Эрнест Хемингуэй айтпақшы: «Тез үйренуге болмайтын нәрселер бар және ондай жағдайларда біз үйрену үшін қымбат ақы төлейміз, өйткені уақыт — біздің жалғыз игілігіміз».

Сондықтан да, ондаған жылдар бойы қатаң әлеуметтік теңгермешілік жағдайында өмір сүрген адамдардың әлемдік көзқарас пен психологиялық таптаурындары біз жүргізіп жатқан кең ауқымды экономикалық жаңғыртулар жолындағы ең басты дерлік кедергі. Өйткені, ол жаңғыртулардың қағидатты мақсаттары мен бағыттары нарық, жеке тұлғаның экономикалық бостандығы, тауар өндірушілердің дербестігі, бәсекелестік болып табылады.

Экономиканың тұрақтылығы, бағаны ырықтандыру, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру, шетел инвестицияларын кеңінен тарту сияқты біз жүргізіп отырған басым бағыттар қазірдің өзінде алғашқы айқын нәтижелерін беруде. Алайда, салыстыруға келмейтін көп нәрселерді істеуіміз керек.

Әйтсе де, Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде көздеген мақсатын табысты іске асыруға толық мүмкіндік бар екеніне мен сенімдімін. Бізде айтарлықтай табиғи ресурстар, жұмысшылар мен мамандардың білікті кадрлары және ең бастысы — коммунистік идеология сәуегейлік жасаған қайдағы «жарқын болашақта» емес, өмірді бүгіннің өзінде жақсартуға деген іңкәр тілек бар. Өзінің 48 жасқа толуына байланысты Марк Твен былай деп жазады: «48 жасына дейін пессимист болған адам өте көп біледі; 48 жастан кейін оптимист болған — өте аз білетін адам». Ұлы жазушының сөздерін жоққа шығармастан, одан гөрі мен аздап олжалы екенмін дегім келеді. Әлі толмаған 52 жасымда туған республикамның болашағын оптимизммен бағамдаймын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының VIII сессиясында «Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1992 жылдың 1 маусымы

Құрметті халық депутаттары!

Тарихтың өкіміне қарай сіздер мен біз Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі ретінде өзінің алғашқы қадамын жасаушы жаңа егеменді мемлекет — тәуелсіз Қазақстан Республикасының өмірге келуінің қайнар бастауында болдық. Біз бүгін еліміздің қоғамдық-саяси құрылысының дамуындағы маңызды кезең — оның конституциялық тұрғыдан хатталу кезеңін ашып отырмыз.

Оның өзекті сәттерінің негізі Мемлекеттік Егемендік туралы декларацияда және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңда, бірқатар құқықтық актілерде қаланған, олардың қатарында меншік, азаматтық, қоғамдық бірлестіктер, Министрлер кабинеті туралы заңдар бар. Меншіктің барлық формаларының теңдігі заң жүзінде танылып, жекешелендіру және мемлекеттің иелігінен алуды ілгерілету, кәсіпкерліктің әр алуан формаларының және нарықтық қатынастарды дамыту үшін құқықтық негіз жасалды. Демократиялық азаматтық қоғамның ажырағысыз элементі — нақты көппартиялық өмірге келіп жатыр. Жеке адамның, қоғамның және негізгі міндеті адам құқығын қорғау болып табылатын мемлекеттің өзара қатынастарының сипаты өзгеруде.

Бүгін дәуірлер шегінде, мемлекеттің айтарлықтай тозған құқықтық базасын «боямен» шектеуге болмайды, өйткені, одан әрі даму перспективасын жоғалтудың нақты қаупі бой көрсетіп отыр. Міне, сондықтан да жаңа Конституцияға деген өмірлік қажеттілік айдан анық.

Қазақстан Республикасының егемендігін жоғары құқықтық деңгейде баянды ету қажет. Егемендік туралы декларацияның, жаңа мемлекеттің өмірге келуін жариялайтын басқа да құжаттардың маңыздылығына қарамастан, Конституция мемлекеттің байыпты түрде даму кезеңіне кіргендігін айқындайтын ең басты акті болып келді және солай болып қала береді. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, Конституция қашан да декларация негізінде қабылданатыны кездейсоқ емес. АҚШ-тың 1787 жылғы конституциясынан бұрын тәуелсіздік туралы декларация қабылданған, француздың 1791 жылғы конституциясынан бұрын адам және азамат құқығының декларациясы болған еді.

Біз нақты демократия жүйесін орнықтырмайынша, мемлекет дүниежүзілік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі бола алмайтын жағдайды ескерудеміз. Үшінші мың жылдықтың табалдырығын аттауға әзір, өзара тығыз байланысты дүниеде адамдар планеталық ауқымда барған сайын көптеп ойлана бастап, егер бір жерде жұлым-жұлымы шыққан демократиясы бар аймақтар өмір сүрген болса, мұның өзі жалпы адамзат ағзасының сырқаты болып табылады, ол ерте ме, кеш пе ғаламдық сілкіністерге әкеліп соқтырады, деп орынды түрде санайды.

Өткеннің тек жалпы адамзаттық қазыналарын ғана алып, бұрынғы таптаурындардан, таптық догмалар мен жалған мұраттардан арылуды түбегейлі жариялаудың

маңызы зор. Қазіргі қолданылып жүрген Конституцияда «кеңес халқының мемлекеттік бірлігі», «социалистік жалпыхалықтық мемлекет» және уақыт сынына төтеп бере алмаған, миллиондаған адамдардың басына қайғы-қасірет әкелген «социализмнің жеңістері» марапатталды. Осының бәрі ұзақ жылдар бойы бос даңғара, конституциялық тұғырдан алынуға тиісті тоталитарлық режимнің сырттай ғана тартымды әшекейі болып келген еді.

Қоғам дамуының ұзақ мерзімді мақсаттары мен басымдықтарын анықтап, оларды халықтың өмірлік маңызды мүдделерімен салыстыру үшін жаңа Конституция қабылдау талап етіледі. Ұлттық мемлекеттікті дамыту, адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет орнату, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, өзіміз үшін және өз ұрпақтарымыз үшін лайықты өмірді қамтамасыз ету — біздің қысқаша алғандағы стратегиялық міндеттеріміз, міне, осындай.

Конституция құқықтық негізді тұрақтандыру және алға қойылған мақсаттарға жетудің конституциялық-құқықтық құралдарын: мемлекеттік және халықтық егемендікті, мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыруда саяси алуан түрлілікті, адам мен азаматтың бостандығын; мемлекеттің құрылысы мен қызметінің негізі ретінде билікті бөлісу принципінің салтанатын баянды ету үшін қажет.

Және, ақыр соңында, Конституция республиканың көпұлтты халқының ой-арманы мен күш-жігерін жаңа саяси негізде біріктіру үшін керек. Өмірлік маңызды мәселелерге жауап тапқан адамдар ертеңгі күнге деген сенімге ие болады, ал бүгінде біздің көбімізге сол жетіспей отыр.

Кез келген Конституцияның басты мәселесі мемлекеттік өкіметті жүзеге асыру жөніндегі көзқарас болып табылады. Соның негізінде азаматтың мәртебесі нығайып, азаматтық қоғамның және, әрине, мемлекеттің әртүрлі институттарының жұмысы жүзеге асырылады. Егер қазіргі жағдайға осы тұрғыдан көз салатын болсақ, біздің практикалық іс-қимылымыз мемлекет пен өзге де саяси жүйе субъектілері арасында, республика мен оған кіретін әкімшілік-территориялық өлшемдер арасында, заң шығару, атқару және сот биліктері арасында билік көлемін қайта бөлісуге байланысты екені айқын көрінеді. Осы аса маңызды қатынастарды кесімді конституциялық тұрғыдан баянды етпейінше, азаматтық қоғамды құру, мемлекеттік механизмнің тиімді қызмет етуіне үміт арту мүмкін емес.

Конституцияның қабылдануын талап ететін тағы бір елеулі себеп бар. Бұл арада мен бүкіл құқықтық базаның бұзылып жатқанын айтып тұрмын. Жекелеген заңдарды қабылдап, олардың нақты жағдайдағы мақсатын түсіне отырып, біз кейбір дәрежеде белгілі бір проблемалардың жекелеген принципті аспектілерін ойда сақтап, «кейінге» қалдырамыз. Оларды тіпті «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Конституциялық Заң арқылы да өзара байланысты, бір жүйеге жинақтау мүмкін болмады. Мынадай жағдай қалыптасты: қазіргі уақытта, бейне 1-2 Негізгі заң қосарлас қолданылып жүрген сияқты, ал бұған, өздеріңіз түсінесіздер, мүлдем жол беруге болмайды.

Барлық жайлардан болашақ Конституция төңірегіндегі қоғамдық пікірдің алуан түрлі екені сезілуде. Негізгі заңның қабылдануы біздің көпұлтты мемлекетіміз үшін қуатты топтастырушы фактор болар еді. Осы тұрғыдан алғанда Орал облысының «Азаматтық келісім жолында» қоғамдық бірлестіктері кеңесінің Президентке және халық депутаттарына жолдаған Үндеуі мейлінше назар аударарлық. Әртүрлі бағдардағы 7 қоғамдық бірлестіктің басшылары жобаның демократиялық жол-

мен талқылануын қамтамасыз етуге, халықтың пікірлерін жан-жақты ескеруге шақырған үндеуге өздерінің қолдарын қойған. Мұндай өтініштер мен талаптар басқа да қоғамдық ұйымдардан, жекелеген азаматтардан келіп түсуде.

Мен тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау қажет екеніне және оның дер кезінде қабылданғалы отырғанына кәміл сенемін.

Өздеріңіз білесіздер, Жоғарғы Кеңестің қаулысымен 1990 жылғы желтоқсанда конституциялық комиссия өз жұмысын бастады. Конституция жобасын дайындауға халық депутаттары, республикалық басқару органдары, белгілі құқықтанушы ғалымдар, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері тартылды. Жұмыс және сарап топтарын тиісінше Жоғарғы Кеңес төрағасының орынбасары З.Л. Федотова және республиканың халық депутаты, академик С.З. Зиманов басқарды.

Конституциялық комиссия, жұмыс және сарап топтары бір-бірімен байланыс жасай отырып, жұмыс істеді, пікірсайыстар мен таластар үстінде оңтайлы шешімдер іздестірді. Бұл орайда әрқашан да жоғары дамыған елдердің тәжірибесі басты дәлел болып отырды. Осы уақыт ішінде Конституция жобасының бірнеше нұсқасы әзірленіп, қаралды.

Сіздердің қарауыңызға ұсынылып отырған құжат жеткілікті дәрежеде сынақтан өткізіліп, ғылыми сарапқа салынды. Ол «дөңгелек үстелдер» мен конференцияларда талқыланды, оларға бұрынғы Одақ республикаларының көпшілігінен келген жетекші ғалымдар мен практиктер қатысты. 1992 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Конституциясының проблемалары жөнінде Қазақстан — Америка кездесуі өткізілді. Сонымен бірге жобамен адам құқықтары мен бостандықтары проблемаларына маманданған үкіметтік емес халықаралық амнистия ұйымы таныстырылды.

Азаматтың құқықтық жағдайына Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясында, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде баянды етілген стандарттар үлгі етіп алынды.

Егер билікті бөлісу мен басқару формасы жайында айтатын болсақ, бізге АҚШ-тың Францияның, Финляндияның, Португалияның тәжірибесін зерттеу көп көмек көрсетті. Конституциялық қадағалау органдары жөнінде ГФР мен Италияның конституциялық соттарының мәртебесіне талдау жасауға баса көңіл бөлінді.

Еуропаның жоғары дамыған елдеріне бағдар ұстай отырып, біз азиялық көршілеріміз — Жапонияның, Оңтүстік Кореяның, Үндістанның, Пәкстанның, Түркияның, басқа да елдердің практикасын ескереріміз сөзсіз. Мен бұл арада біздің тұрақты пікір алмасуымыз жолға қойылған Достастықтың тәуелсіз мемлекеттері жайында айтып та тұрғаным жоқ.

Әлбетте, әңгіме бас-көз жоқ көшіріп алу жайында болып отырған жоқ, өйткені, біз үшін «американ» нұсқасы да, «жапон» нұсқасы да, «түрік» нұсқасы да, басқа қайсыбір нұсқа да мінсіз емес. Өздеріңіз түсініп отырғандай, мен мұны біз таңдап алған шешімдердің классикалық үлгілермен сәйкестігін тексеріп, мәтіннің айнадағыдай көрсетілмегеніне аздап ренжуі мүмкін адамдар үшін айтып тұрмын. Ең бастысы, біздің баса назар аударған нәрсеміз — біздің өмір шындығымызға жақындатылған тарихи жағдайларда нақты мәселелерді конституциялық жолмен шешудің әдістемесі. Нақ сондықтан да біз бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық дамудың қол жеткен деңгейін, республика халқының саяси мәдениетін, ұлттық және діни ерекшелігін негізге алдық.

Тәуелсіз демократиялық мемлекет — Қазақстан Республикасының іргетасын біздің ішкі және сыртқы саяси жағдай қиын болып отырғанда қалауымызға тура келуде, бұл жағдайлар, әрине, Конституцияны әзірлеу процесіне өз ықпалын жасады, ал кейбір реттерде тіпті белгілі бір нормалардың мазмұнын да айқындап берді.

Жобаның мазмұны жайында айтпас бұрын, оның авторлары Конституцияның адам, қоғам және мемлекет өмірінде атқаратын сапалық жағынан өзге бір рөлін негізге алғанын атап көрсетейік.

Конституция жобасының теориялық үлгісі негізіне халық билігінің, жалпы адамзаттық құндылықтар мен жалпы жұрт танып халықаралық құқық нормаларының идеяларын тану, азамат құқықтарының басымдығы және халық бақылап отыратын мемлекет институттары жұмыс істегенде оның мүддесін көздейтін азаматтық қоғам орнату ұмтылысы алынған.

Конституцияны жүргізу салалары түбегейлі өзгертілген, іргелі маңызы жоқ, бірақ бұрын дәстүр бойынша Конституция тәптіштеп белгілеп келген көптеген қатынастар неғұрлым төмен заңдар деңгейінде берілді. Екінші жағынан, азамат, экономикалық жүйе, мемлекет институттары мәртебесінің, сот әділдігін тиісінше жүзеге асыру кепілдіктерінің жекелеген жақтары тұңғыш рет конституциялық мәселелерге айналды.

Егер қолданылып жүрген Конституция жалпы саяси декларацияларға, идеологиялық кепілдіктер мен уәделерге лық толы «саяси-құқықтық акт» болса, бұл жоба қандай да бір «измдерден» толық арылған, белгілі бір ережені әбден нақты түсіндіруге және оны, негізінен алғанда, құқықтық құралдармен қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қатаң заң тілімен баяндалған.

Конституция нормалары тікелей қолданылады, ал мұның рөлі өзі әсте де құрғақ құқылық сипатта емес. Мұндай жазба Конституцияға өмірлік күш береді, оны өмір шындығымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жылтырақ экспонаттардың бірі ретінде пайдаланудың кеселді практикасынан арылтады, азаматтардың өз құқықтарын Конституцияның көмегімен қорғауға мүмкіндік береді, оның беделін де арттыратыны сөзсіз.

Конституциялық құрылыс тұрғысынан алғанда, мәтінде «Конституцияны сақтау кепілдіктері» деген арнаулы бөлімнің болуы жаңалық. Онда Конституцияның тұрақтылығы оны өзгертудің ерекше тәртібімен, жекелеген конституциялық ережелерді қайта қараудың қиындатылған келісімімен қамтамасыз етілетіні атап көрсетілген. Жасалуы ықтимал жалған конституциялық реформалар алдына қосымша кедергілер қоя отырып, біз бұған саналы түрде барып отырмыз. Халық стратегиялық бағытты біржола және түпкілікті таңдап алып, ертеңгі күні мемлекет басына келетін жаңа саясатшылардың оны өзгерте алмайтынына сенімді болуға тиіс.

Айтпақшы, осы тұрғыдан алғанда, американдықтардың өз конституциясына көзқарасы мейлінше назар аударарлық. Кейде осы бір ұлт үшін қастерлі еш нәрсе жоқ сияқты болып көрінеді: конгресс, президент, кез келген лауазымды адам, заңның қандайы болса да екінің бірінде қатаң сынға алынып жатады. Бірақ олар үшін конституциядан қастерлі нәрсе жоқ, оны АҚШ-тың барлық азаматтары мұқият қорғайды, икона сияқты емес, қайта демократиялық жолмен ұйымдастырылған құрылыстың кепілі және пәрменді жұмыс істейтін құралы ретінде қорғалады.

Уақытымыздың қиын екеніне қарамастан, біз Конституцияны ұзақ мерзімге әзірлеп отырмыз. Сондықтан жобаның жекелеген, бірінші кезекте, кейбір мемлекеттік

институттарға қатысты ережелері жүзеге асырылу барысында икемділікті және маневр жасау мүмкіндігін қажет етеді. Мұндай жағдайда шешімдерді конституциялық немесе әдеттегі заңдар түрінде Жоғарғы Кеңес қабылдайтын болады. Мұндай практика Конституция мәтінінің «сақталуын» қамтамасыз ету мақсатында көптеген елдерде пайдаланылды.

Негізгі Конституциялық принциптер «Конституциялық құрылыс негіздері» бөлімінде баяндалған.

Мұнда сан ғасырлық тарих ішінде тұңғыш рет Қазақстан Республикасына тәуелсіз, демократиялық және бірыңғай мемлекет ретінде сипаттама беріледі. Қазақстанның егемендігі шектелмеген, оның территориясы тұтас, бөлінбейтін және қол сұғылмайтын болып табылады, сөйтіп, республикаға территориялық тұрғыдан талап қоюдың кез келген жолы біржола кесіледі.

Жобаның бастау көзі — біздің конституциялық құрылысымыздың практикасына бұрын белгісіз болып келген ұлттық мемлекеттік идеясын азаматтық қоғам құрумен бірлікте алып қарау. Өзім ұсынған Қазақстанды қалыптастыру және дамыту стратегиясында мен ұлт мемлекеттіксіз өмір сүре алмайды, ол өзінен-өзі құрып кетеді дегенді басшылыққа аламын. Өз кезегінде ұлттың құрып кетуі оның мемлекетінің өмір сүруін мағынасыз етеді.

Мемлекеттік тілмен және ұлт пайда болып орныққан территориямен табиғи байланысты. Қазақтар үшін бұл — Қазақстан Республикасы, мұнда түрлі ұлттар мен ұлыстарға жататын қоғамның барлық мүшелерінің теңдігі мен бостандығы қамтамасыз етілген және қамтамасыз етіле береді. Ұлттық мемлекеттіктің негізгі белгілері Конституцияның кіріспесінде, конституциялық құрылыстың негіздерінде және басқа нормаларда баянды етілген.

Конституция ережелері контекстінде әрбір ұлт пен ұлыстың дамуын, олардың мәдениетінің өзара баюын қамтамасыз ететін нормаларды баянды ететінімізді атап өту керек. Республиканың кез келген азаматына, ол қандай ұлтқа жатпасын, Қазақ ұлттық мемлекетін өз мемлекеті деп есептеуі және оның толық қолдауына үміт артуы табиғи нәрсе.

Бұрын да талай айтылғанды қайталағым келеді. Біз басқа ұлттар мен ұлыстардың халықтарын кемсітпей және олардың есебінен жүргізбей қазақ этносын сақтап, дамыту жөніне шаралар қолданамыз. Бұл бағытты Қазақстанда тұратын адамдардың басым көпшілігі қолдайды, олар өз мұқтаждарымыз бен арман-тілегімізді тек бірге, тек біртұтас әулет бола отырып қана қанағаттандыра алатынымызды түсінеді. Қарапайым адамдардың бөле алмай жатқан ештеңесі жоқ. Ұлттық алауыздыққа республиканың қазақ, орыс және басқа да барлық халықтарының қас дұшпаны ғана шақыруы мүмкін.

Конституция жобасы адамды, оның өмірі мен бостандығын ең асыл қазына деп таниды. Республика өзінің қызметін азамат пен қоғамның мүдделеріне сай жүзеге асырады. Қазақстанның көпұлтты халқы егемендіктің иесі және саяси алуан түрлілік негізінде әртүрлі ұғымдық формаларда жүзеге асырылатын мемлекеттік өкіметтің бірден-бір қайнар көзі болып табылады. Бұл орайда халық атынан сөйлеу құқығына қандай да бір қоғамдық бірлестік емес, қандай да бір аудан немесе қала емес, қандай да бір адамдар тобы емес, тек Жоғарғы Кеңес пен Президент ие болады. Мұндай ереже өте маңызды, өйткені, ол өзінің жеке және тар өрісті топтық мақсаттарын көздей отырып, бүкіл халықтың атынан ділмарсыған жаңадан шыққан саясатшы сымақтардың желігін басады деп ойлау керек.

КОКП-ның идеологиялық монополиясының 70 жылдан астам тәжірибесі бізді «саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің, оның ішінде діни бірлестіктердің идеологиясы мемлекеттік идеология ретінде орныға алмайды» деп бір мәнді жариялауға мәжбүр етті. Бұдан былай біз ақиқатқа деген құқықты ешкімнің де озбырлықпен тартып алуына жол бермейміз.

«Конституциялық құрылыс негіздері» бөлімі «Азамат», «Қоғам», «Мемлекет» деген үш топтамадан тұрады. Бұрынғы конституциялардан өзгешелігі, жобада көріп отырғанымыздай, ең алдымен азаматтың құқықтық мәртебесі, содан кейін — одан туындайтын қоғамдық құрылыс негіздері және содан кейін ғана — мемлекет пен оның институттары анықталады.

Бұрын қолданылып келген кеңес конституциялары ең демократияшыл конституциялар деп есептелуші еді, өйткені, әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке құқықтар мен бостандықтардың кең спектрін жариялады. Алайда, өмір мынадай қарапайым ақиқатты дәлелдеп берді: ешқандай декларациялар, өз кезегінде, жекені мемлекеттіктен бөліп алмайынша мүмкін болмайтын нағыз бостандықты алмастыра алмайды. Бұл жобада ескерілген.

Қоғамдағы және саяси жүйедегі азамат пен мемлекеттің орны мен рөлінің өзгеруі, нарықтық қатынастарды қалыптастыру мен дүниежүзілік өркениет қазыналарына қол жеткізуге бағдар ұстау жеке адам мен мемлекеттік өкімет арасындағы қатынастарды қайта қарауды талап етті.

Конституция жобасында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының дүниежүзілік нормаларға сай келетін жаңа тұжырымдамасы берілген. Жаңа құқықтар мен кепілдіктердің арқасында өмір сүру, жеке меншік ақпарат алу және тарату, еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жерді таңдау, мемлекеттік қызметке жол ашылу және басқа құқықтарын баянды ету көзделеді. Міндеттердің арасында заңдарды орындау, басқа азаматтардың ар-ожданы мен абыройын құрметтеу, белгіленген салықтар мен алымдарды төлеу, Қазақстан Республикасын қорғау бар. Адам және азамат құқықтық кепілдіктері жаңадан тұжырымдалды, бұл орайда құқықтық кепілдіктерді баянды етуге баса назар аударылды.

Адамдардың бостандығы мен теңдігі жағдайында Қазақстанның дамуында экономиканың мемлекеттік және жекеменшік секторларының таңдап алынған кез келген саласындағы жаңа инициативаны қамтамасыз ететін меншік қатынастары, кәсіпкерліктің кез келген заңды түрімен айналысу шешуші бағыттарға айналады.

Меншікті өз қорғауына алып, оны өз бетінше алып қоюға тыйым салуға кепілдік бере отырып, мемлекет сонымен қатар белгілі бір шектеулер де енгізеді.

Біріншіден, тек қана Қазақстан Республикасының иелігінде болатын объектілер: жер, оның қойнауы, өсімдіктермен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар тізбесі берілген.

Екіншіден, меншіктің қоғамдық мәні, оның жасампаздық сипаты атап көрсетіледі. «Мүлікті пайдалану экологиялық ортаға нұқсан келтірмеуге, азаматтардың, заңды ұйымдар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауға тиіс».

Жеке меншіктің тууына, жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алуға өндірушімонополистердің рынокта барлық билікті қолына алуы тұсау болады. Осыған байланысты Конституция заңды бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға, тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге бағытталған монополистік және басқа да кез келген қызметке тыйым салуды жариялайды.

Шетелдік инвесторлар үшін, ал бұл туралы маған шетелде талай рет естуіме тура келді, оларға бизнестің тұрақты жағдайына, олардың мүдделерін мемлекеттің қорғауына кепілдік беретін тармақтың принципті маңызы бар.

Жобаға негіз етіп алынған адамгершілік потенциалды «Неке және отбасы» тарауының нормалары айқын қуаттайды. Мұнда ерлі-зайыптылардың өзара келісімі мен теңдігі бойынша некеге тұру, ата-аналардың балаларды асырау, оқыту және тәрбиелеу міндеті, еңбекке қабілетті балалардың өз ата-аналарына қамқорлық жасау және оларға көмек көрсету міндеті сияқты жалпы жұрт таныған ережелер баянды етілген. Мемлекет пен қоғам жетім балалардың және ата-аналарының қамқорлығынан айырылған балалардың бағып-күтілуін, тәрбиелеп, оқытылуын қамтамасыз етеді, балалар жөніндегі қайырымдылық қызметті көтермелейді деп тұңғыш рет атап көрсетілген.

Қазіргі саяси өмірдің нақты факторы қоғамдық бірлестіктер болып отыр. Олар қоғамдық пікірді анықтауға жәрдемдесіп, өзіндік бір сүзгі ретінде көрінуде, сол арқылы түрлі мемлекеттік қызметке кандидаттар електен өткізіліп жатады. Саяси партиялар мемлекеттік өкімет пен халықтың өзара байланысын қамтамасыз ететін құралға айналуда. Осының арқасында оларға депутаттыққа кандидаттар ұсыну, парламенттік фракциялар құру және т.б. құқық беріледі. Жобада қоғамдық бірлестіктерді өз орындарына бір мәнде қоюға әрекет жасалды: саяси партияларға — саясат саласы, кәсіподақтарға — азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау, діни бірлестіктерге — дін тұту бостандығын қамтамасыз ету, шығармашылық одақтарға — өнер саласындағы мүдделерді білдіру және тағысын тағылар. Ал, мұның өзі, менің ойымша, өте әділетті. Әркім өзінің ісімен айналысуға тиіс.

Қоғамдық бірлестіктердің мәртебесін анықтай отырып, жоба оларға мемлекеттік органдардың функцияларын беруге тыйым салады. Бізде қажетті өкілеттіктерді иеленген тиісті өкімет құрылымдары бар. Сондықтан себеппен де, себепсіз де қоғамдық бақылаушыларды қаптата берудің, мемлекеттік қондырманың үстіне қандай да бір қосымша қондырма тұрғызудың қажеті жоқ. Демократияның, былайша айтқанда, мұндай формалары тұлғасыз қоғамдық-мемлекеттік құрылымдардың пайда болуына, лауазымды адамдардың жауапкершілігінің азаюына, қоғамдық өзін-өзі басқару бірлестіктерінің төрешілденуіне және олардың мемлекет қосарласына айналуына алып келген көптеген мысалдарды тағы да өз тәжірибеміз береді.

Бүгін тағы бір жағдай туралы да айту қажет, саяси бостандық пен қоғамдық мінез-құлықтың, жалпы адамзаттық нормаларын арсыздықпен елемеу мен саяси бостандық ретінде көрсетілетін жағдай арасында ортақ ештеңе де жоқ.

Бірқатар қоғамдық бірлестіктер ұлттық идеяларды: мәдениетті, тілдерді қайта түлетуді, адамдардың өмір сүруінің экономикалық жағдайларын жақсартуды қару етіп алды. Мұның өзі жақсы да. Басқа бір нәрсе қатты алаңдатады. Жекелеген қоғамдық құрамалар, ұлттық мәдени орталықтары ұлттық оқшаулыққа, ұлттық артықшылықты насихаттауға, жалпы проблемаларды басқа ұлттар өкілдерінің заңды құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіру есебінен шешуге барған сайын көбірек үміт артып, қауесеттерді таратудың көзіне айналып отыр. Яғни, өзінің адамгершілік жарғылық міндеттерінен барған сайын аулақтай түсіп, ұлтаралық тайталастықтың бейне бір қамалына айналуда. Солай бола тұрса да олардың әрқайсысының белсенді қатысушысына жасампаз идеяны күйретуші идеядан бөліп тұратын шекті білу, сөйтіп, бұл жөнінде өзіне есеп беру қажет.

«Алаш», «Желтоқсан», Сібір казачествосының жерлестігі мен одағы қоғамдық бірлестіктерінің есебінде 1 жыл ішінде өткізілген рұқсат етілмеген 130 митингілер мен басқа да шаралар, қоғамға қарсы әртүрлі іс-әрекеттер бар. «Алаш» және казачество одағы заңда белгіленген тәртіппен тіркелмеген. Біріншісі де, екіншісі де Қазақстанға басқа аймақтан әкелінген баспасөз өнімін пайдаланады. Осының өзі-ақ олардың әрекеттерінің Конституцияға қарсы екендігін айғақтайды. Мен казачество қозғалысы бірқатар жерлерде барған сайын әскери құрамалар сипатына айқын ие бола бастағаны туралы айтып та тұрғаным жоқ, ал ондай құрамалар құруға заң бойынша тыйым салынған. Және де біз Оралдағы қақтығысты қандай қиындықпен тоқтатуға тура келгенін әлі ұмытқанымыз жоқ. «Алаш» өкілдерінің Қазақстан Республикасының халық депутаты, мұсылман діни басқармасының басшысы мүфти Рәтбек қажы Нысанбайұлын қатыгездікпен таяққа жығуын қандай саяси себептермен түсіндіруге болады?

Дегенмен, прокуратура, басқа да құқық қорғау органдары «алдын-ала сипатындағы» шаралармен ғана шектелуде. Ондай шаралар бұл органдардың халық арасындағы беделін жоғалтудан басқа ештеңе де бермейді. Адамдардың әдепсіздік ауылынан тым алшақ жатқан үзілді-кесілді мәлімдемелеріне және оның үстіне қоғамдық жағдайды тұрақсыздандыратын іс-әрекеттеріне құқық қорғау органдары соларға барабар жауап шараларын дереу қолдануға тиіс. Бұл органдардан адамдар нақ осыны күтіп отыр. Әңгіме барлық партиялар мен қозғалыстардың өз жұмысын заң шеңберінде жүргізуі жайында болып отыр. Біздің ортақ үйдегі тыныштық пен келісім баршамызға да қымбат екеніне күмәнім жоқ. Міне, сондықтан да бұл туралы парламент мінбесінен айтып тұрмын.

Осы тақырыпты аяқтай келе, демократияны алаң мен тобыр билігі — охлократиямен алмастырғысы келген жерлерде оның алдын алмайынша болмайтынын тағы да атап көрсетпекпін. «Алаулаған» бір оқиғаға жол беріп алсақ бітті, одан кейін басқару дегенді білмейтін нөпір-апат лап қояды. Сондықтан да ұлттық, таптық және діни төзбеушілікті уағыздайтын, конституциялық құрылысқа және біздің егеменді мемлекетіміздің территориялық тұтастығына қатер төндіретін саяси партиялар мен ұйымдар қызметінің жолын батыл түрде қиып тастау үшін заңдарда және «Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау туралы» Жоғарғы Кеңес таяуда қабылдаған қаулыда көзделген шараларға көшетін уақыт жетті. Белгіленген тәртіп бойынша тіркелместен республикада іс-әрекет жасап жүрген қоғамдық бірлестіктер тіркелуден қасақана жалтарып жүргенін айтпай кете алмаймын. Тіркелмеген қоғамдық құрамаларға басшылық жасағаны және олардың қызметіне қатысқаны үшін заң алдында жауапкершілік белгілеу қажеттігі, тегі туса керек.

Конституция мен заңдардың екі жақтылығы халықтың құқықтық нигилизмімен ұштаса келіп, құқық бұзу үшін нәр беріп отырғанына назар аударғым келеді. Мұның өзі республика конституциясын сындарлылықпен талқылап, қабылдау пайдасындағы тағы бір дәлел болып табылады.

Қазақстанның мемлекеттік делегациясының АҚШ-қа барып, 1968 жылғы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қарусыз мемлекет ретінде қол қоюға әзір екендігіміз жайында мәлімдегенімізден кейін үлкен саясаткерлердің біздің республикадан сескенетін қаупінің орнын үміт алмастырды. Объективті жағдайлардың еркімен Қазақстан аса маңызды әлемдік оқиғалардың ортасына тап болды. Ал мұның өзі тым асыра дәріптеу емес. XXI ғасырға көз сала отырып, мемлекет қайраткерлері мен сарапшылар Азия жаңадан қайта оянады деп айтарлықтай

негізбен жобалауда. Осыған байланысты Солтүстік-Оңтүстік, христиан дүниесінің мұсылман дүниесімен ықтимал тайталасынан қауіптенеді. Қазірдің өзінде олар геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің ықтимал жолдарын іздестіріп, діни негіздегі аймақтық жанжалдарды жоюға зор назар аударуда. Осыған орай қазір олардың көпшілігі Қазақстанды Еуропа мен Азия арасындағы, христиандар мен мұсылмандар арасындағы нақты келісімнің символы ретінде қабылдауда. Бірақ әлдекім үшін футурологиялық тұжырымдамалардың алыс символы мен субъектісі болып отырған нәрсе біз үшін өзгерістердің сөзсіз шарты, біздің балаларымыздың алаңсыз бүгінгі өмірі мен болашағының кепілі болып табылады.

«Конституциялық құрылыс негіздері» бөлімінде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өкімет заң шығарушы, атқарушы өкімет және сот билігі болып бөліну принципіне негізделеді» деп жазылған. Алдын ала атап көрсеткім келетіні, біздің кейбір ғалымдарымыздың және істің байыбына бойламаған саясаткерлеріміздің күш-жігер жұмсауының арқасында өкімет билігін бөлу принципі іс жүзінде олардың арасына қайдағы бір Қытай қорғанын орнатуға ұласып бара жатыр. Ал менің шетелдерге сапарларым кезінде әріптестерім, ең алдымен, заң шығарушы, атқарушы өкімет және сот билігі органдарының өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығы секілді маңызды элементтерді атап көрсетті.

Біздің мемлекеттің қазіргі кезеңі мен перспективасын сипаттай келіп, нарықтық экономика құрудағы елеулі қиындықтар, өркениетті көппартиялықтың болмауы және нақты демократия жағдайында өмір сүру тәжірибесінің жоқтығы президенттік республиканы қалыптастырудың сөзсіз қажеттілігін талап етіп отырғанын айту керек. Оның негізі 1990 жылы қаланған болатын, ал қазірдің өзінде бірнеше кезеңнен өттік.

Президенттік қызмет тағайындалып, оған мемлекет басшысы, республиканың ең жоғары атқарушы функциясы жүктеліп, үкімет — Министрлер кабинетінің қызметіне басшылық ету тапсырылды. «Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті туралы» Заңға сәйкес Президенттің кабинетке қатысты өкілеттігі күшейтілді. Жұмыстың алқалық негізінің аясы тарылып, үкімет мүшелерінің рөлі мен жеке жауапкершілігі күшейтілді.

1992 жылғы ақпанда Президент Жарлығымен атқарушы өкіметтің бірыңғай тұтас жүйесін қалыптастыру аяқталды.

Өткен жолды және болашаққа арналған жоспарларды ескере келіп, конституциялық комиссия сіздердің қарауыңызға басқарудың президенттік формасына көп деңгейде жақындатылған органдар жүйесін қарауды ұсынады. Бұл орайда кім-кімнен асып түсті дегенді анықтау мақсатымен жоғары органдардың өкілеттілік ауқымын таразыға тартпақ ниеттегі жаңсақтық әрекеттердің дәлелді болуы екіталай деп ойлаймын. Жоғарғы Кеңес те, Президент те, Министрлер кабинеті де ештеңені жоғалтқан жоқ. Ал, егер кейбір жаңалықтарға ие болса, оның өзі де бір-бірінің есебінен емес, дүние жүзінде қолданылып келе жатқан, бізде де жарияланып, ішінара жүзеге асырылған үкімет билігін бөлісу принципі шеңберінде өтті.

Заң шығарушы билікті кәсіптік негізде әрекет ететін Жоғарғы Кеңес жүзеге асыруға тиіс. Парламенттің депутаты одан тыс жерде лауазым атқарып, басқа өкілетті органның мүшесі бола алмайды. Ол тәжірибелі саясаткерлерден, заң шығарушы саласының мамандарынан тұратын, тек каникулға ғана шыққанда жұмысын үзіп тұрақты түрде жұмыс істейтін Жоғарғы Кеңес болады. Конституциялық комиссия мен жұмыс тобының мүшелері мұнда бірлік танытты: бізге заңдарды жартылай

қоғамдық негізде жасап, қабылдаудан бас тартатын уақыт жетті. Тұрақты түрде жұмыс істейтін парламент қажет болған жағдайда, ескірген заңдарға жедел түзетулер енгізіп, жаңа заңдар қабылдап, олардың жүзеге асуына бақылау жасауға, атқарушы үкімет органдарымен тұрақты өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді. Жоғарғы Кеңес жүзеге асыратын бақылау функциясының кепілдігі күшейтілді.

Жобада Президенттің мемлекет басшысы және үкімет басшысы ретіндегі функцияларын қатар дәлелдей отырып, жоғары атқарушы өкіметті одан әрі топтастыру көзделген. Мұның өзі, әсіресе бұрынғы Одақтық халық депутаттарының бұдан аз ғана уақыт бұрын өкіметтің жоғары органдары арасына сына қағуының табыссыз болмаған әрекетінің мысалдарын еске алсақ, аса маңызды жағдай бір-бірін ерегістірудің қайғылы қорытындысы жақсы белгілі: біреулер үшін ол тамызда аяқталса, ал кейбіреулер үшін бұл оқиға «Матрос тылсымында» осы уақытқа дейін созылуда. Ал мұның салдары тым қасіретті. КСРО-ның барлық жоғары органдары, Одақтың өзі сияқты, тұңғиыққа шым батып кетті. Біз өзіміздің алдымызға басты мақсат — алапат экономикалық қасіреттен шығуды қойып отырған кезде, біздің мемлекетіміз шеңберінде мұндай «ойынға» жол беруге құқымыз бар ма?

Осыған ұқсас мысалды Италиядан да көруге болады. Онда соғыстан кейінгі кезеңде 40-тан астам үкімет ауысты. Түркия мен Пәкстанда мұндай процестер әскери диктатураларды саясаттың нақты, оқтын-оқтын жүзеге асатын факторына айналуына жеткізіп отырды, ал әскерилер жай азаматтардың арындаған сезімдері мен қызбалықтарын жөнге салып отырды.

Және де президенттік республика тек Президент үшін ғана пайдалы деп ойламау керек. Басқарудың парламенттік формасы жағдайында парламенттің рөлі зор деген түсінік ол тек сыртқы көрініс, қиял ғана. Сайлауда жеңіске жеткен партияның бағытын сөзсіз жүзеге асыратын парламенттегі және үкіметтегі бірыңғай партиялық көпшіліктің есебінен партияның өзінің рөлі күрт артады, ал жоғары мемлекеттік органдар оның саясатын жүзеге асырушыларға айналады. Ұлыбританияның, Жапонияның, Германияның тәжірибесіне зер салыңыздаршы. Басқарудың президенттік формасы мұндай шиеленістерді болдырмауға мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан да ол біздің перспектива ретінде таңдап алынды.

Конституция жобасында Министрлер кабинетінің Жоғарғы Кеңес алдындағы ұжымдық жауапкершілігі институтын алып тастау, Министрлер кабинетінің өкілеттілігі мерзімін Президенттің сайлануымен ұштастыру ұсынылады.

Президент кабинетті басқарады және Премьер-министрге үкіметтің қызметіне тікелей жедел басшылық жүргізуге өкілеттілік береді деп көзделген. Мәтіннен Министрлер кабинетінің қызмет етуі, құзырлы және жұмысын ұйымдастыруы салаларын реттейтін нормалар алып тасталды. Оларды ағымдағы заңдарда Жоғары Кеңес пен Президент реттей алады.

Атқарушы үкімет ұсынылған шаралардан бақылаусыз қалмайтынын ерекше атап өтемін. Республиканың тыныс-тіршілігі қызметінің принципті проблемаларын шешумен байланысты Жоғарғы Кеңестің өкілеттіктеріне күмән келтіріліп отырған жоқ. Депутаттар Қазақстан Конституциясы мен заңдарын бұзған Министрлер кабинетінің мүшелерін қызметінен босату мүмкіндігін алады. Сонымен, өкімет билігі балансы сақталады, оған республикада құрылып отырған Конституциялық сот айтарлықтай дәрежеде жәрдемдеседі.

Жобада мемлекеттік өкіметтің территориялық ұйымдарына, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарға мүлдем басқадай рөл беріліп отыр. Жаңа Конституция

қабылданғаннан кейін әкімшілік-территориялық құрылымның басты мақсаты оның басқарушылық функциясы болмақ. Заң шығару қызметі мен нормативтер жасау республика деңгейінде шоғырландырылады. Жергілікті Кеңестер, халықтың өзін-өзі басқару органы ретінде, өз істерін шешумен айналысады. Орталық және жергілікті органдардың рөлін осылайша дәлдеу өзін-өзі басқарудың басты элементтерін сақтау кезінде жікшілдік пен жершілдіктің белең алуын болдырмайды.

Заң шығарушы және атқарушы өкіметпен қатар, жоба азаматтың құқығы мен бостандығын, заңның салтанат құруын қамтамасыз етуге тиісті сот билігінің орнын айқын белгілейді.

Конституция жобасының негізгі мазмұнды аспектілері, қысқаша айтқанда, осындай. Ал енді процедуралық сәттерге тоқталуға рұқсат етіңіздер. Олар да өте маңызды, өйткені, республиканың қалыптасуының қазіргі күрделі де төтенше жауапты кезеңінде өмір қиын проблемаларды көлденең тартуда, оларды шешу балама, бірақ соны көзқарастарды талап етеді.

Қазір қолданылып жүрген және осының алдындағы барлық кеңес конституцияларын Жоғарғы Кеңес қабылдады. Алайда дүниежүзілік тәжірибе небір әртүрлі тәсілдердің бар екендігін айғақтауда. Бұл, мысалы, арнайы сайланған құрылтай жиналысымен, ал ол Конституцияны және сайлау туралы Заңды қабылдаған соң таратылды, немесе референдум жолымен, яғни тікелей халықтың өзі арқылы таратылуы (сайлануы) мүмкін.

Қазақстан Республикасының Президенті, конституциялық төрағасы ретінде Жоғарғы Кеңестің қарауына мынадай ұсыныс енгіземін.

Осы сессияда негізгі ережелер бойынша бір тоқтамға келіп, оларды бірінші нұсқасында мақұлдап, Конституцияны бүкілхалықтық талқылауға салу туралы шешім қабылдау жөн болмақ. Халық депутаттары жергілікті Кеңестеріне, әкімдерге жобаны сессияларда қарау, халық арасында және бұқаралық ақпарат құралдарында талқылауды ұйымдастыру тапсырылсын. Сіздер Конституцияны қабылдауды соза беруге болмайтынымен, сонымен бірге асығыстық жасамау керек екенімен келісесіздер ғой деп ойлаймын.

Жобамен бұдан былайғы жұмыс былайша құрылуы мүмкін Бүкілхалықтық талқылаудан кейін оның қорытындысын ескере отырып, конституциялық комиссия жобаны пысықтауы және оны Жоғарғы Кеңес сессиясының қарауына енгізуі керек, онда Конституцияны екінші нұсқасында қабылдау керек.

Баяндамамды аяқтай келіп, жаңа Конституцияның бізге өмірлік қажеттігін тағы да атап көрсетемін. Ол қоғам өміріне айқындық енгізіп, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін жіті белгілейді, өкімет институттарына, әкімшілік және сот органдарына сенімді әрекет етуге мүмкіндік береді. Қысқасы, қоғам мен мемлекет өмірінде біздің әрқайсымыздың құқығымыз бен бостандығымызды қорғау үшін, қазақстандықтардың жақсы өмірі жолында республикада жүргізіліп отырған түбегейлі реформалардың табысты болуы үшін қажетті тәртіп орнатуға мүмкіндік береді.

Құрметті халық депутаттары!

Мен сіздерді қандай да болмасын ұсыныстыталқылау кезінде тар өрісті мүдделер мен мақсаттардан арылуға шақырамын. Біздің алдымызда — республиканың болашағы. Сондықтан оның сеніміне лайық болайық.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының VIII сессиясында Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік рәміздерінің қабылдауына байланысты сөйлеген сөзі

Алма-Ата қаласы, 1992 жылдың 6 маусымы

Уважаемые народные депутаты!

Во все времена и у всех народов емким и концентрированным олицетворением государственности и независимости выступали государственные символы — Герб, Флаг и Гимн. Под сенью флагов и гербов, с торжественной песней на устах люди шли на величайшие подвиги. Отважные землепроходцы и мореплаватели, совершая великие открытия, устанавливали на неизведанных прежде землях знаки своей страны. Мужественные патриоты под национальными знаменами боролись за свободу своей Родины. Через немалые испытания прошли многие народы, прежде чем завоевали право на свою государственную символику.

История атрибутов нашей государственности отражает славное и трагическое прошлое казахского народа. Рождение, взлет и угасание больших и малых родов, племен и ханств на территории современного Казахстана сопровождались поднятием одних и падением других знамен, родовых знаков — танба. Многие из них оказались в забвении, а то и просто были признаны официальной идеологией феодальными пережитками, знать и изучать которые было не только вредно, но и опасно.

Как говорится, слова из песни не выкинешь. Насаждавшийся десятилетиями партийно-классовый подход сказался и на формировании государственных символов нашей республики. По сути, и герб, и флаг Казахской ССР были скопированы с символики бывшего СССР, не имели своей индивидуальности, абсолютно не отражали национальные особенности Казахстана и его народа. Но вместе с тем хочу подчеркнуть, что, отказываясь сегодня от прежних символов, мы не отказываемся от своей истории, от прожитого. С этими уходящими символами связаны судьбы миллионов казахстанцев, создававших нынешний экономический и культурный потенциал республики, защищавших страну в годы Великой Отечественной, войны, деливших горе и радость со многими народами-соседями, крепивших с ними дружбу не в силу былых идеологических установок, а по совести и по душе. И как бы критически мы ни оценивали сегодня минувшие десятилетия, какие бы новые идеалы перед собой ни ставили, мы с уважением будем относиться к прожитому, к представителям старшего поколения, сделавших все от них зависящее ради своей Родины, ради счастья и процветания Казахстана.

Сегодня, когда республика обрела отнюдь не искусственный, а наполненный подлинным смыслом суверенитет, когда мы твердо взяли курс на обновление всех сфер нашей жизни, естественно, встал вопрос о необходимости нового «лица» государства — его флага, герба и гимна. Они должны отражать молодое суверенное государство самоопределяющейся казахской нации, с одной стороны, и свидетельствовать о преемственности и исторических традициях — с другой. В ходе работы

над проектами, поступившими на ставший поистине всенародным конкурс, были отобраны варианты, которые после всестороннего обсуждения были приняты Верховным Советом Казахстана.

В государственных флаге и гербе Республики Казахстан гармонично сочетаются высшие общечеловеческие ценности, осознание места Казахстана в многоликом и разнообразном мире, лучшие традиции и обычаи народа, давшего название республике. Сине-голубая одноцветность нашего флага отражает не только приверженность идее единения, но и напоминает о безоблачном небе, которое всегда и у всех народов было олицетворением мира, спокойствия и благополучия. Этот цвет получил признание и таких авторитетных международных организаций, как Организация Объединенных Наций, Европейский парламент, флаги которых расцвечены соответственно голубым и синим. На языке геральдики синий цвет, его оттенки соответствуют таким человеческим качествам, как честность, верность, надежда. Золотое солнце, купающееся в своих лучах, олицетворяет покой и богатство, а степной орел — щедрость и зоркость, высоту помыслов казахстанцев.

Символом отчего дома, а в более широком понимании и мира как вселенной является изображенный на гербе шанырак — верхняя сводчатая куполообразная часть юрты. Исторические традиции и мотивы нашли свое отражение и в изображении мифических коней. Что же касается золотой звезды, она так же всегда являлась символом высоких помыслов и зовущей за собой мечты.

Мудрым и обоснованным, на наш взгляд является решение сохранить прежнюю музыкальную редакцию гимна, написанного выдающимися композиторами Муканом Тулебаевым, Евгением Брусиловским и Латифом Хамиди. Созданное ими в свое время произведение в полной мере отражает широту души народа, его самые сокровенные думы и чаяния, свидетельством чего служит тот факт, что гимн пережил годы, сохранил свежесть звучания, наполнен торжественностью и величавостью.

Акт принятия Верховным Советом государственных символов Республики Казахстан обозначает для казахского этноса и представителей других национальностей, населяющих республику, не просто замену старых обветшалых атрибутов классового общества. Главная идея новых государственных флага и герба заключается в том, что они знаменуют собой окончательный поворот республики к построению демократического и правового государства, к созданию нового общества, основанного на принципах суверенитета личности, единства его этнически многообразного народа. В недавно опубликованной «Стратегии становления и развития Казахстана как суверенного государства» я достаточно подробно высказался по этому поводу и надеюсь, мое видение перспектив республики в основном отвечает чаяниям ее народа.

В этой связи хочу напомнить, что исторический поворот к подлинной демократии одними атрибутами исчерпан быть не может. Каждому в отдельности и всему обществу в целом предстоит трудный путь постижения основ демократии, нелегкая школа жизни в новых, непривычных условиях. Лауреат Нобелевской премии поэт Иосиф Бродский писал: «Если свободный человек падает, он никого в этом не винит». В этой простой, но очень емкой фразе — вся философия демократии, философия не только свободы, но и ответственности любого гражданина за свою собственную судьбу, за судьбу общества, в котором он живет.

Мы должны отказаться от психологии иждивенчества и уравниловки, мы должны глубоко осознать, что свобода и демократия — отнюдь не синонимы, как это многим все еще кажется. Действительно, демократия представляет собой комплекс идей и принципов о свободе, но она содержит также комплекс практических норм и твердых законов, по которым обязано жить демократическое общество. Иными словами, демократия — это наделение свободы законным статусом. Думаю, что новая Конституция Республики Казахстан, принятая в первом чтении, отвечает данной цели.

Сейчас, когда мы только приближаемся к правовым нормам, принятым во всем цивилизованном мире, очень важно сохранить равновесие между безудержным, высокоэмоциональным стремлением к свободе и уважением к закону. Только так мы сумеем сохранить стабильность и межнациональное согласие в республике и тем самым создать условия для строительства полноценной, счастливой и богатой жизни всех ее сограждан.

Если различные социальные, национальные и иные группы людей будут смотреть на демократию как на безудержный митинг, где они могут оказывать давление, чтобы удовлетворить собственные потребности, общество может расколоться изнутри. Нам необходимо научиться терпимо относиться к существующим между нами различиям, признавать, что другая сторона имеет законные права на свою точку зрения. Тогда возможен нормальный, взвешенный компромисс.

Думаю, каждый казахстанец, независимо от национальности, профессии, вероисповедания и любых других различий, котрыми столь богата наша республика, должен свято помнить, что в демократическом государстве граждане принимают на себя обязательства и исполняют свои обязанности не по принуждению, а ради того, чтобы укрепить свои же собственные права.

Заканчивая свое выступление, хочу от всего сердца поздравить вас с новыми государственными символами нашей независимой республики и еще раз напомнить, что во все времена в борьбе за те или иные идеалы люди собирались под одним стягом. Сегодня над нашей Родиной поднялись новые символы, которые должны послужить консолидирующим началом для всего многонационального народа Казахстана. А для этого необходимо каждому гражданину Казахстана воспитывать в себе и передавать своим детям искреннее уважение, особое отношение к святым для каждого человека символам своего государства. Это является еще одним доказательством того, что мы становимся по-настоящему суверенным государством.

Қазақстан кәсіпкерлерінің I форумында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1992 жылдың 20 маусымы

Құрметті форумға қатысушылар!

Форум жұмысына қатысуға шақырғандары үшін делегаттарға алғысымды айтамын. Кәсіпкерлік біздің республикамызда тек алғашқы қадамдарын жасап жатыр, сондықтан да ол қиын қадам. Нарықтық қатынастар жаңалығы қоғам алдында әртүрлі бағыттағы экономика шеңберінен ұзарып шығатын көптеген проблемаларды қойып отыр. Ол біздің барлық өмір құбылысымызға қатысты. Ал оларды шешу әлеуметтік, құқықтық, психологиялық, имандылық және басқа салаларда нағыз революцияны талап етеді.

Бүгінгі таңда негізге алар лық мәселе — экономикалық еркіндік мәселесі. Ол тең жағдайда әрбір кәсіпкерге берілуге тиіс. Бұл анығын айтсақ, нағыз демократияның мәселесі. Оның қалыптасуынсыз және дамуынсыз құқықтық мемлекет құру мүмкін емес, оны құраушы бірде-бір құрылым, сондай-ақ қоғамның кәсіпкерлік жігі болып саналатын осындай қуатты тірегі де жемісті еңбек ете алмайды. Осыған орай, кәсіпкерлікті дамытуды біз қалай қамтамасыз етуімізге қарай экономикалық дағдарыстан шығуға және әлеуметтік шиеленісті бәсеңдетуге сенім артуға болатындығын атап өткім келеді. Өзімнің экономикалық перспективаға деген көзқарасымды мен Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясында баяндадым. Онда қазіргі шындықты салауатты бағалауға, сөйтіп, қандай да бір болмасын көңіл-күйден, санагерлі постулаттардан бас тартып, мәселенің негізіне салмақты практицизм көзқарасы тұрғысынан келуге әрекет жасалған. Сондықтан менің айқындамам сіздерге белгілі. Ол нық және бұлжымас сенімге негізделген: біздің алға жылжуымыздың бірден-бір жолы — саяси, әлеуметтік және басқа да себептерден келіп туатын нарықтық экономикаға апаратын жол.

Неғұрлым қабілетті, дарынды және еңбексүйгіш әрбір адам қоғамда тиісті жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізуі үшін біз мұны тілейтіндердің бәріне кәсіпкерлік қызметте еркіндік береміз. Теңгермешілік, экономикалық бостандықтың жоқтығы адамның бойындағы белсенділік негіздерін, дербестікке ұмтылушылықты, өз тағдыры үшін жауапкершілік сезімін жоятынына біздің көзіміз жетті. Мұның өзі қоғамды ілгері басқызбай, әлеуметтік масылдықты туғызады.

Ал үкімет органдарының экономикаға жасайтын ықпалына келетін болсақ, онда айтылған бұл «стратегияда» мен барлық процестердің мемлекет тарапынан белсенді түрде реттеліп отыруы қажеттігін айқын мәлімдеген болатынмын. Бірақ бұрынғы, беделінен айырылған тоталитарлық әдістермен емес, қайта нарық қатынастарын түсіне отырып, салықтар мен кедендік баж салықтары саласындағы байсалды саясат, валюта курсы мен банкілік өсім, экспорт-импорт квоталары мен лицензиялар, бюджеттің көлемі мен сальдосын бақылау, жинақ салымдарының серпінділігіне ықпал жасау арқылы осылай істеу керек.

Мен бұдан бұрын да айтқан едім, тағы да қайталап айтайын: қатаң есептелген, ерекше тоталитарлық экономикадан нарықтық бостандыққа өту еш жерде

және ешқашан да жып-жылмағай және оңай болған емес. Қазақстанда біз барлық қиын соқпақтардан оңай өтіп, әлемдік нарықтық экономиканың сенімді, өркениетті айлағына ойнап-күліп-ақ енеміз деп ойлау аңғалдық болар еді. Бұлай болмайды. Сондықтан мемлекеттік емес экономикалық сектордағы бүгінгі құбылыстарды зер сала қадағалай отырып, біз оларды терең талдауға, кәсіпкерлік қызметті дамытуды тежеп отырған себептерді дер кезінде жоюға ұмтылудамыз.

Әрине, кімнің қай жері ауырса, ол сол жайында айтады. Сіздердің бұл тұрғыда үкіметтің іс-қимылдары бұдан әлдеқайда белсенді және батылырақ бола алар еді ғой деп өз тарапыңыздан ойлауыңыз кәміл. Менің өзім де реформалардың жеделдете жүргізілуін жақтап құлшына қол көтеремін. Бірақ реалисттер болуға, экономикамен бірге саяси, әлеуметтік, ұлтаралық, мемлекетаралық және біздің жас егеменді республикамыз тыныстап отырған басқа да проблемалардың бүкіл кешенін ескеруіміз қажет. Президент ретінде менің әрбір қадамның зардаптары туралы ойланбауыма немесе менің іс-қимылдарым қоғамдық өмірдің басқа салаларында қандай әсер туғызатынын білуге еш ынта қоймастан тек кейбір мәселелерге баса назар аударуыма болмайды. Бұл арада әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қатаң ұштастыру керектігін ұдайы есте ұстау қажеттігін ұмытуға болмайды. Олардың арасындағы тепе-теңдік қоғамдық тұрақтылықты, кез келген реформалардың жүзеге асырылу мүмкіндігінің өзін қамтамасыз етеді.

Келіңіздер, мәселенің мәніне салауаттылықпен қарайық, сөйтіп, айтарлықтай қысқа мерзім ішінде біздің не нәрсеге қол жетігендігімізге бірлесіп баға берейік.

Бүгінде экономиканың мемлекеттен тыс секторында 35 акционерлік қоғам, 76 салааралық және сыртқы экономикалық қауымдастықтар, 30-ға жуық концерндер мен консорциумдар жұмыс істейді. Республикада 120 коммерциялық банктер, 60 биржа, 40 сақтандыру және 20 лизингілік компаниялар, 2 ірі аудиториялық орталық бар. 230 орта өндіріс кәсіпорны, 11 мыңға жуық кооперативтер, 5,5 мыңнан астам кіші кәсіпорындар жұмыс істейді. Бұларда жарты млн.нан астам адам немесе халық шаруашылығымен айналысатындардың 15% еңбек етеді.

Дегенмен бұл да толық емес. Көптеген мемлекеттік кәсіпорындардың базасында ұжымдықпен қатар, жекеменшік мемлекеттік емес шаруашылық түрлері де ұйымдастырылған. Әсіресе олар сауда және тұрмыстық қызмет көрсетуде айтарлықтай дамыған.

Аграрлық секторда кәсіпкерлік құлашын кең жаюда. Қазір республикада 6 мыңнан астам шаруа қожалықтары, олардың иелігінде 2 млн. гектар жер, 4,6 мың трактор, 2,2 мың жүк автомобильдері, 825 астық жинайтын комбайндар, 4 мыңнан астам себу және топырақ өңдеу техникалары бар. Бұған мыңдаған ауылшаруашылығы кооперативтерін, 1,2 мың кіші ауылшаруашылығы кәсіпорындарын қосыңыз. Үстіміздегі жылдың тек бірінші тоқсанында ғана шаруалар базарларда 23,7 мың центнер ет, 50 центнердей сүт, 148 мың дана жұмыртқа, 215 центнер жүн сатты.

Бұл жайынды не айтуға болады? Қалада да, селода да кәсіпкерлік топты ұлғайту ниеті байқалғаны айдан анық деп ойлаймын. Құқықтық базаның жасалуы, арнаулы мақсаттағы бірқатар жарлықтар жекешелендіру процестеріне адамдардың бойында жаңа психологияның — меншік иесі психологиясының қалыптасуына серпін берді. Мемлекеттік емес кәсіпорындардағы шаруашылық қызметтің нәтижелілігі мемлекеттік сектордағыдан едәуір жоғары екені көзге түсуде.

Сонымен қатар талдаулар мынаны көрсетіп беруде: кәсіпкерлік қызметті тежеп отырған бірсыпыра проблемалар бар. Мен шағын және орташа бизнесті дамытуға қырсығын тигізіп келе жатқан 4 айқындаманы айрықша бөліп көрсеткім келер еді.

Біріншіден. Бұл — бастапқы капиталдың жоқтығы және несие алудағы қиыншылықтар.

Екіншіден. Жер алумен, қозғалмайтын меншікті жалға алумен және сатып алумен байланысты қиыншылықтар.

Үшіншіден. Кәсіпорынды әрқилы төлемдердің, салықтардың және жарналардың елуден астам түрін төлеуге мәжбүр ететін қатаң салықтар ауыртпалығы.

Ақыр соңында, төртіншіден — объективті түрде нарықтық қатынастардың ең қиын саласында болып отырған шағын және орташа бизнесті ұйымдық-құқылық тұрғыдан қорғаудың пәрменді механизмінің жоқтығы.

Міне, осы және басқа кейбір себептер салдарынан көптеген кәсіпкерлер немесе көлеңкелі экономикаға «кетуге» немесе өзін банкрот деп жариялауға мәжбүр етуде. Қазақстанда тек өткен жылы ғана құрылған әрбір үшінші шағын кәсіпорын өзін-өзі таратты.

Ұсақ және орта кәсіпорындардың әзірге серпінді қорларының жоқ екендігін біз түсінеміз. Қосымша қорлар да жоқ. Ал табыс болса әлі қолайсыз. Бізде өзара кепілдіктің кәсіби қоғамы сияқты институттар да жоқ. Олардың негізгі мақсаты несие алуға кепілдік беру болып табылады. Сондықтан да несиелер мен қарыздар беруде мемлекет көмегі, былайша айтқанда, кәсіпкерлік қызметті қанықтырудың бірден-бір көзі.

Әрине, коммерциялық банктер де бар. Бірақ экономикалық тұрақсыздық жағдайында олар несие берудің мерзімін күрт қысқартып және берілген қарыздың пайыздарын өсіреді. Бұдан бәрінен бұрын кіші және орта кәсіпорындар, фермерлік шаруашылықтар зардап шегеді.

Екінші жағынан, мемлекеттік несиелер көбіне-көп тиімсіз пайдаланылатынына көзді жұма қарауға болмайды. Олар инфляциялық процестерді күшейтетін коммерциялық мақсаттарға жұмсалады. Сөйтіп, шешілмейтін түйінге айналады.

Туындаған жағдайдан қалай шығуға болады? Үкіметтің қаржы-несиені реттеу мәселелеріндегі стратегиясы мынада болар деп ойлаймын. Біздің кәсіпкерлікті дамытуға әрекетіміз, оның рационалды жүйелерін құру, макроэкономикалық сипат алатын, ал қабылданған шешімдер салық саясатымен, валюта курсымен және банк пайызымен бір жүйеге келтіруде тығыз байланыста болады.

Үкіметке ең қысқа мерзімде шағын бизнесті орта және ұзақ мерзімге несиелеу жүйесін құру міндеті тұр. Мұның Қазақстан үшін үлкен, тіпті, шешуші маңызы бар. Экономиканың қазіргі кезде қалыптасқан құрылымына мемлекеттік сектор үлесінің өте жоғары (80%-ға дейін) сипаты тән болып отыр. Бұл көрінеу қиғаштық, өйткені, нарықтық жүйелері дамыған елдерде мемлекеттік меншіктің үлесі, міндетті түрде 30-40%-дан аспайды. Демек, республикада мемлекеттік меншікті елеулі түрде ұжымдық меншік пен жеке меншікке айналдырудың нақты келешегі бар. Күш алып келе жатқан кәсіпкерліктен біз экономиканың мемлекеттік емес секторында жаңа құрылымдардың тездете құрылуын күтеміз.

Бұл тұрғыдан алғанда мемлекет тарапынан көмек беру қамтамасыз етіледі. Өздеріңіз білесіздер, Қазақстанда жекешелендіру қарқыны ТМД-ның басқа елдеріндегі ден қазірдің өзінде едәуір жоғары. Бірақ, нарықтық қатынастарды

қалыптастыру процесі неғұрлым тезірек жүрсе, біз жүргізіп отырған саясаттың әлеуметтік және экономикалық қырлары да соғұрлым айқынырақ көрінеді. Осыған байланысты еңбек ұжымдарына арналған құқықтық негіздегі «жұмсақ» режим туралы ойластырған өте маңызды. Экономикалық тұрақсыздық жағдайындағы «тұрпайы» жекешелендіру ерекше қауіпті. Сатылатын объектілердің бағасын мейлінше арттыруға тырысу сатып алу қарқынын бәсеңдетіп қана қоймайды, сонымен қатар бұдан былайғы жерде өнімнің сөзсіз қымбаттауына әкеліп соқтырады. Ал мұның өзі әлеуметтік шиеленістің тағы да бір айналымы қаупін туғызады. Екінші бір қауіп бізде жүріп жатқан жекешелендірудің өз ерекшелігіне байланысты. Қайта құрылатын объекті көбіне мемлекеттік монополияландырылған меншік болса, міне, осылай. Мен коммерциялық құрылымдардың басқару аппаратымен астасып кетуінің нақты қаупін айтып тұрмын. Мұның өзі ауыз жаласқан жемқор монополиялар құрылуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан кәсіпкерлік қызметке мемлекеттік басқару құрылымдары мен лауазымды адамдардың қатысуын шектеуді, заңдарды бұзғандық үшін қаржы әкімшілік және қылмысты жауапкершілік шараларын қолдануды көздейтін заң актілері мен бақылау органдарының бірыңғай жүйесін құрумен шұғыл түрде айналысу өте маңызды.

Кең көлемді жекешелендірудің тағы бір қыры — оның республика экономикасын Батыс Еуропа, Азия және Таяу Шығыс экономикалық кеңістігіне бірігуін алдын алып бағдарлау. Соңғы жылдың ішінде біздің қандай сыртқы саяси және дипломатиялық жұмыстар жүргізгендігімізді сіздер білесіздер. Оның барлық маңызы мынаған, егеменді Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа өркениетті кіруінің барынша қолайлы жағдайын қамтамасыз етуге келіп саяды. Басқа уақытта ондаған жылдар керек болатын нәтижелерге жету үшін бізге 1 жылдан астам ғана уақыт қажет болды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі болды, Батыста және Шығыста көптеген лайықты достар тапты. Ондаған жоғары дамыған елдермен және әлемнің жетекші фирмаларымен тиімді сауда-экономикалық келісімдер жасады.

Алдымызда біздің сыртқы саяси қадамдарымызды ішкі саясатпен үйлестіру міндеті тұр. Бұл ретте, атап айтқанда, шетелдік инвесторлар үшін баспа-бас жекешелендіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін барабар жекешелендіру түрі қолданылатын шетелдік капиталды салудың шекті мөлшері мен саласын анықтауымыз қажет. Бұл Батыс іскерлерін тартатын мұнай өндіру және ұқсату салаларында өте көкейкесті. Мұнда көпшілігінде жаңа техникалар мен технологиялар жеткізілімі түріндегі акционерлік қоғамдар құруға олардың қатысуы әбден мүмкін.

Жекешелендірумен байланысты маңызды мәселе — заңдар шығарудың базасы. Осы салаға арналған біздегі бар заңдар пакеті тым қарадүрсін, тіпті, белгілі бір мағынада жұпыны етіп жіберілген. Бізге өз тәжірибемізді де, сондай-ақ әлемдік тәжірибені де ескеретін анағұрлым дәл нормативтік механизмдер қажет. Түсініктірек айтсақ, республиканың құқықтық жүйесін дамыған елдердің заңдарына, әсіресе кәсіпкерлік пен инвестицияны экономикалық қорғау, салық саясаты және баға белгілеу мәселелерінде сол заңдарға өзінше бір бейімдеу қажет. Бұл бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде жүргізіліп жатыр, бірақ оны шарттармен, меншік құқығымен, монополистік қызметпен және банкроттықпен байланысты жаңа заңдарды енгізіп, мейлінше тездету қажет.

Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру процестерін реттейтін заңдар мен нормативтік актілерді сарапқа салып бағалау мәселелерінде практикалық көмек көрсетуі үшін Қазақстанда тұрақты жұмыс істеуге Еуропалық қоғамдастықтың атқару комитетінің, Бүкіл дүниежүзілік валюта қорының, Еуропа қайта құру және даму банкінің, жекешелендіруге және шетелдік инвестицияларға көмектесетін халықаралық қордың сарапшыларын тартқан пайдалы болады деп ойлаймын.

Таяуда ғана республикада Шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі ұлттық агенттік құрылды, ол Қазақстанның бірінші кезектегі қажеттеріне сай ірі экономикалық жобаларды іріктеп алу жөнінде мақсатты жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді деп сенеміз. Алайда, шетелдік кәсіпкерлер айрықша ынта білдіріп отырған шағын бизнеске инвестициялар тартумен шұғылданушылар әзірге жоқ. Бұл сала, былайша айтқанда, «иесіз» қалып келеді. Бос қуысты республиканың тек жеке меншікті бизнесі мен коммерциялық құрылымдары ғана толтыра алады, олар қысқа мерзім ішінде шетелдік инвесторлармен бірге күштерді жұмсайтын ортақ нүктелерді табуға, ішкі нарықты қажетті тауарлармен бірлесе отырып молықтыруға әбден қабілетті.

Шетелдік тәжірибе өндірістің дамуымен бірге кәсіпкерлер одағының рөлі де өзгеретіндігін көрсетеді. Салалық топтар арқылы жүздеген және мыңдаған кәсіпкерлік құрылымдарды біріктіруге қабілетті жалпыұлттық одақтар құрылады. Біздің республикамызда да біріктіру процесінің болуы сөзсіз. Және де жаңа одақ экономиканы мемлекеттік реттеуді маңызды құраушысы бола алады және болуға тиіс. Менің білуімше, Қазақстан кәсіпкерлері одақтары мен қауымдастықтары барлығы бірауыздан форум жұмысына қатысуға тілек білдірген. Ал оған, меніңше, тұрақты жұмыс атқаратын қоғамдық ұйым мәртебесін беру керек. Бұл жекелеген күштердің тек қана кәсіби, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан ғана емес, сәлден-ақ, әсіресе жол беруге болмайтын, ұлттық белгі бойынша қарама-қарсы тұрушылыққа іргені аулақ салуға тырысқан кезінде ерекше маңызды. Және де, өздерін демократиялық қозғалыс және партия деп атаушылар нарыққа қарсы шыға бастады. Бұл ретте олар оңшылдармен қабысуда. Мұндай қарама-қарсы тұрушылық зияннан басқа түк те бермейді. Ол әлемдік өркениетті дамудың даңғыл жолынан республиканы қияс әкетеді.

Кәсіпкерлер форумының үлкен болашағы бар деп ойлаймын. Ол шын мәнінде әртүрлі бағыттардағы мемлекеттік органдармен, мысалы, министрліктер мен ведомстволар жанындағы консультативтік кеңестерімен тығыз қызметтес болуға толық қабілетті. Бұл несие кеңесі, көлік жөніндегі, сауда және тағы басқа кеңестер болуы мүмкін. Осындай кеңестер жүйесі арқылы үкімет істің жайы туралы анық ақпараттар алып, қалыптасқан экономикалық жағдайға икемді назар аудара алар еді.

Таяуда Брюссельде мәжіліс өткізген «өндірісшілердің еуропалық «дөңгелек үстелі» басшылары ТМД елдеріндегі инвестиция мәселелері бойынша арнайы декларация қабылдады. Бұл декларацияда Батыс Еуропа индустриясының лидерлері ТМД-ға жеке қаржы құралдарын тарту жағдайын құру жөніндегі нақты ұсыныстар жасады. Шамасы, таяу уақытта қазақстандық кәсіпкерлер осы акцияның ізгілікті нәтижелерін сезінетін болар.

Мен сіздердің кәсіпкерлік форумдарыңыз аяғынан нық тұрып, экономикалық ынтымақтастықтың халықаралық деңгейіне шыға алатын кезі келетіндігіне сенемін.

Егер біз кәсіпкерлік қызметті көркейтуге мүмкіндік жасай алсақ, онда бұл, өз кезегінде, біздің жас, күш-қуаты мол егеменді мемлекетіміздің гүлденуінің негізі болады.

Мен біздің экономикамыздың негізгі тірегі — нағыз өндірушілерді қолдаймын және қолдай беретін боламын. Жоғарғы Кеңестің өтіп жатқан сессиясында өндіріске жағдай жасау үшін салық ставкасын өзгерту туралы ұсыныс талқыланып жатқандығын сіздер білесіздер. Бұдан басқа, Президент жанынан Кәсіпкерлік жөніндегі кеңес құрылған. Ол қажетті шешімдерді дайындау барысында сарапшылық орталық рөлін атқаратын болады.

Біз бірігіп әрбір адамға өзіндік таңдауы мен экономикалық өзін-өзі анықтауға әлеуметтік, ұлттық және саяси ықыластарын жүзеге асыру үшін тең мүмкіндік ашатын көп құрылысты нарықтық экономикасы бар қалыпты демократиялық қоғам орнатамыз. Бұл қоғам — заң, халықтың еркі және салауатты ақыл-ойы жоғары тұратын, іскерлер мен еңбексүйгіштер ең құрметті, ауқатты және бақытты азаматтары бар қоғам болады. Сол үшін де еңбек етіп және өмір сүрудің мәні бар.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің пленарлық отырысында сөйлеген сөзі

Финляндия Республикасы, Хельсинки қаласы, 1992 жылдың 9 шілдесі

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Осыдан 17 жыл бұрын, қатаң идеологиялық тайталас жағдайында жалпы еуропалық үдеріс дамуының берік негізін қалай алған Хельсинки форумына терең құрмет сезімімізді білдіруге рұқсат етіңіздер. Осы жылдардың бәрінде Финляндияның қонақжай астанасында қол қойылған Қорытынды акті жер шарының халықтары үшін бейбітшіліктің, әділеттілік пен ынтымақтастықтың нышанындай болды.

«Қырғи-қабақ тайталас» дәуіріне нүкте қойған соңғы жылдардың драмалық оқиғалары адамзатқа үшінші мың жылдықты сенім, достық және мейірбандық заманы ретінде ашудың тарихи мүмкіндігін сыйлады. Алайда, әлемдік қоғамдастықтың оны пайдалануы тіпті де оңай болмайды. Өйткені, ол үшін тоталитаризмнен кейінгі үдерістерді білікті басқара білу қажет. Ал, олар, кез келген күйреудің күйзелісіндей қауіпті ғана емес, көп ретте болжап болмайтындай қатерлі де.

«Темір шымылдықты» талқандай отырып, біз жауыздық пен күдіктің кезеңінен өткендей едік. Алайда, әлемді қазіргі таңда да қауіпсіз дей алмайтынымыз өкініштi. Өйткені жаһандық текетірестің орнына шағын ұшқыннан алапат өртке айналып кетуі мүмкін аймақтық жанжалдар келді.

Өзінің декорацияларын айтарлықтай ауыстыратын геосаяси сахна барша әлемдік қоғамдастықтың ықтиятты режиссурасын талап етеді. Ол демократия, өзара құрмет, адам құқығының асқақтығы, заңдылық пен құқық тәртібі сияқты жалпыға танылған құндылықтар жүйесіне неғұрлым көптеген мемлекеттерді тарту үшін керек.

Қазір біз Хельсинки үдерісінің аясын Еуропадан Азия құрлығына көшіре отырып, маңызды қадам жасаудамыз. Егер де бұрын осы мінберден тек Ванкуверден Владивостокқа дейінгі бірыңғай кеңістік туралы ғана әңгіме қозғалса, ендігі жерде ондай сөйлем құрылымына өмірдің өзі қажетті өзгерістер енгізуде. Ол әлемге деген көзқарас координаттары жүйесіне «Батыс-Шығыс» және «Солтүстік-Оңтүстік» біліктерін бір бүтін ретінде қосып отыр.

Және бұл бос футурологиялық тұжырымдама емес, нақты орындалатын мақсат. Ол Еуразия құрлығы мемлекеттерінің ізгі еркі мен бірлескен күш-жігерінің негізінде таяу болашақта іс жүзіне асуы мүмкін.

Бұл бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі көп салалы ынтымақтастықты кеңейтуге, саяси ахуалды тұрақтандыруға, аймақтық жанжалдарды болдырмау мен реттеуге бағытталған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) бола алар еді. Ашғабадта өткен мамыр кездесуіндегі Қазақстан бастамасын қазірдің өзінде Иран, Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан, Пәкстан және Өзбекстанның қолдап отырғаны белгілі.

ЕҚЫК-нің биік мінберінен мен біздің республиканың осынау үдерісті өрістету және нәтижесінде Алматыны Азияның Хельсинкиіне айналдыру жөніндегі саяси күш-жігерді өз мойнына алуға әзір екенін қуаттаймын.

Азиялық кірігудің табиғи-тарихи үдерістің құрамдас бөлігі екеніне мен сенімдімін. Тек, өкінішке қарай, батыстың бірқатар мемлекеттік қайраткерлері мен саясаттанушыларына шығыстың біріктіруші беталысы ислам фундаментализмінің кеңеюі ретінде көрінеді. Қасаң қисын вирусы тоталитарлық қана емес, демократиялық ортаға да жұғады екен. Ал, оны парасатты пайым терапиясының іс-әрекеті ғана емдей алмақ. Атап айтқанда, конфессиялық теке-тіректердің адамзатты сөзсіз тарихи құрдымға алып келетіні жөніндегі айқын ақиқатты түсінгенде ғана сауықтыруға болады.

Ол табысты жұмыс істеген жағдайда, АӨСШК діни факторға қарамастан, Азиядағы барлық ұлттық, аймақтық және халықаралық ұйымдарды ЕҚЫК үлгісіндегі бірыңғай құрылымға біріктіру үшін негіз бола алар еді.

Еуразия құрлығындағы өзара іс-қимылдың өркениетті, демократиялық және адамгершілік нысандарын ұйымдастырудағы келесі қадам ЕҚЫК пен Азиядағы сондай ұйымның тұрақты қарым-қатынасы болар еді. Олар бірлескен және жалпы үйлестіруші құрылымдардың бастамаларын іске асыруға көшер еді. Сөйтіп, таяудағы болашақта біз Еуразиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі бірыңғай кеңес құру туралы айта алар едік.

Әрине, тарих сан нұсқалы, ұсынылып отырған жоба әлем дамуының мүмкін баламаларының тек біреуі ғана. Алайда, ондай баламаның ақиқаттан алшақ емес екендігіне мен сенімдімін. Әрі оның іс жүзінде орындалуы «Солтүстік – Оңтүстік» желісі бойынша мүмкін болатын жаһандық теке-тіректердің алдын алып, әлемді тұрақты және неғұрлым болжалды етуге қабілетті болмақ.

Жалпы алғанда, қазіргі таңда алдын алу дипломатиясы қай кездегіден де мәнді бола түсуде. Сондықтан да мен БҰҰ бас хатшысы Б.Бутрос-Галидің тиісті бастамаларын қолдаймын. Олар ағымдағы онжылдықтың «ыстық» аймақтарының бірі болып табылатын Орталық Азия үшін де өзекті. Біздің ойымызша, Келісім мен төрелік жөніндегі жалпы еуропалық сот құру туралы ұсыныс та қолдауға лайық.

Алдын алу дипломатиясының тиімділігі әлемдік қоғамдастықтың барлық мүшелерінің ізгі еркіне, адамзат өркениетінің нәзіктігі мен біртұтастығын сезінуге, жанжалды оқиғаларды болдырмаудың нысандары мен тәсілдерінің алуан түрлілігіне, әлеуметтік-саяси тұрақтылықты нығайту ресурстарын ықтияттылықпен толыстыра түсуге негізделеді. Осынау үдерісте өзінің белсенді рөл атқару жөніндегі табандылығын дәлелдей отырып, Қазақстан өз аумағындағы Семей сынақ полигонын жауып, өзін ядролық қарусыз мемлекет деп жариялады. Сөйтіп 1968 жылғы Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қосылды және Стратегиялық шабуыл қаруын қысқарту жөніндегі шарттың тарабы ретінде өзіне тиісті міндеттемелер қабылдады.

Біздің саясатымыздың параметрлері демократиялық құқықтар мен бостандықты орнықтыру, ұлттық және діни қатыстылығына қарамастан, азаматтық теңдікті қатал сақтауға негізделген Қазақстандағы жағдайдың тұрақтылығынан көрініс тапқан. Мұндай жағдайды біз жалпыға ортақ қауіпсіздік пен тұрақтылықтың кірігу элементі ретінде қарастырамыз.

Жоғары деңгейлі форумға қатысушыларға айтарлықтай бөлігі адам нанғысыз коммунистік эксперименттерде жойылған қазақ халқы демократияның құнын артығымен төлеген деп еш боямасыз айта аламын. Қазақстан, республиканың байлығы мен өсіп-өркендеуін қамтамасыз ете алатын бірегей табиғи ресурстар

қоры бола тұра, империялық орталықтың шикізаттық тіркемесіне, ізгілікке қарсы сынақ полигонына айналды.

Біз бүгін әлемдік өркениеттен өзіміздің лайықты орнымызды алуға деген талпынысымызға сергек үн қатқандары үшін әлемдік қоғамдастыққа шын жүректі алғысымызды білдіреміз. Қазақстан Республикасы күн өткен сайын саяси тұрғыдан таныла түсуде. Оның беделі іскерлік ынтымақтастық саласында да артып келеді. Батыс компанияларының ТМД-дағы ең ірі инвестициялары Қазақстанға берілуде.

Аса бай мұнай-газ кен орындарын беруге байланысты «Chevron Corporation», «British Gas» және «Agip KCO» сияқты әлемге әйгілі фирмалармен кең көлемді келісімшарттарымыз соның дәлелі.

Қазақстанның бірегей геосаяси жағдайы Еуропа мен Азияның арасындағы ауқымды аймақтағы тұрақтылықты сақтау тұрғысындағы айрықша жауапкершілікті артатынын да біз толық түсінеміз. Осы пайымдауларды басшылыққа ала отырып, Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қол қоюдың бастамашыларының бірі ретінде көрінді. Осы орайда, бұл Шарттық қандай да бір әскери-саяси блокқа немесе жекелеген мемлекеттерге қарсы бағытталмағанын және тек қана қорғаныстық сипатта екенін атап өтпекпін. Бұл ретте біз кез келген бірлестіктің тайталасқа қарсы тұратынын да естен шығармаймыз. Қазақстан қашан да ТМД-ның топтасуын жақтайды. Ендігі жерде, ЕҚЫК мүшесі ретінде біз бұл қоғамдастықтың да құрамында сондай рөл атқаруға әзірміз.

Алдын алу дипломатиясы, ешқандай күмәнсіз, экология саласын да қамтуға тиіс. Осыған орай, біз Семей және Арал аймағы аудандарындағы мүшкіл де апатты жағдайларға айрықша көңіл бөлуге шақырамыз.

Қазақстан аумағында, Семей қаласына жақын жерде тоталитарлық құбыжық 40 жыл бойына жүргізген 470 ядролық, соның ішінде — 25 жер үстіндегі және 87 әуедегі жарылыстар шын мәніндегі қайғылы зардаптарға соқтырды. Сол аранның тексеруден өткен тұрғандарының 75% 1949–1963 жылдарда 50 бэрге дейінгі мөлшердегі радиация алған. Қазір де жаңа туған балалар ауыр зардап шегуде. Әрі бұл жауыздық сынақтардың қасіретін болашақ қанша ұрпақтың сезінетіні белгісіз.

Барша өркениетті әлемді Арал апаты дүр сілкіндірді. Соңғы 20 жылда өңір тұрғындарының өлім-жітімі 2 есеге артты, ал балалардың өлімі мың жаңа туғандарға шаққанда 60-ты құрап отыр. Аралдың деңгейі 15 метрге төмендеп кетті. Су көлемі 67%-ға кеміді. Проблема шын мәніндегі ғаламшарлық сипат алды. Өйткені экология мемлекеттікке де, шекараға да қарамайды. Сондықтан да Арал проблемасын БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының сессиясында қарау туралы республика бастамашылығын қолдауларыңызды сұраймыз.

Қорытындылай келе, мемлекет және үкімет басшыларының Хельсинкидегі осы басқосуы халықаралық қатынастар тарихындағы сапалық жаңа кезеңді бастап берді деу асыра айтқандық емес екенін атап өтпекпін.

Бүгінгі тарихи саммитке қатысушылардың атынан өкілдері осында қатысып отырған барлық мемлекеттердің халықтарына игілік пен өсіп-өркендеу тілегім келеді.

Қазақстан өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлері одағының I съезінде сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1992 жылдың 14 қыркүйегі

Құрметті съезге қатысушылар мен қонақтар!

Өнеркәсіп пен кәсіпкерлік «капитандарының» съезін құттықтап тұрғаныма қуаныштымын. Бүгінде Қазақстандағы реформаның тағдыры тап осы сіздердің ұйымшылдықтарыңызға, іс-әрекеттеріңіз бен белсенділіктеріңізге байланысты десем, мұным асыра айтқандық емес шығар деп ойлаймын.

Соңғы 1–2 жылда экономикалық реформаның пәрмеңділігін арттыру, нақты қалыптасып отырған жағдай ескеріле отырып, оның жекелеген жағдайларын пысықтау жөнінде бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылды.

Алайда нарықтық экономикаға көшудегі жалпы стратегиялық бағытты сақтау кезінде реформаларды жүзеге асырудың тактикасы мен әдістеріне бұрынғыдан да елеулі түзетулер қажет. Алғашқы кезеңнің барысында кейде объективті жағдайларға, кейде жіберілген кемшіліктерге орай проблемалар мен қиыншылықтардың туындауына қарамастан, экономикалық және әлеуметтік саладағы терең өзгерістердің болып жатқаны айқын. Шаруашылық өмірге араласушылар енді жаңа жағдайда өз орнын өздері іздеп, туындаған мәселелерді өздері шешуі тиіс. Мысалы, материалдық-техникалық ресурстардың шамадан тыс мөлшері пайда болды. Нарықтық қатынастардың бір көрінісі дегеніміз осы.

Республикада жоғарғы атқару-өкімдік орган болып табылатын Министрлер кабинеті туындап және шиеленісіп келе жатқан проблемаларды сырттай бақылаушы емес, қайта толық күш-жігермен оларды шешу жолында жұмыс істеп келеді.

Үкіметтің өзінің тұтас бағдарламасы жоқ дейтін пайымдаулармен келіспеймін. Ел Жоғарғы Кеңесінің «Қазақ КСР-нің экономикасын тұрақтандыру және нарыққа көшіру бағдарламасын», «Қазақ КСР Министрлер кабинеті мен Халық депутаттары облыстық кеңестерінің республика экономикасын дағдарыстан шығару және оны одан әрі тұрақтандыру жөніндегі бағдарламасын» қабылдағанын сіздердің барлығыңыз да жақсы білесіздер. Оларды жүзеге асыру жөнінде белгілі бір жұмыстар атқарылды.

Бірақ олар негізінен КСРО мен біртұтас экономикалық кеңістік бар кезде қабылданған болатын. Қазір жағдай күрт өзгерді. Тәуелсіз мемлекеттер пайда болып, бытыраңқылық процесі жалғасуда. Экономикалық және әлеуметтік мәселелерді өз бетінше шешуге ұмтылыс байқалуда. Осының бәрінің нәтижесінде көп жылдар бойғы шаруашылық байланыстың үзілуі, өндірістің жедел құлдырауы, бұрынғы барлық одақтас республикаларда инфляцияның күрт өсуі орын алып отыр. Экономикадағы өркениетті қарым-қатынастардың орнына өктемдік сарыны белең алуда, әрі кеткенде баспа-бас келісімдерден аспауда.

ТМД субъектілерінің экономика саясатындағы іс-қимылдары іс жүзінде үйлестірілмей отыр. Бүгінгі таңда бұл бағытта атқарылып жатқан істер, ең алдымен, нарықтық өзгерістерге адалдығын немесе экономикалық дағдарыстан шығуды жақтайтынын сөз жүзінде ғана білдіру. Мұның бәрі халық шаруашылығын

сом аймағында тұрақтандыру жөніндегі нақты қадамдармен нығайтылмай отыр. Экономикалық ұтымдылық саяси шамшылдықтың құрбанына айналуда.

ТМД елдері арасындағы 1991 жылдың желтоқсанында жасалған барлық уағдаластықтар 1992 жылғы қаңтар айында-ақ бүркемеленіп қалды.

Қазіргі сомды түпкілікті құлдырату орын алып отыр. Бұл проблема бұрынғы одақпен бірге КСРО-ның Мемлекеттік банкі де бірге жойылып, ТМД-ға мүше елдер Достастықтың не орталық банкін, не банкаралық одағын құру жөнінде ешқандай шешім қабылдамауымен де ушығып отыр. Осының нәтижесінде заңдық және экономикалық қисынсыз жағдай пайда болды: Ресей 14 тәуелсіз мемлекетті өз валютасымен қамтамасыз етеді де оларға қолма-қол ақша бергені үшін өз шартын таңады. Осының өзінде тек экономикалық соғысқа әкеліп соғатын шиеленісті жағдай жатыр. Біз қазірдің өзінде мұның еріксіз куәсі ғана емес, және құрбаны да болып отырмыз.

Мен әрдайым барлық мемлекеттердің мүддесі үшін сом аймағы көлемінде мемлекетаралық экономикалық кеңес құруды жақтап келдім және жақтай берем. Оған өздерінің валюталары бар республикаларды да енгізуді де ескерген жөн. Мұндай бірлесудің негізіне тауарлардың, капиталдың, жұмыс күші мен қызмет көрсетудің еркін қозғалу принциптері алынуға тиіс. Қаржы, ақша-несие, салық, баға саясатын, әлеуметтік саясатты келісе отырып жүргізу маңызды. Көпукладты экономиканы дамыту қажет.

Өзара уағдаластық негізінде экономикалық ұлттық және мемлекеттен тыс үйлестіру институттарын құру қажет. Жеке мемлекеттер тарапынан өзгелердің мүддесіне зиянды, біржақты шаралардың қабылдануына жол бермейтін мемлекеттер арасындағы өзара іс қимылдық басқару жүйесі қызметін реттеу мен бақылаудың жалпы принциптері талдап жасалуы тиіс. Бішкекте өтетін мемлекеттер мен үкімет басшыларының кездесуіне біздің енгізіп отырған ұсыныстарымыздың мәні осында. Егер бұл қабылданса, жағдай айқындала түседі. Онда ТМД сом аймағында қалатын және одан шығатын мемлекеттерге бөлінуі тиіс. Қазақстан алғашқылардың қатарында қалмақ.

Біздің республикамыз өзінің егемендігі мен тәуелсіздігін басқалардан кем қадірлемейді. Сондықтан бұрынғы Одақтың және оның құрылымдарын қалпына келтіру туралы сөз болуы тіпті мүмкін емес. Әңгіме конференция туралы да болып отырған жоқ, мен бәрімізді экономикалық дағдарыстан шығаруға көмектесе алатын нақты саясат туралы айтып отырмын. Бір-бірімізге көмектесе отырып, бәріміз өркениетті әлемдегі, нақты айтқанда Батыс Еуропадағы сияқты әрекет етуіміз керек. Қалыпты жұмыс істейтін мықты экономика болмайынша нағыз егеменділік болмайды.

Мен реалист ретінде, біздің енді егеменді мемлекеттерде өмір сүріп жатқанымызды ескеремін. Мәселе олардың қалыптасуының прогресшіл процесінің ең болмаса өтпелі кезеңде ойластырылмаған ыдырауға ұласып кетпеуі жөнінде болып отыр. Мұның өзі пайда болған қайшылықтарды жұмсартуға ықпал ететіндігіне сенімдімін. Олай болмаған жағдайда, өндірістік сияқты, тұтыну тауарларының да жетіспеушілігінен мемлекетаралық қана емес, мемлекеттің ішіндегі жанжалдар да одан әрі ширығып кетуі мүмкін. Ең ақырында, біз әзірге реформалардың оң нәтижелерін күтуін жалғастырып жүрген миллиондаған жандардың үміттерін алдауымыз мүмкін.

Осы жағдайларды ескерген менің тапсырмам бойынша, республика үкіметі таяудағы 3 жылға арналған экономикалық реформаны тереңдету бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмысты аяқтап келеді.

Негізгі міндет, үкіметтің экономикалық саясатының тактикалық жоспарын айқындауда болып отыр. Ол елдердің экономикалық ағзасындағы қалыпты қан айналысын қамтамасыз етіп, қоғамда әдеттегі адал еңбекке ынтаны өркендетеді. Жалпы, мұндай саясат жария баспасөзде мен баяндап берген стратегиялық бағыттан туындайды. Бұл қазіргі уақытта қолдануға болады деп есептелетін іс-әрекеттер ауқымында жатыр. Мәселе қаржылық тұрақтандырумен қатар өндіріс пен тұтынудың төмендеуін тоқтату, тұтыну кешені салаларындағы дағдарыстық құбылыстарды жою туралы болып отыр.

Менің пайымдауымша, бағдарлама мына қағидаттарға негізделуі тиіс:

1) жаңа шаруашылық жүйесіне көшу шын мәнісінде жүйелік сипатқа ие болуға тиіс. Қаржы тепе-теңдігінің басымдылығы кезінде өмір сүруге қабілетті кәсіпорындардың қызметіне кепілдікті қамтамасыз ету үшін экономикалық тұтқалар арқылы басқарусыз кеткен бағаның өсуін тоқтату, сомдық аймақ шеңберінде қалатын мемлекеттермен сомның өтімділігін қамтамасыз етудің нақты шараларын қабылдау қажет;

2) қазіргі нарықтық экономиканы құру кезеңінде халық шаруашылығын айқын басқаруды қалпына келтіре отырып, қысқа мерзім ішінде жүйелік инвестициялық және конверсиялық саясатты талдап жасап, оны кезең-кезеңімен жүзеге асырып, шетелдік инвестицияларға барынша қолдау жасауды қамтамасыз ету керек;

3) экономикалық реформаны жүзеге асыру жөніндегі барлық қызмет кәсіпорынның жұмысын, кәсіпкерлікті дамытуды барынша жандандыруға бағытталуы тиіс. Кәсіпкерліктің негізгі түрлері биржа ісі мен делдалдық қызмет болып, ал өндірістің өзі мен инвестиция екінші қатарға ығысқан реформаның бастапқы кезеңінде жіберілген қиғаштықтар жойылуы тиіс. Бағаны ырықтандыруды жекешелендірудің шапшаң процесімен толықтыру қажет;

4) еңбекшілердің қалың көпшілігінің кедейленуіне жол бермеу үшін халықты әлеуметтік қорғау жөнінде кешенді шаралар енгізу талап етіліп отыр;

5) экономикалық саясаттың тактикалық шараларын жүргізу кезінде халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдардың ұсыныстарын ескеру қажет.

Реформаны түзетудің осындай қисыны қаржы жағдайын тұрақтандыруға және бір мезгілде жүйелік өзгеріс процесін әлеуметтік нарықтық шаруашылық бағытына қарай өзгертуді шапшаңдатуда қолайлы ортаны туғызады. Таяу уақытта үкімет осы бағытта кешенді шаралар жасауды аяқтайды.

Экономикалық дағдарыстан шығу кезеңінде күшті үкімет, күшті атқару билігі болу керек. Ол азаматтарды мемлекет заңдарына бағынуды қамтамасыз етуге тиіс. Шынайы демократия институттары осындай бола алады және болуға тиіс. Мұны экономикалық және саяси жағдайдың өзі де талап етіп отыр. Мұны соғыстан кейінгі кезеңде нарықтық экономиканы құрған басқа елдердің тәжірибесі де айқындап отыр. Сонымен бірге нарықтық күштердің еркін қызметіне, кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттің тікелей араласуын тоқтатуға деген жалпы бағыт сақталады. Үкімет көбіне экономикалық тәсілдермен жүзеге асырылатын реттеуші рөлге көшуі тиіс.

Осы жылдың басынан бері, қалыптасқан тарихи жағдайларға байланысты, республика үкіметі Ресей таңған ойын ережелеріне ілесуге мәжбүр болды. Мәселе

мынада еді: екі елдің үкіметі де экономиканы ырықтандыру мен ақша-қаражат жүйесін тұрақтандыруды бір мезгілде жүзеге асыруға күш салды. Өткен 8 айдың тәжірибесі белгілі бір қысқа мерзімнің ішінде мұның мүмкін емес екендігін әрі жол беруге болмайтындығын көрсетті. Қабырғасынан тұрған мәселе объективтік факторлардың, Қазақстан дамуының өзіндік жағдайларының бұл міндеттерді қандай реттілікпен және қандай мерзімдерде шешуге қаншалықты мүмкіндік беруінде еді. Қалыптасқан жағдаймен санаспау, проблеманы атүсті шешуге ұмтылу мемлекетімізді үлкен қатерге тігу болып шығатын. Өзге елдердегі тұрақтандырушы бағдарламаларды жүзеге асыру тәжірибесіне иек арту, әлдебір баршаға ортақ, бұрын пайдаланылып көрілген схема бойынша әрекет етуге талпыну өзін жеткілікті дәрежеде ақтамайтындығын айта кеткен жөн ғой деймін. Ол елдердегі экономика өздерінің бастапқы қалпында нарықты болды немесе ең болмағанда біздегідей осыншама терең ырықтандыру мен демократияландыруды талап етпеді.

Тіпті, ең дамыған социалистік ел ГДР-дың өзіне оны реформалау үшін ГФР 1 жылда 100 млрд. марка салды, екінші жылы 200 млрд. марка көлемінде шығын жұмсалады деп күтілуде.

Экономиканы қалыптастыру жолындағы бұдан арғы өзгерістердің негізгі бағыттары мынадай болуға тиіс:

- экономиканы ырықтандыру, баға белгілеу кезінде әкімшілік шектеулерді алу, тауар өндірушілер, қызмет көрсетушілер мен тұтынушылар арасындағы, сыртқы экономикалық қызметті жандандыру, ресурстарды төрешілдікпен бөлу жүйесін тікелей сауда жасаумен алмастыру;
- салық төлеушілердің байлығын көтермелеу есебінен бюджеттік түсімнің өсуіне негізделген бюджетті серпінді түрде тұрақтандыру, экономиканы сауықтыру, инвестициялық қызметті жандандыру;
- Ұлттық мемлекеттік банктің қызметін, несие-ақша саясатын ретке келтіру мақсатында оның үкіметпен, коммерциялық банктермен өзара қарым-қатынасын түбірімен қайта құру;
- жекешелендіру және коммерцияландыру, кәсіпкерлікті және бәсекелестікті дамыту, экономиканы ырықтандыру үшін нарықтық инфрақұрылым мен басқа жағдайларды жасау;
- экономиканың индустриалдық негізінің толық ыдырауына жол бермеуге бағытталған экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру, тұтыну секторын шапшаң дамыту қорғаныс және азаматтық технологияны терең біріктіру негізінде конверсиялау;
- еңбекке жарамды халыққа кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз ету, қоғамның ең осал жіктерін қорғау, кәсіподақтар, кәсіпкерлер мен мемлекеттік жүйелердің мүдделерін үйлестіру жөнінде белсенді әлеуметтік саясат жүргізу.

Бұл бағыттарды бір-бірінен бөліп алуға болмайды. Дегенмен, олардың белгілі біреулерін жүзеге асырудың әрбір кезеңінде өзінің табиғи қарқыны, әртүрлі мерзімі мен өзара байланысты себептері болады. Осы негізде үкіметтің экономикалық саясатының басымдылығын алмастыру көзделіп отыр.

Экономиканы ырықтандыру мен қаржы тұрақтылығы экономикадағы институттық өзгерістер мен құрылымдық қайта құрудың одан арғы қажетті шарттары болып табылады. Бұл салада бірқатар шаралар қазірдің өзінде жүзеге асырылды. Дегенмен олар айтарлықтай дәйекті әрі байсалды болған жоқ. Бұл процеске

барынша жүйелік сипат беру үшін бағдарламада мынадай тиісті механизмдер көзделген.

Егер экономикалық реформаны жүзеге асыруда табысқа жетуді ойласақ, жаңа ұйымдасқан күшіміз болуы керек. Біздің осындай өзгерістерді жасауға қабілетті шаруашылық әлеуметтік, саяси қатынастардың жүйелі үлгісіне тұрақты негіз ретінде сүйене алуымыз керек.

Мұндай күштердің пайда болуын Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер одағының құрылуымен байланыстырамын.

Сіздердің қолдарыңызда экономиканың мемлекеттік, сондай-ақ жеке секторындағы барлық өндірістік қуаттарды нақты басқару ісі шоғырланған. Өздеріне жұмыс беруші ретінде болып отырған адамдардың хал-ахуалы, көңіл-күйі, тағдыры олардың іс-қимылына тәуелді болады. Және де бұл оларды шын әлеуметтік күшке айналдырады. Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің сыртында көп мыңдаған еңбек ұжымдары тұр. Ал біз реформаны солардың игілігі, жақсы тұрмысы үшін жасап жатырмыз. Қоғамдық ұйымдар да солардан тұрады. Және бұл экономиканың жаңа капитандарын қуатты саяси күшке айналдырып отыр.

Саяси тұрақтылық, ұлтаралық татулық, келісім мен сенім болмайынша біз ешқандай бағдарламаны жүзеге асыра алмаймыз. Қазақстан халқының бірлігі біртұтас Отанымыздың бір туы астында болуы керек. Әркімнің еңбегі өзінің әл-ауқатын жақсарту мен біртұтас мемлекетіміздің гүлденуіне жұмсалса, табыс кілті осында болмақ. Ал жаңа одақ та, әлбетте, осыған ықпал ететін болады.

Мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде сіздердің съездеріңіздің жұмысына ықыласпен қатысып отырмын және Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер одағының іс жүзінде қалыптасуына, оның бар қуатымен жұмыс істеп кетуіне, оның өзінің осы басты міндетін орындауына аса мүдделімін.

Одақтың ірі істерінің бірі үкімет бағдарламасын мұқият сараптауға белсене қатысу болып табыларына сенім білдіремін. Бағдарламадағы макроэкономикалық талдамаларда республиканың нақты ерекшеліктерінің, микро деңгейдегі басқарудың күнделікті практикасында іскер адамдар кездесіп отырған проблемалар мен қиыншылықтардың қаншалықты ескерілгенін сараптағаны жөн. Оның әрбір тарауында толғағы жеткен проблемаларды шешудің және жалпы мақсатқа жетудің жолдары мен механизмдері айқын көрінуге тиіс. Бағдарлама жаңа заң актілерінің тұтас пакетімен нығайтыла түседі. Сол сияқты қолданылып жүрген заңдарды елеулі түрде қайта қарап, нақтылай түсу қажет. Құрылатын одақ экономикалық реформаның құқықтық негізін жасау және жетілдіру жөнінде орасан зор және маңызды жұмысқа белсене қатысуы керек. Мұнсыз заңдар республика экономикасының жағдайына өте кері әсер етіп отырған көптеген сүреңсіздіктерден арыла алмайды.

Одақтың белсене қатысатын тағы бір саласы — акциялау, құнды қағаздар нарық құрумен бірге, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру болып табылады. Оның мүшелері өздерінің жеке ұйымдарында жекешелендіру шараларын тиімді және үлгілі түрде жүргізіп, басқаларға әліне қарай көмек көрсетуге тиіс. Бұл орындағы басты мәселе — жекешелендіру шараларына қатысты қоғамда мүдделілік пен ізгі ниеттілікті туғызып, Қазақстанда қазіргі заманғы өркениетті нарықтық экономиканың басты тірегі және қозғаушы күші болып табылатын меншік иелерін, орта тап өкілдерін тұрақты қалыптастыруға және оның нығая беруіне қамқорлық жасау. Ал бұл шын мәнінде бүкіл халық деген сөз. Міне, сондықтан жекешелендіру

процесі әуел бастан әділеттілік принциптеріне негізделуі тиіс. Оның бастауында барлық азаматтарға бірдей мүмкіншілік беру керек, ал қалғандары олардың өздеріне, қабілеттеріне байланысты.

Халықты нарыққа қазірдің өзінде белсенді түрде дайындау керек. Бұл орайда шамасы келмейтіндерге, тіпті, кәсіпкер болғысы келмейтіндерге де қамқорлық жасау керек. Мемлекетте әруақытта ғалымдар да, мұғалімдер де, жалдамалы жұмысшылар да, жауынгерлер де болған және болады да. Олар өздерінің материалдық әлауқатының қажетті деңгейін қамтамасыз етуі үшін еріксіз сауда-саттыққа салынбай, өз істерін сапалы атқарулары тиіс. Сөйтіп, қоғамда азаматтардың жинап-тергендерін жинақтап, олардың атынан солардың пайдасына бизнес жасайтын нарықтық құрылымдар пайда болуы тиіс. Бұл жөнінде Семей қаласында құрылған — жарнашылары халыққа білім беру саласының қызметкерлері болып табылатын — траст компаниясының тәжірибесі қызғылықты. Олар бұл компанияға өз қаржыларын сеніп тапсырған, ал ол мұны айналымға жібереді. Сөйтіп, жиналған қаражатты басқа компанияның акцияларын алуға жұмсайды. Жарнашылар, осылайша, өздерінің кәсіби істерімен сенімді түрде айналысуға мүмкіндік алады, олардың материалдық мүдделері қорғалатынын және жарылқаушы мемлекет емес, қайта өздерінің бақылауында болатын дербес нарықтық құрылым екенін біледі.

Маған бір Одақта мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпкерлердің басшылары сияқты әртүрлі топтар бастарының бірігуі идеясының өзіне күмәндана баға берумен ұшырасуға тура келген. Ат пен дегбірсізденген бұғыны шағылыстырмақ деген сияқты (олардың қайсысы ат, ал қайсысы бұғы екенін анықтап жатпай-ақ қояйық). Меніңше, мұндай күмәнның жөні жоқ. Өйткені, нарықтық жағдай барған сайын кімді болса да бірдей жағдайға қоюда. Ал олардың алдында туындайтын проблемалар барған сайын бірізді сипатқа ие болып отыр. Осы съезге қатысушы Семей облысы өнеркәсіпшілерінің 11-нің 10-ы акционерлік қоғамға кіргені де тегін емес. Осыдан 2 апта бұрын ғана, одақтың құрылтай конференциясы кезінде Каспий маңы кен-металлургия комбинаты мемлекеттік еді, ал қазір ол — кәсіпкерлік құрылым. Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер мақсаттарының үйлеспейтіндігін үнемі сылтау ете бермей, тәжірибе туғызған жаңа формаларды одан әрі пайдалану керек. Әрине, қолда бар, жинақталып, жасалған дүниенің бәрін беталды қирата бермей, қолда бар потенциалды ұқсата білу қажет.

Мен ең тосын және батыл деген жобаларды қарауға және қолдауға әзірмін. Ең бастысы, олардың нәтижелері жағдайды айтарлықтай жақсарту, экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешу, басқару сапасын жақсарту болсын. Мұндай жобалар жаңа шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік укладтың нышандарын белгілер еді.

Бұл ретте, атап айтқанда, ұсынылып отырған өнеркәсіпті ошақтық жетілдіру идеясын жұмыс тұжырымдамасына дейін жеткізу жөн болмақ. Осыған сәйкес шаруашылық-экономикалық механизмді бүкіл аумаққа бірден және тұтас көшірмей, бастау алаңы, ошақ негізінде көшіру керек. Ол қалыптасып жатқан нарықтық қатынастардың авангарды, өнеге алуға үлгі немесе қателіктерді зерттеудің мысалы бола алар еді. Осындай ошақтардың ішінде өнеркәсіпті жетілдіріп, ішкі коммерциялық және шетелдік капиталды тартуға әрі шоғырландыруға болады.

Әсіресе қомақты шетелдік капиталды тартудың түрі мен механизмдері туралы мәселе аса маңызды. Онсыз жетілдіру жоспары жүзеге аса қояры дүдәмал.

Мұнда да барлығы іскер адамдардың іскерлігіне байланысты. Мұндай проблемаларды шешудің қиындығы елдің бәріне түсінікті. Егер капиталды тартудың түрлері мен жолдарын олар таппаса, оны басқа біреудің істей қоюы неғайбыл. Нарықтық жағдайларға бейімделген өнеркәсіп өндірісін ұйымдастырудың жаңа нысандары жобаларының идеяларын, технологиялық және инфрақұрылымдық инновацияларды ұсыныңыздар. Сіздер үшін мұны ешкім жасамайды. Егер біздер мен сіздердің басымыз және іскерлік шалымдылығымыз жетсе, онда біз батыл, бірақ реалистік жобаларымыз бен бағдарламаларымыз арқылы шетел капиталын теңқұқылы, өзара тиімді шарттар бойынша Қазақстан экономикасына тарта аламыз.

Қызықты жобалар болса — инвестиция да болады. Ал сонда еркін демократиялық мемлекеттің тірегі — отандық нағыз жекеменшік иелері де шығады.

Одақ, сөз жоқ, үкіметтік идеялар мен іс-қимылдарға баламалы болуға қабілетті, бірақ оған қарсы емес, баламалы болуға тиіс. Өйткені, барлық істе және әрқашанда салиқалы ой салтанат құрып, қоғамның дамуы мен гүлдену идеясы басым түсуі керек.

Екінші жағынан нарықтық экономиканың негізгі қозғаушы күші — жекеменшікке және бәсекеге негізделген кәсіпкерлік пен шаруашылық себептер — әзірге толық дамымай отыр. Экономикалық өсу міндетін өзіне алу үшін әдеттегі нұсқаулы басқару ынтасынан айырылған мемлекеттік кәсіпорындардың белсенділігіне де сүйенуге болмайды. Бұл жағдайда үкіметтің экономикалық саясаты ең аз мөлшердегі өндірісті және жұмыспен қамтуды қолдауға, сондай-ақ болашақта экономикалық өсудің негізі болуға қабілетті келешегі бар өндірістерді таңдап алып ынталандыруға шоғырланатын болады.

Жаңа одақ экономикалық реформаны дәйекті және ширақ жүзеге асыруға нақты үлес қосатынына, экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын айқындауда өзіндік ерекше мүддесі бар кәсіпкерлердің әлеуметтік жік ретінде топтасуына көмектесетініне сенемін.

Дүниежүзі қазақтарының I құрылтайында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1992 жылдың 30 қыркүйегі

Қадірменді қауым!
Алыстан келген ағайын!
Ардақты отандастар!

Бүгінгі күн — ерекше күн. Орта толды деген осы. Дәл осынау сәтте өзін қазақпын деп сезінетін әрбір адам жүрегі лүпілдеп, атамекеніне, тәуелсіз Қазақстанның астанасы Алматыға көз тігуде. Өйткені, мұнда дүниежүзінің түкпір-түкпіріндегі исі қазақ атаулының өкілдері түңғыш рет бастарын қосып, алқалы жиын, салтанатты мәжіліс — Құрылтайға жиналып отыр. Күні кеше ғана мұндай болады деген ой көбіміздің қиялымызға да кірмеген шығар. Енді, міне, аңсаған арманның тағы біріне қол жеткіздік. Сан ғасырға созылған отаршылдықтың бұғауынан босанып, тәуелсіздік алса да, қысқа мерзім ішінде бүкіл айдай әлем түгел мойындап, абыройы асып үлгірген Қазақстан жұртшылығы сіздерді, ардақты ағайын, туған жерде құшақ жая қарсы алып жатқанын өздеріңіз көріп отырсыздар.

Мен республика Президенті ретінде бәріңізді Дүниежүзі қазақтары Құрылтайының салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға: «Туған жерге қош келдіңіздер!» — деймін.

Төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен қарлығаштай ұшып келген көңілдеріңіз үшін, қайда жүрсеңіздер де атамекен мен атажұртқа деген сағыныш пен сүйіспеншілікке толы перзенттік пейілдеріңізді сақтағандарыңыз үшін ризашылық білдіреміз. Сіздер арқылы бүкіл әлемдегі қазақ бауырларымызға ыстық сәлемімізді жолдаймыз! Жер бетіндегі бар шаңырағымыздың бәрінің де бақыты асып, ырыздығы тасысын дейміз.

Ардақты ағайын!

Осындай жүрек толқытар салтанатты сәтте, тарих шежіресіне енетін ерекше күнде біз өткеніміз бен бүгінімізге, ертеңгі болашағымызға ойша көз жіберіп, барымыз бен жоғымызды, тапқанымыз бен жоғалтқанымызды көңіл таразысына салғанымыз орынды болатын сияқты.

Қазақ халқы — тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей, өзегін ғасырлар тереңіне тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Оның тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі Қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды. Хандықтың құрылуы бір басқа, халықтың қалыптасуы бір басқа. Бүгінгі қазақ халқы сонау есте жоқ ескі замандардағы тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған халық. Бұл — ескіден қалған көне жәдігерлер, сақ заманының куәгері «Алтын киімді адамның» алтын тостағанындағы және Түрік қағанатының тарихын танытқан Орхон-Енисей мен Талас жазбалары дәлелдеген шындық.

Өздеріңіз білесіздер, кейіннен біздің халқымыздың құрамына кірген тайпалық одақтар Ұлы Түрік қағанаты, Түргеш, Қарлұқ, Қимақ, Қарахандықтар

мемлекеттерінің негізін қалаушылар қатарында болған, Азияның алып даласындағы небір жойқын оқиғалардың, қанқасап күрестің ортасында жүрген, қай дәуірде де азаттышыл рухымен, туған жерді алабөтен қадірлейтін отаншылдығымен ерекшеленген. Біз өз халқымыздың әлемдік өркениетке хал-қадірінше үлес қосқанын орынды мақтан етуге құқылымыз. Әл-Фараби, Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр секілді Шығыстың даналары осы даланың перзенттері. Кейінгі бірер ғасырдың өзінде халқымыздан Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов сынды әлемдік ауқымдағы кемеңгер ойшылдар, ұлы суретkерлер шықты.

Біздер талай-талай оқиғалардың куәсі болған асқар таулар мен ұланғайыр даланың түлегіміз. Бұл — біздің сан буын бабаларымыздың кір жуып, кіндік кескен жері, көлжазира өңіріміз, атадан қалған байтақ мұрамыз, баға жетпес байлығымыз, алтын босағамыз. Бұл өлкенің айдарынан жел есіп, байрағы талай желбіреп, азат мемлекет болғаны да белгілі. Бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп, басымызға қона қалмағанының, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны төгіліп, жаны қиылғанын, жазықсыз зардап шеккенін де сіздер жақсы білесіздер.

Бүгінгі күн ата-бабаларымыздың талай ғасырлар бойғы арманы еді, отаршылдықтың темір құрсауының, 1930-шы жылдардағы ашаршылық пен сталиндік жаппай жазалау құрбандарының, Ұлы Отан соғысында от ортасынан оралмаған боздақтардың, кешегі Желтоқсанда ұлттың намысын қолдан бермеу үшін, халықтың сағын сындырмау үшін бел буып шыққан жастарымыздың арманы еді.

Ардақты ағайын!

Еліміздің тәуелсіздігі жолында шейіт болып, осы күнді көре алмай кеткен азаматтарымызды орнымыздан тұрып еске алайық, аруақтарына тағзым етейік.

Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат-қабат тарихының басты мазмұны — азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің байырғы скиф, ғұн, оғыз, сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі Желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар.

Жанқиярлық, табанды күресінің арқасында ата бабаларымыз өзінің бірлік-берекесін сақтап қана қоймай, XV ғасырда қуатты Қазақ хандығын құрды. Алайда тәуелсіз Қазақ мемлекеті бейбіт тыныш өмір сүре алмады, ұлан-байтақ өлкемізге жан-жақтан көз тігіп, ойран салушылар көбейді. Ақырында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ұйтқы болған, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Есет, Қарасай, Жәнібек, Олжабай, Райымбек те қорған болған есіл өлке бәрібір отаршылдықтың табанына түсті. Сөйтіп, XVIII–XIX ғасырларда халқымыз еркіндігі мен тәуелсіздігінен айырылды.

Қазақстанның Ресейге қосылуының жай-жапсарын бірер ауыз сөзбен айта салу мүмкін емес. Бұл оқиғаның мән-маңызына сол дәуірдегі тарихи жағдайды, екі оттың ортасында қалған елдің қиын халін, ұлт ретінде жойылып кету қаупі анық төніп тұрған тұста жасалған амалсыз шара екенін ескеріп барып баға беру әділ болмақ. Сондай сын сағатта саяси шешімді дәл таба алмаған көптеген ұлттардың, мысалы, Жоңғар хандығының тағдыры қалай аяқталғанын сіздер жақсы білесіздер.

Әрине, бодандықтың аты — бодандық. Патшалық Ресейдің отаршылдығы басқа елдердің отаршылдығынан асып түспесе, кем түскен жоқ. Ұланғайыр даламыз империя меншігіне айналды. Дініміз тәрік, тіліміз ғаріп, мәдениетіміз мүшкіл, өзіміз мүскін халге ұшырадық. Мұндай жағдайда ел намысының қозбауы, ер ашуына мінбеуі

мүмкін емес еді. Ең ірі халық көтерілістерін Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Кенесары Қасымов, Амангелді Иманов, Бекболат пен Ақкөз сияқты батырлар бастады. Зеңбіректі әскерге найзамен қарсы шапқан көзсіз ерлерді халық әлі күнге ән-жырға қосып, аяулы аттарын ардақ тұтып келеді. Ардақ тұта береді.

Біз 1917 жылы да аңсаған азаттықты ала алмадық. Большевиктік саясат уәдесінде толық тұрмады. Отаршыл Ресейдің кесір саясатын мирас етті. Бұрын Ресей болса, енді Қазақстан «халықтар түрмесі» атанды, тоталитарлық жүйенің тұтас халықтарды жер аударатын аймағына айналды. Сөйтіп, өзге халықтар біздің өлкемізге өзге аймақтардан көшіп келіп, өгейлік көрсе, біз өз жерімізде отырып-ақ өзгелерден кем өгейлік, өзгелерден кем озбырлық көрмедік. Өз жерімізде өзіміз қырғынға ұшырап, өз жерімізде өзіміз құғынға түстік. Мыңдаған жандар қырылып, мыңдаған жандар атажұртын тастап көшуге мәжбүр болды. 1932–1933 жылдарда қазақ даласындағы болған адам айтса нанғысыз ашаршылық, 6 млн. халықтың 2,2 млн. айдың-күннің аманында опат болғаны, сталиндік репрессия жылдарында аяулы да абзал азаматтарымыздың жойылғаны — большевизмнің бетіне басылар қара таңба, біздің ғасырлар бойы ұмытпайтын қасіретіміз. Мұндай қысымшылық пен әділетсіздік дәл соңғы кездерге дейін жалғасып келді. Ұлт мүддесін қорғаған азаматтарға «ұлтшыл» деген айып тағылып, қудалауға түсті, талайы атылып та кетті. Республиканың ұлттық құрамына таяу арада түзеп болмастай орасан нұқсан келтірілді, жер құнары азып, атамекен тозып кетті. Кербез сұлу Көкшетаудағы 80 көлдің сәні азайып, айдынды Аралымыз тартылды, Абай туған Шыңғыстауды 40 жыл бойы Семей атом полигонындағы сынақтар сілкінтіп тұрды, Сарыарқаның шалғыны азып, жер жәннаты Жетісудың жайлауы жүдеді. Тарихымыз аяусыз бұрмаланды. Рухани мәдениетіміз де небір зобаланды басынан кешірді. Сөйтіп, кейінгі ұрпаққа бабаларынан қалған байтақ мұра жат болды. Ең қиыны — бұл жылдарда тұтас бір ұлттың еңсесін түсіретін, намысын аяққа таптайтын талай қадам жасалды. Шын мәнінде Қазақстан басшылары тек Мәскеудегі орталықтың тағайындағандары және солардың бұйрығын бұлжытпай орындайтындар болып келді. Халық өз басшысын өз еркімен сайлай алмады.

XX ғасыр қазақ халқына не берді деген мәселе төңірегінде қым-қиғаш пікір бар. Иә, кешегі насихат 70 жыл бойы Кеңес өкіметі қазаққа ұдайы тек бақыт нұрын себелеп келді деп үйретті. Оның қаншалықты растығын тарихтың өзі дәлелдеп беріп отыр. Бірақ солай дей тұра, қазақ халқының 1917 жылдан бергі тарихын жоққа шығаруға да болмайды. Басқасын айтпағанның өзінде, өткен ғасырда қайтадан үш тарапқа күштеп бөлініп, ұлттық, территориялық тұтастықтан айырылып қалған еліміз бен жеріміздің республика болып құрылуы, аумағы қалпына келтіріліп, шекарасының ресми түрде бекітілуі Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жүзеге асқанын, мұның өзі қазіргі тәуелсіз мемлекетімізді заңдастыруда бірден-бір негіз болып отырғанын қалай ескермей кете аламыз?! Мен өткеннің бәрін қаралап, ата-бабаларымыздың жасап кеткен еңбегін түгел жоққа шығарудан аулақ болғым келеді. Қалай болғанда да бұл тарих — өз тарихымыз.

Бүгінгі деңгей-дәрежеміздің өзі соншалықты төмен дей алмаймыз. Егеменді ел болып, халқымыз өз еркімен демократиялық тұрғыда тұңғыш Президентін сайлады. Мемлекеттік тәуелсіздігіміз жарияланғалы бері жылға да толмайтын уақыт ішінде Қазақстанды әлемнің жүзден астам елі таныды, еліміз бірқатар аса беделді халықаралық ұйымдарға, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымына, Халықаралық валюта қорына мүше болып қабылданды. Таяуда біздің республикамыздың

делегациясы осы лауазымды халықаралық қауымдастық — БҰҰ Бас Ассамблеясына тұңғыш рет қатысады. Ғарышқа қазақ жігіті ұшып, ұлттың мерейін бір көтеріп тастады. Жаңадан Елтаңбамызды, Туымызды белгіледік. Аяулы ана тілімізге — бай әрі құнарлы қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Елді мекендердің тарихи атаулары қайтарылуда, халықтың біртуар ұлдарының аты ардақталып, мерейтойлары өткізілуде.

Қысқасы, туған жерімізде талай-талай өркенді өзгерістер, жан жадыратар жақсы жаңалықтар бар. Ең бастысы — тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыз бар. Ел дегенде, жер дегенде білегін сыбанып іске дайын тұрған азаматтарымыз бар. Сан ғасырлар бойы талай теперішті көрсе де жайсаң жанын, әсем әнін, күмбір күйін, әдемі әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаған ұлтымыз бар. Қандас, жандас бауырларымыздың қазаққа ежелден тән қонақжайлылықты, сүйегімізге, санамызға сіңген мейірімділікті аман алып қалғанына осы Құрылтай күндері әбден көздеріңіз жетеді деп ойлаймын.

Бұл бағытта, әсіресе соңғы жылдарда, қыруар іс тындырылды. Қазақы қалпымызға қайта келіп, тарихымызды таразылап, жоғалтқанымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді жаңғыртып жатқанымыздың куәсі боласыздар. Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау — менің Президенттік те, перзенттік те парызым.

Осы тұста басын ашып айтатын бір жай бар. Әр азаматтың өз ұлтының көркеюін, нығаюын армандауы заңды. Бірақ оған республикадағы өзге ұлт өкілдерін, әсіресе орыс ұлты өкілдерін кемсіту, шеттету, мұқату арқылы жетемін демеу керек. Халқымыздың басынан өткен азап пен мехнатқа республикада өмір сүріп жатқан өзге ұлттардың өкілдері кінәлі емес. Оған сол кездегі саясат кінәлі, сондай саясат ұстанған қоғам кінәлі. Республикадағы қазіргі ұлтаралық жарасым ахуалын көздің қарашығындай сақтай білу — барлық ұлттың, әрбір азаматтың ең жауапты міндеті. Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйтқысы болу міндетін алдымен осы атамекеннің иесі — қазақ халқы өз мойнына алуы керек. Өйткені, халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола алады. Басқадай бағыт ұстанар болсақ, онда біз тұйыққа тірелеміз, талай тағдырдың обалына қаламыз, қазіргі абыройлы атымыздан айырыламыз, исі қазақтың дархан көңіліне көлеңке түсіреміз. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы ұлт пен ұлт жаға жыртысқан республикаларда қандай қанқасап қырғын болып жатқанын өздеріңіз де естіп-біліп жүрген шығарсыздар. Ылайым, сондай кесапаттың бетін аулақ қылсын!

Біздің туымыз — тәуелсіздік, тілегіміз — бейбітшілік, тыныштық. Күш қолдану мен жанжал атаулыны болдырмауға бар ерік-жігерімізді аямаймыз. Осы мақсат жолында Қазақстандағы барлық ұлттар өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіруіне мүдделіміз.

Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады. Ашу — дұшпан, ақыл — дос. Ашу емес, бәрін ақыл шешуі керек. Елдің тыныштығын бұзу ұлтымыздың болашағына балта шапқанмен бірдей. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.

Тарихи болашағымыз үшін осынау жауапты сәтте баршамыз саналылық пен парасаттылық көрсетіп, байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға борыштымыз. Қазіргідей алмағайып кезеңде бұл ерекше қажет. Сондықтан, ардақты ағайындар,

сіздердің де біздің республикамыздың өзіндік ерекшелігін, ұлтаралық қатынастың өте нәзік мәселе екенін ұдайы ескерулеріңізді қалаймыз.

Республикадағы ұлтаралық жарасым ахуалын орнықтыра түсу мақсатымен мен жақында халықтарды жақындастыруға аянбай үлес қосқан азаматтарға арналған Президенттің жыл сайын берілетін Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын белгілеу жөнінде Жарлық шығардым. Оны қазақстандықтарға ғана емес, шетелдіктерге де, оның ішінде, әрине, отандастарымызға да беруіміз мүмкін. Бұл іске сіздердің әрқайсыңыз өз үлестеріңізді қоса аласыздар.

Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол — тәуелсіз Қазақстан. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-тәнімен сезінуі керек. Бұл жауапкершілікті мен республика Президенті ретінде де, қазақ халқының бір перзенті ретінде де толық сезінемін деп сіздерді сендіремін!

Халқымызда «Бөлінгенді бөрі жейді» деген мақал бар. Осы уақытқа дейін бөлінгеннен, жіктеліп, жіліктенгеннен көрген зияннан басқа тапқан пайдамыз жоқ. Біз дүниежүзі қазағын Алматыға әділетсіздікті де, қасіретті де, қуғын-сүргінді де көп көрген халықтың енді басы қосылса екен деп жинап отырмыз.

Біріңді қазақ, бірің дос.

Көрмесең істің бәрі бос, — деп Абай айтқандай, басымыздың қосылатын, ұлттық ой-сананың биіктеп, тұтасатын мезгілі әбден жетті.

Ұлы Абай айтқан өзге міндерімізден де арылатын, әсіресе ежелден қалмай, жанымызды жеп келе жатқан күншілдікті, бақастықты, жел сөзге ерушілікті, енжарлықты қоятын кезіміз жетті. Өзіне өзі сын көзімен қарамайтын халық болашағына көп үміт арта алмайды. Біз бойымыздағы озығымыздан үйреніп, тозығымыздан жиренe білсек қана өркениетті мемлекет, еңселі ел боламыз.

Қадірменді туыстар!

Бүгінгі Құрылтайдың басты мақсаты — бүкіл әлемдегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойласу, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің тұсында ендігі тағдыр-талайымыздың қалай өрілетінін талқылау. Қазақ диаспорасының қалыптасуы — зерделі жанды таң қалдыратын құбылыс. Әрбір 3 адамның біреуі атамекенінен жырақта жүрген қазақтан басқа халықты атау қиын шығар. Қазір әлемнің 40-тан астам елінде 3,5 млн. қазақ өмір сүріп жатыр. Қытайда, Моңғолияда қазақ ұйысып отыр, ағайындарымыз Түркияда, Иранда, Ауғанстанда көп, Еуропада да аз емес, Америкада, Канадада, тіпті, алыстағы Австралияда да бар. Әрқайсысының тағдыры, тұрмыс халы әртүрлі. Құбатөбел күн кешіп жүргендері де баршылық, дәулеті тасып, айбыны асып тұрғандары да табылады. Бірақ бәріне тән, бәріне ортақ нәрсе — сағыныш, атамекенді аңсау. Шетелдік сапарларға шыққанда отандастарымыз іздеп келіп, ой-арманын, мұң-мұқтажын айтып жатады. Сырласа қалсаң сай-сүйегің сырқырайды, арман-тілектерін тыңдасаң жан-жүрегің елжірейді.

Шеттегі қазақтардың халықтық дәстүрлерді сақтауы сүйсінтеді, тәнті етеді. Өткен жылы Түркияға сапар кезінде Ыстамбұл әуежайында жиналған ағайындардың — «Ақсарбас!», «Ақсарбас!» — деп қол жайып, бірден үш ақсарбас шалғаны бізді қатты тебірентті. Мұндай ықылас-пейілді мен күні кеше Германия мен Францияға барған сапарым кезінде де көрдім.

Атамекеннен алыстағы бауырларымыздың ана тілін қадірлеуі, қандай жағдайда да ұмытпағаны — біздің ұлт болып мақтан тұтар нәрсеміз. Не мектебі, не кітабы, не теледидары, не радиосы, тіпті, кейде қазақ көршілері де жоқ жердің өзінде ұлқызымен қазақша сөйлесетіні қуантады. Соны көргенде баласының тіл білмейтінін кезінде қазақша мектептің үйден алыстау болғанымен түсіндіруге тырысатын осындағы кейбір ағайынымызды ойлап қайран қаламыз.

Әрине, басқа елдердегі бауырларымызды қинайтын мәселе аз емес. Талай жыл бойы сіздерді, сіздердің ата-аналарыңызды кеңес өкіметі нақақ айыптап келді. Осында қалған туысқандарыңыз сіздермен хат-хабар алысу тұрмақ, барып келу, өлігіне иман айтып, топырақ салу тұрмақ, шетелде ағайынымыз бар деуге де қорықты, бұл ауыр айып, қылмыстай саналды. Ауқаттының бәрін арсыздай, кедейдің бәрін кереметтей көрген кешегі дәуірде туған жерінен қозғалмайтын қазақ жан сауғалап үдере көшуге мәжбүр болды. Ал бізде олар тек малы үшін туған жерін тастап кеткен адамдардай айыпталды. Қайта оралуға осында өзін күтіп тұрған жазадан қорқып, мыңдаған адам туған жерді бір көруге зар болған күйінде өмірден өксіп өтті.

Біз демократиялық мемлекет, адам құқығын қорғайтын қоғам құру жолына түскен ел ретінде тоталитарлық жүйе санамызға сіңірмек болған мұндай тарихи әділетсіздікті, мұндай қатігез идеологияны түп-тамырымен айыптаймыз. Мұнан былай Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандығы мен ажырағысыз құқықтарын ең қымбат құндылық деп танитын және өз қызметін азамат пен қоғам мүдделері үшін жүзеге асыратын болады.

Кеңес Одағының ыдырауына байланысты біз қазір Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы республикаларда тұратын бауырларымызды да отандастар деп санаймыз. Қазір «таяу шетелдер» деп аталып жүрген бұрынғы Кеңес Одағы республикаларында 1989 жылғы санақ бойынша 1 млн. 600 мыңнан астам қазақ тұрады. Өзбекстандағы, Түрікменстандағы, Қырғызстандағы қазақтар ана тілін, ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын жақсы сақтаған. Мысалы, бір ғана Өзбекстанның өзінде 543 қазақ мектебі бар, оларда 138 мың бала оқиды. Қазақ мектептері кейінгі кезде өзге республикаларда да көбейе бастағаны қуантады. Соңғы жылдарда Өзбекстанда, Астраханда, Орынборда қазақ газеттері жарық көрді. Көптеген қалаларда қазақ мәдени орталықтары құрылып, талай-талай игілікті шаруа атқаруда. Атамекеннен алыста, туған жерден жырақта ұлтының болашағын ойлап, қазақ мәдени орталықтарын ұйымдастырып, бауырларымызға қанатымен су сепкен қарлығаштай рухани қазына жеткізіп жүрген абзал азаматтардың талайы, олардың ізгілікті ісіне түсініспікпен қарап, қазіргідей қиын кезде тиісінше қолдау көрсетіп отырған туыстас елдер үкіметтерінің, жергілікті әкімшіліктердің басшыларының біразы осы Құрылтайдың қадірменді қонақтары болып отыр. Орайлы сәтті пайдаланып, біз сіздерге шынайы ризалығымызды білдіреміз, ақ алғысымызды айтамыз.

Қадірлі отандастарымызға басын ашып айтар тілектің бірі — халқымыздың «Кісідегінің кілті аспанда» деген даналық сөзін ұмытпау. Бұл сөз Қазақстан мен қазақ диаспорасы арасындағы қарым-қатынасқа тікелей қатысты. Халықаралық уағдаластықтарды мойындап, мемлекеттердің бір-бірінің ішкі ісіне араласпау саясатын қолдайтын өркениетті ел ретінде Қазақстан да отандастарының мұң-мұқтажын олар тұрып жатқан елдердің басшылығымен екіжақты келісім арқылы ғана қанағаттандыра алатынын түсінуге тиіссіздер. Мысалы, жақында Германиямен қол қойылған келісімде осында тұратын неміс азаматтарының мүдделерімен

қатар сондағы қазақ азаматтарының мүдделеріне де қамқорлық жасау көзделген. Біздің Түркиямен де осындай келісіміміз бар.

Кезінде Қазақстанға қарағаң кейбір аудандарды республикаға қайтару жөніндегі талаптарға қатысты мынаны айтуға болады. Мұндай ойланбай айтылған сөздер, жауапсыз жазылған газет материалдары бауырлас халықтардың арасына жік салып, онсыз да ушығып тұрған ұлтаралық қатынастарды шиеленістіргеннен басқа ештеңе де бермейді. Біз тәуелсіз мемлекеттердің территориялық тұтастығын жақтаймыз, бүгінгі қалыптасқан шекаралардың мызғымауға тиіс екенін қуаттаймыз, арандатушылыққа ермейміз.

Қазір біздің ұлтымыздың алдында тұрған ең басты міндет, ең қиын міндет — Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыт-бағдарын дәл айқындап, сол мақсатқа неғұрлым тезірек жетудің жолында аянбай еңбек ету. Экономикалық дәулетіміз артпайынша, рухани сәулетіміз де артпайтынын анық ұғынуымыз қажет.

Қазақстанның дамуының стратегиялық мақсаттарына жету үшін біз саясат саласында ең алдымен жас егеменді мемлекеттің президенттік республика ретінде қалыптасуын көздеп отырмыз. Бұл орайда мемлекеттік құрылымның ұлттық белгілерін қорғап, оның шайылып кетуіне жол бермеуге көп көңіл бөлеміз. Сондықтан біз тұрғылықты жұртымыздың мүддесі жекелеген жағдайда ерекше ескерілуі керек екенін айтпай тұра алмаймыз. Бұл әңгіме ұлттық мәдениет пен тілді түлетуге, қазақ диаспорасымен рухани-мәдени және басқадай байланыстарды қалпына келтіруге, Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болған адамдардың өз Отанына қайтып оралуына жағдай жасауға алдымен қатысты. Сондай-ақ көп партиялы жүйе құру, қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз ету, Қазақстанның қауіпсіздігі мен егемендігін қорғау үшін әскери-саяси және экономикалық одақтар жасау, республиканың дүниежүзілік қоғамдастықтағы саяси салмағын арттыру сияқты міндеттер алда тұр. Экономика саласындағы қазіргі басты шаруа — нарықтық қатынастарды қалыптастыру. Сіздердің көпшілігіңіз осы нарық әлдеқашан орныққан елдерден келіп отырсыздар, адамша, лайықты өмір сүрудің неғұрлым тиімді жолы нарықты экономика екенін жақсы білесіздер. Өркениетті, дәулетті елдердің бәрі де осы жолдан өткен. Егер шындап аяғымыздан тік тұрып, өзгелер сияқты жөндеп өмір сүргіміз келсе, бұл жолға біз де түсуге тиіспіз. 100 жылдық тоталитаризмнен тез арада демократиялық қоғамға көшіп, аз жылдар ішінде нарық экономикасын орната салу оңай болмайтынына көзіміз жетті. Табандылық пен шыдамдылық керек. Бүкіл дүние жүрген жолмен біз де жүре алатынымызға күмән жоқ.

Біз үшін материалдық өндіріс саласындағы басты бағыттарды санамалап өтер болсақ, алдымен азық-түлік және халық тұтынатын тауарлар зәрулігін жоюды, құрылыс және құрылыс индустриясы базаларын дамытуды, өнеркәсіптің шикізат өндіру салаларын өркендетумен шектелмей, түсті және қара металлургияны, ғылымды көп қажет ететін өндірістер мен мәшине жасауды дамытуды, экологиялық таза технологияларды енгізуді, осы заманғы инфрақұрылымдарды (көлік, байланыс, энергетика, туризм, қонақүй жүйесін) ұлғайтуды бөле айтар едім. Бұл сияқты шешімін күтіп тұрған мәселелер көп-ақ.

Бүгінгі қиыншылығы мол заманда көңілімізге медеу болар бір жай — қазақтардың өз атамекенінде бас тоғыстыруы, әртүрлі себептерге байланысты туған жерден үдере көшіп кеткен туысқандарымыздың өз еліне қайта орала бастауы. Біздің бәріміз сарыла күткен ұлы көштің алды атамекенге жетті. Мен бұл арада

алдымен көршілес елдерден соңғы жылдарда көшіп келіп жатқан туыстарымызды айтып тұрмын.

Баспасөз бетінде республика Министрлер кабинетінің шетелдердегі отандастарымызға қосымша жеңілдіктер жасау жөнінде қабылдаған қаулысы жарияланды. Оның бұлжытпай орындалуын назарда ұстайтын боламыз.

Республикамыздың парламенті «Көшіп келу туралы» Заң қабылдады. Мемлекетіміздің егемендігі мен өзіндік сипатына нұқсан келтірмеу мақсатымен жаңа заңда сырттан көшіп келу тәртібі бұрынғыдан әлдеқайда қатайтыла түсті. Сонымен қатар ол заңда сыртта жүрген отандастарымыздың елге оралуына байланысты көптеген жеңілдіктер жасау көзделген. Мұндай артықшылық «Азаматтық туралы» Заңда да айрықша ескерілген. Егер өздеріңіз тұратын елдің заңы бойынша қос азаматтыққа рұқсат етілген болса, ендігі жерде сіздер республикаға көшіп келмей-ақ Қазақстанның азаматтығын ала аласыздар.

Алдағы қабылданатын бірқатар заңдарда да шетелдік отандастарымыздың мүдделері жан-жақты ескерілетін болады. Қысқасы, тәуелсіз Қазақстаның кең құшағы сіздерге әрқашан ашық, бауырлар!

Әрине, қай жерде өмір сүру — әр адамның жеке өзі шешетін мәселе. Оның үстіне өзі тұратын елдің заңына сәйкес шешілетін мәселе. Қазақ үшін басқа елге көшу тұрмақ, басқа ауылға көшудің өзі қиын. Оның үстіне шетелдегі ағайындардың басым көпшілігі Қазақстанда тумаған, өскен ортасы, алған тәрбиесі басқаша. Оның бәрін жақсы түсінеміз. Сондықтан да дүниежүзіндегі қазақтар қай елде жүрсе де өзін Қазақстанның өкілі сезінетіндей, қазақ азаматы сезінетіндей жағдай жасау біздің болашақтағы мәртебелі міндетіміздің бірі. Қазақ азаматы қай жерде де өз ұлтының озық дәстүрлерін, тілін сақтаса, асыл қасиеттерін ардақ тұтса, атамекенге деген сезімін әлпештей білсе, туған халқы алдындағы перзенттік парызын өтеп жүр деп білеміз. Сіздердің рухани талап-тілектеріңізді қанағаттандыруға, қазақ мәдениетінің хал-ахуалынан хабардар болуларыңызға, ұл-қыздарыңыздың ана тілін үйренуіне қолдан келгенше қамқорлық жасауды республика үкіметі алдағы кезде назарда ұстамақ. Мұның бәрінің ойдағыдай жүзеге асуы Қазақстанның қазіргі экономикалық дағдарыс қыспағынан қалай, қашан шығатынына байланысты. Әзірше қысқа жіп күрмеуге келмей тұрған жайы бар.

Осы Құрылтайдың барысында құрылған Әлем қазақтарының орталығына бұл орайда көп міндет жүктелмекші. Ол ұлт өмірін жан-жақты зерттеп, қазақтардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани тыныс-тіршілігіндегі ең өзекті деген мәселелерді терең талқылай отырып, тиісті орындарға нақты ұсыныстар жасауы керек. Ұлт бірлігін нығайтудың ұйтқысы болуы керек. Шетелдердегі қазақтардың өзіндік ерекшеліктері, талайлы тарихы арнайы зерттеуді қажет етеді. Бізде жер бетіндегі қазақ ұлтының тарихы кешенді түрде зерттеу арқауы болып көрген емес. Жалпы, бізде қоғамды дамытудағы тап күресінің орны тым асыра бағаланатын да, ұлт идеясының мән-маңызы кемітіліп көрсетілетін.

Күні кешеге дейін Қазақстаннан тысқары тұратындардың бәрін шет жерде жүргендей көру, үркіншілік жылдары көшіп кеткендердің бәрін отанын тастап қашқан опасыздар деп санау әдетінен арыла алмадық. Бірақ шындық басқаша еді. Кешегі «ақ қашып, қызыл қуған» төңкеріс тұсындағы қырғынға шыдамай, жаппай коллективтендіру кезінде албарда аша тұяқ қалдырмаған сорақылыққа төзбегендер шетелдерде өзінше тіршілік кешіп жатқан өз бауырларына барып паналады, сондағы қаймағы бұзылмаған қалың қазақты көңіліне медеу етіп, пана тұтты. Қазіргі Қазақстанның жан-жағында ежелден

қазақтар мекендеген өңірлер көп екені бәрімізге белгілі. Қазақ диаспорасы тек эмиграция негізінде жасалған емес, оның өзгелерден түбірлі айырмашылығы да осында. Бүгінгі орайлы сәтті пайдаланып, мен біздің халқымыздың атынан шетелдердегі отандастарымызды қиын кезде бауырына тартқан, қамқорлық көрсеткен барша елдердің басшыларына шын жүректен шыққан алғысымызды айтқым келеді.

Қадірменді бауырлар!

Қазақ халқы тағы да тарих талқысына түсіп тұр. Біз тәуелсіздік туын тіккен кезең дүниенің дидары өзгеріп, экономикалық дағдарыс күшейіп, ұлт пен ұлттың арасын қосу қиынға түскен тұсқа тап келді. Әлем мұхитына өз бетімізбен жаңа ғана жүзіп шығып жатырмыз. Қазақстан Республикасы — буыны жаңа беки бастаған жас мемлекет. Осы 1 жылдың ішінде-ақ мемлекет құрудың қандай қиын, қандай күрделі іс екеніне көзіміз анық жетті. Шүкіршілік етейік.

Бүгінде Қазақстан әлемдік аяда экономикалық қуаты үлкен, болашағы зор республика ретінде ғана емес, қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты, болашағы сенімді мемлекет ретінде сый-құрметке бөленіп отыр. Біз бұл құрметтің қадір-қасиетін бағалай білуіміз, ішкі-сыртқы саясаттағы әр қадамымызға ерекше жауапкершілікпен қарауымыз керек. Халықаралық қарым-қатынастарымызда біз дүниедегі барлық елдермен, әсіресе көршілес Ресеймен, Қытаймен, түбі бірге туыстарымыз — Түркиямен, Орталық Азия республикаларымен, бүкіл мұсылман әлеміндегі 66 мемлекеттермен жан-жақты ынтымақтастық, тиімді өзара көмек саясатын ұстанамыз. Тіл-көзден сақтасын, қазір бағытымыз дұрыс, қарқынымыз жақсы.

Қазақстандағы тыныш ахуалды бүлдіруге ықпал жасауы ықтимал күштерді біз көріп те отырмыз. Астам пиғылдағы саяси содырлардың жекелеген арандату әрекеттеріне де, тұрғылықты ұлттың мүддесін көздейміз деп жүріп асыра сілтеуге, қызбалыққа бой алдыратын түрліше топтардың іс-қимылына да біз әрқашан тиісінше бағасын беріп отыратын боламыз.

Ардақты ағайын!

«Орнында бар оңалар», — дейтін еді халқымыз. Шүкір, ел орнында, жер орнында. Жерге жетер ештеңе жоқ, жерден өтер байлық жоқ. Жер болса, ел болады, ел болса, ер болады. Осындай жеріміз барда, еліміз барда, өздеріңіздей еріміз барда біз ешкімнен кем болмаймыз!

Заман тыныштығын берсе бүгінгі дағдарыстан да шығармыз. Тәуелсіз Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі қомақты үлес қосар. Даламызда да, қаламызда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бұйыртса, бүгінгі Құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған Қазақстанымыздың гүлдеп-көркейгеніне таяу жылдарда-ақ куә болады деп кәміл сенеміз.

Қымбатты туыстар!

Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда — тәуелсіздіктің көк Туы, Елтаңбамызда — бар халықтың басын біріктірер киелі шаңырағымыз, арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар.

Ылайым бетімізден жарылқасын!

Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың аруағы желеп-жебеп жүре берсін!

БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген сөзі

АҚШ, Нью-Йорк қаласы, 1992 жылдың 5 қазаны

Құрметті төраға мырза!
Құрметті бас хатшы мырза!
Ханымдар мен мырзалар!

Осының алдындағы сессияда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне бірауыздан қабылданды. Мен республика халқының атынан осы қадам үшін терең алғыс сезімін білдіремін және Қазақстан Республикасы бейбітшілік сүйгіш мемлекет ретінде БҰҰ-ның Жарғысында көрсетілген міндеттемелерді толығымен орындауға қабілетті екенін, осы беделді халықаралық ұйымның қызметінің барлық саласына сындарлы үлес қосатындығын мәлімдеймін.

Біз үшін бұл сессияның да маңызы аса жоғары, өйткені, оның мінбері алғаш рет Қазақстан Республикасының Президентіне беріліп отыр. Осыған байланысты мен Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттердің өкілдерін қызу құттықтаймын.

Осы заман дүниежүзілік тәртіпті қазірдің өзінде БҰҰ-ның көмегінсіз қарастыру қиын. Бүкіл дүниежүзілік қоғамдастық осы сипаты ерекше халықаралық институтқа зор үміт артып отыр, ал солардың ең бастысы — сенімді тұрақтылық пен қауіпсіздіктің сенімді механизмдерін құру.

Бүкіл дүниежүзі болашақтың бүгінгі айқын және алдағы қарбалас кезеңдері өзіміздің бірлескен күш-жігерімізді ұйымдастырудың жаңа сапасына көшуді талап ететін осы бір шекке жетіп отыр. Біз өзімізге әлі белгісіз осы жаңа кезеңнің мәні неде екенін ұғынуға тиістіміз және оны бүкіл қоғамдастық шеңберінде, өз құрлығымызда, өз аймағымызда және елімізде іс жүзінде игере бастауымыз керек. Міне, осы мәселелерге мен сіздердің назарларыңызды да аударсам деймін.

Бірінші мәселе — бұл бүкіл дүниежүзілік қоғамдастық және БҰҰ-ның әлемдегі жаңа рөлі туралы болып отыр. Бас Ассамблеяның осы өтіп отырған сессиясында, қазірдің өзінде біртұтас дүние үшін жаңа күн тәртібін айқындауды талап етіп отырған жаңа шындықты түсіну байқалып отыр. БҰҰ-ның бас хатшысы Б. Бутрос-Галидің белгілі баяндамасының нақ осылайша аталуы кездейсоқ емес.

Б.Бутрос-Галидің алдын алу дипломатиясы жөніндегі тұжырымдамасын біз дер кезіндегі, саяси ұтымды инициатива деп есептейміз. Ал оны бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың барлық мүшелері бірдей жүзеге асыруға кірісуі керек.

Бұл орайда мен алдын алу дипломатиясын ықтимал шиеленістердің пайда болу ошақтарын жоюға бағытталған саяси және әлеуметтік-экономикалық шаралардың жүйесі ретінде қарастырамын. Мұнда көзге көрініп тұрған қоғамдық-саяси тұрақтылықты ұстап тұрудың шарттарымен бірге, сондай-ақ терең болжамдық талдауды талап ететін қазіргі проблемалар да маңызды орын алады.

Осылайша шекаралар жөніндегі мәселе — бұл кез-келген сәтте жарылуы мүмкін оқ-дәрі қоймасы сияқты екенін түсіну қиын емес. Оның үстіне бұл жарылатын болса, ол тек отпен ойнаушыны ғана емес, осы отты тұтатушыдан аулақ тұрғандарды да қоса алып кететіні белгілі.

Менің ойымша, қазіргі қалыптасқан шекараларды қайта қарау жөнінде жасалған бір қадамның өзі салдарын болжап білуге болмайтын геосаяси тізбекті реакциясын тудыратыны айқын. Мемлекет территорияларының мызғымастық принципінің маңызы туралы айта келіп, сондай-ақ бүгін аз ұлттардың құқығы көбіне ұлттардың өзін-өзі билеу құқығымен, тіпті, өз алдына дербес мемлекеттер құру құқығымен бірдей қарастырылып жүргенін атап көрсеткім келеді. Егер мұндай көзқарасты ұстанатын болсақ, онда болжаммен алғанда бүкіл дүниежүзінде бірнеше мыңдаған ергежейлі мемлекеттер пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдай принципті әбден шегіне жеткізе дәріптеудің айқын көрінісі болып табылады. Бүгін таңда аз ұлттардың құқықтарына әділ назар аударып отырған дүниежүзілік қоғамдастық демократия мен бейбітшіліктің салтанаты негізінде адам құқығының және ұлттар құқығының салтанат құруы үшін олардың өлшемдерін айқын белгілеуі тиіс екендігіне кәміл сенімдімін. Әйтпесе, ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын желеу етіп, кез келген көп ұлтты мемлекеттің тұтастығына күмән келтіріледі және жегідей жейтін сепаратизмнің ұшы-қиыры болмайды.

Сонымен бір мезгілде XXI ғасырдың алыс көкжиегіне көз тастай отырып және ықтимал шиеленістің ошақтарын болжай отырып, елеулі алаңдату туғызып отырған бірқатар мәселелердің арасынан бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың алдына Орталық Азия аймағындағы су проблемасын қойғым келеді. Уақыт өте келе ол ежелгі құрлықтың қақ жүрегінде қауіпті алауыздықтардың көзіне айналуы мүмкін. Қазірдің өзінде Орталық Азияны су ресурстарымен қамтамасыз ету проблемасын кезең-кезеңімен тиімді шешуді көздейтін БҰҰ-ның арнаулы жобаларын жедел жасау қажет ойлаймын.

Батыс Шығыс белдеуі бойынша геосаяси шиеленістің бәсеңдеуі және Солтүстік-Оңтүстік белдеуінде қауіпті егесудің өрістеуі жалпыға бірдей танылған факті екенін айтуға тиіспін. Алайда екінші қайшылықтың пайда болуы мен шиеленісуі бірінші мәселенің көкейкесті маңызын төмендете алмақ емес. Шығыс пен Батыс арасындағы қарым-қатынастардың көп жылдар бойғы күрделілігі бұрынғы Кеңес Одағының ыдырауымен бірге жойыла алмайды.

Осыған байланысты ескерту дипломатиясы, бейбітшілікті орнату, қолдау және нығайту жөніндегі ұсынылып отырған күш-жігерлерді әлемдік өзара іс-әрекеттердің бір бағыттары бойынша тең жағдайда бөлу қажет деп ойлаймын.

Бұл мәселені атап көрсетіп отырған себебім, мұнда қазірдің өзінде кейбір қиғаштықтар байқалуда. Соңғы айлардағы фактілерге сүйенсек, БҰҰ-ның күш-жігері саяси және әскери-саяси сипатта басым көрініп отыр. Бұл ретте көтермелеу мен ынталандырудан гөрі тыйым салу әдістерін қолдану көбірек байқалады. Бұл шаралар жеңіл-желпі шиеленістерді бәсеңдетуге бағытталса да, бірақ әзірше пайда болып, етек жайып бара жатқан жанжалдың терең мәнді негізіне ешбір ықпал ете алмай отыр.

Жақында осы мінберден аталған жанжалдардың шынайы себептері көрсетілген болатын: әлемдегі ең бай адамдардың 20% (Солтүстік және Батыс елдерінде) дүниежүзілік жалпы табыстың 83%, ал ең кедей адамдардың 20% (Оңтүстік және Шығыс елдерінде) — тек оның 1,4% тұтынады екен.

Көрініп отырғанындай, аса бай «жиырмалық» табысы мен ең кедей «жиырмалық» табысының ара қатынасы 60:1 болып отыр.

Осы «60:1» ара қатынасын мен әлемдік теңсіздік формуласы» деп атар едім. Міне осы айырмашылық азаймайынша, біз жанжалдарды барынша

болдырмау үшін нақты негіз жасай алмаймыз. Әңгіме түптеп келгенде аса дәулетті «жиырмалықтың» табыстарын кедей елдердің пайдасына қарай қайта бөлу туралы болып отырмағанын атап көрсетейін. «60:1» «Әлемдік теңсіздік формуласын» аса дәулетті «жиырмалықтардың» табыстарын азайту жолымен емес, қайта аса кедейлердің табыстарын осы елдердің өзін-өзі дамытуы бойынша ғылыми түрде ұйымдасқан көмектің есебінен өсіру арқылы өзгерту керек.

Бәлкім, БҰҰ күш-жігерінің бағытын жанжалдарды шынайы болдырмауға, олардың тереңде жатқан қайнар көзіне қарай қайта бағдарлау туралы ойлануға тура келер.

Мұнда іс жүзінде қандай қадамдар жасауға болар еді? БҰҰ-ның Бас хатшысының қаржы-қаражатының аздығына байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік күш-жігерін өрістетуге кедергі келтіріп отырған басты проблемаға байланысты мазасыздану сезімі маған түсінікті.

Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік орнатып, оны сақтау және нығайту жөніндегі шығындарын жыл сайын өсе түсіру қажеттігі айқын болып отыр. Бірақ мұны қалай істеу керек?

1992 жылға дейін БҰҰ бейбітшілікті сақтауға шамамен 3,3 млрд. долларды жұмсап келгені, ал оның барлық елдердегі қорғанысқа бөлінетін жалпы жылдық шығынның тіпті 1% болмағаны мәлім. Өткен онжылдықтың соңында бұл шамамен 1 трлн. долларға жетті.

Мен барлық үкіметтерге өздерінің ізгі ниеттерін көрсету ретінде «1 қосу 1» формуласы бойынша БҰҰ-ның бейбітшіл күш-жігері қорын құра бастауды ұсынамын.

Бұл формула, әр мемлекет оған өзінің қорғаныс бюджетінің 1%-ын бере отырып, жыл сайын өзінің қаржы аударуын сол 1%-ға өсіріп отырады дегенді білдіреді. Сөйтіп 10 жылдан кейін осы бейбітшіл сома 10 есе өседі. Бұл акция дүние жүзі қоғамдастығының әрбір мүшесінің ұлттық қауіпсіздігіне ешқандай нұқсан келтірмей, қайта нақты нығайтады деп ойлаймын.

Осы жерде Шығыстың көне әфсанасын еске ала кеткен орынды болар. Ол адамдардың қалай күш сынасқаны туралы. Біреуі білегі мен жұдырығына сүйенсе, екіншісі бассүйегінің мықтылығына, үшіншісі желаяқтығына, төртіншісі тілінің өткірлігіне сенеді. Бірақ бір дана адам күш атасы жүрек екенін еске салып, оларды кең пейілділік танытуға шақырады. Менің ұсынысымды жүзеге асырудың деңгейі де әрбір елдің кең пейілділігімен айқындалып, жалпыға бірдей бейбітшілік игілігі жолындағы өзіндік бір жарыс болмақ. Қазақстан Республикасы оны кідіртпей бастауға әзір.

Бұл ретте, әлбетте, мемлекеттердің БҰҰ-ның бейбітшіл күш-жігері қорына қатысуының басқа да формаларын көздеуге болады.

Тоқталып өтпек болған екінші мәселем, біздің континенттегі — Азия немесе кең мағынасында алғанда — Еуразиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздік проблемалары. Әңгіме Қазақстан Республикасының Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) өткізу жөніндегі инициативасы туралы болып отыр.

Біздің құрлықта Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі сияқты Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымдарын құру идеясы көптен бері айтылуда, бірақ әзірге кең қолдауға ие болмай келеді.

Американдағы, Африкадағы, Еуропадағы құрлықтық ұйымдар қызметінің пайдалы тәжірибесі Азияны өзара ықпалдастық және ынтымақтастық тың біртұтас орган-

дарын құруға итермелеуі керек сияқты еді. Алайда бұлай болмай отыр және оның нақты негіздері де бар.

Саясатшылар мен талдау жасаушылар тобындағы Азияда қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымын құру идеясын сынаушылар мынадай басты дәлелді алға тартады. Азия елдерінің географиялық, тарихи, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени әркелкілік деңгейі Еуропа, Америка және Африка елдерімен салыстырғанда анағұрлым жоғары. Экономикалық және саяси негіздің осындай әркелкілігі, әлбетте, ұжымдық қауіпсіздіктің континенттік құрылымдарын құруға кедергі келтіріп отыр.

Бұған Шығыстың «Алыс жолдың өзі де алғашқы қадамнан басталады» — деген мақалымен толық жауап беруге болады. Ұжымдық қауіпсіздіктің біртұтас азиялық құрылымына осы аталған барлық іс-әрекеттер түрлері бойынша бірден бағыт алу міндетті емес.

Бастапқыда, әлде біреуінен — айталық, әскери-саяси немесе экономикалық саладағы әркелкілікті теңестіруден бастап, содан кейін ынтымақтастықтың басқа салалары бойынша да ортақ көзқарастарды іздестіру жеткілікті болар еді.

Мұндай континенттік құрылымға қарай қозғалыс ұзақ та кезең-кезеңді болуы мүмкін. Мұндай қозғалыс мынадай схема бойынша өте алар еді: ынтымақтастықтың жекелеген түрлері бойынша аймақтық және континенттік құрылымдар мен коалициялар арқылы «екіжақты қатынастардан» бастап (сенім шаралары мен ұжымдық қауіпсіздік, ізгілік, экономикалық, мәдени өзара іс-қимыл шараларын әзірлеу) ынтымақтастықтың кең көлемді проблемалары бойынша ортақ құрылымдық органдарын құруға дейін.

Бұл процестің перспективалары, оның негізгі кезеңдері былайша көріне алар еді:

1-ші кезең. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес ұйымдастырып, өткізу жөніндегі әзірлік жұмыстары. Болжамды мерзімі — 1992–1995 жылдар.

2-ші кезең. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің жұмысын жандандыру, оның мүшелерінің санын кеңейту, оны Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі шеңберіне және тәртібіне көшіру, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі үлгісі бойынша жалпыазиялық құрылымдар құру. Болжамды мерзімі 1994–1995 жылдар.

3-ші кезең. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі және Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі арасындағы өзара іс-қимылдардың тұрақты құрылымдарын айқындау, дамыту және баянды ету. Ынтымақтастықтың жекелеген бағыттары бойынша континентаралық органдар құру. Болжамды мерзімі — 1998–2000 жылдар.

4-ші кезең. Еуразия қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі біртұтас континентаралық кеңес құру. Азия, Еуропа, Африка және Америка ұжымдық қауіпсіздігінің континенттік жүйелері арасында тұрақты іс-қимылдар жасау механизмін құру. Бұдан арғы перспективада — бүкіл дүниежүзілік ұжымдық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың біртұтас жүйесін құру. Болжамды мерзімі — 2000–2005 жылдар.

Біз Азияда, ғажайып жерде тұрамыз. Әлемнің барлық ірі діндері — иудаизм, буддизм, христиан, ислам діндері біздің континенттің қасиетті топырағында пайда

болған. Адамзаттың бүкіл рухани ұстаздары — Лао Цзы мен Гуатама Буддадан, Иисус Христос пен Мұхаммедтен бастап, осы заманның Махатма Гандидің дәрежесіне дейінгі асқар ойлы данышпандары — біздің топырағымыздан шыққан. Сондықтан Азия ғасырлар бойына жинақталған рухани байлықтарын неліктен ой елегінен өткізіп, континент көлеміндегі ынтымақтастық пен ұжымдық қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын жинақтай алмайды?

Мұндай айқындама ешбір жағдайда қандай да бір аймақтық автаркияны көздемейді. Біз континент шекараларымен шектеліп қалмаймыз. Керісінше, Азия елдері мен халықтарының мүдделері үшін басқа континенттерде туған бар жақсылық атаулыны жинайтын боламыз.

Бізге келешектің алға көлденең тартар жәйттеріне бейімделудің, адамзаттың біртұтас дүние жағдайында өмір сүруінің негіздерін қалыптастырудың ең жақсы жолдарын ұжым болып іздестіру қажеттігіне кәміл сенімдімін. Осыған байланысты мен егесуші дәуірден кейінгі проблемаларды талқылау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының арнаулы сессиясын немесе конференциясын шақыруды ұсынамын, өйткені, нақ Біріккен Ұлттар Ұйымының өзі халықаралық қоғамдастық ұйымшылдығының жаңа деңгейін баянды етуде шешуші рөл атқаруға тиіс.

Сірә, Біріккен Ұлттар Ұйымының өзі де, Қауіпсіздік кеңесінің құрамын қоса алғанда, белгілі бір қайта құрылуы тиіс сияқты.

Айтпай қоюға болмайтын үшінші жағдай ТМД-да болып жатқан процестерге қатысты.

Өткен жылдың соңында құрылған Достастықтың нәзік құрылымы әзірге Еуроазияның осы бөлігінің елдері мен халықтарының ғасырлар бойғы өзара іс-қимылының дәстүрлерін толық көлемде ескере алмай отыр. Нәтижесінде ТМД-дағы еркін нарық экономикасы мен демократияға көшу процестері әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздықтың өршуімен, қалыптасқан қақтығыстардың шиеленісуімен және жаңаларының тууымен қосарланып келеді.

Қазақстан біртұтас еркін сауда аймағы шеңберінде жаңа сападағы ортақ кеден-экономикалық кеңістігін қалпына келтіру үшін барлық ықтимал күш-жігерді қолдануда. ТМД-дағы реалистер Ресейге уәде етілген 24 млрд. доллар көмекке қатысты ешқандай үміт арта қоймайды. Біз дүниежүзінің кейбір елдері ТМД-ға қатысты жүргізіп отырған жаңаша оқшаулау саясатын сабырлықпен қабылдаймыз. Біз өндірістің құлдырауын, шаруашылық байланыстардың үзілуін, гиперинфляцияны және басқа бүлдіргіш процестерді тек өзіміз өз күш-жігеріміз арқылы ғана тоқтата алатынымызды түсінеміз.

Алайда, ТМД-дағы үйлестірушілік негіздер мен интеграциялауды нығайту жөніндегі күш-жігерлерге қарамастан таяу уақытта Достастық территориясын тұрақсыздық пен ыдыраудың біртұтас кеңістігіне айналдырып жібере алатын қарама-қайшы тенденциялардың басым түсуі мүмкін. Дүние жүзінде ешкімнің де осындай қайғылы нәтижеге мүдделі еместігіне мен сенімдімін.

Осыған байланысты жанжалдарды ерте кезінде анықтау және ескерту дипломатиясы туралы идея бұрынғы кеңес федерациясында тікелей нақты іске асуы мүмкін деп ойлаймын.

Бірінші кезекте әңгіме ТМД-да қалыптасқан «тұрақтылық аймақтарын» нығайту және жанжал көздеріндегі шиеленісті бәсеңдету есебінен олардың шекарасын біртіндеп кеңейту туралы болып отыр. Осы мақсатта мен Біріккен Ұлттар Ұйымының

Орталық Азиядағы ескерту дипломатиясы жөніндегі аймақтық орталығын (немесе комиссиясын) құруды ұсынамын. Бұл орталықтың (комиссияның) штаб-пәтерін біздің мемлекетіміздің астанасы — Алматыға орналастыруға болар еді.

Және, ақыр соңында, экология мен айналадағы ортаны қорғаудың өмірлік маңызды мәселелеріне тоқталғым келеді. Қазақстан үшін бұл проблемалар кем дегенде екі сөзге — Арал және Семей проблемасына келіп саяды.

Тартылып бара жатқан Арал теңізі — бұл шұғыл әрі көлемді халықаралық көмекті қажет ететін экологиялық апат аймағы. 150 млн. тонна тұзды шаң-тозаңның ұшуымен қосарланып отырған оның бассейнінің шөлге айналуы экологияның күрт нашарлауына, халқы 3 млн.нан астам адам ұланғайыр аймақтың экономикасы мен денсаулығына тигізетін теріс зардаптардың күшеюіне әкеліп соғады. Егер бүгінде бұл тек сол адамдар үшін қырсыққа айналып отырса, ертең, Біріккен Ұлтар Ұйымы шұғыл араласпаса, бұл талай-талай миллиондаған адамдардың қасіретіне айналуы мүмкін. Қазақстанда ЮНЕП басшылығының «Арал теңізін сақтау жөніндегі іс-қимылдар жоспарын жасауға жәрдемдесу» жобасын құру туралы шешімін, сондай-ақ Арал өңірін дүниежүзілік көлемдегі экологиялық апат аймағы деп жариялауды ұсынған халықаралық ұйым сарапшылары тобының қызметін ризашылық сезіммен қабылдады.

Біздің тағы бір экологиялық жарамыз — бұл Қазақстан жерінде біздің халықтың еркіне қарамастан салынған Семей ядролық полигоны. Осында әуеде, жерде және жер астында жарылған ядролық ұрыс зарядтарының бүтіндей қуаты, ал олардан жарты миллионнан астам адам жапа шекті, Хиросима мен Нагасакидегі қасіреттің көзі болған қондырғылардың қуатынан жүздеген есе асып түседі.

Біздің үкіметтің шешімімен біз осы ажал көзін жаптық, бірақ осы аймақты сауықтыру, жапа шеккендерді емдеу, дүниеге келген сәбилерді қауіпсіздендіру үшін орасан зор қаржы керек. Осыларды негізге ала отырып, қазақстандықтар белсенді халықаралық жәрдемді қажет етеді.

Қазақ халқының «Елу жылда — ел жаңа» деген мақалы бар, бұл сөзбе-сөз түсіндіргенде: дүние 50 жылда жаңарып отырады» дегенді білдіреді. Біріккен Ұлттар Ұйымы қызмет еткен алғашқы жарты ғасыр әскери блоктардың қарамақарсы тұруымен шиеленісе түскен ұлы державалар егесінің көрінісіне толы болды. Қазір енді дүниежүзі қоғамдастығында тарихи мүмкіндік — Біріккен Ұлттар Ұйымы бар. Ол бейбітшілік пен прогресс жолында тиімді ынтымақтастық жасау органы. Оны барынша толық пайдалану үшін біз қолдан келген барлық мүмкіндікті жасауымыз керек.

Ықылас қойып тыңдағандарыңызға рахмет.

Демократиялық қоғамға және нарық экономикасына көшудің проблемалары туралы Қазақ теледидары арқылы сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1992 жылдың 22 қазаны

Қымбатты отандастар!

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағында алып қарағанда Қазақстан экономикалық жағынан да, саяси тұрғыдан да неғұрлым орнықты мемлекеттердің бірі болып саналғанымен, біздің де арқаны кеңге салуға мүмкіндік бермейтін мәселелеріміз аз емес екендігін айтпай тұра алмаймын. Мұндай мәселелер өміріміздің барлық саласында бар, олар тіршілік қарекетіміздің барлық қырына, былайша айтқанда, тән азығынан бастап жан азығына дейін, қазақстандықтардың имандылық, рухани талап-тілектеріне түгел қатысты.

Бір адамның бір мезетте әрі үміттене, әрі шарасыздана сөйлеуіне тура келетін кезі болады екен. Бәрі де мәселеге қай жағынан қарауға байланысты. Біздің республикамыз тұрғындарының тіршілік жағдайы, айталық, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы күйіп-жанып жатқан жердегілермен салыстырсақ, сөз жоқ, шүкіршілік ететіндей болып шығады.

Ал енді осылай екен деп, бұрынғы жылдардың сөзімен айтсақ, терең қанағаттанушылық сезінудің жөні бар ма? Сірә, олай етуге болмас. Жұрттың көбінің — қарапайым еңбек адамдарының қандайлық қиын күн кешіп жатқанын мен сіздерден кем білмеймін. Қазір станок жанындағы тұрған кісі де, алқапта жүрген диқан да, зиялы мамандықтардың иелері де — қай-қайсысы болсын кеңірдектен алған экономикалық қыспақтың ауыртпалығын сезуде.

Тіршілік тауқыметі, өкінішке орай, тек материалдық жағынан шектелмей тұр. Тегінде, рухани байлық, парасаттылық жағынан жоғалтып жатқанымыз одан орасан, бұл олқылықтың орны жылдар өте келе ойсырай түсетін шығар. Бұл арада мен қоғамның моральдық хал-ахуалына ерекше нұқсан келтіретін заңсыздықтың шектен шығуы жөнінде айтып та тұрғаным жоқ.

Бірде бар, бірде жоқ болғанымен, бүгінгідей күрделі мәселелерсіз өмір сүрген тоқырау жылдарын ынты-шынтысымен көксеп жүргендер де аз емес. Ондай адамдарды түсінуге де болады. Тәуелсіздік пен демократия болмаса да, оларға тоқшылық пен ауқаттылықтың белгісіндей бірдеңелердің кепілдігі бар еді, жалақыны аз болса да, еңбек сіңірмей-ақ ала беретін.

Расында да қазір талай адам кедейшіліктің тақсыретін тартуда. Адалын айтар болсақ, жағдайымыз одан әрі де нашарлай түспейді деп сендіре алмаймын. Алдымызда мұнан да қиын күндер тұруы әбден мүмкін. Дегенмен, бізде адамдардың ашықпайтыны да, тоңбайтыны да анық.

Ол қазір сіздер мені, өздеріңіз өмірімізді өзгертеді деп үміт артып сайлаған Президенттің сөзін тыңдай отырып, жағдайымыздың қашан жақсаратынын қолмен қойғандай етіп, нақпа-нақ айтса екен деп күтетіндеріңізді білемін, сеземін. Баяғы сөз саптауға салып, 20 шақты жылдан кейін «коммунизм тұсында өмір сүру» үшін тарыға тұрайық деуіме болар ма еді? Бірақ мен сіздерді одан гөрі байсалдырақ әңгімеге тартқым келеді.

Сіздер мені Президент етіп сайлағалы да 10 ай уақыт өтті. Осы екі арада талай-талай оқиғалар болды. Бұрынғы Кеңес Одағы аяқ астынан ыдырады. Дәстүрлі экономикалық байланыстар үзілді, орталыққа қатысы бар нәрсенің бәрінен безіну басталды, бұл істе көкейге қонымды қадамдардан гөрі саясатты бұлдаушылық, шарадан тыс шамданушылық белең алып кетті.

Естеріңізге түсіріңіздерші, тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасу кезеңінде ортақ экономикалық кеңістікті сақтап қалу үшін қаншама күш жігер жұмсауыма тура келді ғой, мұның өзі экономикадағы бүгінгідей бейберекетсіздікке жол бермеуге, адамдардың әл-ауқат деңгейінің мұншама күрт түсіп кетпеуіне жағдай жасар еді.

Сонымен қатар, бұл 10 айда ерекше маңызды тарихи оқиғалар да болды. Егемен мемлекет — Қазақстан Республикасы құрылды, оны әлемдік қауымдастық таныды, тәуелсіз ел ретінде халықаралық аяда алғашқы қадамдарымызды жасай бастадық. Республикамыз Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше болды, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесіне (ЕҚЫК) қатысты, Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қорына (ХВҚ), басқа да лауазымды халықаралық ұйымдарға қабылданды. Бүгінде Қазақстан өзінің саясатының ауытқымайтындығы мен қоғамдағы орнықтылығының арқасында көптеген мемлекеттердің құрметіне бөленіп, сенімді иеленіп отыр.

Мұның бәрі жақсылық белгісі екендігіне дау жоқ. Алайда, әміршіл-әкімшіл жүйеден нарық экономикасына ауысу оп-оңай, қиналыссыз бола салмайды. Бұл жолда қателіктер болғаны да айдан анық, олардың ішінде өзіміз жібергеніміз де, бізге сырттан таңылғаны да бар.

Мысалы, бағаны босатуды алайық. Тиісінше экономикалық әзірлік жасамай, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы әріптестермен келісіп алмай тұрып Ресей бастап жіберген бұл қадам сомды ақша тұтынып отырған аймақтарға қып-қызыл зиян болды. Мұндай «естен тандыра емдеу» бұрынғы шаруашылық механизмін нарық институттары мен тұтқалары дүниеге келмей, орнықпай тұрып қиратып тынды. Басқаша айтқанда, жаңа үйді салмай жатып ескі үйді бұзып тастағандай болдық та шықтық.

Өзім де қателіктер жібердім — кадрларды іріктегенде, көздеген өзгерістердің қарқыны мен мерзімін белгілегенде, реформа жасаудың өзге елдердегі тәжірибесін сол күйінде көшіруге тырысқан тұстарымда жаза басқан жерлерім болды десем, абыройымды аяқ асты ете қоймаймын деп ойлаймын. Ештеңе істемеген адам ғана ешқандай қате жібермейді дейді ғой. Әйтсе де, ең басты мәселеде қателескен жоқпыз деп көміл сенемін. Қоғамды демократияландыруға, нарық экономикасын орнықтыруға ұстанған бағытымыз дұрыс.

Қазіргі таңда біз үшін ерекше мәнді не нәрсе?

Менің ойымша, бәрінен бұрын мемлекеттік органдардың реттеушілікті күшейте түсу керек, бағаны ауыздықтауға тырысу, уақытша шара ретінде, тиісінше тауар өндірісі мен қызмет көрсету көлемін арттырумен қамтамасыз етілмеген жалақыны өсіруді тоқтата тұру керек. Бұл қаржылық біркелкілікті, экономиканы тұрақтандыруды, жұртшылықтың табысы аз бөлігін әлеуметтік тұрғыдан қорғауды, еңбекшілерді жаппай жарлы-жақыбай болудан сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді. Реформаның алғашқы кезеңінде уақыттан алға шауып кетудің салдарынан іскерліктің негізгі түрі делдалдық болып шығып, кәдуілгі алыпсатарлық

пен тауарға үстеме баға қою әбден белең алғаны, ал өндірістің өзі кейінге ысырылып қалғаны мәлім, енді мұндай жөнсіздікті тезге салуға тиіспіз.

Осы мақсатпен республика үкіметі менің тапсырмам бойынша түбегейлі экономикалық реформаны тереңдетудің 3 жылға лайықталған бағдарламасын жасап шықты. Онда еңбек ету, өндірісті өркендету, материалдық тұрғыдан ынталандыруды едәуір күшейту, іскерлікті мемлекет тарапынан қолдау жөнінде тиімді іс-шараларды жүзеге асыру, мемлекет меншігінен алу мен жекешелендіруді жанжақты ойластырып, халыққа пайдасы неғұрлым мол болатындай етіп жүргізу көзделген. Бұл бағдарлама Жоғарғы Кеңестің алдағы сессиясында қаралады.

Бағдарламада агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Экономикаға реформа жасауды ауыл шаруашылығынан бастаған елдер өтпелі кезеңде әлеуметтік тұрғыдан азырақ шығынға ұшырайтынын бүкіл әлемнің тәжірибесі көрсетіп беріп отыр.

Биылғы жылдың басында алдағы егінге үміт арта сөйлегеніміз, ең бір батыл болжамдарды болашақ мол егінмен байланыстыра айтқанымыз естеріңізде шығар. Енді, міне, бүгін сол үмітіміз ақталды деуімізге болады. Биылғы жинаған астығымыз 32 млн. тоннадан асып түсті. Республика нанмен, картоппен, көкөніспен, жемістермен толық қамтамасыз етілді. Қант қызылшасы мен майлы дақылдарды өндіру 2 есе артты. Мал шаруашылығының берік жемшөп қоры жасалды.

Бұрын-соңды болып көрмеген мол астықты Қазақстан алғаш рет өз күшімен жинап алғанын да айта кеткеннің артықтығы жоқ. Бұл селодағы реформалар ауыл тұрғындарын ақшаны санай білуге мәжбүр ететінін көрсетеді. Мұның өзі көп жағдайды аңғартады. Түйіндеп айтар болсақ, біз енді қолға алған өзгерістерді ойдағыдай жүзеге асыруға бел шеше кірісетіндей жағдайда тұрмыз деуге толық негіз бар.

Бүгін мен Қазақстанның ең басты байлығын өсіріп, шашпай-төкпей жинап алған, жанкешті еңбегімен біздің еліміздегі тұрақтылықты, біздің тәуелсіздігіміз бен егемендігімізді қамтамасыз еткен азаматтардың баршасының алдында басымды иіп, тағзым етемін.

Осынау еңбек жеңісінің бір себебі, біздің диқандарымызға ежелден тән ерекше жауапкершілік сезімінде жатса керек деп білемін. Орайын пайдаланып мына жайды айта кетейін: еңбек адамдары, қай жерде жұмыс істесе де, демократияның мәнін өзгелерден әлдеқайда дәл түсінеді. Мұны кейінгі кезде біздегі біраз жұрт демократия туралы тым жиі, тіпті, көкезуленіп көп сөйлейтін болғандықтан айтып отырмын. Бұл ұғым кейбір «бағамдауында» ойына келгенді істеу мен анархиялық бетімен кетушіліктің баламасындай болып барады. Олар шынайы еркіндік жеке бастың жауапкершілігін терең сезінуді, адамның жан дүниесіндегі жинақылықты да қажет ететінін ұмыт қалдыра береді. Әрине, мен бұл арада таяқтап жүріп орнататын тәртіпті емес, қоғамды, оның заңдарын, айналадағы адамдарды, түптеп келгенде адамның өзін-өзі сыйлауын көздейтін саналы тәртіпті айтып отырмын. Мұндай тәртіпке тек демократия ғана тәрбиелей алады. Еркіндік пен жауапкершілік тұтасып, тоғысқан жерде ғана шынайы демократия салтанат құрмақ.

Қоғамның дүниетанымдық саяси, экономикалық және құқықтық негіздерін түгел шарпып алған дағдарыс, халықтың тұрмыс хәлінің нашарлауы қылмысты көбейтіп жіберді. Бүгінде не көп, кісі тонау көп — дүкендерде де, базарда да, тапатал түсте көшеде де, пәтерде де тонай беретін болды. Мемлекетті де тонайды, демек, сол арқылы сіз бен бізді де тонайды.

Мен күннен-күнге ұлғайып бара жатқан экономикалық қылмыстарды айтқалы отырмын. Түсті және асыл металдарды, сирек кездесетін элементтерді, басқа да шикізат қорларын ұрлау етек алып кетті. Жемқорлыққа белшесінен батқан қызметкерлер қаржылық қылмыстар жасауда, қару-жарақты, есірткілерді заңсыз сату белең алған. Теміржол транспортында ұрлық-қарлықтан келер зиян қатты өсе түскен.

Қоқан-лоқы жасап тонау, мемлекеттік мекемелердегі майда бастықтардың парақорлығы асқынып барады. Олардан, әсіресе, кооперативтер, шағын кәсіпорындар, жекеше еңбек ететіндер мен өз бетімен іскерлік әрекет жасайтындар көбірек зардап шегуде.

Ұйымдасқан қылмысқа қатысушылардың ымы-жымы барған сайын біріге түсуде, олар енді іскерлік және қаржы-банк қызметінің саласына кірігіп алуға, өздерінің пасық мүдделерін жүзеге асыру үшін мемлекеттік аппаратты, заң қорғау органдарын пайдаланып қалуға жанталасуда. Ашығын айтайық: халықтың тұрмыс ахуалының күрт нашарлағанының және мемлекет қызметкерлерінің беделін әбден түсіріп жіберудің салдарынан қылмысқа бейім дүниенің өкілдері едәуір нәрсеге қол жеткізіп үлгерді.

Халықтың мемлекетке деген сенімін әлсірететін, жүзеге асырылып жатқан демократиялық өзгерістердің мәнін бұрмалап, қадірін кетіретін мұндай жағдайға біз бұдан әрі төзіп тұра алмаймыз. Сондықтан да үкімет бағдарламасының арнаулы тармағында құқықтық шектен шығушылықты тоқтатуға тиісті іс-шаралар жүйесі көзделген.

Алайда, бізге бұл істе де сіздердің көмектеріңіз керек. Сондықтан мен халық депутаттарын, барлық деңгейдегі атқарушы органдарды, республиканың азаматтарын жемқорлыққа, мафияға, экономикалық және кәдуілгі қылмысқа қарсы бітіспес күрес ашуға шақырамын. Бұл істе құқық қорғау органдары заңдық тұрғыдан, мемлекет және бүкіл халық тарапынан қолдау табуы қажет. Біз бүгін қолға алып жатқан бұл шаруаны елімізді әлемдік өркениет арнасына алып шығуға тарихи әрекет деп атасақ онымыз қыздырмалы қызыл сөз болмайды. Ал оның табысты аяқталуы үшін экономикалық және саяси өзгерістер өзара тығыз бірлікте және терең ойластырылған сабақтастықпен жүргізілуге тиіс. Бұл орайда қазір жобасын республиканың барша азаматтары талқылап жатқан тәуелсіз Қазақстанның Конституциясын қабылдаудың орасан маңызы болмақ.

Конституциялық комиссияның атына түсіп жатқан ұсыныстардың көпшілігі қазақстандықтардың бүгінгі проблемаларды және оларды тиімді шешудің жолдарын терең түсінетінін көрсететіні мені қанағат сезіміне бөлейді. Мен экономикалық өзгерістерді жүзеге асырудың маңызды құралы атқарушы органдарды едәуір күшейту деп санайтын адамдармен бір пікірдемін. Бүгінгідей жағдайда, расында да, адамдар мемлекеттің күшін сезінуі үшін атқарушы өкімет барынша қатаң болуға тиіс. Олай болмаған жағдайда біз ешқандай реформаны да жүзеге асыра алмаймыз.

Сіздердің назарларыңызды аса маңызды тағы бір мәселеге аударғым келеді. Ол мәселе — ұлтаралық келісімді және республика халқының бірлігін сақтау қажеттігі.

Біз республикадағы орнықты ахуалды мақтаныш тұта аламыз, солай десек те бірдеңеге жайсыздану, әлденеге ұдайы алаңдаушылық сезімін, тегі, әркім де басынан кешіп жүрген шығар. Қоғамда ұлттық-патриоттық күштердің кереғарлануы

күшейіп барады, оның бір көрінісі мемлекеттік тіл туралы пікірталастан танылуда. Мұндай жағдайда тек мәселені сырттан бақылап қана отыра алмаймын, әрине.

Бұл арада мен Қазақстанның жері — ұлтына және дініне қарамастан республиканың барлық азаматтарының басты байлығы, ортақ Отаны болып табылатынын алдымен есте ұстаймын. Бізде өзінен-өзі қораштанып тұратын, балаларының болашағына, отбасының амандығына алаңдаумен жүретін «өгей» адамдар болуға тиіс емес.

Қазақстанда қазақ тілі заң жүзінде мемлекеттік тіл деп танылған. Бұл — факт.

Алайда кез келген тілді тек декреттің күшімен мемлекеттік тіл етуге болмайды. Мәселенің мәнісі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасуына қаржылық, ұйымдық, ғылыми-методикалық тұрғыда жан-жақты жәрдемдесуде болып тұр. Әрине, бұған қол жеткізу үшін талай жыл ыждаһатпен жұмыс істеу керек. Сондықтан да бізге қазақ тілінің мұғалім кадрлары, тілді бала жастан үйретудің тиімді методикасы керек, себебі, егде тартқан кісілерді оқытудан жөнді нәтиже шығуы неғайбыл.

Мынаны басын аша айтқым келеді: іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу жөніндегі бюрократ-орындаушылардың иелігіне беріліп қойған ойсыз, шалағай шешімдердің зардабы көп болды, олар белгілі бір дәрежеде қоғамдық шиеленіс туғызып отыр.

Біз енді қазақ тілінің мемлекеттік статусы республиканың жұртшылығының едәуір бөлігін белсенді еңбектен және қоғамдық-саяси өмірден ығыстырмайтындай ақылға қонымды жолын бірлесе отырып табуға тиіспіз. Қазақстанның жаңа Конституциясының жобасында, келіп түскен ұсыныстар бойынша: мемлекеттік тілді білмегендік белгісі бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тыйым салынады деп жазылған. Мұны орынды деп санаймын, сондай-ақ біздің Негізгі заңымыздың жобасының бірінші бөліміндегі: «Қазақстан Республикасының азаматтарына нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне... қарамастан құқықтар мен бостандықтар теңдігіне кепілдік беріледі. Азаматтарды кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салынады» деп жазылған 1-ші бабына қарсылық білдірушілер де табыла қоймас деп ойлаймын.

Қазақстанда қазақ тілін оқытудың мемлекеттік жүйесін орнықтыру қажеттігін теріске шығарғысы келетін кісілер де өз қателігін түсінеді деп үміттенемін. Бұрынғы империялық ойлау жүйесінен қалған бұл сарқыншақ біздің жас егеменді мемлекетімізде жойылатынына сенемін.

Бүгінде қоғамдық-саяси орнықтылықтың сақталуы республиканың әрбір азаматына байланысты. Бұл айтқанымның жәй сөз емес екеніне сеніңіздер. Қазақстанның өзінде де, әсіресе, одан тысқары жерлерде де ұлт пен ұлттың арасында кездейсоқ тұтана қалған ұшқынның өзін бауыр мен бауыр жауласатын соғыстың алапат өртіне ұштастырып жібергісі келетіндер бар. Олар тіпті кәдімгі қылмыстың өзін ұлтаралық қақтығысқа айналдыра қоюдан да тайынбайды.

Әрине, біз жүргізіп жатқан реформалар жұрттың бәрінің көңілінен шыға бермейді. Сондықтан да мен сіздерді азаматтық белсенділік танытуға, қандай әлеуметтік пердемен бетін бүркемелесе де өзгерістерге қарсылық білдірушілерге ымырасыз болуға шақырамын.

Біздің мәреден аттанардағы жағдайымыз алдымызда тұрған нарықтық экономикаға барар жолды бұрын жүріп өткен көптеген елдерге қарағанда анағұрлым жақсы. Олармен салыстырғанда, Қазақстанның табиғи байлығы да

артық, білікті мамандары да көп. Бізде ғасырлар бойы қалыптасқан рухани және мәдени дәстүрлер бар.

Ең бастысы — алға қойған мақсатқа қол жеткізуге, өркениетті әлемдік қауымдастықта лайықты орын алуға қатты құлшыныс бар. Осыларды пайдалана отырып, біз Шығыс пен Батыстың арасын жалғап жататын буын бола алатын тарихи мүмкіндігімізді пайдаланып қалуымыз, біз үшін жай ғана мақсат емес, адамдардың әл-ауқатын арттырудың тиімді құралы болып табылатын нарыққа өтудің мерзімін неғұрлым қысқартуымыз керек.

Біздің болашақтағы бет-бейнемізді мен тиімді нарықтық экономикасы бар, достас көршілердің және әлемдік қауымдастықтың барлық мүшелерінің құрметіне бөленген еркін демократиялық мемлекет қалпында көремін.

Республикамыздың әрбір азаматының біздің мемлекеттігімізді, егемендігімізді нығайту қажеттігін сезінуі баршамыздың ортақ парызымыз екеніне сенімдімін. Егемендіктің иесі адамдардың жеке тобы емес, дара тұлға да емес, бүкіл халық.

Ұлы мәртебелі Қазақстан халқының еркін орындай отырып, мен біздің республикамыз дамыған мемлекет болуы үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймын. Мен өз халқымның даналығына сенемін, өркендеу жолына тезірек шығуға менімен бірге миллиондаған қазақстандықтарға да тән деп сенемін, олардың қолдауына шын ниетпен үміт артамын. Егер біздің бәріміз отанның ортақтығы, мақсаттың ортақтығы сезімін өз бойымызға терең сіңіре білсек, ойға алғандарымызды жүзеге асыратынымызға кәміл сенемін.

Әкімдіктер басшылары мен Халық депутаттарының жергілікті кеңестері төрағаларының республикалық кеңесінде «Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1992 жылдың 10 қарашасы

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Ең алдымен біздің осы кеңеске өте зор мән беретіндігімді атап өткім келеді. Қазақстанның тәуелсіздігін жариялаумен басталған және республиканың дүниежүзілік өркениет арнасына нақты енуіне бағытталған зор өзгерістерді жүзеге асыру көбіне бүгін осы залда жиналған адамдарға байланысты.

Ағымдағы кезеңнің маңызды мәселелері өзіміздің егеменді мемлекетіміздің тұңғыш Конституциясының жобасы мен түбегейлі экономикалық реформаларды тереңдетудің үкімет бағдарламасы туралы сіздердің пікірлеріңізді тыңдағымыз келеді. Бұл екеуі де Жоғарғы Кеңестің алдағы сессиясында талқыланбақ. Сіздер айтқан ойлар мен ұсыныстар республикамыз бен оның халқының тағдыры үшін ерекше маңызды шешімдер қабылдауда парламентарийлерге елеулі көмек көрсететініне сенімдімін.

Негізгі заңның жобасымен жұмыс соңғы 2 жыл бойы жүргізіліп келе жатқанын еске салғым келеді. Осы уақыттың ішінде ол мамандардың, тәуелсіз шетел сарабын қоса алғанда, терең зерттеуінен өтті. Өздеріңізге мәлім, құжатты бірінші оқылымында парламенттің VIII сессиясы мақұлданғаннан кейін, ол бүкілхалықтық талқылауға берілген болатын.

Сол кезден бері өткен 4 ай Конституциялық комиссия атына 18 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертулер енгізген республика азаматтарының жоғары белсенділігін байқатып отыр. Олардың көпшілігі қазақстандықтардың бүгінгі проблемалар мен оларды тиімді шешу жолдарын терең түсінетінін көрсетті.

Сонымен қатар Конституциялық комиссия Ресей, Беларусь, Қырғызстан конституцияларының жобаларын жасаушылармен консультациялар өткізді. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық қауымдастықтың, АҚШ Конгресі кітапханасы Зерттеу орталығының мамандарын, соттарды, университеттердің профессорларын қамтитын Америка адвокаттар қауымдастығының қорытындысы алынды. Сондай-ақ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесіне қатысушылар — адам құқықтары жөніндегі топтың, Франция, Дания, Америка Құрама Штаттары мен кейбір басқа елдердің құқық профессорлары айтқан ескертулер де назарға алынды.

Өздеріңіз түсініп отырғандай, барлық ұсыныстар мен ескертулер ескеріле қойған жоқ, оның үстіне, олардың көпшілігі бір-бірін жоққа шығарады. Сондықтан, кейбір пікірталас мәселелеріне қысқаша тоқтала отырып, мен, негізінен, сіздердің назаларыңызды бүкілхалықтық талқылаудың қорытындысы бойынша жұмыс тобы жобаға енгізген және Конституциялық комиссия мақұлдаған өзгерістерге аударғым келеді.

Өз жұмысымызда біз халықаралық құқықтар нормаларына сай келетін шынайы демократиялық Конституция құру ниетін ғана басшылыққа алмағанымызды атап көрсетемін. Біз өзімізге адамдарды біріктіретін Конституция керек екеніне сүйендік.

Оның бірде-бір тармағы қоғамда айтыс тудырмай, жағдайды өршітпей, тайталасқа арандатпау керек. Бізге кез-келген өткір мәселелерді ашық талқылап, олар бойынша көп ұлтты мемлекетте барлық адамдардың теңдігін қамтамасыз етуді көздейтін біздің принципті саясатымызға сай келетін шешім табуымыз керек. Мен қоғамды қайта өзгертудегі біздің барлық табыстарымыздың негізі — барлық қазақстандықтардың бірлігі, келісімі мен татулығы екенін қайталаудан ешқашан да жалықпаймын.

Сондықтан мен республика азаматтарының мейлінше алуан түрлі, бірақ бірыңғай әсерлі сезімін тудырған проблемалардан бастамақпын. Әңгіме біздің мемлекеттік тілдер мәртебесіне қатысты конституциялық құрылыс негізінің 8-ші тармағы туралы болып отыр. 3 жыл бұрын біз қазақ тілін мемлекеттік тіл деп таныдық. Және осы уақытқа дейін бұл шешім ешкімге де қысым жасаған емес. Кәнігі төрешілердің өктемдігіне берілген іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге қатысты асығыс-үсігіс жасалған шешімдер өзінің теріс рөлін атқарады. Нақ осы негізде қоғамда белгілі бір шиеленіс туды, оны, турасын айтайын, Қазақстаннан тыс жердегі «тілектестер» барынша ушықтыра түсті. Бірақ тіл проблемасы ешбір жағдайда арзанқол даңғойлықтың, даурықпа алыпсатарлықтың объектісі болмауы керек. Бәзбіреулер қабылданған Заңның күшін жойып, біз Қазақстандағы тыныштыққа үміт артамыз деп ойлай ма екен? Шынымен риясыз адамға, қазақ тілінің жайы бүгінде мүшкіл жағдайда екені түсініксіз бе? Біздің ортақ Отанымыздың ата-бабаларының көптеген ұрпақтарының тілі жойылмауға тиіс. Кімнің өз еркімен мақау болғысы келеді?

Біздің тіл саясатымыз заңда да, нақты өмірде де қазақ тіліне де, орыс тіліне де, ұлттық азшылықтардың тіліне де құрмет көрсетуді қамтамасыз етуі керек.

Бірақ айта кетейін, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі туралы даурығу — патриотизмнің сыртқы жағын ғана қампайту болмақ. Ең бастысы — қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде нақты қалыптасуына жан-жақты мүмкіндік туғызу. Әрине, бұған тынымсыз жұмысқа толы жылдар мен көптеген қаржы кетеді, ал ол бүгінде өте тапшы.

Біз қазақ тілін іс жүргізуге кезең-кезеңмен парасатты енгізу одан орыс тілін алып тастау дегенді білдірмеуі керек екеніне сенімдіміз. Ол, айтқандайын, Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми тілдерінің бірі болып табылады. Республика халқының едәуір бөлігінің қазақ тілін білмеуі — біздің жан қайғымыз және қасіретіміз. Біз оны жеңіп шығамыз. Қазақстан азаматтарының барлығы бірдей орыс тілін жетік меңгеруі республика өмірінің бүгіні мен ертеңінің сөзсіз басымдылығы болып табылады. Өйткені, ол қазір шын мәнінде еліміздің халықаралық байланыстарында және оның бүкіл дүниежүзілік өркениеттің жетістіктеріне қосылуы жолында зор рөл атқарып отырған ұлтаралық қатынас тілі болып отыр.

Бірақ, гәп мынада: «ұлтаралық қатынас тілі» ұғымының өзі бұдан бұрын талай рет атап көрсетілгеніндей, өзіндік нақты заңдық негізсіз қалып отыр. Азаматтардың өзара келісімі мен таңдауы бойынша кез-келген тіл ұлтаралық қатынас тілінің қызметін атқара алады. Тілдерді мәдени игілік ретінде танудың өзі де айқын заңды салдарға ие болмай отыр. Сондықтан бәрімізді толғандырып отырған осындай барлық проблемалардың нақты шешімін табу үшін конституциялық құрылыс негізінің 8-ші тармағын былайша редакциялау жөнінде тоқтамға келдік:

«Қазақстан Республикасында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады.

Қазақстан Республикасы орыс тілі мемлекеттік тілмен бірдей еркін қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Азаматтардың ана тілінде сөйлеу құқығына кепілдік беріледі.

Мемлекеттік тілді білмеуіне қарай азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына шектеу қоюға тыйым салынады». Мен осындай түсіндіруді қолдауға шақырамын.

Конституциялық құрылыс негізінің айқын түсіндіруді талап етіп отырған өзге маңызды ережесі өкімет билігін бөлу принципі болып отыр. Конституциялық комиссияның соңғы мәжілісінде бәрі де ең басты мәселеде мәмілеге келгені қуанышты. Сөйтіп, билікті бөлу принципі тек республикалық дәрежеде жүзеге асырылатынын және оны мемлекеттің барлық жоғары құжаттарының бүкіл мазмұны арқылы дәйекті жүргізу қажеттігі танылатынын түсінеміз.

Бұл, ең алдымен, парламенттің жалғыз ғана заң шығарушы орын екенін, ал өкілетті органдардың сатылы тік желісінің жоқ екенін білдіреді. Міне, сондықтан Жоғарғы Кеңестің Төралқасы мәжілісінде атап көрсеткенімдей, парламенттің анықтауын біршама өзгерген редакцияда берген жөн болар. Парламент «... өзіне халық жүктеген заң шығарушы өкімет билігін жүзеге асырушы тұрақты қызмет істейтін және жеке дара орган болып табылатынын» атап көрсету керек. Айтқандайын, осындай тұжырым «Конституциялық құрылыс негізінің» 4-ші тармағымен неғұрлым қисынды түрде сәйкес келеді. Мұнда «Қазақстан халқы егемендіктің иесі және республиканың мемлекеттік өкіметінің жалғыз негізі болып табылатыны» атап көрсетілген.

Жоғарғы Кеңес Төралқасының жақын арада болған мәжілісінде, біз өкімет билігін пәрменді түрде бөлудің және қарама-қарсы салмақтың икемді механизмін құрудың қисынына одан әрі сүйене отырып, Президентке жергілікті әкімдерді өзі тағайындайтын құқық беру, Министрлер кабинетінің құрамын оның өзі айқындап, тек Премьер-министрдің кандидатурасын парламентте бекітуге ұсынуы жөн деген ортақ пікірге келдік.

Әрине, дербестік бақылаусыздықты, оның үстіне, ойына келгенін істеуді білдірмейді. Конституция жобасында Министрлер кабинетінің мүшелерін олар Конституцияны және заңдарды бірнеше қайтара бұзған жағдайда міндетінен босату жөніндегі процедураны көздеуге шешім қабылданды. Бұл орайда парламент Президенттің алдында үкімет мүшесін қызметінен босату туралы мәселе қоюға хақылы. Бұл қалып, меніңше, Президент пен парламенттің Министрлер кабинетіне қатысты рөлін жеткілікті түрде айқын көрсетеді.

Үкімет билігінің дербестігін және маңызын атай отырып, оның өкілеттілігін жеке бөлімге шығаруға болады. Және бұл жай ғана құрылымдық қайта құру болып шықпақ емес. Кәні, ашығын айтайықшы. Президент үкіметсіз жұмыс істеуі керек деп санайтындар, мұның «бұлтартпас» үлгісі ретінде АҚШ-ты мысалға келтіретіндер дұрыс айтып жүр ме? Мен бұлай емес екендігіне сенімдімін. Құрама Штаттардағы және Қазақстандағы жеке меншік пен мемлекеттік меншіктің арақатынасы мүлдем әртүрлі болғандықтан да бұл дұрыс емес. Және бұл айырмашылық таяу арада жойыла қоймайды. Олай болса, бізде экономиканың мемлекеттік секторының қызметін Министрлер кабинетінен басқа кім реттеп отырмақшы?...

Ал егер айқын белгіленген өкілеттігі бар кабинеттің қажеттілігі бұлжымас шындық болса, онда үкіметті басқаратын Премьер-министрдің рөлін де сөзсіз көтеру қажет.

Конституция жобасын даярлау кезінде аса күрделі мәселелердің бірі мемлекеттік құрылыс мәселесі болғандығын ерекше атап көрсеткім келеді. Қазақстанның ішкі жағдайына қандай басқару түрі мейлінше сәйкес келетінін түпкілікті айқындау қажет болды. Біздің республикамыз — президенттік, парламенттік жолмен немесе аралас басқарылуы керек пе?

Өздеріңізге белгілі, қазіргі күйіндегі Конституция бойынша да Президент бүкілхалықтық негізде сайланады, ол мемлекет басшысы және атқару өкіметі басшысы қызметтерін бірдей атқарады, мұның өзі президенттік республика принципіне едәуір дәрежеде сәйкес келеді. Бірақ Конституциялық комиссияның өз таңдауын білдіруде ең алдымен себепші болған жағдай бұл емес. Біздің дәуіріміздің өтпелі сипаты, ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің күрделілігі, мемлекетіміздің ұлан-байтақ ауқымы, оның этникалық құрамы анағұрлым салиқалы дәлелдер болып шықты. Осының барлығы президенттік республиканың күшті атқару өкіметінің қажеттілігін айқындады.

Жоғарғы Кеңес Төралқасының мүшелері сияқты, сіздер де жоғарыдан төмен қарай қатаң атқару өкіметі билігін озбырлықпен пайдалану үшін қажет емес екенімен келісерсіздер деп үміттенемін. Тек осы өкімет билігі ғана қазіргі жағдайда заң шығарушы және сот органдарының өмір сүруін және олардың өкілеттіктерін икемді түрде бөлуді нақты қамтамасыз ете алады.

Тек осы ғана түбірлі өзгерістерді жүзеге асырып, гиперинфляциялық тоқыраудан шығуы, қылмыс жасаушылықтың өршуін, құқықтық шектен шығушылықты тоқтатуға мүмкіндік береді. Анығын айтқанда, тұрақтылық және прогресс жолымен жүруге мүмкіндік беретін ең аз деген әлеуметтік-экономикалық іргетасты қамтамасыз етеді.

Мұның бәрі бос сөз емес, олардың дұрыстығын тәжірибе қазірдің өзінде көрсетіп отыр. Корея, Түркия, Пәкстан Республикаларына, соғыстан кейінгі Германия Федерациялық Республикасына, Францияға қараңыздаршы. Тек күшті атқарушы өкімет қана олардың елеулі табыстарға жетуін мүмкін етті. Азаматтары өздерінің құқығы мен бостандығын сақтауға кепілдік жасаған, Лос-Анджелестегі тәртіпсіздіктерді батыл да әділ жолмен басқан Президент Бушқа ду қол шапалақтаған Құрама Штаттарға қараңыздаршы. Мысалды алыстан іздемей-ақ қоялық. Бір нәрсе айдан айқын: әкімдер биліксіз, қатаң президенттік биліксіз біз өзіміздің болашағымызға сеніммен қарауымызға мүмкіндік берген биылғы астықтан мол өнім жинай алатын ба едік?

Естеріңізде болсын, мен кейбір ТМД елдерінде орын алып отырғанындай, Президентке қайдағы бір айрықша өкілеттіктер беру туралы сөз қозғап отырған жоқпын. Мен тек бүкіл мемлекеттік басқару механизмінің тиімді жұмысын қамтамасыз ететін айқын белгіленген конституциялық құқықтар туралы айтып отырмын.

Ал олар әлі нақтылана түсуі қажет. Жобада Президенттің халыққа және республика парламентіне үндеу жолдау, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың әкімдерін тағайындау құқығы енгізіліп отырғанын атап өткен жөн. Президенттің парламент қабылдаған заңдарға вето қоюының мерзімдері нақтыланды. Президенттің төтенше жағдай енгізу үшін қажетті конституциялық негіздері айқын көрсетілді. Оның отставкаға кету мүмкіндігі реттелді. Вице-президент өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда жаңа үміткерді Президент республика парламентімен келісетіні туралы ереже бекітілді.

Біздіңше, бұл, біріншіден, президенттік билікті жоғарыдан төменге дейін өн бойына кешенді конституциялық реттеуді аяқтауға, екіншіден, президенттік билікті абсолюттендірудің мүмкін болмайтындығына кепілдікті күшейтуге және сонымен бірге, президенттік өкілеттіліктердің «ыдырауына» жол бермеуге, үшіншіден, оларды жүзеге асыру процесіне қандай да бір болмасын күш көрсетуге жол бермеуге және, төртіншіден, заң шығару процесіне қатысу жөнінде Президенттің мүмкіндігін кеңейтуге жол ашады.

Айрықша маңызды жағдайды атап айтқым келеді. Президенттің, парламенттің, Министрлер кабинетінің өкілеттіліктерін анықтай отырып, біз егемендіктің иесі және мемлекеттік биліктің негізі Қазақстан Республикасының халқы болып табылатындығын басшылыққа алдық. Ол өз өкілдерін сайлау мен шақырып алу жолымен саяси көпқырлылық негізінде, референдумдарға қатысуы мен заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері органдары мемлекеттік билікті жүзеге асырады. Халық атына тек қана халықтың қалаулылары — Президент пен республика парламентінің сөз сөйлей алатындығы күмән келтірмейді ғой деп ойлаймын. Тек солар ғана референдум өткізу жөніндегі шешімді қабылдауға құқылы болуға тиіс.

Жобаны бүкілхалықтық талқылау көрсеткеніндей, жаңа құқықтық институттарды енгізуге — парламенті таратуға және Президенттің қызметтен бас тартуына республика азаматтарының көзқарасы әрқилы. Ал олар менің инициативам бойынша Конституциялық комиссияда қаралғандығын атап өтпекпін. Әлемнің көптеген елдерінің — Францияның, Италияның, Германияның, АҚШ-тың, Үндістанның және басқаларының практикасында бар тежеу мен қарсы салмақ жүйесі элементтерінің ең маңыздысы болып саналатыны белгілі. Референдум белгілейтін импичмент пен парламентті тарату нағыз халықтық билікті қамтамасыз ететіндігінің де маңызы аз емес.

Дегенмен, Конституциялық комиссияның көптеген мүшелері қазіргі кезде Президенттің биліктен бас тартуы және республика парламентін тарату мүмкіндігін Конституциямен бекітуді қабыл алмау туралы пікір білдірді. Олар өз айқындамаларын Грузия мен Тәжікстанда болған жағдайлар талдамасы, ТМД-ның кейбір мемлекеттеріндегі президенттер мен парламенттер арасындағы елеулі алауыздық оқиғалары, сондай-ақ саяси-құқықтық мәдениетіміз деңгейінің объективтік бағасы Президентті кері шақырып алу және парламентті тарату сияқты құралдардың биліктің басына төнер ауыр шоқпарға айналуының нақты қаупін көрсетеді деп негіздеді.

Бұл ойлардың қисыны бар екені сөзсіз. Конституцияны қабылдай отырып, біз табан тірейтін айқын шындықтан алшақ кетпеуге тиіспіз. Сондықтан да, біздің аса маңызды міндетіміз билік институттарының тұрақтылығын қамтамасыз ету, конституциялық дағдарыстың мүмкіндігін болдырмау екендігін атап өткім келеді. Қазір биліктің бейберекет ауысуына жол беру — мемлекетті жаппай аласапыран толқынына батыру деген сөз. Қазақстан ТМД шеңберінде саяси-құқықтық тұрақтылықтың өзіндік бір үлгісі бола алады және болуға тиіс. Біз республиканың барлық өкімет органдары өз өкілеттіктерінің толық мерзімін өтеуі үшін барлық күшімізді жұмылдыруға тиіспіз.

Бұл сот органдарына да қатысты, оның қызметінің болашағы жөнінде екі пікір бар: оларды қазіргі түрінде сақтау немесе біртұтас сот жүйесін құру. Сот пирамидасының тиімді қызметі жағдайында екінші пікірдің принципті артықшылығы айдан анық, ал оның үстінде Конституциялық сот немесе палата тұруға тиіс. Сонымен бірге, іргетасын тиісінше өзгертпестен, оның жоғарғы бөлігін реформалау, ал оған бірнеше жыл қажет, жергілікті жерлердегі сот органдарын жансыздандыруға әкеп соғады, заңдылықты қалыптастыруды және бүкіл сот жүйелерін қайтадан бастауға мәжбүр етеді. Конституциялық комиссияның және республикалық Заңгерлер одағының кейбір мүшелерінің пікірі бойынша қоғам демократия әліппесін енді тани бастағанда, ал мемлекетте құқықтық шексіздік барынша қарқын алған кезде мұны жасауға болмайды.

Бұдан басқа, бұл мәселенің саяси астарын да ескеру қажет. Президентке де, парламентке де өзінің риясыз пікірін айтуға қабілетті үшінші биліктің қалыптасуы үшін біздің барлық жағдайларды жасауымыз қажет. Бұл, әсіресе, Конституцияны нақты орындауға қатысты. Ал Конституциялық сот нақ осымен айналысуға тиіс.

Басқа бір мәселе — әрбір сот орнының өкілеттілігін айқын ажырату, ал ол бүгінгі таңда бізде жоқ. Осылайша сол Конституциялық соттың нақты қылмыстық және шаруашылық мәселелерін, сондай-ақ өз инициативасы бойынша іс қозғау мен қадағалау қызметін алудың қажеті жоқ.

Осы тақырыпты жалғастыра отырып, тәуелсіздік, бостандық және сот жүргізудің толық риясыздығы принципі сот органдарының жүйесі және соттарды тағайындау қандай да болмасын партиялық ой-пікірлерден және парламентке тән саяси өзгешеліктерден тыс тұруды талап ететінін атап өткім келеді.

Қазіргі демократиялық елдердің көпшілігінде соттарды тағайындау құқығы президентке берілген. Президент оларды жоғары (немесе бас) соттың ұсынысы бойынша тағайындайды.

Сондықтан да мен тиісті баптың мынадай редакциямен берілуін ұсынамын:

«Президент Қазақстан Республикасы парламентінің келісімімен Қазақстан Республикасының Жоғарғы және Жоғары арбитраж соттарының мүшелерін тағайындайды, төменгі сот судьяларын тағайындауды жүзеге асырады:»

Сонымен бірге, судьялыққа үміткерлерді анықтаудың және әділ сот жүргізу мәселелерінің зор маңыздылығын ескере отырып, арнайы орган — Жоғары сот кеңесін құрған және оған тиісті өкілдіктер берген жөн болар еді.

Бұл ретте Конституция жобасын мынадай баппен толықтыруға болады:

«Судьялар тәуелсіздігінің кепілі Жоғары сот кеңесіне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады. Осы кеңес әділ соттың жүргізілуін ұйымдастыру, судьялыққа тағайындау, оларды ауыстыру және өкілеттігінен айыру, оларды ынталандыру және жаза қолдану мәселелерін қарайды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының төрағасы, әділет министрі, бас прокуроры, Қазақстан Республикасының Президенті адвокаттар мен құқық салғасындағы басқа да мамандар қатарынан тағайындайтын 3 адам, парламент өкілеттік беретін 3 депутат Жоғары сот кеңесінің мүшелері болып табылады.

Мемлекет судьялардың жоғары мәртебесіне сай келетін әлеуметтік, материалдық және олардың тәуелсіздігінің басқа да кепілдіктерін қамтамасыз етеді».

Конституция жобасында құқықтар мен бостандықтар туралы тарау ерекше орын алады. Олардың ауқымы жалпыға бірдей қабылданған дүниежүзілік конституциялық практиканы ескере келіп, республикада қалыптасып отырған ақиқат шындықтар негізінде көрсетілген. Негізгі заңда жария етілген құқықтар бұрынғы конституциялардағы сияқты, сөз жүзінде емес, қайта нақты болғаны маңызды. Бұлай болмаған жағдайда біз азаматтардың конституция идеясының өзіне деген сенімін жоғалтып алуымыз мүмкін. Сондықтан конституциялық құқықтар мен бостандықтарды тағайындау аз, оларды практикада жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін сенімді кепілдіктер жүйесімен жабдықтау қажет.

Бүкілхалықтық талқылау барысында нақ осы ой талай рет айтылды. Ағымдағы заңға жасалған сілтемелер қисапсыз көп сұрақтар туғызды. Ондай сұрақтардың бар болуынан көптеген адамдар конституциялық құқықтар мен бостандықтарды едәуір шектеудің ықтимал қатерін көріп отыр.

Ағымдағы заңның осындай шектеуіне жол бермеу туралы ескерту беделді халықаралық ұйымдардың жоба бойынша жасаған қорытындыларында да бар. Осыған байланысты 2-ші баптың жаңа редакциясы ұсынылды. Ол құқықтар мен бостандықтар туралы тараулардан сілтеме нормаларын алып тастауға, сондай-ақ оларды шектеудің ықтимал оқиғалары мен тәртібін айқын реттеуге мүмкіндік береді.

Ең көп ұсыныстар мен ескертпелер — 5 мыңға жуық — экономикалық және әлеуметтік құқықтар туралы тарауға келіп түсті. Олардың едәуір бөлігі республикада құрылып жатқан нарықтық экономиканың ақиқат шындықтарын ескермей, Конституциямен белгіленетін тиісті кепілдіктерді күшейтуге бағытталған. Жалпы алғанда, мұндай ұсыныстарда біздің күні кешегі өткен кезіміздің таңбасы жатыр, қалыптасып жатқан жаңа қоғамға бөлу, масылдық психологиясының көңіл-күйін алып бармақшы. Жобаның, әлеуметтік-экономикалық кепілдіктері туралы мәселедегі табиғи орындылығын көптеген адамдар долбарлы кірпияздықпен қабылдауда. Оған қоса, кейбіреулер КСРО Конституциясы мен Қазақ КСР Конституциясының тиісті баптарының тұжырымдамасын қайталап көшіре салуды тікелей ұсынуда.

Жобада еңбек ету құқығының болмауына байланысты көптеген адамдар түсінбеушілік және тіпті ашу-ыза білдірді. Бірақ, мемлекет кепілдік беретін «еңбек ету құқығы» идеясының өзі теңгермешілік психология өктемдік еткен жағдайда, мүшелерінің қауырт, жоғары өнімді еңбекке табиғи ынтасы жоқ қоғамда ғана тууы мүмкін екенін түсіну маңызды.

Алайда, Конституцияны бекіте отырып, бізге өмірден алшақ кетпеу, талай ондаған жылдарға созылған өктемдіктен құлашты бір-ақ сермеп, кемелденген демократияға жетіп баруға болмайтынын ұмытпау керек екенін мен талай рет айттым. Бұл ретте, сірә, бұқара санасына қарай икемдік жасау керек сияқты. Жобада қалпына келтірілген еңбек ету құқығы базалық халықаралық-құқықтық құжаттардың беделімен дәріптеліп отырған мән-жайды ескеру керек.

Осыны басшылыққа ала отырып, жобаның тиісті бабының, бір жағынан, еңбек ету құқығын жариялайтын, екінші жағынан, нарықтық қатынастарды дамытуға және еркін тауар өндірушіге кең өріс ашатын мәміле редакциясы ұсынылады.

Сондай-ақ республика азаматтарына мемлекеттік мекемелерде тегін медициналық қызмет көрсету мен білім алу құқығына кепілдік беру қажет деп танылды. Бұл мекемелердің материалдық базасы талай ұрпақтың еңбегімен құрылды, ал қаржыландырылуы салық төлеушілердің есебінен жүргізілді. Бұл ретте Конституцияда осындай ережелердің болуы нарықтық экономиканың талаптарымен сыйыспайды дегенмен келісуге болмайды, өйткені, жобада денсаулық сақтау мен білім берудің жеке меншіктік жүйесін дамытуға кең өріс берілген.

Азаматтардың негізгі конституциялық міндеттеріне арналған 6-тарауда олардың шеңбері республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеу міндетімен толықтырылды. Мемлекет беделін нығайтуға бағытталған мұндай ережені әркім қолдайды ғой деп ойлаймын.

Сонымен қатар, әскери міндеттілік туралы бап жаңа редакцияда баяндалған. Ол ағымдағы заңда әскери қызметшінің келісімімен республикадан тыс жерде қызмет етуі мен әскери қызметін атқарудың негізі және Қарулы Күштерді кәсібилендірудің құралы ретінде келісімшарт жүйесін ескеруге мүмкіндік береді.

«Экономика негіздері» тарауында ұжымдық меншік деген сөз алынып тасталды. Бүкіл өркениетті әлем меншіктің екі-ақ түрін: жеке меншік пен мемлекеттік (немесе жария) меншікті біледі. Бұл ретте жекеменшікке жекелеген азаматтар

мен олардың бірлестіктерінің (мысалы, акционерлік қоғамдар, серіктестіктер мен т.б.), меншіктер жатады. Сондықтан ұжымдық меншік, категориясына бас тарту ұжымшардың, артельдердің және басқа да кейбір еңбек бірлестіктерінің субъектілік құқығын конституциялық негізден айырады деген пайымдау негізсіз. Олардың қайсысын жеке меншік — басқаша айтқанда, азаматтардың өз меншігіндегі нақты үлесін айқын анықтау, қайсысын мемлекеттік меншік қатарына жатқызу керек екендігін бір мәнді белгілеу қажет.

Азаматтардың қоғамдық соның ішінде діни бірлестіктерінің меншігін дербес ұжымдық меншік ретінде бөліп алу, сөйтіп, Конституцияда осы түсінікті сақтау қажеттігін дәйектеу әрекеттері де негізсіз. Дегенмен, қоғамдық бірлестіктер меншігінің белгілі бір ерекшеліктері бар — ол мемлекеттік меншікке жатпайды және сонымен бірге жеке меншік міндетін атқармайды, өйткені, жекеменшіктік экономикалық мүдделерді қорғауға емес, қайта қоғамдық немесе діни қызметтің материалдық базасын құруға бағытталған. Дүниежүзінде ол еш жерде ұжымдық категорияға жатқызылмайды. Әдетте, қоғамдық бірлестіктер меншігінің құқықтық тәртібі жеке меншіктің құқықтық тәртібіне жақын белгіленеді.

Осы тарауда кәсіпкерлік бостандығы тек жеке меншік құрылымдарға ғана қатысты деп айқын көрсету ұйғарылды. Мемлекеттік құрылымдарға кәсіпкерлік бостандығын беру жөнсіз, өйткені, бұл оларды коммерцияландырып жіберетіні соншалық, тіпті, өздерінің тиісті мемлекеттік міндеттерін жүзеге асыруын тым қиындатады. Бұл ретте меншік иесі ретінде мемлекеттің құқықтары шектеліп қана қоймайды, сондай-ақ республика экономикасын, соның ішінде оның өмірлік маңызды салаларын басқаруға қатер төндіріледі.

Мемлекеттің аумақтық ұйымы және жергілікті өзін-өзі басқару туралы тарау елеулі өзгерістерге ұшырады. Оны түпкілікті бекіту кезінде шын мәніндегі унитарлық және аумақтық тұтас мемлекет жағдайында жергілікті деңгейдегі мәселелерді конституциялық тұрғыдан реттеумен әуестенуге болмайтынын ескеру маңызды екені шүбәсіз. Оларды қажетті икемділік пен нұсқаулық кепілдігін беретін ағымдағы заңдар тәртібінің толық қарауына беру орынды.

«Сайлау» жөніндегі тарауда, бір жағынан, сайлау процестерін ұйымдастырудың демократиялық негіздері күшейтілсе, екінші жағынан, біздің республикамыздың өзіне тән ерекшеліктері өте айқын көрсетілген.

Төте және жалпыға бірдей сайлау арқылы сайланған Президент, шын мәнінде, республика халқының басым бөлігінің қолдауына ие болуға тиіс. Міне, осы жағдайда ғана мемлекет басшысының іс-қимылы заңды деп танылып, оның өзі мен оның атқарушы өкіметі реформалық өзгерістер жүргізу үшін толық еркін іс-қимыл жасайтын болады. Сондықтан жобаның соңғы нұсқасында көпшілік дауыс бергендердің емес, электораттың тізіміне енгізілген сайлаушылардың жалпы санынан көп дауыс жинаған адамның Президент болып сайланатыны көзделген.

Саяси партиялардың құрылумен сипатталып отырған қазіргі заманғы қоғамдық-саяси жағдайларға талдау барысы Конституцияда республика парламентіне сайлау ретін бекітудің дұрыстығы туралы ойлануға мәжбүр етеді демекпін. Қазір бір мандатты сайлау округтері бойынша сайлау өткізу жөнінде бір жақсы пікір айту дұрыс болмас, өйткені, парламенттің келесі құрамының партиялық тізімдер бойынша сайлануы әбден мүмкін.

Әрине, осы баяндамада, комиссия енгізген барлық өзгерістерге бірдей тоқталып, ұсынылып отырған бірқатар түзетулерден бас тарта қою қиын. Сондықтан алдын ала

айтатын, принципті пікірлерге сәйкес, жобадан өлім жазасын қолдану мүмкіндігі туралы қалыпты алып тастау, қоғамдық бірлестіктердің заң шығарушылық инициативасы құқығын бекіту туралы, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеу туралы, екі палаталы парламент тағайындау туралы ұсыныстар қабылданған жоқ.

Соңғы мәселеге, шамасы, айрықша тоқталған жөн болар. Расында, әлемнің көпшілік мемлекеттерінде екі палаталы парламент құрылымы бар. Оның басты мақсаты парламенттің көп партиялы жағдайдағы қызметінің тұрақтылығына кепілдік жасау, заң шығарушылық процесін үнемі жетілдіріп отыру болып табылады. Парламенттің негізін салушы — Англия бастапқыда мұны оппозициялық күштердің өз қайшылықтарын шешетін органы ретінде көрген. Нақ сол жерде, көшеде емес, тек парламентте ғана барлық идеологиялық қызбалықтар сыртқа шығуы тиіс болатын.

Конституциялық комиссияға республика парламентіне осындай құрылым енгізу туралы 60-тан астам ұсыныс түсті. Бірақ ол осындай құрылымы бар мемлекеттердің түбірлі өзгерістер кезеңінде заң шығарудың жеделдігін қамтамасыз ететін нақ бір мандатты жүйеге деген ұмтылысын ескере отырып, бір мандатты парламентті жақтап шықты.

Конституция жобасына сәйкес парламентке кең өкілеттіктер берілетінін айту керек. Ол жеке-дара заң шығарушы мемлекеттік өкімет органы екенін мен бұған дейін айтқанмын. Парламент сессияларына Конституцияны, шекараны өзгерту туралы мәселелер енгізіліп, заңдар қабылданады, әкімшілік-территориялық құрылым мәселелерін шешудің тәртібі белгіленеді.

Бюджетті қарауда және бекітуде, оның ішінде валюталық бөлігін де, бюджеттің атқарылуына бақылау жасауға әдетте парламентке бірінші кезектегі рөл беріледі. Мемлекеттік салық пен жиналымдарды тек республиканың заң шығарушы органы ғана белгілейді.

Халық депутаттарына мемлекеттік заемдар және республиканың экономикалық және басқа да көмектері туралы мәселелерді шешуге, халықаралық шарттарды бекітуге және бұзуға құқық берілетіндігін атап өткен жөн.

Парламенттің және оның лауазымды адамдарының өкілеттіктеріне қатысты жекелеген жаңалықтар республиканың жоғары заң шығарушы органының осы өкілеттіктерін барынша толық анықтауға бағытталған.

Ең алдымен, парламент депутаттары республика халқының өкілдері болып табылатындығы тиісті бөлімге жаңалық енгізіп отыр. Бұл ереженің маңызы мынада: мұның өзі депутат ең алдымен өз сайлаушыларының мүддесін жақтайтын, олардың алдында есеп беретін және оны қайта шақырып алуы мүмкін императивтік мандаттан бас тартуды көздейді. Императивтік мандаттан еркін мандат берілген парламент депутатының айырмашылығы, сайлаушылар алдында аманатпен және басқа да міндеттермен байланысты емес, тек олардың ғана емес, бүкіл халықтың мүддесін қорғайды. Бұл кезде өз электоратымен байланысты болуы жоққа шығарылмайтыны сөзсіз.

Конституция жобасын талқылау барысында республикалық заң шығару органының аталуы туралы мәселе әлденеше рет көтерілді.

Оны анықтау кезінің негізгі республика халқының өзіне заң шығарушылық құқықтың берілетіндігін тану болып табылады. Ал ол бұл құқықты жеке дара және тұрақты жұмыс істеуші, заң шығарушы билікті жүзеге асырушы органға береді. Басқа ешқандай да органдар заң шығару қызметіне ие емес.

Осылайша Кеңестердің біртұтас жүйесі туралы біздің әдеттегі түсінігіміз бұзылады, заң шығарушы және өкілетті органдар арасында айқын шекара пайда болады. Міне, өмірде жоқ пирамиданың шыңында тұратын «жоғарғы» органның болмайтыны да сондықтан.

Бұдан басқа институт атын таңдаған кезде, оның атқаратын басты міндетін, өкілеттілік мазмұнын, қызметін, құрылымы мен жұмыс тәртібін, Қазақстан Республикасының ерекшелігі мен ұлттық дәстүрлерін негізге алу жөн екені айқын.

Осындай ойлар қисынына «Ұлттық заң шығару жиналысы» деген ат барынша сәйкес келеді.

Жаңа Негізгі заңды қабылдаудың барынша айқын қажеттілігіне қарамастан кейбіреулер бұған сенімсіздікпен қарап, қазіргі Конституцияға тиісті түзетулер енгізумен шектеліп, өтпелі кезеңге уақытша сипаттағы Конституциялық акт керек деп пайымдағанын да айтқан жөн.

Турасын айтайын: бізде бұл мәселе бойынша күдік жоқ. Дегенмен, талқылау осымен аяқталды деп ойламау керек. Сіздердің ұсыныстарыңызды да, парламенттің алдағы сессиясы жұмысының нәтижелерін ескеру қажет.

Біздіңше, Конституцияны қабылдаудың қажеттілігі мына себептерден айқын көрінеді:

Біріншіден, империя қирандысы үстінде пайда болған қайбір мемлекет болмасын өзін-өзі нығайту бағытын ұстауға тырысады. Соның ішінде өзін метрополияға тәуелді құрылым ретінде сипаттап келген бұрынғы құқықтық жүйені алмастыру арқылы да нығайтуға ұмтылады. Және, ең алдымен, ол дүниеге жаңа келе жатқан мемлекеттің бүкіл заң шығару базасының өзегі Конституцияға қатысты.

Екіншіден, таза құқықтық тұрғыдан келгенде жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру ескірген, бірақ әзірге қолданылып жүрген Конституцияға түзетулер енгізу жолымен, сондай-ақ Президент және Министрлер кабинетінің актілері арқылы өтіп келеді. Ал бұл конституциялық құрылыстың ең жақсы жолы емес. Ал Негізгі заң ағымдағы заң шығару жағдайына орай өзгеретін болса оның беделінің түсері сөзсіз.

Үшіншіден, өзара ұстамдылық және қарсы салмақтың тиімді жүйесі негізінде мемлекеттік билікті икемді бөлуді қамтамасыз ететін заңдық акті керек.

Төртіншіден, шын мәнінде қабілетті сот билігінің көмегімен нақты қорғалатын құқық пен бостандықты конституциялық жолмен бекіту қажет.

Бесіншіден, Қазақстанның аумақтық тұтастығына конституциялық кепілдік қажет, ал оның маңыздылығын бұл ортада айтып жатудың қажеті болмас.

Сыртқы саяси аспектінің де маңызы аз емес. Егер біздің Конституция бүкіл дүние жүзіне Қазақстан жалпы адамзаттық құндылықтарды бәрінен де жоғары қоятындығын және бүкіл дүниежүзілік қоғамдастыққа тату көршілік және ынтымақтастықтың ізгілікті ниетімен ғана енетіндігін көрсеткен жағдайда ғана Қазақстан Республикасы бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың лайықты және тең құқылы мүшесі бола алады.

Өз сөзімді аяқтай келіп, бізге жаңа тәуелсіз мемлекеттің алғашқы Конституциясын қабылдау керек екенін тағы да атап өткім келеді. Оны ұзақ мерзімге мызғымас етіп жасауға ұмтылу аңғалдық болар еді. Бірақ ол демократиялық қоғам құру және нарықтық қатынастарды нығайту жағдайында біздің алға жылжуымыздың берік негізі болуға тиіс. Ал біздің өркениетті болашағымыз осы іске өзіміздің қаншалықты салмақтылықпен, парасаттылықпен және жауапкершілікпен кірісетінімізге байланысты болмақ.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері басшылық құрамының алдында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1992 жылдың 8 желтоқсаны

Құрметті кеңеске қатысушылар!
Генерал мен офицер жолдастар!

Біз республикамыздың өміріндегі маңызды саяси оқиғаның қарсаңында жиналып отырмыз. Ертең он екінші шақырылған Жоғарғы Кеңестің IX сессиясы ашылады. Онда Негізгі заңды — Қазақстан Республикасының Конституциясын, егеменді мемлекетіміздің тұңғыш Конституциясын қабылдайтын боламыз.

Құжаттың бірінші оқылымында мақұлданғаннан кейін жалпыхалықтық талқылауға шығарылғаны белгілі. Конституциялық комиссияға 18 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертпелер түсті. Олардың арасында әскери мәселелер туралы да бар. Ескертулердің басым бөлігі Конституция жобасы мен әскери мәселелер жөніндегі заң жобаларын әзірлеу барысында ескерілді. Сөйтіп, біз Қарулы Күштерді құру, әскери қызмет өткеру, әскери қызметшілердің мәртебесі, оларды әлеуметтік қамсыздандыру мен зейнетақымен қамтамасыз етудің құқықтық негізін заңнамалық тәртіппен бекіттік. Бұл заңдарды, әрине, сіздер тағатсыздана күтіп отырғандарыңызды да мен түсінемін.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру қағидатты түрде жаңа геосаяси жағдай қалыптастырды. Ол шұғыл өзгерістермен және ТМД-ның өз ішіндегі сияқты одан тыс жерлерде де өріс алған тұрақсыздықпен сипатталады. Ендігі жерде біртұтас Қарулы Күштер жоқ, ұлттық армияларды құру үдерісі жүріп жатыр.

Экономикалық дағдарыс, әсіресе өндіріс саласындағы дағдарыс күшейе түсуде. ТМД-ның бірқатар мемлекеттерінде зауыттар мен фабрикалар тоқтап қалуда. Бұның бәрі бізге де теріс әсерін тигізіп отыр. Республика нарықтық қатынастарға ауыртпалықпен көшуде.

Міне, осындай жағдайларда бізде 1993–1995 жылдарға арналған экономиканың нарыққа өтуін тұрақтандырудағы қауырт дағдарысқа қарсы шаралар әзірленуде. Оның түпкілікті мақсаты — нақтылы нарықтық тетіктер мен әлеуметтік бағдарланған экономика құру, тәуелсіз және ұлттық мүдделерге жауап беретін экономикалық саясат жүргізу, республиканың әлемдік шаруашылыққа кіруі және осылардың негізінде адамдардың өмірін жақсарту үшін жағдай жасау.

Экономикалық реформаның тағдыры, сөз жоқ, армияны да толғандырады, өйткені экономикалық дағдарыс әскери қызметкерлер мен олардың отбасыларының ырыс-берекесіне де ықпал етеді. Үкімет бұл өткір проблемаларды да назардан тыс қалдырмайды. Атап айтқанда, әскерлердің лауазымдық жалақылары мен әскери атақтары бойынша төленетін ақылары 1,5 есе өсіруді көздейтін үкімет шешімі дайындалып жатыр.

ТМД-дағы жағдайға қысқаша тоқталып өтейін. Достастықты құрудың ең алғашқы қадамынан бастап біз оған мүше мемлекеттердің саяси топтасуы мен экономикалық кірігуіне баса назар аударамыз. Бұл — ұжымдық қауіпсіздік, экономиканы тұрақтандыру, адам құқықтарын қамтамасыз ету және экология сияқты барлығымыз үшін өмірлік қажеттіліктің парасатты ымырасы.

Жеке алғанда, ТМД мемлекеттерінің ешқайсысы, бүгінгі таңда толық өзіне жеткілікті экономикаға, әлемдік рынокта жан-жақты бәсекеге қабілетті өнімдерге ие емес. Сондықтан да ортақ кедендік-экономикалық кеңістікті сақтап қалу қажеттілігі туындайды. Тек сондай жағдайда ғана біз отандық өнімдеріміздің бәсекеге қабілетті болмауы салдарынан әлемдік рынокта орын алуы мүмкін ысыраптарымызды жеңілдете аламыз. Бұндай жағдайлар Шығыс Еуропа елдерімен арадағы қарым-қатынаста орын алды. Балтық жағалауы елдерімен қазірде солай болып отыр.

Бір сөзбен айтқанда, ойларымызды іс жүзінде жүзеге асыра алмай жатқанымызды айта кеткен жөн. Көптеген мемлекетаралық келісімдеріміз жұмыс істемейді.

Бұндай жағдайда республикадағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау саясаткерлер үшін де бірінші кезектегі маңызды міндет болып табылады.

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Пәкстанда орын алған саяси биліктің дағдарысы қантөгісті ішкі жанжалдарға алып келді. Қазір оның салдарын болжаудың өзі қиын. Оның көрші мемлекеттерге таралу қаупі де жоқ емес. ТМД сыртқы шекарасының Тәжік-ауған учаскесін қорғаудың әлсірегені байқалады. Бұның өзі Тәжікстан аумағы арқылы қару-жарақты тосқауылсыз алып өтуге мүмкіндік беріп, жалпы Азия өңіріндегі шиеленісті өршітіп жіберуі мүмкін.

Бұл ретте біз ТМД сыртқы шекарасының Тәжік-ауған учаскесін қорғауды күшейтуге, республикадағы әлеуметтік-саяси жағдайды тұрақтандыруға мүдделіміз. Алайда, бұл қиын проблеманы реттеу жөніндегі шешім бүкіл ТМД немесе ТМД-ның мүдделі мемлекеттері шеңберінде ұжымдық түрде қабылданып, барлық республикалардың парламенттері ол шешімді мақұлдауға тиіс.

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Ядролық та, басқа да қару-жарақты да қысқартуға байланысты үдерістер бұл проблемаларға деген ұстамды көзқарасты талап етеді. Қазақстанның ядролық қарусыз мемлекет ретіндегі ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылу бағыты өзгерген жоқ. МАГАТЭ-ге кіру мәселесі кезекте тұр.

Бірақ біз технологиялық тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да ядролық қаруды бөлшектей алмаймыз. Оны Ресейде орналасқан жасап шығарушы зауыттарда ғана атқару мүмкін екені белгілі. Демек, қарусыздану үдерісі біздің ерігіміз бен тілегімізден тыс белгілі бір уақыт аралығын қажет етеді. Осыған байланысты жүйелерді қалыпты жағдайда ұстау, ядролық қарумен рұқсат етілмеген ешқандай да іс-әрекеттің болу мүмкіндігін жойып, олардың қауіпсіздігіне кепілдік беретін режимде ракеталық кешендерді пайдалануды қамтамасыз ету мәселелері туындайды. Сіздердің бұл проблемалардың маңыздылығын түсініп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бәрін де істейтіндеріңізге сенемін.

Ал, қалыпты қару-жарақ түрлерін қысқартуға байланысты мәселеге келетін болсақ, қазіргі кезде ол Еуропадағы әдеттегі Қарулы Күштер туралы шартқа, 1992 жылғы Вена құжатына және басқа да келісімдерге орай талқыланып, пысықталуда.

Жалпыға бірдей қарусыздануды жақтай отырып, біз халықаралық мәні бар бірқатар әлемдік ұсыныстар көтердік. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында «1+1» формуласы бойынша БҰҰ-ның бітімгершілік

күш-жігер қорын құру туралы ұсыныс енгіздік. Ұсынылып отырған формула БҰҰ-ның бітімгершілік шығындарын айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік береді. Біз әскери бюджеті бар барлық мемлекеттердің сол бюджетінің 1%-ын жыл сайын БҰҰ-ның бітімгершілік күш-жігерінің пайдасына бөліп отыруларын ұсынамыз.

Қазақстан Республикасы тағы бір ірі халықаралық маңызы бар ұсыныспен шықты. Мен бұл жерде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) туралы айтып тұрмын. Біз Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың континенттік жүйесін құруға ұмтылудамыз.

Біздің ойымызша, бұл ойларымыздың іске асуына барлық жағдай бар. Біздің пайымдауымызша, бұл үдерістердің болашағы, олардың алғашқы кезеңдері таяудағы 10 жылда атқарыла алар еді. Бұл бастамалардың жүзеге асырылуы барлық халықтарға бейбітшілік пен тыныштық әкеліп, экономиканың өсуі мен халықаралық ынтымақтастықтың дамуына оң әсерін тигізетініне мен толық сенімдімін.

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Үкімет жүргізген тұрақтандыру шаралары гиперинфляция қатері мен бюджет жүйесінің күйреуінен аман алып қалып, республиканың қаржылық жағдайын біршама жақсартты. Біз 1993 жылы шаруашылық жүргізуші субъектілер өздерінің қызметін орталықтандырылған материалдық-техникалық қамтамасыз ету мен өнімді кепілді өткізу болмайтын, әр кәсіпорын тиімді шаруашылық әріптесін өзі дербес іздеуіне тура келетін жағдайларда жүргізетінін басшылыққа алдық. Күрделі экономикалық ахуалға қарамастан, Үкімет қорғанысқа және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жеткілікті қаржы бөліп отыр. Халықтың осынау қаражатының әр тиынын үнемді де орынды жұмсау қажет екенін айтып жатудың өзі артық қой деп ойлаймын. Біз армия өзі де ескірген қару-жарақ пен техниканы өткізу, конверсиялау мен қару-жарақты экспорттау есебінен бюджетті толықтыру шараларын қолданады деп күтеміз. Ал, ондай мүмкіндіктер бойынша республика ТМД-да монополиялық жағдайға ие. Біздің мұндай экспортқа шығарудан тәжірибеміз жоқ. Ендеше, Қорғаныс министрлігі аса қысқа мерзімде осы проблемаларды, әсіресе, біз үшін өзектілерін пысықтауы қажет.

Сондай-ақ, әскери құрылыстың табысты болуы қорғаныс пен қауіпсіздік үшін жауапты биліктің жергілікті органдарының қатысуына да байланысты. Жаңа Конституция мен қабылданған заңдар жергілікті билікке үлкен құқықтар мен кең өкілеттіктер береді. Алайда, бұл олар әскерлердің жедел — жауынгерлік қызметіне араласа алады деген сөз емес. Олардың міндеті басқа. Ол жұмылдыру ресурстарын жинақтау мен жетілдіруге, жұмылдыру қуаттарын сақтау мен дамытуға, әскерлерді азық-түлікпен және басқа да материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етуге шоғырландырылған. Олай болса, азық-түлік пен материалдық-техникалық қамтамасыз етудің негізгі түрлерін жеткізіп беру орындарының мейлінше әскери бөлімдерге жақындатылуы тиіс екенін айтып жатудың қажеті бола қоймас. Солай болғанда қаржыны үнемдеуге, жеткізіп беруші мен тұтынушы арасындағы шаруашылық байланыстардың сенімділігіне қол жеткізіледі.

Біздің халық пен армияның бірлігі дәстүрін қайта түлетуіміз қажет. Жергілікті органдармен арадағы тығыз өзара қарым-қатынас қана әскери міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Алайда, сіздер де, командир жолдастар, өз тараптарыңыздан биліктің жергілікті органдарына дәйекті көмек көрсетіп тұруларыңыз керек.

Күрделі әлеуметтік проблемалардың бірі пәтер мәселесі еді, әлі де солай болып қалып тұр. Үстіміздегі жылы барлық әскери қызметкерлерді пәтермен қамтамасыз ету туралы жарлық шыққанын білесіздер. Алайда, ТМД-да болып жатқан, атап айтқанда, шаруашылық байланыстардың үзілуі, құрылыс материалдарын жеткізуден бас тарту және тағы да басқа келеңсіз құбылыстардың орын алуы алға қойылған жоспарларымыздың орындалуына кедергі келтірді. Тұрғын үй және өнеркәсіптік құрылысқа бөлінген күрделі қаржыны игеру көлемі күрт төмендеп кетті. Осының бәрі жарлық пен үкімет шешімінің орындалмай қалу қаупін туғызып отыр. Сіздер бұл күрделі жағдайды түсінеді деп сенемін.

Осындай қиындықтарға қарамастан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстық әкімшіліктерінің басшылары әскери қызметшілерге берілетін пәтерлер бойынша қарыздарын өтеу жөніндегі шараларды қабылдады. Алайда, басқа сипаттағы мысалдар да бар. Мәселен, Семей, Талдықорған облыстарында биыл әскери ведомстволарға бірде-бір пәтер бөлінбеген.

Егер де Қарулы Күштер басшылығы барлық шараларды қарастырса, тұрғын үй проблемасы шешілетін болады. Бұл міндетті шешу үшін инженерлік-құрылыс бөлімшелері, келісім-шарт негізіндегі құрылысшы мамандар, құрылыс компанияларымен тікелей шарт жасасу сияқты өз мүмкіндіктерін пайдаланулары қажет. Бұған бюджетте қаражат қарастырылған.

Кейбір деректерге қарағанда, жекелеген офицерлер пәтерін жекешелендіріп алған соң оны сатып, жаңа қызмет орнына кетіп қалады екен. Жаңа қызмет орнынан олар тегін пәтер алады. Сондықтан да Қарулы Күштер басшылығы жергілікті әкімшіліктермен келісе отырып, әскери қызметшілердің пәтерін жекешелендіру мәселесін тиянақты зерттеулері қажет.

Жолдастар!

Бүгінгі таңда проблема көп, алдағы уақытта одан да көбейе түсетін шығар. Алайда, қиын мәселелерді шешу, көп ретте сіздердің кемелдіктеріңіз бен ізденгіштіктеріңізге байланысты. Бар қиындықтарға қарамастан, басты міндет — республикамыздың қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, оның егемендігін қамтамасыз ету.

Осыларға байланысты қорғаныс және қауіпсіздік проблемаларының кейбір нөғұрлым өзектілеріне тоқтала кетпекпін.

Бүгінде соғыс қаупінің жалпы төмендегенін жоққа шығарушылар көп бола қоймас. Бірақ шағын, аумақтық, тіпті өңірлік әскери қақтығыстар деп аталатын қатерлердің орын алу мүмкіндігі арта түсті. Сондықтан соғыс қаупі толастамақ емес, ал біздер — халық өз қауіпсіздігін сеніп тапсырған басшылар оқиғалардың солай даму мүмкіндігін есепке алмауға хақымыз жоқ.

Біздің ішкі және сыртқы саясатымыз соғысты болдырмауға бағытталған. Мемлекеттің әскери саладағы тұжырымдалған саясаты біз әзірлеген әскери доктрина болып табылады. Ол қорғанысқа бағытталған және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ұжымдық қауіпсіздігі шеңберінде басқа да мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлескен міндеттер орындауды да көздейді.

Біз әскери құрылыс және мемлекеттің қорғаныс қабілеті саласындағы басты нәрсе не деп есептейміз?

Ең алдымен, өзіміздің Қарулы Күштерімізді құруымыз керек. Оны құру барысында, таза әскери және экономикалық пайымдауларға орай, өзімізде бар әскери

әлеуетті аумағымызда орналасқан әскерлер құралымдары мен қолданыстағы құрылымдарды мейлінше пайдалануымыз қажет.

Біздің пікірімізше, Қарулы Күштер құрылысы ұтқыр қорғаныс тұжырымдамасының талаптарын ескере отырып жүзеге асыруы тиіс. Оны іске асыру ықшам, бірақ қуатты, нақты қатер төнген жерде шұғыл пайдалануға әрқашанда әзір әскер топтамаларының болуын талап етеді. Олар өте оңтайлы болуға және әуе десанты, механикаландырылған, ракеталық — артиллериялық құрамдар мен бөлімдерден құрылуы тиіс. Осыған байланысты Қорғаныс министрлігі әскерлердің құрылысы мен олардың іс-қимылының болжамды нұсқаларын ұқыптылықпен тұжырымдауы қажет.

Тәжірибе көрсетіп отырғанындай Қарулы Күштердің бейбіт замандағы штатты құрамы дұшпанның бастапқы кездегі басып кіруіне тойтарыс бере алғанымен, кең ауқымды басқыншылықтың бетін қайтару жөніндегі барлық міндетті еңсеруге қабілетті емес. Ол үшін оларды соғыс жағдайына көшіру қажет. Демек, Қарулы Күштерді бейбіт тәртіптен соғыс жағдайына көшіру стратегиялық іс-қимылдың өте маңызды нысандарының бірі болып табылады. Оның мақсаты тек қана Қарулы Күштерді қысқа мерзімде соғыс уақытының жауынгерлік құрамы мен санына жеткізу емес, сондай-ақ оларды басқыншылықты тойтарып, әскер топтарын құруда жаудың алдын алу. Ендеше, бейбіт уақыттағы әскерлердің басқару жүйесі мен орын алмастыруы осыған сәйкес болуға тиіс.

Қарулы Күштерді толық жауынгерлік даярлыққа келтіру халық шаруашылығының соғыс уақыты кезінде қызмет атқаруға дайындығына да байланысты. Бұл өте маңызды жұмыс әрі жан-жақты тұжырымдалған жоспарларды талап етеді.

Бұл жерде біздің ондай тәжірибеміздің жоқ екенін де ескерген жөн. Әскерлерді жоспарлау мен қолдану, халық шаруашылығын жұмылдыру мәселелерін бұрын орталық жүзеге асыратын. Сондықтан да Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті, бірінші кезекте, айрықша кезеңдердің ойластырылған және жан-жақты тұжырымдалған кешенді жоспарларын жасаумен айналысулары керек.

Біздің әскери қимылдар театрының ерекшеліктерін ескеру қажет. Бәлкім армияны корпустық жүйеге көшіру жайын ойластыру керек шығар. Олардың штабтары мен басқармасы ықтимал іс-қимылдар бағытына орналасар еді.

Корпустардың жақсы дайындалған басқару органдары тұрақты әскери даярлықтағы бөлімдердің қажетті саны, солармен үйлесімді, қысқартылған құрамдағы құралымдары мен бөлімдері бар әскер жұмылдыру міндеттерінің қанат жаюына жәрдемдеседі.

Республикамызда 1970 жылдарда запастағы барлық офицерлермен, сондай-ақ барлық резервтегілермен жақсы жұмыс жүргізілгенін атап өтуге тиіспін. Сол жұмысты қайта жандандыру керек. Екінші эшелондағы дивизияларымыз бен полктарымыздың сапасы сондай жұмыстың қалай ұйымдастырылуына байланысты болмақ.

Әуедегі шекараларымыздың сенімді күзетін қамтамасыз етуге тоқтала кеткім келеді. ТМД-ның әуедегі шабуылға қарсы қорғаныс (ӘШҚ) жүйесінің бірыңғай құрамына кіре отырып, біз оны бұдан әрі де дамыта беруіміз керек. Өйткені, қалыптасқан құрылымды үзу келеңсіз жағдайларға ұшыратуы мүмкін. Қазақстан аумағында ӘШҚ мен ракета шабуылына қарсы қорғаныс (РШҚ) жүйелерін дамыту мақсатындағы сынақтар жүргізілуде. Ресей Федерациясымен бұл мәселелер

жөніндегі келісімдер пысықталып жатыр. Сондықтан Қорғаныс министрлігі, ӘШҚ қолбасшылығы өзіміздің әуе шекараларын күзету жүйелерімізді жетілдіру үшін полигондарды тиімді пайдалану шараларын жан-жақты ойластырулары қажет.

Республиканың су шебін күзету проблемасы да өз шешімін талап етеді. Дәстүрлі достық өңірі болып келген Каспий теңізінің белгілі бір жағдайларда шиеленіс аймағына айналып кетуі мүмкін екенін де естен шығаруға болмайды. Осыған орай, Қорғаныс министірлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, шекара әскерлерінің басшылығы республиканың су шебін күзетуді қамтамасыз ете алатын теңіз күштерінің бөлімдері мен бөлімшелерін жасақтау мәселесін ойластырғандары жөн.

Мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайтудың тағы бір арқауы халық шаруашылығын, мемлекеттік органдар мен басқару жүйелерін соғыс уақытында қызмет атқаруға жұмылдыру даярлығы болып табылады. Оның есепті жылға арналған жоспар бойынша жүзеге асырылатыны белгілі. Ал жоспарда негізін Қарулы Күштердің адам саны мен материалдық-техникалық ресурстарға деген қажеттілігі айқындайды. Алайда, ол жоспарды әзірлеу кешеуілдеп жатыр. Біз мұндай жағдаймен келісе алмаймыз, өйткені жоспарлау мерзімін одан әрі кешіктіру айтарлықтай салдарларға соқтыруы мүмкін. Неге десеңіз, қыруар қаржы мен уақытты талап ететін көптеген мәселелерді шешуіміз керек.

Осыған байланысты Қорғаныс министрлігі тез арада есепті жылға арналған жоспарды әзірлеу үшін экономика жөніндегі мемлекеттік комитетке бастапқы мәліметтерді ұсынуы керек.

Шекара және Ішкі әскерлердің қолбасшылары, бірлестіктер мен құралымдардың командирлері өз жұмылдыру жоспарларын әзірлеп, өздерінің тікелей бастықтарына бекітуге ұсынулары керек. Сол сияқты, облыстық әкімшіліктердің басшылары да қажетті жұмылдыру құжаттарын әзірлеуі тиіс.

Мен өзіміз Қарулы Күштерді құруда ұшырасқан проблемалардың аздаған бөлігіне ғана тоқталып өттім. Өзіндік шешімін, оның ішінде үкіметтік деңгейдегілері де бар, күтіп тұрған басқа мәселелер де көп. Олар — экономиканың соғыс уақыты жағдайында жұмыс істеуі, әскерлерді қазіргі заманғы қару-жарақпен және техникамен жарақтандыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, әскерлерді жиынтықтау, кадрлар даярлау және тағы басқалар.

Бұл міндеттерді шешудің кадр проблемасын шешумен тікелей байланысты екені айқын ақиқат.

Ол проблемаларды шешудің негізгі бағыттары әскери мамандарды Ресей жоғары оқу орындарына дайындауды жалғастыру, республика өкілдерін алыс шетелдерге жіберу, ақыр аяғында, өзіміздің әскери училищелердегі жауынгерлік дайындық жүйесін жетілдіру. Бәлкім, бірқатар азаматтық жоғары оқу орындарында әскери факультеттер ашу туралы мәселені пысықтау керек шығар.

Жауынгерлердің әскери дайындығының негізі — әскери тәртіп. Ол бізден бүгінгідей күрделі уақытта жоғары деңгейде көңіл бөлуді талап етеді.

Алайда, әскери бөлімдерден түсіп жатқан ақпараттар көңіл көншітерлік емес. Ол ма, ақпараттар алаңдаушылық туғызуда. Өйткені, кейбір әскери ұжымдарда тәртіп бұзу ғана емес, қылмыстық істердің орын алуы жалғасып келеді. Жекелеген командирлер тәртіп орнатудың орнына өздері айтарлықтай заң бұзушылықтарға жол береді.

Біз Қауіпсіздік Кеңесінің соңғы отырысында осылар туралы ешкімнің бет — жүзіне қарамай, қатаң әңгіме қозғадық. Жекелеген басшыларды қатаң талқыға алдық. Бірақ, әскери тәртіптің жақсарғаны байқалмайды.

Бұның себептерінің бірі офицерлер корпусындағы тәртіптің төмендігі болып табылады. Екінші бірі офицерлердің қомақты бөлігінің қызмет атқарғысы келмеуі, сондай-ақ олардың ауысып кетуі.

Мынадай сұрақ туындайды: неге көптеп кетіп жатыр? Әрине, қалыптасып отырған жағдайларда офицерлердің ата-аналары тұратын жерлерде қызмет өткергілері келу талпынысын түсінуге болады. Бірқатар офицерлермен болған әңгімелер мен маған жетіп жатқан ақпараттарға қарағанда, офицерлердің республикадан тыс жерлерге кетуінің басты себептерінің бірі — өздерінің тікелей қызметтік міндеттерін орындаудың орнына жеке басының жағдайын жасауға ден қоятын аға командирлер мен бастықтарға деген сенімнің жоғалуында.

Мені Президент ретінде, әсіресе әскери қызметшілердің бейбіт кездегі қаза табуы алаңдатады. Балаларын жоқтап жылаған аналарға мен не деп жауап беремін? Мұндай жағдайға мүлдем жол беруге болмайды!

Жауынгерлердің әскери дайындығын айқындайтын шарттардың бірі қару-жарақ пен соғыс техникасының жай-күйі болып табылады. Солай бола тұра, қайсыбір командирлер мен бастықтардың техникалық әскери даярлығы мен қару-жарақтың сақталуына деген көзқарасына, жұмсартып айтқанда, таң қалмасқа лажың жоқ.

Орын алып отырған атыс қарулары мен оқ-дәріні ұрлау фактілері айрықша алаңдаушылық туғызуда.

Қымбат бағалы техника құрып, мемлекет мүлкі тарлан-таражға түсуде. Бұның себебі неде?

Себебі — лауазымды адамдардың өз функционалдық міндеттерін, тиісті жарғылар мен нұсқаулардың, ақыр аяғында, республика Президентінің жарлықтары мен өкімдерінің талаптарын орындауға деген ашық жауапсыздығында.

Бөлімдер мен құрамалардың әскери дайындығының жай-күйіне ықпал ететін тағы бір құрамдас элемент жеке құрамды ас-сумен, заттай мүлікпен, лайықты тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады. Ал, бізде ішкі әскерлердің кейбір бөлімшелерінде сарбаздарға 2–3 айдың көлемінде май мен қант берілмеген, адамдар айлап моншада жуынбаған, кір киім-кешекпен жүр, төсек-орындары ауыстырылмайды дейтін фактілер бар. Жаппай қышымамен, басқа да тері ауруларымен ауыру, биттеу — соның салдарлары.

Әрине, сарбаздар ондай командирлер мен сондай тұрмыстық жағдайлардан қашады. Жауынгерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын дәйекті назарда ұстап, олардан келіп түскен хат-хабар мен шағымдарға сергек қарау қажет. Біз ішкі әскерлерде жүргізгендей тексерулерді жиі қолданып отыру керек.

Бұдан басқа, құрметті командирлер мен бастықтар, сіздердің назарларыңызды жаңа жағдайға қолданыстан қалған, ескі басқару тәсілдерін көшіргісі келетін кейбір лауазым иелеріне аударайын деп едім. Мен мұны не үшін айтып тұрмын? Себебі, жоғарыда мен санамалаған тәртіп бұзу фактілері туралы баяндаулар тиісті жерлерден көп кешігіп түсті, ал қайсы біреулері, тіпті, мүлде үнсіз қалды. Қане, айтыңыздаршы, қарудың ұрланғаны туралы құқық қорғау органдары 15 күннен кейін немесе одан көп уақыттан соң білетінін қалыпты жағдай деуге бола ма ?! Егер де, құзыретті құқық қорғау органдары оларға дер кезінде қосылса, қылмысты

ашу мүмкіндігі арта түсер еді. Кіші командирлер болған жайында кешіктіріп хабарлайды, болмаса мүлдем баяндамайды. Өйткені, беделінен айырылудан қорқады. Ал, кейбір жоғарғы бастықтар өз бағынысындағыларды қылмысты жасыруға мәжбүрлейді.

Көптеген әскери құрамалар мен ұжымдарда тәрбие жұмысының босаңсығаны байқалады, ал қайсыбір бөлімшелерде ондай жұмыс мүлде жоқ. Қауіпсіздік Кеңесінің өткен отырысында біз бұл туралы да айттық. Онда бұл жұмысқа жаңа серпін беруге бағытталған бірқатар шаралар қабылдадық.

Атап айтқанда, Қорғаныс министрілігінен бастап ротаға дейін, сондай-ақ Шекара, Ішкі әскерлер мен Республикалық ұланның барлық құрылымдарында командирлердің (бастықтардың) тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары институтын құру туралы шешім қабылданды. Ол жөнінде министрліктер мен ведомстволардың жетекшілеріне, облыстық әкімшіліктер басшыларына тиісті тапсырмалар берілді.

Бұл істің басы ғана. Жаңа құрылған институт жұмыс істеп кетуі үшін тәрбие және әлеуметтік қорғау мәселелері әскери кеңестер мен әскери алқалардың, офицерлер жиналыстарының, барлық деңгейдегі командирлер мен бастықтардың ұдайы назарында болуға тиіс. Қорғаныс министрілігінен, Ұлттық қауіпсіздік комитетінен, Ішкі істер министрлігінен, Республикалық ұлан басшылығынан тәрбие жұмысының кешенді жоспарын жасап, 1 қаңтарға дейін ұсынуды талап етемін.

Бұқаралық ақпарат құралдарының, армия баспасөзінің рөлін көтеріп, кейбір деректерге қарағанда коммерциялық құрылымдарға айналып кеткен офицерлер үйлері мен сарбаздар клубтарының жұмысын жаңғырту және жандандыру жөн. Қарулы Күштер түрлерінің ән-би ансамбльдерін, ал әскери бөлімдерде — көркем өнерпаздардың әуесқойлар ұжымдарын құру керек. Олардың репертуарларына баса мән беріп, республика мәдениетінің көпұлтты сипатын көрсететіндей етіп түзу қажет. Әскери және еңбек ұжымдарының шефтік байланыстарын қалпына келтіріп, әскери қызметшілердің отбасымен жұмысты жандандырған жөн.

Командирлер мен бастықтардың тәрбие жұмыстары үшін дербес жауапкершіліктері ғана, оған шын мәніндегі шығармашыл, тәжірибелі адамдарды тарту Отан қорғаушының жеке бейнесін қалыптастыруға тың серпін бере алады.

Міне, жолдастар, сіздермен бөлісейін деген негізгі ойларым осындай.

Сіздерге жұмыста табыстар тілеймін.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының IX сессиясында Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасы және оны бүкілхалықтық талқылаудың қорытындысы туралы сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1992 жылдың 9 желтоқсаны

Құрметті халық депутаттары!

Жаңа ғана ашылған Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясының асырып айтпағанның өзінде де тарихи сипаты бар. Оның қарауына шын мәнінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясының — Негізгі заңының жобасы енгізіліп отыр. Біздің барлығымыз — қарапайым еңбекшіден бастап, жоғары билікке ие адамдарға дейін, ол бойынша өмір сүріп, жұмыс істейтін, өзіміздің тәуелсіз егеменді демократиялық мемлекетімізді құратын боламыз. Сондықтан, біздер бастаған өзгерістердің табысты болуы, бүкіл сыртқы және ішкі саясат, жақын да болашақ перспективадағы бүкіл Қазақстан қоғамының әл-ауқаты мен тұрақтылығы біздің Конституцияның бүгінгі күнді қаншалықты нақты көрсетіп, оның ережелері мен принциптері ертеңгі күннің талаптарын қандай дәрежеде бейнелейтіндігіне байланысты болмақ.

Біздің әрқайсымыз осы негіз қалайтын құжат 1977 жылғы үлгідегі «дамыған социализмнің» театрландырылған монтаны жағдайында туып отырмағанын жақсы түсінуіміз керек. Сол жылы бір үлгі бойынша одақтас республикалардың соңғы конституциялары қабылданған болатын. Бүгінде біз мүлдем жаңа тарихи және геосаяси шындық жағдайында өмір сүріп отырмыз, ал мұны айқын білуіміз керек. Бұрынғы біртұтас Одақ жоқ, енді бізге жаңа мемлекетті одан мұраға қалған үйіндіден қайта тұрғызуға тура келеді.

ТМД болашағы өзінің қазіргі қалпында зор оптимизм тудырмайтыны құпия емес. Орталықтан ауытқу тенденциясы бұрынғы Одақ территориясында тұратын халықтардың өзара қарым-қатынасының мемлекетаралық, этносаралық, әлеуметтік-экономикалық және басқа формаларының барлық бағыттары бойынша қанат жаюда. Ресейдегі қазіргі жағдай қатты алаңдаушылық туғызып отыр. Онда билік жолындағы күресте тұрақсыздандыру процестері жүріп жатыр. Шын мәнінде біртұтас Ресей мемлекетін бөлшектеуге шақырған үндеулер айтылуда. Тәжікстандағы, Әзірбайжандағы, Армениядағы, Грузиядағы және басқа мемлекеттердегі істің жағдайы бізді алаңдатпай қоя алмайды. Онда болып жатқан оқиғалар, әрине, Қазақстандағы саяси жағдайға ықпал етеді.

Сондықтан, басқа елдердің ішкі ісіне араласпау принципін қатаң ұстана отырып, біз болып жатқан оқиғаларды мұқият талдап, дипломатиялық жолдармен, халықаралық құқық пен қалыптасқан уағдаластықтарға сүйене отырып, қақтығыстар мен алауыздықтарды реттеуге жан-жақты жәрдемдесуге тырысамыз, экономикалық және ізгілік жәрдемін қоса алғанда, бітімшілік және топтастырушы іс-қимылдарды дамытып келеміз. Бұл біздің ұлттық қауіпсіздігіміздің мүддесіне сай.

Мен кейбір мемлекеттердің басшылығында қалыптасқан ТМД-ға тек өркениетті айырылысу механизмі ретінде қарайтын көңіл-күйді жақтамайтынымды

білесіздер. Сондықтан, сіздердің тұрақты қолдауларыңызбен мемлекетаралық ынтымақтастықтың барлық бағыттары бойынша интеграция саясатын жүргізіп келемін. Мемлекет және үкімет басшылары кеңестерін, Парламентаралық ассамблея, Министрлер кеңесін, Үйлестіру-консультативтік экономикалық кеңесін, Банк одағы мен Мемлекетаралық банкті, ТМД-ның шаруашылық сотын құру жөніндегі инициативаның біздің тараптан жасалғанын еске алсақ та жеткілікті. Минскідегі кезекті кездесуге біз мемлекетаралық сот құру туралы ұсыныс әзірлеп жатырмыз. Ол пайда болған мемлекетаралық және ұлтаралық даулы мәселелерді сыпайы түрде, құқықтық тұрғыдан қарар еді. Біз сондай-ақ Достастықтың ортақ қорғаныс мүддесі саласында да инициативалар ұсындық. Осының барлығы Солтүстік Америкада, Батыс Еуропада, Оңтүстік Шығыс Азияда аймақтық-экономикалық қоғамдастықтар мен әскери-саяси одақтарда жаппай күштерді қайта топтастыру жүріп жатқан қазіргі уақытта өте маңызды.

Осының бәрі бүгінде жаралып отырған мәселеге, мемлекеттік саясатты тек берік конституциялық іргетасқа, нақты заң кепілдіктері мен өкілеттіктеріне ие бола отырып қана, неғұрлым табысты әрі сенімді жүргізуге болатынына тікелей байланысты.

Таңдап алған бағытпен барынша салыстырылған Конституция қазіргі уақытта біздің өзімізге ішкі проблемаларымызды шешу үшін бұрынғыдан да аса қажет. Ал олар көптеп шоғырланып қалды. Өкінішке орай, әзірге біз экономикалық процестерді дамытудағы стихияны ауыздықтай алған жоқпыз. Әлеуметтік-саяси жағдай жеткілікті түрде тұрақты емес, экономикалық құлдырауды тоқтата алмадық: негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің қарқыны бұрынғысынша нашарлай түсіп, өнеркәсіп өндірісі төмендеуде, әл-ауқат деңгейі құлдырап, төлем балансы қиын жағдайда қалуда. Бізге сырттан танылған инфляция мен баға өсуінің қатерлі қарқыны, көптеген тауарлардың, ақша және валюта қаржыларының жетіспеуі, реформаларды жүзеге асырудағы қателіктер — қылмыс, имандылықтан айрылу, масылдық сияқты әлеуметтік кеселдердің үстемелеп қайталанып отырған жағдайында мұның барлығы қоғамдық ахуалға жақсы әсер ете қоймайды. Ащы да болса мынаны айтқым келеді: егер біз осы келеңсіз процестерді тоқтата алмай, дұрыс арнаға түспейтін болсақ, кез келген билік, мейлі ол заң шығарушы, атқарушы немесе сот билігі болсын, көк тиынға да тұрмайды.

Бірақ сонымен бірге, жағдайға объективті баға беру үшін, таңдап алған жолымыз да біздің көптеген істерді тындыра алғанымызды атап өтуге міндеттімін. Ештеңеге сенбейтін және қастық тілейтін адамдардың болжамына қарамастан, ал мұндайлар республикада да, сондай-ақ одан тыс жерлерде де жетіп жатыр, реформа ТМД-ның сом аймағын тұтастай алғандағыға қарағанда бізде едәуір мақсатты әрі нәтижелі түрде жүзеге асырылуда. Нарықтық реттегіштердің жаңа өскіндері айқын бола түсті. Сол жекешелендіруді алып көрелік. Бүгінгі таңда республикада республикалық және коммуналдық меншіктің 4,5 мыңнан астам әртүрлі объектілері өзгертілді. Олардың бағаланған құны — 21 млрд. сомнан астам. Өнеркәсіпте орта және ірі кәсіпорындарды акцияландыру қанат жайды. Аграрлық секторда 447 кеңшар жекешелендірілді, шамамен 9 мың шаруа қожалығы 3,5 млн. гектар жердің иесі болды, 294 мың Қазақстан отбасылары жалпы көлемі 29 мың гектар саяжай учаскесін алса, 1 млн. астам қала және село еңбеккерлерінің бау-бақшалық жері бар. Жеке шаруашылықтарға сиырдың жалпы санының тек жартысы, қойдың бестен бір бөлігі, жылқы басының үштен бір бөлігі және шошқаның 1/4 бөлігі шоғырланған. Іс жүзінде бүкіл мал шаруашылығының өнімділігі нақ соларда тұрақты өсіп келеді.

Біз тапшы азық-түлік тағамдарын, мысалы, қант, өсімдік майын, кондитер, спирт-арақ, сыра-алкогольсіз ішімдік және темекі бұйымдарын өндірудің құлдырауының алдын алып қана қоймай, бірқатар жағдайларда арттыра да алдық.

Біздің село еңбеккерлеріміздің қажырлы еңбегінің арқасында қамбаға 33 млн. тоннадан астам астық құйылды. Халықтың картопқа, көкөніске, жеміске деген сұранысы қамтамасыз етілді. Қажетті мөлшерде жемшөп дайындалды. Май және техникалық дақылдарды өндіру шамамен 2 есе өсті.

Бюджет қаржысын тарту және едәуір теңгермелеп бөлу халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі бірқатар елеулі шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Мысалы, бағаның ырықтандырылуы мен өсуіне байланысты ең аз жалақы мен зейнетақы өсіру жағына қарай қайта қаралды. Күнкөріс минимумының өзгеруіне байланысты оларды қайта есептеу тәртібі белгіленді. Еңбекшілердің өз еңбегінің нәтижесіне ынтасын арттыру мақсатында жалақыға деген барлық шектеулер алынды. Мемлекеттік кәсіпорындарға басшылық жүргізу демократияландырылып, оларға экономикалық қызметте кең дербестік берілді.

Өткен кезең біз үшін халықаралық қатынастарды құру тұрғысынан да айрықша мәнді болды. Қытайға, АҚШ-қа, ГФР-ге, Францияға, Ұлыбританияға, Иранға, Түркияға, Моңғолияға, Пәкстанға, Үндістанға жоғары дәрежелі сапарлар болды. Олар үкіметтік, парламенттік, саяси байланыстарды нығайтып, өзара тиімді ынтымақтастықтың іргетасын қалауға көмектесті. Республикаға несие беруді, инвестицияларды өзара ынталандыру мен қорғауды, бізге кадрлар даярлауды, жан-жақты бірлескен қызметті көздейтін ірі көлемді шарттар мен келісімдерге қол қойылды.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына, Халықаралық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық валюта қорына, Еуропа қайта құру және даму банкіне кірді, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің жұмысына қатысуда, басқа да халықаралық ұйымдармен іскерлік қатынастар орнатты.

Мен осының барлығы жөнінде әдейі жинақтап айтуды ұйғардым. Егер біз бүгінгі таңда республикамызда қалыптасқан қолайлы жағдайларды — сақталып отырған тұрақтылықты, адамдардың өзімізге деген қалтқысыз сенімін, дүниежүзілік қоғамдастықтың бізге деген құрметін пайдалана алмасақ, онда біз тарихтың, келер ұрпақтың алдында, өзімізге билікті ұстатқан халқымыздың алдында, сайып келгенде, өзіміздің ар-ожданымыздың алдында кінәлі болатынымызды айрықша атап көрсеткім келеді. Тарих алдымызға тартып отырған мүмкіндіктерді жүзеге асырып, оны туған республикамыздың игілігі жолындағы прогресті жеделдету үшін толық пайдалану біздің парызымыз.

Сондықтан біздің әрқайсымыз өзімізге жүктелген жауапкершілік деңгейін айқын білуге тиістіміз. Сессияда біздің Негізгі заңымыздың жобасын талқылау бір сәттік саяси немесе өзге де мүдделерді діттемей, қайта сындарлы сипатқа ие болып, ең алдымен, өзімізді сайлаған халық пен мемлекеттің мүддесін білдіреді деп шын пейілмен үміттенемін. Мен нақ осындай әдіске ден қоямын және сіздерді ынтымақтастыққа, даналық пен байыптылыққа шақырамын. Бұл сессия ізгі дәстүрлердің бастауы болсын. Мұның қазір тек Қазақстанның, оның болашағы үшін ғана емес, сонымен бірге Достастықтағы барлық тәуелсіз мемлекеттер мен бүкіл дүние жүзі үшін бұрынғыдан да маңызы зор.

Құрметті халық депутаттары!

Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасын алғашқы оқылымнан кейін қабылдап және оны бүкілхалықтық талқылауға ұсынғаннан бері

жарты жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде жобаны қарағаң барлық облыстық және төменгі жергілікті Кеңестердің сессиялары өтті. Ол еңбек ұжымдарында және азаматтардың тұрғылықты жерлері бойынша өткен жиналыстарда талқыланды. Республика баспасөзінде 500-ден астам әртүрлі мақалалар жарияланып, бұл тақырып теледидар мен радио бағдарламаларында талқыланды. Саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың өкілдері өз пікірлерін білдірді. Мен халықтың жоғары белсенділігін қанағаттанған сезіммен атап көрсетпекпін. Жаңа Конституцияның жобасын талқылауға 3 млн. астам адам қатысып, олар 18 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертпелер енгізді.

Сонымен бірге жобамен тынымсыз сарапшылық жұмысы да жүргізілді. Ресейдің, Беларустың, Қырғызстанның, Украинаның Негізгі заң жобаларын әзірлеушілермен консультациялар өткізілді. Конституциялық комиссия Адам құқығы жөніндегі халықаралық қауымдастықтың АҚШ Конгресі кітапханасы зерттеу орталығының мамандарын, белгілі судьяларды, университеттер профессорларын біріктіретін Адвокаттардың американдық қауымдастығының қорытындыларын алды. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің адам құқығы жөніндегі тобы мүшелерінің, Францияның, Данияның, АҚШ-тың және басқа да елдердің жоғары білікті құқық мамандарының айтқан ескертпелері назарға алынды.

Конституция жобасы әкімдердің және жергілікті Кеңес төрағаларының республикалық кеңесінде талқыланды. Мен Конституциялық кеңестің мүшелерімен, қоғамтанушы ғалымдармен және заңгерлермен бірнеше дүркін консультациялар өткіздім, комиссия мәжілістері аралығында жұмыс топтары тұрақты жұмыс істеді.

Конституциялық комиссия алғашқы оқылымда халық депутаттары айтқан, сонымен бірге бүкілхалықтық талқылау барысында да келіп түскен ұсыныстар мен ескертпелерді ескере отырып, жобаны жетілдірді және оны Жоғарғы Кеңестің қарауына ұсынып отыр.

Комиссия көп жағдайларда жарияланған мәтіндегі өзгертулер мен толықтыруларды әртүрлі сан алуан, кейде бір-біріне кереғар көзқарастар айтылған өткір пікірсайыстардан кейін енгізгенін сіздердің естеріңізге салуға тиістімін. Қабылданған шешімдер де көбіне аз ғана көпшілікпен өтіп, бірауыздан қабылдана қойған жоқ. Бұл жобаның белгілі бір шамада ымыраға келтірілгенін, сондай-ақ кейбір ережелер мен баптардың жеткіліксіз әзірленгендігін, оларды сессияда одан әрі талқылауға алғышарттар жасайтынын көрсетеді. Сондықтан оны сіздерге ұсына отырып, бірінші кезекте, жаңа жайттарды сипаттап, сонымен бірге республика Президенті және Конституциялық комиссияның төрағасы ретінде аса маңызды және пікірсайыс туғызатын проблемалар бойынша өз пікірімді айту құқығын пайдаланбақпын.

Конституция жобасы ең алдымен өзінің құрылымы бойынша өзгерді. «Мемлекеттік қызмет» тарауы алынды да, бұл орайда мемлекеттік қызмет туралы принципті ережелер үшінші бөлімнің «Жалпы ережелер» тарауының бір бабында баяндалды. Бұл салада заң шығару жолымен реттеу тәжірибесінің жоқтығы және Конституцияда мұндай тараудың болуы заң шығарушыны арнайы заң әзірлеп және қабылдау кезінде аса қатаң шеңберге қоюы мүмкін екендігі танылды. Бұған қоса мемлекеттік қызметті конституциялық жолмен реттеп отыру дүниежүзілік тәжірибеге тән сипат емес.

Конституция жобасы оның құрамдас бөлігі болып табылатын өтпелі ережелермен толықтырылған. Олар Конституцияны күшіне енгізу туралы бұрынғы Заңның орнына ұсынылып отыр.

Республиканың федеративтік құрылысы туралы; жобадан өлім жазасын қолдану мүмкіндігі жөніндегі норманың алынып тасталуы туралы; қоғамдық бірлестіктерге заң шығару инициативасы құқығын бекіту туралы; қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын беру туралы; екі палаталы парламент құру туралы; Президентке тек қана мемлекет басшысы міндетін бекіту туралы ұсыныстар принципті көзқарас тұрғысынан қабылданған жоқ.

Енді Конституция жобасының мазмұнындағы баптар бойынша өзгерістер туралы. Айтарлықтай түзетулер енгізілмеген 1/3 — кіріспе. Бүкілхалықтық талқылаудың барысында оның әртүрлі нұсқалары ұсынылды, олардың мәнісі 2 ережеге — қазақ ұлтына мемлекет құрушы ретінде назарды баса аудару және керісінше, мұны жасамауға келіп түйісті. Біз 2 нұсқаны да қанағаттанарлықсыз деп таптық.

Конституциялық құрылыстың негізі жөніндегі ұсыныстар мен ескертпелердің елеулі бөлігі тіл мәртебесіне қатысты болды. Осы даулы мәселе жөнінде Конституциялық комиссия республикада тілдер мәртебесіне қатысты, негізінен тіл туралы заңның нормасын, бірақ оларды бүгінгі күннің ақиқатын ескере отырып, ой елегінен өткізіп қабылдау мүмкіндігін ескерді. Гәп мынада: осы Заңда қолданылған «ұлтаралық қатынас тілі» деген терминнің, бұған дейін әлденеше рет атап өтілгеніндей, нақты заңдылық сипаты жоқ. Ұлтаралық қатынас тілі қызметін азаматтардың өзара келісімі және таңдауы бойынша кез келген тіл атқара алады. Баршаны толғандырып отырған осы проблеманың шешімін табуға ұмтылып, біз бір нәрсені — тілдер мәртебесі туралы конституциялық норма республикада тұратын барлық ұлт өкілдері үшін біріктіруші бастама болуы керек дегенді басшылыққа алдық. Біздіңше, Негіздердің 8-ші тармағының жаңа редакциясы орыс тілінің мемлекеттік тілмен қатар еркін қызмет етуін қамтамасыз етеді және әрбір азаматтың ана тілін пайдалану құқығына кепілдік береді.

Тіл проблемасының адамдардың белгілі бір тобын толғандырып отырғанын біз жақсы білеміз. Бұл арада да жылпостық, кейбіреулердің белгілі бір ұлттар мүддесінің жоғын жоқтаушылар ретінде өздеріне назар аудару талабы да жоқ емес. Ал бізге осы мәселені талқылау кезінде аса сақтық, ұстамдылық және кемеңгерлік қажет.

Бұған дейін қабылданып қойған тіл туралы заңның күшін жою туралы мәселені қою әдептілікке мүлдем жатпайды деп ойлаймын. Бұл заңда қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген. Қазір қолданылып отырған заңды қайта қарау қазақ ұлтын тек өз мемлекетінің ішінде ғана емес, сондай-ақ бұрынғы Одақтың басқа егеменді мемлекеттерімен салыстырғанда тең емес жағдайға қояды.

Екінші жағынан, егер Қазақстанда тұратын екі басты этнос арасында егес туса, онда бұдан бәрінің де ұтылатынын әрқашан да есте сақтау керек. Сондықтан Конституцияда біздің орыс тілді азаматтарымыз құқығының кемсітілмейтініне айқын кепілдік берілуі керек.

Негіздердің 6-шы тармағына өкіметтің 3 тармағы өз қызметінде басшылыққа алатын негіздерді айқындайтын және билікті бөлудің өз моделіміз көздейтін ірку және қарсы салмақ жүйесін пайдалануды көрсететін ереже енгізілген. Бұл принциптер мемлекет туралы бөлімде дамытылған.

Конституция жобасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтары туралы бөлім басты орын алады. Дегенмен мынаны айта кетейін: меніңше, бөлім баптарының бір бөлігі, ал олар 30 шамалы, республикадағы жағдайдың шындығын, қазіргі бар және келешекте болатын қиындықтарды ескермеген, олар азаматтардың міндеттерімен де өзара байланыстырылмаған. Демократия жағдайында жүздеген

жылдар тұрып жатқан мемлекеттердің конституцияларынан осы ережелерді көшіре отырып, Нарықтық экономика жағдайында біле тұра қамтамасыз ете алмайтын құқықты жариялап, біз бос жария етуге салынар едік. Сондықтан, менің көзқарасымша, бірқатар баптарды тек редакциялап қана қоймай, олардың қайсысына сенімді кепілдік жүйесін бере алатынымызды, өзіміз жүзеге асыра алатындарымызды ұқыпты ойластыруымыз керек.

Қазіргі заңдылыққа сілтеме жасалған базалық құқықтар мен бостандықтарды жариялайтын жобадағы бірқатар баптарға айырықша назар аударылды. Осындай сілтемелердің болуынан конституциялық құқықтар мен бостандықтарды едәуір шектейтін немесе жоққа шығаратын ықтимал қаупі аңғарылады. Бұл туралы, сондай-ақ, жоба жөніндегі беделді халықаралық ұйымдардың қорытындыларында да айтылған. Оған менің қосарым, тек осы бөлім ғана осындай сілтемелерге толы емес, олар бүкіл жоба бойында тарыдай шашырап жатыр. Мұның мақсаттылығы маған күмән келтіріп отыр.

Конституцияны оқып шығып және оны түсіну үшін қолға республика заңдары мен нормативтік актілерінің көп томдық жинағын ұстап отыру керек.

Бұдан әрі, Негіздердің 5-ші тармағындағы екінші бөлігіне конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруды шектеу мүмкін және қажет болатын жағдайды реттейтін жалпы норма беру ұйғарылды. Мұндай норма халықаралық-құқықтық құжаттарға, атап айтқанда, Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге және дүниежүзілік конституциялық практикаға сәйкес болуы тиіс. Осыған байланысты 2-баптың құқық пен бостандықты заңдармен шектеудің мүмкін болатын жағдайлары мен тәртіптерін нақты реттеуге мүмкіндік беретін жаңа редакциясы ұсынылды.

Жобаның бесінші тарауы бойынша ұсыныстар мен ескертулердің барынша көп саны түсті. Олардың едәуір бөлігі экономикалық және әлеуметтік құқықтарға конституциялық кепілдік беруді нығайтуға бағытталған. Бірақ, тұтастай алғанда, мұндай ұсыныстар қалыптасып келе жатқан нарықтық экономика ақиқатын ескермейді, қазіргі қоғамға бөліп беру көңіл-күйін, масылдық психологиясын таратады. Жобаның әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер туралы мәселедегі кәдімгі байсалдылығы, өкінішке орай, ауыр қабылдануда. КСРО Конституциясындағы және Қазақ КСР Конституциясындағы тиісті баптардың тұжырымдамаларын тура қайталауды жақтаушылар да аз емес.

Жобада еңбекке деген құқық туралы ереженің болмауы барынша қарсылық туғызуда. Дегенмен ойланып қарайықшы, мемлекет кепілдік берген «еңбекке құқық» идеясының өзі теңгермешілік психологиясы билеген жағдайда ғана, ал мүшелерінің қажырлы, жоғары өнімді еңбекке деген табиғи ынталандырушысы болмаған қоғамда ғана тууы мүмкін. Дегенмен біздің қоғамымызға мықтап сіңген дәстүр — еңбек ету құқығын маңызды әлеуметтік жеңіс деп есептелетінін де ұмытуға болмайды. Еңбек ету құқығы көптеген халықаралық құқықтық құжаттарда жарияланған жағдайын да ескеру қажет. Жобаның жаңа бабы осыны ескере ұсынылып отыр.

Республика азаматтарының медициналық қызмет көрсету және білім алу құқығына кепілдікті нығайту қажет деп танылды. Мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық жәрдемнің тегін көрсетілетіні, жалпыға бірдей және тегін негізгі орта білім алуға, сондай-ақ мемлекеттік оқу мекемелерінде тегін арнаулы орта және жоғары білім алуға кепілдік берілетіні туралы нақты айту қажет.

Конституцияда осындай қағидалардың болуы нарықтық экономика талаптарына сай еместігі туралы пікірлер айтылды. Сондықтан жобада денсаулық сақтау мен білім берудің жеке жүйесін дамытуға кең жол ашылған. Сонымен бірге мемлекеттік денсаулық сақтау және білім беру мекемелерін шектен тыс коммерциялауға жол беруге болмайды. Олардың материалдық базасы бірнеше ұрпақтың еңбегімен жасалып, ал оларды қаржыландыру салық төлеушілердің қаржысы есебінен негізінен бюджет арқылы жүзеге асырылып келді. Осындай жағдайда республика азаматтарын мемлекеттік мекемелерде тегін медициналық қызмет көрсету және білім алу мүмкіндіктерінен айыру жөнсіз болмақ. Сонымен бірге жоғары және арнаулы орта оқу орындары үшін коммерциялық қызметпен айналысу мүмкіншіліктерін көздеген артық болмас.

Азаматтардың негізгі міндеттеріне арналған 6-тараудағы конституциялық міндеттер ауқымы елдің мемлекеттік нышандарын құрметтеу міндетімен толықтырылды. Бұл ереже мемлекеттің беделін нығайтуға бағытталған және біздің мемлекеттігіміздің белгілерін құрметтеу сезімін дамытуға әсер ететін болады.

«Экономика негіздері» тарауынан ұжымдық меншік туралы ұғым алынып тасталды. Бұл біркелкі қабылданбай отыр. Бірақ өркениетті әлемде меншіктің екі түрі: жеке және мемлекеттік (немесе жария меншік) меншіктің белгілі екенімен де санаспауға болмайды. Бұл орайда жеке меншікке тек жеке азаматтардың меншіктері ғана емес, сонымен бірге олардың бірлестіктерінің де — акционерлік қоғамдардың, серіктестіктердің және басқа да меншіктері де жатады. Сондықтан ұжымдық меншік категориясынан бас тарту ұжымшардың, артельдердің құқық субъектілігінің конституциялық негізін бұзбайды. Осы аталған шаруашылық субъектілерінің қайсысын жеке меншікке яғни азаматтардың олардың меншігіндегі нақты үлесін айқын бекіту қажет, қайсысын мемлекеттік меншікке жатқызу қажет екенін айқындап алу керек. Қоғамдық бірлестіктердің меншіктерін (соның ішінде кәсіподақтардың) ұжымдық категорияға жатқызу үшін де дәлелді негіздер жоқ. Қоғамдық бірлестіктер меншігінің белгілі бір ерекшеліктері болса да, дүниежүзінің ешбір елінде оны бұл категорияға жатқызбайды. Әдетте, олардың меншігін құқық жолымен реттеу жеке меншікті құқылық реттеуге жақындастырыла бекітіледі.

Тарауда іскерлік бостандығы тек жеке құрылымдарға қатысты екені айқын айтылған. Мемлекеттік құрылымдарға іскерлік бостандығын беру олардың тиісті мемлекеттік қызметтерін орындауына мүлдем кедергі келтіріп, коммерциялануға әкеліп соғады. Оның үстіне мемлекеттік меншік иесі ретіндегі құқығы шектеліп қоймай, өмірлік маңызды салаларымен бірге, республика экономикасын басқару ісіне де қатер төндіреді.

Конституция жобасындағы ең күрделі бөлімнің бірі «Мемлекет, оның органдары мен институттары» бөлімі болып табылады. Бұл әбден түсінікті де — өйткені, мемлекеттік билікті ұйымдастыру маңызды конституциялық мәселе.

Сіздерге ұсынылған жобада «Жоғарғы Кеңес», «Президент», «Министрлер кабинеті», «Мемлекеттің территориялық ұйымдастырылуы және жергілікті басқару» тараулары кейбір өзгерістерге ұшырады. Егер олардың мәнісі туралы оларды сессияға ұсынылған күйінде айтатын болсақ, онда ол төмендегідей.

Жоғарғы Кеңес бірден-бір заң шығарушы орган ретінде анықталған, ал ол мемлекеттік деңгейде билікті бөлу принципіне сай келеді. Сөйтіп, бірыңғай Кеңестер жүйесі туралы дағдылы ой тәркі етіледі. Шын мәнінде де, кеңес жүйесі пирамидасының шыңында тұрған жоғарғы органның болуының өзі өте проблема-

лы ғой. Осыны негізге ала отырып, бізге заң шығарушы органды атау нұсқаларын да талқылау керек. Біз сіздердің назарларыңызға талқылау барысында ұсынылған тұжырымдамалардың ішінен ең көп қайталанған тұжырымдамаларды ұсынамыз. Атауды таңдау кезінде заң шығарушы органның басты мақсатын, оның өкілеттігінің мазмұнын, міндетін, құру тәртібі мен қызметін, Қазақстан Республикасының ерекшелігі мен ұлттық дәстүрлерін басшылыққа алу маңызды деп ойлаймыз.

Жоғарғы Кеңес депутаты республика халқының өкілі болып табылатындығы туралы ереже осы тарауға едәуір жаңалық береді. Ал ол императивтік мандаттан бас тартуды білдіреді. Оның кезінде ең алдымен депутат өзінің сайлаушыларының мүддесін білдіріп, олардың аманаттарымен байланысты болатын.

Жобада Президенттің өкілеттігі анықтала түскен. Халыққа және Жоғарғы Кеңеске оның үндеу тастау құқығы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тағайындау құқығы енгізілді. Президент өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оның өту процедурасы өзгертілді. Жоғарыдан төменге дейін президент билігінің бүкіл көлбеуінің кешенді конституциялық реттелуі берілген, оны абсолюттендірудің мүмкін болмайтынына кепілдік күшейтілген.

Жобаның Министрлер кабинетіне арналған нормаларын пысықтау кезінде комиссия біреудің шетелдік тәжірибесін таза күйінде біздің негізге көшіре салмай, қайта нағұрлым қолайлы үкімет жүйесін құру тілегін басшылыққа алды. Нәтижесінде мынадай конституциялық үлгі: атқарушы билік басшысы ретінде Президент — Президент жасақтайтын күшті Министрлер кабинеті — үкімет жұмысына тікелей жедел басшылық жүргізу үшін қажетті өкілеттіктерге ие Премьер-министр үлгісі ұсынылады.

Мұндай үлгі, сайып келгенде, соңғы 2 жыл бойы осы салада жүргізілген реформаны аяқтауға мүмкіндік береді. Президенттің мемлекет басшысы міндетін атқаруына қажетті назар аударуына, ал Министрлер кабинетіне, өз тарапынан, парасатты дербестік шеңберінде инициативалы әрекет етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттің территориялық ұйымдастырылуы мен жергілікті өзін-өзі басқару туралы тарау да осы жүйенің тек басты принциптері мен элементтері көрсетілген. Жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың өкілеттігін, олардың құзырлығын белгілейтін нормалар алынып тасталды. Жергілікті өкімет жүйесін реформалау, ұтымды құрылымдарын ұдайы іздеу процесінде екенін ескере отырып, аталған мәселелерді ағымдағы заңдармен реттеу ұсынылады.

Алайда аталған тараулардағы жаңалықтарға сипаттама бере отырып, сіздерді аталған мәселе бойынша мейлінше алуан түрлі пікірлердің бар екендігі туралы да хабардар еткім келеді. Тек бүкілхалықтық талқылау барысында ғана тарауға шамамен 4 мың ұсыныстар мен ескертулер келіп түсті. Демек, адамдар мемлекет органдары мен институттарының құрылымы қандай болатынын, олардың өзара іс-қимылы қалай жолға қойылатынын шындап ойлап, біздің барлық өзгерістеріміздің табысы осыған байланысты болатынын әділ болжап отыр. Сонымен бірге, мұнда қандай да болмасын проблеманы шешуге тек концептуалдық көзқарас қана емес, сондай-ақ тіпті жекелеген сөйлемдердің редакциясы да маңызды рөл атқарады? Жоба мәтінін әзірлеу процесінің өзі осыны қуаттап отыр. Сондықтан сессия қарсаңында мен Жоғарғы Кеңеске қабылданбаған ережелердің, дәлірек айтқанда, олардың бір бөлігінің нұсқаларын да ұсынып, конституциялық нормалардың тұжырымдамаларына сіздердің мұқият қарайтындарыңызға сенім арттым. Біз іскерлік жағдайда, шындық тек менің жағымда демей, барлық келіп түскен ұсыныстарды ой елегінен өткізіп, және нені қабылдайтынымыз,

нені қабылдамайтынымыз туралы уағдаласуға тиіспіз. Мен осындай талқылауды жақтаймын.

Конституциялық комиссияның ұжымдық еңбегі аяқталды, ұсынылған жоба сіздердің қолдарыңызда. Бірақ, осының қарсаңында болған көптеген депутаттармен сұхбаттан маған мәлім болғанындай, әлі де көптеген күмән қалып отыр. Менің де күмәнім бар. Осыған байланысты, оларды ортаға салуды өзімнің борышым деп есептеймін. Мені дұрыс түсініңіздер, сіздерге Конституциялық комиссияның ғана пікірін баяндап, кейбір проблемаларды өзімнің қалай көретінімді айтпай, мен сіздердің ғана емес, сондай-ақ бүкіл қазақстандықтардың алдында толық әділ болмас едім. Бұл ретте, бүкіл халық сайлаған Президент ретінде мен оның тағдыры үшін, таңдаған бағытты, сайлаушылар қолдаған Президент тұғырнамасы принциптерін жүзеге асыру үшін республиканың бүкіл тұрғындары алдында мен жеке-дара жауап беретінімді басшылыққа аламын. Мұны қалай, қандай механизмдерді пайдалана отырып, қандай ретпен істеу керек екендігіне қатысты өз түсінігім де бар. Және бұл түсінік, ешкімге де құпия емес, мен оны өзімнің бүкіл сөздерімде тұрақты баяндап, өз қызметімде жүзеге асырып келемін.

Осыған байланысты біздің жобаны ұқыпты талдай отырып, өзім жауабын таба алмаған сұрақ қойғым келеді. Дегенмен біз қандай мемлекеттілік, қандай республика құрудамыз — президенттік, әлде жартылай президенттік пе, парламенттік немесе қандай да болмасын басқасын ба? Біз барлығымыз өзімізде президенттік республика екеніне тоқталдық және мұны өз халқымызға жария еткенбіз. Бірақ жобада мұндай республиканың барлық белгілері бұлыңғыр, ал кейбіреулері мүлдем жоқ та.

Мені алаңдататын және кең пікірсайыс тудырған басты жайттардың бірі — бұл Жоғарғы Кеңестің, Президент пен үкіметтің өзара арақатынасы, атқарушы өкімет органдарының құрылымы, құрамы мен құзыры.

Жоба бойынша Министрлер кабинетін құру және оның қызметі парламенттің сыпайы бақылауымен жүзеге асырылады. Бірақ Жоғарғы Кеңес Президенттің Министрлер кабинетінің жекелеген мүшелерін тағайындауы мен босатуына келісім беретінін белгілейтін ереженің осал жерін айтпай кетуге болмайды. Оның үстіне 89-шы бапта кабинет Президент алдында жауап береді және оның алдына өкілеттігін тапсырады, деп мәлімделген. «Министрлер кабинетінің осы жекелеген мүшелерінің» құрамын кімнің және қандай формада белгілейтіні туралы мәселе аяғына дейін анықталмаған. Оны қандай белгілер бойынша анықтайды, ол бір ретке немесе мәңгілікке бекітіле ме, әлде өзгеріп отыра ма?

Істің басқа, нақты жағы да бар — Президенттің министрліктер құру және тарату, олардың басшыларын басқа қызметке ауыстыру құқығы бар. Бірақ тағы да, Президент депутаттардың еркіне тікелей байланысты болып отырғанда, ол осы құқығын қалай жүзеге асырмақшы?

82-ші және 90-шы баптарда Президент жарлықтар мен өкімдер, ал Министрлер кабинеті республиканың бүкіл территориясында міндетті күші бар актілер шығарады деп белгіленген. Президент сондай-ақ тапсырма бағытындағы және күші бойынша белгілі бір салаға таралатын қаулы да шығара алар еді деп есептеймін. Премьер-министр кабинетке жетекшілік етіп, оның қызметіне тікелей басшылық жүргізетіндіктен, Конституцияда ол шығаратын актілердің формасын атау және олардың заңды күшін көрсету орынды болар еді.

Бүгінде экономикалық қайта құру серпіні мынадай: экономиканың мемлекеттік секторы жедел басқаруға аса мұқтаж болып отыр. Сондықтан Министрлер

кабинеті Жоғарғы Кеңеске дағдарысқа қарсы шаралар бағдарламасын енгізе отырып, қосымша өкілеттіктер сұрап отырғаны бекер емес. Гәп мынада, кезінде өте көкейкесті болған және өзінің оң рөлін атқарған бұрын қабылданған көптеген заңдар қазір нақты шындықты бейнелемейді, олардың кейбіреулері мүлдем жұмыс істемейді, қайта тежеуші факторға айналды. Заңға қажетті түзетулер, әрине жүргізілуде. Бірақ өкінішке орай, өте кешіктіріліп жүргізілуде. Бұрынырақ біздер бірлесіп шығарған және сол кезде прогресшіл жаңалық ретінде қабылданған біздің кейбір заңдар мен нормативтік актілеріміз тексере келгенде, зиянды болып шықты және дереу күшін тоқтатуды әрі жан-жақты ойлануды талап етеді.

Мұны нақты мысалмен дәлелдейін. Сіздер мен біздер кезінде экономикалық еркін аймақ идеясымен әуестеніп және оны тиісті заңдармен және үкімет актілерімен жүзеге асыруға барынша белсене әрекет еттік. Бірақ қазір, уақыт өткен соң, біздің біршама асығыстық жасағандығымыз айқын болды. Мәселе мынада, қазіргі бар тәсіл, менің байқауымда, қазіргі Конституциямен де және біз жаңасына енгізіп жатқан нормалармен де қарама-қайшы келеді. Біз Қазақстан унитарлық мемлекет, жер, оның кен байлықтары, суы, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғат ресурстары тек қана мемлекет меншігінде деп мәлімдейміз. Және де бұл даусыз ақиқат. Бүкіл дүниежүзінде табиғат байлықтарын, шикізат қорларын мемлекет бақылап отырады.

Ал біз болсақ, өз актілерімізбен экономикалық аймақтарға, ал оның ең бай шикізат ресурстары бар аймақ екендігін ескеруіміз керек, ұлттық байлығымызды іс жүзінде бақылаусыз шашып-төгуге осындай құқық беріп, жағдай жасаймыз, ал бүгінде бұл республиканың материалдық игілігінің және реформаны қамтамасыз етудің ең маңызды көзі болып табылады. Ал маған, бұл олай емес, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған өлке» болады деп дәлелдеуге тырысқанда, мұның барып тұрған даңғойлық және хандық болмаса да өзінше бір князьдық құруға ұмтылушылық екенін айқын көремін.

Осыған байланысты, бізге Конституцияда жергілікті өкімет туралы мәселені шешіп, ақыр соңында, осы маңызды проблеманың түйінін табу аса қажет деп ойлаймын. Жақында жаңа Конституциясын қабылдаған Өзбекстан да мұны істей білді ғой, және жап-жақсы істей білді.

Жергілікті өкіметті әрі-сәрі күйінде қалдыруға болмайтындығына мен өзімнің республика бойынша соңғы сапарым кезінде де, облыстардың, аудандардың басшыларымен, осы сессия қарсаңында халық депутаттарымен сұхбаттар барысында да көз жеткіздім.

Дұрыс түсініңіздер, мұны тек басқару құрылымын жетілдіру, қос өкіметке жол бермеу үшін ғана емес, сондай-ақ біздің мемлекеттігіміз бен егемендігімізді қорғау, тұрақтылықты, қоғамдық тыныштықты сақтау үшін де істеу керек.

Мұның саяси тұрғыдан келгенде басқа да, барынша маңызды жағы бар болуы мүмкін. Біздің экономикалық аймақтарымыз — бұл көпшілік жобаларда облыстар, демек, мемлекеттік әкімшілік-аймақтық бірліктер. Ал, Конституцияда біз мемлекетіміз тұтас деп барынша айқын және бір мәнді мәлімдейміз. Бұл нұсқадағы экономикалық аймақ болса, объективті түрде экономикалық сепаратизмді туғызатынын айтар едім. Біз көріністерін қазірдің өзінде байқап отырған экономикалық және саяси сепаратизмге ұмтылу бағыты бұл жағдайда бірігіп және бірін-бірі күшейтетіндігі соншалық, оның нәтижесін болжап білу қиын емес.

Бұдан да көбірек айтсам, бізде алаңдатарлық нышандар бой көрсетуде. Жақында өткен кейбір митингілерде Жоғарғы Кеңес пен үкіметке республиканың

федеративтік құрылысы үзілді-кесілді түрде таңылған, онда облыстар осы федерациялық субъектілері болуға тиіс, деп айтылыпты. Бірақ КСРО-ның ыдырауына, осындай сценарий бойынша жүргенін, қазір де кейбір республикаларда мұның өзі қантөгіспен одан әрі ушығып отырғанын еске түсіріңіздер. Біз мұндайға жол бере алмаймыз және жол беруге тиіс те емеспіз. Бұл егемендікке, тұрақтылыққа, тіпті әрбір қазақстандықтың отбасының тыныштығына тікелей төнген қатер.

Митингілердің бірінде, бір жағынан, мемлекеттік қостілділікті енгізу осындай үзілді-кесілді түрде ұсынылса, ал екінші жағынан басқа тілдердің қызметі туралы ешқандай айтып жатпастан, тек қазақ тілін мемлекеттік деп тану ұсынылуда. Біресе ана ұлттың, біресе мына ұлттың өкілдерін көшіру жөнінде шаралар қолдануға шақырған үндеулер естілуде.

Бұлардың қай-қайсысына да біз бекем де бір мәнді жауап беруге тиістіміз: үзілді-кесілді талап қою тілі біз үшін қолайлы емес. Бұлардың қай-қайсысы да Қазақстанның тәуелсіз егеменді мемлекет екенін, оның қазірдің өзінде кез келген экстремистерді ақылға келтіріп, қалыптасып келе жатқан мемлекеттік құрылысты шайқалтуға жол бермеуге жеткілікті конституциялық мүмкіндіктері бар екенін түсінетін уақыт жетті. Осы жас мемлекеттің өз азаматтарының, олардың қандай ұлтқа, қандай әлеуметтік жікке, діни конфессияларға, саяси партияларға немесе қозғалыстарға қатыстылығына қарамастан, олардың мүддесінен артық ешқандай мүддесі жоқ. Кез-келген егесушілік, шектен шығушылық халыққа қарсы, қатардағы азаматтарға қарсы әрекет етеді, барлық адамдардың бейбіт өмірі мен тыныштығын тәлкек етеді.

Сондықтан, қанеки, туындап жататын барлық мәселелерді жалпы игілік мүддесі үшін байсалды, қызбалыққа салынбай қарайтын болайық. Оларды біз үшін ешкім шешіп бере алмайды. Және олар өркениетті түрде, әділ де жауапкершілікпен талқылануға тиіс. Депутаттарды халық сайлаған, сондықтан олар жеке адамдардың емес, мемлекеттің барлық азаматтарының мүддесі үшін шешімін табуға міндетті. Тек сонда ғана Жоғарғы Кеңес өз міндетін орындайды.

Дегенмен, экономикалық аймақтарға оралайық. Мен бұрынғысынша олардың болуына қарсы емеспін. Мен аймақтардың экономикалық мәселелердегі құқықтарын кеңейтуді жақтаймын, бірақ біздің бұл іске көзқарасымыз, ең бастысы — мақсатымыз қатаң тексеріліп отыруға тиіс. Осыған байланысты Конституцияға мемлекеттіктің бұлжымас белгісі ретінде, ортақ бөлінбес экономикалық кеңістік ұғымын енгізуді ұсынар едім. Заңгерлер мұны дәлірек тұжырымдай алады.

Осындай шегінісім үшін кешірім сұраймын, бірақ біз осындай жетілмеген актілердің алдағы уақытта да пайда болмайтындығына ешқандай кепілдігіміз жоқ деп есептеймін. Ол үшін ешкімді де кінәлағым келмейді. Бұл едәуір дәрежеде объективті процесс, біздің барлығымыз да іс-қимыл үстінде үйренеміз және қателіксіз болмаймыз. Дегенмен мұны реттеу, шұғыл маневр жасауды қамтамасыз ету үшін конституциялық нормалар арқылы — белгілі бір кезеңге және қатаң белгілі мәселелер ауқымында — қазіргі бар заңдардың нормаларын тоқтату, тіпті, өзгерту жөнінде жарлықтар шығару жөнінде Жоғарғы Кеңестің Президентке өкілдік беру құқығын көздеген жөн болар еді.

Тоталитаризмге, авторитарлыққа қайтып оралды, демократиялық өзгерістер тоқтатылды дейтін өз атыма наразылықтар мен сынның, оның ішінде сырттан да, пайда болатынын білемін. Сөз ретінде айта кетейін, ол қазірдің өзінде айтылып жүр. Бірден мынаны мәлімдеймін: мұндай дәлелдерді қабылдамаймын, демократиялық процестердің дамуын қандай да бір болмасын тоқтату туралы сөз

болуы мүмкін емес. Осының барлығы ең алдымен экономикалық реформаларды мұлтіксіз жүргізу үшін және, қайталап айтамын, қатаң реттелген өтпелі кезең үшін жасалып отыр. Біздің басымызға түскен экономикалық бей-берекеттікте мұндай шараларсыз болмайтындығына сенімдімін. Егер бізге осы кезеңге күшті атқарушы өкімет қажет болса, біз бұған саналы түрде баруға тиіспіз.

Енді басқа да кейбір жайттар туралы. Мәселен, 65-бапта жазылғандар күмән келтіреді. Оған сәйкес тек Жоғарғы Кеңес мемлекеттік салықтар мен жылуларды белгілейді. Бұл конституциялық реттеудің мәселесі еместігі айдан анық. Белгілі бір кезеңде осы өкілеттіліктердің бір бөлігін үкімет немесе жергілікті билік пен басқару органдарына беру туралы мәселенің туатыны сөзсіз.

Конституция жобасының 119-шы бабына сәйкес Президент, тізімге енгізілген азаматтардың жалпы санының көпшілік сайлаушылары оның кандидатурасын жақтап дауыс берсе, ол сайланды деп есептеледі. Бұл ретте конституциялық комиссия мұның шын мәнінде республика азаматтары көпшілігінің еркін білдіретіндігін басшылыққа алды. Бірақ басқа да көзқарасқа негіз бар. Ол халықтың сайлау белсенділігінің төмендегендігін көрсететін болжам талдамалары жағдайына қатысты. Ондай жағдайда дауыс беруге қатысқандар санынан кәдімгі көп дауыс алу арқылы Президентті сайлау мүмкіндігін талқылаған орынды.

Тәжірибе көрсеткеніндей, Президент жанындағы консультативтік-кеңестік органдар және мемлекеттік кеңесшілер институты өзін ақтады. Бұл институттардың, әсіресе, стратегиялық және тактикалық сипаты бар Президент шешімін талдап жасаудағы рөлі айтарлықтай. Мемлекеттік кеңесшілер талдау, жоспарлау, үйлестіру, бақылау қызметтерін атқарады, сондай-ақ бірқатар жағдайларда Президент тапсырмасы бойынша мемлекеттік, әлеуметтік және мәдени құрылыстағы жекелеген салаларды басқаруды жүзеге асырады. Осымен байланысты Конституцияға Президенттің консультативтік-кеңесші органдар құруына, мемлекеттік кеңесшілерді тағайындауға жаңа қызметтен босатуға құқылығын жазудың мәні бар.

Бірлескен сындарлы жұмыс барысында мен айтып өткен түзетулерді енгізуге болады деген сенімдемін, бұл түзетулер заң шығарушы және атқарушы өкімет билігі өкілеттіктерінің ара жігін айқын ажыратуға бағытталған. Өйткені, мұнымен бәрі де келіседі ғой.

Қарауға беріліп отырған жобада Жоғарғы сот басшылығымен біртұтас сот жүйесі ұсынылады, оның бір палатасы Конституцияны сот арқылы қорғау өкілеттілігіне ие болады. Жобаны әзірлеушілердің мұны сот жүйесіндегі көп буындылық және бытыраңқылық жойылады деп түсіндіруде, мұның өзі, біріншіден, сот билігін нығайтуға, екіншіден, бірқатар мәселелер бойынша сот қызметін ұйымдастыруды жақсартуға, (біртұтас процессуалдық негіздердің болуы, белгілі бір істердің соттылығы туралы дау туғызбау, судьяларды әртүрлі категорияларға бөлуді жою, біртұтас аппарат және басқалары, үшіншіден, Конституцияны сот арқылы қорғауды жүзеге асыру кезінде саясилануға ұрынбауға мүмкіндік береді. Соттың міндеті, ең алдымен, Конституцияны қорғау болуға тиіс.

Бұл әңгіме қазіргі Конституциялық және Жоғары арбитраждық соттарға қол сұғу және Конституцияны сот арқылы қорғаудан бас тарту ретінде бағаланбауға тиісті. Конституцияның өтпелі ережелері Жоғарғы сот және сот құрылысы туралы конституциялық заңдарды қабылдағаннан кейін біртұтас сот жүйесін құруды көздейді. Оларды талдап жасау осы Конституцияны қабылдаған кезден бастап 2 жылдан кешікпей аяқталуға тиісті.

Біртұтас сот құру идеясы біркелкі қабылданбай және даулы мәселелердің бірі болып отырғанын білемін. Осы мәселе бойынша тіпті мынадан — «қолында өкімет билігі барлар» бірнеше процестерді өткеріп, өзін көрсеткен Конституциялық соттың сазайын беруде деген пайымдаулар пайда болды. Мен мұндай ұйғарымдарға бармас едім. Бұл менің идеям емес, республиканың өзге басшыларына да күдік келтіруге болмайтынын айтуға тиістімін. Біз қазір соттық-құқықтық реформаның алдында тұрмыз және Конституция негізінде Жоғарғы Кеңес осы мәселе бойынша бір шешімге келіп, сот жүйесінің болашағы қандай болмақ, ол өзгеруге тиісті ме, жоқ па, осыны айқындауға міндеттіміз. Егер солай болса, онда осы реформа кезеңін олардың мазмұны мен мерзімі бойынша көздеуіміз керек.

Бүкілхалықтық талқылау барысында судьяларды Президенттің тағайындауы туралы ұсыныстар түсті. Заңгерлер жұртшылығы да осы пікірді алға тартуда. Халық депутаттары осыған назар аударулары тиіс деп ойлаймын. Бұл жағдайда Президент мемлекет басшысы ретінде судьялар тәуелсіздігінің кепілі болады. Олай болса, оның жанында әділ соттың жүзеге асырылуын ұйымдастыру мәселелерін қарайтын судьяларды тағайындау және орындарын ауыстыру жөнінде ұсыныстар әзірлейтін Жоғары сот кеңесі жұмыс істеуге тиіс. Бұл жағдайда осы идеяны жақтаушылардың пікірі бойынша судьялар парламенттік партиялардың, депутаттардың топтық мүдделерінің ықпалынан қорғалатын болады. Ал мұндай ықпалдың болуы әбден мүмкін.

Біз қазір президенттік импичменттің мүмкіндігін тағайындаудан және парламентті таратудан принципінде неге бас тартқанымызды да түсіндіргім келеді. Мәселе, әрине, біреудің жеке жақсы немесе жек көруінде емес. Оның үстіне менің инициативам бойынша Конституциялық комиссия Президентті қызметінен алу және парламентті тарату туралы баптың нұсқаларын 2 рет қарап шықты. Грузия мен Тәжікстанда болған оқиғаларға талдау жасау, достастықтың басқа елдерінде президент пен парламент арасындағы қатынастардың даму серпінін зерттеу, сондай-ақ өзіміздің саяси-құқықтық мәдениетіміздің деңгейіне объективті баға беру қазіргі күрделі жағдайда Президентті орнынан алу және парламентті тарату тетіктерін тағайындау оларды елеулі тұрақсыздандырушы факторға айналдыратын айқын қатері бар екенін көрсетіп отыр. Біздің бүгінгі басты міндетіміз — өкімет институттарының тұрақтылығын қамтамасыз ету, тіпті, конституциялық дағдарыс көлеңкесінің өзінің пайда болуына мүмкіндік бермеу.

Қазір өкімет аласапыранына жол беру — демек, мемлекетті кең көлемді бейберекеттіктің құрдымына тарту деген сөз. Біз Жоғарғы Кеңес конституциялық өкілеттілігінің бүкіл мерзімін сөзсіз өтеуі тиіс дегенді негізге аламыз.

Бізге барлық депутаттық корпусты сақтау қажет. Қазір депутаттық өкілеттіліктерін әкімшілік басшыларының тапсыруы туралы мәселені шешетін кез емес. Жаңа өкімет құрылымдарын құруға 1,5-2 жыл қалғанда сайлау науқанына берілудің қоғамның саяси қуатын шығындаудың орны жоқ. Егер ол қажет болса, іс пен тұрақтылық үшін қазіргі бар заңдарға тиісті түзетулер енгізуге болады. Қазіргі Жоғарғы Кеңес нарыққа өтпелі кезеңнің заңдық базасын құруды бастады және мақсатты түрде жалғастыруда. Басталған істі аяғына дейін жеткізу керек.

Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде саяси-құқықтық тұрақтылықтың өзіндік бір үлгісі бола алды және болуға тиіс.

Халық депутаттары жобада көрініс таппаған, бірақ Конституция мәтінін дайындау үстінде белсенді түрде талқыланған басқа да бірқатар конституциялық ережелерге қатысты көзқарастарын айтады деп ойлаймын.

Құрметті депутаттар! Біздің барлығымыз жарты жыл бұрын бастаған істі — жаңа Конституцияны қабылдауды табыспен аяқтаудың қажеттігіне осы залда отырғандардың ешқайсысының да күмән келтірмейтініне мен шын жүректен сенемін. Ол бізге ауадай қажет деп айтсам, мен қателеспес едім және оған себеп те жеткілікті.

Біріншіден, мұның алдындағы Конституция КСР Одағының құрамындағы республиканың Конституциясы болатын. Жаңа тәуелсіз мемлекет өзін-өзі танытуға, соның ішінде бұрынғы құқықтық жүйені өзгерту жолымен де нығайтуға тырысады. Және бұл бірінші кезекте нығайып келе жатқан мемлекеттің барлық заңдары базасының өзегі Конституцияға қатысты.

Екіншіден, қоғамда болып жатқан өзгерістер серпіні бұрынғы Конституцияның аясына сыймайды. Оның тұжырымдамасы мен құрылымы уақыт талабынан кейін қалғандығы сонша, бұл қайшылықтарды ешқандай да түзетулермен жоюға болмайды.

Үшіншіден, билік өкілеттіліктерін іс жүзінде бөлу негізінде мемлекеттік өкімет жүйесінде тепе-теңдік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін жоғары заң шығару актісі қажет. Бұл ретте өзара тежеу мен қарсы салмақтар жүйесі қаланады.

Атап айтқанда, Конституция сияқты деңгейдегі құжатта көп ұлтты мемлекет ретінде Қазақстанның ерекшелігін толық көрсетуге болады, оның жағдайында сондай-ақ қазақ ұлтын қайта түлетудің барлық алғышарттары жасалады. Сонымен бірге ұлттық және азаматтық тең құқылыққа өкілдері Қазақстанда тұрып жатқан ұлттар тілдерінің және өзіндік мәдениетінің дамуы кепілдік беріледі.

Еркін кәсіпкерлікке, нарыққа қарай ілгерілеудің құқықтық кепілдігі де күшейтілуін талап етеді. Жаңа Конституция, нақ осыған бағытталған. Дегенмен мұнда да тепе-теңдік қажет, өйткені халықтың кедейленген жіктері үшін мемлекет тарапынан әлеуметтік кепілдіктерсіз экономика негіздерін арнайы құқықтық реттеу болмайынша біздің жағдайымызда нарыққа көшу жүзеге аспайды.

Сыртқы саяси сипаттың да маңызы бар. Қазақстан Республикасы егер өзінің Конституциясы бүкіл әлемге біздің жаңа мемлекетіміз, біздің еліміз әлемдік өркениеттің құрамдас бір бөлігі екендігін, Қазақстан халықаралық қоғамдастыққа өзінің негізі жалпы адамзаттық құндылықтар болып табылатын тату көршілік және шынайы ынтымақтастық ниетпен кіретіндігін танытқан кезде ғана дүниежүзілік қоғамдастықтың лайықты және тең құқықты мүшесі бола алды.

Сөзімді аяқтай келе, біздің алдымызда тәуелсіз мемлекет — Қазақстан Республикасының тұңғыш Негізгі заңын қабылдау міндеті тұрғанын тағы атап өткім келеді. Бұл іс біздің қаншалықты салмақтылықпен, ақылмен және жауапкершілікпен келуімізге көп нәрсе байланысты болмақ.

Бүгін бірнеше ғасырға есептелген Конституцияны жасауға ұмтылмаған жөн. Міндет онда емес. Жаңа Конституция қиын және қысылтаяң өтпелі кезеңдегі жағдайда біздің алға жылжуымыздың берік негізі, шынайы егеменді, тұрақты және берекелі Қазақстанды дәйекті түрде жасау жолында сенімді бағдар болуға тиіс.

Құрметті халық депутаттары!

Бұл жобаны талқылағанда және дауыс бергенде нақ осы тұрғыдан келулеріңізді тағы да сұраймын. Сіздердің риясыз ниеттеріңізге, әділдіктеріңізге және даналықтарыңызға сенемін.

Қазақстан халықтары форумында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1992 жылдың 14 желтоқсаны

Құрметті форумға қатысушылар!

Мен форумға жиналған Қазақстан ұлттары мен ұлыстарының өкілдерін шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанда жүргізіліп жатқан өзгерістердің қажеттілігі мен тұрлаулылығын толық көлемінде сезінетін пікірлестердің осы залда жиналғанына сенімдімін. Мен үшін, республика Президенті үшін бұл өте маңызды. Өйткені, біздің баршамыз, қай ұлттың өкілі болмайық, ортақ идеямен біріккенбіз, өзіміздің алдымызға шынында да орасан зор мақсаттар — дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі болып табылатын, жоғары халықаралық өлшемдерге сай тәуелсіз, демократиялық мемлекет құру мақсаттарын қойып отырмыз.

Жеке меншікті антагонистік тұрғыдан қабыл алмаудан қазір біз көпукладты шаруашылыққа көшіп жатырмыз. Өктемдік мемлекеттен — жеке адамның бостандығына көшудеміз. Бір партияның үстемдігінен саяси плюрализм мен ашық қоғамға өтудеміз. Тарихи дамуда шұғыл бетбұрыс жасаудың ауыр салмағы біздің үлесімізге тиіп отыр. Мұны көптеген халықтар мен мемлекеттер басынан өткізе қойған жоқ. Бұл үшін азаматтық ерлік пен ерік-жігер, біріккен әрі ұйымдасқан іс-қимыл, саяси тұрақтылық, жалпыұлттық келісім қажет.

Егемендік туралы жариялаған кезімізден бері 2 жылдан астам уақыт өтті. Міне, біз 1 жыл бойы тәуелсіз мемлекет жағдайында өмір сүріп келеміз. Бұл ақиқат шындық және де өмір ағысын кері бұра алмайсың. Бірақ, біз белгілеген нәрсенің бәріне қол жеткізе алдық деп айта алмаймыз, әрине, республика экономикасы, оның әлеуметтік саласы елеулі қиыншылықтарды бастан кешіруде. Алайда басталған жұмыс — соңғы уақытта ішкі және халықаралық аренада жасалған қадамдар, үкімет жасаған дағдарысқа қарсы шаралар бағдарламасы — барған сайын айқын бедерленіп келеді. Нарықтық өзгерістер, объективті және субъективті қиыншылықтарға қарамастан, жүріп жатыр.

Біздің мемлекеттігіміз жаңа келбетке ие болуда. Біз тарихи оқиға — Конституцияны қабылдау қарсаңында тұрмыз. Қазір Жоғарғы Кеңес сессиясында оның жобасымен қызу жұмыс жүріп жатыр. Бұл жұмыстың ойдағыдай аяқталатынына сенім білдіремін. Республиканың Негізгі заңы болады, біз сол Заңға сәйкес өмір сүріп, жұмыс істеп, ішкі және сыртқы міндеттерді шешетін боламыз.

Конституция көп ұлтты мемлекет ретінде Қазақстанның ерекшелігін ескеруге тиіс және сөзсіз ескереді де. Онда ұлттық және азаматтық тең құқықтық кепілдіктері, адам құқықтары мен бостандықтары халықаралық нормаларға сәйкес айқын белгіленіп, халық пен мемлекет мүддесін, біздің ошағымыздағы бейбітшілік пен тыныштықты қорғау көзделетін болады.

Біздің басты игілігімізді — халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпақтары құрды. Сондықтан бүгін біздің тарихымыздағы көп нәрсені ой елегінен қайтадан өткізе отырып, біздің осы байлықты талан-таражға салуға, интернационализмнің ізгі дәстүрлерін ұмытуға құқымыз жоқ. Олар соңғы онжылдықтарда ғана және партияның нұсқауымен құрылған жоқ.

Тарихтың жазуымен, қазақтардың ежелгі жері әртүрлі себептермен — тарихи, саяси, әлеуметтік себептермен осында келген көптеген халықтардың өкілдерін ерте кезден қабылдай бастаған болатын.

Сонау Иван Грозный мен Петр I заманынан-ақ біздің өлкемізде қашқын адамдар пайда бола бастады. Кейіннен мұнда Ресейдің барлық түкпір-түкпірінен Жер бөлісудің құрбандарына айналған шаруалар, империя шекараларын қорғауға шақырылған казактар қоныстана бастады. Өткен ғасырда ұйғырлар мен дүнгендер осында қаптап қоныс аударды. Столыпин реформалары орыс, украин, Беларусь, поляк қоныс аударушыларының едәуір толқынын туғызды. Дала әрқашанда саяси жер аударудың мекеніне айналды, ол халықтарды жаппай күштеп көшірудің сталиндік заманында бұрын-соңды болмаған қасіретті шегіне жетті. Өз еріктерінен тыс және оның үстіне қазақ халқының пікірін ескерместен, республикаға корейлер, Поволжье немістері, шешендер, ингуштер, месхеттік түріктер, өзге де ұлт өкілдері қоныс аударды. Және, ақыр соңында, «ұлы екпінді құрылыстар» мен тың жерлерді игеру кезеңінде Қазақстан орасан зор көші-қон тасқынының астында қалды. Халықтың табиғи көші-қоны қазір де болып жатыр.

Бұрынғы қеңес республикаларының ешқайсысы да осындай жойқын қоныс аудару процесін бастан өткермеген болар. Бұл, әрине, тарихи оқиғалармен де, Қазақстанның геосаясаттық жағдайымен де байланысты болды. Қазақ ұлты, оның ақжарқындығы, қонақжайлылық пен тату көршіліктің сан ғасырлық дәстүрлері біздің жеріміздің оларды жатсынбай, қайта сан мыңдаған адамдар үшін туған үйіне айналуында тіпті басты рөл атқарған да болар. Бірлескен еңбекте, аға ұрпақтар өкілдерінің үлесіне тиген ауыртпалық пен жоқшылықты жеңу жолында, күнделікті тыныс-тіршілік пен мерекелерде республика халықтарының бірегей көп ұлтты қауымдастығы қалыптасып, оның қазіргі бейнесі жасалды.

Мен біздің ұлтаралық қатынастарымыздың өткені мен бүгінгісін тіпті де дәріптеп көрсету ниетінде емеспін. Олардың дамуында өзінің ішкі психологиялық қиыншылықтары да, ұлт саясатының бұрмалануы да болды. Мұның бәрі із-түзсіз өтіп кете қойған жоқ. Сондықтан республикаға келіп жатқандардың жергілікті әдет-ғұрыптармен, дәстүрлермен рухани өмірмен санаспаған тоталитарлық жүйенің «тетіктеріне» айналуы олардың кінәсі емес, қайта қасіреті еді.

Бұл қазақ халқы, оның мәдениеті мен тілі үшін нағыз қасірет болып шықты. Айтқандайын, мұндай құбылыстар басқа республикаларда да болып жатты және Кеңес Одағының ыдырауының бір себебі, сірә, осында жатқан болуы керек. Жүйенің шаңырағы тек оның саяси және экономикалық дәрменсіздігінен емес, сонымен бірге халықтардың өздерінің күш-жігеріне сеніп, ұлттық мәдени және рухани игіліктерін, өздерінің ана тілін қайта түлету қажеттілігін сезіне білуінен де орта-сына түссе керек.

Мұндай ұмтылыстан басқалардың құқына ұлттық нұқсан келтіруді ғана көру зор қателік жағдайға қайтып оралу. Сондықтан да мен республика халықтарының қазақ халқының санасында болып жатқан өзгерістерге түсіністікпен қарап, оларға рухани және интеллектілік тұрғыдан қолдау көрсететіндеріне шын көңілмен сенемін.

Екінші жағынан, жаңа жағдайларда республиканың өзге халықтары да қалыптасудың күрделі процестерін басынан өткеріп отырғанын ескеру қажет. Мұның өзі қазақ ұлты тарапынан да дәл осындай түсіністікті талап етеді. Өзгелердің ұлттық қадір-қасиетін құрметтемей тұрып, өзіңді құрметтеуге басқаны мәжбүр ете алмайсың.

Біздің бәріміз қарапайым нәрсені: үлкен ағайынның да, кіші туысқанның да жоқ екенін түсінуіміз қажет. Бүгінде баспасөзден оқып, митингілерде естуге болатын адуынды пікірлермен және үзілді-кесілді талаптармен тіпті ең оң істі де жүзеге асыра алмайсың, оның үстіне қарсыласыңның түсіністігіне қол жеткізе алмайсың. Егер, бір жағынан, бізді ығыстыруда деп сенімсіздік көрсетіп, екінші жағынан, талап қойып, енді есесі қайтпайтын есеп ұсынып, бірлесіп сүрген өмірімізден тек келеңсіз жайларды ғана көретін болсақ, онда сөзсіз тұйыққа тірелеміз. Өткен қиыншылықтарға қабақ шыта қарайтын кез өтті. Жасампаздық, біздің мемлекетімізді құру кезеңі туды.

Біз барлығымыз қарапайым тұрғындар ғана емес, Қазақстан Республикасының азаматтарымыз! Сондықтан адамға лайық өмір жолын таңдаған, ұрпақтар алдында жауапкершілікті мойнына алған өз мемлекетіміз үшін мақтаныш сезіміне бөленіп, біртұтас отбасы сезімін сезінуге, қазір бүкіл дүниежүзі білетін республика Туын, Елтаңбасын, Әнұранын ардақтап, құрметтеуге тиіспіз. Нақ қазақстандық мемлекеттік патриотизм республиканың оны мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың қайта түлеуінің басты тірегіне айналуы мүмкін.

Қазақстан халқы республика басшылығы ұлттық келісім саясатын бекем және ақырына дейін жүргізетініне, заң негізінде берік тұрып, қандай да болсын себептермен пайда болатын дүшпандық өртін тұтандыруға мүмкіндік бермейтініне сенімді бола алады.

Жақында мен, республика бойынша бірқатар сапар жасап, еңбек ұжымдарында болдым, жастармен, әскерилермен, шығармашылық және ғылыми интеллигенциямен кездестім. Телевизия арқылы халықтың әртүрлі жіктері өкілдерінің сұрақтарына жауап қайтардым. Бұл кездесулер маған жаңа ғана өзім айтып өткен проблемалардың адамдарды шынында да алаңдатып отырғаны жөнінде қорытынды жасауға негіз береді. Қоғамдық өмірдің тынысы ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне әрқашан да сергек үн қатады.

Егер халықтың басым көпшілігінің пікірін жинақтасақ, онда ол бір нәрсеге, біздің бұра тартып, бөліп алар ештеңеміздің жоқ екендігіне, сондықтан бірден-бір ықтимал жол — бұл қызбалықтың өршуіне жол бермеу, тыныштық пен келісімді сақтау үшін барлық мүмкіндікті жасау екендігіне келіп саяды.

Қазақстандықтармен болған кездесулер мен әңгімелер қуантты. Бүгін адамдарды тұрмыстың ауыртпалығынан гөрі реформаны жеделдету проблемалары, шынайы нарықтық қатынастардың қалыптасуы, өкімет билігін нығайту мәселелері де қатты толғандырып отырғаны назар аудартады. Мұның өзі көңіл күйде бетбұрыс жасалып, болып жатқан нәрселердің мәнін ұғынудың және нақты істерге белсенді араласуға деген құлшыныстың арта түсіп отырғанының тағы бір айғағы.

Осыған байланысты республикада қоғамды топтастырудың айқындамасында берік тұрған өзгерістерді жақтаушылардың күш-жігері артып, нығайып келе жатқаны мені шынайы қанағат сезіміне бөлейді. Сіздерден, форумға қатысушылардан, мен осындай ынтызар адамдарды көріп отырмын. Бұл шараны өткізу идеясының өзі өте жемісті әрі көп үміт күттірерлік. Гәп мынада, Қазақстан бүгінде ТМД елдері үшін айтарлықтай сирек кездесетін артықшылыққа — саяси тұрақтылықтың біршама жоғары деңгейіне ие болып отыр. Дегенмен, біздің тоқмейілсуге хақымыз жоқ: егер қол қусырып қарап отырсақ, онда осы артықшылықтан айрылып қалуымыз да мүмкін. Сіздер көптеген облыстарда болдыңыздар, делегациялармен

алмастыңыздар, адамдардың қалай тұрып жатқанын, не туралы ойлайтындарын, неге алаңдайтынын және неге сенетінін көріп, білдіңіздер. Ал оның бүкіл қоғамға үлкен пайда әкелетініне сенемін. Дегенмен біз күн сайын адамның үнін, әрбір халықтың және әрбір ұлттың үнін ести аламыз ба? Өкінішке орай, әрқашан бұлай емес. Сондықтан да мұндай форум тұрақты негізде жұмыс істей алатын сияқты. Ол біздің Отанымыздың ұлттары мен ұлыстары арасындағы татулық пен келісімді сақтау және нығайту үшін көп іс тындыруға мүмкіндігі бар.

Меніңше, біздің форумның жұмысын жалғастырсақ қалай болар еді? Бүгінгі талқылаудың нәтижесінде біз жаңа қоғамдық институт — Қазақстан халықтарының келісім және бірігу ассамблеясын құра алар едік деп ойлаймын. Бұл Қазақстандағы ұлтаралық келісімді бүкілхалықтық нығайту міндетін шешетін саяси емес, үкіметтік емес ұйым болар еді.

Бүгінде адамдар бастан кешіріп отырған сезімдерді толығымен түсінемін және оған ортақтаспын. Мәселе мынада, халық саяси сөзуарлық пен мылжыңдықтан, саясаткерлер арасындағы қатынастарды анықтаудан, «отбасы», «ата-ана», «нан», «жер» деп аталатын қарапайым да түсінікті шындықтарға біздің назар аудармауымыздан әлдеқашан мезі болды. Қазір әркім өзінің көпұлтты мемлекеттегі жаңа жағдайына, өзінің орнына, үйрену және ой елегінен өткізу процесін бастан өткізуде. Әркім өзінің, өз балаларының болашағы туралы ойланады, оқиғаның дамуына деген өз көзқарасы бар. Сондықтан да ұсынылып отырған Ассамблея Қазақстанның барлық халықтарының идеалдары мен мүдделерін, мұң-мұқтаждары ауқымын көрсететін саясаттан тыс орган болар еді.

Бұл Ассамблеяға қатысушылардың моральдық принциптерінің биік деңгейін оның құрамына облыстардан, қалалардан, аудандардан, селолар мен ауылдардан барынша құрметті, принципті өкілдер ұсыну жолымен қамтамасыз етуге болар еді. Олар — өмірлік тәжірибесі бай адамдар, біздің республикамыздың барлық аумақтарынан, барлық кәсіптің, ұлттың, конфессияның өкілдері. Ондай адамдар бізде, осы залдың өзінде де көп.

Ассамблеяның ұйымдық жағынан хаттау туралы әңгіме ету әзірге ертерек болар. Дегенмен, оның қызметінің бірқатар сипатын белгілеуге болар. Оның өзінің құрамында қоғамдық дамудың нағыз көкейкесті мәселелері жөніндегі комиссиялары болар еді. Бірінші кезекте, әрине, ұлтаралық келісім, кәсіби мүдделер, конфессияаралық және рухани өзара іс-қимыл, отбасын нығайту мен балалар мүддесін қорғау жөніндегі комиссиялар болар еді. Адамдардың маңызды қажеттіліктеріне сай басқа да комиссиялардың болуы мүмкін. Ең бастысы, олар біздің республикамыздың барлық халықтарының дәстүрлі құндылықтарына, нормалар мен идеалдарына сүйене отырып, ұлтаралық келісімнің барлық негізгі мәселелерін қоғамдық назарда ұстап отыруы тиіс.

Мен осы ұсынысты енгізе отырып, оның түсіністікпен қолдау табатынына және ұзақ сонарға салынбай нақты жүзеге асатынына сенемін.

Қазақстан халқы жұмыла отырып, мемлекеттің дамуындағы қиын да жауапты кезеңді ойдағыдай өткеретініне сенім білдіремін. Біздің бірлігіміз — осы жұмыста табысқа жетуіміздің негізгі шарты.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 1 жылдығына арналған салтанатты жиналыста «Қазақстанның өз жолы, өз болашағы бар» атты сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1992 жылдың 15 желтоқсаны

Қымбатты отандастар!

Бүгін біз 2 жылдан астам уақыт бұрын өзінің егемендігі туралы мәлімдеген біздің мемлекетіміз — Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 1 жылдығын атап өтеміз. Артқа көз тастап, өткен уақытты ойша жаңғыртқанымда, мен күрделі сезім құшағында қаламын. Ол көптеген оқиғаларға толы болды. Ол өзіміздің есімізде, біздің балаларымыз мен немерелеріміздің жадында сақталып қалары сөзсіз. Бұл біздің мемлекеттігіміздің негізі, ең маңызды іргетасы қаланған, жаңарған Қазақстанның Елтаңбасы, Туы мен Әнұраны дүниеге келген, планетамыздың көптеген елдері біздің тәуелсіздігімізді танып, бізді өзінің дүниежүзілік отбасына қабылдаған күндер болатын. Бұл кез-келген халық үшін бақытты, бұрын-соңды болмаған қуанышты оқиға.

Біз өз тарихымызды, мәдениетімізді шынайы қайта түлетуге кірістік. Өзіміздің ішкі және сыртқы саясатымызды дербес жүргізе бастап, өзіміз бұрын өмір сүріп келгендегіден мүлдем жаңа, біз үшін ашық қоғамның тұңғыш заңды негіздерін құрдық.

Осындай қуатты әлеуметтік, саяси, экономикалық жаңғыру бір мезгілде қандай тарихи кезеңде болып көрген! Халықтың ғасырлар бойғы жадында мұндай ештеңе болған жоқ қой деп ойлаймын. Осы қысқа уақыт аралығында біздің үлесімізге тиген шұғыл бетбұрыспен байланысты маңызды оқиғалар тығыз араласып кетті. Бірақ мен, барлық қиыншылықтарды жеңе отырып, біз беймәлім, күрделі жолдардың алғашқы ізашарлары болғанымыз үшін де тағдырға ризалығымызды білдіретінімізге сенемін.

Осы уақыт ішінде біз дүниежүзілік экономикалық жүйеге интеграциялану процесі қаншалықты қиын екенін ұғындық. Онда Қазақстан өзіне лайықты, тең құқылы және құрметті орын алғысы келеді. Біз өзімізге ерікті түрде жүктеген жауапкершілік жүгінің қаншалықты зор екенін сезіне алдық. Қоғам бұрынғысынша әлеуметтік-экономикалық процестердің стихиялы дамуының қыспағында қалып отыр. Оны нарықтық экономиканы қалыптастырудың қазіргі кезеңінде ауыздықтау да қиын. Қанат жайған инфляция және онымен байланысты бағаның шарықтауы, табысты бірқалыпты бөлмеу және қылмыстың өсуі, ақыр соңында, ірі көлемді реформалар жүргізудегі көңіл құлазытатын, бірақ өкінішке орай, сөзсіз болмай қоймайтын қателіктер — осының барлығы қоғамның көңіл-күйіне мүлдем теріс әсер етіп, бүкіл қазақстандықтарға, жұмысшы немесе село еңбеккері, интеллигенция өкілі, зейнеткер, тіпті бала болсын, барлығына ауыртпалығын түсіріп отыр.

Біз өзімізден қайта жаңғыру жолына түсуге күш-жігер таба білгендіктен де бір орынды шиырлай бермей, қайта таңдап алған бағытта дәйекті түрде батыл қадамдар жасауымыз керек. Мен қанша күш-жігер жұмсасақ та, әлеуметтік бағдарлы нарықтық экономиканы құру қажеттігі туралы айтып тұрмын.

Өзінің әлеуметтік-саяси, ұлттық, экономикалық және басқа ерекшеліктерінен тұратын Қазақстанның өзгешелігі нарықтық қатынастар құруға деген өз тәсілін іздеуді талап ететіні сөзсіз. Алайда кез-келген ұлттық ерекшелік нарықтың басты, түпкілікті мәнін құрайтын оның негізгі принциптерін қалауынша өзгертуге мүлдем жол бермейді.

Әрине, ескі құрылымдар қиратылып жатқан кезде өтпелі кезеңнің шығындары болмай қоймайды. Экономикалық құлдырау көз алдымызда болып жатыр. Бірақ, оның неліктен болғанын қарап көрейік. Біздің экономикамыздың тәуелді сипаты, принципінде, бұрынғы шаруашылық байланыстардың үзілуіне төтеп бере алмады. ТМД елдерінен қажетті көлемдегі жеткізілімдер тоқтатылысымен өндіріс дереу құлдырай бастады.

Басқа себеп мынада, біз біртұтас сомдық аймаққа байлаулымыз және оны барынша сақтауға ұмтылып отырмыз, өйткені, ол негізінен барлығымыз үшін де тиімді. Дегенмен қолма-қол ақшаның жетіспеуі, Қазақстан берген өнімдер үшін 200 млрд. сомнан астам қарыздар болып отырған ТМД елдері тарапынан төлем төленбеуінің өсе түсуі, таяу болашақта бұл проблеманы шешудің нақты болашағының жоқтығы — осының барлығы өз валютамызды енгізуге бізді мәжбүр етуі мүмкін.

Осының барлығы тұтастай алғанда объективті қиындықтарды туғызып отыр. Бірақ жағдайдан шығу халық шаруашылығын басқарудың келмеске кеткен әміршіл тәсілін жандандырып, кейін шегінуде емес, қайта дәйекті әрі бұлжымас реформаторлық іс-қимылда жатыр.

Бүгінде түбегейлі экономикалық реформаның басты мақсаты — мемлекеттік меншікті жекешелендіру. Және де оны біз ешқандай тежеуге жол бермейміз.

1992 жылғы 1 қазандағы жағдай, бойынша, республикада 4,5 мыңнан астам әртүрлі республикалық және коммуналдық меншіктердің объектілері қайта құрылды. Олардың бағаланған құны — 21 млрд. сомнан астам. Өндірістегі орта және ірі кәсіпорындарды акциялandыру процесі жеделдеді. Аграрлық секторда 447 кеңшар жекешелендірілді. Жекешелендіру ауқымы ай сайын өрістеуде, демек, біз өте маңызды іске — нарықтық экономиканың пайдасына халықты психологиялық жағынан икемдеуге қол жеткіздік, сондықтан да жекешелендіру мәселесі саяси сипат алып, біздің қызметіміздегі маңызды бағытқа айналып келеді.

Үкімет таяудағы 3 жылға жекешелендірудің талданған бағдарламасын жасады. Оның мәні Премьер-министр С.А.Терещенконың Жоғарғы Кеңес сессиясында жасаған баяндамасында айтылды. Бұл жұмысқа Бүкіл дүниежүзілік банктің Еуропа, қайта құру және даму банкі мен Халықаралық даму жөніндегі агенттік қатысты. Қазір бағдарлама талқыланып жатыр, соңынан мен оны бекітемін.

Өтіп бара жатқан жылдың есебіне жекешелендірудегі айқын ілгерілеу мен оның тұжырымдамасының дәлденуімен қатар, меншіктің жеке, акционерлік және басқа формаларына рұқсат ету, кәсіпкерлікті қорғауға бағытталған заң актілері, мақсаты кәсіпкерлікке қолдау көрсету болып табылатын құрылымдар құру, ақыр соңында, салық, қаржы-несие және банк жүйелерін реформалау сияқты нарықтық қатынастарды нығайту жөніндегі қадамдарды жатқызуға болады. Осы іс-әрекеттердің бәрі ниет білдірген әрбір адамның қажетті кәсіпкерлік бостандығын қамтамасыз етуге, қабілеті мол, еңбексүйгіш, тапқыр адам өзінің бар мүмкіншілігін толығымен көрсете білуіне бағытталған.

Биылғы ауылшаруашылық жылының қорытындылары бізге мемлекеттік экономикалық құрылыстың сан-салалы міндеттерін шешуде орасан зор демеу болды. Біздің диқандарымыздың дәнді дақылдардан рекордты өнімге қол жеткізгені мәлім. Халықтың картопқа, көкөніске, жеміске деген қажеті қамтамасыз етілді. Жемшөптің жеткілікті қоры дайындалды. Майлы және техникалық дақылдар өндірісі 2 есе дерлік өсті.

Егер егін орағына өткен жылдармен салыстырғанда механизаторлардың аз қатысқанын, комбайндар мен автокөлік құралдары санының едәуір қысқарғанын ескерсек, оның үстіне, бұған отынмен және басқа да материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етудегі бұрын-соңды кездеспеген қиыншылықтарды қосатын болсақ, біздің село еңбеккерлеріміз іс жүзінде мүмкін емес нәрселерді жасады деп айтуға толық хақымыз бар. Бүгінде еңбектегі ерлік пен қаһармандық туралы марапат сөздер айту қалған тәрізді, бірақ мен республикамыздың егін жайында атқарылған жұмысты нақ осы сөздермен сипаттаған болар едім. Осынау салтанатты күні Қазақстан диқандарына орасан зор рахмет айтуға рұқсат етіңіздер.

Егер біз өзіміздің агроөнеркәсіптік кешеннің көптеген мұқтаждарын қаржыландырсақ, өте дұрыс істеген болар едік деп ойлаймын. Өткен кезеңдерде Қазақстанның әрбір млрд. пұт астығына байланысты «бүкілхалықтық сән-салтанат» дейтіннің қандай марапатталып келгені естеріңізде болар. Диқандардың құрметіне сылдыр мадақтау сөздер айтылып, наградалар жаңбырдай жауатын. Бірақ осы насихаттық дабыраның бәрі село еңбеккерлерін аярлықпен тонаудың бүркемесі ғана болатын. Өйткені, Қазақстанның кеңшарлары мен ұжымшарларынан тіпті тұқымдық қоры да бір түйіріне дейін сыпырып әкетілетін.

Бүгінгі таңда біз түскен валютаның және шетелдік несиелердің барынша көп мөлшерін нысаналы түрде ауылшаруашылық өндірісін жаңа технологиялармен жарақтандыруға жұмсау қамында жүрміз.

Қазір бірлескен кәсіпорындар негізінде жоғары технологиялы мәшинелер шығаруды ұйымдастыру үшін ірі шетел инвестицияларын тарту жұмысы жүргізілуде.

Егер біз, тапқан қаржыны республикалық немесе жергілікті деңгейдегі чиновниктер емес, бұлар өздерінің пайдасына қандай дәлелдер келтірсе де, қайта тек өнімді шығарушының өзі иелік ететіндей істемесек, бізді ешқандай күрделі қаржы құтқара алмайтынына сенімдімін.

Осыған байланысты біз село қасында тапшы азық-түлік тағамдарын, мысалы, қант, өсімдік майын, кондитер, спирт-арақ, сыра-алкогольсіз ішімдік және темекі бұйымдарын өндірудің құлдырауының алдын алып қоймай, сондай-ақ бірқатар жағдайда үдете де алдық.

Біздің экономиканы реформалаудағы кейбір өзгерістер мен қазіргі проблемалар туралы айта отырып, тауар өндіру потенциалын өсіру қажеттігі туралы да айту керек. Белсенді, мақсатты құрылымдық саясат жүргізген жөн. Ол нарықтық қатынастардың дамуына бөгет жасамай, сонымен бірге, экономиканы қайта жаңғыртуға басқарылатын сипат берер еді. Басқаша айтқанда, әңгіме мемлекеттік реттеу туралы болып отыр. Ол біздің нарыққа қарай қадамымыздың барлық кезеңінде бұдан былай белсенді қолданылатын болады.

Меніңше, көп кешіктірмей тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған қаржы-экономикалық сипаттағы бірқатар маңызды акциялар жүргізу керек. Әңгіме несие саясатындағы өзгерістер, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісін реттеу

жүйесін өзгерту, салық саясатын жетілдіру, тікелей шетел инвестицияларын тарту үшін қолайлы жағдай жасау туралы болып отыр.

Экономикада болып жатқан күрделі процестер, өндірістің жеткіліксіз төмен қайтарымы әлеуметтік сала деп дәстүрлі аталатын салалардың күйіне ауыр әсер етуде. Биылғы жылы елеулі қаржы қиындықтарына қарамастан, білім берудің мемлекеттік мекемелері жүйесін сақтап қалдық. Рыноктық экономика мамандарын дайындау жөніндегі факультеттер ашылды, жаңа жоғары оқу орындары, техникумдар, колледждер ұйымдастырылды. Жоғары оқу орындарына, білім берудің мемлекеттік емес мекемелеріне айтарлықтай бостандық беретін «Білім беру туралы» Заң қабылданды. Дәстүрден тыс түрдегі оқу орындары шындыққа айналды. Қазақ мектептері, балалар бақшалары мен мектептен тыс мекемелер жүйесі айтарлықтай кеңіді. Өзбек, тәжік, ұйғыр, неміс мектептері жұмыс істей бастады.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде шетел мемлекеттерінің 25 білім беру министрліктерімен байланыс орнатылды және 15 ірі келісім жасалды. Бірнеше мың жігіт пен қыз басқа елдердің университеттерінде оқуда, халық шаруашылығының мамандары АҚШ-та, Түркияда, Оңтүстік Кореяда, Францияда, Германияда тәжірибеден өтуде. Қазақ-түрік және Қазақ-Египет университеттерін құру туралы келісімге қол жетті. Павлодар технологиялық университетінің негізінде Қазақ-неміс академиясы құрылды.

Дегенмен бұл саладағы жағдай бұрынғысынша күрделі қалпында қалып отыр. Өз еңбектерінің ұйымдастырылуына материалдық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілуінің жетілмегендігіне қанағаттанбаған білім беру және ғылым қызметкерлері өз жұмыс орындарын тастап кетуде. Кез келген қоғам үшін бұл күйреу қаупін туғызады. Бұл процесті тоқтату үшін біз білім берудің жалпы мемлекеттік жүйесін құрудың негізгі принциптерін жедел анықтауымыз қажет.

Олар базалық деңгейде тегін білім беруге кепілдікті, білім берудің мемлекеттік емес мекемелерін дамытуды, білім беруді қаржыландырудың жаңа үлгілеріне көшуді, оқытушылар мен үлгеруші студенттерді әлеуметтік қорғау мен ынталандыруды қамтуы тиіс.

Рынокқа көшу жағдайында айрықша назар объектісі денсаулық сақтау мен халықты әлеуметтік қорғау саласы болып табылады. Іс жүзінде 1 жыл ішінде денсаулық сақтау реформасының жаңа заңдылық негізі құрылды. Медициналық құралдар, аспаптар мен жабдықтар шығарудың республикалық бағдарламасы бекітілді және Қазақстанның өндірістік, соның ішінде қорғаныс кешенінің кәсіпорындарында медициналық техникаларды шығару басталды.

Балалы отбасыларын қолдау мақсатында бірқатар заңдар мен нормативтік актілер қабылданды. Үстіміздегі жылғы қазанның 1-інен бастап 3 жасқа дейінгі балалар үшін жылына — 7400 сом, 3-тен 18 жасқа дейін — 5500 сом бір мезгілдік жәрдем белгіленді. Көп балалы аналарды әлеуметтік қорғау туралы Президент жарлығы қабылданды.

Республикада, бүкіл дүниежүзіндегі сияқты, қарт адамдар саны көбеюде. Бүгінде 3 млн. зейнеткерлер мемлекеттік көмек алады. Қазір зейнетақының орташа мөлшері 2 100 сом болды. Биылғы жылы зейнетақы мен көмектер бойынша барлық төлемдер 76 млрд. сомға жетті.

1992–1995 жылдарда мүгедектерді әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру басталды. Онда олар үшін қажетті

әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдық жағдайды жасауға айрықша назар аударылып отыр.

Сонымен бірге медициналық қызмет көрсету жүйесі мен әлеуметтік қорғау механизмдерін түбегейлі өзгерту қажет. Бұл саладағы реформаның басты бағыттары мына төмендегі арнаға келіп саяды.

Біріншіден, халық кепілдікті ең төменгі медициналық көмек алатын бюджеттік-сақтандыру медицинасына көшу, ал оның шеңберінен шығатын қызметтер үшін ақыны азаматтар өздерінің медициналық сақтандыру есебінен төлейтін болады. Бұл дүниежүзінде жалпы қабылданған жүйе және оның неғұрлым тиімді екені сөзсіз.

Екіншіден, адамның еңбекпен қосқан үлесіне баға беруде және, соның салдары ретінде, оны зейнетақымен қамсыздандыруда теңгермешілік принципін жоюға ұмтылады.

Үшіншіден, болашақ зейнеткерлердің ерікті сақтандыруға негізделген жаңа зейнетақы жүйесін құруға ұмтылады. Жаңа экономикалық бағдарламада ауқатсыз азаматтарға адресті қолдау көрсету көзделуде.

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік және экономикалық өмірдегі күрделі процестер туғызған проблемалар мен қиыншылықтар біздің әлі де болса жетіліп болмаған қоғамымызда көптеген өңездің бетін ашты. Оған ең алдымен қылмыстың көбеюі жатады. Талай ондаған жылдардан бері алғаш рет республикада тіркелген қылмыстар саны биыл 150 мыңнан асып түсті. Ұрлық, тонау, қарақшылық саны өсуде. Қылмыстың ұйымдасқан түрлері әсіресе экономика және қаржы-несие жүйесі саласында ерекше белең алуда. Министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың мекемелер мен ұйымдардың жекелеген басшылары, жергілікті әкімдер осы бір маңызды істен бойларын аулақ салып, мұнымен тек ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары айналысуға тиіс деп есептеуде.

Нақ осыған байланысты мен осыдан 10 күн бұрын лауазымды адамдардың республикадағы тәртіп, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің жай-күйі үшін жауапкершілігін арттыру мәселелеріне арналған арнайы қаулы қабылдадым. Құқық қорғау органдары, қаржы бақылау органдары жергілікті жерлердегі атқарушылық тәртіпті мұқият тексеруде, заңдардың, басқа да нормативті актілердің бұзылуына ықпал ететін себептер анықталуда. Мемлекет қаржысы мен ресурстарын талан-таражға салушы, өзінің қара басының мүддесі үшін қызмет бабын теріс пайдалануышы басшыларға ең қатаң шаралар қолданылатын болады.

Біз көшелерде және қоғамдық орындарда, ақыр соңында, тәртіп орнату үшін ең батыл іс-қимылдар қолданамыз. Біздің қатаң әдістер қолдануымызға азаматтар түсіністікпен қарайды деп ойлаймын, өйткені, қылмыстың етек алуы алдында бұдан былай шегінерлік жер жоқ.

Қымбатты достар! Кеше, меніңше, біздің көпұлтты республикамыздың өмірінде үлкен оқиға — Қазақстан халықтарының форумы болды. Бұл шараның маңыздылығы, ең алдымен, оның ұлтаралық келісімді, азаматтық тыныштықты, біздің рухани бірлігімізді сақтап, нығайту жолдары туралы жемісті әңгіменің өрбуінде. Бүгінгі, көңілді кірбің шалған заманда, форум өтпелі кезеңдегі қиыншылықтарды қаймықпай жеңеміз деген оптимизмге бөлеп, сенімділік ұялатқан оқиғаға айналды. Мүдделілікпен пікір алысу, форумға қатысушылармен әңгімелер мемлекеттің ұлттық саясатының бұдан былай да Қазақстанда тамыры ғасырларға тартылған

достық пен туысқандық дәстүрлеріне негізделе береді деген сенімімді нығайта түсті. Біздің осынау баға жетпес игілігімізді көптеген ұрпақтар жасаған, сондықтан да оны жоғалтуға біздің құқымыз жоқ.

Бізде еске алырлық және мақтануға тұрарлық нәрселер бар. Біз өткен соғысты, ортақ үлкен жеңісімізді ұмытуға болар ма? Қазақстан жерінде қалалар мен зауыттар тұрғызып, астық өсірген ондаған ұлттар өкілдерінің бірлескен орасан зор еңбегінің нәтижелерін сызып тастауға болар ма? Мен өткен мен бүгіннен, интернационализм ұғымы қастерлі болған, туған республиканың, оның халқының гүлденуі ісі үшін өздерінің бар жан жылуын, бар күш-қайратын берген және беріп келе жатқан өткен кездегі де, қазіргі де көптеген жерлестеріміздің есімдерін атай аламын.

Мен кеше форумда Президенттің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын алғашқы 3 лауреатқа — академик Мехлис Сүлейменовке, Қазақстанның халық жазушысы Дмитрий Снегинге және жазушы Герольд Бельгерге зор қанағат сезімімен тапсырдым. Олардың республика алдындағы еңбектегі және шығармашылық зор табысы кең танымал, олар туралы тағы да айтып жатпай-ақ қояйын. Нақ осындай адамдардың арқасында, ал олар республикада басым көпшілік екеніне мен сенімдімін, біз ұлтаралық татулықты сақтап тұрмыз, жерді тіреп тұрған да нақ солар.

Бір шаңырақ астында тату-тәтті тұрып, қуанышы мен қайғы-қасіретін тең бөлісіп отырған адамдардың өзара сезімі мен бір-біріне деген ынтымағы ешқашан үзілмейтініне сенімдімін. Мен сан мыңдаған, ұлты әртүрлі біздің отандастарымыздың отбасында бастары біріккені туралы айтпай-ақ та қояйын. Мұның барлығы — біздің өміріміздің шынайы көрінісі, нақты, өмірлік интернационализм.

Мен форумға Қазақстан халықтарының татулық пен бірлік ассамблеясын құруды ұсынғанда, ең алдымен, осы адамдардың қам-қаракеттері мен арман-мүдделерін ойлаған едім. Біздің Одақ ыдырағаннан кейін туған принципті жаңа жағдайда тұрып жатқанымызды ұмытпау керек. Ірі держава ыдырап, әдетке айналған қатынастар мен байланыстар қираған жағдайда адам өзін қолайсыз сезінбесе оғаш болар еді. Әркім өз отбасының, балаларының болашағы туралы, қоғамдағы өз орны туралы ойға қалады. Сондықтан, әрине, қай ұлтқа қарайтынына қарамастан әрбір адамның айтары бар. Біз осы дауысты естіп, қандай да болмасын халықты не алаңдататынын білуге тиіспіз. Ассамблея мемлекеттік емес, саяси емес моральдық орын, ұлттар мен ұлыстардың рухани біріктіруші ұмтылысын білдіруші бола алар еді.

Біршама тұрақтылыққа қарамастан, бізде ұлт саясаты мәселесінде проблема жоқ, барлығы да жап-жақсы әрі дін-аман деп айтуға әлі ерте. Едәуір дәрежеде бұл өткен онжылдықтарда жол берілген бұрмалауларға, демографиялық процестерге, халықтардың өзара арақатынасы проблемасына салауатты да қырағы көзқарастың болмауымен түсіндіріледі.

Қоныстану мәселесін алайық. Ол жүздеген жыл бұрын басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасып жатыр. Қай халықтың және кімнің ырқымен Қазақстанда болып шыққанын бүгінде қайталап жатудың қажеті жоқ. Тек бір ғана кезең — миграция процестерінің ықпалымен қоныстанушылардың өздерінің, сондай-ақ байырғы халықтың да психологиялық және әлеуметтік көңіл-күйінің өзгергеніне тоқталайын. Мұнда миллиондаған адамдар келді: біреулер жақсы тұрмыс іздеп келсе, екінші біреулер айдалып келді, ал тағы біреулері «комсомол жүрегінің қалауымен» келді.

Осы аталғандардың бәрі де негізінен Қазақстанда уақытша болуға үміт артты деп айтсам қателеспеспін. Көбі кейін шынында да кері қайтты. Бірақ өмір өз дегенін істеді: жап-жақсы жалақы, аз болса да, бірақ өмір сүріп, жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай, жергілікті тұрғындармен қатынастың жақсылығы арқасында адамдар осы жерде қоныстанып қалды.

Алайда, ашығын айтайық, олардың байырғы халықпен арасындағы қатынасы бір мәнді қалыптасқан жоқ. Қоныстанушылар да, байырғы халық та, әрине, өз кінәсінен емес, сол кездегі жүйе белгілеген оқшау ұяларда қала берді. Сондықтан тек ол қирағаннан кейін ғана жағдай түзеле бастады. Алайда, бұл процесс жаңа батарлық, таптаурындарды қиратумен байланысты болып шықты. Сондықтан мұны бүгінде барлық халықтар жете ұғынуы тиіс.

Ең алдымен, қазақ халқының жүздеген жылдар ішінде тұңғыш рет мемлекеттілігін орнатуға, толыққанды дамуға, өзінің ізгі дәстүрлерін, мәдениеті мен тілін қайта түлетуге мүмкіндік алғанын түсіну керек. Бұл табиғи ұмтылыс және оны барлық халықтардың оң қабылдайтынына сенімдімін.

Сондай-ақ барлық басқа халықтардың тоталитаризм дәуірінен кейін қайта жаңару, кем-кетіктерден және стереотиптерден құтылатын күрделі кезеңнен өтетіндігін түсінуі тиіс. Рухани келісім, кәдімгі адамдық бірін-бірі түсінушілік — міне, біздің барлығымыздан қазір талап етілетін ең бастысы осы болар.

Мен айтқан мәселелердің біз үшін принципті маңызы бар. Бұлардың барлығы осылайша немесе басқаша түрде және, тәуелсіздік жағдайында жасалған Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясында көрініс табатын болады, ал оның жобасымен жұмыс қазір аяқталуға жақын. Бұл шын мәнісінде республиканың барлық халқының және оның азаматтарын жекелей алғанда, әрқайсысының мүддесін білдіретін өзекті құжат болмақ. Адам, оның құқығы, бостандығы және заңды мүддесі Негізгі заңда алдыңғы қатарға шығарылады. Біз бастаған қайта жаңаруда бүкіл Қазақстан қоғамның игілігі мен тұрақтылығын, біздің мемлекеттік ішкі және сыртқы саясатымызды жүзеге асыруда табысқа жетуді қамтамасыз ету үшін оны солай етіп жасау біздің қолымыздан келетіндігіне мен сенімдімін.

Бүгінде біздің халықаралық аренадағы іс-қимылымызға көп нәрсе қатысты. Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастыққа кіру процесін белсенді түрде жалғастыруда. Бұл, сөзсіз, қиын да көпшілігінде біз үшін жаңа іс. Меніңше, түбегейлі ұлттық-мемлекеттік мүддеге сәйкес келетін өзіміздің сыртқы саяси жүйемізді айтарлықтай қысқа мерзім ішінде жасауға қол жеткендігі ең маңыздысы болып табылады. Екінші жағынан, біздің сыртқы саясатымыздың бойында оны әлемдік қоғамдастықтың қолдауын қамтамасыз ететін жалпыадамзаттық қуат бар. Мұның жарқын дәлелі Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына кіруі болып отыр. Біз БҰҰ-ға бейбітшілікті қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде қараймыз және барынша осы бір құрметті де беделді халықаралық ұйымның тиімді қызметін жандақты нығайтуға қолдау көрсетеміз.

Қазақстан Халықаралық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық валюта қорына кірді, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің жұмысына қатысады, басқа да халықаралық ұйымдармен байланыс орнатты.

Қытайға, АҚШ-қа, ГФР-ге, Францияға, Ұлыбританияға, Иранға, Түркияға, Пәкстанға, Үндістанға мемлекеттік сапарлар жасалды. Олар саяси байланыстарды жоғары деңгейде бекітті, өзара тиімді ынтымақтастыққа негіз қалауға көмектесті.

Біздің мемлекетпен ауқымды екіжақты байланыстарды дамытуға және Қазақстанда сенімді серіктес табуға Батыс Еуропа елдерінің ұмтылып отырғанын атап өткім келеді. Бұған республиканың демократияландыруға, экономиканы нарықтық реформалауға алған бағыты, республикаға Еуропа мен Азия арасындағы байланыстырушы буын мүмкіндігін беретін геосаяси жағдайы көмектесті.

Біздің сыртқы саяси проблемаларымыз барған сайын мазмұнды бола түсуде. Біз оларды алдағы уақытта да Қазақстанның ұлттық мүддесіне жауап беретін жағдайда одан әрі жан-жақты дамытуды жақтаймыз.

Ұлы шығыс көршімізбен сауда-экономикалық ынтымақтастықта айтарлықтай прогресті қамтамасыз еткен Қытай Халық Республикасымен белсенді саяси диалог жүргізілуде. Бізді тарихымыз бен мәдениетіміздің ортақтығы байланыстыратын Түркиямен достық пен ынтымақ үнемі бекіп келеді. Араб мемлекеттерімен қатынастар жолға қойылуда.

Біздің сыртқы саяси проблемаларға мемлекеттік көзқарасымыз халықаралық тұрақтылыққа деген терең мүдделілікпен анықталады. Біз барлық елдермен қатынастардың тепе-тең дамуын жақтаймыз және жекелеген этникалық қауымдастықтар мен саяси одақтарға қарай бұра тартпақ емеспіз.

Біздің сыртқы саясатымыз үшін ел қауіпсіздігін қамтамасыз еткеннен және қазақстандықтардың бейбіт өмірін қорғаудан артық маңызды міндет жоқ. Мұндағы ең маңызды мәселе — біздің Ресеймен қатынасымыз. Біз онымен Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы ұзақ мерзімді шарт жасастық. Алайда тиімді ұжымдық қауіпсіздік жүйесінен тыс жағдайда аймақтағы нақты қауіпсіздік туралы айту мүмкін емес шығар. Осыны басшылыққа ала отырып, біз Азиядағы сенім мен ынтымақтастықты нығайтуға, Азия қауіпсіздігі механизмдерін құруға бағытталған шараларды қолдаймыз.

БҰҰ Бас Ассамблеясындағы сөзімде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру және оның қызметінің кезең-кезеңді қамтитын перспективасы осы қызметті одан әрі дамытумен қатар баяндалған болатын.

Республиканың аймақтық проблемалар бойынша айқындамасы кез-келген даулы мәселе бойынша реттеудің сенімді және барлығына қолайлы формуласы жасалуы тиіс екендігіне сүйенеді. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының және басқа аймақтың халықаралық институттардың бітімшілік потенциалын күшейтуді сөзсіз қажет деп есептейміз.

Республика төңірегіндегі әскери-саяси жағдайды бағалап, әскери қауіп көлемі мен сипатын болжай отырып, біз қол жеткізілген Стратегиялық шабуыл қаруын қысқарту туралы келісімді қабыл аламыз, жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салуға бағытталған инициативаларды қолдаймыз. Бұл мәселе бойынша біз Ресеймен, Украинамен, Беларуспен келісілген бағыт жүргіземіз және әскери құрылысты принципінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүшелермен бірлесіп жүргізу қажет деп есептейміз. Міне, сондықтан біз тиісті Шартқа қол қоюға бардық. Біртұтас қорғаныс кеңістігі арқылы біріккен мемлекеттердің күш-жігерін келісу үшін қадамдар жасаудамыз. Біздің әскери доктрина Қазақстан Республикасының территориялық тұтастығы мен тәуелсіздігін қарулы қорғау үшін қажеттігінің барлығымен жарақталған шағын, икемді армияның болуын көздейді.

Біздің сыртқы саясатымыздағы басымдықтардың арасында — ашық теңізге бөгетсіз шығуды қамтамасыз ету, Тынық мұхиттан бастап Қытай, біздің территория, Орталық Азия, Иран мен Түркия арқылы трансеуразиялық темір жол транзитін ұйымдастыру бар. Мемлекеттік делегацияның Иранға соңғы сапары Каспий теңізін Қазақстанды Солтүстік Иранмен және Парсы шығанағымен байланыстыратын көлік артериясына айналдыру туралы уағдаластықпен аяқталды. Осы жоспарларды жүзеге асыруда біз халықаралық экономикалық ұйымдармен ынтымақтастық жасауға үміт артамыз. Сондай-ақ дүниежүзінің көптеген мемлекеттерімен әуе қатынасы да дамиды.

Біздің сыртқы саясатымызда ескерілетін тағы бір жайт — «ислам факторы». Біз оған реалистік тұрғыдан қараймыз және халықтың ислам мәдениетінің рухани негіздеріне деген ұмтылысын, исламның қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы маңызын ескереміз. Ислам дүниесі зор ресурстарға ие, сондықтан мұны назарға алмауға болмайды. Сонымен бірге біздің елімізде діни фундаментализмді күшейту туралы әңгіме жүргізу үшін бізде қандай да болмасын негіз жоқ.

Біздің сыртқы саясатымыздың басым бағыттарының бірі — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерімен өзара қатынас. Бұл қатынас оңай дамып жатқан жоқ. Бұл туралы менің талай рет айтуыма тура келді. Бірақ біз, өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық қайтсе де кеңінен қанат жайып, нығаюы үшін барлық күш-жігерді жұмсаймыз. Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан сындарлы ұсыныстар жасамаған мемлекет басшыларының іс-жүзінде бірде-бір кездесуі болған емес.

Алайда олар әрқашан да түсіністікке ие бола бермейді, ал кейде дәлелсіз күмән тудырады. Турасын айтқым келеді: біздің ұсыныстарымыздың екіжақты сипаты жоқ, біз дүниежүзілік экономикалық қоғамдастықта қалыптасқан мінез-құлық ережелерін сақтауға тырысамыз. Қазақстан бұрынғы тиімсіз шаруашылық байланыстарды сақтауға шақырмайды, дегенмен, әзірге жаңа, барынша тиімді байланыстар табылғанға дейін қазіргі бар оң және өзара қолайлылардың барлығын бұзуды да жақтамайды. Біз сондай-ақ экономикалық бірігу мәселесін саяси мемлекетаралық құрылыс проблемаларынан нақты бөліп қараймыз.

Біз қаншалықты қаламасақ та, еңбекті мемлекетаралық бөлу, сауда рыноктарындағы бәсекелестік және тағы сол сияқты дүниежүзілік шаруашылық принциптері объективті өмір сүреді. ТМД мемлекеттерінің жеке алғанда әрқайсысының бүгінде шикізат пен қару-жарақтан басқа, толық өзіне жетерлік экономикасы, әлемдік рынокта бәсекелес бола алатын өнімдердің мол тізбесі жоқ. Сондықтан да мемлекетаралық кооперацияны сақтау және дамытудың қажеттілігі мен мүмкіндігі, ортақ кеден-экономикалық кеңістік, Достастықтың сом аймағы объективті түрде өмір сүреді. Тек осы жағдайда ғана біз едәуір дәрежеде отандық өнімдердің дүниежүзілік рынокта бәсекелес бола алмайтындығынан сөзсіз туындайтын шығындарды өтей аламыз, жұмыс орнымен, еңбекпен және миллиондаған адамдарды табыспен қамтамасыз етеміз.

Бір сөзбен айтқанда, қиындықтарға қарамастан ТМД мемлекеттеріне қатысты өз идеяларымызды біз табанды түрде жүргізетін боламыз. Олар тиісті өзара тиімді институттық жүйелер құру арқылы толығымен жүзеге асуы мүмкін.

Қымбатты отандастар!

Өткен кезең қиын да жемісті жұмыспен өтті. Біздің әрқайсымыздың сайып келгенде оның тиісті жемісін беретіндігіне, Қазақстанды гүлденген және лайықты, бақытты өмірдің өркениетті жолына шығаратынына сенетіндігімізді айтсам қателеспеспін. Бұл, сөзсіз іске асады. Дегенмен алда тұрған істердің көлемі аса ұлан-ғайыр, адам айтқысыз қиындықты жеңу үшін көп уақыт қажет. Шындықтың көзіне тура қарасаң, әзірге біздің қоғамымыз өткеннің ескі дағдысымен өмір сүріп жатқандығын мойындауымыз керек. Бәрі бірдей, Қазақстан Республикасы — өзінің заңы, өзінің жолы, өзінің болашағы бар мемлекет екендігі фактісін түбегейлі танып, білген жоқ. Сондықтан да біз өзіміз, бірлесе отырып республикада тұратын барлық адамдардың игілігі үшін қандай күрделі болса да өзіміздің барлық проблемаларымызды шешуге тиіспіз. Біз үшін ешкім де Қазақстанды жаңғыртпайды, ол үшін дүниежүзілік қоғамдастықтан орын әпермейді, біздің тұрмысымыздың деңгейін көтермейді.

Бүгінде біз өз іс-қимылдарымызды тексеретін нақты бағдарларымызды естеріңізге салғым келеді. Таяудағы 3 жылда тұтыну рыногын қалыпқа түсіруіміз, содан кейінгі 5 жылда — экономиканың шикізаттық сипатын жеңуге, 10–11 жылда — жаңа индустриалды елдердің қатарына қосылуымыз керек. Егер біздің тұрмысымыздың материалдық жағын ғана алатын болсақ, міне, біз осыған ұмтыламыз.

Сондықтан да мен сіздерді қажырлы еңбекке, шыдамдылық пен ұлттық келісімге шақырамын, өйткені, тек осы 3 фактор ғана халық үшін алға қойған мақсаттарға жетудің берік кепілі бола алады.

Мерекелеріңіз құтты болсын, қымбатты қазақстандықтар!

Жаңажылдық құттықтауы

Алматы қаласы, 1992 жылдың 31 желтоқсаны

Қымбатты отандастар!

Қасиетті табалдырығымыздан жаңа ғана аттаған 1993 жылмен сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Әрине, өткен жылмен қоштасып отырған осы сәттегі күрделі сезімдерді бірер сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Біздің әрқайсымыз, Қазақстан кәсіпорын-ұжымдарының көпшілігі оның қиындықтарын толығымен бастан кешірдік. Иә, мұның бәрі болды. Оның объективті де, сондай-ақ субъективті де себептерін тізіп беруге болар еді. Алайда, «бәрі болды» деген сөзді айтып отырғаным тегін емес. Бұл орайда мен қырсық атаулының бәрі Жаңа жыл сағатының соғуымен бірге артта қалады деп те отырғаным жоқ. Өмірде бұлай болмайды, кешегі мен келешектің арасына шек қою мүмкін емес.

Сондай-ақ, өткен уақытқа да тек бір жақты, сұрғылт бояу жағa берудің де жөні жоқ. Оның үстіне, өткен жылда жақсылықпен еске алар сәттер жетерлік болды, ескі жыл уақыт көшіне із-түзсіз сіңіп кетпейді, текке өмір сүргеніміз жоқ деп санауға негіз бар.

1992 жыл біздің зердемізде, біздің тарихымызда жас мемлекетіміздің шынайы егемендік, тәуелсіздік алған жылы ретінде жаңғырып қалады, мұны біздің мақтан тұтуға толық хақымыз бар. Қазақстан Республикасын дүниенің жүзден астам елі ресми таныды, аса беделді халықаралық ұйымдарға толық хұқылы мүше болып кірдік. Біздің бейбітшілік, ядролық қауіп-қатерді жою жолында жүргізген күрестегі күш-жігерімізді әлем жұртшылығы танып отыр.

Бұл — демократияны дамытуды өзіне негізгі бағдар етіп алған ішкі және сыртқы саясатымыздың жемісі.

Өткен жылы мемлекетіміздің нышандары — Елтаңбасы, Туы мен Әнұраны дүниеге келді, тарихымыз бен мәдениетімізді жаңғырту, біз үшін мүлде жаңа қоғамның заңдылық негіздерін дамыту бағытында маңызды қадамдар жасалды. Соның бір айғағы — Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы өтті, ата жұртынан ажырап қалған қандастарымыз туған топырағында бастарын қосты.

Кейбір жетіспей жатқан тұстарына қарамастан, республикамызда реформалар мұның алдындағы жылдармен салыстырғанда анағұрлым нәтижелі түрде жүзеге асырыла бастады. Жекешелендіру белсенді жүргізіліп, нарықтық құрылымдар пайда бола бастады. Олар тиімділікпен жұмыс істеуде, демек, ертеңгі күні тауарлар мен азық-түлік түрлері көбейе түспек.

Мұндай сындарлы өзгерістердің ең басты алғышарты, әлбетте, сіздердің әрқайсыларыңыздың — рекордтық өнім жинаған диқандарымыздың, жұмысшыларымыз бен қызметшілеріміздің, кәсіпкерлердің, ғылым, білім, денсаулық сақтау, мәдениет пен тұрмыстық сала қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, біздің жастарымыз бен ардагерлеріміздің күнделікті еңбегі. Бір сөзбен айтқанда, бұл бүкіл қазақстандықтардың еңбегі. Оларға бүгін мен өзімнің шынайы алғысымды арнаймын.

Өткен жылдың басқа тұрғыдан да есте қаларлықтай болғанын үлкен қанағат сезіммен атап көрсеткім келеді: қоғамымызда реформалар алға баса береді,

ендігі жерде өткенге қайтып оралмаймыз деген туралы түсінік қалыптасты. Мұның өзі санадағы бұрынғы екпіннің әсері бітіп келеді, яғни бұдан былай алға басқан қадамымыз кері кетпейді, бір орнымызда тұралап қалмай, ілгері жылжитын сәтіміз жақын деген сөз. Жаңа жылда біз қоғамды жаңғырту жолымен батыл алға баса беру ниетіндеміз.

Қалай болғанда да, өткен жылдың басты жемісі — біздің ортақ шаңырағымызда азаматтық бітімшілік пен ұлттық татулығымызды сақтап қалуымызда. Сөйтіп, әр адамның ең алдымен тәуелсіз егеменді мемлекет — Қазақстан Республикасының азаматы ретіндегі өзінің жаңа сапасын, өзінің жаңа күйін пайымдау процесі қиын да болса ілгері жылжып келеді. Біздің әрқайсымыз: осы топырақтың төл перзенттері де, осы жерді өзінің туған жері деп санайтындар да Отанға деген ыстық сезімін жаңаша парықтай бастады. Республикада тұрып жатқан барлық халықтар арасындағы өзара түсіністік пен өзара сенімді нығайту жолдары іздестірілуде және бұл жолда нәтижелер де жоқ емес. Менің пікірімше, өткен тәжірибеміздің қорытқанымыздың, жаңасынан игергеніміздің ішіндегі ең бағалысы — бір ұлтты кемсіту есебінен басқа бір ұлтты асқақтатуға болмайтынын танып-білуімізде болса керек.

Бүгінгі болмысымыз осы шүбәсіз ақиқатты растайтын көптеген дәлелдерді алға тартып отыр. Бұл үшін айналамызға, алыс және таяу шетелдерге көз салсақ жетіп жатыр. Әр жерлерде күн сайын ондаған, тіпті жүздеген адам өмірін қиып кетіп жатқан қақтығыстардың ошақтарын көрген кезде жүрегің сыздайды. Дәл осындай сезімді әркімнің де бастан кешіп жүргенінде күмән жоқ. Тынысың тарылғанда ауаның қадірін білерсің, қантөгісті көргенде бейбіт күннің бағасын білерсің, — деген сөз рас. Сондықтан да татулық пен тыныштық республикамыздың басты байлығы екенін бір сәтке де естен шығармайық, оны ортақ күш-жігермен ғана сақтап, нығайтуға болатынын ұмытпайық.

Біз тұсауы кесілген Жаңа жылға ізгі үмітпен қараймыз және республикамыздың демократиялық, гүлденген, көркейген мемлекетке айналатынына да сеніміміз мол. Бұл жолды біз өзіміз таңдап алдық, осы жолмен алға баса бермекпіз. Еліміздің тұңғыш Конституциясын қабылдау, экономикада жаңа бағдарламаны іске асыру 1993 жылдың маңызды оқиғалары болмақ.

Қымбатты жерлестерім!

Сіздерді Жаңа жылмен тағы да құттықтауыма, сіздерге және сіздердің туған-туысқандарыңызға тыныштық, бақыт, денсаулық, игі істеріңізге табыс тілеуіме рұқсат етіңіздер!

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының X сессиясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламасы туралы сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1993 жылдың 18 қаңтары

Құрметті депутаттар!

Мемлекетте конституциялықтың баянды етілуі дағдарысқа қарсы және әлеуметтік кепілді реформаларды жүргізудің маңызды шарты болып табылады. Егер төменнен жоғарыға дейін Конституцияға деген тек бос құрмет қана емес, сондай-ақ Конституция мен одан туындайтын заңдарға құйтұрқы түсінік берудің жолын кесіп, оларды мүлтіксіз қадағалау қамтамасыз етілмесе, реформа күйрейді. Реформаның басты жауы саяси және құқықтық былыққа, жершілдікке тек конституциялық қана қарсы тұра алады. Реформаларды жүргізу процесі заңнан тыс қалмауы керек, бұлай болмаған жағдайда реформаланушы экономиканың жалпы жай-күйі қылмыстың, соның ішінде, ұйымдасқан қылмыстың жүгенсіз кетуімен айқындалатын болады.

Реформаның саяси бағытын түбегейлі өзгерту үшін объективті негіз бүгінгі күні жоқ. Осыны түсіне отырып, менің халық сайлаған Президент ретінде реформадан ауытқуға құқым жоқ. Менің бұл сенімім өзімнің сайлау алдындағы тұғырнамама сай.

1992 жылдан бастап республика үкіметі Ресей еріксіз көндірген ойын тәсілін қабылдауға мәжбүр болғаны өздеріңізге мәлім. Әңгіме екі үкіметтің экономиканы ырықтандыру мен ақша-қаржы жүйесін тұрақтандыруды бір мезгілде жүзеге асыруға иек артқанында болып отыр. Өткен жылдың тәжірибесі көрсеткеніндей, қысқа уақыт аралығында осындай екі мақсатқа қол жеткізу мүмкін емес.

Түбегейлі мәселе Қазақстанның объективті заңдылықтары мен ерекше жағдайы осы міндеттерді қаншалықты шешуге, қандай ретте және қандай мерзімде шешуге мүмкіндік беретіндігіне байланысты болып отыр. Объективті жағдайларды елемеу, екі проблеманы да атүсті шешуге әрекет жасау елді зор қатерге ұрындыруды білдірер еді.

Басқа елдердегі тұрақтандыру бағдарламаларын жүзеге асыру тәжірибесіне сілтеме жасау, әлдебір ортақ, пысықталған схема бойынша әрекет ету талабы орынсыз болып көрінеді.

Өйткені, тұрақтандыру бағдарламалары жүзеге асырылған мемлекеттерде экономика өзінің бастапқы жағдайында нарықтық болды немесе ол біздегі сияқты ерекше терең ырықтандыруды қажет еткен жоқ.

Бүгінгі міндет — қаржы жағдайын тұрақтандырумен қатар, өндіріс пен тұтынудың құлдырауын тежеп, тұтыну кешені салаларындағы дағдарысты құбылыстарды болғызбау. Бұл ретте кәсіпорындардың жаппай банкротқа ұшырауы мен үлкен жұмыссыздыққа жол бермеу үшін біздің республиканың ұлттық мүдделерін басшылыққа алу керек.

Үкімет сіздердің алдарыңызда дағдарысқа қарсы кезек күттірмес шаралар және әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету жөніндегі өзінің бағдарламасын ұсынды. Оны талқылау кезінде сындарлы да тыңғылықты ұсыныстар айтылды. Үкімет өз бағдарламасын одан әрі жүзеге асыру кезінде соларды ескеруі керек. Үкімет бағдарламасы нақты есептерге, республиканың бюджеті мен төлем балансын қоса алғанда, негізделгенін атап өткім келеді. Соңғысын Қаржы министрлігіндегі, Ұлттық мемлекеттік банктегі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіндегі, Мемлекеттік статистика комитеті мен Жоғары экономикалық кеңестегі біздің мамандар халықаралық қаржы ұйымдары сарапшыларының, сондай-ақ осындай реформаларды жүзеге асыру тәжірибесі бар шетел кеңесшілерінің қатысуымен тұңғыш рет жасады.

Алайда, экономикалық реформаларды тереңдету және дағдарыстан шығу жөніндегі нақты, қисынды, өзара үйлесімді ұсыныстардың орнына жекелеген саясатшылар сындарлы емес, қайта шалағай сыншылдыққа салынуда. Және де көп ретте дәлелдердің жетіспеушілігін өткір, бірақ істің мәнін ашып көрсетпейтін қызыл сөзбен алмастыруда.

Кейбір депутаттар үкіметті экономист-ғалымдарды өз бағдарламасын әзірлеуге тартпайды деп кінә қояды. Мен осыған байланысты Жоғары экономикалық кеңес мәжілісінде біздің ғалымдарымыздың пікірін тыңдағанымды айтқым келеді. Олардың ешқайсысы нақты, нұсқалы идеялар ұсына алмады. Экономикалық институттар, шетелдіктерді қоса алғанда, әртүрлі сарапшылар ұсынған материалдарды, сондай-ақ интеллигенция мен партиялардың жекелеген өкілдерінің сөйлеген сөздерін егжей-тегжейлі оқып-зерттеу осының бәрі негізінен құрастырмалы сипатта екені және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған әртүрлі мақалалардың «ғылыми тұрғыдан» баяндалуы болып табылатынын көрсетті. Немесе өздерінің бір байланыстары бар нақты бір шетел компаниясына ғана, оның үстіне баламасыз түрде қолдау көрсетуді ұсынады. Және мұның өзін үкіметтің экономикалық саясатын жақсартуға бағытталған елеулі ұсыныстар ретінде көрсетеді.

Мен біздің экономист-ғалымдарымыздың ғылыми мүдделерін және даңғойлардың да мүдделерін талдап көрдім. Бізде макроэкономика, қаржы, ақшанесие және сыртқы экономикалық мәселелер бойынша тек ірі мамандар ғана емес, тіпті орта буын мамандар да жоқ екені айқындалды. Мұны Қазақстанның алдында бұрын осындай міндеттердің қойылмағанымен түсіндіруге болар. Әйтсе де әркім өзін осы мәселелер бойынша маман деп есептеп, мақалалар жариялап жатады. Ал осы жарияланымдарды оқып шығып, олардың біліксіздігіне тағы да көзің жетеді. Әркім өз ісімен кәсіптік тұрғыдан шұғылдануы тиіс. Сан алуан пікірлерге деген құрметіме қарамастан, әлемде ең алдымен, адамдардың біліктілігі бағаланатынын ұмытпауымыз керек.

Мен жүргізіліп отырған реформаларды ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету қажеттілігіне және оның тиісті дәрежеде әзірленуі көп жағдайда ғылымға келіп қосылатын, қазірдің өзінде келе бастаған жаңа, жас күштерге байланысты екендігіне сенімдімін. Икемді экономикалық саясатты жүзеге асырудағы табысқа, біріншіден, аса көрнекті «адами материалмен» толықтырылған мемлекеттік бюрократия жүйесі арқасында қол жеткізуге болады. Екіншіден, осы жүйені ғалымдар және тәжірибелі ойшылдар қатарымен нығайту, олардың бас-аяғы жоқ абстрактылы

пікірсайыстарға түсіп кетпей, нақты болмысты құрметтей білуге деген ортақ ниетін нығайту арқасында қол жеткізуге болады.

Үкімет бағдарламасының жетістіктері мен кемшіліктерін тізбестен, мен депутаттар көтерген кейбір даулы мәселелерге және оларды жүзеге асырудың тұтқаларына тоқталғым келеді.

Бірінші — бұл 1993 жылға арналған бюджет мәселесі. Айтып өткенімдей, оның кіріс және шығыс бөлігі үкімет бағдарламасын негізге алып құрылды және оның инфляцияны тоқтатуға мүмкіндік беретін бюджеттік саясатынан туындап отыр. Мен салық саясаты әзірге жетілмеген дегенмен келісемін. Бірақ неден үнемдеуге болады? Сіздер егемен мемлекетіміздің өз Қарулы Күштерін құру жағдайында әскердің жеке құрамын ұстаудан үнемдеуге болмайтынымен келісетін боларсыздар. Сондай-ақ ғылыми-зерттеу және конструкторлық тәжірибе жұмыстарынан, сондай-ақ мәдениеттен үнемдеуге болмайды, өйткені, бюджетте осы мақсаттарға көзделген шығындар онсыз да төменгі деңгейде тұр. Әлеуметтік шығындарды қысқарту керек пе? Бірақ тіпті олардың құрылымдары жетілмей отырғанның өзінде олардың көлемін азайту қиын және де халық мүддесінен үнемдеудің несі жөн болсын.

Мен үкімет ұсынған бюджетті қабылдауды ұсынамын. Біз жыл ішінде оған бір емес, бірнеше рет оралуымыз мүмкін деп ойлаймын.

Бір мәселені түсінуіміз керек. Егер біз дағдарыстан шығып, экономиканы тұрақтандырғымыз келсе, біздің бәріміз қаржымызға қарай көсілуіміз керек. Табыс болмаса бәрі де қағаз жүзінде қалады. Қатаң бюджет — бұл қажеттілік. Іс жүзінде бүркемеленген дотация болып отырған әртүрлі жеңілдіктерді біз экологиялық жағынан қолайсыз аймақтарға, азаматтардың зейнеткерлік жасын азайтуға, еңбек демалысын өсіруге бөліп бергеніміз туралы айтуымыз керек. Ал бұған тіпті гүлденген экономикасы бар елдердің өздері де бара бермейді. Өзіңіздегі және басқа елдердегі жағдайларға талдау жасап, мемлекеттің нағыз егеменділігі үшін әзірге ештеңе істемей, оны сорып отырғанымыз жөніндегі қорытындыға әкеліп отыр. Егер Қазақстан тәуелсіздік үшін мүмкіндіктері бола тұрып, көршілеріне экономикалық жағынан тәуелді болып қалатын болса, ешқандай егеменділік болмайды. Немесе біздің мемлекетіміздің осындай болып қалғанын қалайтындар бар ма? Мен мұны қаламаймын. Сондықтан Жоғарғы Кеңестен мынадай өміршең маңызы бар объектілердің құрылысы үшін бюджеттен қаржы табуды сұраймын: «Батыс-Құмкөл» мұнай құбыры құрылысы бізді мұнай тәуелділігінен құтқарады. Қарашығанақ кенішін «Бұқара-Орал» газ құбырына қосу газбен қамтамасыз ету мәселесін шешеді. 1 150 вольтті «Ағадыр-Алматы» электр өткізгіш құрылысы жүйесін, Оңтүстік су электр стансасын салу біздің электр қуатына қатысты жағдайымызды түзейді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату объектілеріне және халық тұтынатын тауарлар өндірісіне нысаналы түрде қаржы бөлу қажет. Бір сөзбен айтқанда, инвестициялық қорды қысқартпай, қайта көбейту қажет.

Бюджеттің шамадан тыс тапшылығының, жомарттықпен беріліп жатқан мемлекеттік дотациялар мен тегін несиелердің нәтижесі — инфляция. Егер біз шаруашылығымызды қиратушы инфляцияны тоқтатпасақ, онда өнім құнының инфляциялық өсуінен озық жүретін халықтың нақты кірісінің әбден құлдырауы мен соның салдары ретінде мемлекеттік кәсіпорындардың тұтынушыларға инфляциялық салық салу экспансиясы болады. Мен бюджеттің нөлдік тапшылығына қол жеткізу туралы айтып тұрған жоқпын. Дүниежүзінде бірде-бір елде мұндай жағдай жоқ.

Біз өркениетті нарықтың көріністері: салық төлеушілердің байлығын ынталандыру, экономиканы сауықтыру, инвестициялық қызметті жандандыру есебінен бюджеттің түсімін өсіруге сүйенген бюджеттің серпінді тұрақтануын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Екінші жағынан, егер бағаның ырықтандырылуы жағдайында бұл процесс тұтыну тауарлары мен өндірістік ресурстар жеткізілімінің кеңейтілуімен қатар жүрмесе, тауар тапшылығы мен инфляция аса қатаң формаға кіреді. Сондықтан Қазақстанның тауар өндірісінің потенциалын толығымен іске қосу үшін барлық мүмкіндікті жасау өте маңызды. Бұл үшін үкімет белсенді, мақсатты құрылымдық саясат жүргізетін болады. Ол нарықтық қатынастардың дамуына бөгет жасамай, сонымен бірге халық шаруашылығын қайта құруға басқарылатын сипат беріп, өмірге бейімсіз өндірістерді тоқтату қарқынын институттық өзгерістермен, инвестицияларды тарту мүмкіндіктерімен, жаңа жұмыс орындарын құрумен және әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етумен сәйкестендіре алар еді.

Шындық мынада: Қазақстанның белсенді құрылымдық саясатты жүзеге асыру үшін мүмкіндігі тым шектеулі. Демек, әңгіме басым салаларды бөліп алу және оларды қолдауда.

Мен қазіргі кезеңде мынадай басымдықтарды бөліп көрсетуге болады деп санаймын:

- тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі мен негізгі экспорт базасы ретінде — отын мен энергия;
- тұтыну секторының салалары;
- әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру үшін, өнеркәсіп өркениетінің прогресі үшін өмірлік қажетті металлургия кешені;
- нарықтық экономиканың маңызды алғышарты ретінде — коммуникация.

Мен үкіметке осы бағыттар бойынша мемлекеттік бағдарламалар жасауға тапсырма бердім. Олар индикативті жоспарлаудың негізін құрайтын болады.

Бұл жерде мұндай саясат, біріншіден, қаржы-экономика сипатындағы елеулі акциялар кешенін жүргізуді, екіншіден, бұл өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін тікелей реттеу жүйесіндегі өзгерістерді, үшіншіден, кәсіпорындардың экономикалық белсенділігін қамтамасыз ететін ынталандырушы салық саясатын жүзеге асыруды және, төртіншіден, тікелей шетел инвестицияларын қатыстырудың қолайлы шартын жасау және механизмін пысықтауды қамтуы тиіс.

Экономиканы құрылымдық қайта құрудың басым бағыттарын жүзеге асыру үшін қажетті ішкі және сыртқы инвестициялық ресурстар Экономика министрлігіне шоғырландырылуы керек. Осы бағыттағы алғашқы қадам қазірдің өзінде жасалды — Шетел инвестициялары жөніндегі агенттік осы министрлікке берілді.

Таяудағы уақытта инвестициялық қорлар бойынша тиісті шешімдер қабылдау қажет. Үкімет Даму банкін құру мәселесін пысықтағаны жөн. Оған мемлекеттік басым бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жеңілдік жағдайымен немесе пайызсыз ұзақ мерзімді несие беру тұтқасында маңызды рөл атқаратын қаржы-қаражаты республикалық бюджеттен аударылатын болады.

Түбірлі қайта құруды жүзеге асыру кезінде банкротқа ұшырайтын кәсіпорындардың пайда болуы мүмкін екенін тура айту керек, бірақ бұл процесс беталды жағдайдың ырқында кетпеуі тиіс.

Кең ауқымды жекешелендіру — маңызды институттық өзгерістер, экономикалық реформаның орталық буыны. Оны дәл және егжей-тегжейлі құрылған тұғырнама

негізінде сенімді түрде және кезең-кезеңімен жүргізу керек. Оны меншік қатынасы сияқты күрделі де нәзік салада берекесіз өктем шараларсыз жүргізу керек. Мұнда, ең маңыздысы, меншікті тарату емес, қайта одан кейін не болатынында.

Бәрін бірдей меншік иелері және өндіріс қожалары ету әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Өйткені, біздің тарихымыз да әркімнің меншік иесі, қожайын, өндіріс ұйымдастырушысы бола алмайтындығын дәлелдеді. Басқаруға қатысусыз меншік иесі болу — бос сөз! Меншік иесі болу дегеніміз — бұл білек сыбанып жұмыс істеу, басқару, іске жаны ашу, өндіріс тиімділігін қамтамасыз ету, өз капиталына, жағдайына және келешегіне тәуекел ету деген сөз. Ал бұған әркім қабілетті ме? Жоқ. Адамдардың көпшілігі меншік иелері болып және өндіріс нәтижелері үшін жауапкершілік алып, жинаған қорларына, игілігіне, тыныштығына тәуекел еткілері келмейді. Өндірісті ұйымдастыруға қабілетсіз, бірақ оның есесіне өз саласында жақсы мамандар болып отырған көптеген адамдар бар. Және олардың мен жақсы жұмыс істейтін болайын, ал сіздер бұл үшін маған жақсы ақы төлеңдер және өндірістің қалай болатыны, өнімді қалай өткізу керектігі, кәсіпорынды қалай техникалық жағынан қайта құру қажеттігі туралы сіздердің бастарыңыз ауыратын болсын деген өз қалауын білдіруі мүмкін.

Сондықтан жекешелендіруге нақты қарау керек деп есептеймін: адамдар әртүрлі, олардың тілегі, қабілеті, бейімділігі де бірдей емес. Біреуге өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік беріп, ал осындай қабілетті екінші адамға мүмкіндік берілмейтін кемсітушілікті, әлеуметтік әділетсіздікті болдырмаудың маңызы зор. Барлығы үшін бастапқы жағдайлар бірдей болуға тиіс. Ал өз қызмет аясын таңдап және өз мүмкіншіліктерін көрсету әркімнің өз ісі.

Бүгінгі күні үкімет таяудағы 2–3 жылдағы жекешелендірдің мемлекеттік бағдарламасын, қабылданған заңдарға қажетті түзетулер, сондай-ақ нормативтік-әдістемелік және нұсқаушылық материалдар даярлады. Оларды Жоғарғы Кеңесте мақұлдағаннан кейін, ал оны ұзаққа созбау керек, негізгі 3 бағыт бойынша жекешелендіруді өрістету: «шағын жекешелендіру», «жаппай жекешелендіру» және жеке жобалар бойынша ірі индустрияны жекешелендіру басталады.

Бұл бағдарлама сіздерге баяндалатын болғандықтан, оның егжей-тегжейіне бармастан, мемлекеттік кәсіпорындарды реформалау мәселелеріне тоқталғым келеді.

Қазақстан экономикасында мемлекеттік сектор нарықтық экономика жағдайында жеке сектормен бәсекеге түсіп, әлі ұзақ уақыт бойы елеулі рөл атқаратын болғандықтан, мемлекеттік кәсіпорындарды реформалауды жүзеге асыру қажет.

Реформаның мәнісі, мемлекеттік кәсіпорындар мен басқару органдарының құқықтары мен міндеттерінің ара-жігін ашуда, кәсіпорындарды мемлекеттік қамқорлықтан шығаруда, олардың шаруашылық қызметтің нәтижелері үшін, банкроттық пен жабылуға дейін, толық экономикалық жауапты болуы үшін экономикалық және құқықтық алғышарттар құруда, кәсіпкерлік тәуекелге қатысты меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындарды теңестіруде болып отыр.

Қазіргі уақытта мемлекеттік кәсіпорындар шаруашылықты толығымен жүргізуге құқықты, бұл меншік иесі құқығымен тең (іс жүзінде бұл — кәсіпорын директоры), бірақ мемлекет меншігін сақтау мен еселей түсуге нақты жауап бермейді. Мемлекет іс жүзінде өзінің меншік иесі міндетін жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылған.

Осы орынсыз жағдайды жою үшін Кеңес Одағы кезеңінде қабылданған «Кәсіпорындар туралы» Заңға өзгеріс енгізу қажет. Мен мұны осы сессияда жасауды сұраймын.

Реформа барысында мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың екі категориясы белгіленеді. Олардың біріншісіне тікелей мемлекет басқаратын, мемлекеттік органдардың тапсырмаларын орындайтын және бюджеттен қаржыландырылатын кәсіпорындар кіреді. Басқаша айтқанда, қорғаныс өнеркәсібінің, көлік, байланыс кәсіпорындарының белгілі бір саны, сондай-ақ коммерциялық өлшемдерге бағдар ұстай алмайтын өндірістік емес саланың ұйымдары. Осындай кәсіпорындар мен ұйымдар еңбеккерлерінің мемлекеттік қызметшілер мәртебесі болады.

Екінші категория — толық коммерциялық есеп айырысу принципінде жұмыс істейтін кәсіпорындар. Басқаша айтқанда, мемлекет меншігінде қалатын қалған кәсіпорындар. Олар акционерлік қоғамдар немесе жауапкершілігі шектеулі қоғамдар болып қайта құрылуға жатады. Олардың барлық акциялары немесе олардың бақылаушы пакеті олар басқа иеге сатылған уақытқа дейін мемлекеттің қолында қалады.

Осындай кәсіпорындарды басқару үшін бақылау кеңесі (директорлар кеңесі) құрылады. Оны салалық министрліктер тағайындайды, ал басшылармен еңбек шарты жасалады. Мұның барлығы мемлекеттік холдинг компанияларына жатады.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара қатынастар мемлекеттік мүлікті басқару мен кәсіпорын қызметін басқару міндеттерін беру негізінде құрылады.

Мемлекеттік мүлікті басқару міндеті (мемлекетке қарайтын акциялар пакетін) Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет органдарының, сондай-ақ олар өкілеттік берген органдардың басқаруына жатады.

Заңмен белгіленген шеңберлерде кәсіпорынның қызметін басқару міндетін сол кәсіпорындар өзіне қарайтын министрліктер мен ведомстволар атқарады. Бұл міндеттер, негізінен, кәсіпорынның рентабельділігі мен қарызына бақылау жасау, оларға мемлекеттік басым бағдарламалар шеңберінде көмек көрсету, кәсіпорын басшыларымен шарттар жасаумен шектеледі. Осының барлығын жүзеге асыру үшін үкімет нормативтік құжаттарға, қаулыларға тиісті өзгерістер енгізуі қажет.

Кәсіпорындар залалмен жұмыс істеген, төлем қабілетінен айырылған жағдайда жоғарыда аталған органдар оларды сауықтыру, қайта құру және жою шараларын қолдануы керек.

Үкімет осы категорияларға мемлекетке тиесілі мүлік (ұлттық дивиденд) құнына байланысты мемлекеттік бюджетке төленетін арнаулы салық енгізу туралы мәселені пысықтауы керек.

Мұндай кәсіпорындарда еңбек ұжымдарының құқықтарына оның мүшелерінің заңда және жекешелендіру бағдарламасында белгіленген негіздерде, өз кәсіпорындарының меншігіне қатысуы, сондай-ақ олардың қадағалау кеңесіндегі өкілдіктері арқылы кепілдік беріледі.

Салалық министрліктер негізінде құрылып және өзінше монополистер болып отырған концерндер мен қауымдастықтарды тез тарату, ең алдымен, кәсіпорындардың тығыз технологиялық байланыстарды сақтау және қаржы ресурстарын жинақтау қажеттілігіне мүдделі болып отырғандығынан жөн емес. Қазіргі

концерндер мен қауымдастықтарды, олардың жұмыстары мынадай принциптерде құрылуы тиіс екенін ескере отырып, оларды негізінен сақтау қажет деп есептеймін.

Біріншіден, мемлекеттік корпорациялар, концерндер мен қауымдастықтар шаруашылық бірлестіктері болып табылады және ешқандай мемлекеттік қызметтер атқармайды.

Екіншіден, бұл құрылымдардың заңмен белгіленгеніндей не мемлекеттік кәсіпорындар (бірлестіктер) мәртебесі болады, сөйтіп, оған кіретін барлық кәсіпорындардың құқықтары шектеулі болады, немесе олар барлық құқықтармен пайдаланатын, бірақ өздерінің өкілеттіктерінің бір бөлігін бірлестіктің басқару органдарына шарт негізінде беретін ерікті бірлестіктер (қауымдастықтар) болып табылады.

Үшіншіден, монополистік іс-қимылдары жағдайында монополияға қарсы заңға сәйкес бұл құрылымдарды таратуға дейін санкциялар қолданылады.

Және, төртіншіден, жекешелендіру процесінде әдетте концерннің немесе қауымдастықтың құрамына кіретін кәсіпорын жекешелендіру объектісі болады.

Жаңа аграрлық құрылымдарды құру — Қазақстан экономикасындағы жүйелік өзгерістердің маңызды элементі. 1992 жылғы ақпанның 8-інде агроөнеркәсіптік кешеннің мемлекеттік ауылшаруашылығы, дайындау, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүліктерін жекешелендіру жөніндегі кезек күттірмес шаралар туралы Жарлық шығарғанымды білесіздер. Мұнда ұжымшарлар мен кеңшарларды реформалаудың басты бағытының мазмұны көрсетілген. Мұның мәні олардың меншіктерін еңбек ұжымдарына және жекелеген қызметкерлерге беруге, ұжымшарлар мен кеңшарларды коммерцияландыру және олардың толық дербестігін қамтамасыз етуге келіп саяды. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өнеркәсіптегіден бір ерекшелігі, олар өздерінің жерлері мен мүліктерінің негізгі бөлігін ұжымдық-үлестік меншікке тегін алады.

Еңбек ұжымдары өз кәсіпорнының құқылық-ұжымдық формасы туралы, ашық немесе жабық түрдегі акционерлік қоғамға немесе өндірістік кооперативке қайта тіркеу туралы шешімді дербес қабылдайды. Оның үстіне, ұжымшарлар мен кеңшарлар бұдан соң ерікті негізде біртұтас қауымдастыққа немесе бірқатар қызмет көрсетуші кооперативтерге бірігетін жекелік және ұсақ жеке кәсіпорындарға толық бөлінуі мүмкін.

Агроөнеркәсіп кешенінің ұқсатушы өнеркәсібінің кәсіпорындары, агроқызмет кәсіпорындары мен ұжымдары көптеген жағдайларда өзінше монополистер болын табылады. Жекешелендіру жүргізу кезінде осы монополияларды жою үшін Жарлықта ауыл шаруашылығы өндірушілеріне аталған кәсіпорындардың акцияларын алуда басым құқықтар беру жөнінде шаралар көзделіп отыр.

Мен жақында Ауыл шаруашылығы академиясы ғалымдарымен кездесуімде білгенімдей, жергілікті жерлерде жоғарыда аталған кәсіпорындарды жекешелендіруде менің 1992 жылғы көкектің 28-індегі «Материалдық өндіріс салаларындағы меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жұмыстарын жандандыру жөніндегі кезек күттірмес шаралар туралы» Жарлығымды басшылыққа алып отыр.

Бірақ агроөнеркәсіп кешеніндегі жекешелендірудің өнеркәсіптің басқа салаларымен салыстырғанда, өз ерекшелігі бар ғой. Екі дербес Жарлықтың шығарылуы да сондықтан. Мемлекеттік мүлік жөніндегі Мемлекеттік комитет мұнда дереу тәртіп орнататын болсын және егер Жарлықтарда жекешелендіру жөнінде бірін-бірі жоққа шығаратын шаралар болса, онда оларды жою жөнінде ұсыныс әзірлесін.

Агроөнеркәсіп кешеніндегі жекешелендіруге байланысты тағы бір мәселе. Әңгіме қауқарсыз шаруашылықтар және олардың қарыздары туралы болып отыр. Кейбір депутаттар, жекелеген мамандар бізге оларды есептеп шығаруды немесе мемлекеттің мойнына алуды ұсынады. Мұндай проблеманың даңғойлық әдістермен шешілмейтінін тағы да атап көрсеткім келеді. Мұндай қарыздарды өз мойнына алған қандай мемлекет, қандай бюджет оған төтеп бермекші? Бұдан шығарудың жолы басқада — қауқарсыз шаруашылықты қайта құру мерзімін белгілеу керек. Мұндай шешімді облыс әкімшілігі қабылдауға тиіс. Қайта құруға қарызды өтеуге қатысатын бөтен ұйымдар да қатыстырылуы мүмкін. Егер қарыз өтелмесе, онда олар мүліктің бір бөлігін аукционда сату есебінен өтелуге тиіс.

Бұл мәселені түпкілікті шешуді және таяу уақытта тиісті жарлықтарға нормативті құжаттарға қажетті өзгерістер енгізуді ұсынамын.

Тиімді ақша-несие саясатын жүзеге асыру үшін республиканың ұлттық мемлекеттік банктің қызметін, оның үкіметпен, коммерциялық банктермен өзара қатынасын түбірінен қайта құру қажет.

Көптеген елдерде ұлттық банк банкир, үкіметтің агенті және кеңесшісі болып табылатыны мәлім. Ол үкіметтің жалпы экономикалық және қаржы жөніндегі макробағдарламаларын жүзеге асыруда, ақша операцияларын реттеп, болжауда басты орын алуы керек. Ұлттық банктің үкіметпен қалыпты қатынасы үшін банк ресурстарын үкімет бағдарламаларын жүзеге асыру мүддесінде пайдаланудың, ақша айналымы тұрақтылығының тиісті механизмдері мен нормативтерін талдап жасап, оларды қолда ұстау керек. Банктің жаңа рөлі шеңберінде оны түпкілікті жаңарту, жаңа күштерді, ақша-несие саясаты проблемаларын, нарық жағдайында банк ісін кәсіптік тұрғыдан білетін күштерді қатыстыру арқылы кадрларды даярлау мен қайта даярлау маңызды.

Банк қызметіндегі аса келеңсіз тенденцияларды, атап айтқанда, саудаделдалдық операциялармен, ресурстарды алыпсатарлық жағдайында қайта сатумен және тағы басқалармен әуестенуді жою қажет. Коммерциялық банктер инвестициялық салаға қаржы салуды іс жүзінде қойды, олар өндірістен сырт айналып кетті. Банктер жүйесі қолдан жасалған шағын, бытыраңқы, ірі өнеркәсіптің сұранысынан қол үзіп, оған қызмет көрсетуге қабілетсіз болып қалды. Жағдайды түбірінен өзгерту керек. Ұлттық мемлекеттік банк мейлінше сараланып, сұрыпталған несие саясатын жүргізіп, бағдарламалық инвестициялық салымдарға елеулі артықшылықтар беріп, экономикадағы құрылымдық өзгерістерге мүмкіндік туғызуы керек. Мұның өзі коммерциялық банктерді ірілендіріп, шын мәнінде тиімді банк жүйесін қалыптастыратыны сөзсіз. Өтпелі кезеңде ұлттық мемлекеттік банк басқармасының төрағасын Министрлер кабинетінің құрамына енгізуді орынды деп есептеймін. Сонымен қатар бүкіл дүниежүзілік банк сарапшыларын қатыстыра отырып, Ұлттық мемлекеттік банк пен ірі коммерциялық банктерге аудиторлық тексеру ұйымдастыру қажет.

Үкіметтің әлеуметтік-саяси бағдарламасының маңызды элементі жоғары тиімді еңбек үшін жағдай жасау, халықтың әл-ауқатының төмендеуінің алдын алу және халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал жігіне кепілдік берілген ең аз деңгейді қамтамасыз ету болып табылады. Республика бюджетін құрудағы күрделі жағдайды ескеріп, әлеуметтік бағдарламаларды өткір зәру болып отырғандарға, табысы төмен отбасыларына нақты қолдау көрсетуге қарай қайта бағдарлау қажет.

Халықты әлеуметтік қолдау жүйесіне жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақыларды, өтемақыларды, еңбекке орналастыру, кадрларды оқыту және қайта оқыту, қосымша жұмыс орындарын құру, зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі шығындарды қаржыландыру кіруге тиіс.

Еңбек нарығын реттеп отыратын механизмдерді пысықтау, жұмыспен қамту бағдарламасын әзірлеу, жұмыспен қамту, әлеуметтік сақтандыру және зейнетақы қорының қаржы жағдайы үкіметтің бақылауында болуға тиіс. Бюджеттік мекемелер қызметкерлері жалақысының деңгейі мен серпінін және олардың адам санын реттеп отыру жөнінде шараларды көздеу қажет. Зейнетақының ең төменгі деңгейін нақты реттеп отыру маңызды. Тиімді еңбекке нақты ынталандыру үшін қызметкерлерге күрделі игіліктерге ие болуына ұзақ мерзімді тұтыну несиесін берудің ерекше маңызы бар.

Экономикалық өзгерістерді құқықтық қамтамасыз ету саласында көптеген елеулі проблемалар жинақталып қалып, ал оларды неғұрлым тезірек шешу реформаны едәуір алға жылжытуға ықпал етер еді.

Құқықтық реттеу саласындағы жағдайға егжей-тегжейлі баға беріп жатпастан, мына жәйттерді бөліп көрсеткім келеді.

Бүгінгі таңда қабылданған құқықтық актілердің ішкі қайшылығы туып отыр, бұл оларды пәрменділігінен айырып қана қоймай, сонымен бірге нақты заңдарды орындамау үшін де заңды негіз туғызып отыр. Оның үстіне, Кеңес Одағы өмір сүріп тұрған кезде қабылданған заңдардың алғашқы толқыны көз алдымызда ескіруде және өзінің екіұштылығымен шаруашылық жүргізудің жаңа формалары мен әдістерін құқықтық тұрғыдан жүзеге асыру үшін кедергі келтіріп отыр.

Сондай-ақ республиканың заңгерлік қызметінің жалпы жағдайы не кадрлық, не материалдық және ресурстық тұрғыдан жаңа қызметтерді атқаруға және принципті жаңа мәселелердің орасан зор көлемін шешуге дайын емес екенін де атап өткен жөн.

Аталған кемшіліктердің объективті себептерге байланысты туып отырғанына күмән жоқ. Бірақ құқықтық тұтқаларды, әсіресе, қазіргі дағдарысты жағдайда, реформаны тежегішке айналдыруға болмайтыны да соншалықты күмәнсіз.

Осыған байланысты, біріншіден, жаңа қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық шындықты ескере отырып, бұған дейін қабылданған құқықтық актілерді белгілі бір тексеруден және ішінара тазартудан өткізуді ұсынар едім. Екіншіден, ең алдымен, өзіміздің дағдарысқа қарсы заңдарымызды жүзеге асырудың құқықтық тұтқалары мен процедураларына баса назар аударып, жаңа шаруашылық заң шығарушылықты барынша азайту керек.

Жергілікті норма шығарымпаздыққа бақылауды күшейту, жергілікті өкімет орындарының республика заңдарын орындаудағы жауапкершілігін арттыруды күшейткен жөн. Заңсыз норма шығарғаны үшін олар таратылуы және кезектен тыс сайлау белгіленуі тиіс.

Қалыптасқан басқару жүйесінде көптеген жағдайда республикадағы басқару орындары өз саясатын әзірлеуге қабілетсіз болып, одақтық басқару құрылымдарының бөлімдері болып келген бұрынғы басқару жүйесінің тұрпаты сақталған. Мұндай жағдай объективті түрде қалыптасқан және басқару құрылымының үлкен сылбырлығынан оны тез өзгертудің кез келген әрекеті тек кері нәтиже береді.

Соңғы кезеңде экономикалық басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі қолданылып жатқан шаралардың ішкі қисыны болғанымен, сонымен бірге ішкі себептерден туған әрекет ету сипаты бар және стратегиялық перспектива мақсаттарынан гөрі, экономикалық тактика міндеттеріне көп бағынышты. Оның үстіне жоғары басқару құрылымдары, әдетте, оқиғаның ықтимал өріс алуын болжау мен ықтимал шиеленістердің алдын алу туралы айтпағанның өзінде, туындап жатқан өзгерістерге жедел жауап қатып үлгермейді. Көп ретте олар тек істің қалыптасқан жағдайын ғана алға тартумен шектеледі. Экономиканы басқарудағы табан астындағы ұйымдық шаралар мен әртүрлі «сілкілеулердің» күні бұрын жасалған және жан-жақты есептелген іс-қимыл бағдарламасыз тек теріс әсер ғана туғызады.

Қалыптасқан құрылымды түпкілікті қирату емес, қайта оны ұтымды негізде кезең-кезеңімен реформалап, бұрынғы басқару жүйесіне тән оң жәйттерді — атқарушылық, өзара тәуелділік пен тең бағыныштылықты пайдалана отырып, оны шаруашылық практикасының жаңа талаптарына біртіндеп бағындыру неғұрлым сындарлы болып табылады.

Меніңше, негізгі өзгерістер экономиканы реттеудегі мемлекеттің рөлін күшейтумен байланысты. Сондықтан біз дүние жүзінің барлық елдерінде қабылданған практикаға қайтып ораламыз. Оларда бұл рөл ерекше жоғары.

Нарықтық өзгерістер идеясының дүниеге келуінің әуел бастан-ақ бұрынғы Кеңес Одағында, сондай-ақ бізде де экстремистік тенденциялар үстем болды. Бұл бізге ұнай ма әлде ұнамай ма, бірақ Қазақстан экономикасы «жартылай нарықтық» болып барады және әлі де көптеген жылдар бойы солай бола береді. Жаңасы әлі салынып бітпей жатып, ескіні асығыс түрде революциялық қирату экономикада көп ретте жаңа прогресшіл идеяның беделін кетіретін былыққа, құлдырауға әкеліп соғады. Бұл ретте ескі, жарамсыз болып қалған жүйенің беделі лажсыздан қайта түлейді. Өйткені, ол жақсылы-жаманды болса да, күн көруге мүмкіндік беріп келді ғой.

Мысалға жоспарлауды алайық. Жоспарлауды мемлекеттілік тірегінің бірі ретінде нарыққа және нарықтыққа қарсы қою кімге және неліктен қажет болды. Өйткені, жоспар мен нарықты «әрі не бері» контексінде бір-бірімен сыйыспайтын категориялар ретінде қарау — барып тұрған сауатсыздық. Нарықтық экономикада шаруашылықты жүргізудің жоспарлылығы, өзара жоспарлы міндеттемелерді сақтай отырып, шаруашылық байланыстарды қолдау және дамыту өміршең экономика деп аталатынға қарағанда, ешбір кем байқалмайды. Нарықтық экономикада жоспар жоғарыдан соншалықты қатаң танылмайды, оның директивалық сипаты болмайды, қайта неғұрлым индикативті болып, шарттық негізде қалыптасып жататыны бір басқа. Дегенмен нарықтық экономикасы бар елдерде де мемлекеттік жоспарлау бар (Франция, Жапония және басқалары).

Көп ретте біздің қырсықтарымыз мемлекеттік және нарықтық негіздерді ұтымды мөлшерлей, оларды ұштастырып, шамадан артық мемлекеттікті жаңа бой көтеріп келе жатқан нарықтықпен біртіндеп ығыстыра білмеуден немесе оны қаламаудан туып жатады.

Күшті де жауапты билікті қайта қалпына келтіріп, басқару құрылымдарын өтпелі кезеңнің талаптарына сәйкестендіріп қайта құруды қамтамасыз ету, басқару өзегін, төменгі органдар мен жергілікті әкімшіліктердің жоғары органдарға тікелей бағыныштылығын қалпына келтіру қажет. Экономиканы басқару құрылымы оның

әртүрлі элементтері мен жоғары басшылық мүшелері арасындағы, мемлекеттік және шаруашылық басқару функциялары арасындағы өкілеттіктердің ара-жігін дәлелді ажырату арқылы айқын болуы керек. Экономикалық ведомстволар, үкімет бөлімшелері мен жоғары лауазымды адамдар арасындағы функциялардағы қосарластық пен қайталаушылықты жою керек. Қазіргі кезеңде орталықтандыру қажет болып отырған қызмет түрлерін айқындау маңызды, оның үстіне белгілі бір қызметті жүзеге асыру үшін бір басқару органы немесе бір лауазымды адам жауап беруге тиіс. Экономикалық ықпал етудің негізгі тұтқалары басқару сатысының жоғары деңгейіне жинақталуға тиісті.

Өзінің басқару органдары арқылы мемлекеттің экономикалық және әкімшілік әдістерін пайдалана отырып, экономиканың тек мемлекеттік секторына емес, сондай-ақ мемлекеттік емес құрылымдарға да тиімді ықпал ету мүмкіндіктері болуға тиісті. Мемлекет тарапынан реттеп отыру ықпалының күшейтілуі, сондай-ақ нарықтық шараларды ТМД-ның басқа да елдерінің іс-қимылдарымен, шетелдік инвесторлар және халықаралық экономикалық, қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылын анағұрлым тығыз үйлестіріп отыру қажеттілігімен байланысты.

Экономикалық реформаны жүзеге асыру тұрғысынан неғұрлым маңызды, басшыларының барлық қажетті өкілеттіктері болуға тиісті министрліктер мен ведомстволардың орталық тобын: Экономика министрлігін, Қаржы министрлігін, Ұлттық мемлекеттік банкін, Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитетті және Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетті бөліп қарау маңызды.

Үкімет құрамында, реформаны нақты жүзеге асыру мәселелерін шұғыл шешу және бақылау мақсатымен тиісті кеңес құрылды. Оны Премьер-министр басқарады және оның құрамына Премьер-министрдің экономикалық реформа жөніндегі бірінші орынбасары, сондай-ақ аталған министрліктер мен ведомстволардың басшылары кіреді. Реформа барысына солар жеке жауап береді.

Министрлер кабинетінің қызметін түбегейлі экономикалық өзгерістердің түбірлі мәселелеріне бағыттау, оның мәртебесін арттыру және жұмысын ретке келтіру мақсатымен, оның құрамы шешуші министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен шектелетін болады. Өзге басшылар Министрлер кабинетіне кеңесші дауыспен кіреді.

Мемлекеттік басқару және тікелей шаруашылық жүргізу қызметтерін заң жолымен ара-жігін бөлу, біртіндеп тиісті жағдай жасалуына қарай министрліктер мен ведомстволарды жедел-өндірістік, шаруашылық және коммерциялық қызметтерді орындаудан босатудың маңызы зор. Экономикалық ведомстволар халық шаруашылығы салаларының дамуын талдауға, болжауға және үйлестіріп отыруға тиісті. Жаңа тұрпаттағы мемлекеттік органдар ретінде басқа министрліктердің қызметінде нарықты реттеп отыру, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, өнім сапасы мен өндіріс тиімділігін арттыру, ғылыми-техникалық, инвестициялық, экономикалық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру, қабылданған шешімдерді жедел іске асыру қызметтері басым түсуге тиіс.

Облыстық деңгейде әкімшілік басшысы мен облыстық Кеңестің құзырлығын заң арқылы қатаң ара-жігін бөліп отыру қажет. Мүмкін, өкілетті, бірақ атқару өкіметіне бағынатын бір орган ұстау керек болар.

Әкімдердің өкілеттілігі аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін тікелей жауап беретін, республика Президентінің өкілі және лауазымды адам ретіндегі

жағдайымен айқындалады. Министрліктер мен ведомстволардың жергілікті жерлерде аймақтық бөлімшелері мен өкілдіктерін құру мәселелерін қараған жөн.

Экономикалық реформаны сенімді кадрлармен қамтамасыз ету және мемлекеттік басқару органдарына жоғары кәсіпқой мамандардың келуін ынталандыру қажеттігін басшылыққа ала отырып, мемлекеттік қызмет туралы заң қабылдау, дәреже туралы арнаулы табельді жасау жұмысын жеделдетіп, заңды әлеуметтік артықшылықтар жүйесін енгізу керек. Шенеунік тапсырылған іске ғана «бас қатыруы керек». Турасын айту керек, тәуелсіз мемлекеттің жоғары білікті басқарушыларының іріктелген таңдаулы тобының болмауы мүмкін емес және біз қазір, егер күшті мемлекет болғымыз келсе, осы проблемамен шұғылдануға тиіспіз. Бүкіл дүние жүзінде осылай істеледі.

Мемлекеттік қызметкерді мемлекет қамқорлыққа бөлеуге тиіс және бұл қамқорлық жалған емес, шынайы болуы керек. Тек сонда ғана аппарат болады, іске жан-тәнімен беріледі. Бүгінде біздің қолымызда «Крылов атамыздың квартеті» ғана бар. Онда қағаздар да жоғалып, телефон да әрқашан бос бола бермейді, не жауап бермейді, келушіні де кабинеттен кабинетке «итере салып» отырады. Министрлер өмірден қол үзіп қалған. Тек бір-біріне өздері қабылдаған шешімдердің маңыздылығы туралы ғана әңгімелеп береді, бірақ бұл шешімдер кабинеттен әрі аспай, өз аппаратында байланып қалады. Ал кімнен сұрайтыныңды білмейсің — жауапкершілік ботқа сияқты былығып кеткен.

Жанды іс басқарудағы аралық орындардың тым көптігінен әлсіреп қалады. Мен бірінші кезекте министрліктер мен Министрлер кабинеті аппаратының бөлімдері арасындағы өзара қатынастарды айтып тұрмын. Министрліктер мемлекеттің негізгі функцияларын жүзеге асыру жөніндегі функционалдық басқарудың орталық буындарына айналуы керек. Министрліктердің басшылары тек үкімет мүшелері ғана емес, олар өздеріне тапсырылған салада мемлекет саясатын белгілейді, шенеуніктердің қызметіне бағыт беріп, түзету енгізіп отырады. Министрлік аппаратының жәрдемімен барлық мемлекеттік механизмге аса елеулі, көп ретте ықпал жасалады.

Қазір үкіметтен бастап елді мекенге дейінгі аппарат қызметкерлерінің саны шамадан тыс далиып барады. Қызметтер көбіне бір міндетке емес, қайта нақты шенеунікке арнап құрылады, сөйтіп, ол салық төлеушінің мойнына мініп отыр. Осы процеске бақылауды жоғалтып алдық. Сондықтан үкіметтің тек министрліктер мен ведомстволардың ғана емес, сондай-ақ жергілікті жерлердегі сан және сапа құрамына бақылау жасау құқығын қалпына келтіруді ұсынамын. Бұл үшін жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңға шұғыл түрде өзгеріс енгізуі қажет.

Премьер-министр аппаратының ешқандай заң тұрғысынан өкілеттігі жоқ және болмауы керек. Бірақ ол үкіметтің ішкі жұмысын ұйымдастыруға, министрліктер мен ведомстволар қызметін үйлестіру міндетін жүзеге асыруға, Премьер-министрдің баяндамаларын жазуға, кабинет мәжілістері үшін материалдар әзірлеуге, оның шешімдерін министрліктердің орындауын бақылауға міндетті. Бірақ аппарат бөлімдерінің басшылары мәртебесі бойынша министрден жоғары болмай, оған орындау сипатындағы нұсқау бермеу керек. Бөлім мен министрлік арасындағы алауыздықты Министрлер кабинетінің мәжілісінде және Премьер-министрдің тікелей өзі немесе оның орынбасарлары шешу керек. Ал бізде Министрлер кабинетінің шешімі бөлім шешімдерімен жиі шендестіріледі, әйтпесе

соңғысының министрліктер үшін міндетті дербес шешімдер қабылдау құқығы жоқ. Жалпы алғанда, басқарудың осы екі құрылымының өзара қатынастарында тиісті тәртіп орнату қажет. Бұл үшін Президент пен үкімет аппаратында қайта құру жүргізу керек. Президент жарлықтарының, қаулылары мен өкімдерін барлық мемлекеттік басқару органдарының орындауына бақылауды ұйымдастыру және жемқорлықтың жолын кесу үшін Президент жанынан кең өкілеттіктер мен міндеттерге ие арнаулы бақылау бөлімшесі құрылады.

Үкімет бағдарламасына байланысты сіздердің назарларыңызды аударғым келген басты мәселелер осылар. Ал оларды ойдағыдай жүзеге асыру Қазақстан экономикасын дағдарыстан аз шығынмен шығаруды қамтамасыз етеді.

Қоғамда әлі сақталып отырған жағдайдың жақсаруының бұлыңғыр үміті өте ауыр психологиялық әсер туғызатынын мен түсінемін. Бірақ көзге көрінетін айқын, халыққа түсінікті әл-ауқатты жақсартатын қадамдар жасау үшін нарықтық реформалардың әлеуметтік базасы кеңейтілуге тиіс. Мен Үкіметтің бағдарламаны жүзеге асыру қызметін халықтың қолдауын, әркімнің өзінің реформаның белсенді мүшесі болуға деген ұмтылысын айтып тұрмын.

Үкімет дағдарысқа қарсы бағдарламаны халық депутаттарының толық қолдауы, қажырлы еңбек пен халықтың барлық партиялар мен қозғалыстардың топтасуы және олардың елді экономикалық дағдарыстан тезірек алып шығуға деген мүдделілігі мемлекет егемендігін нақты мазмұнмен толтыруы жағдайында ойдағыдай жүзеге асыра алады. Кез келген тайталас дертті одан әрі ушықтырып жіберуі мүмкін. Ал жағдайдың оқиғаның осылайша өріс алуына дейін жеткізу аса қауіпті. Сондықтан күш-жігерді топтастыру, бірін-бірі тыңдап, мемлекеттің де, тауар өндірушілердің де, халықтың барлық жіктерінің де мүдделерін ескере отырып, осыдан нақты қорытындылар шығара білу ғана еліміздің экономикасын дағдарыстан шығаруға, әлеуметтік шиеленісті бәсеңдетуге көмектеспек.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының X сессиясында Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануына байланысты сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1993 жылдың 28 қаңтары

Уважаемые главы дипломатических представительств!
Уважаемые зарубежные гости!
Уважаемые народные депутаты!
Товарищи!

В эти часы свершился поистине исторический акт: принята первая Конституция Республики Казахстан.

Сегодня мне хотелось бы искренне поздравить всех соотечественников с этим событием. Принятие Основного закона знаменательно для республики, всех его граждан. Этим положено начало созданию правовой базы для становления государственности, перехода на качественно новый этап обеспечения национальной независимости, реальных гарантий гражданских прав и свобод, практического осуществления перспективных замыслов в построении демократического общества и правового государства.

Считаю своим долгом выразить признательность народным депутатам, специалистам в области права, нашим зарубежным друзьям, казахстанцам, всем тем, кто активно участвовал в создании новой Конституции.

Завершена огромная и сложнейшая работа, которая велась более двух лет. В начальный период разработки проекта Конституции перед нами стояла задача не реконструировать ранее существовавший Основной закон или копировать какой-либо зарубежный аналог, а создать совершенно новую Конституцию, отражающую современные демократические преобразования в нашем молодом государстве, отвечающую нормам цивилизованного общественного и государственного развития.

Эти требования продиктованы необходимостью закрепления государственной независимости республики, ее перехода к социально ориентированной рыночной экономике, формирования качественно нового законодательства. Конституция предусматривалась как правовой гарант стабильности государства, его институтов.

Несмотря на сложности переходного периода, предстояло создать надежный и действенный правовой фундамент развития общества, где признается приоритет прав и свобод человека, где граждане стремятся обеспечить гражданский мир, межнациональное согласие, достойную жизнь для себя и для своих потомков.

Подводя итоги кропотливой работы по подготовке Конституции, можно с полным основанием сказать, что поставленные на этом этапе задачи в целом достигнуты.

С принятием Конституции, несомненно, укрепляются позиции Казахстана и на международной арене. В этой связи надо отметить, что в ходе подготовки проекта в полной мере учитывались общепринятые принципы международного права в области государственного строительства, прав и свобод человека.

По сути, любая из статей Конституции, закрепляющая права, свободы и обязанности граждан, открывает поистине широкие сферы для их осознанной деятельности, необходимой для обеспечения личных, общественных и государственных интересов. Характерной чертой Конституции является ее гуманистическая направленность и разумная целесообразность. Основным законом нашего государства запрещается любая форма дискриминации человека.

Впервые за историю нашей национальной государственности закреплен конституционный принцип, согласно которому за всеми гражданами Республики Казахстан, вынужденно покинувшими ее территорию, а также казахами, проживающими в других государствах, признается право иметь гражданство Республики Казахстан наряду с гражданством других государств. При условии, конечно, если это не противоречит законам этих стран. Исходя из наших конституционных принципов, Республика Казахстан вправе предоставить убежище иностранным гражданам и лицам без гражданства, которые стали жертвами нарушений прав человека.

Таким образом, Конституция закрепила качественно новые нормы, гарантирующие всем гражданам республики необходимые правовые условия для свободного и сознательного жизнеутверждения. Убежден, что международное сообщество по достоинству оценит наши подходы к конституционному строительству.

Итак, начался отсчет времени, когда наш многонациональный народ начинает жить и работать по новой Конституции.

Практическое раскрытие всего преобразующего потенциала конституционных норм в огромной мере будет зависеть от всех граждан, от каждого из нас, от того, насколько целеустремленно и энергично мы все вместе будем следовать гуманным идеям, заложенным в Основном законе, чтить его дух и букву.

Исторический опыт развития уже доказал, что между демократией и вседозволенностью нет ничего общего. Демократическое устройство предполагает органическую связь между правами и обязанностями граждан, укрепление порядка и ответственности личности перед обществом и государством.

Основная гарантия демократии — в четком и безоговорочном послушании Конституции и законам, уважении к нормам права, которые устанавливает государство. Это мы должны отчетливо понимать. Реализация прав и свобод личности в обществе требует от государства проведения такой политики и идеологии, при которых обеспечивается безусловное и строжайшее соблюдение всеми требований Основного закона. При таком подходе Конституция не будет пустой декларацией, а станет мощным фактором прогресса и процветания.

Думаю, что важным условием активного, осознанного и широкого участия граждан в жизни общества является конституционное закрепление правовых основ формирования и функционирования политических партий, массовых движений, религиозных и других объединений.

Весьма важным в политическом отношении является и то, что Казахстан гарантирует общественным объединениям, действующим в рамках Конституции и законов республики, равные возможности, обеспечивает соблюдение их прав и законных интересов. При этом предусмотрена надежная преграда к неоправданному огосударствлению общества.

Наряду с этим конституционное закрепление получил запрет на создание и деятельность объединений и формирований, провозглашающих расовую, националь-

ную, религиозную нетерпимость, занимающихся деятельностью, запрещенной законом. На территории республики запрещено создание военизированных формирований, не предусмотренных законодательством. Тем самым на конституционном уровне преграждается путь к экстремизму любым объединениям или лицам, независимо от их принадлежности к национальным либо сословным группам общества.

Сегодня нельзя забывать, что без соответствующей социально-экономической базы выполнение обязательств, которые берет на себя государство, трудно осуществимо. Поэтому и в данном плане стабилизация экономики для нас имеет первостепенное значение. И очень важно, что в Конституции заложена необходимая и прочная правовая основа для развития рыночных отношений, развития многообразных форм собственности.

Гармонизация общественных отношений немыслима и без последовательного развития и совершенствования основ государственного строя. Несомненным достижением стало конституционное закрепление принципа разделения государственной власти на законодательную, исполнительную и судебную. В соответствии с ним, государственные органы в рамках своих полномочий самостоятельны, взаимодействуют между собой с использованием системы сдержек и противовесов. Все эти положения принципиально отличают эту Конституцию от предыдущей, закрепляют движение республики по пути демократических преобразований.

Взаимоотношения между тремя самостоятельными ветвями государственной власти по Конституции исключают возможность со стороны любого государственного органа претендовать на роль «главного» или «высшего». Вместе с тем, мы будем и дальше развивать и совершенствовать принципы диалектического единства трех ветвей единой государственной власти, обеспечивать эффективность их функционирования.

Конституция достаточно четко разграничивает компетенцию Верховного Совета и Президента. Это самостоятельные ветви власти, за каждой из которых стоит народ республики. Данное обстоятельство должно способствовать их взаимодействию во имя общих интересов, не позволяя вмешиваться в сферу деятельности друг друга, максимально исключая всякого рода противоборство.

В Конституции, как мне представляется, достаточно четко отражена роль судебной власти и органов прокуратуры в новых реалиях. Подчеркивая особое положение суда в системе государственных органов, Основной закон однозначно закрепляет те характерные признаки, отличающие органы судебной власти от других институтов государства, а также принципы организации и отправления правосудия в Республике Казахстан.

Созданы реальные условия и для утверждения сильной судебной власти, обеспечены гарантии ее независимости. Широкие полномочия предоставлены Конституционному суду, призванному обеспечивать высшую судебную защиту Основного закона.

Следует отметить, что Республика Казахстан пока только еще встала на путь построения правового государства, на путь, по которому предстоит идти, возможно, еще не одно десятилетие. Вам следует сосредоточить внимание и усилия на построении законодательной базы такого общества.

Предстоит проявлять постоянную заботу о повышении качества принимаемых законов. С этой точки зрения они должны быть разумными, справедливыми

и актуальными, отражать объективные процессы общественной жизнедеятельности, отвечать перспективам развития республики.

Особую актуальность и практическую значимость приобретает кардинальное совершенствование законотворческого процесса, который должен осуществляться на перспективно-плановой основе при компетентном обосновании необходимости принятия правовых актов и широком участии населения в обсуждении законопроектов.

Важнейшая наша задача — утверждать и проводить в жизнь принцип прямого действия и верховенства Конституции перед всеми другими законами.

В этой связи следовало бы сконцентрировать внимание на проблемах достижения большей эффективности в осуществлении правовой реформы, призванной усилить механизмы поддержания законности и правопорядка.

Концептуальное значение приобретает совершенствование системы контроля за тем, чтобы в законах точно соблюдались конституционные положения, а в ведомственных и иных нормативных актах не было противоречий действующему законодательству.

В контексте сказанного также важно ускорить осуществление радикальных мер, направленных на пересмотр, кодификацию и систематизацию действующего законодательства.

Нам нельзя забывать и о том, что надлежащее исполнение правовых предписаний должностными лицами, гражданами еще не стало неотъемлемым элементом нашей общей культуры и поведения. Вот почему требуется значительное совершенствование правовой пропаганды и воспитания граждан в духе уважения и соблюдения Конституции. В обществе должна измениться вся правовая атмосфера. И, в первую очередь, этому должен способствовать новый Основной закон.

Мы должны учесть и своеобразие переживаемого нами переходного периода. Надо отчетливо понимать, что изменения в экономике, общественных отношениях, в психологии народа рано или поздно приведут к необходимости совершенствования конституционных норм. Какой-то трагедии из этого делать не стоит. Это естественный процесс. Хочу заметить: и сейчас отдельные положения Конституции воспринимаются неоднозначно. Сам процесс ее обсуждения подтверждает наличие недостатков. Мы это знаем. Но Конституция — это своеобразное зеркало нашей жизни, наших общих проблем. И разве можно решить их разом или отмахнуться от них и в Основном законе нарисовать розовую картинку действительности? Нет, мы делаем свой выбор сейчас и принимаем именно эту Конституцию, поскольку иного нам попросту не дано. Это вовсе не означает, что через какой-то период мы не сможем вернуться к уточнению некоторых конституционных норм, неадекватных времени.

Дорогие казахстанцы!

Принятый Основной закон создает уникальную возможность для сближения всех народов, проживающих в Казахстане, всех его граждан. Да, Конституция зарождалась, обсуждалась и принималась в горячих спорах, в процессе живой, кропотливой и творческой работы. Ее обсуждение высветило ряд сложнейших проблем, связанных с конституционным оформлением правовых норм о гражданстве, правах и свободах граждан, статусе языков, полномочиях органов власти и управления и др.

Однако отрадно отметить, что в условиях многонационального государства по самым спорным вопросам мы все-таки смогли найти приемлемые решения, руководствуясь высшей целью — обеспечением равенства независимо от национальности, социального, имущественного и должностного положения, отношения к религии. В республике никто не будет ущемлен в правах и свободах по признаку невладения государственным языком и языком межнационального общения.

В этих вопросах мы оказались едины. Собственно говоря, этот консенсус отражает жизненные реалии, взгляды самих людей, их понимание законотворческого процесса. Поэтому творцом Основного закона можно смело назвать народ Казахстана. Нам надо использовать нынешнюю ситуацию для дальнейшего укрепления в обществе атмосферы согласия, взаимопонимания и сотрудничества.

В заключение хочу пожелать, чтобы наша новая и первая Конституция суверенного демократического государства Республики Казахстан в полной мере работала на благо и процветание народа!

Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасының жобасы туралы орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен кеңесте сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1993 жылдың 3 наурызы

Құрметті әріптестер!

Республика түбегейлі өзгерістер кезеңінде тұр және олардың өзекті бағыты мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру ісі болып табылады. Экономиканы реформалау, оны дағдарысты жағдайдан шығару меншікке деген көзқарасты түбегейлі өзгертпейінше мүмкін еместігі айдан анық.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің қандай саяси, экономикалық, әлеуметтік бағдарларды көздейтіні, таяудағы және одан арғы болашақта жұртты қандай өмір күтіп тұрғаны Қазақстанның барлық азаматтарын қатты алаңдатып отыр. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасын отандастарымыздың оң қабылдауы, Қазақстан халқынан түсіністік пен қолдау табуы өте маңызды.

Егер шынын айтатын болсақ, көп үміт артқан мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің алғашқы кезеңінде белгіленген шептерге толық көлемінде қол жеткізе алмағанымызды мойындауымыз керек. Қазір республикада 1991 жылғы баға бойынша құны 41 млрд. сомға жуық бағаланған 6 198 объекті өзгертілді. Жекешелендірілген кәсіпорындарда 767 мың адам сөз жүзінде емес, іс жүзінде меншік иелеріне айналды, бұл жұмыс істеушілер санының 12%. Мемлекеттік тұрғын үй қорын, сауда және тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін жекешелендіру жөніндегі белгіленген шаралар орындалған жоқ. Мысалы, саудада жекешелендірілген кәсіпорындардың үлесіне бөлшек тауар айналымының небәрі 4,5% ғана келіп отыр. Ал олардың жалпы санының 40% жекешелендірілген болатын. Тұрмыстық қызмет көрсетуде мемлекеттік емес сектор белгіленген 50% орнына тек 21,1%-ға ғана тұрмыс қажетін өтей алды.

Басқаша айтқанда, біз ең бастысына қол жеткізе алмадық. Атап айтқанда, халықтың басым көпшілігінің экономикадағы нарықтық өзгерістердің маңызын терең түсінуіне, өз ісін ұйымдастыра алатынына сенуіне, соңғы 70 жылдағы тоталитарлық режим кезінде айрылып қалған қожайын, меншік иесі сезімін өз бойында нығайтуына қол жеткізе алмадық. Егер шынын айтсақ, бүгінде жекешелендіруге негізінен кәсіпорындар мен мемлекеттік басқару органдарының басшы қызметкерлері нақты мүдделі болып отыр. Еңбекшілердің осындай енжарлығы олардың көпшілігіне тіпті ыңғайлы, өйткені, ол қызмет бабын теріс пайдалануға жол ашуда.

Неге осылай болып отыр? Жекешелендірудің бірінші кезеңі шеңберінде белгіленген істерді жүзеге асырудағы сәтсіздіктің себебі неде?

Ең алдымен, экономикалық, әлеуметтік, сондай-ақ таза, саяси тұрғыдан алғанда осындай ауқымы кең және ерекше күрделі шараны іске асырудағы тәжірибенің жоқтығы да әбден түсінікті. Мысалы, істің құқықтық жағын алып қарайық. Меншік қатынастарын реттеп отыратын қабылданған заңдар пакетінде көптеген қайшылықтарға жол берілді. Мұның өзі жекешелендіру процесіне кедергі келтіріп, сатушыны да, сондай-ақ тұтынушыны да көбіне тығырыққа тірейтін жағдай туғызып келді. «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы», «Қазақ КСР-нің меншігі туралы» заңдар жекешелендіру процесімен елеулі егеске түсті. Тіпті «Мемлекет иелігімен алу және жекешелендіру туралы» Заңның өзі де көп түзетулерді қажет ететін болып шықты.

Белгіленген бағдарламаны орындауға мемлекеттік меншікті республикалық және коммуналдық меншікке бөлу, сондай-ақ меншіктің ұжымдық түрлерімен артық әуестену, Жекешелендіру туралы заң берген артықшылықтар мен жеңілдіктер де келеңсіз әсер етті. Біз бүгін мүліктің мемлекеттік меншіктен ұжымдық меншікке ауысуы өндіріс өнімділігіне көп өзгеріс әкелмегенін көріп отырмыз. Еңбек ұжымдарының осы жеңілдік алған жағдайы олардан жекешелендірілген мүлік үшін жоғары ақы төлеуді талап етуге мүмкіндік бермеді.

Біз осы мүліктің көптеген жағдайда кәсіпорынның өз қызметкерлерінің еңбегі есебінен құрылғанын да, жасалғанын да ескердік. Бірақ мұны тек олар ғана емес, қайта бүкіл халық жасағанын ескермедік. Енді міне тегін алынған мүлікке көзқарас та «тегін» екеніне, меншікті осылай бере салу иегер сезімін мүлдем тәрбиелемейтініне, керісінше, масылдық пен жауапсыздықтың келеңсіз дәстүрлерін тереңдете түсетініне көзіміз жетті. Еңбек ұжымының жекешелендірудегі басым құқығы дегеніміз — социалистік психологияны нарықтық реформаларды жүргізу қажеттігімен «келістірудің» сәтсіз әрекеті екеніне кәміл сенімдімін. Өкінішке орай, біз осынау, турасын айтқанда, кесірлі әдістің саяси және экономикалық жарамсыздығын тағы да дәлелдеп, уақытты өткізіп алдық.

Жекешелендіру барысын талдай келіп, тағы бір маңызды жағдайды атап өтпей болмайды. Әдетте, қайта құрылған кәсіпорынға мемлекеттік басқару органдары бірден өгей баладай қарай бастайды. Бұл үлкен қате, қатты адасу, өйткені, министрліктер мен ведомстволардан салалық істерді мемлекеттік реттеу жөніндегі міндеттерін ешкім алған емес, жекешелендіру осы реттеудің түрлерін ғана өзгертеді. Бастапқы кезеңде осы кәсіпорындарды мемлекеттің қолдауы қажет екені де, міне, сондықтан, өйткені, меншіктің аса көп үлесі оның қолында қалып отыр.

Тұрғын үйді жекешелендіру бағдарламасы алғашқы кезеңнің өзіндік тағылымына айналды. Оның нәтижелеріне бірқатар жергілікті әкімдердің купонды механизмдер туралы бекітілген ережеге қарамастан пәтерлерді тегін сату, оған қоса купондарды да бірге беру туралы шешімдері теріс әсер етті. Енді бұл тұрғын үй купондарының қалдықтарын жекешелендіру процесінде пайдаланудың қосымша нұсқаларын іздестіруге мәжбүр етіп отыр. Үйді тегін алғандарға ешқандай купон берілмеуі керек.

Бізге Мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет пен коммуналдық меншікті басқару жөніндегі органдардың іс-қимылдарының үйлесімсіздігі қатты бөгет жасады. Шын мәнінде жергілікті әкімдердің жанынан жекешелендіру жөнінде қосарлас органдар құру практикасын тоқтату туралы Жоғарғы Кеңестің қаулысы орындалмай қалды. Әлемнің ешбір елінде жекешелендіру жөнінде біртұтас мемлекеттік саясат Қазақстандағыдай сан түрлі сценариймен жүргізілген емес.

Меншіктің ара жігін ашу жөнінде талдап жасалған идеология ескерусіз қалды. Мысалы, Алматы қаласының өзінде 1 жылдың ішінде бірін-бірі жоққа шығарған төрт қаулы қабылданған. Кәсіпорындарды республикалық меншіктен коммуналдық меншікке шексіз көшіре беруді тоқтату керек. Сайып келгенде, жекешелендірудің кемшіліктері мен еңбекшілердің басым көпшілігі тарапынан оған деген теріс көзқарас оны бірінші кезеңде бей-берекет жүргізуге байланысты. Біз «төмендегілердің» инициативасы бойынша процесс өздігінен жүріп кетеді деп сеніп қалдық. Сөйтіп, қателестік. «Жоғарыдан» қажетті реттеу мен бақылау болмаған соң, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жекешелендіру механизмдерін кең насихаттамағандықтан іс алға басқан жоқ. Жергілікті жерлердегі төрешіл, шенеунік топтардың белгілі бір қарсылығы да әсер етті. Ал оны «төменде» жеңу оңай емес. Бір сөзбен айтқанда, лайықты мемлекеттік басқарумен қамтамасыз етілмеген жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алудың қажетті нәтижелер бере алмайтынына біздің көзіміз жетті.

Мемлекет иелегінен алу мен жекешелендіру барысының, демек, экономикалық реформалаудың бүкіл процесін тежеп отырған негізгі себептер, міне осындай. Бірақ уақыт өтіп жатыр, ал жұрт тұрмысымыз қашан жақсарады? — деп барған сайын жиі әрі табанды түрде сұрақтар қоюда.

Президент ретінде менің де, республика Министрлер кабинетінің де барлық қиындықтарға қарамастан, экономикалық сауығу іс жүзінде болып жатқандағыдан тезірек болар деп үміттенгендігімізді жасыра алмаймын. Біз экономиканы ырықтандыру және ақша-қаржы жүйесін тұрақтандыру мәселесін бір мезгілде шешуді көздедік. Алайда бұған осыншалық қысқа кезең ішінде қол жетпейтін болып шықты. Оның үстіне, нақты мәліметтер экономикада да, әлеуметтік салада да қиындықтардың арта түскенін, сомның құнсыздануы жалғасып отырғанын, мемлекеттік қаржы саласының, сондай-ақ кәсіпорындардың қаржы жағдайын жақсарту қажеттігін, халықтың тұрмыс деңгейінің едәуір төмендеп бара жатқанын көрсетіп отыр.

Дегенмен, біздің шегінер жолымыз жоқ. Біздің нарықтық экономикаға қарай ілгерілеуімізге кедергі келтіретін тосқауылдарды батыл да дәйекті түрде жеңе отырып алға басуымыз керек. Бұған басқадай балама жоқ.

Бүгінгі таңда республикада мемлекеттік меншікті өзгерту процесінде бетбұрысты кезең туып отыр. Алғашқы кезеңде атқарылған жұмыс қоғамдық пікірді кең ауқымды жекешелендірудің қажет екенін түсінуге дайындады. Ал оны таяу жылдарда өрістету керек. Осыдан сәйкес мемлекеттік меншікті өзгертудің оңтайлы ұйымдастырушылық формаларын құруға бағдарланған жаңа экономикалық стратегияны әзірлеу қажеттігі де туындады.

Мемлекет иелігінен алудың және жекешелендірудің ұлттық бағдарламасының жобасын әзірлеу процесіне Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитет мамандарымен және Дүниежүзілік банк сарапшыларымен бірге Жоғарғы Кеңестің комитеттері, халық депутаттары, министрліктер, ведомстволар, Жоғары экономикалық кеңес, Ғылым академиясының Экономика институты, Қазақ ауылшаруашылық ғылымдар академиясы, әкімдер де қатысып, көптеген сындарлы ескертпелер айтып, толықтырулар енгізді.

Бағдарламаның мәнін баяндай отырып, сіздердің назарларыңызды екі негізгі мәселеге аударғым келеді.

Бірінші. Әлеуметтік әділеттілік және азаматтардың жалпыхалықтық меншіктің үлесіне деген конституциялық құқықтарын жүзеге асыру мақсатында жекешелендіру процесіне республиканың тұрақты тұратын тұрғындарын барынша көп тарту көзделіп отыр. Ең бастысы меншікті үлестіріп беру емес, қайта оны одан әрі пайдалану.

Адамдардың инициативасы мен кәсіпкерлігіне ерік беріп, меншік иелерінің кең көлемдегі жігін құру керек, ал олардың айрылып қалатын нәрселері бар. Міне, сол арқылы кез келген мемлекеттің қоғамдық-саяси тұрақтылығының негізі болып отырған орта тапты дәйекті түрде қалыптастыруды қамтамасыз ету қажет.

Екінші. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды меншіктің басқа түрлеріне қайта ауыстыру меншік иесі ретінде тек қана мемлекеттің инициативасы бойынша жүргізілетін болады. Бұл орайда жариялылық және жекешелендірудің барысына пәрменді бақылау жасау сөзсіз қамтамасыз етілетін болады.

Бағдарламада жекешелендірудің, купондарды пайдаланудың негізгі бағыттары, агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ерекшеліктері, жекешелендіруге шетелдік инвесторлардың қатысуы, сондай-ақ оны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бірқатар ұйымдық шаралар көзделіп отыр.

Осыған орай бағдарламаны жүзеге асырудың республика халқын әлеуметтік қорғаудың шараларымен міндетті түрде бірге жүргізілетінін ерекше атап көрсетемін. Бұлардың арасынан мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процесінде босаған қызметкерлерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету керек. Кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі мемлекеттік және жеке мекемелер жүйесі арқылы оларға қызмет саласын және мамандығын ауыстыруға мүмкіндік беру керек.

Халықтың аз қамтамасыз етілген және әлеуметтік қорғалмаған жіктерін қолдау және әлеуметтік қорғау үшін арнайы мемлекеттік, жеке меншік және аралас қорлардың құрылуына айрықша назар аударылатын болады.

Атап айтқанда, республиканың ерекше меншігіндегі объектілер — жер, оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа табиғат ресурстары, тарих пен мәдениет ескерткіштері, халықтың мәдениет және тарихи құндылықтары, республикалық бюджет қаржысы, республикалық сақтандыру, резерв және басқа қорлар, сондай-ақ республиканың егемендігін, оның әлеуметтік және экономикалық дамуын қамтамасыз ететін кәсіпорындар мен мүлік кешендері жекешелендіруге жатпайды.

Мемлекет экономикалық жекелеген аспектілеріндегі өзіне қажетті және қолайлы реттеуді, халықтың белгілі бір жіктерінің мүддесін қорғауды қамтамасыз ететін тиісті акциялар пакетін өзінде қалдырады.

Шетелдік сарапшылардың пікірінше, дүниежүзінде әлі ешкімнің де Қазақстандағыдай күрделі жағдайда жекешелендірумен айналыспағанын, жұрт жекешелендіруден рыноктың арзан тауарлармен және қызметтермен жедел молығуын, мемлекеттік бюджетке қомақты ақша түсімін, оның үстіне бәрін қамтитын әлеуметтік әділеттікке міндетті түрде қол жеткізілуін күтеді. Бірақ, жекешелендіру барлық осы проблемаларды өздігінен шеше алмайтынын анық түсінуіміз керек. Оның үстіне, дүниежүзілік тәжірибе жекешелендіруде, кез келген түбегейлі реформадағы сияқты, алғашқы кезеңде экономикалық жағдайдың елеулі нашарлауына әкеліп соғатынын көрсетеді, ал шаруашылық байланыстары жүйесінде қайта құруды талап етіп отырған біздің жағдайда бұл сөзсіз болатын нәрсе.

Қысқасы, бізді алда үлкен қиындықтар: қоғамның материалдық жағынан жіктелуі, кәсіпорындардың банкрот болуы, жұмыссыздық, өмір деңгейінің төмендеуі күтіп тұр. Осының барлығын бастан өткізіп, жеңуіміз керек.

Біздің, былайша айтқанда, табалаушыларымыз да, еріксіз болған әрбір қатеміз үшін тұқыртуға дайын тұратын сыншыларымыз да аз болмайды. Сынау оңай, ал істі тындыру одан қиын.

Біз тәуелсіз мемлекет құрдық, әлемдік қауымдастық жоғары бағалаған жаңа, нағыз демократиялық Конституция қабылдадық. Бүгінде біздің не үшін күресетініміз, өз еңбегімізбен нені қорғайтынымыз да белгілі. Егер бірігудің, ортақ мақсатқа қарай ұмтылудың орнына біз тайталаспен, біздің өміріміздегі белгілі бір кемшіліктер мен қиындықтар үшін кінәлілерді іздеумен айналыссақ, бұл қайғы-қасіретке апарып соғар еді. Ауқымды реформалау кезеңінде барлық егесуші партиялар мен қозғалыстар өз қызметтеріне терең мораторий жарияласа жөн болар еді. Егер бәріміз алдымызда тұрған міндеттердің маңыздылығына ой жүгіртпесек, түпкі мақсатқа жету үшін жеке, уақытша мүдделерден бас тарта алмасақ, біз белгіленген шептерге жете алмаймыз. Конституциялық бостандық, біз аңсаған демократия құр елеске айналуы мүмкін.

Қазақстанның бүкіл халқын биік мақсат жолындағы ізгілікке және саяси бірлікке шақырамын.

Арал теңізін сақтап қалу проблемалары жөніндегі мемлекет басшыларының I конференциясында сөйлеген сөзі

Қызылорда қаласы, 1993 жылдың 26 наурызы

Құрметті әріптестер!

Осынау Қызылорда жерінде Орталық Азия мемлекеттерінің басшыларына, Ресей Федерациясының өкіліне сәлемімді жолдай отырып, баршаңызға Арал проблемасына терең түсіністікпен қарағандарыңыз үшін, бұл аса ірі экологиялық апаттан шығу жолдарын табуға атсалысқандарыңыз үшін ризашылығымды білдіргім келеді.

Конференцияның жұмысына егемен елдер басшыларының, ірі мамандардың, эколог-ғалымдардың қатысуы, сөз жоқ, бұл проблеманы шешудің сындарлы көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізетін болады.

Арал проблемасы мемлекеттеріміздің бірлескен күш-жігермен және әлемдік қоғамдастықтың кең қолдауымен ғана шешілуі мүмкін.

Ол үшін жан-жақты ынтымақтастықты нығайтып, дамыту қажет. Ол үшін тарихи ортақ тағдыр, географиялық орналасуы біріктіріп отырған біздің елдерімізде жеткілікті әлеует те, саяси табандылық та бар. Бұл жерде мен апаттың өршіп кетуіне жол бермеу, көбіне біздің өзімізге байланысты екенін айтып тұрмын.

Бүгінде Арал өңіріндегі экологиялық ахуал өте ауыр. Демек, біздің осыдан 3 немесе 5 жыл бұрынғыдан анағұрлым белсенді қимылдауымыз қажет. Ол кезде, бұрынғы одақтық деңгейде бірқатар кезек күттірмейтін сипаттағы маңызды қаулылардың қабылданғаны естеріңізде. Алайда, белгілі оқиғаларға байланысты басталған бірқатар істі өз күшімізді есептей отырып, өзіміздің аяқтауымыз керек. Экономикалық тұрақсыздық аясында бұл Арал проблемасына айтарлықтай салмақ салады. Әйтсе де, оны шешуге бәріміз біраз үлес қостық. Осы басқосуда біз тиімді жұмыс істеп, Аралға қатысты ведомстволар арасында әлі де кездесіп отырған кедергілерді жоюдың жолдарын табамыз деп ойлаймын.

Мұндай бірлескен әңгіменің қажеттілігі баяғыда пісіп-жетілді. Алайда біз үшін маңыздысы сөз емес. Арал проблемасын шешудің идеялары жетіп жатыр. Теңізді құтқарудың жобаларының өзі ғана 200-ден астам болды. Біз олардың нәтижесіне мүдделіміз. Ол үшін бізде салыстырмалы түрде, таяуда ғана егемендік алған мемлекеттерге алдағы жұмысқа деген өз көзқарастарымызды тұжырымдап алу керек. Менің пайымдауымша, ондай көзқарас, ең алдымен, Арал маңына қоныстанған халықтардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысына негізделгені жөн.

Бүгінгі таңда экологиялық апат аймақтарынан ұлттық шекарамен бөліне алмаймыз. Біздің ынтымақтастығымыз елдеріміз бен халықтарымыздың ортақ мүдделерін қамтуға, жағдайды жақсарту мен экологиялық дағдарыс салдарларынан құтылудың үмітін жағуға қабілетті болғанда ғана терең мәнге ие болады. Біз бейбітшілік, келісім мен тұрақтылық жағдайында ғана халықтарымыздың өмір деңгейін көтере аламыз. Сондықтан да Қызылордадағы кездесу біздің ынтымақтастығымызға жаңа сапалық серпіліс беріп, Арал өңіріндегі ахуалды жақсы жағына қарай өзгерту ұмтылысымызды іске асыруға мүмкіндік туғызуға тиіс.

Қазір бірлескен және келісілген шаралар қажет. Әмудария мен Сырдарияның сулары бізді бөлмеуге, қайта біріктіруге тиіс.

Әрі солай болып та жатыр. Айталық біздің қарым-қатынастарымыздың оң ықпалына Халықаралық қайта құру және даму банкінің мамандары көңіл бөліп отыр. Олар бұрынғы КСРО Су шаруашылығы министрлігі жойылғаннан кейін бұл өзендердің су ресурстарының басқарылуы мен Орталық Азия мемлекеттерінің арасында ол суды бөлудің қайдан жүзеге асырылғаны, біздің министрліміздің мәмілеге келе алғандары, келісімшарт жасап, Аралды сақтап қалу үшін қажетті үлесті ескере отырып, су ресурстарын пайдалануға қатысты барлық мәселелерді бірлесе шешкенін, ол үшін Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясын құрғанын білгенде таңғалды. Менің ойымша, бұл — Арал проблемасын шешуге қосылған маңызды үлес. Ал, объективті түрде айтқанда, бұл алға қойған мақсатқа жетудің алғашқы қадамы ғана.

Сол конференцияда қол қойылатын құжаттар біздің өңірімізде орын алуы ықтимал экологиялық дағдарыстардың мүмкіндігін төмендетуге тиіс. Арал және Арал өңірі проблемалары жөніндегі бірлескен шаралар туралы қабылдайтын Келісіммен қатар, оны іске асырудың тетіктерін де тұжырымдауымыз қажет. Олар тұрақты қызмет атқаратын өз жұмыс органдары бар Арал теңізі бассейнінің проблемалары жөніндегі мемлекетаралық кеңес және Аралды құтқару халықаралық қоры болғаны жөн. Әр мемлекеттен ол органдарға ұсынылатын келісілген кандидатуралар бар, біз оларды қарап, бекітуіміз және оларға табысты жұмыс тілеуіміз керек.

Арал апаты өзінің ауқымы жөнінен Жер шарындағы ең ірі экологиялық зұлмат деп жарияланды. Оның салдарының салмағы соншалық, оны қалпына келтіру үшін қыруар уақыт, қаржы мен күш-жігер қажет. Сондықтан да, өңірдегі әлеуметтік-экологиялық және экологиялық ахуалды түбегейлі өзгерту үшін бізге барша әлем қоғамдастығының қолдауы қажет. Мен бұл туралы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген сөзімде айтқан болатынмын. Иә, осыған орай, Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық су ресурстары күнін бекітті. Ол жыл сайын 22 наурызда аталып өтетін болады. Алайда, біздің сырт қалмағанымызға, кешенді де дәйекті жұмыстар жүргізіп жатқанымызға әлем сенгенде ғана сондай қолдау көрсетілетінін де естен шығармауымыз керек.

Осы басқосуды өткізу фактісінің өзі үлкен жетістік деп есептеймін. Біз өз мүдделерімізбен шектелместен, бүкіл өңір халықтарының ырыс-берекесі мен өсіп-өркендеуіне бағытталған бірлескен шараларды қабылдадық. Қызылорда конференциясы біздің мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықты кеңейту мен тату көршілікті тереңдете түсудің маңызды кезеңі болады деп сенемін.

Дүниежүзілік экономикалық форумның Алматы қаласындағы көшпелі сессиясында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1993 жылдың 18 сәуірі

Құрметті сессияға қатысушылар!

Соңғы уақыттарға дейін Қазақстанның өндірістік әлеуеті, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері батыстың ірі бизнесі үшін аз зерттелген күйінде қалып келеді. Жалпы, Орталық Азия өңірі әлем үшін, негізінен шикізат өнімдерін өндіретін, «КСРО-ның бірыңғай халық шаруашылығы кешенінің» ажырамас бөлігі ретінде қабылданды.

Алайда, ғаламдық геосаяси өзгерістер жаңа тәуелсіз мемлекеттерге өзінің шаруашылық саясатын дербес құруға және жүргізуге, экспорттық әлеуетін толық іске асыруға және, сонымен бір мезгілде, шетелдік серіктестер үшін жаңа өткізу рыноктарын аша отырып, өзіне дүниежүзілік экономикалық қоғамдастыққа жол тартуға мүмкіндіктер туғызуда.

Біз әлемдік техниканың, технологияның және өндірісті ұйымдастырудың жоғары жетістіктеріне қосылудың неғұрлым тиімді тәсілі халықаралық экономикалық байланыстарымыз бен өзара пайдалы іскерлік қатынастарымызды жан-жақты дамытуда деп білеміз. Осы кездесуіміз де соның айқын айғағы: оның инвестиция салу мен жоғары тиімділікті бірлескен өндірістер құру саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге қосымша серпін беретініне сенімдімін.

Дүниежүзілік экономикалық форумның Алматыдағы көшпелі сессиясының мақсаты мен жалпы бағыттылығы да нақ сонда: бар мүмкіндіктерімізді сіздердің алдыларыңызға жайып салу, іскер адамдардың, кәсіпкерлердің, басқарудың мемлекеттік құрылымдарының өкілдерінің өздеріңізбен пікір алмасуын қамтамасыз ету болатын.

Қазақстан Республикасы өзінің саяси, экономикалық және заң шығарушылық жүйелерін түбегейлі қайта құру жолына сенімді түрде түсті. Біз құқықтық, нағыз демократиялық мемлекет құру бағытын нық және табандылықпен жүргізудеміз.

Қазақстан өзінің шет елдермен саяси, экономикалық және іскерлік қарым-қатынастарын тең құқықты әрі өзара тиімді жағдайларда ұдайы кеңейтіп келеді. Біз Халықаралық валюта қоры, Халықаралық қайта құру және даму банкі, Халықаралық даму қауымдастығы, Инвестицияларға кепілдік жөніндегі халықаралық агенттік, Еуропа қайта құру және даму банкі, тағы басқа да көптеген беделді экономикалық және қаржы ұйымдарына кірдік. Республика Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына, Тауар белгілерін халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне, Патенттік кооперация туралы шартқа және басқа да халықаралық пактыларға қосылды. Бұның бәрі Қазақстанда отандық және шетелдік капиталдық жұмыс атқаруына қажетті барлық ұйымдастырушылық-құқықтық және институционалдық негіз жақсы қаланды деген сөз.

Жеткілікті деңгейдегі тұрақты саяси ахуал, экономикалық реформалар стратегиясын жұртшылықтың қолдауы, қуатты ресурстық әлеует, елдің еуроазиялық транзиттік геосаяси тиімді жағдайы Қазақстан экономикасының даму болашағына оптимистік тұрғыдан қарауға негіз қалайды.

Сонымен бірге, біз өз жағдайымызды аспандатудан аулақпыз. Республика экономикасының қазіргі жағдайы қоғам өмірінің барлық дерлік саласын қамтыған ауыр дағдарыспен айқындалады.

Рубль аймағының болжап болмайтын берекетсіздігі, қаржы ресурстарының өткір тапшылығы, жаңа озық технологиялардың, білікті мамандардың және ең бастысы, уақыттың жетіспеушілігі жағдайында, біздің терең экономикалық реформаларды жүзеге асыруды, дәстүрлі байланыстарды қайта бейімдеуді, әлемдік қоғамдастыққа тиімді кірігудің жолдары мен тетіктерін іздестіруді, бейнелеп айтқанда, «сапа жүріп» атқаруымызға тура келуде. Біз реформаларды дәйектілікпен ілгерілетудің, қабылданған шаралардың салдарларын болжаудың және ықтимал әлеуметтік шиеленістердің алдын алудың мүмкіндіктерін іздестіру мен әлеуметтік-қолжетімді жолдарын жүзеге асырудың күрделі міндеттерін шешудеміз.

Бұл аса маңызды міндеттерді орындау экспорттық салаларды қайта жарақтандыру үшін капиталдық ресурстарды жұмылдыруды талап етеді. Өйткені, біз экономиканың бүтіндей теңгермелі дамуы үшін халықаралық еңбек бөлінісінің артықшылықтарын толық пайдалануымыз керек.

Нақ осы салаларды құрылымдық басымдықтар ретінде бөліп қарауымыз Қазақстанның ресурстық әлеуетін игеру мен тиімді пайдаланудың экономикалық болашағымен айқындалып отыр. Республиканың табиғи ресурстарының әлі толық зерттелмегенін де айта кеткім келеді. Маңғыстауда ашылған Теңіз мұнай және газ кен орны мен Қашаған мұнай-газ кен орны халықаралық сарапшылардың қарытысын қарағанда, әлемнің ең ірі көмірсутегі қорларының алғашқы ондығына кіреді. Теңіз мұнай кен орнындағы қазіргі бар мұнай қоры 25 млрд. баррель деп бағалануда. Айта кететін бір жағдай, жақын күндерде ғана американдық «Chevron Corporation» корпорациясымен бірлескен «Теңізшевройл» кәсіпорнын құру туралы өзара тиімді меморандумға қол қойдық.

Металлургия кешенінің келешегі қара, түсті және сирек кездесетін металдар кенінің орасан мол қорларымен байланысты. Қазақстанның түсті металдары өздерінің жоғары сапаларының арқасында әлемдік рынокта үлкен сұранысқа ие. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының тазартылған қорғасыны мен мырышы, сондай-ақ «Балқашмыс» акционерлік қоғамының катодталған мысы Лондон түсті металдар биржасында сапалық сауда эталоны ретінде тіркелген. Әлемдік рынокта республикада өндірілетін ферроқорытпалар, қара металдар прокаты, минералды тыңайтқыштар да үлкен сұранысқа ие.

Республиканың экспорттық тауарларының маңызды тобын агроөнеркәсіптік кешен өнімдері құрайды. Ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының негізгі түрлері талшықты мақта, жүн, тері шикізаты, ет консервілері және күшті әрі қатты сұрыпты бидайдың жоғарғы сапалы дәні болып табылады. Ал дәнді дақылдарды өткен жолғы түсімі 32 млн. тоннаны құрады.

Мрамор, гранит, ұлутас, гипс тасы, волластонит сияқты және басқа да құрылыс материалдарының экспорты саласында да айтарлықтай мүмкіндіктер бар. Бұл материалдардың өндірісін дамыту ірі инвестицияларды қажет етпейді және қысқа мерзімде қайтарым бере алады.

Біздің жағдайымызда инвестициялық ынтымақтастықтың неғұрлым өміршең нысандары тікелей және «портфелдік» инвестицияларды тарту, кредиттік келісімдер жасау, конфессиялар, өтемақылық ынтымақтастық және лизингтік операциялар деп білеміз.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бойынша инвестициялауға тікелей әскери мақсаттағы өнімдер өндірісін, есірткі заттары мен басқа да заңмен тыйым салынған өндірістерді қоспағанда, шаруашылық және өзге де қызметтің кез келген саласына рұқсат етілген. Толықтай шетел капиталына негізделген кәсіпорын ашуға да жол беріледі. Шетел инвесторлары үшін салық салу бойынша белгілі бір жеңілдіктер қарастырылған.

Шикізат саласындағы шетелдік инвестицияларға қатысты қазір біз барлау мен әзірлеуге ұсынатын кен орындарының көлемін белгілеуді айқындау, кейіннен келісімдер шарттарының дәлме-дәл сақтауын бақылай отырып, шетел компаниялары арасындағы конкурстарды өткізу тетіктері пысықталуда. Шикізаттық емес және шектеулі «жабық» салалардағы шетелдік инвестицияларға келетін болсақ, ықтимал инвесторлар үшін мүмкіндігінше ең қолайлы режим қалыптастыру қарастырылып жатыр.

Алайда, бұның бәрі өндірістің басқа салаларына инвестиция тартуға мүдделі емеспіз дегенді білдірмесе керек. Күрделі қаржының тапшылығы жағдайында, жалпы республика экономикасы үшін кез келген сыртқы инвестиция ішкі көздер есебінен жинақталған қосымша ресурс көлемін босатып, оларды басқа салаларды дамытуға жұмсау мүмкіндігін туғызады.

Республикадағы шетел инвесторларының қызметін үлестіру және осы саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін Экономика министрілігінде арнайы орган — Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттік құрылды. Инвестициялық жобаларды сараптау, конкурстар мен тендерлерді өткізу жөніндегі ағымдағы жұмыстар да осы агенттікке жүктелді.

Әрине, «құрғақ сөзбен», сан алуан жеңілдіктермен шетел инвестицияларын тартуға тырысу бос әуре болар еді. Шетел капиталының табиғи ағылуының негізгі шарты өз жекеше секторымыздың дамуы үшін қажетті алғышарттар жасау, жеке меншікке қол сұғылмайтындығының кепілдігін қамтамасыз ету және кәсіпкерліктің шынайы еркіндігінде екенін біз жақсы білеміз. Сондықтан да біз меншік құрылымындағы жүйелі өзгерістерді, мемлекеттік кәсіпорындарды кең ауқымды акционерлеу мен жекешелендіруді экономикалық реформаның орталық буыны ретінде қарастырамыз.

Өздеріңіз көріп отырғандай, шетел инвестицияларының көлемін ұлғайтып, тиісінше шетел инвесторлары үшін тәуекел деңгейін мейлінше төмендетуге мүмкіндік туғызатын құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасауға баса мән береміз.

Дей тұрғанмен де, қазіргідей жағдайда, біз үшін сыртқы көмектің артықшылықты бағыты тікелей шетел инвесторлары болып табылады. Олай болатыны да түсінікті, өйткені инвестиция мен өндірісті бірлесіп ұйымдастыру отандық өндірісті тиімді дамытуға серпін беруге қабілетті жаңа технологиялардың енуімен байланысты.

Ірі шетелдік несие берушілердің бізбен ынтымақтастыққа мүдделілігі мен әзірлігін үлкен қанағат сезімімен атап өткім келеді. Қазіргі заманғы технологиялардың тапшылығы, қаржылық тұрақсыздық және инфляция жағдайындағы шетелдік несиелер, ең алдымен, тауар айналымы мен тұтыну нарығы саласындағы құны қайтарымды операцияларды валютамен қаржыландыру үшін пайдаланылады.

Қазіргі уақытта Австрия, Италия, Пәкстан, Оман, Түркия және басқа мемлекеттер тарапынан несие желілері ашылған. Бүгінгі таңда шетел мемлекеттеріне Қазақстан жасаған несиелік ұсыныстарының жалпы сомасы 5,5 млрд. долларды құрайды. Олар бойынша 8 шетелдік келісімдер жасалған. Бұл ретте «British Gas» компаниясының 100 млн. долларлық несиелік жемісі толық ауыл шаруашылығы

өнімдерін, соның ішінде азық-түлік тауарлары, жем-шөп, ауылшаруашылық шикізаты және оны қайта өңдеуге арналған құрал-жабдықтарды сатып алу үшін пайдаланылды. Еуропалық экономикалық қоғамдастық жемісі бойынша бөлінген 25 млн. сомасындағы несиені сол қоғамдастық құрамына кіретін елдерден медициналық дәрі-дәрмек сатып алуға жұмсау жоспарланып отыр.

Бөлінген несиелік ресурстарды тиімді пайдалану жобалардың сапасы мен функционалдық бағыттылығына байланысты. Жобаларды талқылау негізінде біз, бірінші кезекте, инвестициялық жобаларға басымдық береміз. Қазіргі уақытта Австрия, Германия және Түркия несиелерінің есебінен сомасы 3,5 млрд. долларлық 108 жоба таңдап алынды. Бұл жобалардың жалпы санының арасындағы 2 млрд. долларға жуық сомадағы 35 жоба — австриялық несие желісі, 1,5 млрд. долларлық 54 жоба — германиялық және 200 млн. долларлық 19 жоба, оның 13-і инвестициялық, Түркия несие желісі бойынша алынбақ.

Шет елдердің бізді қолдауының тағы бір маңызды бағыты техникалық қайырымдылық көмек болып табылады. Нарықтық экономиканы басқару тәжірибесінің жетіспеушілігі мен өтпелі кезеңнің объективті қиындықтары, әсіресе сындарлы сәттерде, бұндай көмектің өткір қажеттілігін айқындайды.

ТМД-дағы жұртшылыққа әсерінің тереңдігі мен қайта құрудың ауқымдылығы жөнінен теңдеусіз саяси және экономикалық реформалардың тағдыры, турасын айтайық, ғаламшарлық мәнге ие. Сондықтан да оларға бүкіл әлемдік қоғамдастықтың зияткерлік және өндірістік әлеуетінің қолдауын жұмылдыру қисынды болып көрінеді. Осыған байланысты техникалық көмекті біз донор-елдердің реформалар стратегиясын тұжырымдау мен оның неғұрлым күрделі бағыттарын іске асыру мәселелеріндегі жәрдемі ретінде қарастырамыз. Бұл ретте Қазақстандағы Халықаралық валюта қорының, Бүкіләлемдік банктің, Еуропа қоғамдастығы комиссиясының және басқа да халықаралық ұйымдардың жемісті жұмысын атап өту жөн.

Дүниежүзілік экономикалық форумның осы көшпелі сессиясын мен әлем қоғамдастығының ізгі ниетінің бір белгісі ретінде, батыстың ірі бизнесінің бізбен ынтымақтасуға деген батыл ниетінің дәлелі ретінде қарастырамын. Осындай саяси және экономикалық ахуалдың, Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен басымдылықтарының қысқаша сипаттамасы біздегі өмір шындығын, стратегиялық және тактикалық ниетімізді дұрыс түсінуге көмектеседі деп ойлаймын.

Біз ахуалды жеңіл-желпіге санаудан аулақпыз және өз проблемаларымызды өзіміз шешуге тиіс екенімізді жақсы түсінеміз. Алайда, әлемдік қоғамдастықтың сындарлы да дер кезіндегі көмегі біздегі орын алған қиыншылықтарды тезірек және артық шығынсыз еңсеруге мүмкіндік туғызып, ақыр соңында, бүкіл адамзат үшін көп пайда келтірмек.

Экономикамызға шетел капиталын белсенді инвестициялау, өңірдің бай табиғи ресурстарын жедел игеру, елдің экономикалық, ғылыми-техникалық және зияткерлік әлеуетін әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне қосу халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретін болады.

Дүниежүзілік экономикалық форумның өтіп жатқан сессиясының қорытындылары өзара тиімді ынтымақтастық пен іскерлік қатынастарды кеңейтудің сенімді іргетасын қалап, өз капиталдарыңызды бірлескен экономикалық өсіп-өркендеу жобаларын инвестициялауға деген жоспарларыңыз бен ниеттеріңізді нығайта түседі деп сенемін. Өз тарапымыздан, біз сіздерге жемісті еңбек ету үшін барлық жағдайларды жасауға әзірміз.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 1 жылдығына орай N-ші әскери бөлімі офицерлік құрамының алдында сөйлеген сөзі

1993 жылдың 29 сәуірі

Офицер жолдастар!

Біз сіздермен бірге республикамыздың және үстіміздегі жылдың 7 мамырында өзінің құрылуының 1 жылдығын атап өтетін Қарулы Күштеріміздің өміріндегі маңызды оқиғаның қарсаңында жиналып отырмыз.

Әлбетте, сіздердің естеріңізде, әрі мен әлденеше рет қайталап айтқанымдай, ТМД мемлекеттері өз Қарулы Күштерін құрардың қарсаңындағы жағдай сияқты бұрынғы КСРО аумағында әлі де күрделі саяси оқиғалар сол күйінде. Қазақстанның ең соңғы сәтке дейін Достастықтың біртұтас, ал одан кейін Бірікккен қарулы күштері идеясын қорғап келгені де баршаға аян. Республика басшылығы бүгін де әр егемен мемлекеттің қауіпсіздігі Достастықтың ұжымдық қорғанысы арқылы сенімді түрде қамтамасыз етілетініне берік сенімді.

Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның өз Қарулы Күштерін құруға соңғылардың бірі боп кіріскені де танымды. 1992 жылғы 7 мамырда мен тиісті жарлыққа қол қойдым, сөйтіп республиканың дербес қорғаныстық құрылысы бастау алды. Мейлі, ол саяси, экономикалық, ұйымдық болсын, қай тұрғыдан алғанда да — бұл өте күрделі үдеріс, онда барлығын да ескеру қажет. Оның тағы да бір маңызды қыры бар, ол — геосаяси мәселе. Қазақстан Еуразияда екі құрлық арасындағы ерекше «байланыстырушы» жағдайға ие болып отыр. Мұндай жағдайда саяси қадамдар мен әскери салада шешім қабылдаған кезде төтенше байсалдылық керек. Олар ешқандай жағдайда да өңірде сақталып отырған тұрақтылықты бұзбауға тиіс.

Бүгінде біздің Қарулы Күштеріміздің қалыптасуындағы алғашқы, ең қиын кезең, тұтас алғанда, артта қалды деуге болады. Қарулы Күштер мемлекеттік мәртебе алып, республика егемендігінің қажетті құрамдас бөлігі болып отыр. Бұл туралы еліміз Конституциясында жазылған.

1 жыл — көп мерзім емес. Алайда, біз әскерилердің аз іс тындырмағанын көріп отырмыз. Қарулы Күштер құрылысының тұжырымдамасы әзірленді, республиканың экономикалық мүмкіндіктері ескеріле отырып, жаңа әскери-техникалық саясатты қалыптастыру аяқталып келеді. Ал тікелей бөлімдердегі жағдайға келетін болсақ, әскери дайындық деңгейінің төмендеуін айтарлықтай тоқтатуға, әскерлерді басқару мен даярлау жүйесін қалпына келтіруге қол жеткізілді. «Мұраға қалған» қару-жарақ пен әскери техникаға тыңғылықты тексеру жүргізілді. Әскерлер құрылымдарын қайта жасақтау, кадрларды қайта аттестаттаудан өткізу аяқталуға жақын.

Республика Жоғарғы Кеңесі қабылдаған әскери мәселелер жөніндегі заңдар топтамасы Қарулы Күштер құрылысының, әскери қызметті өткерудің, әскери қызметшілер мәртебесінің, оларды әлеуметтік қорғау мен зейнетақымен қамтамасыз ету кепілдіктерінің құқықтық негізін заңнамалық тәртіппен бекітті. Бұл — бүгінде әскери реформа мен әскери доктринаны іске асыру үшін, негізінен, құқықтық база жасалды деген сөз.

Алайда, Қарулы Күштердің жақын арадағы және болашақтағы міндеттері туралы айтқанда, біз республикада, ТМД мен бүкіл әлемдегі ахуалды ескермей тұра алмаймыз.

Біздің бұрынғы Одақ елдерінің, топтасуы мен кірігуі ұстанымын бекем қолдайтынымызды қайталаудан мен жалықпаймын. Бұл — ұжымдық қауіпсіздік, экономиканы тұрақтандыру, адам құқығының сақталуы, экология және басқа да өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуде парасатты мәмілені көздейтін салиқалы ақыл-ой айқындамасы.

Достастыққа мүше елдердің ой-ниет тактикасы мен стратегиясын айқындайтын негізгі деректер олардың шетелдік экономикалық қолдаудан, БҰҰ мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің ТМД-дағы қақтығысты жағдайларды шешудегі бітімгершілік күш-жігерінен көп нәрсе күтетіндігі. Әрине, басқалардың көмегіне сүйеніп, әрі одан бас тартпастан, отыра беруге де болады. Бірақ, ТМД экономикасындағы жағдайды түзеу мен бұрынғы КСРО-ның әртүрлі өңірлеріндегі қақтығыстарды реттеу үшін өзіміздің келісілген шаралар қолдануымыз қажет.

Осыған орай, қалыптасқан жағдайды бірдей түсінгеніміз жөн болар еді: басқаларды бір жерден айналып өткен, шетелдік әріптестермен әлдеқандай қатынастар орнату есебінен ұтып кетем деу тек уақытша ғана тиімді болуы мүмкін. Қалай болғанда да, өз мүдделері үшін кең өріс ашылатын сол әріптестерге ғана пайдалы болмақ. Егер де Достастық мемлекеттері экономикалық немесе әскери-саяси ынтымақтастықтың нақтылы мәселелері бойынша бірдей ұстаным ұстанса, ондай ынтымақтастықтың тиімділігі айтарлықтай арта түсер еді.

Қазақстан бұл бағыттағы бастамаларды көтерген де болатын. Атап айтқанда, әңгіме Алматыда БҰҰ аясында алдын алу дипломатиясының орталығын ашу, сондай-ақ БҰҰ тарапынан қолдау тапқан Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) мәжілісін өткізу туралы ұсыныстар хақында болып отыр. Соңғы шараның міндеті Достастықтың Азия бөлігінде ғана емес, сонымен бірге басқа өңірлерінде де бейбітшілікті нығайту тетігін құру болуға тиіс.

Осы мақсатта ТМД елдерінің өзара қарым-қатынасының тұрақты іс-қимылына әртүрлі даулар мен жаңалықтарды шешудің әмбебап құралы ретінде тиісті министрліктер, ведомстволар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар желісі бойынша консультациялар алу тәжірибесін енгізген аса пайдалы болар еді.

Енді экономикаға қайта оралайық. Республикалар орталықтың күштеуімен «тар аяда мамандандырылған» Одақ күйрегеннен кейін, олардың әрқайсысы көлбеу байланыстардың үзілуінің өте ауыр салдарларын толықтай бастарынан кешірді. Қазір саясаткерлердің көпшілігі (қарапайым адамдар оны ертерек түсінген) біртұтас кедендік және келісілген сыртқы экономикалық саясат шегінде еркін сауда-саттық жасайтын ортақ экономикалық кеңістікті сақтап қалу қажеттілігін енді түсініп жатыр. Бірыңғай ұлттық валюталы валюта-қаржы одағын, Достастыққа мүше мемлекеттердің келісілген несие және бюджет саясатын құру мәселелері қай кездегіден де өзекті бола түсуде.

Қазақстанды алатын болсақ, экономикадағы жағымсыз үдерістер бізді де айналып өткен жоқ. Ұлттық табыс, өнеркәсіптік өндіріс көлемі, халық тұтынатын тауарлар шығару кеміп кетті. Күрделі құрылыс ауқымы азайды. Өткен жылы дәнді дақылдардан рекордтық — 32 млн. тонна өнім жиналғанына қарамастан, ауыл шаруашылығында да, әсіресе, мал шаруашылығында, күрделі проблемалар орын алуда.

Республикада ТМД-дағы экономикалық және саяси ахуалдар, өзгелер мен өзіміздің қателіктерімізді талдау, халықаралық тәжірибені зерттеу бізге Дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шаралар бағдарламасын әзірлеп, қабылдауға және әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдете түсуге мүмкіндік туғызды. Өз мәні бойынша ол қолда бар өндірістік және ғылыми әлеуетті тиімді пайдалану, нарық тетіктерін экономикаға үйлесімді енгізу негізінде халықтың өмір деңгейін көтеруге бағытталған.

Республика басшылығы әскери қызметшілерді, олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың өткір проблемаларын ұдайы қадағалап отырады. Мәселен, биылғы 1 ақпаннан бастап әскери қызметшілердің лауазымдық жалақылары 2,2 есе, ал әскери атақтары бойынша үстеме ақылары — 2 есе өсірілді.

Алайда, әскери құрылыстың табысқа жету-жетпеуі, әскери қызметшілерді әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың көптеген проблемаларын шешу тек республикалық органдарға ғана байланысты деп есептеу қате болар еді. Бұл жергілікті билікке де байланысты, өйткені, қорғаныс пен қауіпсіздіктің жағдайы үшін олар да соншалықты тұрғыда жауапты.

Республиканың жаңа Конституциясы мен қабылданған заңдары жергілікті билікке жұмылдыру ресурстары мен қуатын жинақтау және жетілдіру, жұмылдыру қуаттарын сақтау мен дамыту, әскерді азық-түлікпен және басқа да материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету мәселелерінде үлкен құқық пен ауқымды өкілеттік беріп отыр. Сіздер де, жолдас офицерлер мен прапорщиктер, өз тараптарыңыздан жергілікті өкімет органдарына ұдайы көмек көрсетуге тиіссіздер.

Ең күрделі әлеуметтік проблемалардың бірі тұрғын үй проблемасы болды және болып отыр. Өздеріңіз білетіндей, мен барлық әскери қызметшілерді пәтермен қамтамасыз ету туралы жарлыққа қол қойдым. Алайда, шаруашылық байланыстардың үзілуі, құрылыс материалдарын және көптеген басқаларың, жеткізудің ұдайы кідіріске ұшырауы оны орындауға кері әсерін тигізіп отыр. Әсіресе, күрделі климаттық жағдай өтінде орналасқан сіздердің гарнизондарыңызда қалыптасқан жай-күй мәз емес. Сіздердің отбасыларыңыз бастан кешіріп отырған ауыртпалықтарды, 130 офицер мен прапорщиктің үй-жайының жоқтығын, балалар бақшасы мен яслилерінде орынның жетіспеушілігін, тағам өнімдерімен қамтамасыз етуде іркілістердің барын жақсы білеміз.

Бүгін шешілуі сіздерге байланысты мәселелерді де айта кетсем деп едім. Бұл ретте әскери құрылыстың кейбір неғұрлым өзекті проблемаларына тоқталмақпын.

Ең алдымен, ол — әскери және жұмылдыру дайындығы.

Соғыс қатері деңгейінің азаюы, әлемдік қоғамдастықтың өзара қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың құрылымдарын құру жолдарын іздеуге ұмтылысының бүгінгі белесі ондаған жылдар бойына қалыптасқан ахуалды объективті түрде өзгертуде. Алайда, күні бүгінге дейін сенім мен өзара ашықтықтың тиімді шараларының кепілі ретінде ұтқыр, қазіргі заманғы техникамен және қару-жарақпен жарақталған жоғары кәсіби армия болып қалуда. Жоғары әскери дайындықты ұстап тұру әскерді жедел пайдаланудың заманауи жоспарын әзірлеуді, стратегиялық резервтер құру мен қорғаныс өнеркәсібінің соғыс жағдайындағы іс-қимылдарға жұмылдыру даярлығын талап етеді. Сондықтан да мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтың біртұтастығын сақтауға бағытталған шараларды қабылдау — бірінші кезектегі маңызды міндет.

Қазақстан Республикасы қорғаныстық құрылысты дербес жүзеге асыра отырып, өзінің және Достастық елдері ұжымдардың қауіпсіздігінің қағидаттарын басшылыққа алатынын сіздер білесіздер.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының бұл мәселе жөніндегі ұстанымы туралы тағы да айта кеткім келеді.

Қазіргі күннің шындығы ол үшін негіз қаламаса да, жаппай қырып-жоятын ракеталық-ядролық соғыс қатерінің барынша азайтылуы көптеген адамдарды әлемде кез келген стратегиялық сын-тегеуріндер мен жанжалды жағдайлар толық жойылды дегенге саятын психологиялық тоқмейілсуге әкелді. Варшава шарты ұйымы мен КСРО-ның ыдырауына байланысты әлемнің стратегиялық тепе-теңдігі бұзылды.

Сонымен бірге, қазіргі замандағы әскери-стратегиялық тепе-теңдік басқыншылықты тойтарудың кепілді қабілеті сияқты, жаһандық тұрақтылықтың негізі де. Бұндай жағдайда ТМД-ның тарихи міндеті күштердің тепе-теңдігі мен стратегиялық шабуыл қаруларын ақылға қонымды жеткілікті деңгейге дейін біртіндеп қысқартуды қамтамасыз ету болып табылады.

Еуразиядағы бейбітшілікті сақтаудың негізгі факторы болып табылатын ТМД қауіпсіздігінің тиімді жүйесі жеке де, ұжымдық та қорғаныстық қамтамасыз ете отырып, мынадай қағидаттар негізінде құрыла алар еді.

1. ТМД шеңберінде әскери мәселелер бойынша қабылданған келісімдерді сақтау.

2. Дербес және ұжымдық қорғанысқа, әр мемлекеттің жеке өз Қарулы Күштерін құруға, техника мен қару-жарақ сатып алуға құқығының болуы.

3. Ортақ стратегиялық ядролық күштер мен ТМД елдерінің біртұтас әуеғарыштық қорғаныс жүйесіне сүйенетін әскери-стратегиялық тепе-теңдікті сақтау.

4. Әскери кадрларды даярлаудың бірыңғай жүйесі мен келісілген және өзара тиімді жағдайларда әскерлерді жасақтау қағидаттарын сақтау.

5. Достастық мемлекеттері арасындағы өзара тиімді әскери-саяси, әскери-техникалық ынтымақтастық. Сенім және өзара ашықтық шараларын дамыту. Бейбітшілікті қолдау бойынша ұжымдық күштерді пайдалануды өзара келісу.

6. Үшінші елдермен әскери-техникалық ынтымақтастық жағдайында ТМД елдерінің өзара мүддесін ескеру, конверсияның келісілген бағдарламаларын әзірлеу.

Бұл міндеттерді көп жағдайда Қазақстан мен Ресей арасында әзірленіп жатқан әскери ынтымақтастық туралы шарт негізінде шешу көзделуде. Ол қазір талданып, жасалып жатыр.

Сонымен қатар, республиканың қорғаныс қабілетін ұстап тұру аса маңызды мемлекеттік функциялардың бірі және бүкілхалықтық іс екенін де атап өткен жөн. Бұл ой қабылданған «Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы» Заңда көрініс тапты.

Бүгін бізге ең жаңа қарулармен жарақтанған, өте ұтқыр, білікті, кез-келген жағдайдағы іс-әрекетке дайындалған армия қажет.

Ұйымдық іс-шараларды жүргізген кезде бөлімдердің әскери қабілеттілік деңгейін төмендетуге жол беруге болмайды. Бұл, әсіресе, штаты өзгеріп, күшейтілген, ішінара жаңа қарумен жарақтанған мемлекеттік шекара қапталындағы бөлімдерге қатысты.

Қысқартылған құрамдағы бөлімдер саны айтарлықтай болып отырған тұста әскери және жұмылдыру дайындығы ресурссыз қамтамасыз етілуі мүмкін емес. Бұл өте маңызды жұмыс және жақсы ойластырылған жоспарларды талап етеді.

Республикамызда запастағы офицерлермен, жалпы резервтегілердің бәрімен де жақсы жұмыс жүргізілгенін атап өтуге тиіспін. Сол деңгейді түсірмеуіміз керек.

Қарулы Күштердің сапасы мен сенімділігі, айналып келгенде, кадрлық проблеманы шешуге, офицерлер құрамының іске деген көзқарасына, олардың моральдық көңіл-күйіне байланысты екені даусыз.

Қазір бізде әскери мамандар едәуір жетіспей отыр. Сондықтан да республика үкіметі Қорғаныс министрлігінің белсенді атсалысуымен Қарулы Күштерді толықтыру үшін шаралар қабылдауда. ТМД-ның әскери оқу орындарында оқытуды жалғастыруды көздеп отырмыз. Олар білімдерін өзіміздің училищелер мен азаматтық оқу орындарының әскери кафедраларында жетілдіретін болады. Алыс шет елдердің әскери оқу орындарына тыңдаушылар жіберуді тәжірибеге енгізе бастадық.

Мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін арттырудың маңызды шарты әскери тәртіпті, заңдылық пен құқық тәртібін күшейту болып табылады.

Өкінішке қарай, армияны кадрмен толықтырудағы біздің барлық кемшіліктеріміздің негізі жасөспірім бозбалаларды әскерге дейінгі даярлықтан өткізудің кешенді, жан-жақты ойластырылған жүйесінің жоқтығында екенін атап өтуге тура келеді.

Бізді азаматтарымыздың Қарулы Күштерге шақырудан лайықты себептерсіз жалтаруы алаңдатады. Бұл мәселедегі әскери комиссариаттардың әрекетсіздігі, шын мәнінде, өте өрескел. Соның салдарынан, қатарға қосылушылар жетіспейді де, сержанттар мен қатардағы жауынгерлерге қызмет бабындағы салмақ түсетіні байқалады.

Бұның өзі жекелеген бөлімдердегі тұрақсыздыққа, әскери тәртіпті бұзу фактілеріне жол ашады. Әскери комиссариаттарға сандық тұрғыдан ғана емес, шақырылушылар контингентінің сапалық іріктелуі тұрғысынан да үлкен сын айтуға болады. Әскер қатарына, көп ретте, шынықпағаны былай тұрсын, моральдық тұрғыдан шыңдалмаған жастар келіп жатады. Ал бұл дегеніңіз, әскери қызмет өткерудің бастапқы кезінде жас жауынгерлердің біразының қиындықтарға шыдамай, әскерді тастап қашуының себебіне айналуда.

Әскери қызмет орнын өз бетінше тастап кету жалпы қылмыстың 3/2-сіне жетіп, ең кең таралған түріне айналған. Сатқындықпен тең мұндай жағдайдың айрықша қауіптілігін ескере отырып, Республика басшылығы оны жоюға арналған іс-шаралар барысын қатаң бақылауға алды.

Әскери ұжымдардағы тәрбие жұмысының жай-күйі айрықша алаңдаушылық туғызуда. Олардың көпшілігінде жарғы талаптарына қайшы қарым-қатынас, жауынгерлік міндеттерін орындаудағы қылмыстық — атүсті көзқарас етек алған.

Әскери қызметшілер мен олардың туыстарының жарғыға қайшы қарым-қатынас, сарбаздар тұрмысының жайсыздығы фактілеріне жазған көптеген шағымдары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет өткеруге байланысты азаматтар арыздарын қарау жөніндегі арнайы комиссия құруға мәжбүр етті.

Республика Қарулы Күштеріндегі тәртіптің жай-күйіне жасалған талдау әскерлерде қылмыс деңгейінің әлі де жоғары екенін көрсетті. Тек әскери мүлік қана емес, қару мен оқ-дәрі талан-таражға түсуде. Қаруды өкшелей іздеп жүрген қылмыскерлер бұл жағдайды пайдаланып жүр.

Егер де, оның құрылысы осындай қылмыстық үрдіспен сүйемелденетін болса, біз ешқашан сенімді Қарулы Күштерімізді құра алмаймыз. Сіздердің бұл көзқарасты бөлісетіндеріңізге сенімдімін.

Әскери тәртіпті, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту мақсатында мен, өзімнің ағымдағы жылғы 19 қаңтардағы жарлығыммен командирлердің тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмыстары жөніндегі орынбасарлары институтын енгіздім.

Бірақ, бұл да бәрі емес. Қарулы Күштердің барша офицерлер корпусы және құрамдары интернационалдық достық пен халқымыздың даңқты жауынгерлік дәстүрлерін насихаттауға негізделген тәрбиенің үзілген үрдісін қайта қалпына келтірулері керек.

Аз ғана жұртты қоспағанда, әскери-патриоттық тәрбие әлем қоғамдастығының барлық елдерінде де жүргізіледі. Шынтуайтына келгенде, бізде де өзін өгейсіткен емес. Демек, жастарымыздың бойына әскери патриотизм сезімін сіңіруіміз керек.

Армиядағы келеңсіз фактілер туралы сөз еткенде, бұл кемшіліктер Қазақстан армиясына тән жақсы жақтарды жоққа шығара алмайтынын да атап айтқым келеді.

Сіздерге халық игілігіне арнал атқарып жүрген лайықты қызметтеріңіз үшін рахмет!

8 мамырда Алматы қаласында әскери шеру болатынын білесіздер. Ол әскери бөлімшелеріміздің жауынгерлік даярлығын паш етіп, сондай-ақ қазақстандықтардың өмірі мен бейбіт еңбегін, мемлекеттік тәуелсіздігі мен республиканың егемендігін қалтқысыз қорғауға деген бекемдігімізді айғақтайтын болады.

Сіздерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің келе жатқан 1 жылдығымен, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Идеология мәселелері жөніндегі республикалық кеңесте «Қоғамдық идеялық тұрғыда ұйыстыру — Қазақстан дамуының басты шарты» атты сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1993 жылдың 11 мамыры

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Мемлекет қоғамдық-экономикалық формациясының ауысуымен нақты байланысты болатын орасан зор өзгерістер әрқашан да адамдар санасындағы күрделі өзгерістермен бірге жүретінін түсінгендіктен, осының өзі мені кез келген қоғамның тіршілігі үшін қажетті көкейкесті проблемаларды ой елегінен өткізу және талдау жасау жолындағы талай қатпарлы ойларға әкеліп тіреді. Ал біз маңызы бойынша да, уақыты жағынан да елеулі өтпелі кезеңнен өтуге тиіспіз. Бұл орайда қоғамда өзгерістерге сай келетін рухани ахуал туғызу керек, мұның өзі мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде идеология сияқты ерекше салада, тек байсалды саясат арқылы ғана қолдау табады.

Идеология керек пе, керек емес пе деген дау-дамайдың еш жөні жоқ. Оның үстіне өткен ғасырда өмірге енгізілген бұл атау талай құйтырқының амалына түскеннен кейін алғашқы мағынасынан біршама айырылып қалды. Осындай жағдай өктем жүйенің қатаң жағдайында ондаған жылдар өмір сүрген біздің қоғамымызда да болғаны рас. Ол жүйе күйрегеннен кейін «идеология» ұғымының көлеңкелі қырлары басым болып, соңғы уақытта оны саяси сөздікте мысқылмен қабылдайтыны да айқын болып отыр. Бірақ, идеологияның өзіне осындай көзқарас лайық па? Кез келген, әсіресе дамушы мемлекетте көзқарастар мен идеялардың бүкіл кешені ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асыру, ғылымды, мәдениетті, білімді дамыту, жаңа адамгершілік құндылықтарды орнықтыру мақсатында жасалып отырса, идеология хақында бөтен сөздің не жөні бар?

Қазіргі заманғы үлгідегі қоғам идеологиялық деп айқындайтын жүйе болмайынша өмір сүре алмаса керек.

Дүниежүзінің жетекші мемлекеттері қашан да өзінің азаматтары үшін ғана емес, сондай-ақ басқа елдердің азаматтары үшін де тартымды саяси, экономикалық қана емес, сондай-ақ идеологиялық та бейнелерді жасауға ұмтылып келген. Егер мемлекет осы салада бос орын қалдыратын болса, онда мұны өзгеше дүниетанымдық қағидалар толтыратын болады.

Шын мәнінде, идеология — бұл адамдардың қоғамдастығын саяси және экономикалық міндеттерді шешуге топтастыру мен жұмылдырудың уақыт тезінен өткен тәсілі, бұл әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру механизмі, бірақ бұл күштеп-зорлау тәсілі емес, қайта мемлекеттің және оның тұғырнамасын қолдайтын партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың адамдардың ақыл-ойына өркениетті түрде ықпал ету тәсілі. Бұл орайда басқа да көзқарастар мен пікірлердің болуы тәркі етілмейді. Өмір алға озып, қоғам мен мемлекет өмір сүріп отырған кезде әртүрлі идеологиялық ағымдар бола бермек.

Қазақстандағы қазіргі заманғы қоғамдық-саяси жағдай

Қазақстан бұрынғы империяның көлеңкесінде бас сауғалап келген өмірден түбегейлі және түпкілікті бас тартып, нарықтық экономикасы әлеуметтік бағытталған және жаңа принципті түрдегі қоғамдық қарым-қатынастарға негізделген күшті егемен мемлекетті құруға кірісті. Саяси жүйе мен мемлекеттік құрылыс түбегейлі түрде өзгеріп келе жатқаны, республиканың демократиялық бағытқа, халықаралық нормалар мен принциптерге адалдығы айқын. Біз құрып жатқан қоғамның ең жоғары құндылығы — адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр. Адамдардың заң жүзінде құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі қамтамасыз етілген, топтасу, адамгершілік, ұлтаралық келісім, барлық ұлттар мен ұлыстардың теңдігі идеялары негізделген.

Осының бәрі — сайып келгенде реформаларды дәйекті түрде жүзеге асырудың берік негізі. Алайда, саяси және экономикалық жүйелердің ауысуына байланысты қоғамдық санада өзгерістер өздігінен болады деу сенімсіз болар еді. Бұл құбылыстың өзі айтарлықтай елеулі әрі күрделі, өйткені, әлеуметтік өмірдің терең процестерімен, дүниетанымдық тағылымдардың өзгерістерімен, психологиялық таптаурындармен, сонымен бірге қоғам өмірімен, әрбір адамның тұрмыс салтымен байланысты. Әрі бүгін таңда біздің бәрімізге қос ауыртпалық түскен тәрізді: экономика мен қоғам өткен мен болашақтың ортасында сияқты. Артқа қайырылар жол жоқ екенін біле отырып, біз шаруашылық жүргізу жүйесінің, ғылымның, мәдениеттің, білімнің, рухани өмірдің бүгін таңда өткеннің сарқыншағынан арыла алмай отырғанын мойындауға тиіспіз.

Тап осындай жағдай қоғамдық санада да болып отыр. Өткен ғасырдың өзінде ғылымда «аномия» деген ұғым қалыптасқан болатын. Мұның өзі адамның қалыптасқан құндылықтар жүйесі қайтадан ой елегінен өткізіліп, бүкіл ғұмырлық мұраттардың бәрі түбегейлі түрде өзгерген жағдайда адамның абдырап-сасқан кезін білдіретіні шындық. Мұның өзі жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғам үшін ауыр сын. Осыған орай қазақстандықтардың басым көпшілігі реформа жөніндегі бағытты қолдап отырғанына қарамастан, өзгерістердің қажеттігін білгенімен, былайша айтқанда, жүрекпен жете түсінсе де, ақыл-оймен мән-мағынасына ой жүгірткен жоқ, адамдар өз болашағы үшін әлі сенімсіз, келешегін әлі де айқын көре алмай отыр.

Күнделікті тіршілігіміздегі күйкі күйімізді экономикалық жағдай үдетіп отыр. Мұның өзі қарапайым адам үшін, ең алдымен, бағаның шексіз өсуінен, тұрмыс деңгейінің құлдырауынан, көптеген әлеуметтік проблемаларының шешілмеуінен көрініп отыр. Оның үстіне адамдарды саяси күрестердің ұшқарылықтары да адастырып отыр. Кейде саяси жымысқы алдап-арбаудың қоғамдық санада өзіне орын тауып жататын кездері де бар.

Бүгін таңда Қазақстанның саяси саласында қалыптасып жатқан жағдайды түсіну үшін баспасөздің беттерінде, партиялардың пікірталастарында, экономикалық топтарда, сондай-ақ қоғамның қалың қатпарларында талқыланып жататын идеялардың мазмұнына мұқият талдау жасау қажет.

Саяси пікірлердің бүкіл күрделі жағдайының өзінде, ал олардың жиынтығы өте көп, қазіргі қоғамдық-саяси алуан түрліліктің екі полюсі ретінде социалистік және либералдық пікірлерді қарастырған жөн. Әрине, бұл қарапайым баяндау, бірақ мұның өзі бар болмысты толық көруге мүмкіндік береді.

Социалистік тұғырнама қоғамда белгілі бір дәрежеде жақтастар тауып отыр, бірақ реформалау кезеңінде оған иек арту, сірә, жөн болмас. Социалистік мұраттарды

оғаш, ретсіз әрі әділетсіз сынаудың кезеңі өтті, социализмнің кеңестік нұсқасында халыққа не бергенін және оның біз мүлдем қабылдамайтын жақтарына елеулі талдау жасайтын кезіміз жетті.

Кеңес өкіметі жылдарында жасалған қуатты өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы, бірегей технологиялық кешендер, жаппай сауаттылық, абаттандыру және басқалары Қазақстанды индустрия жолына көшірмеуі мүмкін емес еді. Біздің бүгінгі күш-қуатымыз — белгілі дәрежеде кешегі құрылыстың нәтижесі. Мұны тек пікірталас қызбалығына салынғанда ғана жоққа шығаруға болар.

Социалистік идеялардың әсіре жақтастары өткенді сағына еске алып, оның қайта орнауын қалайды, сөйтіп, «атқарылған істер» үшін тіпті саясаткерлерді жауапкершілікке тартуға шақырып отырған жайы бар. Мәселенің бұлай қойылуының өзі қисынсыз: оппозиция бүгінгі таңда өзінің назарын жеке адамдарға, кездейсоқ немесе уақытша жағдайларға аударып отыр. Әрине, мемлекеттің ыдырауына сол уақыттағы жекелеген көшбасшылардың ықпалы болғаны белгілі. Алайда, қызбалыққа салынбай, шынайы тұрғыдан қарайтын болсақ, социализм әлеуметтік-экономикалық және саяси қарым-қатынастар жүйесі ретінде түпсіз дағдарысқа тап болғаны айдан анық. Қазір енді кең ауқымдағы дағдарыс жөнінде айтуға болады.

Бұл — экономикалық дағдарыс. Қоғамдық жүйелер тиімділігінің түйінді өлшемі — бұл экономикалық тиімділік. Осы өлшем бойынша алғанда, орталықтандырылған жоспарлы экономика, сайып келгенде, нарықты экономиканың алдында жеңіліс тапты.

Бұл — саяси дағдарыс. Боямаланған халық билігі мен ішкі партиялық бюрократияның төбе тобының қолына шоғырланған билік арасындағы қарама-қайшылық қисынды шегіне жетті. Сырт көзге қарағанда саяси құрылымдар демократияны сөз жүзінде ғана көрсетіп, шын мәнінде барлық шешімдер жергілікті және орталық деңгейде партия көшбасшыларының айтуымен қабылданды.

Бұл — ұлттық дағдарыс. Интернационализмді жариялағанына қарамастан, социалистік жүйе ондаған жылдар бойына халықтардың еркін дамуын қатаң түрде бұғаулап келді. Атап айтқанда, Қазақстанда, сарапшылардың бағалауы бойынша, күштеп ұжымдастыру жылдарында бүкіл қазақ ұлтының жартысынан астамы қаза тапқан және шетке кеткен. Елдің бүкіл халықтары орасан зор зардап шекті. Ұлттық дағдарыс — көп ретте экономикалық дағдарыстың салдары. Орталық пен аймақтар арасындағы қарым-қатынас жартылай отарлық сипатта болды. Республиканың экономикасына шикізаттық бағыт, оның шетін сипаты саналы түрде таңылды. Тап осындай жағдайда Қазақстан сыртқы рынокқа өз еркімен шықпауы үшін көліктік жүйе бойынша орталықпен және басқа аймақтармен қатаң байланысқан еді. Ішкі ұлтаралық шиеленіс тек күштеп-зорлаудың арқасында ғана тежеліп отырды. Жүйе күйрегеннен кейін бұрынғы КСРО-ның аумағында ұлтаралық жанжалдар мен соғыстар өрті басталды. Мұның өзі халықтың емес, өткендегі және қазіргі саясаткерлердің кінәсінен болып отыр. Тұтас халықтарды тікелей құртудан бастап, ұлт тілдерінің қолданылу аясын тарылтуға дейінгі зорлық-зомбылық қайшылықтарды елемеуге соқтырды. Оларды шешудің басқа әдістері болған жоқ. Интернационализм туралы барлық мәлімдемелерге қарамастан, ресми идеологияның тасасында белгілі бір халықтарда басқа халықтар туралы берік жаттанды теріс пікірлер қалыптасып жатты, мұның өзі тұрмыстық деңгейде күні бүгінге дейін жаны сірі күйінде қалып келеді. Барлық ұлттарды біртұтас әсіре этностық қауымдастыққа — кеңес халқы аталатын бір қалыпқа салу әрекеті айқын сәтсіздікке ұшырады.

Одан әрі — экологиялық дағдарыс. Социалистік экономикалық жүйенің абстрактілі жалпы халықтық тұрғыдағы, ал іс жүзінде ведомстволық меншік тұрғысындағы ерекшеліктері министрліктер мен ведомстволардың шектен шыққан экологиялық қиянаттарына душар етті. Проблеманың мәні мынада болатын: жер мен табиғи ресурстарға бақылаусыз қожалық еткен ведомстволар, сонымен қатар, экологиялық тұрғыдан таза өндірістерге мүдделі болған жоқ және сөзсіз қасіреттер үшін нақты жауапкершілік арқалаған емес. «Ешкімнің де иелігінде болмаудың» осынау өлшемі өткен тарих естіп-білмеген ғаламдық апаттарға киліктірді. Экологиялық сауатсыздық қоғам мен табиғаттың тайталасына әкеліп тіреді. Қазақстан бұл ретте аса қиын жағдайда қалды.

Семей ядролық полигоны қазақ халқына аса ірі қасірет әкелді. Қазақстанда ядролық қаруды, соның ішінде жер бетінде, сынауды жүргізе отырып, жүйе өз мемлекетінің азаматтарына қарсы адамзат тарихындағы ең қайғылы қылмыстардың бірін жасады. Тек біздің республикада ғана 0,5 млн. астам адам радиациядан зардап шекті. Олардың көпшілігі бойындағы күш-жігері толысатын кезде өмірден өтті, жүздеген мыңы денсаулығынан біржола айырылды. Балалардың бірнеше ұрпағы туғанынан өмір бойы мүгедек болып қалды. Сөйтіп, қазірде мүгедектер туып жатқан көптеген отбасыларында бұл қасірет әлі де жалғасуда.

Қазақстанға келген апаттың бірі — жер бетінен құрып бара жатқан Арал теңізі. Бұл қырсық кең байтақ Орталық Азия аймағының халықтарын шексіз азапқа салып отыр. Және оларды ғана емес: ғалымдар Аралдағы апаттың планетаның орасан зор аумағына ғаламдық бүлдіруші ықпалы бар екені туралы негізделген қорытындылар жасады.

Жүйе «жарқын болашақ үшін» күрес ретінде көрсетіп келген осы эксперименттерден, ең алдымен, Қазақстан халқы бәрінен де көп зардап шекті.

Біздің алдымызда адамдарға, жерге, жалпы алғанда табиғатқа келтірілген бүкіл шығынды есептеу міндеті тұр. Бұл тым болмаса апаттың шынайы ауқымын бағалау үшін және оның салдарын жою жөніндегі шараларды белгілеу үшін қажет. Оның үстіне бүкіл дүние Қазақстандағы экологиялық жағдай туралы нақты түсінік алуға тиіс.

Имандылық дағдарысы. Идеологиялық рәміздер мен адамдардың нақты құндылықтары арасында шыңырау пайда болды. Басқарушы топтың қосарланған моралі сан түрлі саяси шараларға — жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, т.б. формальды түрде қатысушы, жарияланған ұрандарға мүлдем иланбаған адамдарды осындай моральға душар етпей қоймады. Бүгін таңда бұл жүйенің оп-оңай ыдырай салғанына таң-тамаша қалушылар аталған жүйенің баяғыда-ақ халықтың сенімінен айрылғанын, ол халықтың біздің Батыстан барған сайын кейін қалып отырғанымызды және кеңестік экономиканың дағдарысқа қарай зымырап құлап бара жатқанын көріп, түсінгенін ұмытып отыр. Социалистік мұраттар соңғы жылдары тек мысқыл ғана туғызатын. Мұны жұрттың бәрі білетін, алайда, идеология билік басындағы іріктелген қалаулы топтың шамшылдығына одан әрі қызмет етуін табандылықпен жалғастыра түсіп, олардың мүдделерін жалпы мемлекеттік мүдделер ретінде ұсынумен болды. Болмыстан алшақ жатқан кеңестік қолтума идеологияның аңызы — ұлттардың ұласуы теориясы, мемлекет пен адамның өзара қатынасы практикасын еске түсірейік. Мұнда адамға «бұранда» рөлі ғана берілген еді. Ал ғылымға, әдебиетке, өнерге таңылған партиялылық ше? Тіпті, отанға сүйіспеншілік, жақыныңа деген қамқорлық, ата-баба дәстүрлеріне адалдық сияқты таза сезімдердің өзін «коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексінің»

тар аясына сыйғызған еді. Ал түптеп келгенде, бұл идеология емес, адамның имандылық ұстындарымен жалдаптық жасау болатын.

Алайда көптеген адамдар үшін ескі үміт-қиялдардан бас тартудың тым қиынға түсетінін ескерген жөн. Олардың сенімдерін мазақ етудің еш реті жоқ. Олармен сауатты да адал пікір таластырудың жөні бөлек.

Мынадай жәйттерді барынша айқын ұғыну керек: қазіргі жағдайда мемлекеттік тұрғыдан қайта бөлу, мемлекеттік жіктелу, идеологиялық біркелкілік арқылы келетін теңдік, жекеменшік пен нарықты тұншықтыру Қазақстанды дүниежүзілік қоғамдастықтан шеттетеді. Өткенге қайтып оралудың болашағы жоқ, ол тек қоғамды талқандап, азаматтық соғысқа киліктірмек. Мына жәйтті де ескеру аса маңызды, жер-жерде пайымдалып жүрген социализм аңызының — біздің бәріміз басымыздан өткерген аңыздың — тек ТМД-да ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүниежүзінде күлі көкке ұшты.

Бұл жүйенің бірқатар пайдалы және практикада жүзеге асырылған жетістіктеріне қарамастан, кезекті тарихи тұйыққа тірелуге болмайды.

Қоғамдық ойдың тағы бір бағыты дәстүрге, халықтыққа сүйенеді. Дәстүрлік идеологиясының социалистік идеологияның дағдарысымен қисынды байланысы бар. Шынында да, бұрынғы қасаң қағидалар жарамсыз болып қалған кезде неге назар аудару керек? Сірә, қарапайым әрі түсінікті, сонымен бірге әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге — дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі рөлі еш даусыз. Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келеді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу — бұл, әрине, оң процесс. Сонымен бірге дәстүрлер мен қоғамдық прогрестің өзара қарым-қатынасын қарадүрсін түсіндіруден бас тартқан жөн. Қазіргі заманғы дүниенің тәжірибесі кейбір дәстүрлік құрылымдар қазіргі өркениеттің арнасына етене жалғасатынын сенімді түрде көрсетіп отыр. Тәжірибесіз жаңашылдықтың да болуы мүмкін емес. Нақ осы дәстүр адамның «жоғалып кетпеуіне», өз тұрмысының сипатын қазіргі дүниенің күрт өзгерістеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті, соның ішінде тұрмыстық мәдениетті, отбасын дамытуға барынша қолдау жасалып отыр. Бұл орайда қоғамдық құрылымның көне формаларын жандандыруға, қазақ қоғамының XVII-XIX ғасырлардағы территориялық ұйымдасуына тән рулық-тайпалық психология мен құқықтық көзқарас жүйесін қайта жандандыруға негізделген дәстүрлі сипаттағы саяси идеология мүлдем қабылданбайтын болады.

Қазақтардың Каспийден Қытайға дейін алып жатқан орасан зор аумағы әлдебір құрылымдық қалыптасуды, басты біріктіретін белгілі бір орталықтың болуын талап етті. Оның өзі түрлі аймақтардың тарихи дамуының ерекшеліктерімен түйісіп жатты, ал кейіннен патшалық құрылыстың әкімшілік бөлу жүйесін саналы түрде енгізуімен ұштасып жатты. Екінші жағынан, шаруашылықты жүргізудің ерекшеліктері де ауқымдық мәселелерді айқын реттеуді талап етті. Сондықтан аймаққа қатыстылық әуел бастан саяси құрылыста елеулі рөл атқарып келді. Бірақ осының бәрін XXI ғасырға өзімізбен бірге ала барғанымыз жөн бе? Өйткені, қазақ халқының әлеуметтік және мәдени жүйелерінің қазіргі заманғы жағдайдағы даму қарқыны сол кезеңмен салыстыруға мүлдем келмейді.

Сонымен, өз тарихымызда тиімді саяси тұтқаларды табуға деген ұмтылысты ішінара түсіне отырып, біз реалист болуымыз керек және өткен ғасырлардың саяси идеялар мен идеологиялық рәміздері осы ғасырдың аяқ шені үшін мүлдем

жараспайтынын түсінуіміз керек. Айтқандайын, тіпті, өткен кездерде де біздің ұлы ағартушыларымыз қазақ қоғамын жікке бөлуге жол бермеуге шақырған болатын.

Қоғамдық топтарда либералдық идеялар да танымал болып отыр. 80-жылдардың аяғы мен үстіміздегі онжылдықтың басындағы олардың салтанаты, жалпы адамзаттық мұраттардың басымдығын, жоғары құндылық ретінде адам құқықтары мен бостандықтарын баянды етудің табыстарына жаппай шаттану сезімі демократия мен демократиялық принциптердің түпкілікті жеңісі жөніндегі оптимистік қорытындыға жеткізгендей еді.

Бірақ бүкіл дүниежүзінде кезенді либералдық идеология тұсында күрделі процестердің болып жатқаны жөніндегі түсінікті де үдете түсті. Егер планетаның басқа аймақтарын қозғамай-ақ, өзіміздің бұрынғы ортақ кеңістігіміз туралы айтар болсақ, онда қоғамда бел алып отырған әлеуметтік шиеленіс туралы айтпай өте алмаймыз, бұл шиеленіс кейде ең шетін түрде — қарулы жанжалдардан, саяси тайталастан, экономикалық былықтан, адамдардың не нәрсені болса да өзгерту мүмкіндігіне деген сенімін жоғалтудан көрініс табуда.

Өркениетті нарықтың қанат жаюының орнына барлық салада — қаржы, сауда, сыртқы экономикалық байланыстар саласында алыпсатар капитал екі бірдей серігі — қылмыстық элементтермен және номенклатураның жемқор бөлігімен жүген түйістіріп қатар келеді. Бұл процестердің осы заманғы дүниежүзілік нарықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайды, бірақ олар ақиқат өмірде орын алып, либералдық идеологияның мәніне қарсы келуде. Ұлтаралық жанжалдар демократия туралы, жалпы адамзаттық қазыналар туралы пайымдаулар адамның өмірі мен қадір-қасиетін қорғауға әзірше дәрменсіз екендігін айқын көрсетуде.

Әлбетте, тоталитаризмнің мұраларын алға тарта отырып, либералдық идеология мен қатаң ақиқат шындық арасындағы қайшылықтарға түсінік беруге болады. Бұл дұрыс та болар еді, бірақ белгілі бір шекте ғана. Мұның мейлінше терең себептері де бар.

Либералдық мұраттар мен либералдық идеология — Батыс өркениетінің ұзақ та сан ғасырлық эволюциясының нәтижесі. Бұл идеологияның негізінде жеке меншік, жеке бастың психологиясы және демократиялық саяси институттар сияқты объективті алғышарттар жатыр. Олардың нышандары бізде әлде болмаған, әлде 100 жыл дерлік бұрын үзілген. Одан басқа, өркениетті мемлекеттерде либералдық идеяларды жүзеге асыруды жеңілдетуші қуатты құқықтық жүйе құрылған болатын. Осы объективті алғышартсыз бұл процесті жасау төтенше қиындатылған...

Республикада либерализм идеологиясының негізі және барынша бұқаралық тірегі — орташа таптың жоқ екенін де көре білуіміз керек, ал оны қоғамтану ғылымында осылай атап жүр. Сондай-ақ нақты мәдени және тарихи жағдайды да ескеруге тиіспіз. Мәселе мынада, Батыстың либералдық идеологиясын Қазақстанға сол күйінде көшіре салу оны жүргізушілер кең мағынада, соның ішінде саяси тұрғыда да мәдениет сияқты құбылысқа келіп тіреледі. Оның сипаты мен мұраттарын табан астында өзгерте салуға болмайды. Саяси мәдениет тұрпатын нақты реформалар негізінде біртіндеп, өркениетті тәсілмен өзгерту қажет.

Осылайша, қазіргі Қазақстандағы саяси және идеялық бағыттарға жасалған талдау идеологиялық тұғырнаманың қалыптасуында өзіндік жол іздестірудің қажеттігін айғақтайды. Біз социалистік те, дәстүрлі де, либералдық та көзқарастарды өз бойына жинақтаған құндылықтарды да жоққа шығармаймыз. Алайда, Қазақстанның

алдында тұрған міндеттер біздің көзқарасымызша, біршама басқа жалпыұлттық басымдықтарды ой елегінен өткізуді талап етеді.

Нақты тәуелсіздікке

Біз өтпелі кезең туралы айтып отырмыз. Оның мән-мағынасы неде? Біз неге ұмтылудамыз? Конституцияда, атқарушы және заң шығарушы өкіметтердің құжаттарында, Қазақстанның кейбір партияларының бағдарламаларында баяндалған бірқатар нақты экономикалық және саяси бағыттар бар. Алайда, нақты міндеттермен қатар ғаламдық мақсат та бар. Оған қол жеткізбейінше, біз қоғамды реформалау жолымен ойдағыдай ілгерілей алмаймыз. Әңгіме республиканың нақты тәуелсіздікке қол жеткізуі туралы болып отыр. Оның көптеген ерекше белгілеріне, егемендіктің танылуы мен баянды етілуіне қарамастан, Қазақстан толық тәуелсіздік алды деуге ертерек.

Таяудағы жылдарда біз барлық күш-жігерімізді нақ осы процеске шоғырландыруымыз қажет. Қорыта айтқанда, бұл үшін мынадай өзекті проблемаларды шешуге — мемлекеттік бастауларды нығайтуға, құқықтық қоғам орнатуға, жаңа технологиялық, құрылымдық, институттық негіздегі толыққанды ұлттық нарықтың қалыптасуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Мәселені осылай қою, тегінде, партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың, еңбек ұжымдарының, кәсіпкер топтардың, ғылыми және шығармашылық ұйымдардың, республика халқының барлық жіктері өкілдерінің түсіністігін табатын болар. Өйткені, аталған басымдықтардың жалпы мемлекеттік сипаты бар, оларды жүзеге асыру ісі Қазақстан қоғамын терең жаңғыртуға қабілетті. Егер біз осындай қажетті келісімге қол жеткізсек, онда мынадай сөзсіз шартпен де келісеміз: нақты тәуелсіздікке қол жеткізу қуатты саяси, интеллектілік, рухани қолдауды талап етеді. Бізге бұл бағыттарда тек экономикалық, ұйымдық, кадрлық ұмтылыстарды ғана қамтамасыз етіп қоймай, қоғамды топтастыратын ахуалды да жасауымыз қажет. Және де бұл жерде таяудағы да, сондай-ақ біршама әрідегі де перспективаға есептелген біздің ісімізді идеялық тұрғыдан ой елегінен өткізбей болмайды.

Біз үшін алдағы жұмысымыздағы басты саяси аспектілердің бірі мемлекеттікті нығайту болып табылады. Жалпы алғанда, бұл әлемдік өркениет тәжірибесінің заңды тұжырымы: терең дағдарыстар мен сілкіністер дәуірінде мемлекеттің реттеуші ықпалын күшейтудің объективті қажеттілігі пайда болады. Ал бұл, бірінші кезекте, дағдарыстан шығуды қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыру үшін қажет. Бұл орайда негізгі күш-жігерді біз атқарушы биліктің рөлі мен жауапкершілігін арттыруға, басқару көлбеулерін нығайтуға, күшті Президенттік басқаруды қалыптастыруға шоғырландыруымыз керек.

Келесі міндет — орталық мемлекеттік және жергілікті органдардың өкілеттіктерін заң жүзінде бөлу. Ол бойынша атқарушы және өкілдікті өкіметтер жергілікті жерлерде өздерінің проблемаларын шешуге барынша өкілетті болар еді. Сонда орталық құрылымдар сан түрлі ағымдағы жұмыстардан қолдары босайтын, саяси, экономикалық және әлеуметтік дамудың стратегиялық бағыттарына шоғырланатын болады.

Сот жүйесін де реформалау қажет. Өкінішке қарай, адамдар әлі де жергілікті жерлердегі сот билігінің беделі мен құқықтығына сенбейді. Соттардың әділеттілігі мен олардың қызметтерінің сындарлығы туралы айтуға әлі ерте. Олар қоғам проблемаларынан аулақ жатқан тәрізді. Сот жүйесін барынша тиімді ету, оларды әсіресе

жергілікті жердегі билікті құрылымдар тарапынан қысым көрсету мүмкіндігінен құтқару қажет. Бұл реформаның мейлінше нақты жолдарының бірі — Жоғары сот кеңесінің ұсынысымен соттарды тағайындауды мемлекет басшысының заңмен бекітуі болмақ. Соттардың нағыз тәуелсіздігін нақ осылайша қамтамасыз етуге, әділ сотқа кез келген қол сұғушылық жолын кесуге болады.

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан мемлекеттігін құру процесі — күрделі, көп еңбекті қажет ететін, сан қырлы міндет. Бұл тұста ойланбаған асығыстық пен орынсыз жайбасарлық болмауға тиіс. Биліктің барлық тармақтарының өзара түсіністігін, өзара іс-қимылын қамтамасыз ету маңызды. Егер бір сәттік саяси пайда үшін мемлекет іргесін шайқайтын болсақ, біз болашақ ұрпаққа солақай тәрбие көрсетеміз.

Негізгі жалпыұлттық басымдықтардың қатарына түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыруды қосқан жөн. Бұл қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік алуындағы өзекті мәселе. Реформалар тағдыры саяси саланы мемлекеттік басқарудың тұтқаларымен тікелей байланысты. Өйткені, Қазақстанның соңғы онжылдықтардағы дамуы өте күрделі де ауқымды процестермен сипатталып отыр. Нақ осы кезде республика аумағында бірқатар аса зор бағдарламалар жүзеге асырылды. Олар — тың және тыңайған жерлерді игеру, өнеркәсіптің орасан зор шикізат базасын құру, ядролық және ғарыштық зерттеулерді жүзеге асыру.

Алайда, бұл процестердің экономикалық және әскери жақтарының сыртында осы бағдарламаларды жүзеге асыруда Қазақстанға сырттан енгізілген ұлттық, әлеуметтік және мәдени проблемалар зерттелмеген және ой елегінен өткізілмеген күйде қалып келді. Сапалық ілгерілеу болды — қала халқының үлесі алғаш рет ауылдықтар үлесінен асып түсті. Аймақтар дамуының әркелкілігі күрт күшейді. Елдің еуропалық бөлігінен орасан көп көші-қон есебінен халықтың ұлттық құрамы өзгерді. Ұлттың негізгі бөлігі ауылда шоғырланғанымен, қалада қазақ халқының айтарлықтай тобы пайда болды.

Осының бәрі саяси және мәдени бағдарларда аса күшті айырмашылықтардың пайда болуына душар етпей қоймады. Сонымен бірге сырт қарағанда идеологиялық бірлік әдейі баса және асыра көрсетіліп, айырмашылықтар мен проблемалар ескерілген жоқ. Нәтижесінде халықтың әртүрлі жіктерінің идеялық-саяси қарамақайшылығы өсе түсті. Олар бүгінде белсенді түрде байқалып отыр.

Міне, сондықтан да жаңа экономикалық көзқарасты қалыптастыру бүгінде айрықша орын алады. Ең алдымен, бұл оның реформалар барысын жеделдетуге тікелей ықпалымен байланысты. Идеялар плюрализміне негізделген демократиялық, құқықтық қоғам идеологиясы меншік пен шаруашылықты жүргізу формаларына көзқарастар бейнесінің нақ өзі. Шынайы нарықтық тетіктер мен әлеуметтік бағдардағы көпукладты нарықтық экономика құруды біз өз алдымызға стратегиялық мақсат етіп қойдық. Яғни, біз жеке адамның экономикалық бостандығы мен экономикалық мүддесі талассыз болып табылатын осындай қоғам құру жолын таңдап алдық. Ал пікірі мен рухани құндылықтарын еркін білдіруге мемлекет пен заң кепілдік береді.

Бұрынғы идеологиялық таптаурын атаулының жанының сірілігінен бұл нормалардың орнығуы кінәратсыз өте қояр ма екен? Бізде билік деңгейінде де, тұрмыстық деңгейде де реформаны ашықтан-ашық қабылдамаудың сирек кездеспейтіні ешкімге де құпия емес. Бұл жағдайда не істеуге болады: қатал бағыт таңдау, мемлекеттің тікелей өктемдігін орнату, үкіметті сынағаны үшін оппозици-

яны қуғын-сүргінге салу керек пе? Айтқандайын, экономикалық реформаларды жүргізудің осы заманғы тарихында бұған мысалдар аз емес.

Қазақстандағы нақты қоғамдық-саяси жағдай республиканың халықаралық беделін түсіретін мұндай күш қолдану әрекетіне бармауымызға мүмкіндік береді. Тек мемлекеттікті нығайту мәселесіндегі сияқты, экономикада да үкіметтің және негізгі саяси қозғалыстар мен партиялардың реформа мәселелері жөніндегі айқындамаларын екі жақтан да өзара жақындастырмай болмайтындығын атап өткен жөн. Әрине, әңгіме әлдебір келісімпаздық, үкіметтің іс-қимылына сындарлы сынға тыйым салу, балама бағдарламалар белгілеу жайында болып отырған жоқ. Қауіп басқада. ТМД-ның бірқатар елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, ол ұлтаралық және саяси тұрақсыздыққа байланысты. Ал ол бірде-бір саяси партияның, көпұлтты Қазақстанның бірде-бір тұрғынының мүддесіне сай келмесе керек.

Қазақстанның экономикалық кеңістік пен уақыт аясында суырылып алға шығуына шын көңілден мүдделі жұрттың бәрімен мәдениетті, өркениетті диалог қажет. Осының бәрін ескере отырып, экономика саласындағы идеологияның негізгі принциптерін тұжырымдау қажет. Ол принциптердің бағыттары мыналар:

- әлеуметтік бағдарланған аралас нарықтық экономика құру. Бұл өндірістің бәсеке арқылы өздігінен реттелуін және экономикалық дамудың негізгі өлшемауқымының мемлекет тарапынан реттеліп отыруын ұштастыруға негізделген.

- өзіміздің кәсіпкерлікті қолдау. Нақты материалдық игіліктер өндіретін салаларда, қызмет көрсету, құрылыс, көлік және сауда салаларында жеке кәсіпкерлік басым болатын барлық түрдегі өзіміздің кәсіпкерлікті қолдау;

- өндірісті құрылымдық жағынан қайта құру, отын-энергетика, металлургия комплекстеріне, азық-түлік және халыққа қажет тауарлар нарығына, коммуникация жүйесіне басымдық бере отырып, бірыңғай шикізат өндіретін бағытынан арылту;

- халықты әлеуметтік қорғау, әсіресе оның әл-ауқаты аз, еңбек етуге жарамсыз топтарын жұмыспен қамтамасыз ету, жұмыссыздықты, бетімен кеткен көші-қон процестерін жою;

- республиканың орталық «еуразиялық» геосаяси жағдайынан туындайтын экономикалық артықшылықтарын, мемлекетаралық байланыстар үшін экономикалық-саяси серіктестер таңдауда прагматизмді пайдалану.

Экономикалық тиімділік, жеке адамның өз басының экономикалық еркіндігі және жекеменшік деген бағдарлы ұғымдарды қалың бұқара түсінбейінше нарықты құруға болмайды. Тиісті әлеуметтік базасы болмаса бұл категориялар санаға сіңе алмайды, бұл базаны қалыптастыру енді ғана басталды. Мұндай жағдайда нақ мемлекет өзіне жаңа экономикалық идеологияны қорғау қызметін алады. Мемлекеттің пәрменді идеялық қолдауынсыз нарықтық психология қалыптаса да алмайды. Бұл орайда шынайы нарықтық экономика оның құндылықтарын насихаттауды ғана емес, қажетті тұтқалары мен дағдыларын игеруді де талап ететінін түсіну керек. Қазақстанда мұндай тәсілдерді меңгерген кадрларды ауқымды түрде даярлауды тек мемлекет қана жүзеге асыра алары анық.

Мемлекеттік бастауларды нығайту құқықтық қоғам орнатумен бірге жүргізілуі тиіс. Бұл — жалпыұлттық абзал міндет. Сөз, ең алдымен, республикадағы құқық мәдениеті мен құқықтық реформа мәселелері туралы болып отыр, өйткені, оларсыз қоғам өрге баспайды, ал тәуелсіздік толыққанды болмайды.

Өркениетті қоғамда құқық мәдениеті әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылар кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз неғайбыл болатындықтан, бұл жөнінде мейлінше салиқалы сөз қозғау қажет.

Нарық, ең алдымен, тауар өндірушілер мен тұтынушылардың қарым-қатынасын сапалы заңдар негізінде өздігінен реттеуді көздейді. Сондықтан мүлтіксіз жұмыс істейтін заңдарсыз ешқандай нарық та жоқ және болуы да мүмкін емес.

Демократия тежеусіз билеушіліктен де, босбелбеуліктен де толық ада мемлекеттік билікті қажет етеді. Оны міндетті құқық тәртіптерін сақтау арқылы ғана қорғауға болады, өйткені, азшылықтың, сондай-ақ, керісінше, көпшіліктің зорлық жасауы да бірдей қауіпті. Сондықтан құқық жоқ жерде демократия да жоқ.

Өркениеттіліктің нысаналы идеясы ретінде жеке адамның бостандығы жеке адамның егемендігін, кімнің болса да — бұл бала немесе ересек адам, жұмыс беруші немесе жалданушы, мемлекет шенеунігі немесе қатардағы қызметкер екендігіне қарамастан, оның қол сұғылмас құқықтарын қорғауды көздейді. Мұндай заң жүзіндегі тең құқықтылық демократиялық жолмен қабылданған заңдарды жаппай жұрт орындаған кезде ғана орнығуы мүмкін. Әлеуметтік жанжалды тек сот қана өркениетті диалогқа айналдыра алады. Демек, құқықсыз бостандық та жоқ.

Құқық реформасы өзінің маңыздылығы мен күрделілігі жағынан экономикалық реформамен тең екенін атап өткен жөн. Құқықтық мемлекет құруды мемлекеттің өзінен бастау керек. Бұл нарықты экономиканың, демократиялық қоғамның қатаң талабы. Егер сапалы заңдар қабылданбаса — оларға үнемі түзетулер мен өзгертулер енгізуге тура келеді. Заңдар жұмыс істемесе — бұрынғысынша «телефондық құқық» жұмыс істейтін болады, адамдардың санасында құқықтық ойлау орнықпаса — әкімшіліктің, тергеу және құқық қорғау органдарының қызметіне қол сұғушылар да табылады.

Егер біздің құқық идеялары салтанат құратын өркениетті қоғам орнатқымыз келетіні рас болса, онда әрбір азамат мектеп қабырғасында жүргенде-ақ құқықтың қарапайым бастауларын, біздің әрқайсымыз қарапайым есеп-қисапты білгеніміздей, игеріп алуға тиісті.

Кез келген егемен мемлекет сияқты, Қазақстан қорғанысқа қабілеттілігін сақтайтын, ұлт қауіпсіздігін нығайтатын болады. Біз әскери доктрина және әскери заңдар жиынтығын қабылдадық, оларды соғысты болдырмау шараларымен бірге республиканың егемендік пен аумақтық тұтастықты қорғау әдістері де тұжырымдалған. Біздің доктрина тек қана қорғаныс бағытына негізделген. Бұл орайда біз ТМД елдерінің доктриналарын ескердік және бірлесіп қорғану міндеттерін шешуде олармен ынтымақтастық жасауды көздедік. Алайда, әскери мәселелерде қандай жағдайлар қалыптасса да, мемлекеттер мүдделерінің тең болуын ескеретін саяси әдістер ғана халықаралық реттеудің өркениетті тәсілі болып табылады. Осы бағытқа адалдығын Қазақстан бірнеше рет дәлелдеді. Сонымен бірге біздің геосаяси факторды да мұқият ескергеніміз жөн. Әскери саладағы шешімдер барынша байсалды болып, аймақта сақталып отырған тұрақтылықты ешқандай жағдайда да бұзбауға тиіс.

Қорғаныс қабілеттілігін сақтау мемлекеттің аса маңызды қызметі болып табылады. Бұл тұста саяси аспектінің де маңызы бар. Біздің Қарулы Күштеріміз қазір қалыптасу кезеңін бастан кешіруде. Мемлекет оларға күнделікті қолдау көрсетіп

келді және көрсете де береді. Республика әскері өзінің алғашқы қадамдарынан бастап әскери әзірлігін арттыруға, жастар үшін Отанға шынайы адалдықтың мектебі болуға, біздің халқымыздың шын мәнінде даңқты жауынгерлік және еңбек дәстүрлерін дамытуға міндетті. Сонымен бірге қоғамда Отан қорғаушыларына құрметпен қарау сезімін орнықтыру қажет. Әскери қызмет орасан зор абыройлы болуға тиіс, әскердің халық арасындағы беделін мызғымастай ету керек. Мұнда көп нәрсе әскерилердің өздеріне де, үкіметке де, қоғамдық ұйымдарға да, бәрінен бұрын жастармен жұмыс істейтіндерге байланысты. Біз әскери қызметшілер өздерін екінші сортты адамдар деп сезінбеуі үшін әскердің төңірегінде кінәратты ахуалдың қалыптасуына жол бермеуге тиіспіз.

Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайта отырып, біздің сыртқы саясаттағы бағытымызды талдап жасауды жалғастыруымыз керек. Біз Қазақстанның халықаралық бағыт бағдарына қойылып отырған назарды, көтеріңкі мүдделілікті сезіп отырмыз. Кейде республиканың сыртқы дүниеге шығуының бағытын алдынала белгілеуге айқын немесе жасырын әрекеттер де жасалуда.

Осыған байланысты өзіміздің географиялық жағдайымызды, этнодемографиялық және басқа факторларды ескере отырып, көп қырлы бағдар ұстану аса маңызды. Біздің халықаралық байланыстарымыздың негізіне таяу және алыс шет елдердің бәрімен өзара тиімді саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени қатынастарды орнату ұмтылысы алынған.

Тарихи дамудың ерекшеліктерін ескере отырып, біз Россиямен, Орталық Азия республикаларымен, ТМД-ның басқа мемлекеттерімен ынтымақтастықты кеңейтуге бірінші кезекте көңіл аударамыз және ерекше көңіл бөлетін боламыз. Олардың көпшілігімен бізді тығыз бірлесу, одақтастық, соның ішінде қорғаныс келісімдері байланыстырып отыр.

Экономикалық одақты құру мемлекетаралық байланыстарды, өзара шаруашылық іс-әрекеттерді нығайтуға, жаңа жағдайда ұтымды байланыстарды қалпына келтіруге, тиімді салалық ынтымақтастықты орнатуға, ақпараттық және мәдени алмасуды кеңейтуге қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

Біз құрылықтық дамудың серпініне үлкен мән береміз. Біздің Біріккен Ұлттар Ұйымына ұсынған белгілі бастамаларымыз, сондай-ақ, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыруға, Азиялық экономикалық ынтымақтастық ұйымының қызметіне байланысты қадамдар дәл осыған негізделген.

Сыртқы саяси қызметте біз жалпы жұрт танығаң халықаралық нормаларды дәйекті түрде ұстанып, өзімізге алған міндеттемелерді қатаң орындайтын боламыз. Егемен Қазақстанның қалыптасуындағы тағы бір аса маңызды фактор — онсыз идеялық тұғырнаманы құру мүмкін болмайтын ақпараттық тәуелсіздік туралы.

Біз барған сайын ауқымды ақпараттық алмасуға кеңінен еніп келеміз, бұл оң құбылыс екені даусыз. Алайда, бұл процесті қарабайыр түсіндіруге болмайды. Халықаралық ақпарат жүйесінің кеңеюі аймақтағы демократиялық процестердің өздігінен тереңдеуін білдірмейді. Әлемдегі ақпараттық арналар біркелкі тамыр жаймаған және қызмет ауқымы да әртүрлі, бұл ақпаратты мазмұндау тілдері тобының ауқымы шектеулі болуына және мемлекеттердің қаржылық деңгейі мен техникалық мүмкіндіктеріне байланысты.

Жас тәуелсіз мемлекеттер көбіне сырттан таңылатын пікірлердің қатал қысымына ұшырайды. Нәтижесінде өз қисыны бар аса күрделі ішкі процестер

сырт көзқараспен бағаланып, көбінесе үстірт, ал кейде біржақты түсіндіріледі. Бұл көптеген мемлекеттердің шынайы тәуелсіздікті нығайту жолында өзіндік кедергіге айналады. Алайда, сыртқы ақпарат көздерін жабу біз үшін өзімізді өзіміз оқшаулау болар еді.

Шығар жол ақпараттық хабарлардан саяси мақсаттарды көре білуде болмақ. Мемлекет ақпараттық тепе-тендікті реттеп отыруға міндетті. Бұл ашық қоғам принциптеріне ешқандай да қайшы келмейді және сонымен бірге шынайы ақпараттық тәуелсіздікке қол жеткізуге байыппен жақын келуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда, біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мүдделерін қорғай білуі, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табу керек, оның үстіне бізде өзіміздің сыртқы және ішкі саяси қадамдарымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті.

Негізгі жалпы ұлттық басымдықтар осындай. Оларды бұлжымай ұстану бізді нақты тәуелсіздікке жеткізетін жолға шығарады. Бұл қоғамда бірлесу, тұрақтылық, рухани келісім жағдайын туғызғанда ғана мүмкін болмақ.

Идеялық топтасуға

Қазір ұлттық қозғалыстардың, әсіресе, жаңа тәуелсіз мемлекеттерде орасан зор рөл атқаратынына ешкімнің де көзін жеткізіп жатудың қажеті бола қоймас. Кез келген халықтың сана-сезімінің, мәдениетінің, рухының, салт-дәстүрінің, тілінің қайта өрлеуінен көрініс табатын ұлттық мүдделерді елеулі дәрежеде қорғайтын да нақ осы қозғалыстар. Ұлттық идеяны жүзеге асыру қоғамға көптеген оң нәтижелер берді. Мұны көрмеу, ұлттардың қайта өрлеуге деген табиғи ұмтылысын тек басқалардың құқықтарын шектеу немесе әлдебір үрдіске үстірт еліктеу, көбінесе сыртқы сипаты ғана бар өткенге үңілу деп қарау үлкен қате болар еді.

Жоқ, бұл адамның қалыпты жағдайына қайта оралу. Республика халықтары, бір жағынан, қазақ халқының санасында болып жатқан өзгерістерге түсіністікпен қарап, оған рухани және интеллектуалдық тұрғыдан қолдау көрсетуге тиіс. Екінші жағынан, жаңа жағдайда басқа халықтар да қалыптасудың күрделі процестерін бастан кешіп отырғанын, бұл да қазақ ұлты жағынан осындай түсіністік пен қатынасты талап ететінін көре білу қажет. Басқаларға бұлай қарамайынша, өзін, өзінің ұлттық қадір-қасиетін күштеп сыйлатуға болмайтыны әркімге де түсінікті болуға тиіс.

Көп ұлтты Қазақстанда жалпы ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында барлық халықтардың теңдігін қамтамасыз ету. Кез келген басқа жол апатты қақтығыстарға, демократиялық реформалардың тежелуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты біз үшін өзекті идеологиялық міндет ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Қазір Қазақстанның өтпелі кезеңдегі ұлттық саясатының арнайы біртұтас тұжырымдамасын жасау өте қажет. Оған республикада тұратын ұлттар мен ұлыстардың өзіндік ерекшеліктеріне тән мұқтаждарын зерттеу, олардың еркін дамуына қатысты Конституция ережелерін жүзеге асыру кіруге тиіс. Бұл орайда мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметі әуел бастан халықтардың өзара іс-қимылын дамытуға, қойылған мақсаттарға жету үшін олардың рухани бірлесуіне бағытталуы өте маңызды. Біздің міндетіміз — қоғамның көп ұлттылығын тұрақты бірлестіруші факторға айналдыру.

Бұл міндетті жүзеге асыруда білім беру жүйесі, отбасы, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттармен қатар ұлттық-мәдени орталықтар да маңызды рөл атқара алады. Олар тек ұлттық сана-сезімді сақтап қалу, өзіндік ерекшелігі бар руханилықты дамыту ошақтары ғана емес, сонымен қатар шынайы интернационализм мектептеріне айналуға тиіс. Өздерінің адамдармен тікелей жұмыс жүргізу мүмкіндігін пайдалана отырып, олар ұлттық шектелу мен оқшауландыруды, шовинизмнің, ұлтшылдық пен сепаратизмнің көріністерін жою үшін көп іс тындыра алады. Олардың ықпалы ерекше тиімді болатын сала да бар. Бұл жерде біздің тұрмысымыз, адамдардың күнделікті өзара қарым-қатынасы айтылып отыр. Дәл осы салада кейде елеусіз болып көрінетін, бірақ қатерлі салдары бар ұлтаралық қақтығыстар шығып жатады.

Олар мемлекеттік институттармен қатар, халықтар арасындағы мәдени байланыстарды дамыту, пікір алуандығын қамтамасыз ету, мәдениеттердің әрқайсысының еркін дамуы жағдайында олардың барынша бірігуі үшін көп іс тындыруға қабілетті.

Осы тұрғыдан алғанда, халықтар арасындағы келісімді, бірігуді жүзеге асыратын қызметті өз мойнына алатын үкіметтік емес бір құрылым керек болар. Ол Қазақстан халықтары форумының басшы органы бола алар еді. Оның құрамында барлық этностық топтардың өкілдері, белгілі қоғамдық қайраткерлер, республикадағы неғұрлым беделді адамдар, әкімдер болуын көздеген жөн. Қоғамдық ұйымдармен, ұлттық-мәдени орталықтармен бірлесіп, халықтың барлық жіктерінің күш-жігерін жасампаздық арнаға бағыттап, ол әртүрлі әлеуметтік және ұлттық топтардың өзара қарым-қатынасындағы терең жатқан процестерді зерттеп, елдің кез-келген аймағында ұлтаралық және әлеуметтік шиеленістерді болдырмауға бағытталған дәйекті саясат жүргізуге тиіс.

Осы ізгі іске қоғамдық қозғалыстар мен партиялар белсене қатыса алар еді. Ең алдымен, реформаларды ілгерілету жолындағы қазақстандық қоғамды біріктіруге бағытталған бағдарламалық қағидалары бар қозғалыстар мен партиялар қатыса алар еді.

Ұлтаралық келісімді нығайтумен қатар, Қазақстан қоғамының бірлесуі идеясын жүзеге асыра отырып, ұлт ішіндегі бірлікті нығайту да маңызды. Қазір бұл мәселе орын алып отыр, сондықтан міндет ұлттық идеяның біріктіруші, сындарлы рөл атқаруында жатыр.

Қазақтардың ішіндегі жүзге, руға, аумақтық топтарға бөлінудің тарихы мен табиғатын оның өткен уақытта және қазіргі кезде қоғамның дамуына әсерінің әртүрлі сипатын зерттеу тұрғысынан әлі де ой елегінен өткізу қажет. Бірақ мәселе мынада, қазір ұлт ішіндегі бөлінудің жаңа, тіпті де зиянсыз емес үрдісі пайда болды. Қоғамдық өмірдің демократиялануын, аймақтардың белгілі бір дербестігін жергілікті төбе топтар ресурстарға жеке-дара бақылау жасау тұтқалары ретінде пайдалана бастады. Рулық тамыр-таныстықтың, туыстық және аумақтық бөлінудің әртүрлі формалары өкімет құрылымдарында, қаржы және коммерция салаларында өркен жая бастады.

Жалпы алғанда, қазіргі ру-тайпалық идеология — бұл ішкі ұлттық ыдырау және бағдардан айырылудың өте қауіпті түрі. Сондықтан да мемлекеттік идеология өзегінің бірі рулық таптаурынды жою болуға тиіс. Ол үшін мүмкіншілік бар. Бұл, ең алдымен, тарихи қалыптасқан ұлттық мемлекеттік. Бұл — Қазақстанның аумақтық тұтастығы. Бұл — сан ғасырлық мәдениеттің бірлігі. Осындай ұранмен бүгінде республиканың барлық халқы бірігуде, оның үстіне, олар қазақ халқын ұлттық бірігуге шақыруға тиіс.

Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз — қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Мамандар мұны «өзін-өзі теңестіру» деген терминмен атайды. Әңгіме мұнда тіптен де айқын заңдық мәні бар құқықтық актілерге қатысты азаматтық туралы болып отырған жоқ. Азаматтықты қабылдау мен өзін Азамат ретінде сезінудің арасында елеулі айырмашылық бар.

Өкінішке қарай, бүгінде біздің барлығымыздың бұрынғы КСРО-ның немесе ТМД-ның емес, тәуелсіз, егемен Қазақстан мемлекетінің азаматы екендігімізді түсінуіміз атүсті сипатта болып отыр. Оның үстіне, халықтың бірқатар жіктері бұрынғы мұраттарын жоғалтып және жаңаларына ие бола алмай, бүгінде біршама абыржушылықты сезінуде. Ал мұның өзі оларды аты-шулы «әлеуметтік атомдар» дейтіннің жиынтығына айналдырады. Шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке адамның өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді.

Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасау қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуға тиіс.

Сондай-ақ бұл міндет білім берудің, мәдениет органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық жүйесіне, әрбір отбасына қатысты. Ал оны елдің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуден, заңды, өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан — менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн.

Идеялық бірігудің сындарлы жұмысы арнасында қоғамда жоғары тіл мәдениетінің орнығуы мәселесі де болуға тиіс. Бұл проблема таяу уақытқа дейін тым күшті саясиландырылып келді. Ал оған осылай істеуге тырысқанындай, мемлекеттік тілді оқшаулау, оны басқаларға қарсы қою тұрғысынан емес, қайта керісінше, оның біріктірушілік рөлі тұрғысынан қарау керек. Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып-білудің негізі болып табылады. Оны оқып-үйрену мәжбүр ету арқылы емес, саналы түрде, жұрттың барлығы үшін бала жастан бастап луы, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуге тиіс. Және де, мұнда тұратын әрбір адам осындай көзқарастың қажеттілігін айқын түсінуі керек. Оның үстіне, барлық адамдар біздің заңдарымыз жалпы және соның ішінде Тіл туралы заң оларды мемлекеттік және кез келген басқа тілді білу немесе білмеуі тұрғысынан қандай да бір шектеулер мен қуғындаудан қорғайтынын білуге тиіс.

Қазақ тілінің біріктірушілік рөлін көтеру мәселесі соңғы онжылдықтарда қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің тілдік ортадан шет қалуынан да көкейкесті болып отыр. Ал мұның өзі ана тілді қолдану аясын жасанды тарылтудан шыққан.

Бұл проблеманы барынша өркениетті шешуге болады. Қазақ халқының осы бөлігінің өзіндік ұлттық тамырларынан нәр алуға деген тілегі зор, әзірлігі де жоғары. Демек, жағдайды шиеленістіре бермей, ақтаңдақтардың орнын толтыру үшін жағдай жасау керек. Ұлттық мәдениет, тіл өзіне табиғи да етене болған адамдар тарапынан оларға имандылық сергектік те қажет.

Тіл проблемасы жайында айтқанда, оны біздің ортақ мақсаттарымызбен байланыстыру қажет. Қазақстан әлемдік қауымдастыққа терезесі тең дәрежеде кіруге

ұмтылуда, ал тіл жөнінен өзін-өзі оқшаулауы бұған еш сыйыспайды. Қазіргі дүниеде ақпараттың орасан зор ағынына қосылудың бір арнасы — орыс тілі. Сондықтан оны білу республика халықтары үшін оң фактор болып табылады.

Тұтас алғанда, барлық ұлттардың жастарының бойында тілдік мүмкіншіліктерін ұдайы байытып отыруға деген ұмтылысын тәрбиелеу қажет. Өз ана тілі және мемлекеттік тілмен қатар, қазір Еуропа, Шығыс тілдерін де оқып-үйрену үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

Қазақстанда кез келген сындарлы, бүлдіргіш емес идеология біздің мемлекетіміз тек көп ұлтты ғана емес, сондай-ақ көп дінді екенін де ескеруге тиіс. Өмірге деген діни көзқарас жүздеген мың азаматтарға тән және әртүрлі діндерді ұстанушылар саны артып келеді. Діннің қоғамдағы орны да өзгерді. Таяуда ғана ол, жұмсартып айтқанда, тек шет жақтарда ғана болатын, қазір бұл — әлеуметтік және рухани өмірдің нақты бөлігі. Діннің қайырымдылық қызметі, атап айтқанда, денсаулық сақтау, білім және мәдениет (балалар үйі мен қарттар үйін, ауруханалар мен білім беру мекемелерін құру) саласында кеңейіп келеді. Қай діннің болсын адамгершілік қағидаларының негізіне жалпы адамзатқа ортақ мұраттар алынғаны бәріне де белгілі. Діни қауымдастықтар қоғамда жақсы ахуалды, бейбітшілік пен келісімді, руханилық негіздерін қолдау үшін көп іс тындыруда. Әртүрлі дінді ұстанатындар жаңа мемлекетті құруға өздерінің де қатысты екендіктерін сезініп, оны нығайту мен дамытуға бар ділімен мүдделі болуы маңызды. Дінге идеологиялық қарсы тұрудан бас тарту, Конституцияның және «Діни наным бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңның қабылдануы бұл тұрғыдан кең мүмкіндіктер ашып отыр.

Сонымен қатар мемлекеттің зайырлы сипаты кез келген дінді немесе атеизмді еркін таңдау мәселесін барынша демократиялық түрде шешуге мүмкіндік беретіндігін, әртүрлі діндердің теңдігін қамтамасыз ететіндігін баршаның санасына жеткізу қажет. Діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлудің дін қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолайлы мүмкіндіктер жасап қана қоймай, сонымен бірге олардың кез келген мемлекеттік институттар мен ұйымдардың жұмысына араласпауын да көздейтінін түсіну де маңызды.

Діни негізде саяси партиялар құру және діни бірлестіктердің саяси қызметіне жол бермеу туралы Конституция ережесін орындауға қол жеткізген жөн. Діни сезімдерді қоғамда жанжал туғызу үшін пайдалануға қарсы тұру, діни мекемелер қызметінің оң бағыттарына жәрдемдесу керек. Жаңа идеологиялық қағидалардың тиімділігі сондай-ақ негізгі қоғамдық күштердің, соның ішінде әртүрлі діндер басшылығының диалогты қаншалықты кең әрі табысты жүргізетініне, оған қатысушылардың Қазақстан халқының игілігі үшін өзара түсіністік пен ынтымақтастық жолын бірлесіп іздестіруде қаншалықты ерік-жігер танытатынына да байланысты.

Қоғамның бірігуін нығайтуға тұрақтылық, азаматтық келісім ахуалын құру елеулі әсер етеді. Бұл тұста мемлекеттің жаңа саяси институттармен — саяси партиялармен және қоғамдық қозғалыстармен жақсы жолға қойылған диалогына көп нәрсе байланысты. Жалпы алғанда, сапалық және сандық жағынан қалыптасқан көппартиялық туралы айтуға әлі ерте. Алайда, біз қоғамда саяси оппоненттердің көзқарастарына шыдамдылықты тәрбиелеуге тиіспіз. Жалпы алғанда, оппозиция — қалыпты, тіпті пайдалы құбылыс. Бірақ, ең бастысы, партиялар, қозғалыстар сындарлы рухта іс-қимыл жасап, сынампаздықпен айналыспай, шынайы сынмен айналысқаны жөн. Бізге жалпы әңгімелер мен сөз жарыстырулар емес, ортақ игілікке қызмет ете алатын белгілі бір бағдарламалардың

идеялары мен нұсқалары қажет. Мемлекеттік органдар қазіргі кезде партиялар мен қозғалыстарға қатысты қоғамның бір бөлігінің мүддесіне емес, қайта жалпы мемлекеттік мүддені сақтауға жәрдемдесетін центризмді ұстануда. Біз алдағы уақытта да саяси тұрақтылықты нығайтатын құрылымдарды белсенді қолдайтын боламыз, сонымен бірге экстремистік идеяларға негізделген, Конституцияға қарсы, құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесетін боламыз.

Сондай-ақ саяси мәдениетті қалыптастыруда, біздер үшін жаңа саяси дәстүрлерді жасауда партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың рөлі аса маңызды. Мұнсыз бірігу негізі ретінде тұрақтылыққа, азаматтық келісімге қол жеткізу қиын.

Тұрақтылық бізге реформаны жалғастыру, оның дұрыс қарқынын, тиісті кезеңділіктерін анықтау үшін қажет екенін түсінген жөн. Атап айтқанда, жекешелендіруді жалғастыру үшін белгілі бір мәдени бейімделу қажет. Былайша айтқанда, қашан аялдау және өткен жолды байыппен талдау керек болған кезде өзінше бір «есептеу нүктесін» белгілеу қажет. Ол, түзету енгізу мақсатында ғана емес, сондай-ақ оған қоғамдық сана-сезімді әзірлеу, бойын үйрету мақсатында да керек. Мұндай тәсіл саяси реформалауда да өте маңызды. Біз радикалдардың наразылығына қарамастан саяси жүйені біртіндеп өзгертуге саналы түрде бардық. Айтқандайын, кадр мәселесінде де асығыстықтың қажеті жоқ. Тұрақтылық біз үшін аса маңызды.

Революциялық секірістер көрінісі — қоғам үшін аса қауіпті дерт. Әлеуметтік-саяси революциялар — мемлекет дамуының ең тәуір тәсілі емес. Бүгінгі қазақстандықтар ұрпағының міндеттерінің бірі — эволюциялық тұрпаттағы тұтқалар жұмыс істейтін, оның жаңаруы дәйектілікпен жүретін қоғам құру.

Жаңғыру идеологиясының да біріктіргіш бастаулары бар, ал оның өзі күрделі, көп деңгейлі құбылыс болып табылады. Бұл экономикалық реформалардың идеялық тұғырнамасы да, саяси институттардың өзгеруі де, әлеуметтік мінез-құлықтың жаңа тұрпаты да.

Бүгінде Қазақстандағы жаңғырудың қауіптілігі туралы айтып, 1930 жылдардағы қайғылы тәжірибені еске салған кезде, ондағы екі жағдайды ұмыт қалдырады. Біріншіден, әңгіме мүлдем басқа жаңғыру туралы болып отыр. Екіншіден, ол зорлық-зомбылықты сипатта емес.

Рас, күштеп ұжымдастыру мен шаруашылықты жүргізудің басқа тәсілдеріне зорлап көшіру, санаулы жылдардың ішінде, ең алдымен, бүкіл тұрмыс салтын бұзып, халыққа аса зор соққы болып тиді. Ол кездегі жаңғыру саяси тұрғыдан алғанда қоғамның барлық салаларында тоталитарлық идеяның үстемдік құруына әкеліп тіреген болатын. Осы біржақтылықты біздің жеңуіміз қажет. Егер қоғамды жаңғыртпасақ, онда біз перспективадан айырыламыз. Ал нашар нұсқасында белгілі бір формадағы тоталитаризм қалпына келетін болады.

Жаңғыру дамыған азаматтық қоғамның қалыптасуын көздейді. Ал бұл, ең алдымен, адамдардың ерікті түрдегі бірлестіктерінің жиынтығын: отбасын, қоғамдық ұйымдарды, діни, мәдени, шаруашылық бірлестіктерін, кәсіптік одақтарын және тағы басқаларын өз бойына жинақтайды. Олардың ортақ сипаттамасы — бұл шын мәніндегі ерікті, мемлекеттік емес және саяси емес ұйымдар болып табылады. Бұл адамдардың бүкіл жеке өмірі, белгілі бір әдет-ғұрыптары, дағдылары мен құқықтары. Бұл өмірдің сырт көздің араласуын қажет етпейтін саласы.

Осындай азаматтық қоғамның қалыптасуы тұрақты эволюцияны қажет етеді. Экономикалық тұрғыдан оның негізі — мемлекеттік емес кәсіпорындар,

яғни азаматтардың ерікті және жеке инициативалары негізінде құрған барлық шаруашылық бірлестіктері. Экономиканың осы секторы мемлекеттік сектор сияқты соншалықты маңызды болған кезде, экономикалық бостандық дәрежесі азаматтарға өз болашағын олардың өздерінің айқындауына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік тұрғыдан — бұл отбасы және азаматтардың саяси мақсаттар үшін құрылмаған барлық мемлекеттік емес қоғамдық бірлестіктері. Олар ғалымдар қауымдастығы немесе бұқаралық ақпараттың ресми емес құралдарынан бастап, спорттық клубқа немесе экономикалық ұйымға дейін өзгере алады.

Ақыр соңында, идеялық тұрғыдан — бұл идеологиялық пікірлер алуандығы, нақты сөз бостандығы мен ождан бостандығы.

Қазақстанды жаңғырту әрбір азамат бостандығының шарты және жалпы алғанда қоғамдағы тұрақтылық болып табылатын азаматтық қоғамның қалыптасуын көздейді.

Бұдан басқа саяси институттарды белгілі бір жаңғырту және жаппай демократиялық сана-сезімді қалыптастыру қажет.

Демократияны әлдебір анархиялық бостандық ретінде утопиялық тұрғыдан түсіну шын мәніндегі демократиялық қоғамның саяси құрылысына сай келмейді. Шындығында олардағы саяси өмірді ұйымдастыру біршама өзгеше. Ондағы саясат кәсіптік қызмет саласына айналады, халық оған жергілікті өзін-өзі басқару, сайлау мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қатысады. Бұқаралық митингілік анархия емес, қайта нақ осындай құрылыс демократия тұрақтылығының көрсеткіші болып табылады. Бұл жүйе көп партиялылықты, көптеген азаматтық қозғалыстарды, ұлттық-мәдени орталықтарды, экономикалық және мәдениет қорларын өзіне қосады. Бірақ ең бастысы, азаматтық қоғамда мемлекет жеке адамның экономикалық және жеке өміріне өзінің араласуын күрт азайтады.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы құндылықтарды жаңғыртпайынша мүмкін еместігін де ескеру керек. Мемлекеттік әсіре қамқорлықтан бас тарту қажет. Әңгіменің кім туралы болып отырғанына — өзінің бар өмірін қоғамдық еңбекке арнаған зейнеткер туралы немесе еңбекке әбден жарамды адам туралы болып отырғанына — қарамастан мемлекеттің барлығы үшін және бәрі үшін жауапкершілігіне біздің етіміз үйреніп кеткен. Бұдан былай қолдау шын мәнісінде халықтың оны қажет ететін жіктеріне ғана көрсетілетін болады. Мақсатты әлеуметтік саясат ең алдымен аз қамтамасыз етілгендерге, көп балалыларға, мүгедектерге, зейнеткерлер мен оқушыларға бағытталған. Бірақ бұл проблеманың бір жағы ғана. Кез келген экономикалық тұрғыдан дербес адам, әсіресе жеке секторда, экономикалық бостандықтың жауапкершілікті де талап ететіндігін түсінуге тиіс. Егер әртүрлі жағдайларға байланысты ол әлеуметтік осал жіктерге жатпайтын болса, адам өз игілігіне өзі жауап беруге тиіс. Өзінің материалдық және әлеуметтік жағдайына осы бір жоғары жеке жауапкершілік басты моральдық және имандылық нормаларының біріне айналуға тиіс.

Сондай-ақ, топтық таңдаудан жеке адамның өз таңдауына көшуді жүзеге асыру керек. Жаңа экономикалық, саяси және мәдени салада жеке бостандық, жеке таңдау асыл құндылық болып табылады. Қазақстан жеке бостандық пен таңдауға басымдылық беретін халықаралық құқықтық актілерге тактикалық ой-ниеттен қосылған жоқ. Бұл қазіргі дүниенің бұлжымас идеологиялық қағидасы. Топтық бақылаудың бұрынғы жүйесі қирап бітті. Ішкі өзін-өзі бақылау тұтқаларын жасау қажет, бұл тәрбиенің бүкіл жүйесін өзгертуді талап етеді.

Ақыр соңында, жаңа идеялық тұғырнаманы жүзеге асыратын институттарды айқындау қажет.

Біздің саяси майданнан кеткен идеология туралы айтқанда, біз оның институттарының да, сол идеологияға қызмет еткен зор аппараттың да бірге кеткенін білеміз. Әрине, оны қалпына келтіру туралы әңгіме болуы мүмкін емес, өйткені, біз идеологиялық қызметтің мазмұнына ғана емес, сондай-ақ ұйымдастырылуына да мүлдем өзгеше принциптер мен әдістерді жариялаған болатынбыз.

Алайда, кез келген демократиялық мемлекеттердегідей, бізде жүргізіліп жатқан өзгерістерге сай қазіргі заманғы білімдерді, қажетті саяси және әлеуметтік-экономикалық ақпаратты таратудың, имандылық құндылықтарын, мінез-құлық нормаларын насихаттаудың жүйесі жасалуға тиіс. Бұл үшін кәсіби аппарат керек. Оның қызметі біздің өміріміздің тіпті де оңай емес мәселелерін адамдардың түсіне білуіне, саяси-қоғамдық құбылыстарды, экономикалық, халықаралық проблемаларды талдай алуына көмектесу болып табылады.

Қоғамды реформалау ісі насихатшылар мен идеологтардың, оның ішінде бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілердің терең білімдар топтарына сүйенуі қажет. Олар қалың бұқараға, әсіресе жергілікті халыққа экономикалық стратегия мен тактиканы белсенді түсіндіріп, жеткізушілер болуға тиіс. Біліксіз, кертартпа көңіл-күйдегі шенеуніктерді озық ойлы, саясаттану, әлеуметтану, психология негіздерін білетін, сенімі берік және қажырлы, терең пайымдауға және өз бетінше баға бере білуге қабілетті мамандар, нарықты басқара білетін адамдар ауыстыруға тиіс.

Қоғамның саяси мәдениетін қалыптастыруға, оның прогресс жолымен дамуына көмектесетін имандылық идеяларын жүзеге асыруға білім беру жүйесі, ғылым, мәдениет, шығармашылық ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары қатысуға тиіс.

Идеялық күш-қуатты біріктіру тұғырнамасы жан-жақты талқылауды талап етеді. Қазақстан қоғамының жаңа дүниетанымын қалыптастыру ісі әлі бастапқы кезеңде тұр. Алайда біз өзіміздің ертеңгі істеріміздің нақты бет-бағдарын көре білуге тиіспіз. Болашақ ұрпақтар бұдан да әріге көз сала жатар.

Бүгін таңда біз дәуірлік идеологиялық құрылымды орнатып жатқан жоқпыз. Алайда өтпелі кезеңнің биліксіз мезгіл емес екенін түсіну маңызды, оның өз даму қисыны, алысқа ұмтылған мақсаттары, идеялық негізделуі бар. Еліміздің болашақ өркениетті дамуының, өзіміз бара жатқан қоғамның негіздері нақ бүгін қалануда.

Біз бұрынғы ойлаудың құрсауынан, әлі өтпеген жолдан қорқудан арылуымыз керек. Жалпы алғанда біз дүниежүзілік өркениет із ашқан жолмен келе жатқанымызды түсінуіміз қажет. Бірақ біздің ерекшелігіміз бен қиындығымыз мынада: бізге дейін нарыққа көшуді мемлекеттікті құру мен қоғамды демократияландыру ісімен бір мезгілде ешкім де жүзеге асырған емес.

Қазақстан прогресс жолын түпкілікті таңдап алды. Бұл жолдан біз өзімізге іскерлік пен мақсаткерлікті одақтас етіп алғанда ғана асқақ идеяларды иемдене, ұлан-ғайыр материалдық және адамгершілік күш-жігерді жұмылдыра отырып қана өте аламыз.

XVIII ғасырдағы Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткерлері — Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биді еске алу күндерінде сөйлеген сөзі

Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы, 1993 жылдың 28 мамыры

Ардақты ағайын! Қадірлі қонақтар!

Бүгін біздің бәрімізді осынау қасиетті биіктің басына бір ой, бір тілек, бір мақсат жетелеп әкеліп отыр. Өскісі, өркендегісі келетін елдердің қай-қайсысы да қадым замандардан тарихын айрықша қастерлеп, ондағы дара тұлғаларды, ел болып еңсе көтерулеріне ерекше еңбек еткен асыл азаматтарын айрықша ардақ тұтатынын жақсы білеміз. Шүкір, біздің тарихымызда да «елім!» деп еңіреп өткен ерлер, халық қамын жеп өткен қайраткерлер аз болмаған.

Дешті Қыпшақты билеп тұратын Шәйбан тұқымымен ат құйрығын кесіп, қол астындағы ұлыстарын Шу бойына алып келіп, Қазақ деген ел еткен Керей мен Жәнібектің орны бөлек. Бұрын бір-біріне тәуелсіз 3 мемлекеттің құрамында жүрген көшпелі тайпалардың үш жүз аталып, жаңа саяси одаққа бірігуін тиянақтап берген Ақназар ханның аты алты алашқа мәлім. Өз тұсында жаңа бой көтерген елдің есесін ешкімге жібермей, бір жорықта 200 кісіні атқа мінгізе алған, өзінен кейін қасқа жол қалдырғанның қасиеті ерекше. Мықты білегімен де, түкті жүрегімен де айбында атқа ие бола білген еңсегей бойлы ер Есім мен Салқам Жәңгір де ел есінен мәңгілік орын алады. Есімнің немересі, Жәңгірдің бел баласы Тәуке хандық құрған XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы — қазақ елінің абыройы асып, көсегесі көгерген ерекше бір кезеңі болды.

Бұл жайында белгілі тарихшы А.И. Левшин былай деп жазыпты: «Тәукенің атын атасақ — бар қазақтың жүрегін алғыс кернеп, мақтаныш билейді. Қазақ ордасының ликургы, айдаһары — сол адам, Тәуке алауыз болып, қырғынға бөккен елді сабаға түсіріп, ру мен рудың арасындағы талай жылғы қантөгісті тоқтатты, ақылы мен әділдігінің арқасында жұрттың бәрін өзіне мойынсұндыра білді, әлсіз рулардың басын қосып, әлуетті дұшпанға қарсы қоя алды, күштілерді тізеге салып, тәубесіне келтірді, баршаға ортақ заң жасап, сол бойынша билік айтты».

Тәуке Қазақ хандығын бір орталықтан басқарудың нақты тетігін тапты, жыл сайын атақты Мәртөбеде үш жүздің игі жақсыларының басын қосып, ел өмірінің келелі мәселелерін талқылады.

Қазақ қоғамына ондай біртұтастық дарытып, ынтымақ орнықтырған ежелгі ереже-қағидалардың үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп-низамының, салт-дәстүрінің жүйелі жиынтығы — атақты «Жеті жарғы» еді. «Жеті жарғы» — дана бабаларымыздың «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын мемлекет басқару мен халық билеудің қалыптасқан жосықтарын негізге алып, сахараның сол замандағы тұрмыс-тірлігіне, қоғамдық, әлеуметтік ахуалын ескере отырып, келешектің қамын ойлап, жан-жақты байыпталған заңгерлік ұлы мұрасы еді.

Әрине, тарихтың талай соқталаңын бастан кешкен дала жұртының қабырғалы халық, іргелі ел болып кете қоюы оңай шаруа емес еді. Ол екі тізгін, бір шылбырдың көреген көкірек, қайратты қолға тигенінің арқасы еді. Ел мен ер, тәуекел мен

парасат біріге қимылдап, бірлесе қайрат көрсеткенінің арқасы еді. Ендеше, сол бір жан-жақтан жау анталап, іргеден қиқу кетпей тұрған тұста күллі ұлтты түгел ұйытып, ұйымшылдыққа бастаған рухани ізденіске мұрындық болғандар кімдер еді?

Сондай даналардың ішінде дәуірдің үш кемеңгері деп танылған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Бәйбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек. Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қиынақ. Халық болып сақталғанымыз, міне, бүгін егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тігіп отырғанымыз, тіпті, басқасын былай қойғанда — ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ осы аталарымыздың аруағының алдында бас иеді.

Үш данағөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес. Олардың аузынан шыққан бітімді бата, кесімді баға, ордалы ой, бейнелі теңеу, төрт аяғы тең жорға толғаулар ғасырдан ғасырға жұрт жадында жатталып бүгінгі күнге жетті. Осынау асыл мұра — билер сөзі кім-кімді де таңдандырмай, тамсандырмай қоймайды. Билер данышпандығының бір ғана сәтін бүгінгі жиында еске түсіре кетейік.

Қалмақ ханы Қонтажы: «Датыңды айт» дегенде, Қаз дауысты Қазыбек бабамыз:

«Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Достығымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзды ақтай білген елміз,
Асқақтаған хан болса,
Ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды!
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.
Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз,
Сен темір болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз,
Қазақ, қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз,
Танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан болсаң, мен — арыстан, алысқалы келгенбіз.
Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз,
Тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз.
Берсең жөндеп бітіміңді айт,
Не тұрысатын жеріңді айт!», — деп төгілткен екен.

Сонда Қонтажы не дерін білмей сасып қалған дейді.

Елім деп, жерім деп жан ұшырған асыл аталарымыздың мұндай жан айқайын бүгінгі ұрпақ — біз айрықша айқын ұғынып, айрықша терең түсінеміз.

Сол бір халық тағдыры таразыға түскен тар кезеңге, елдің есінде «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деген атпен қалған қасіретті оқиғаға тұп-тура 270 жыл толып отыр.

1723 жылдың ерте көктемінде бейқам жатқан Қазақ еліне жоңғарлар бұрынсоңды болып көрмеген жойқын шапқыншылық жасады. Ел еңсесін езген қатал қыстан шығар-шықпаста, көтерем мал әлі шыр жимай жатқан кезде Шу мен Талас бойына тұтқиылдан тап берген дұшпанға қарсылық көрсетер қауқар болмай қалды. Бас-аяғы 2–3 айдың ішінде исі қазақ баласының басына қара түнек орнады, қазақ аспанын қасірет бұлты торлады. Желдің өтіндегі, жаудың бетіндегі өзге өңірлер тұрмақ, қасиетті Қаратаудың өзінен ел көшті. Сол кезде дүниеге келген атақты «Елім-ай» әнінің зарлы үні қазақтың ұлан-ғайыр кең даласын түгел шарлап кетті. Бүкіл дала:

«Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман,
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын», — деп «елім-айлап» күңіреніп жатты. «Елім-ай» елдікті жоқтады, «Елім-ай» ерлікке бастады. Дана халық өз бойынан елдікті де тапты, ерлікті де тапты. Еңсесі түскен елдің есін жиғызған, жапа шегіп зар жылаған халықтың көзінің жасын тыйғызған кімдер еді? Азаматынан айрылған арғымаққа қайтадан ер салдырған, тұтастық туын қолға қайтадан алдырған кімдер еді?

Иә, ағайын, бәріңіз білесіздер, олар да жаңа ғана аттары аталған қасиетті бабаларымыз Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би еді.

Үш ұлы би тарихтың дәл мұндай тар өткелегінде бірліктен қалған жұрттың тірліктен де үміті үзілетінін ашық көрсетті. Қазақ батырларына үш жүзге сауын айтқызып, халықты алқалы жиынға шақырған да сол ұлы бабаларымыз болатын.

1726 жылы дәл осындай кезде, көктемнің жазға ұласар жайсаң шағында, Қаратаудың күнгей бетіндегі оқшау биік Ордабасыда үш жүздің игі жақсысының, биі мен бегінің, батыры мен бағланының басын қосқан ұлы жиын өтіпті.

Ауыздан ауызға тарап, ұрпаққа жеткен әңгімеде сол жиында сөзді Төле би алып, сөзін Болат ханға арнап: «Уау, Болат тақсыр! Тыным тапқан ел көрмей, шығын тапқан ел көріп қабырғам қайысып барады. Бұлаң кердей бұлықсыған еліңнің бүгінгі шерін тыңдар құлақ бар ма? Шаңырағың күйреп, аңырауың жиілеп бара жатқан мынау күнде еліңнің бірлігін шыңдар шырақ бар ма? Тақсыр! Батқан күнге, туған айға бата ғып өткен халқың бауырын жаралап, жанын қаралап алдыңа тізіліп келіп отыр. Тынышын алған ойраттан намысын қайтарар күнді күтеді. Тыныс-сын үзген жаудан туысын, танысын қайтарар шақты күтеді. Зар тілегіміз — бірлік. Соған құлай ұйысаң, бейіл болсаң, жақыным, барым, бауырым деп құлшынған ықыласыңды түгел бер. Ортаға үлкен сыбаға түсіп тұр. Бөліп алып, таласып, жұлмалап әкетпе. Жұмыла кірісіп, кеңесіп шешіп, шын иесіне құс қылып қондыр. Ырғасып кіріспейік, жалғасып келісейік. Ол — бас сардарды тағайындау. Үш жүздің қолын басқарар бір білекті бетке ұстау, қауым боп қауқылдасып, іріленіп шоқтық көтеру. Келелі тобыңа кеңесімді салдым, кірісіңдер де келісіңдер, ағайын!», — деп бір тоқтапты Төле бабамыз.

Осы Ордабасыда үш жүздің баласы бір бәтуаға келіп, ата жауға аттануға анттасқаны, Қаз дауысты Қазыбектің ұсынысымен қазақ қолына бас сардар етіп

Әбілқайырды сайлағаны бүгінде баршаға белгілі тарихи шындық. Бас біріктіріп, күш қосқан соң-ақ халқымыздың жалы күдірейіп шыға келді. Дәл сол жылы үш жүздің қолы жаз бойы қаруланып, соғыс өнерін ұштап, күзге салым Сарысу бойындағы Бұланты өзенінің жағасында жоңғар қолын қырата жеңгені де тарихтан мәлім. Сол жеңіс елдің еңсесін көтерді, өз күшіне сенімін арттырып, бірлікке үндей түсті. Қазақ сарбаздарының құрамында қоңсы жатқан өзбек, қырғыз жұртының жаужүрек жігіттері де қолдарына найза ұстап, ортақ жауға тойтарыс беруге үлес қосты.

Халқымыздың жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестегі ең ірі жеңісі — Балқаш бойындағы Аңырақай айқасы. Ойраттардың аңыраған даусын күллі қазақ түгел естігендей болған сол шайқастан кейін ұрыс даласы Аңырақай аталып кеткені де белгілі. Бұл жеңіс те ұлы бабаларымыздың бастамасының, халықтың бірлігінің жемісі еді. Амал қанша, қазақ ол жеңістің қызығын ұзақ көре алмады.

Бұл кезде Орталық Азиядағы саяси жағдай бұрынғыдан да қиындай түскен еді. Патшалық Ресей бір жағынан, Цин империясы екінші жағынан қазақ даласына қос өкпеден қатер төндіріп тұрған болатын.

Үш ұлы бабамыздың даналығы, даралығы, міне, осындай қысталаң шақта ерекше білінді. Олар елдің ертеңін дәл болжап, ұрпақты сақтап қалудың, туып-өскен жерді сақтап қалудың жолында асқан кемеңгерлік көрсетті.

Міне, осы сияқты бір мақсат жолында бірге күрескен үш ұлы бидің өмірінен бүгін де біз алатын тағылым толып жатыр.

Құрметті қауым!

Ғасырлар бойы халқымыз бойына жинақтап келе жатқан рухани бірлігіміздің тарихында кейде ақаулықтар да болып, өкіндіріп жүретіні рас. Соның бір дерті — Ресей империясының тұсында қазақ даласын отарлау барысында жүргізілген сұлтан, болыс сайлаулары кезінде ағайын арасында әдейі араздық дарытып, бір-біріне қарсы қоюшылық саясаты, сол арқылы бүкіл елдің ішіне іріткі салу әрекеттері. Бұл зымиян саясатты Кеңес Одағының тұсында орталық басқару жүйелері асқан жымысқылықпен пайдаланды. Осы дерттен арылу, арылмауымыз бүгін таңда бүкіл ұлт тағдырын шешеді. Мұны әрдайым есте ұстауға тиістіміз.

Біз мына дүниенің ең қуатты қозғаушы күші — мүдде екенін, негізгі тарихи қадамдарымыздың сол мүдде ортақтастығы қағидасына сай жасалу керектігін де ерте ұғып, ерте жүзеге асыра алдық. Бұл ақиқат қағиданы да санамызға ерте сіңірген осы дана билеріміз еді.

Жер жақындығы тағдырың мен тарихыңды жақындастырмай қоймайды. Тағдыр жақындығы мүдде жақындығын туғызады. Мүдде жақындығы жоқ жерде жер жақындығы мен шекараластықтың да бақастық пен дүрдараздық өрбіткеннен басқа бітірері шамалы. Адам мен адамды, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті жалғастырар ең берік дәнекер — мүдде жақындығы. Бүгінде Орталық Азияда қойын-қолтық жатқан бауырлас елдердің бәрінің мүддесі біреу. Ғасырлап күтіп, әзер қолы жеткен азаттықтан айрылып қалмау. Ол үшін ішкі татулықты да, сыртқы татулықты да көздің қарашығындай сақтай білу. Бауырлас, тағдырлас өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен ағайындармен әуелден де тату-тәттіміз. Оның бір дәлелі — Өзбекстан басшылығының шақыруы бойынша, мен осы жиын алдында басына барып, тәу етіп қайтқан Төле би бабамыздың туысқан елдің астанасы — Ташкентте жерленгені, бейітінің қадірленіп күтілетіні. Осы риясыз достық

сезімі үшін де біз өзбек бауырларымызға, осы елдің тұңғыш Президенті Ислам Каримовке шын ризашылығымызды білдіреміз. Мүдде жақындығы біздерді баяғыда іргеден қол салған басқыншы дұшпандарға қарсы бірге күресуге шақырды, мүдде жақындығы кеше ортақ тағдырымызды фашизмнен бірге қорғатты. Ежелден ағайындос Қырғыз еліне, оның Президенті Асқар Ақаевқа игілік пен баянды болашақ тілейміз. Тарихта біздің елдеріміздің арасына от жағып, сырттан қақтығыстыру әрекетін жасағандар аз болған жоқ. Дегенмен, бірге болған кезде қандай жаудан да басым түсіп жаттық. Дәл қазіргі кезеңде де біздің халықтарымыздың бірлігі егемендігімізді, тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін өте қажет деп санаймын.

Бүгінде Қазақстан айдай әлем алдында экономикалық қуаты үлкен, болашағы зор республика ретінде ғана емес, қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты, келешегі сенімді мемлекет ретінде де абыройы асып тұрса, ол да, ең алдымен, сол тағдыр ортақтастығын, мүдде ортақтастығын қастерлей білуіміздің арқасында мүмкін болып отыр. Сондықтан да біз жақында өткен республикалық кеңесте таяу жылдардағы ең басты міндетіміз — ынтымақтастық идеологиясын түпкілікті орнықтыру деп белгіледік.

Қазақстан — осы ұлан-байтақ өңірді мекендеп жатқан барша ұлт пен ұлыстың ортақ Отаны деген қарапайым да қастерлі қағиданы бүгінгі адамдардың да, келер ұрпақтық да санасынан бір сәтке шығармауымыз керек.

Осындай татулықтың үлгісін барша жұртқа, ең алдымен, бұл жердің ежелгі иесі, біз — қазақ халқы көрсетіп, бүкіл Қазақстан халқының тату тұруының ұйытқысы болатынымызға сенемін.

Тәуелсіздік туын қолда берік ұстау әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның ең басты борышы, ең биік мақсаты. Құқықты мемлекетке, демократияшыл қоғамға тән заңдылық қағидасын қатаң сақтай алсақ қана ол борышты адал ақтап, ол мақсатқа қапысыз жете аламыз.

Конституцияны білу, заңдылықты сақтау — құқықты мемлекет құрудың бірінші шарты. Әз Тәукенің тұсындағы қазақ қауымының дәуірлеуі, ең алдымен, осы заңға жүгінуге байланысты болғанын ұмытпағанымыз жөн. Заңды жетік білмейінше, оны сыйламайынша, берік ұстанбайынша, біз өмірдің қай саласында да қиыншылықтан арыла алмаймыз.

Біздің болашағымыз — жастар. Біз жастарды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек. Келмеске кеткен кешегі күнді көксеп, «бұрын жақсы еді, арзаншылық еді», «бұл нарық қазаққа қол емес, бұл бізді кедейлендіргеннен басқа ештеңе бермейді» дегендей арзан сөзді жөнді-жөнсіз айта беретін кейбір ағаларымыз өз балаларының обалына өздері қалуы мүмкін. Қазақтың ұл-қыздары өмірдің қай саласына да қабілетті екендігін көріп жүрміз, қазірдің өзінде жастар маркетингтің, менеджменттің, коммерцияның, компьютерлі техниканың қыр-сырын жақсы меңгеріп қалды. Жастарымызды заңды игеру, құқықты, өркениетті мемлекет құру, жауапкершілігін арттыру бағытында бейімдеу аға ұрпақтың борышы болса, жас ұрпағымыз XXI ғасырдың ауыр жүгі өздерінің иығына түсетінін сезінгені абзал. Қырандар түлегін қияға самғатып баулитыны аян. Біз де жеткіншек ұрпағымызды бос белбеу тірлікке емес. басқалармен бірдей бағын сынап, есесін жібермейтіндей нар тәуекел мен іскерлікке тәрбиелегеніміз ләзім.

Мені осы елдің басшысы ретінде қатты толғантатын тағы бір жайды орталарыңызға салғым келеді. Ол — біздің жастарымыздың отаншылдығын, өз

еліне, Отанына, жеріне деген, болашағына деген аса зор жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. Қазақ тарихында тұңғыш рет тұрақты әскер құрдық. Елімізді, жерімізді, бостандығымызды сақтау үшін бұл бізге қажет болды. Кезінде қазақ даласының әр түкпірінен осы Ордабасыға жиналып, елім, жерім деп еңіреген, бастарын ажалға байлап, қан төккен ата-бабаларымыздың әруағы разы болсын десек, біз елімізді қорғауды азаматтық та, перзенттік те борышымыз деп санауымыз керек. Тәуелсіздігімізді, егемендігімізді алдымен өзіміз қорғамасақ, кім қорғайды?! Біздің туған жер ұғымының аясын әбден тарылтып жібергеніміздің салдарынан талай адам өз облысын, өз ауданын ғана туған жерім деп танитын таяз түсініктен әлі арыла алмай жүр. Оқу бітірген жастардың қайткенде де аулына оралуға тырысып, мамандығы бойынша жұмыс табылмаса да ата-анасының жанынан шықпайтын психологиясын құптай беру қиын. Табиғаты сұлу, топырағы құнарлы небір шұрайлы өлке, өңірлеріміз отаншыл жастарымыздың перзенттік жүрегі мен қуатты білегін күтіп жатыр, ағайын. Бір шаңырақтың түлектері Қазақстан дәулетін асырар сан салада еңбек етсе, бір атаның отаулары кең байтақ даламыздың қай тарабынан да табылып жатса, жаман ба?! Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның — қазақ халқының — ұлымыз. Ендігі жерде бәріміздің де туған жеріміз біреу — ол жалпақ Қазақ даласы. Оның қай атырабының да тілегін бірге тілеп, тауқыметін бірге көтеруге, өзімізді өзіміз көкіректен кері итермеуге, сен анаусың мен мынаумын деп алаламауға үйренуге тиіспіз. Осыдан 3 ғасырдай бұрын бас қосқан, қазақ даласын қорғау жолында шейіт болған бабаларымыздың негізгі аманаты осы.

Қазақстандықтар бұрынғы құқықсыз өмірден біржола бас тартты, өзінің әлеуметке бағдарланған нарықтық экономикасы және жаңа қоғамдық қарым-қатынастары бар күшті егемен мемлекетін құруға кірісті. Қоғамымыздың ең қастерлі қазынасы — адам болып табылады, оның құқығы мен бостандығына кепілдік беріледі деп заң жүзінде жариялады қ, республикадағы барша халықтың тең құқылығы қамтамасыз етіледі деп кепілдік бердік. Тәуелсіз елдің тұңғыш Конституциясы біржола тиянақтаған бұл тұжырымдар біздің қоғамдық прогресс бағытымен дамуымыздың негізі болуға тиіс.

Мен бұл арадағы сөзімде республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, өтпелі кезеңнің күрделі мәселелері, оларды шешудің жолдарын табу бағытындағы ізденістеріміз, іркілістеріміз туралы баяндаудан тартынғалы тұрмын. Олар жөнінде айтып та, жазып та жүрміз. Өздеріңіз теледидардан көріп, газеттерден оқып жатырсыздар. Сөз орайы келгенде, қымбатты ағайындар, осындай киын шақта Президенттің, республика парламентінің, үкіметінің саясатына қолдау көрсетіп, ұстамдылық, сабырлылық таныта білгендеріңіз үшін, біздің бүгінгі таңдағы басты байлығымыз тыныштық ұлтаралық жарасым екенін терең түсінгендеріңіз үшін шын жүректен разылық білдіруді парыз санаймын. Осы әрекеттің барлығы ең алдымен қазақ халқының болашақ ұлы мүддесіне бағытталғанын түсінгендеріңіз үшін тағы да разылығымды білдіремін.

Республика үкіметі жақында дағдарыстан шығу жолындағы шұғыл шаралардың бағдарламасын белгіледі. Шетелдердің іскер топтарымен ірі-ірі келісім-шарттар жасалып, инвестициялар келе бастады, өнім көлемін сақтап қана қоймай, бұрынғыдан да өсіруге қол жеткізіп отырған кәсіпорындар қатары көбейіп келеді. Ең бастысы — халықтың нарыққа көзқарасы аздап болса да өзгере бастады. Көзін тауып еңбек ете білсе, ерінбесе, бойкүйездіктен, масылдық психологиядан арылса, адам-

ша лайықты өмір сүруге, тіпті дәулетті тұруға да мүмкіндік ашылғанын қазірдің өзінде талай жұрт түсініп қалды. Ал алаңсыз, өнімді еңбек етудің негізгі кепілі — қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы. Мұны мен республика Президенті ретінде ең басты мақсат деп санаймын.

Осы мақсат жолында жаңа нақты қадамдарды да ойластырып жатырмыз. Қазақстан халықтарының ассамблеясын құру идеясы көптен айтылып жүр. Бұл ұсыныс республика халықтарының форумында да қолдау тапқан болатын. Үкіметтен тыс тұратын, қоғамдық ұйым ретінде ойластырылған мұндай ассамблея біздей көп ұлтты мемлекеттің бітім-болмысына сәйкес келер еді деп ойлаймын. Ассамблея құрамына республика жұртшылығының ең қадірлі, ең білікті өкілдері ұсынылса, олар жылына, мысалы, екі рет бас қосып, республикадағы қоғамдық-саяси ахуалдың түйінді мәселелерін талқылап, Президентке, парламентке, үкіметке кеңес айтып отырса, сөйтіп, мұның өзі бүкілхалықтық даналықтың өзіндік бір жиынтық орны болар ма еді деп жоспарлаудамыз. Қалай дегенде де бұл мәселе біздің жұмысымыздағы ең басты арналардың бірі болып қала береді.

Ардақты ағайын!

Үш ұлы бабамыз сонау бір қилы кезеңде осы Ордабасының биігіне шығып, терістіктегі Арыс пен Бөгенге, күн шығыстағы Қазығұртқа, Арқа жақтан мұнартқан Қаратауға қарап тұрып, ел бірлігі, халық ынтымағы туралы кезек-кезек ой толғаған екен. Осы Ордабасы биігінде киіз туырлықты қазақ атаулы ауызбірлікшіл болуға серттескен екен, Әбілқайырдай бас сардарын сайлап, ата жауға аттандырып салған екен. Кейін айбынды Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Наурызбай, Райымбек, Есет, Бөгенбайлардай талай-талай мықты білек, түкті жүрек батырлар сонда айтылған армандарға түгел жетіп, қазақ даласының төрт тарабын да басқыншы жаудан түгел арылтып алғанын білеміз.

Енді сол бабалар алып берген кең байтақ өлкемізді түгел құлпыртып, түгел көркейту — бүгінгі біздер мен ертеңгі жеткіншектердің үлесіне тиіп тұр. Азаттыққа жетер жолдың қаншалықты ұзақ, қаншалықты тауқыметті екенін көрдік. Ал азаттықты баянды ете білудің де оңай шаруа емес екенін түсіне бастадық. Осы арада тағы да ұлы бабалар даналығын еске аламыз:

«Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме!
Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме?!
Ел тірегі — ері, ер тірегі — елі бола білген қауымның басынан бағы кетер ме?!
Есті еріңді ез тұтсаң — өзіңді өзің қорларсың,
Есеріңді ер тұтсаң — іргеңізден жау кетпей, төріңізден дау кетпей,
Сойқаннан сойқан жолығып, сорларсың да зарларсың.
Ел мұраты — көрешек, ер мұраты — келешек.
Көрешегін күйттеген — түбі қоймас сүрінбей,
Келешегін күйттеген — түбі қоймас сүйінбей.
Жетелі ер адаспас — бабадан қалған сөз бар ғой.
Жетелі ел адаспас — бағзыдан қалған із бар ғой», — деген екен Әйтеке би Күлтөбедегі бір жиында.

Кешегі келеңсіз күндерде бабадан қалған сөзден жаңылып, бағзыдан қалған ізден адасып қала жаздаппыз. Талай-талай алқалы кеңес өткен атақты Күлтөбе баяғыда жыртылып кетіпті. Сайрам түбіндегі Мәртөбе күні кеше құртылып кетіпті.

Қасиетті орыннан қалғаны — Ұлытау мен осы Ордабасы. Бауырында бабалардан түскен із әлі сайрап жатыр. Басында бабалар дауысы әлі саңқылдап естіліп тұр. Енді сөзден жаңылып, ізден адасар еш ретіміз жоқ.

Бүгінгі жиын — сол жаңылмағандығымыздың, адаспағандығымыздың куәсі.

Бізді де бұл киелі төрге арманды тілек, елім деген перзенттік жүрек алып келіп отыр. Біздің де ойлағанымыз — бірлік. Біздің де аңсарымыз — еліміздің көсегесінің көгергені, дәулетті де сәулетті өмір сүргені. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би заманындағы басты мақсат — бар қазақтың бірлігі болса, бүгінгі басты мақсат та дәл сол. Жалғыз-ақ айырмасы — қасиетті бабаларымыз басын қосып берген қазақ халқы енді бүкіл Қазақстан халқының бірлігіне ұйытқы болуға тиіс. Осы мақсат жолында республикадағы барлық ұлттар өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіргені ләзім. Болашағымыз баянды болсын, балаларымыз бен немерелеріміз де ата-бабаларындай тату тұрсын десек, осындай алмағайып уақытта, жоқшылық жүйке жұқартып тұрған жіңішке шақта баршамыз саналылық пен парасаттылық көрсетіп, байсалдылық пен ұстамдылық танытуға тиіспіз. Мен мемлекет басшысы ретінде Қазақстанның көп ұлтты халқы осынау сәтте тарихи жауапкершілік көрсете біледі деп кәміл сенемін.

Береке басы — бірлік.

Бірлігіміз берік болса, болашағымыз баянды болары даусыз.

Лайым, ынтымағымыздан айырмасын!

Толық тәуелсіздікке жетудің ұлы жолында бізді халқымыздың үш данасы, үш көсемі, қасиетті бабаларымыз — Төле бидің, Қазыбек бидің, Әйтеке бидің әруағы қолдап жүрсін!

Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының II кездесуінде сөйлеген сөзі

Түркия Республикасы, Ыстамбұл қаласы, 1993 жылдың 6 шілдесі

Құрметті әріптестер!

Біз Ыстамбұлға аса жауапты міндетпен — өз халықтарымыздың мүдделеріне сай экономикалық прогреске қарай бірлесе ілгерілеу міндетіне кірісу мақсатымен келіп қосып отырмыз. Өңірлік ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылып, пікір алмасу үшін 10 мемлекеттің басшысы келген бұл форумға Қазақстанда зор мән беріліп отыр.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымына (ЭЫҰ) мүше елдердің әлеуетін ескере отырып, оның шеңберіндегі ынтымақтастықтың болашағы үлкен деп есептеуге болады.

Бүгін қаралып отырған Ыстамбұл декларациясы мен Кветтин жоспары оған қатысушылар үшін экономикалық ынтымақтастықтың алдағы жылдардағы негізгі кезеңдерін айқындап береді. Мұндай ауқымдағы құжаттар стратегиялық түсінікті талап етеді. Сондықтан да оларды талқылау үдерісі біздердің жаңа өзара қарым-қатынастарымыздың кең тұрғысынан жүргізілуі керек.

Мен алда тұрған міндеттерге деген біздің көзқарасымыздың нобайын белгілеп берсем деп едім. Алайда, ең алдымен Қазақстанның ЭЫҰ-ға кіргісі келетін себептерін саралап өткім келеді. Олар жалпы алғанда үшеу.

Біріншіден, Ізмір шартының 36-шы бабында көрсетілгеніндей, оған кез келген мемлекеттің кіре алатындай ашықтығы ұнайды. Екіншіден, атауында да, барлық негізін құрайтын құжаттарының мазмұнында да айқын аңғарылып тұрған бейсаяси сипаттағы қағидаты және, үшіншіден, геосаяси жағдайына, тарихи дәстүрлеріне сай Қазақстанның Азиядағы көршілерімен тығыз іскерлік ынтымақтастыққа ұмтылуы табиғи нәрсе.

ЭЫҰ үшін біздің ТМД-дағы мемлекетаралық өзара қатынастарымыздың тәжірибесі белгілі бір дәрежеде пайда келтіре алады деп айта кетуге тиіспін. Бұрынғы Одақ республикаларының арасындағы экономиканың ара-жігінің ажырауы мен шаруашылық байланыстардың үзілуі бұл өңірлік ұйымның неғұрлым тиімді ынтымақтастық пен сыртқы экономикалық байланыстарды дамытудың мәнін бағамдауда және жолдарын іздестіруде айтарлықтай сабақ болары сөзсіз.

Біз өте маңызды тағы бір тәлім алдық. ТМД-дағы кірігудің тежелу себебі кейбір мемлекеттердің экономикалық қатынастардың еуропалық және американдық бағыттарына шектен тыс бет түзеуінде болып отыр. Біздер, жаңа тәуелсіз мемлекеттер, өзара іс-қимылдарымыздың ара салмағын аса мұқият екшеуіміз, сыртқы экономикалық байланыстардың ықтимал нұсқаларын таңдауға аса жауапкершілікпен қарауымыз керек.

Ондай нұсқалар онша көп те емес. Солардың бірі — ТМД-дағы кірігу үдерісін нығайту және біздің халықтарымыздың мүддесіне сай ТМД мен ЭЫҰ арасындағы өзара тиімді қатынастарды жалға қою. Ол үшін қазірдің өзінде негіз бар. Біздің

ортаазиялық мемлекеттер екі қоғамдастықтың да мүшесі. Екінші нұсқа — ол бәріміздің бөлініп, жеке-жеке өмір сүруіміз. Бәлкім, біреулерге солай болғаны ұнайтын да шығар? Бірақ, бұл біздің дәстүрлерімізге қайшы: Азия халықтарына ауыр істі көп болып жұмыла атқару тән.

Тағы бір толғақты мәселе: біз өз қатынастарымызды қалай құрамыз және ЭЫҰ мен әлем қоғамдастығы арасындағы жемісті өзара қатынастарды қалай дамытамыз?

Менің пайымдауымша, бірінші кезекті міндеттердің бірі — елдеріміздегі көлік және коммуникация желілерін дамыту жөніндегі күш-жігерімізді үйлестіру проблемасы. Сарапшылар қазір әртүрлі баламалы нұсқаларды талқылауда.

Біреулері көлік тасқыны мен құбыр тарту жолдарын «Солтүстік-Оңтүстік» формуласы бойынша, яғни ТМД республикаларынан Иран арқылы Парсы шығанағына бағыттаған жөн деп есептейді. Бұл – өте қызықты және экономикалық тұрғыдан тиімді даму схемасы.

Басқалары қазір ТМД-ға мүше ортаазиялық елдердің «Шығыс-Батыс» формуласы бойынша, яғни көлік тасқынын Кавказ бен Түркия арқылы Еуропаға және Жерорта теңізіне бұрған неғұрлым тиімдірек деп санайды. Мен «немесе-немесе» қағидаты бойынша нұсқа таңдау дұрыс бола қояды деп ойламаймын. Келіңіздер , «ол да — бұл да» деген қағидамен өмір сүрейік. Өйткені, кез келген біржақтылық халықтарымыздың мүддесін шектейді. Ал біз олардың өсіп-өркендеуіне ұмтылып отырмыз ғой.

Өткен жылы біз Ашғабадта трансазиялық темір жол магистралінің құрылысын жеделдету мен астаналарымызды қосатын халықаралық автомобиль қатынасын ашу қажеттігі туралы келіскеніміз белгілі. Темір жол және автомобиль жолы, әуе және су жолдарының қазіргі заманғы халықаралық көлік жүйесін қалыптастыру жөніндегі уағдаластықты іске асыру үшін ЭЫҰ елдерінің Көлік министрлері комитеті мен оның жанындағы тұрақты жұмыс істейтін атқару комиссиясын құру орынды болар еді.

Аталған комитет біздің елдеріміздің көлік жүйелерінің жай-күйін, халықаралық жүктер мен жолаушылар тасымалының көлеміне ғылыми тұрғыдан тұжырымдауға, жол қатынастары мен көлік тораптарының пайдалану — техникалық сипатын қорытуға, халықаралық қатынас жолдарындағы көлік шығынының деңгейін анықтауға және басқаларына байланысты міндеттерді айқындауы керек.

Мәселелердің екінші ірі бөлігі мұнай және газ құбырларын жобалау мен құрылысын жүргізуге байланысты. Бұл жерде барлық елдердің әлеуетін оңтайлы пайдалануды ойластыру біздің ортақ мүддемізге сай келетінін атап айтқым келеді. Экономикалық ынтымақтастық ұйымы елдерінің энергетика саласындағы сарапшыларының таяуда Алматыда өтетін кеңесі көптеген тартымды жобалар мен шешімдердің бар екенін көрсетті. Тиісті елдердің мамандары жақын арада жұмысқа кіріссе және ағымдағы жылдың қыркүйек айында Тегеранда, министрлер деңгейінде өттік ЭЫҰ-ның энергетика жөніндегі комитетінің кезекті отырысында бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлегендері жөн болар еді.

Қазақстан үшін, ЭЫҰ-ның бірқатар басқа елдері үшін де солай екені сөзсіз қазіргі кезде лайықты телекоммуникация желісін жеделдетіп құру аса маңызды, соның ішінде, ол біздің елдерімізді де қамтуы керек. Онсыз заманауи іскерлік

өмірмен біздің экономикаларымыздың әлемдік шаруашылық байланыстарға кірігуі де ойға сыйымсыз.

Біз өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастыққа да мүдделіміз. Біздің экономикаларымыз өзара бірін-бірі толықтыра түсетіндіктен де онда да зор мүмкіндіктер бар.

ЭҰЫ шеңберінде сауданы ырықтандыру мен кеден саясаты, тауар транзиті үшін жағдай туғызу саласындағы ынтымақтастық та, сөз жоқ, елдеріміз арасындағы сауда-саттықты жандандыра түспек. Оның үстіне, бізде бір-бірімізге сататын нәрсе баршылық.

ЭҰЫ шеңберінде басқа да: қоршаған ортаны қорғау, қылмыспен және нашақорлықпен күрес, кадрлар даярлау, мәдени алмасу және туризм сияқты өзара мүдделілік туғызатын салалардағы жемісті ынтымақтастыққа да үміт артамыз.

Бұрын да айтқанымдай, бұл проблемалардың бәрі жөнінде, негізінен өңірлік сипаттағы, әртүрлі көзқарас бар. Алайда, бұл проблемаларға құрылықтық көзқараспен, бүкіл Азияның тұрғысынан келу дұрыс болар еді. Сонда біз ЭЫҰ-ның біздің ұлы құрлығымыздың төрт құбыласына да шығатын тиімді көлік және коммуникация тасқынын қамтамасыз етуге талпынуға тиіс екенін көрер едік.

Нақ осы «Солтүстік-Оңтүстік» және «Шығыс-Батыс» бағыттары бойынша ағылған көлік пен коммуникациялар тасқынының қиылысында орта азиялық ортақ рынок қалыптасып, нығаятын болады. Ерте ме, кеш пе, біз оны құрамыз деп ойлаймын.

ЭЫҰ-ға кіретін алыс шетел мемлекеттерінің арасынан Қазақстан Каспий теңізі арқалы тек Иранға ғана тікелей шығады. Біз экономикалық дамуымыздың бұл бағытына тарихи да, экономикалық та тұрғыдан мүдделіміз және оны елдеріміздің игілігі үшін іске асыруға міндеттіміз де. Қазір Түркиямен қарқынды экономикалық өзара қатынас қалыптасқанын атап өтуім керек. Ал, Қазақстанның Иранмен және Пәкстанмен қатынасында әлі де пайдаланылмай жатқан резервтер аз емес. Әрі біз оларды бұрынғыдан гөрі белсендірек дамытатын боламыз.

Біздің экономикалық өзара қатынастарымыздың солтүстік бағыттағы қалыптасқан дәстүрлі ынтымақтастықпен қатар, Қазақстан оңтүстік және шығыс бағыттарындағы өз ұстанымын да нығайтатындығы түсінікті болса керек.

Енді ЭЫҰ-ның әлемдік қоғамдастықпен арадағы қарым-қатынасын қалай дамытуға тиіс екеніне тоқтала кетуге рұқсат етіңіздер.

Біздің құрлығымыздың көптеген өте ірі елдерінде мейлінше көп санды түркі-мұсылман тобының жұрты өмір сүреді. Ондай мемлекеттермен қатынасымызды біз белсенді дамытуға тиіспіз. Біздің бүкіл әлемге ашықтығымыз, жаңа қарым-қатынастарды дамытуға ешқандай этникалық және басқа да кедергілердің жоқтығы — айтарлықтай жетістік. Сондықтан да оны толықтай іске асыруға ұмтылуымыз керек. Ең алдымен, бұл Қытай және Индиямен арадағы қатынастарды белсендіруге қатысты. Бұлар — біздің көршілеріміз, ал көршілермен тығыз да белсенді ынтымақтасу керек.

Егер де кейбір қайшылықтарды еңсерудің реті келсе, уақыт өте келе біз бүкіл Азия құрлығында өзіндік салмағы мен лайықты ықпалы бар өсіп-өркендеген ұйымға айнала аламыз деп ойлаймын.

Сауда-экономикалық байланыстарды дамыту өңірдегі жағдайға, жалпы алғандағы Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту ісіне іргетас қалауға сөзсіз игілікті әсер етуге тиіс. Бұл ретте ЭЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастықты біз

АӨСШК құрылымдарын қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастыратынымызды атап айтпақпын. Бірлескен күш-жігерімізбен біз осынау аса маңызды, бүкіл әлемдік қоғамдастықтың мүддесіне және, ең алдымен, Азия құрлығының мүддесіне сай келетін жауапты іске өз үлесімізді қоса алар едік деп ойлаймын.

Әрине, біздің елдеріміздің халықаралық қызметі бір ғана ұйымның шеңберімен шектеліп қала алмайды. Жекелеген елдер сияқты ЭЫҰ-ның да басқа өңірлік халықаралық ұйымдармен, ең алдымен, БҰҰ-мен ынтымақтастығы бәріміз үшін игілік қана. Айтылғанды ескере отырып және өңірдің саяси тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық дамуына қолдау көрсету мақсатында, оны әлемдік шаруашылық байланыстарға қосуға, жаһандық сипат алу қаупі бар Арал мен Каспий теңіздерінің проблемаларымен байланысты экологиялық апаттың бетін қайтару жөніндегі күш-жігерімізді біріктіру мақсатында, Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Орталық Азия жөніндегі комиссиясын құруды жөн деп санайды.

Егер де бұл ұсынысты сіздер, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен БҰҰ қолдаған жағдайда, біз Алматыда халықтарымыздың игілікті мүдделері үшін жемісті жұмыс істеуге қажет жағдайдың бәрін жасауға дайынбыз.

II Халықаралық антиядролық конгресте сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1993 жылдың 30 тамызы

Уважаемые участники и гости конгресса!

Если попытаться охарактеризовать время, которое мы переживаем, то можно, наверное, назвать его не только временем смены двух тысячелетий, но и глобального изменения общественно-политических формаций. В мире ширится понимание общности судеб жителей нашей планеты, необходимости борьбы против войн и особенно против ядерной угрозы человечеству.

Взрыв ядерной бомбы 29 августа 1949 года на полигоне под Семипалатинском открыл трагическую страницу в истории Казахстана. Итогом многолетних бесчеловечных ядерных испытаний стали тяжелейшие экономические, социальные, духовные потрясения. Они тяжким грузом легли на плечи народа. И хотя их последствия нами еще до конца не осознаны, народный протест вызрел давно. Не случайно Указ Президента Казахстана о закрытии Семипалатинского полигона был одним из первых актов молодого государства, твердо заявившего о самостоятельности в решении внутренних проблем.

Более того, подобный шаг был принят впервые в мировой практике и, несомненно, сыграл определенную роль в том, что многие государства изменили свой взгляд на ядерное оружие, стали более взвешенно и ответственно относиться к этой проблеме.

Формированию такой конструктивной позиции способствует и деятельность антиядерного движения «Невада-Семипалатинск». Оно стало своеобразным индикатором обеспокоенности общественности за безопасность народа не только в Казахстане. Свой голос подняли и общественные организации других стран.

Тут, по-видимому, будет уместно отметить, что прозрение ко многим политикам, ученым, военным приходит заметно позже, чем к простым людям. Я принимал участие в I Международном антиядерном конгрессе в Алматы 2 года назад и помню, что некоторые ученые приносили извинения за то, что много лет назад занимались разработкой ядерного оружия, вместе с военными подвергали людей радиационному риску. Первым подобный пример гражданского мужества показал Андрей Дмитриевич Сахаров. На этот путь вышли и государства. Мне представляется достойным шаг правительства Японии, страны, столь сильно пострадавшей от ядерного оружия, однако взявшей на себя ответственность за участие во второй мировой войне и призвавшей за это народ к покаянию.

Понимаю, что за покаянием должны следовать реальные дела. Хотя государство и не в состоянии вернуть людям утраченное здоровье, силы, молодость, все же его святой долг — компенсировать пострадавшим утраченное. Эта проблема у нас, в Казахстане, как и в России, стоит не менее, а может быть, более остро, потому что ее приходится решать в условиях острого экономического кризиса. Тем не менее, после закрытия ядерного полигона нашим правительством приняты решения о ликвидации последствий ядерных взрывов и оздоровлении окружающей среды, в разработке и выполнении которых принимают участие эксперты вашего движения.

Впервые в масштабах Казахстана безопасности народа уделено такое внимание. Однако очевидно, что без международной помощи справиться с этой проблемой собственными силами практически невозможно. При этом следует учесть и то, что у нас, в Казахстане, была самая высокая плотность ядерных взрывов. Разумеется, мы не просим мировое сообщество за нас выполнять всю оздоровительную работу. Но на печальном опыте Казахстана, повторяющем, по сути, трагический опыт Японии, общественность и политики должны осознать необходимость вместе, общими усилиями решать проблемы радиоэкологической безопасности.

Вместе с вами мы не должны допустить, чтобы в обществе нагнетался пессимизм, социальная безысходность. Тем более неуместно экологическое иждивенчество. Ведь нередко требования об отнесении региона к зоне бедствия подменяют конкретную работу по решению экологических проблем. Это проявляется в таком непростом вопросе, как захоронение радиоактивных отходов. Надо все-таки понять, что наши отходы мы вынуждены будем хранить у себя дома — нужно только ученым и проектировщикам совместно с представителями общественности найти оптимальные с точки зрения экологической безопасности варианты проектов. Пока же мы вынуждены признать: до сих пор в Казахстане нет ни одного регионального объекта, позволяющего обеспечить надежный контроль за радиоактивными отходами.

Кстати, это один из важнейших вопросов экологической конверсии ядерной энергетики. И без социологических опросов ясно, что население республики не примет идею создания на ее территории атомных электростанций до тех пор, пока ядерщики на примере локализации радиоактивных отходов не докажут, что подобные объекты гарантируют безопасность.

Не менее актуальна для республики и проблема использования оружейного плутония ядерных боеголовок. Решать ее надо в соответствии с международными договорами. Мы считаем, что Казахстан, как и Украина, Беларусь, должен принимать участие в обсуждении проблем всеобъемлющего договора о запрещении испытаний любого оружия массового поражения наравне с Россией.

Нельзя забывать, что Казахстан являлся ядерным полигоном всего бывшего Союза, однако с проблемами социальной защиты пострадавших от облучений и ликвидации последствий мы остались один на один. Это с исторической, нравственной, экологической и других точек зрения несправедливо. Правопреемственность обязанностей перед народом никем не может быть снята, тем более с политиков, если мы говорим о нравственных принципах, исторической преемственности и ответственности.

Антиядерное движение заявило о себе во весь голос. И, я убежден, в конце концов, оно добьется своей цели — полного запрещения всех видов испытаний атомного и других видов оружия.

Представленные в этом зале общественные организации и движения вносят немалый вклад в решение этой благородной и гуманной задачи. Им необходима действенная поддержка политиков. Я обращаюсь с этой трибуны к правительствам стран ядерного клуба с инициативой о продлении до 2005 года моратория на испытания ядерного, химического, биологического, всех видов оружия массового поражения. Правительства стран ядерного клуба перед лицом своих народов имеют реальный шанс делами доказать, что в XXI век наш мир может войти с молчащими ядерными полигонами.

Мемлекеттік холдингтік және акционерлік компаниялар басшыларымен кеңесте сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1993 жылдың 3 қыркүйегі

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Биылғы маусым айында «Шаруашылықты басқару органдары жүйесін жетілдіру туралы» Жарлық шыққаннан кейін мемлекеттік холдингтік және акционерлік компаниялар құрылып, олардың президенттері тағайындалды. Осы маңызды қызмет орындарына іскер, өндірісті жақсы білетін, реформаны жақтайтын адамдар келді. Оларда бұл реформаларды өмірге белсенділікпен енгізіп, экономиканы нарықтық қатынастарға өтудің таңдап алынған бағытына сәйкес жаңа тұрғыда қайта құру үшін барлық мүмкіндіктер бар. Енді мұндай жайбарақаттыққа салынуға болмайды. Жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алудың Ұлттық бағдарламасы бұлжымастан орындалуға тиіс.

Республика басшылығы экономикамызды дағдарысты жағдайдан алып шығудың жолдарын табандылықпен іздестіруде. Атап айтқанда, Ресейдің өкімет органдарымен қарқынды келіссөз жүргізілуде, Қазақстанның ішкі мүмкіндіктері мен бай әлеуетін пайдалануға есептелген өз шараларымыз жасалуда, ауыр кезеңнің күрделі мәселелері мен қиындықтарын жеңудің әртүрлі тактикалық нұсқаулары қолданылуда. Бірақ бір нәрсе — реформаларды одан әрі дамытып, тереңдету, нарықтық экономиканы құру ең басты да мызғымас мақсат ретінде қалып отыр. Республика осы бекем бағыттан айнымақ емес.

Бізде экономикалық өзгерістер процестерінің кең көлемді және тұрлаулы сипатқа ие болғаны сүйінішті. Енді бұдан арғы жұмыстың барлығын ескі экономикалық жүйеден жаңа, әлеуметтік нарықтық экономикаға өтуді мүмкін болғанша жеңіл, мейлінше аз экономикалық және әлеуметтік шығындармен жүргізу төтенше маңызды. Және де бұл бірінші кезекте, әрине, біздің жалпыға ортақ түпкі мақсатқа жетуіміздің қуатты құралы болып табылатын жекешелендіруге қатысты.

Нарыққа өтудің бірінші кезеңінен тәлім алармық уақыт жетті. Ал ол болса, негізінен біздің демократиялық ағымның әсерімен кәсіпорындарға мемлекеттік мүліктің меншік иесінің құқығын беруімізге келіп саяды. Нәтижесінде, экономиканы басқарудың жаңа нарықтық тұтқалары негіздерін құрмай жатып, республика оның ескі әдістерінен іс жүзінде бір сәтте-ақ айырылып қалды. Әлде бір уақытқа басты нәрсе — өндіріс, еңбек өнімін ұлғайтуға мүдделі жаңа меншік иесін құру қажеттігі естен шығарылды.

Осы себептерден, сондай-ақ қоғамда етек алған құқықтық нигилизмнен мемлекеттік органдардың бұл процестерге ықпал ету құқығы мен мүмкіндіктері жоққа шығарылды. Сонымен бірге шаруашылықты басқарудың дамыған және тиімділігі аз жүйесі қалыптасты. Экономиканы басқарудың жалпы жүйесіндегі бос кеңістікті болдырмауға тырысып, үкімет салалық министрліктер мен ведомстволардың базасында концерндер мен корпорациялар құруды қолдады. Көптеген шаруашылық субъектілері, өз кезегінде, дербес басқару жүйелерін құруға кірісіп, олардың штаттарын дамытып жіберді және олар үшін мемлекеттік үй-жайларды иемденді. Жергілікті әкімшіліктер жүйесі бойынша үшінші бағыт та пайда болды. Олар да заңдарды айналып өтіп, өз қол астына кәсіпорындарды, оның үстіне, әдетте, ірі, жалпы мемлекеттік маңызы бар кәсіпорындарды біріктіруге тырысуда.

Қазір республиканың мемлекеттік секторында 60-қа жуық концерндер, корпорациялар мен бірлестіктер бар. Ал олардың бір бөлігі бақылаусыз кетіп, коммерциялық жүйелер болып өзгеріп жатыр. Өздеріне бағынышты объектілерінің, әдетте, басқа аймақтарда орналасқанына қарамастан, олардың көпшілігінің аппараты астанада жайғасқан. Бұл жерде басқарудағы қандай да болсын іскерлік туралы әңгімелеудің өзі қиын екендігі түсінікті. Басқару дегенің іс жүзінде жоқ. Өйткені, бұл құрылымдардың өздерінің құрамына кіретін кәсіпорындардың қызметіне нақты ықпал ету тұтқалары мен әдістері болмай отыр.

Көңіл көншітпейтін қорытынды да осыдан келіп шығады: шаруашылықты басқару органдары бұрынғыға қарағанда айтарлықтай көп болғанына қарамастан, экономиканы басқару жүйесі жақсарған жоқ.

Осының барлығы аса қатты алаңдатады. Экономиканы басқарудың тиімді де өркениетті жүйесін құрмай, материалдық өндірісті тұрақтандыру мен өрге бастыруды қамтамасыз етудің мүмкін еместігіне терең сенімдімін. Өйткені, ол — біздің барлық ісімізді жақсартудың негізі. Кез келген, тіпті ең нарықтық шаруашылығы дамыған елде, мемлекет белгілі бір дәрежеде экономикалық даму процестерін басқарып отырады.

Міне, сондықтан да біз өзіміздің жас мемлекетіміздің алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне жетудегі рөлін кемсітпеуіміз керек. Оның үстіне, қазіргі экономикалық дағдарыстың терең себептері үнемі кем өндірушілікте жатыр. Мұндай жәйт бұрынғы кеңес мемлекетінде әрқашан орын алып келген. Ал ол ыдырағаннан кейін бөлініп шыққан әрбір елде іс жүзінде дағдарысты көлемге жетті.

Басқаша айтқанда, нарыққа өтудің ниеті мен бағдарламасын практикалық істер арнасына аударатын кез жетті. Бұл ретте Қазақстанға молшылық пен байлықты тек қана тиімді ұйымдастырылған өнімді еңбек қамтамасыз ете алатындығын ұдайы есте ұстауымыз керек.

Бұл факторды экономиканың барлық салаларына негіз ретінде қалау керек. Ал оны іс жүзіне асырудың негізгі түрлерінің бірі орта шаруашылық буынында басқару құрылымдарының жаңа жүйесін құру қажет. Оны қалыптастырудың негізі мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында қаланған.

Құру процесін жандандыру және, ең бастысы, ұлттық, мемлекеттік, холдингтік және акционерлік компаниялардың тиімді қызметін ұйымдастыру міндеті тұр. Бұл жұмыс әзірге тым баяу өрістеуде. Жаңа құрылымдарды құру жөніндегі нақты істер туралы айтпағанның өзінде, тіпті тиісті құжаттардың өзі әзір емес. Бұл тек бастамасы, сол біз жасауға тиісті үлкен де күрделі жұмыстың бірінші және ең аз бөлігі. Бұған уақыт та аз бөлініп отыр. Бүгін атқарылмаған істі ертең орындау — екі, егер 3 есе болмаса, қиындай түседі.

Сондықтан да қазір холдингтер мен компанияларды іс жүзінде ұйымдастыру мен олардың жаңа сапада жұмыс істей бастауы қызметін күшейту қажет. Бұл орайда құрылып жатқан құрылымдардың негізін республиканың аса ірі кәсіпорындары — біздің индустрияның ұйытқысы құрайтынын есте ұстау керек. Көп ретте олар технологиялық жағынан өзара байланысты, сондықтан да осы өзекті тек қолдап және сақтап қана қоймай, олардың бірлесе және жан-жақты дамуына серпін де беру керек.

Сондай-ақ холдингтік және акционерлік компаниялардың құрылымдары мен басқару органдары мәселесі де өте маңызды. Көп нәрсе олардың дұрыс шешіміне байланысты. Басшылықты бақылау кеңестері мен басқармалар (атқару дирекциялары) жүзеге асырады деп көзделіп отыр. Бұл, тегінде, дұрыс та шығар. Мұнда ең бастысы әркімнің өкілеттігін дәл анықтап, олардың арасында құқықтар мен қызметтерді айқын бөліп беру.

Қазір қызмет істеп жүрген холдингтер мен компаниялардың жұмыс тәжірибесін ескере отырып, кеңестерді ұйымдастыру мен олардың қызметі принциптерін тағы да және жедел түрде қайта қарап, оларды дұрыс сәйкестікке келтіру қажет. Мұнда толық айқындық пен нақтылық болуға тиіс. Бақылау кеңестерін еш жағдайда да формальды органдарға немесе кеңесші клубтарға айналдыруға болмайды. Олар мемлекеттік экономикалық саясаттың, атқарушы өкімет пен басқару органдарының шешімдерін жүзеге асырушы, ал президент басқаратын басқарма — осы шешімдердің орындаушысы болып табылады. Олар холдингтің немесе компанияның шаруашылық қызметін басқару саласындағы тиісті құқыққа ие.

Жаңа шаруашылық құрылымдарын құруды жалаң мақсатқа айналдыруға болмайды. Олардың пайда болуымен салалық министрліктердің міндеттері айтарлықтай өзгеруге тиіс, олардың басшылары өз құрылымдарын, шешілетін проблемалар ауқымы мен жұмыс әдістерін түбірімен қайта қарауы қажет. Бұл Министрлер кабинетінің де міндеті.

Холдингтердің, ұлттық және акционерлік компаниялардың құрылуына байланысты үкіметтің мемлекеттік сектордағы қазір жұмыс істейтін концерндер мен корпорациялар санын қысқарту мәселесін де шешуі керек. Жұмыс істемейтін басы артық қондырма атаулының бәрі таратылуға тиіс.

Құрылатын құрылымдар қатып қалған нәрсе емес. Олар өтпелі кезеңде, әзірше басқа іскер де дәйекті ұсыныстар болмай отырған кезде өте қажет. Кейіннен, даму өресіне қарай осы холдингтер мен компаниялардың барлығы да көп салалы ірі өнеркәсіпті-қаржылық топтарға айналады. Ал егер жаңа ұсынақты жобалар мен іскер ұсыныстар пайда болса, олар да назардан тыс қалмайды.

Сондай-ақ кәсіпорындарды, әсіресе құрылатын компаниялар құрамына кіретін және, сонымен бірге, жеке жоба бойынша жекешелендіруге жататын кәсіпорындарды акционерлендіруге байсалды назар аудару қажет. Мұнда сол объектінің ерекшеліктерін ескеріп, оның жеке мүдделерін жалпы талаптармен ұштастыратын жекешелендіру әдісі мен формасын дұрыс таңдай білу өте маңызды. Шығарылған акциялар міндетті түрде бағалы қағаздар рыногында айналымға түсуге тиіс. Мемлекет пен кәсіпорындардың өздерінің қаржы ресурстарының қосымша қайнар-көздерін құру үшін жүргізілетін акционерлендірудің негізгі мәні де осында жатыр.

Жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын жүзеге асырудың табысты болуы көп ретте Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттің және басқа экономикалық органдардың, жергілікті әкімшіліктер мен кәсіпорындар басшыларының бірлесе және үйлесімді жұмысына тәуелді. Біздің түпкі мақсатымыз — жаңа нағыз меншік иелерін жасау. Мемлекет бұдан былай залалмен жұмыс істейтін кәсіпорындарға жәрдемақы бере алмайды. Әрбір акционерлік немесе холдингтік компания тек өз қаржысына ғана өмір сүріп, дамуға тиіс. Мемлекеттік инвестициялар тек жалпыұлттық маңыздағы объектілерге ғана бағытталатын болады.

Дағдарыстан қайткенде тезірек шығып, содан кейін экономикамызды ұдайы нығайтып отырсақ болады деп көп ойлаймын. Біз үшін ең маңыздысы — нарықтық экономикаға көшу, өндірісті экспортқа бағдарлау. Қазір әлемнің дамыған елдерінің бәрі де осылай бастаған. Сондай-ақ көптеген мемлекеттер ғылымды көп қажет ететін жаңа өнімдер шығаруға иек арта, өздерінің дәстүрлерін әлемде қалыптасқан дәстүрлермен ұштастыра отырып, шетелдік инвестициялар мен лицензияларды кеңінен пайдаланды. Осы дүниежүзілік тәжірибеге сіздер, өндірушілер де, үкімет те бағдар алғанын қалар едік.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының XI сессиясында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1993 жылдың 12 қазаны

Құрметті депутаттар!

Алдымызда тұрған міндеттердің аса өткірлігіне қарамастан, Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы тұрлаулы сипат алды деп нық айтуға болады. Біздің ілгерілеуіміздің басты да сенімді негізі ұлтаралық бірлік, тұрақтылық, топтасу, халықтың рухани келісімі болып табылатыны сөзсіз. Бұл — Қазақстандағы реформалау мен прогрестің маңызды шарасы, бастау алар көзі.

Әлбетте, қоғамдағы тұрақтылық, ең алдымен экономикалық проблемалардың шешіміне байланысты, мұның өзі қоғамдағы ахуалға да тікелей әсер етеді, дегенмен, қандай да бір оң өзгерістер туралы айтуға әлі ерте. Болжамды бағалау бойынша, 1992–1993 жылдары жалпы ішкі өнімнің өндірісі 1991 жылғы деңгеймен салыстырғанда 25%-ға, өнеркәсіп өнімінің көлемі — 22%-ға, қаржыландырудың барлық көздері бойынша күрделі қаржы — 70%-ға, бөлшек сауда тауар айналымы — 41%-ға төмендемек. Сонымен қатар халықтың табысы мен еңбек нәтижесі арасындағы байланыс та бұзылды. Біз әзірше өндіргеннен гөрі көп тұтынып келеміз.

Қазақстан экономикасына, сондай-ақ, Ресей экономикасына да біздің елдер арасында кеден кедергілерін орнату үлкен нұқсан келтірді. Алайда, бүгін таңда сындарлы арнамен ілгерілеу басталды деп мәлімдеуге барлық негіз бар. Таяуда ТМД мемлекеттері арасында жасалған Экономикалық одақ, сіздер қарамақ болып отырған Қазақстанның ақша жүйесін Ресейдің ақша жүйесімен біріктіру туралы келісім экономикадағы дағдарысты жеңуге барар жолдағы нақты қадам болып көрінеді.

Егер экономикалық одақ туралы шарт және жаңа тұрпатты сом аймағын құру туралы келісім жұмыс істейтін болса, онда өзінің республика мүддесіне сай тосын шешім қабылдауға тура келеді.

Біздің елдеріміз арасындағы жаңа, нарықтық деңгейдегі шаруашылық интеграциясы ортақ мақсаттарға сай, өйткені, біз өнімдерді өткізетін басқа рынок таба алмаймыз. Нарықтық өлшемдерді батыспен немесе шығыспен шендестіруге болмайды, ал біздің жағдайымызда бұл мүмкін де емес. Қарапайым тілмен айтсақ, біздің «қазанымыз» біреу және біз онда ұзақ қайнап-пісуге мәжбүр боламыз.

ТМД елдеріне қатысты біздің саясатымыз өзгеріссіз және солай болып қала береді, ол — экономикалық және қорғаныс салаларындағы ынтымақтастық, ішкі және сыртқы ареналардағы іс-әрекеттерді өзара үйлестіру. Біз Ресеймен және Орталық Азия мемлекеттерімен дәстүрлі тығыз қарым-қатынаста болып келдік және солай болып қала бермек. КСРО-ның саяси ыдырауы біздің сан ғасырлық достығымызды шайқалтқан жоқ және шайқалта алмайды да. Тату көршілік қатынастарға бағдарланған біздің халықтарымыздың бір-біріне деген кеңінен іш тартушылығы объективті тұрғыдан туындап, тарихи қалыптасқан. Қазір жүріп жатқан көші-қон процесі — әбден қалыпты процесс. Ол көптеген факторлардан туындаған, олардың арасында саяси фактор — біз үшін тіпті де ең бастысы емес.

Қазақстанда босқындар проблемасы жоқ. Кететіндер, қазақ жерінде терең тамыры жоқ, «коммунизм құрылысына» кезекті шақырумен немесе «болашағы жоқ» ресейлік деревняларды қирату саясатымен жылы орындарын суытқан адамдар. Ал кім-кімнің жан дүниесімен туған жерлеріне қайтып оралуға деген ұмтылысы өзінен-өзі түсінікті.

Біздің міндетіміз — республика Конституциясы мен заңдары барлық азаматтарға тең құқық беретінін қазақстандықтардың бәріне кеңінен түсіндіру. Сондықтан да біздің отандастарымыздың кетуге асығатындай негізі жоқ.

Жалпы алғанда, менің пікірімше, Қазақстанның ТМД мемлекеттерімен серіктестігі республиканың экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуіне тек қана жәрдемдесетін болады, өйткені, ол — ұзақ процесс. Мұның өзі бірқатар стратегиялық проблемаларды шешумен байланысты. Ең алдымен дәйекті түрде, ешқандай ұшқарылыққа ұрынбай дайын өнімдерді өндірудің түпкілікті технологиялық кезеңдерін құру есебінен экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру қажет.

Көлік проблемасы бойынша едәуір қарқынды жұмыс жүргізілді. Қытайдың Тынық мұхит жағалауынан Қазақстан мен Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа, Жерорта теңізі мен одан әрі Еуропаға шығатын трансқұрылықтық темір жол магистралін төсеу туралы халықаралық келісімдер әзірленіп жатыр. Каспий теңізін Иран порттарына жүк тасуға пайдалану жөнінде нақты қадамдар жүзеге асырылуда. Біздің мұнай үшін басқа да шетел порттарына жол ашатын мұнай құбырларын тарту жобалары жасалып жатыр. Сонымен бір мезгілде мемлекетаралық, соның ішінде Үнді мұхитына шығатын автомобиль тасымалын жолға қою туралы келіссөздер жүргізілуде. Сондай-ақ, алыс шет мемлекеттермен әуе қатынасын дамыту жөнінде де шаралар қолданылып жатыр.

Кешенді түрде алғанда бұл бағдарламалардың бәрі экономикалық егемендікті нығайтуға, энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етуге, экспорттық потенциал мен алтын қорын дамытуға, шетел капиталын тарту үшін жағдай жасауға, күрделі тұтыну тауарларының, мұнай-газ және металлургия өнеркәсібі мен ауылшаруашылық өнімдерін ұқсату жабдықтарының өндірісін дамытуға бағытталған.

Дүниежүзілік деңгейдегі жаңа техника мен технологияға тек тұрақты валюта болса ғана қол жетпек. Біз үшін басқа, неғұрлым қолайлы нұсқа — бірлескен өндірістер құру. Бізде қазірдің өзінде жарғылық капиталындағы шетелдік әріптестердің үлесі 53%-дан астамын құрайтын жарты мыңнан астам осындай кәсіпорындар бар. Сондай-ақ, бүкіл капиталы шетелдік болып табылатын кәсіпорындар да құрылуда.

Бұл мәселеге егжей-тегжейлі тоқтауға тура келеді — қоғамымыздың кейбір бөлігінде шетел инвестицияларын тарту саясатын белгілі бір дәрежеде түсініспеушілік бар. Кейде Қазақстанды шетелдік алпауыттар талан-таражға салып жатыр деген адал да болса шындыққа мүлдем сәйкес келмейтін пікірлер естіліп қалады. Ал шындығына келсек, бізді басқа нәрсе — республиканың бай табиғи ресурстары мен еңбеккер халқының қабілетіне сай оның экономикалық жағынан өрлеуі үшін шетел капиталын қайткенде тезірек және жемісті түрде тарту толғандыруға тиіс. Мұнсыз Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен оның дүниежүзінің өркениетті және дамыған елдері қатарына кіруі ұзаққа созылады, сөйтіп, көптеген, ұрпақтардың өмірі кемшін болмақ.

Ақша жүйесін нығайту — реформалаудың екінші аса маңызды бағыты. Мұнсыз тиімді қаржы-несие және инвестициялық саясатты жүргізу мүмкін емес.

Қазақстанның ақша жүйесін Ресейдің ақша жүйесімен біріктіру жөніндегі жасалған қадам қазіргі жағдайдағы жеткілікті түрде оңтайлы және барынша нақты шара. Өз валютамызды енгізуге келетін болсақ, мұның өзі ТМД Экономикалық одағының жарғысына қайшы келмейді, ол уақыт өте келе дайындалуы тиіс. Ал біз қаржы-несие саласында өз егемендігімізді жоғалтып отырмыз дейтін пікірлер тек пікір болып қана қала береді. Біз Ресей жағы сияқты, болашақта тәуелсіздікті сақтап қалу үшін осы егемендіктің бір бөлігін ғана беріп отырмыз.

Қаржы саласында, заң шығару және басқару жөніндегі күш-жігерлер өз валютамызды енгізуге жұмылдырылмай, қайта инфляцияны ауыздықтауға, мұның қарқынын төмендетуге шоғырландырылуы қажет. Тек сонда ғана банк несиесін арзандатуды, ақшаның жиналуына және инвестициялық белсенділікке деген себептердің пайда болуын, өндіріс көлемін ұлғайтуды күтуге болады. Ал осының бәрі бірге алғанда ел экономикасының одан арғы тағдыры тәуелді болатын процестер болып табылады.

Инфляцияны төмендету жөнінде айтар болсақ, бұл процесті өз бетімен жібермей, нақты нысаналы шаралар қабылдау үшін әлі кеш емес. Ал бізде жыл басынан бері ғана бағалар 6 еседен астам өсті, яғни ай сайын орта есеппен 25%-ға өсті. Осыған байланысты бүгін таңда еліміз инфляцияға қарсы қатаң әрі тиімді саясатқа мұқтаж болып отыр. Болып өткен оқиғалардың ізімен жүруді қойып, инфляциялық процестердің алдын алатын және бәсеңдететін шараларды қабылдау маңызды. Біз қазір қалыптасқан экономикалық жағдай біздің стратегиялық ой-мақсаттарымызға қол жеткізуге қауіп төндіретін шекке жеттік. Қоғам мен экономиканы күйзелтіп отырған дағдарысты құрылыстарға қарсы тұру үшін және оны жеңіп шығу үшін мемлекет тарапынан күшті шаралар қажет. Қалыпты нарық ортасында баға ұсыныс пен сұраным арасындағы ара-қатынаспен айқындалады. Бірақ біздің шаруашылықты жүргізуіміз әлі дамымаған нарық жағдайында өтіп жатыр. Сондықтан мұнда оның нақты тұтқасы — сұраным мен ұсыныс — бағаны белгілеуде әлі де болса реттеуші рөл атқармай отыр.

Экономикадағы инфляциялық процестерді нақты тежеу үшін үкіметтің еңбекақы қорын және, жалпы алғанда, тұтыну қорын өндірістің құлдырауына, оның деңгейін сақтауға немесе өсу деңгейін сақтауға белгілі бір дәрежеде тәуелді етіп қоюы қажет. Бұл орайда еңбекке ақы төлеу, зейнетақы, стипендия және өндірістік емес саладағы басқа да жәрдемақылар материалдық өндірістегі еңбекке ақы төлеудің өсуіне орай өсуі тиіс. Сондай-ақ, дүниежүзілік практикада қолданылып отырғанындай, басым салаларда инвестициялық қаржыларды ұзақ мерзімді несиелеу жылдық 5–7% негізінде, ал қысқа мерзімді несиелер мен депозиттік салалар бойынша тұтыну бағаларының жиынтық индексінің өсуінен екі пункт жоғары жүзеге асырылуы керек.

Инфляция — көп қырлы құбылыс, сондықтан оны жою үшін әдістер, әрине, осы шаралармен тоқталып қалмауға тиіс. Қаржы-бюджет саясаты инфляцияның ай сайынғы деңгейін кем дегенде 10%-ға қысқартуды, бюджет шығынын төмендетуді және оның тапшылығын ішкі жаппай өнімге орай 4-6%-ға дейін қысқартуды өзіне мақсат етіп қоюға тиіс. Тиісті бюджеттердің құрамына салық төлеушілердің қаржылары негізінде жасалған алуан түрлі көп миллионды бюджеттен тыс қорларды енгізудің де жөні бар. Практика осы қорлардың өз бетімен өмір сүруі қаржыны бақылаусыз және тиімсіз жұмсауына әкеліп соғатынын көрсетіп отыр.

Бірақ өндірістің қысқаруы, инвестициялық процесті қолдау және жандандыру үшін қаржы жоқ болып отырған жағдайда бізге өз қаражатымызға қарай

өмір сүргенімізден басқа жол жоқ екенін түсіну бұдан да маңызды. Алайда біз материалдық құндылықтардың нақты қозғалысымен расталмай отырған орасан зор несие эмиссиясымен айналысып отырмыз. Мұның өзі өндірісті де, адамдардың игілігін де жақсарта қоймайды. Халық шаруашылығына несие беру осы жылғы қыркүйектің 1-іне 5,6 трлн. сомды құрады, ал айналымдағы жиынтық ақша массасы ішкі жаппай өнімнен 1,7 есе асып түсіп отыр. Банк кассалары берген әрбір 100 сомның эмиссиялық ақшасы Қазақстанда 64 сом болса, Ресейде небәрі 23 сом. Әрбір адамға шаққанда эмиссия Ресейдегі көрсеткіштен үштің біріндей асып түсті. Жағдай тым елеулі, алайда осыған орай біз неліктен екені белгісіз жайбарақат отырмыз.

Біздің үкіметіміз бен парламентіміз сайып келгенде, жұртқа жағымсыз болғанымен де, қазіргі уақыт үшін қажетті шараларды жүзеге асырумен айналысуы тиіс. Қымбат тұратын әлеуметтік, экологиялық бағдарламаларды тоқтата тұрған жөн. Кінәратты, қысқарып келе жатқан экономикаға негізделген біздің бюджетіміз мұндай ауыртпалықтарды енді көтере алмайды. Әлеуметтік жәрдемақылар мен жеңілдіктерді тек қана халықтың аз қамтамасыз етілген және нашар қорғалған жіктеріне ғана берген жөн. Барлық салықтың жеңілдіктерді жойып, ол арқылы өндірістің нақты көлемінің өсуін және тиімді инвестицияларды ғана ынталандырудың мәні бар. Тіршілікке қабілетсіз кәсіпорындарды бюджеттің және қайтарымсыз несие қолдауы есебінен ұстап тұрудан және оған қаржы көмегін көрсетуден бас тартатын кез жетті.

Дағдарысты кезеңді бастан өткізудің оңай еместігін ғана емес, сонымен бірге оны ортақ күш-жігермен жеңіп шығудың қатаң қажет екенін халыққа ашық айту керек.

Әлеуметтік қолдаудың нақты адамдарға көрсетілуі мемлекеттің бүкіл халықты жалпы қорғауға ұмтылуынан бас тартуын білдіреді. Өйткені, мұның өзі мемлекеттің қаржы мүмкіндіктеріне тек дағдарыс кезеңінде ғана емес, сонымен бірге тұрақты өскелең экономика кезінде де сай келмейді. Басты назар аз қамтамасыз етілген және экономикалық жағынан қабілетсіз адамдарды қолдауға аударылуы тиіс. Бізде 2,7 млн. еңбекке жарамсыз азаматтар, 244 мың көп балалы отбасылары бар. Олардың табыстары ең аз жалақының екі еселенген мөлшерінен төмен. Міне, осыларды мемлекет әлеуметтік жағынан қолдауға тиіс. Ал халықтың басқа қалған бөлігін барынша жұмыспен қамтамасыз ету және іскерлік қабілеттерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау қажет. Сондай-ақ, халыққа мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламаларында негізгі объекті ретінде отбасы алынып, оның нақты табыстары ескерілуі тиіс.

Тіпті, экономиканы сауықтыру жөніндегі шаралардың бүкіл күрделілігін және оның қоғамдағы кейбір көңіл-күйге сай емес екенін түсіне отырып, біз осы шараларды іске қосуымыз керек. Бұл орайда мұның өзі бізге қолбайлау болмай, қайта оның сыртқы аспектісін еске алғанда, қаржы-несие саясатында түрлі іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді.

Басқа елдермен экономикалық байланыстарды жолға қою жөніндегі белсенді іс-қимылдың арқасында Қазақстан қазір 12 несие желілеріне ие болып отыр. Бұлар бойынша елімізге арнайы келіссөз жүргізбей-ақ, тиімді жобаларға несие беріліп отыр. Осы қаржылардың есебінен, атап айтқанда, дүниежүзілік кластағы валюта әкелетін бірқатар мейманханалардың және тамақ индустриясы кәсіпорындарының құрылысы басталды. «Chevron Corporation» (АҚШ), «Elf Aquitaine» (Франция),

«British Gas» (Ұлыбритания) және «Agip KCO» (Италия) компанияларымен мұнай және газ өндіру жөніндегі шарттар орасан зор экономикалық, соның ішінде қаржы болашағын ашады. Теңіз жобасының өзін ғана жүзеге асыру 30 млрд. долларға түседі. Мұны біз өзімізден таба алмас едік. Қазір Қазақстан мұнай өндіру үшін жыл сайынғы ақы ретінде екі мыңыншы жылға дейін екі млрд.тан астам доллар алатын болады. Барлығын қосқанда 40 жылдың ішінде 80 млрд. болады. Алдағы 2–3 жылдың ішінде-ақ «Chevron Corporation» алынатын мұнайдағы өзінің үлесі үшін бізге 870 млн. доллар беретіні де маңызды.

Қарашығанақ жобасы бойынша шетелдік компаниялардың келісімдерге қол қойылғаннан кейін Қазақстанға кеңішті пайдалану құқығы үшін 500 млн. доллар сомасында бір мезгілді ақы төлеуі көзделіп отыр. Екі жоба Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздік проблемасын шешіп қана қоймай, сонымен бірге бізді көмір сутегін аса ірі экспорттаушыға айналдырып, қаржы жүйесін нығайтады. Мұның өзі рангтер жөніндегі дүниежүзілік табельде жоғары орынға ие болып отырған басқа ықтимал шетелдік серіктестердің бізге деген сенімін арттыра түспек.

Алтын рудалы өнеркәсіпті дамыту жөнінде шетелдік серіктестермен көп үміт ұялататын шарттарға қол қойылды. Қазақстанда жекелеген ірі Австрияның, Түркияның және Оңтүстік Кореяның компаниялары өнімді жұмыс істеуде. Қытаймен экономикалық байланыс нығая түсуде. Жапонияның іскер топтарымен байланыстар жолға қойылып келеді. Сонымен бірге бұрынғы Экономикалық өзара көмек кеңесі ауқымында бізбен ынтымақтасқан елдермен экономикалық өзара қарым-қатынасты қайта жаңғыртуға назар аударылып отыр. Қазіргі кезде республикада шетелдік фирмалар мен банктердің 160-тан астам өкілдіктері тіркелген.

Көптеген жетекші халықаралық қаржы ұйымдарымен, бұған Еуропалық қауымдастық комитетін, Халықаралық валюта қорын, Бүкіл дүниежүзілік банкті, Еуропа қайта құру және даму банкін, Дамудың азиялық банкін және басқаларын қоса алғанда, тұрақты да ұдайы қарым-қатынастар орнатылды. Осы елдермен, халықаралық ұйымдармен және компаниялармен байланыстардың кеңеюі — бұл Қазақстанның экономикалық егемендігін нығайту, өзіндік қаржы саясатын қалыптастыру жолындағы аса маңызды қадамдар. Бұл ретте шетелдік қаржылар көмекші фактор қызметін атқарады да отандық инвесторлардың инициативаларын ешқандай жағдайда да басып тастамайтын болады.

Қаржы жүйесін нығайтуда көп нәрсе салық саясатын дұрыс жүргізуге байланысты. Салықты есептеудің және алудың нақты және қарапайым тұтқасын қамтамасыз ету керек. Сондай-ақ, оны нарықтық экономикасы бар елдердің салық стандарттарына сәйкестендіру қажет.

Бюджеттің кірісіндегі едәуір кемшіліктер салықты толық жинамаудан пайда болады. Әсіресе, коммерциялық және жеке іскерлік салада салықтан бас тарту өте көп. Әрине, мемлекет байыған жіктің қаз тұруына мүдделі, бірақ сонымен бірге байлардың бақытын халықтың бақыты деп көрсетудің де қажеті жоқ. Салықтар ең алдымен халықтың кең бұқарасының проблемаларын шешуге жұмсалуға тиіс.

Біздің саясатымыздың тағы да бір бағыты дағдарысқа қарсы шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламаларын жүзеге асыру. Қазақстан қоғамын реформалау жеткілікті түрде зерттелген бағыт бойынша жүріп келеді. Және ол жалпы алғанда дәйекті түрде жүзеге асырылуда.

Бүгін таңда республикада 3,5 мың кооперативтік, 15 мыңнан астам шағын және 11 мыңнан астам жеке кәсіпорындар жұмыс істейді. Олардың жиынтық

қаржы активі 200 млрд. сомдай. Ал селода 14 мыңнан астам шаруа және фермер қожалықтары жұмыс істейді. Көптеген коммерциялық құрылымдардан басқа 160 коммерциялық банк пен 37 алуан түрлі биржа жұмыс істейді. Мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру процесі жеті мыңнан астам кәсіпорында жүргізілді. Олардың ішінде 700-і өнеркәсіпке, 5 мыңға таяуы сауда мен қызмет көрсету саласына қатысты. Ай өткен сайын мемлекет меншігін өзгерту жеделдей түсіп, Қазақстан экономикасының көпукладты сипатын күшейтіп отыр. Селодағы жеке сектордың үлесі картоп өндіруде — 68%, ет өндіруде — 44%, сүт өндіруде — 55%, жұмыртқа мен жүн өндіруде — 37%, ал ауыл шаруашылығының бүкіл жалпай өніміндегі үлесі 35% болып отыр.

Бұл — экономикалық реформалардың нақты жемісі. Олардың барысы әзірше мемлекеттің ықпалына тікелей тәуелді. Өтпелі кезеңде одан құтылу мүмкін емес.

Дағдарысты жеңу мен экономиканы реформалау шаралары бағдарламасында экономиканы басқаруды қалпына келтіру, бірақ тікелей жоғарыдан түскен бұйрықтарды сөзсіз орындауды жаңғырту арқылы емес, қайта нарықтық қатынастарға жақын және олармен үйлесе алатын әдістер арқылы қалпына келтіру міндеті басты орын алады. Бізде әуел бастан мемлекет меншігінің иесі директор да, еңбек ұжымы да емес, үкімет түрінде мемлекет болатын. Меншікті мемлекет иелігінен алу процесінде осы шешуші жағдайды елемеу халық бейнелі түрде «талап алу» деп атаған жағдайға алып келді, мұны соңғы кездері жүргізілген тексерулер дәлелдеп отыр. Заңсыз жекешелендірудің күшін жоюға немесе оған елеулі түзетулер енгізуге тура келеді. Тек 6 облыста ғана мұндай объектілер саны 120-дан асып түсті.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы ретінде дағдарысқа қарсы бағдарламада көзделгеніндей, мемлекеттің қатысуымен, көп бағдарлы холдингтер түріндегі компаниялар құру арқылы, мемлекеттік кәсіпорындарды акцияландыруға қадам жасадым. Кезі келгенде ол өзінің акциялар пакетін, ал үкімет сол арқылы холдингті басқаруға қатысады, биржа арқылы отандық немесе шетелдік кәсіпкерлерге, кез келген басқа алушыға сата алады. Осындай дәйекті іс-қимылдардың көмегімен мемлекеттік кәсіпорындар өзінің сыңаржақты сипатынан арыла отырып; біртіндеп және жеткілікті мөлшерде қысқа мерзім ішінде нарықтық ережеге үйлесе түседі.

Жекешелендіру бағдарламасы — шешуші, бірақ экономикалық реформаның жалғыз ғана буыны емес. Бәсекелестік үдерісін капитал айналымы мен нарықтық қатынастың басқа да жақтарын құрушы және оған қызмет етуші жаңа нарықтық институттар құрылуға тиіс.

Тұрғын үй және еңбектің икемді рыногын, бағалы қағаздар рыногын, инвестициялық тәуекелді сақтандыру жүйесін, жаңа түрдегі банктік жүйені қалыптастыру бағытындағы нарықтық өзгерістерді тездету қажет. Күні бүгінге дейін жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағдарламасы жұмыс істемей отыр. Онсыз толыққанды нарық пен қуатты экономика болуы мүмкін емес.

Барлық елдерде селоға мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Бірақ біздегідей үмітсіз шаруашылықтарды біле тұрып, жәрдем ақы бермейді. Оның үстіне мемлекеттік жәрдем ақшаны Ауыл шаруашылығы министрлігі Агробанкпен бірлесіп бөледі. Ал ол тауар өндірушілерге жетпейді, бірақ оларды банк пен министрлікке тәуелді етеді. Жыл сайын село үкімет алдына ежелгі бір талабын қоюмен келеді: пайызсыз несиеге дейінгі жеңілдік беру, салықтардан босату. Мұны олар Қазақстан әсер ете алмайтын баға тепе-теңдігінің жоқтығымен түсіндіреді. Сонымен бірге мемлекет бөлетін көмекті мақсатты және тиімді пайдалану қамтамасыз етілмейді.

Мемлекет қажетіне астық сатып алуды, ішкі республикалық қажеттіліктер деңгейіне дейін — шамамен жеті млн. тоннаға дейін төмендетуге болады. Бұл ретте селодан астықты әлемдік немесе соған жақын бағамен сатып алу қажет. Қалған астыққа өндірушілер, егер оларға үкіметаралық келісім бойынша сату механизмі тиімді болған жағдайда, өздері иелік етулері тиіс. Бұл сыртқы нарықтағы бағаны тежеуге және ауылшаруашылық өнімдері сатылатын бағаны толық ырықтандыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ мемлекеттің шығынға батқан шаруашылықтарды тегін ұстауын тоқтату да тиімді шара болмақ.

Мұндай жағдайда селоға дотация беру туралы мәселе жаңаша қойылады. Еркін бағаларды енгізумен егін шаруашылығы саласы тұтастай алғанда жағдайдан шығады және ұдайы ұлғаймалы өндірісті қолдай алады. Мал шаруашылығында елеулі қиындықтар болады, дегенмен мұнда сүт және ет ұқсату кәсіпорындарын акцияландыру септігін тигізуге тиіс.

Село, әсіресе дағдарысты уақытта, ұқсатушы өнеркәсіпті және сақтау базаларын дамытуға қаржы ресурстарын өзінен таба алуы кәдік. Үкімет өзіндегі қаржыларымен оған көмекке келуге тиіс. «1994–1995 жылдарға және 2010 жылға дейінгі кезеңге шағын селолық индустрияны дамыту» ұлттық бағдарламасы елеулі дәрежеде орталықтандырылған несие есебінен жүзеге асырылатын болады. Ал оны талдап жасауды тездету қажет. Ол селолық жерлерде, әсіресе шалғайдағы аудандарда, ресурсты үнемдеу және қалдықсыз технология негізінде өндіріс кәсіпорындарының кең де көп бағдарлы жүйелерін құруды көздейді. Бұл кәсіпорындар село жастарына көптеген жаңа жұмыс орындарын береді, село тұрмысының жайлылық деңгейін қала жағдайымен жақындастыратын болады. Селода ғылыми-техникалық зиялылардың қалыптасуына көмектеседі.

Мұнда, көзделіп отырғанындай, ең алдымен отандық бизнесмендер, жергілікті әкімшіліктер, сондай-ақ шетелдік жеке капитал, халықаралық банкілер мен ұйымдар іс-қимыл саласын таба алады, өйткені, бұл ретте салынатын қаржының тез айналымы мен өтелуі қамтамасыз етіледі.

Ақыр соңында, әсіресе қазіргі құбылмалы қаржы-несие дүниесінде жанармайдың, тыңайтқыштардың, гербицидтердің, техниканың негізгі түрлерінің жекелеген күрт және күтпеген жерден қымбаттауы кезінде селоға өтемін қайтаруды да ескерген жөн.

Бұл шаралар село экономикасын тұрақтандыруға көмектесуі, оның дағдарысты кезеңнен өтуін жеңілдетуі тиіс.

Өндірістің құлдырауын біздің ұлттық байлығымызды қорғау ісіндегі қатаң саясатсыз тоқтату мүмкін емес. Сыртқы экономиканы ырықтандыру оны бақылаусыз талан-таражға салуға және тиімсіз пайдалануға әкеліп соқты. Бұл жалпы алғанда экспорттық саладағы кәсіпорындардың басшылықтарына да, сондай-ақ еңбек ұжымдарына да қатысты.

Көптеген директорлар еркін сыртқы экономикалық байланыстар сынағынан өте алмады. Валюталық пайда көп ретте Қазақстаннан тыс жерлерде қалады. Өздерінің техникалық артта қалған өндірістерін қайта жарақтандыру үшін валюта жетіспей отырғанда, оны көпшілік қолды тауарлар және мақтаулы шетелдік маркалы қызмет бабындағы жеке автомобильдер сатып алуға дарақылықпен жұмсалып отырған фактілер аз емес. Нәтижесінде үкімет кезек күттірмес жалпы мемлекеттік қажеттерге және Қазақстанның сыртқы қарыз пайыздарын төлеуге қажетті валюталық түсімдердің тек аз ғана бөлігін алады.

Сондықтан бұл салада түбегейлі шаралардың қолданылуы кездейсоқ емес. Біріншіден, валютаның басты үлесін әкелетін стратегиялық ресурстардың ірілендірілген 15 атауының экспортқа шығарылуына мемлекеттік монополия белгіленді. Екіншіден, барлық түсім Ұлттық банкке нарық бағасына жақын баға бойынша сатылуға тиіс. Үшіншіден, экспортшы кәсіпорындар директорларына шет елдердегі барлық есепшоттарын жауып, қаржыны республикаға қайтару тапсырылды.

Жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі комиссияға тәжірибелі мамандарды тарта отырып, мұны нақтылы анықтау жүктелді. Қазір бірқатар ірі кәсіпорындардың қызметіне тексеру жүргізілуде. Жекелеген директорлардың үкіметті белсенді түрде сынға алуы дәл осы кезде басталғандығына назар аудармауға болмайды. Олардың кейбіреулері бостандығын тартып алуға әрекет жасалып жатқан құрбандық ретінде көрінбек болса, енді біреулері әртүрлі деңгейдегі Кеңестердің депутаттық мандатымен бүркемелену де. Дегенмен депутаттарға тиіспеушілік деңгейін соншалықты биіктетіп жіберген халық депутаттары туралы Заңның жекелеген ережелерін қайта қарағаны дұрыс шығар, әйтпесе олардың тарапынан құқық бұзушылыққа жол берілген жағдайда әділ сот іс жүзінде дәрменсіз болып отыр.

Әзірге ол несие ресурстарын алыпсатарлық мақсатқа пайдалана отырып және оны нысаналы бағыты бойынша жұмсамай, жағдайды көбіне тұрақсыздандырып келеді. Жеңілдетілген несие жылпос кәсіпкерлер үшін ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік құрылымдарға да жіліктің майлы басы болып отыр. Олар мемлекет үшін ешқандай пайдасыз жұмыс істеп жүрген, өздеріне жабысып айрылмай отырған коммерциялық банктерге, серіктестерге, корпорацияларға және шағын кәсіпорындарға несиені мырзалықпен таратып отыр. Ал бұлар болса мемлекеттік ресурстар негізінде алақанына ақшаны басып алып, өздеріне капитал жинап жүр. Осы қаржыларды ақшаны өтімді ету және валюталар нарқының арасындағы айырмашылық ойыны арқылы алыпсатарлыққа пайдалануда. Қаржы бақылау жөніндегі мемлекеттік комитеттің тексеруі облыстардың жартысында осындай несиелерді мақсатты түрде пайдаланбаудың өзі 1,5 млрд. сомға жеткенін анықтады. Ал шын мәнінде бұдан едәуір көп. Біздің банктердің, өкінішке орай, инвестициялық қызметтегі тәжірибесі және білікті мамандары жоқ, көбіне тіпті осы іспен айналысқысы келмейді және жылдам әрі көп кіріс беретін сауда операцияларына жұмылғанды жөн көреді.

Бұдан әрі мұндай жағдайға жол беруге болмайды. Мемлекет өндірісті құрумен және дамытумен айналысатын банктерге және басқа коммерциялық құрылымдарға басымдық беруге тиіс. Ал делдалдық операцияларға негізгі бағыт ұстаған кәсіпорындардың қолын орталықтандырылған несие ресурстарынан және инвестициялардан қаққан жөн. Оларды дамудың үкіметтік банкке шоғырландырған дұрыс. Ал мұндай банкті құру дағдарысқа қарсы бағдарламада көзделген. Тек осылай ғана басым бағыттарды қаржыландыруға мақсатты түрде несие беруді қамтамасыз ете аламыз.

Банктік қатынастар саласындағы қылмыстар бойынша жалпы шығын сомасы 11 млн. сомдай болатын 210 қылмысты іс қозғалды, банктер басқармаларының 19 төрағасы, олардың 6 орынбасары және 19 банк қызметкері сотталды. Бірақ мұның өзі құқық қорғау органдарының тек аша алғандары ғана.

Банк ісіндегі көптеген былықтар, соның ішінде тікелей қиянат жасауды қоса алғанда, Ұлттық банктің жұмысында да өзінің бастауын алып отыр. Бүгін таңда ол

өзіне тән емес көптеген қызметтерді атқара отырып, өзі жауап беретін ең басты нәрсемен — қалыпты ақша айналымын қамтамасыз етумен қанағаттанғысыз айналысып отыр. Төленбеген өтемдер мен қолма-қол ақшаның жетпеуінің дағдарысынан шығу жолын іздестірумен кім көрінген айналысып келеді. Бірақ банктер бұдан тыс қалып отыр. Оның себебін түсіну оңай. Осындай былық мемлекеттік несие ресурстарының есебінен баюға ұмтылып отырған жекелеген коммерциялық банктер үшін тиімді. Бірақ әр істің де өз шегі бар. Үкімет пен Ұлттық банктің бір-біріне сілтемеуі үшін соңғысын Министрлер кабинетінің құрамына енгізген жөн.

Сот жүйесі саласында да елеулі проблемаларды шешу қажет. Сот кеңестерінің немесе біліктілік коллегияларының ұсынысын ескере отырып, соттарды тағайындауға көшуді жағдай талап етіп отыр. Сондай-ақ әділ сот жасауға қабілетсіз немесе моральдық құқығы жоқ лауазымды адамдарды қызметтен алудың нақты процедуралары мен тұтқаларын талдап жасаған жөн.

Сессияның қарауына үкімет инфляцияға қарсы саясатты жандандыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын ұсынамын. Оны жүзеге асыру үшін ұйымдық, экономикалық және нормативтік шаралардың кең ауқымы қажет. Осыған байланысты жаңа парламентке сайлау өткізілгенге дейін үкіметке Экономикалық реформалар мәселесі бойынша жедел нормативтік актілерді қабылдау құқығын уақытша беру мәселесін қоямын. Бұл тез өзгеріп отыратын жағдайға сай іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді.

Біз түрлі себептер бойынша нарықтық қатынастарды қалыптастыруда, әлі де жанды нәтижелерге жете қойған жоқпыз. Алайда бұл қатынастардың қазірдің өзінде қоғам өмірінің барлық салаларына енгенін көрмеу мүмкін емес. Біз ескі әміршіл жүйені қиратуда алысқа кеттік. Және де кешенді нарықтық реформаларды кешіктіретін болсақ, экономиканың быт-шыты шығатын болады. Тек қана алға ілгерілеу керек.

Сыртқы экономикалық байланыстарды реттеуде де көптеген олқылықтар жіберілді. Жоғары инфляция алға тартқан жайсыз жағдайларды аңғара алмай, өткен жылдың бай астығын сәтті пайдалана алмадық. Заң шығару саласында бұл, мысалға, кәсіпорындар туралы және еркін экономикалық аймақтар туралы заңдарға қатысты. Жаңа бюджетті және салық жүйесін құру кезінде көп нәрсе орынсыз жасалды. Ал бұлардың өзі қазір де жетілдірілмей отыр.

Осының бәрі экономиканы реформалауды түсінудің жаңа, неғұрлым жоғары деңгейі пайда болған кезде көзге түсіп отыр. Сонымен бірге қалыптасу мен ізденістердің жаңа кезеңі тез өзгеріп отырған жағдай алға жаңа міндеттерді және қоғамды басқаруға жаңа талаптарды қойып отырған кезде жүріп жатыр. Басқару органдарының құрылымдарын ұдайы өзгерту және үкіметтің көп жаңаруы осыдан туындап отыр. Оның қазіргі құрамында Министрлер кабинетінің тек төрт мүшесі ғана өз қызметінде екі жыл істеуде, ал әкімшілік басшылары бұдан да аз — 1,5 жылдан ғана жұмыс істеуде. Бұдан шығатын қорытынды қарапайым — кадрларды ауыстыра беру экономиканың пайдасына шешілмейді.

Мен бүгін үкіметті бірнеше рет сынадым. Министрлер кабинетіне шын мәнінде белгіленген экономикалық реформаларды жүзеге асыруда табандылық, жүйелілік пен серпінділік жетпей отыр. Бүгінгі мәжіліске шақырылған Министрлер кабинетінің бұрынғы құрамының алдында, егер реформалау процесі субъективті немесе объективті факторларға қарамастан кез келген бағытта тежелетін болса мен ең шешуші іс-қимылдан бас тартпайтынымды айқын мәлімдеуге тиіспін.

Мұның өзі жеке лауазымды адамға да, бүкіл үкіметке де қатысты. Бірақ, екінші жағынан, орындаушы үкіметтің парасатты да прогресшіл іс-қимылы консервативтік қарсылыққа тап болатын болса, өзімде бар конституциялық барлық өкілеттіктерді дәйекті түрде алға басуды қамтамасыз ету үшін қолданатын боламын.

Қазір идеялар мен тұжырымдамалар аз ұсынылып жүрген жоқ, бірақ олардың көпшілігі абстрактылы, халық тап болып отырған проблемалардан қол үзген. Бұл жұмыста бәрімізге белгілі ақиқаттардың төңірегінде теориялық пікірталас туғызу емес, қайта бізге сындарлы да жасампаз бастаулар қажет. Жақсы ойлар шынайы практикада өзінің нақты шешімін табуы үшін өз ісін бүге-шүгесіне дейін білетін ұйымдастырушыларды дайындау және тәрбиелеу керек.

Бұл мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлеріне белгілі бір жеңілдіктер береді, олардың өз қызмет жағдайын қадірлеуіне және материалдық тұрғыдан тәуелсіз болуына септігін тигізді. Мұның өзі жағдайды өзгертуге қабілетті шын мәнінде байыпты заң болады. Сонымен бірге аппараттың адам санын объективті түрде қажетті ең аз шамаға дейін қысқарту жөнінде барлық шараларды қолдану қажет. Сонымен қатар өкімет органдарының әртүрлі тармақтарындағы лауазым иелеріне окладтарды белгілі бір қызметкердің нақты үлесін ескерместен өз бетімен тағайындаудың қалыптасқан кесірлі тәртібін жою керек.

Жергілікті жерлерде Кеңестердің өздері емес, қайта олардың төрағалары өкілетті орган болып табылатын фактілер аз емес. Сондықтан ауылдың, селоның, поселкенің деңгейінде аудандық әкімшіліктің басшысы тағайындайтын бір лауазымды адамның — жергілікті әкімінің болғаны жөн. Қаладағы аудандар деңгейінде де осындай тәсіл ұсынылады. Бұл орайда жергілікті өкілетті және атқару органдарының мемлекеттің атқару өкіметінің біртұтас жүйесіне енгені де маңызды. Мұның өзі жергілікті жерлерге қос билікке ерік бермес еді. Бұған өтпелі кезеңде жол беру жөнсіз.

Осыған байланысты Конституция жобасын талқылау кезінде айтылғандай, келесі жылдың өзінде барлық деңгейдегі өкілетті органдардың сайлау науқанын өткізу үшін осы сессияның өзінде «Сайлау туралы кодексті» қарап, қабылдау жөнінде ұсыныс жасады.

Нарықтық инфрақұрылымды жасау, Қазақстан егемендігін нақтылы мазмұнмен толықтыру, оның экономикалық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін күшейту мемлекеттік басқару органдары қызметінің өзегі болды. Біз қаныққан ішкі нарықты құруға ұмтылып отырмыз. Сонымен бірге Қазақстанды және оның экономикасын мемлекетаралық болжап білуге болмайтын қатынастардан қорғайтын жағдайды жасап отырмыз. Біз басқа мемлекеттермен өзімізге бір жақты танылатын шарттар негізінде емес, қайта өзара тиімді негізде қарым-қатынастарды орнықтыратын боламыз. Міндет түсінікті, бірақ оның қарапайым да тез шешімі жоқ. Экономикалық қалпына келуге, адамдардың тұрмысын жақсартуға, мемлекеттікті нығайтуға қарай Қазақстан ілгері жүретін нақты қарқындар, сайып келгенде, қазақстандықтардың келісілген және тиімді еңбек етуге деген шешімі мен ерік-жігерімен байланысты.

Республиканың алдында тұрған проблемаларды тек қана бірлесіп, тек ортақ нысаналы іс-қимыл арқылы ғана жеңуге болады. Бұл орайда, ең алдымен, бүкіл қоғамның мүдделері мен игілігі, Қазақстанның басталған реформалар жолымен ілгерілеуі жөнінде қамқорлық жасағаң жөн.

Ұлттық валютаны енгізу мәселелері жөніндегі республикалық кеңесте сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1993 жылдың 9 қарашасы

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Бүгін біз өздеріңізге белгілі себептерге байланысты бас қосып отырмыз. Ресеймен арадағы екіжақты келісімдер бұрынырақтағы жоғары деңгейдегі уағдаластықтарға қарамастан, іске асырылуы тұрғысынан қазіргі таңда нәтижесіз болып отыр. Әрі ол біздің кінәміз емес. Ақша жүйелерін біріктірудің бізге ұсынылған шарттары мүлде қабылдауға келмейді. Сіздер онымен келісесіздер деп ойлаймын. Демек, таяу уақытта Қазақстанда 1993 жылғы үлгідегі Ресей Федерациясының Орталық банкінің банкноттарын енгізу өз-өзінен қажетсіз болып қалады.

Осыған байланысты, біз өз валютамызға қалыпты жағдайда көшу үшін бірқатар түбегейлі шараларды жүзеге асыруымыз керек. Ең алдымен, олар қазірше республикада қолданыста жүрген нақты ақшаның айналымын ретке келтірумен байланысты. Қарастырылған және бүгінге дейін іске асырылған іс-шаралар қазіргі таңда тым тиімсіз әрі өте жеткіліксіз. Бұл бірнеше факторларға байланысты, солардың арасындағы бастылары мыналар сияқты.

Біріншіден, қазір толық негізде «басқыншылығы» туралы айтуға болады. Өз ұлттық валюталарын енгізген немесе енгізу туралы мәлімдеген мемлекеттерден ескі үлгідегі банкноттарды рұқсатсыз республикаға тасу басталды.

Екіншіден, көптеген коммерциялық құрылымдар орын алуы мүмкін ақша реформаларын күткендіктен, ірі көлемдегі нақты ақшаны қолма-қол ақшасыз шоттарға аударып жатыр немесе ендігі аударып та жіберді. Турасын айтатын болсақ, ол ақшалар қылмыстық операциялардың нәтижесінде алынған және мемлекет белгілеген салықтар төленбестен, құқық қорғау және салық қызметтерінің жол беруінің арқасында айналымда жүрген.

Үшіншіден, әрі ең маңыздысы инфляция қарқыны. Ресейде оларды шығару тоқтатылғандықтан, ескі үлгідегі банкноттардың жаңа партияларымен нақты жағдайда оны ауыдықтау мүмкін емес.

Сондықтан да, сіздер мен біздердің валютаны айырбастау мен ұлттық валютамыздың жұмыс істеуі жағдайындағы стратегиямыз бен тактикамызды анықтап алуымыз керек.

Айырбастаудың тәртібін қамтамасыз ету мен шарттарын сақтаудың тетіктері айқындалды, бірінші кезекті құқықтық актілері қолданысқа енгізілуде. Жергілікті әкімшіліктер басшыларының осынау аса маңызды саяси және әлеуметтік-экономикалық шараны өткізу кезіндегі міндеттері егжей-тегжейлі айқындалды.

Осы бір күрделі кезеңде бір Үкіметтің, Ұлттық банктің және барлық атқарушы билік органдары жүйесінің іс-қимылын мейлінше біріктіруге және үйлестіруге, сөйтіп, ұйымдастырушылық тұрғыдан ешқандай ақау жібермеуге тиіспіз. Мен баршаңыздың осы шараны табысты өткізу үшін төтенше жауапкершілік жүктелетініне түсіністікпен қарап, бұндай оқиғаның мемлекет тарихында бір-ақ рет болатындықтан жаңсақтық пен қателікке жол бере алмайтынымызды ұғынуға шақырамын. Бастапқыда біздің бар күш-жігеріміз ұлттық валютаның тұрлаулы

қызмет атқаруын қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс. Ең бастысы, біздің тікелей міндеттеріміз — бар жұмысты халық үшін ешқандай қиындық тумайтындай, азаматтардың кез-келген наразылығына, әсіресе жасыратын несі бар, қазірдің өзінде бой көрсете бастаған әлеуметтік шиеленіске жол бермейтіндей етіп құруымыз қажет.

Іс-жүзінде бұл жұмыс менің «Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы» Жарлығым мен осы мәселе жөніндегі Министрлер кабинетінің қаулысы шыққалы бері басталып кетті. Бұл құжаттар облыстық, қалалық және аудандық әкімшіліктерге үлкен рөл бөліп отыр. Атап айтқанда, оларға арнаулы шоттарға аударылған қаражаттың алынған көздері мен шығу тегінің заңдылығын тексеру үшін арнайы комиссиялар құру тапсырылған. Ол комиссиялар Жарлықта айқындалған адамдардан құрылып, осы аптаның соңынан кешікпей жұмысқа кірісуге тиісті. Қаражаттың уақытша жолын жабу, сөз жоқ, белгілі бір адамдар мен кәсіпкерлер тобының, бірінші кезекте, жұмсартып айтқанда, заңсыз жолмен тапқан қолма-қол ақшасын заңдастыруға мүдделі бөлігінің, қабылданып отырған шараларға деген сындары мен наразылығын туғызатыны түсінікті. Бірақ, адал жұмыс істейтін кәсіпорындар мен коммерциялық құрылымдарларға артық қиындықтар келтірмеу үшін уақытша жолы жабылған сомаға ұсынылған құжаттар негізінде, ешқандай созбаламастан жедел шешім қабылдау қажет.

Валютаны айырбастау жай жағдайда жүргізілетіндіктен де, дайындық іс-құралдарының жалпы алғандағы бүкіл кешені сияқты, комиссияның жұмысын да дереу өрістету қажет. Кез келген, тіпті ең демократиялы деген мемлекеттің өзі, бұндай шараның кезінде кездейсоқ та, мемлекетке нұқсан келтіре алатын қасақана ұйымдастырылған жағдайларды болдырмау үшін құпиялықтың жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуге тырысатынын атап өткім келеді. Осыған орай, белгілі бір уақытқа дейін біз халыққа барлық жағдайды жайып сала алмаймыз. Біздің қиындығымыз, ақша айырбастаудың экономиканың құлдырап, инфляциясының өсуі, ақша айналымының толық күйреуі жағдайында жүргізілуімен де еселене түспек. Ұлттық валюта қыста, былай айтқанда, шағынды жағдайда іске қосылады. Жекелеген аудандарға, әсіресе шаруашылықтар мен олардың бөлімшелеріне, фермаларға, шопандар қыстауларына жету қиындап кетуі мүмкін.

Солай бола тұрса да, бұл шара шектеулі уақыт кезеңінде жүзеге асырылуы керек. Бізге ескі банкноттарды инкассация кезінде алып қалу арқылы біртіндеп айырбастау нұсқасы мүлде жарамайды. Әрине, бұның бәрі тәуекел факторын күшейтіп, біздің жұмысымызды қиындатады.

Әрине, біз болуы мүмкін оқиғалардың барлық қалтарыстары мен бұлтарыстарын ескеруге тырысамыз. Қаржыгерлермен және банк мамандарымен валюта енгізудің әрқилы схемалары қарастырылды. Кей жерлерде қолданылып жүрген аралық валюта дегенді уақытша енгізу нұсқасы да қарастырылған, бірақ одан бас тартылды. Валюталық реттеу, басқа мемлекеттердің валютасына байланысты ұлттық валютаның және оны айырбастаудың бағасын айқындау тетіктерін әзірлеу аяқталып келеді. Батыстың фирмаларымен және халықаралық қаржы ұйымдарымен ұлттық валютаны шығару мен оның қызмет атқаруының техникалық мәселелері жөніндегі жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Мен Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрдым. Оған төтенше функциялар жүктелетін болады. Олардың бастылары мыналар:

- ақша айырбасының негізгі қағидаттары, тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, ұлттық валютаны енгізу тетіктерін айқындау және пысықтау;

- ұлттық валютаны енгізу жөніндегі іс-шараларды дайындау мен өткізуге тартылған мемлекеттік және өзге де құрылымдар қызметін ұйымдастыру мен тікелей басқару және оның қалыпты қызмет атқаруын қамтамасыз ету жөніндегі тиісті жедел шараларды қабылдау;

- ұлттық валютаны енгізу жөніндегі Қазақстан Республикасының ақша және қаржы жағдайларына бақылауды жүзеге асыру;

- жергілікті жерлерде Мемлекеттік комиссияның өкілетті уәкілдерін тағайындау және олардың функцияларын, міндеттері мен өкілеттіктерін айқындау.

Комиссияның қызметі тек қана ақша айырбастау іс-шараларымен шектелмейді. Ұлттық валютаны қолдау мен инфляцияға қарсы шараларды жүзеге асыруға бағытталған республиканың жаңа, неғұрлым қатаң ақша-несие және бюджет саясаты бекітіліп, іске асырыла бастаған кезде де комиссия жұмысы жалғасын табады деп ойлаймын.

Бюджет, салық, несие және валюта саясатын өзгерту мен түзету жөніндегі аталған жоспарлар мен ниеттеріміздің бәрі, атқарылған жұмыстардың қорытындылары желтоқсанда республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында баяндалатын болады.

Мемлекеттік комиссияға жүктелген міндеттерді орындау үшін, ол өз қызметінің бастапқы кезеңінде-ақ, ұлттық валютаны енгізуге қатысты мәселелер бойынша меншік нысанына қарамастан, барлық мемлекеттік басқару органдары, атқарушы биліктің жергілікті органдары, банк мекемелері, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін орындауға міндетті шешімдер қабылдау құқығына ие болуы керек. Ол шешімдер Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы тұрғындар үшін де міндетті болуға тиіс.

Нақ осы комиссия, Президенттің тапсырмасы бойынша, КСРО Мемлекеттік банкі мен 1961–1992 жылдардағы үлгідегі Ресей банкінің қазынашылық және банктік билеттерін ұлттық валютаға айырбастаудың мерзімі мен шарттарын да айқындайды. Ол, сонымен қатар, қолма-қол ақшаны айырбастаудың, шоттардағы қаражаттарды, заңды және жеке тұлғалардың салымдарын, төлем құжаттарын, мемлекеттік және өзге де борышкерлік міндеттемелерді, сондай-ақ бағалы қағаздарды, кепілдемелерді, пайыздар мен басқа да рубльдік міндеттемелерді қайта есептеуді ескеруге және олардың техниканың рәсімдеуін әзірлеуге міндетті.

Комиссия ұлттық валютаны Ресей Федерациясының рубліне және басқа мемлекеттер валюталарының Қазақстан Республикасының аумағындағы айырбастау бағасына қатысты мәселелерді реттеу және, қажет болған жағдайда, ұлттық валютаны енгізуге байланысты іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс органын құру құқығына ие болуы керек.

Республиканың ақша қатынасын реттейтін қолданыстағы заңнамасы негізінен ескі үлгідегі банкноттарды қолма-қол айналымда пайдалануға бағытталған. Тек «Ұлттық банк туралы» заңда ғана өзгешелік бар. Онда Ұлттық банктің Қазақстан Республикасының өз валютасын реттеу салаларындағы кейбір құқықтары қарастырылған. Сондықтан да, ұлттық валютаның төтенше жағдайларда енгізіліп жатқанын ескере отырып, Мемлекеттік комиссияға, қажеттілік туындаған жағдайда, валюталық реттеу мен ақша айналымына қатысты бөлігінде жекелеген заңнамалық жеке нормативтік актілердің қолданысын тоқтата тұру құқығын беру өте қажет. Қазір

біз нақты қандай актілерді немесе жекелеген ережелердің қолданысын тоқтата тұру керек екенін дәл анықтай алмаймыз, алайда сондай құқықты пайдаланудың қажеттілігі құқығы пайда болуы мүмкін.

Мемлекеттік комиссияның ұлттық валютаны енгізу мен оның айналымына кедергі келтіретін іс-әрекеттері үшін кез келген маңызды тұлғаны жұмысынан шығару немесе міндеттерін орындаудан босату туралы ұсыныс енгізу құқығы болуға тиіс.

Президенттің ұлттық валютаны енгізу туралы Жарлығы ресми жариялағаннан кейін «Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның өкілетті уәкілдері туралы» шешім қабылдау көзделіп отыр. Ол шешім бойынша мемлекеттік комиссияның жергілікті жерлердегі жоғарыда аталған уәкілдері болып облыстық, аудандық және қалалық әкімшіліктердің басшылары тағайындалмақ.

Өкілетті уәкілдердің басты міндеті — Ұлттық банк мекемелеріне валютаны енгізу және ақша айырбастауды белгіленген мерзімде ұйымшылдықпен өткізуге жанжақты көмек көрсету. Бұл жерде Ұлттық банк мекемелерінің қызметіне араласпау, оның іс-әрекетін басқарып, билеп-төстеуге тырыспау, керісінше, оған жәрдемдесу, ұйымдық мәселелерді шешуді өз мойына алу, үйлестірушісіне айналу, іс-жүзінде барлық кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде жүзеге асырылатын күрделі де сан салалы осы жұмыстың өзегіне айналу.

Сөйтіп, Ұлттық банктің облыстардағы мекемелерінің іс-әрекеті Мемлекеттік комиссия мен Ұлттық банктің тиісті құжаттарымен реттелетін болады. Егер де оларды түзету қажеттілігі туындап жатса, ол орталықтандырылған түрде жасалатын болады.

Мемлекеттік комиссияның өкілетті уәкілдеріне ақша айырбастаудың белгіленген тәртібінің сақталуын, өңірлерде сауда мен ақша операцияларын жүргізу ережелерін, сондай-ақ экономика, қаржы және құқық қорғау органдарын тарта отырып, ұлттық валютада баға қалыптастыру ережелерін сақтауға жалпы бақылауды жүзеге асыру құқығы берілген.

Оларға ұлттық валюта мен ескі үлгідегі банкноттар айналыста қатар жүрген кездегі баға масштабының сәйкессіздігі, ұлттық валютаға тауар босатудан бас тарту фактілері бойынша айыппұл салу құқығын берген дұрыс деп есептеймін. Шетел валюталарымен операция жүргізуге лицензиясы жоқ ұйымдардың тауарларды шетел валютасына, Ресей Федерациясының рублін қоса алғанда, сатқан жағдайларда да жаза қолданылуы керек. Жаңа валюта елдің ақша айналымындағы өз орын алғанға дейін қолдаудың қатаң әкімшілік шараларына мұқтаж болатыны түсінікті.

Бөлшек сауда, ақылы қызмет көрсету саласы, жолаушылар көлігі және байланыс мекемелері мен ұйымдарының жұмыс кестесін қасақана тоқтату немесе өзгертудің барлық оқиғаларының батыл жолы кесілуге тиіс.

Мемлекеттік комиссия өкілдеріне — әкімшіліктер басшыларына Мемлекеттік комиссия қаулыларын орындамаған немесе бұзған жағдайда кез келген лауазымды тұлғаны бір ай мерзімге жұмыстан шектету құқығын беру сияқты қадамға саналы түрде баруға болады.

Ұлттық банк те облыстық басқармаларға өз өкілдерін тағайындауға тиіс.

1991 жылы 100 және 50 рубльдік купюраларды айырбастау, сондай-ақ бұрынғы Одақ елдеріндегі Ұлттық валюта енгізу тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, ескі үлгідегі банкноттарды ұлттық валютаға айырбастау үдерісінің өзін дәл

ұйымдастыруға айрықша үлкен мән берілуі керек. Ол халық үшін, жұмыс істейтін және істемейтін жеке тұлғаларға қолайлы болуға тиіс.

Кәсіпорындар мен ұйымдарда солар арқылы ғана белгіленген норматив мөлшерінде және тек бір рет ақша айырбастауға қол жеткізуге болатын айырбастау комиссиялары құрылуы керек. Айырбастау комиссияларын, әсіресе, алыс аудандар мен шаруашылықтарда, уақтылы құру мен оның кідіріссіз жұмысын ұйымдастыруға назар аударуды сұраймын.

Қашанғыдай басты назарда зейнеткерлер болуға тиіс. Олар үшін банкноттар айырбасы жинақ банкінің мекемелері мен Байланыс министрлігінің кәсіпорындарында жүргізіледі. Ол мекемелерді дер кезінде орталықтандырылған түрде бекітіп беруді, тәртіпті сақтауды назардан шығармаған жөн. Барлық зейнеткерлерге кезексіз және «итермелеусіз», белгіленген лимит шегінде ақшаларын ауыстыруға мүмкіндік туғызылатынын барлығына ертерек түсіндіру керек.

Жұмыс істемейтін адамдар мен шағын кәсіпорындар үшін айырбастау комиссиялары жергілікті әкімшіліктің жанынан құрылуға тиіс.

Барлық деңгейдегі әкімшіліктер басшылары жаңа валютаның да, айналымнан шығарылған банкноттардың да тасымалы мен сақталуын күзетпен қамтамасыз етулері қажет. Біздің есебіміз бойынша, 1,3 трлн. жуық рублді қабылдап, Ресейдің Орталық банкіне өткізуіміз тура келеді.

Ең соңында, халық арасында дереу түсіндіру жұмыстарын өрістетудің маңыздылығы мен қажеттілігіне айрықша назар аударғым келеді. Ешқандай да жұмысбастылыққа қарамастан, мамандарды, барлық дәрежедегі басшыларды, қолда бар барлық насихатшылар әлеуетін осы кең ауқымды іске тарту керек. Орталық та, жергілікті де, баспасөз толық көлемде атсалысуға тиіс. Республикалық Мемлекеттік комиссияның өкілетті уәкілдері мен әкімшіліктердің басшылары оларға бағыт-бағдар беріп, жергілікті жерлерде әдістемелік көмек көрсетуге тиіс.

Тағы бір мәрте сіздерге өтінішпен, ал керек десеңіздер талаппен үн қатқым келеді. Ұлттық валютаға көшу кезінде және одан кейін де республикадағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты, азаматтарымыздың ертеңгі күнге деген сенімі мен тыныштығын қамтамасыз етуге бар күш-жігеріңізді жұмылдырыңыздар. Министрліктерге, ведомстволарға, әкімдерге айрықша дербес жауапкершілік жүктелсін.

Осынау республика үшін өмірлік маңызы бар істі табысты өткізуге бардық жағдай да, мүмкіндіктеріміз де толық жетеді деп сенемін. Ұлттық валютаны енгізу реформаларды тежемеуге, керісінше, оларды қарқындатуға пайдаланылуы керек.

Ұлттық валютаның енгізілуіне байланысты Қазақ теледидары арқылы үндеуі

Алматы қаласы, 1993 жылдың 12 қарашасы

Қымбатты отандастар!

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Жоғарғы Кеңестің маған берген өкілеттігіне сәйкес мен 15 қараша күні сағат 8-ден бастап елімізде ұлттық валюта — теңгені енгізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Осы сәттен бастап тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы мен дамуының жаңа, шын мәніндегі өзгерістер кезеңі басталады. Мұндай оқиға әр елдің тарихында тек бір-ақ рет болады. Баршамыз өзіміздің ұлттық валютамызды енгізудің қаншалықты қажеттілігін және жағдайдың төтенше сипаты мен себептерін түсіне білуіміз керек. Біз үшін оның экономикалық қана емес, саяси маңызы да аса зор.

Бәріңізге белгілі, Президенттің, парламенттің және үкіметтің ұстанған бағыты өзара тиімді ынтымақтастықтың артықшылықтарын барынша пайдалануға мүмкіндік беретін Достастық елдеріндегі экономиканы интеграциялауға бағытталған болатын. Бүгін Қазақстанды осы стратегиялық жолдан бұрылып кетті деп ешкім кінәлай алмайды.

Біз жаңа тұрпаттағы сом аймағын құру жөнінде бастама көтердік. Бірлескен күш-жігердің нәтижесінде мүдделі мемлекеттер басшылығының жоғары деңгейінде тиісті құжаттарға қол қойылды. Мен бұл жерде 7-інші тамыздағы Ресей, Қазақстан және Өзбекстан президенттерінің мәлімдемесін, жаңа тұрпаттағы сом аймағын құру жөніндегі практикалық шаралар туралы 7 қыркүйектегі алты жақты келісімді және Қазақстан ақша жүйесі мен Ресей Федерациясының ақша жүйесін біріктіру туралы 23-інші қыркүйектегі екі жақты келісімді айтып отырмын. Ал күні кешегіге дейін Ресей басшылығы республика тең құқылық негізде жаңа сом аймағына кіретін болады деп Қазақстанды қайта-қайта сендірумен келді. Тең құқылық негіз ағымдағы, сонымен бірге алыс болашақтағы экономикалық, саяси, геосаяси, тарихи сипаттағы өзара мүдделіліктің ескерілуін көздеген. Өкінішке орай, біздің қарым-қатынасымыздағы бұл аспектілерді бүгін көбісі ескермей отыр. Келісімге келе алмауымыздың басты себептері осында.

Бірақ осы келісімдерді нақты жүзеге асыру туралы екі жақты қызу өрбіген келіссөздер барысында республиканың экономикалық егемендігін шектейтін жаңа талаптар қойыла бастады. Сонымен қатар ескі үлгідегі қолда бар ақшаның Қазақстанға ағылуы, бірқатар мемлекеттер территориясында оны пайдаланудың неғайбылдығы қазан айының аяғында республиканың ақша жүйесіне кеселін тигізді, инфляцияны одан әрі ушықтырды, «қазақстандық» және ресейлік сомдардың сатып алу қабілеті едәуір алшақтады.

Бұлай жалғаса беруі мүмкін емес. Біз осы жағдайды тағы да мұқият таразылай отырып, өз валютамызды енгізуге шешім қабылдадық. Бұл Экономикалық одақ туралы келісімнің негізгі ережелеріне қайшы келмейді. Ашық принциптерімізді басшылыққа ала отырып, біз осы қадамдарымыз туралы Ресейді, Достастықтың басқа да мемлекеттерін дер кезінде хабардар еттік.

Бірегей ақша жүйесінің Қазақстанның ғана емес, Ресейдің де экономикалық және саяси мүддесіне сай келетініне қазір де көзім толық жетіп отыр. Өкінішке орай, стратегиялық мүдделер кейінге сырғытылды, қалыптасқан жағдайға байланысты мәжбүр болып отырған бөліну мен өз валютамызды енгізу арқылы баршамыздың интеграцияға қарай бет алуымызға тура келеді.

Сондықтан ұлттық валютаны енгізу туралы мен қабылдаған шешім — орын алған жағдайдан шығудың бірден-бір жолы.

Соңғы жылдары өріс алған оқиғалар республиканың жеке ақша жүйесін орнықтыру жолдарын дайындауға міндеттеді. Біз басқа елдердегі, оның ішінде Достастық — мемлекеттеріндегі ақша реформаларын жүргізу мен ұлттық валюталарды енгізу тәжірибелерін ескердік. Тиянақты экономикалық дайындықтар жүргізілді, процестің ықтималдық дамуына сараптық және болжамдық бағалар берілді. Ақша таңбаларының жаңа үлгілері жасалды, Ұлттық банк пен үкімет дереу ұлттық валютаның банкноттарын дайындады.

Біздің алдымызда тұрған ендігі міндет — теңгенің тұрақтылығы мен жоғары сатып алу қабілетін қамтамасыз ету, реформаны жүргізуде берекесіздікке жол бермеу, мүмкін болатын әлеуметтік шығындарды барынша қысқарту.

Осы мақсатта мен 3 қарашада ұлттық валютаны енгізу жөніндегі тұрғылықты жерлердегі өкілетті өкілдері бар Мемлекеттік комиссия құрдым. Оларға қысқа мерзім ішінде барлық қажетті нормативтік бағаларды дайындау тапсырылды, ұйымдық мәселелерді шешу құқығы берілді. Комиссия валюта рыногының жұмыс істеу механизмін, Қазақстан кәсіпорындары мен бұрынғы сом аймағындағы елдер арасындағы төлем тәртібін айқындауға, халықтың ақша ауыстыру жағдайын жеңілдетуге айрықша көңіл бөледі.

Қазірдің өзінде көп нәрсе істелді. Мемлекеттік комиссия теңгені ұйымшылдықпен енгізудің және ескі үлгідегі банкноттарды айырбастаудың принциптерін, тәртібі мен жағдайын айқындайтын құжаттарды бекітті. Ертең бұлар республикалық және жергілікті баспасөз беттерінде жарияланатын болады. Сондай-ақ жергілікті жерлердегі өкіметтің атқарушы органдарына олардың осы жұмыстарға тікелей араласуына, халықтың барлық топтары мен категориялары, оның ішінде шалғай және барып-келуі қиын елді мекендерде, өндіріс учаскелерінде тұратындар үшін ақша айырбастауды қамтамасыз етудің қажеттілігі жөнінде нұсқаулар берілді.

Ақша айырбастау тәртібін бүге-шігесіне дейін талдап жатпаймын. Бұл туралы ертең анық-қанығына жетесіздер. Тек айтарым: 1961–1992 жылдардағы сом үлгілерінің 500 сомы бір теңгеге тең болады. 16 жастан асқан, Қазақстан территориясында тұрақты тұратын адамға 100 мың сомға дейін айырбастауға мүмкіндік беріледі. Ал айналымға түспей, күмәнді жолмен келіп, «бөгіп» жатқан ақша топанының алдын алу үшін, сонымен бірге сырттан ағылған ақшаға, лимиттен асып кеткен қолда бар сомдарға тосқауыл қою үшін олар банкілердің арнаулы есепшоттарына тіркеледі. Әрине, мұның бәрі, жұмсартып айтқанда, басқа жолдармен келген қолда бар ақшаларынан «құтылғысы» келетін белгілі бір адамдардың, қылмысты топтарының наразылығын туғызуы мүмкін. Ал бұл ақшаларды заңды жолмен тапқан адамдар, 5 қарашадағы «Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» менің Жарлығыма сәйкес құрылған арнаулы комиссияның шешімі бойынша заңдылығы тексерілгеннен кейін көп ұзамай ала алатын бола-

ды. Бұл шаралар халықтың басым көпшілігінің мүддесіне қайшы келмейді деп ойлаймын.

Кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде жұмыс істейтіндер үшін ақша айырбастау жұмыс орындарында жүргізіледі, ол үшін барлық кәсіпорындарда, ұйымдарда және мекемелерде айырбастау комиссиясын құру көзделіп отыр. Ескі банкноттарды айырбастау белгіленген норматив шеңберінде және тек бір рет қана жүргізіледі. Жұмыс істемейтін зейнеткерлерге барынша көңіл бөлінетін болады, олар үшін ақша айырбастау зейнетақы алатын жерлерде ұйымдастырылады. Мемлекеттік комиссияларға және құқық сақтау органдарына жаңа валютамен зейнетақы төлеу жөніндегі мекемелердің үздіксіз жұмыс істеуін қадағалау және ол жерлерде тәртіп сақтау туралы нұсқаулар берілді. Осы кезеңде өзінің тұратын жерінен немесе жұмыс орнынан тыс жүрген адамдарда да ақшаларын айырбастай алады. Белгіленген тәртіп бойынша халықтың банкілерде сақтаулы жатқан ақшалары банкідегі курс бойынша айырбасталады. Халықтың жекелеген категориялары үшін айырбастау комиссиялары жергілікті әкімшіліктердің жанынан құрылады.

Кәсіпорындар мен бөлшек сауда, ақылы қызмет көрсету салалары, жолаушы көлігі мен байланыс мекемелерінің жұмысын қасақана тоқтату немесе тәртібін өзгерту жағдайларына қатаң тосқауыл қойылуы керек. Мемлекеттік комиссия өкілдеріне мұндай тәртіп бұзушылық пен қиянатшылдықтың алдын алу үшін кең өкілеттіктер берілген.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың және банкілердің басшылары баланстарды, есеп-шоттарды, салынған ақшаларды және басқа да сомдық міндеттемелерді есептеу үшін көп жұмыстар атқаруы керек. Осы соңғы екі аптаның ішінде Қазақстанның Ресей мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық туралы бұдан бұрынғы келісімдерге қосымша ұлттық валюталарды енгізуге байланысты үкіметтер мен орталық банкілер арасында өзара міндеттемелер және өзара қолдау туралы, саудасыз төлем және басқа мәселелер туралы келісімдер жасалды.

Әрине, бізге өндірістің құлдырауын тоқтатып, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартқаннан кейін, ақша жүйесін тұрақтандырып барып өз валютамызды енгізген жеңіл болған болар еді. Қыстың көзі қырауда реформа жүргізудің шығынға әкеп соғатын белгілі бір қиындықтары бар. Бірақ шегінер жер жоқ.

Қандай бір күрделі жағдай болмасын, біз әлеуметтік-экономикалық реформа бағытын жалғастыруға міндеттіміз. Бірақ бұған тактикалық тұрғыдан жаңаша мән беру керек. Ақша ауыстыру, былай қарағанда, техникалық мәселеге көп жуықтайды. Бізді басқа қиындықтар күтіп тұр: алғашқы күннен бастап теңгені алтынмен, валютамен және тауарлармен қамтамасыз ете отырып, оны өз деңгейінде ұстауымыз керек. Бұл жерде көп нәрсе үкіметтің және Ұлттық банктің, жергілікті жерлердегі басқару органдары мен кәсіпорындардың сауатты да тындырымды жұмыстарына байланысты. Яғни сіздер мен біздерге байланысты. Енді сыртқы факторларға, басқа мемлекеттерде қабылданатын шешімдердің сәйкессіздігіне сілтеме жасауға негіз жоқ. Экономикалық саясаттың жалпы бағыты, бір жағынан, мемлекеттің шектеулі ақша-несиесі мен бюджет-салық саясатын қатаң әрі дәйекті жүргізуге, ал екінші жағынан, кәсіпорындар мен барлық шаруашылық субъектілерінің өз қызметтеріндегі табыстары үшін жауапкершілігін арттыруға келіп саяды.

Үкіметтің алдына парламентке жаңа жағдайдағы іс-қимылдың бір ізге түсірілген жоспарын ұсыну міндеті қойылды. Несие берудегі жүгенсіздікке ендігі жерде тосқауыл қоятын уақыт жетті. Ақшаны тұрақтандыру үшін белгілі бір уақыт аралығында «түкке тұрғысыз» несиелер беруді тоқтата тұратын жағдайға келдік.

Бюджет саласында салық жүйесінің тиімділігі мен ынталандырушылық рөлін арттырған жөн болады, бюджетке салық жиынының толық түсуін қамтамасыз ету қажет. Бюджет қаражатын қатаң түрде үнемдеудің тәртібіне шындап көшіп, табыс деңгейін сұранымға ие тауарлар шығарудың арттырылуына тәуелді етіп қою керек. Сонымен бірге, бүгінгі күннің мүддесіне сай келмейтін жадағай талаптардан бас тарта отырып, бюджетке ауқымды, оның үстіне өзін-өзі ақтай бермейтін әлеуметтік салмақты барынша төмендету керек. Өз валютамыздың жағдайында ақшаның жаппай құнсыздануына әкеліп соғатын қаржы саясатын бұдан былай жалғастыруға ешқандай негіз жоқ.

Ішкі валюталық рынокты қалыптастыру мен дамытудың қажеттілігі шұғыл артып отыр. Теңгенің нарқын айқындайтын тиімді механизм жасап, оны тұрақты деңгейде ұстап тұру керек. Жуық арада теңгені басқа мемлекеттердің валюталарына айырбастау ұйымдастырылады. Валюталық рынокты ұйымдастыру біздің экспортты ынталандырып, ал экспорт болса, өз кезегінде біздің ақшамызды күшейте түсуі тиіс.

Қымбатты қазақстандықтар!

Өз валютамызды енгізу — біздің халықтарымызды бөлетін ТМД елдері арасына қойылған ешқандай жасанды кедергі болып табылмайтынын ашық мәлімдеймін. Тауарлардың, адамдардың барыс-келісінің, капиталдың өзара еркін қозғалысына да тосқауыл болмайды. Бұған қоса, Қазақстан-Ресей келіссөздері барысында Ресейдің үкіметі мен Орталық банкісі біздегі ақша реформасына байланысты Қазақстанға техникалық және басқа да көмектер беруге міндеттеме қабылдады.

Қазақстан валютасын қолдау туралы Халықаралық валюта қорымен, Бүкіл дүниежүзілік, Еуропа қайта құру және даму банкі мен Азия даму банкімен, сондай-ақ әлемнің бірқатар дамыған елдерінің үкіметтерімен келісімге қол жетті.

Бүгін теңгеміз соңғы екі жылдың ішінде қалыптасқан 700 млн.нан астам АҚШ долларының сомасында өзіміздің алтын-валюта резервімізбен қамтамасыз етіліп отыр. Бұл басқа валюталарға қарағанда тұрақты курсты сақтау үшін алғышарттар жасайды, әрине, егер қатаң түрде ақша-несие, бюджеттік-салық саясатын жүргізген жағдайда ғана.

Қазақстанның ұлттық валютаға көшуі бұрынғыдан да нақты әрі тәуелсіз жоспар бойынша әлеуметтік-экономикалық реформалар бағытын жалғастыруға мүмкіндік береді. Ақша реформасын дәйекті жүргізу бізге көп ұлтты Қазақстан халқының тұрмыс жағдайын бірте-бірте жақсартуға көмектеседі.

Мен республиканың барлық азаматтарын тыныштық пен шыдамдылық сақтауға, ертеңгі күнге сенім артуға шақырамын. Қазірдің өзінде пайда бола бастаған қайдағы бір өсек-аяңдарға, ойдан шығарылған жел сөздерге ермеңіздер. Бұл жерде бұқаралық ақпарат құралдарына жүктелер жауапкершіліктер де зор. Кейбір газеттер мен өздерін тәуелсізбіз деп санайтын телебағдарламалардың өсек-аяңдарды таратқанынан зиян келмесе еш пайда болмайтыны белгілі. Бұл өздерінің жеке бастарының қамын немесе амбициялық мақсатын көздейтін жат пиғылдылар мен саяси қаскөйлер үшін ғана қолайлы.

Олар бәріміз үшін сын болып отырған осы кезеңде өзіміз таңдап алған саяси және экономикалық бағытымызға сенімсіздік тудыруға, әлеуметтік жағдайды күрделендіруге ғана тырыспайды, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы тату көршілік қарым-қатынастарға да көлеңкелерін түсіреді. Бұған біз жол бермеуіміз керек.

Қазақстан Экономикалық одақты нығайтуға және ТМД халықтарын жақындастыруға барлық күш-жігерлерін жұмсай береді.

Жағдайды ушықтыратын, қоғамға және әрбір адамға қиянат жасайтын кезкелген әрекет мемлекетке қарсы жасалған зұлымдық ретінде бағаланатынын, ал кінәлілер — заңның ең қатал түрімен жауапқа тартылатынын ескерткім келеді.

Ұлттық валютаны енгізуді барынша ұйымшылдықпен жүргізу және осымен байланысты шаралар кешенін қамтамасыз ету үшін облыс, қала және аудан әкімдеріне, министрліктер мен ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларына жеке жауапкершіліктер жүктеймін.

Президент, үкімет және Жоғарғы Кеңес ешкімнің де азаматтық құқығы тұрғысынан қысымшылық көрмеуіне, өз еңбегімен тапқан қаржысын жоғалтпауына және тұрмыс жағдайын болашақта жақсарта беруіне өздерінің барлық күш-жігерлерін жұмсайды деп, Қазақстан халқына тағы да айтқым келеді.

«Global Panel» халықаралық конференциясында сөйлеген сөзі

Нидерланды Корольдігі, Маастрихт қаласы, 1993 жылдың 25 қарашасы

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Осы конференцияны өткізушілердің өтінішіне сәйкес менің бүгінгі қысқа сөзім Қазақстандағы нақты экономикалық және саяси жағдай мен елдің ТМД мемлекеттерімен және Еуропа қоғамдастығымен өзара қатынасына баға беруге арналатын болады.

Қазақстан жас тәуелсіз мемлекет ретінде бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің арасынан анағұрлым ірі және ең бай болуға мүмкіндігі мол елдердің бірінен саналады. Зерттеліп болған кен орындарының өзі-ақ Қазақстанды шикізат қоры бойынша әлемдік көшбасшылар қатарына қосып отыр. Ол өте бай әрі, белгілі дәрежеде, игерілмеген ресурстарға ие. Солардың арасында алтын мен күміс, темір рудасы, мыс, мырыш, көмір және әрине, мұнай мен газ, сондай-ақ басқа да химиялық және металдық шикізаттар бар.

Басқа сөзбен айтқанда, Қазақстанның әртүрлі шикізатпен өзін-өзі қамтамасыз етуі яки шикізаттық экспорттық, оның ішінде энергия тасығыштарымен де, мүмкіндіктері аса жоғары.

Елдің кең байтақ ауыл шаруашылығы жерлері бар және өз қажеттілігінен асып түсетін көлемде азық-түлік өндіреді.

Қазақстанның салыстырмалы түрдегі дамыған инфрақұрылымы және жоғары білімді халқы бар. Жұмыс күші арзан болып табылады және олардың космостық, қорғаныстық салалардың жұмыс орындарындағы, көбінесе жоғары технологиялық кәсіпорындарда жинақтаған тәжірибесі мен дағдылары мол. Келешекте бұлар жаңа өнеркәсіптің қалыптасуы мен дамуы үшін негіз қалайды.

Қазақстанның Батыс Еуропаның жер көлемінен асып кететін аумақты иелене отырып, 17 млн. адам ғана тұрғындары бар. Осының өзі-ақ мемлекет ішілік коммуникациялардың рөлі мен мәні туралы айтса керек.

Әлемдік саудада да ірі мүмкіндіктері бола тұрса да, Қазақстанның, тарихи себептерге байланысты, дамыған сыртқы коммуникациялары жоқ.

Қазақстан үш бірдей: оңтүстік-батысында — мұсылман әлемі; оңтүстік шығысында — Қытай; солтүстігінде — Ресей сияқты ұлы көршілердің арасында қалған. Табиғат пен тарих солай ұйғарыпты.

Елдің этностық негізін қазақтар мен орыстар құрады. Олар басым әрі тең жағдайға ие.

Жаһандық сипаттағы осы факторлардың барлығы Қазақстан батыл кіріскен қайта жаңғырудың тактикасы мен стратегиясын таңдауға әсер етпей қоймайды. Біз өз жағдайымыздың бірегейлігін бағамдаймыз әрі салиқалы прагматизмді назарда ұстаймыз.

Бұлар біздің еркімізде тыс, бастапқы жағдайлар. Біз осындай жағдайда, бір мезгілде мемлекет ретінде қалыптасамыз және экономикалық қатынастар жүйесін түбегейлі түрде өзгертеміз.

Экономикадағы реформалар жай-күйін қалай бағалаймыз? Алдымен фактілер туралы бірер сөз.

Бұрынғы КСРО мемлекеттері арасынан біз алғашқы болып түбегейлі жекешелендіруге және оның көптеген элементтерінің түбірлі әрі өмірлік мүдделері үшін жекешелендіру қайшы келген мемлекеттік машинаны талқандауға кірістік.

Бүгін біз ахуалды стратегиялық тұрғыдан өзгертетін оқиғалардың табалдырығында тұрмыз: жеке меншік иелене алатын мүмкіндіктерін толық қолына алады.

Жекелеген өңірлерде ол қазірдің өзінде басымдықты жағдайда.

Мұндай өзгерістердің құнын біз өз тәжірибемізден жақсы білеміз. Жұмсартып айтқанда, олардың ауыртпалықсыз болуы мүмкін емес.

Жалпы мемлекет деген ұғымның негізі мен арқауын қалайтын және қалай да беретін, оның орны мен рөлін айқындап, солай түсінілетін мемлекеттік аппараттың қыруар ішкі қарсылығын күш қолдану тәсілімен жою мүмкін емес. Бұл жерде одан кем түспейтін қыруар түсінік жұмыстары, саяси ерік-жігер, бедел қажет. Қалай болғанда да, бұл жерде тер төкпей болмайды. Біздің ұстанымыз — шығынды мейлінше азайту.

Көп ретте сыртқы оқиғалардың әсерінен, қай тұстардағы жағдайды өз түсінуіміздің әсерінен, біз бағаны күрт ырықтандыру жолына түстік.

Бұл ең қиын шешімдердің бірі болды. Ол күні бүгінге дейін талас тудырып келеді. Өйткені, оның әр адамға қатысы бар. Әркім өз дүниетанымына, ең бастысы, өткен күндердің естелігімен өз бағасын береді. Ал, ол бағалар, белгілі дәрежеде, көптеген параметрлер бойынша жағымсыз реңкте болды.

Биліктің ниетін сезген қарапайым адам бұл жағдайға бірі — бұның ұзақ уақытқа әрі шынтуайтты екенін түсінгендіктен, енді біреулері — іштей өткен күндерді көксей отырып бейімделе алды.

Ең қомақты проблема адамдардың мемлекетке сену проблемасы болып шықты. Жұрттың көпшілігі: мемлекеттен рақым күтудің қажеті жоқ, әркім жағдайын өзі ойлау керек дегенге саятын қарапайым қағиданы тыңдағысы келмейді.

Халықтың, әсіресе олардың негізгі топтарының менталитетін аса терең түсіну және құрметтеу керек деп есептеймін. Алдыға озу өте қауіпті. Ал, бір орынды тап-тап тұрудың қаупі одан кем емес.

Бұл арада проблемалар жоқ деу адалдық болмас еді. Олар бар, әрі олар жай проблемалар емес.

Мысал келтірейін. Жерге жеке меншік мәселесі. Тұрғындардың көпшілік бөлігі қазір оны талқылағысы да келмейді. Біз ондай ұстаныммен де санасамыз. Әйтсе де, ерте ме, кеш пе, бұл проблеманың лайықты шешімін табатынын түсінеміз. Тек уақыт қажет. Халыққа бір нәрсені зорлықпен таңудың еш пайдасы жоқ. Жұрт өз мүддесін түсінуге тиіс. Көпшілік қазір сасқалақтап қалды, олар қазір жаңа өмірдегі өз құндылықтар жүйесін таба алмауда. Бірқатарлары өткен жүйеге жармасуда. Өйткені, солай ету ыңғайлырақ. Ал, негізгі көпшілік өткеннің қайтып оралмайтынын түсінеді. Алайда, қазірше болашақтың, өз мінез-құлқының, ұрпағының келешегінің көкжиегін көре алмайды.

Адамдардың психологиялық тұрғыдан тұйыққа тірелуі жаһандық сипатқа ие. Мұндай жағдайда оларды жарқын болашаққа да, жарқын өткен шаққа да итермелеуге болмайды.

Шыдамды болу керек. Әрі, кем дегенде, өз халқыңды сыйлау керек. Қазақстан халқы — өте білімді және ақылды. Оны алдай алмайсың. Ол тарихты ыждағаттылықпен жадында сақтайды және соншалықты ыждағаттылықпен болашақ туралы ойлайды. Халқымыз екі жылдан бері тарихи таңдау алдында тұр және уақыт сынына лайықты жауап береді.

Қосымшалар

Мен осы кездесуге келу-келмеуі туралы көп ойландым. Республика ішіндегі және жақын тысқарыдағы жағдайлар жеке өзіңнің қатысуыңды талап етеді. Алайда мен әлемнің алаңдауы мен осында жиналып отырған көшбасшыларға алғысымды айтамын. Жәй ғана сөйлесіп, пікірлессек қайтеді?

Көп нәрсені түсіне отырып, мен бірден мынаны айтқым келеді. Ресей Қазақстанның басты серіктесі болып келді және болып қала береді.

Біздің елдеріміз арасында болған жағдай — ол екінші, мүмкін, тіпті, үшінші кезектегі нәрсе. Президент ретінде мен оны терең түсінемін. Өйткені, ол халықтың еркі, өмірдің талабы. Олар кез келген президенттерден де жоғары.

Қазір Қазақстанға қаншалықты ауыр болса, Ресейге соншалықты ауыр. Ішкі әрі, көп ретте, әділ кінә тағуларды мен жақсы түсінемін және шыдаймын.

Әрине, біртұтас рубльге байланысты бұл оқиғада Қазақстан экономикалық тұрғыдан көп ұтылды. Мен, олар саналып жатқандықтан, цифрларды айтпай-ақ қояйын. Әрі бұл көпшілікке белгілі деп ойлаймын.

Бірақ, қашан да келісімдерді сақтау маңызды. Тіпті, ең бастысы ол да емес болуы мүмкін. Бастысы – ел көзіне қалай қарай алатыныңда. Оны миллиардтармен де, триллиондармен де өлшей алмайсың.

Біз қашан да серіктестігіміздің мүддесіне құлақ асамыз. Алайда, ол туралы тіке айту қажет. Дипломатия деген — өте нәзік нәрсе. Бірақ, оның да өз шегі бар.

Біз осынау күрделі де қиын әлемде ешкімге де салмақ салғымыз келмейді. Бірақ, біз достарымызды жақсы көреміз және құрметтейміз. Бізге жаудың, әсіресе ойдан шығарылған жаудың, еш қажеті жоқ.

Әрине, Қазақстан көп нәрсеге қабілетті. Тіпті, барлық сыртқы қиындықтарға қарамастан. Ендеше, Қазақстан қазір жағдайдан шығу жолын табуға тиіс әрі табады да. Алайда, тән қозғалысының барша жүйесін адами құндылықтармен алмастыра алмайсың. Бұл заң: ол ұнауы да мүмкін, ұнамауы да мүмкін. Бірақ, қалауыңа қарамастан, ол заң күйінде қала береді.

Уақыт солай ұйғарып отыр, қазірше бізге қиын. Көп нәрсені қайта құру қажет. Экономика тынысын кеңейтіп, әлемдік кеңістікке шығу керек. Өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, құрылыс пен коммуникацияны түбірінен өзгертуге тиіспіз.

Достар осы кезекте сыннан өтеді және тек достар ғана емес... Бұл тұста ішіміздегі сияқты, мемлекеттен тысқары жерлердегі адамдар да тексеріледі. Бұл саясат емес. Бұл кеудемсоқтық та емес. Бұл — жағдайды қарапайым әрі қалыпты түсіну ғана.

Қазақстанға қазір сыртқы қаржының құйылуы қажет. Тек, бұл — қайыршының алақан жаюы емес. Бұл — өзі үшін жауап беретін мемлекеттің алақаны. Біз қарызды қашанда қайтарамыз. Өйткені, экономиканы түсінеміз әрі бұл біздің еркіміз.

Инвестор мемлекеттер де, жеке инвесторлар да Қазақстанға ақша салудың тиімді екенін түсінуге тиіс. Кейіндері ондай тиімділіктің болмауы да мүмкін.

Бізге сауда коммуникациялары жүйесін қалпына келтіру керек. Бізге оларды өзіміз жасаудың мүмкіндіктері де бар және біз сыртқы көмекке қатысты реалисттерміз де. Алайда, біз уақыт факторын да жақсы түсінеміз. Әрі достарымызды ешқашан ұмытпаймыз. Бұған байланысты ешкімнің күмәні болмауы тиіс.

Егер де, реформалардың басқа қырларына қатысты қысқаша тоқтала кететін болсам, бізде проблемалар бар. Кадрлер жетіспейді, кейде түсіністік жетіспейді. Бірақ біз бюджетті, қаржы және несиелеу жүйелерін, кәсіпорындарды басқаруды қатаң әрі бұлжытпай реформалаудамыз.

Біз халыққа бұл өмірдің басты тірегі өздері екенін дәлелдеп келеміз. Әрі әркімнің ырыс-берекесі тек өзіне ғана байланысты екенін ұғындырудамыз.

Бәрін ескере отырып, біз айналымға ұлттық валютамызды енгіздік. Бұл кез келген мемлекет өңіріндегі маңызды қадам. Ал, әрбір маңызды қадам мықтап бағамдалып, өлшеуден өтуге тиіс.

Экономика мен адамдардың мұқтажын ескере отырып, біз еш уақытта мұндай қадамның таңдаушысы болмауымыз керек еді. Бірақ, өмір солай ұйғарды және біз өмірдің алдында да моральдік тұрғыдан тазамыз. Бізді бұл үшін ешкім кінәлай алмайды. Біз халық алдындағы да, басқа мемлекеттерге қатысты да өз борышымызды адал атқардық.

Қазақстанның бұрынғы Кеңес Одағының басқа мемлекеттерімен және Еуропамен өзара қатынасы хақында бірер сөз.

Егер турасын айтатын болсақ, әрине, біз өзіміздің экономикалық мүддемізді көздейміз. Бірақ, біз қашанда саяси, нақтырақ айтсақ, геосаяси мүдделерді де естен шығармаймыз.

Тарих пен географияның өздері, адамдардың тілегі біздерді бірге өмір сүруге мәжбүр етеді. Егерде ойдан шығарылған саясатпен әуестенбей, нақты сезінсек, экономиканың өзі де соны талап етеді.

Сондықтан да және, сондықтан ғана емес, Қазақстан экономикалық бірлестікті жақтап келді, жақтай да береді. Жай ғана өмір шындығының өзі жұмыла көтерген жүк жеңіл екенін дәлелдеп келеді.

Біз жалғыздықтан гөрі бірлікте күштіміз. Болашақ экономикалық одаққа Қазақстан да, Украина да, біздің бауырлас Ортаазиялық республикалар да, Ресей де мүдделі. Бұл жерде мәселе тек тарих пен географияда емес, мәселе экономикада. Нақтырақ айтсақ, геоэкономика мен геосаясатта.

Әр мемлекеттің ішкі жағдайы қалай қалыптасқанына бұл жолда қандай қиындықтар мен еліктірулер тұрғанына қарамастан, мен осы бір күрделі елдің жетекшісі ретінде, әрі-беріден кейін, қарапайым пенде ретінде, ыдырау жүгенсіздігін тоқтататын кездің келгеніне сенімдімін. Ол жақсылыққа жеткізбейді.

Адамның өмірі, оның отбасы, бәлкім наным-сенімі де, басты құндылық болып келді, болып қалатын да шығар.

Адамның ақыл-ойы мен ар-ожданын зорлауға болмайды. Бұл тек қана күпіршілік емес, бұл — қылмыс.

Назарбаев күлгін көзілдірік киген романтик деп күлгендер күле берсін. Мүмкін солай болғаны алданышты шығар, бірақ шындығы олай емес. Мен жұртқа да, саясаткерлерге де, мынаны айтқым келеді: не — соғыс пен төгілген қан ба жақсысы? Не — бар «кінәсі» адам сияқты өмір сүріп, туысқандарымен, достарымен араласқысы келетін барлық әйелдер мен балаларды, қарттарды қыру керек пе? Не — осылар үшін бұзақы болу керек пе?

Барлығымыз да, белгілі мағынада, көршілерміз. Соның өзі-ақ көп нәрсені айқындайды. Егер әңгімені қалыпты деңгейге аударсақ, шынтуайтына келгенде бәріне де дұрыс, қалыпты адамның көзімен қарау керек қой: бізге бөлісетін не бар? Бізге не жетіспейді? Жетпейтіні бір-ақ нәрсе: жылы сөз бен сыйластық, өз адамдарымыз алдындағы жауапкершілік.

Әлбетте, терең тамырлы өкпе де жоқ емес. Бірақ, басты нәрсе сол ма? Иә, қымбатты жетекшілер, біздің басты мақсатымыз бен құндылығымыз қайда? Негізгі қағидат қане? Ол, мен маңыздықрақпын дегенді дәлелдеу ме?

Көз жасына көміліп тұрып, күлу деген осы.

Бәлкім, басқа проблемаларға толық сенімім жоқ та болар, ал бірігуге нық сенімдімін және сол үшін жұмыс істеймін.

Мейлі, бұл кейбір елдерде күлкімен қабылдансын, алайда көпшілік терең ойлануда.

Қандай тосқауылдардан өтпесін, шындық өзінікін алады.

Қазақстанның бұрынғы КСРО мемлекеттерімен өзара қарым-қатынасқа деген көзқарасының түйіні осында. Әрине, бұның да әртүрлі реңкі бар, онсыз бола ма?

Қалай болғанда да, тарихқа топырақ шашуға болмайды. Ол қандай болса да, тарих болып қалады. Нақ сол тарихта біз бірге өмір сүрдік. Оны қандай күштер өзгертпек болса да, олардың дәмесі талқан болады. Өйткені, ол — адамдар — қарапайым пенделер жасаған тарих.

Көпшіліктің тілегін де, ойын да өзгерту мүмкін емес. Кейде, тіпті қате болғанымен, ол — солардың ойы мен тілегі. Шынтуайтына келсек, халық ешқашан қателеспейді.

Қалай дегенде де, Қазақстан үшін басты мемлекет Ресей болып келді, солай болып қалады да.

Біз оның ізгілігі мен көмегін ешқашанда ұмытпаймыз.

Жақсы нәрсе ұмытылып, өкпе-реніш қалады деп жатады. Бірақ олай емес. Адамдарымыз да, ел басшылығы да жағдайды, оның тарихы мен қозғалысын қоса, дұрыс түсінеді.

Ресейде қандай оқиғалар орын алмаса да, біздің елдеріміз дос болып қалады. Өйткені, бұл Назарбаевтың иә Ельциннің қалауы емес. Өйткені, бұл — өмірдің өз қалауы.

Көптеген жай-күйге байланысты, біздің Орталық Азия республикаларымен жақындасу сияқты, Таяу және Орта Шығыспен, Азияның Оңтүстігімен таныстықта болу — табиғи нәрсе.

Егер, осынау көпірлер көліксіз болса, ол әлдеқайда қисынсыз болар еді деп ойлаймын.

Мүмкін, біреулер ауыр қабылдар, алайда, табиғи нәрсе бәрібір табиғи болып қала бермек.

Қазақстан барлық периметрлер бойынша өзара қарым-қатынастарды реттей береді деген негізгі ойымды атап айтқым келеді. Діни немесе ұлттық алауыздық біздің қанымызға жат. Саясаткер ретінде ол біздің жер жүзінде де жат деп есептеймін.

Айтпақ ойымның соңғы бөлігіне байланысты, Қазақстанның Еуропамен қатынасы да жылы және қалыпты.

Біз оның қамқор қолын сеземіз. Басқасын да айта аламын. Еуропа үшін Қазақстанда бай мүмкіндіктер бар. Біз бұған оң қараймыз.

Еуропалық фирмалармен жасасқан ірі келісім шарттар өз алдына. Тіпті, проблемалар болған күннің өзінде, олар еуропалық ірі фирмалардың тым секемшілдігінде, жасыратыны жоқ, біздің де ебедейсіздігіміз бен түсінбеушілігімізде.

Қорытындылай айта кетерім мынау.

Бүкіл әлем күрделі жағдайда бастан көшіруде. Оның ішінде Қазақстан да бар. Сонымен қатар, біз экономикалық қатынастармен қоса, көп бөлігі жақсартуға мұқтаж экономиканың өзін де реформалауымыз керек.

Проблемалардың бар ауыртпалығы мен ерекшеліктерін түсіне отырып, біз халқымыз бен мемлекетіміздің жақсы болашағына да нық сенімдіміз.

Қазақстанда орын жетеді. Әрі ол қатынастар бәрімізге де, ең бастысы, біздің халықтарымыздың игілігіне қызмет етпек.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1993 жылдың 15 желтоқсаны

Құрметті жиналысқа қатысушылар!
Құрметті қазақстандықтар!

Бірнеше жыл бұрын Қазақстан халқы саналы түрде тәуелсіздік жолын таңдап, сол арқылы келер ұрпақ алдында өзіне аса зор жауапкершілік алды. Өркениетті дүниежүзілік қоғамдастыққа кіре отырып, біз өзіміздің мемлекеттік Егемендік туралы декларациямыз бен республиканың жаңа Конституциясында басым орын алатын жалпы-адамзаттық құндылықтарды жариялады қ. Әлеуметтік нарықтық экономикалы құқықтық мемлекет құру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сыртқы салада ашық болу, қоғамдағы топтасу, ұлтаралық және азаматтық келісім — жалпы халық таныған басымдылыққа ие болды.

Өткен уақыттағы біздің күш-жігеріміз бұрынғысынша өзіміздің ұлттық валютамызды енгізгеннен кейін мүлдем жаңа мәнге ие болған экономикалық проблемаларды шешуге жұмылдырылды.

Осы экономикалық қана емес, сонымен қатар ірі саяси акті Қазақстан қоғамы өмірінде көптеген құбылыстарға жаңа көзқараспен қарауды, мемлекеттік әрі таза адами мүдделерді де ескере отырып басталған реформаларды саналық жаңа айқындамалар тұрғысынан тереңдетуді қамтамасыз ету үшін біздің бағытымызды қайтадан ой елегінен өткізіп, белгілі бір түзетулер енгізуді талап етті.

Өз валютамызды енгізу жағдайындағы халықтың күрделі экономикалық ахуалға біртіндеп бой үйретуі мақсатында, біз ақшаның құнсыздануының жаңадан шиыршық атуын болдырмау үшін аса маңызды тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасын уақытша реттеуге шешім алдық. Біз әзірше ақшаның құнсыздануына қарсы бағытты ұстап келеміз және оны бұдан былай да сақтап қалу үшін барлық шараларды қолданатын боламыз.

Және бұл кезеңде біз қоғамдық-саяси тұрақтылықты, біздің азаматтарымыздың тыныштығы мен ертеңгі күнге деген сенімін қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік әлсіз бөліктеріне қолдау көрсету, қылмысқа қарсы ымырасыз күрес жүргізу үшін барлық күш-жігерді жұмсайтынымыз белгілі.

Теңге енгізілгеннен бері іс жүзінде біздің жаңа экономикалық саясатымызды қалыптастыру басталды. Бұл процесс әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру принциптерін түбірлі қайта қарау, ең алдымен республиканың ішкі мүмкіндіктері мен әлеуетін пайдалануға бет бұру арқылы жүргізілуде. Қазіргі кезде Қазақстан экономикасын реформалау да осы бағытта жүргізіліп отыр.

Біз отандық товар өндірушілердің, нақты экономикалық егемендік жағдайында Қазақстан рыногы үшін тауарлар мен қызмет көрсетуді шеберлікпен жасап жүрген жаңа меншік иелерінің санын арттыруды қамтамасыз ететін шаралар мен ынталандыру жүйесін құратын боламыз. Бүгіннің өзінде Қазақстан үшін принципті түрде жаңа және ең сан алуан мақсаттағы аса қажет жаңа өнімдерді игеру мен шығарудың ондаған мысалдарын келтіруге болады.

Әрине, мұның бәрі әзірше салыстырмалы түрде шағын көлемде болып отыр. Бірақ терең нарықтық реформаларды жүргізуде біз, әсіресе бұқаралық санадағы осы реформалардың негізгі принциптерін ең алдымен — жеке меншік принципін енді ғана түсініп келеміз.

Алайда көптеген ағаттықтар мен кемшіліктерге қарамастан, әсіресе осы жылы біз бұл салада тұралап қалған орнымыздан алға жылжыдық. Республикада реформалау едәуір көзге көрінерлік нысанға ие болды. Мәселен, экономиканың мемлекеттік емес секторында бүгін 40 мыңнан астам, соның ішінде 13 мың жеке меншік кәсіпорын қызмет істейді. Мұнда 400 мыңға жуық адам еңбек етеді. Жекелеген аймақтар мен салаларда жеке меншік қазірдің өзінде басым жағдайға ие болып отыр.

Сегіз мыңнан астам мемлекеттік кәсіпорындар жекешелендірілді, бұл олардың жалпы санының 22%. Биыл біз шаралардың жаңа жүйесін жасап, бұл процесті 3 бағытқа бөлдік. Олардың әрқайсысының өз тұтқасы, шарттары мен тәртібі бар. Келер жылы белгіленген жоспарларды жүзеге асыру жөнінде неғұрлым белсенді де мақсаткерлік жұмысты кеңінен жүргізу қажет.

Экономиканы басқару жүйесін жетілдіру жекешелендіруді өткізумен үзілмес байланыста жүргізілуге тиіс. Біз осы салада жаңа шаруашылық құрылымдары — холдингтік және акционерлік компаниялар — басқару құрылымында өз орындарын алады деп пайымдап, мемлекеттің бұл саладағы шығындарын елеулі түрде қысқартпақпыз.

Қазақстанның басқа елдермен сыртқы экономикалық байланыстары да елеулі түрде кеңейді. Қазір бізге бірнеше несие желісі ашылып отыр, ал инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін 1,7 млрд. доллар болатын несиелік келісімдерге қол қойылды. Біздің республикамызға 160 шетелдік фирма мен банкінің өкілдіктері орналасты. 1100-ден астам бірлескен кәсіпорындар тіркелді.

Қазақстанның қалыптасуының қазіргі кезеңінің аса маңызды ерекшелігі, біздің бүгінгі және келешек ұрпақтар үшін қазірдің өзінде мемлекет қауіпсіздігінің берік іргетасын қалап, қолайлы сыртқы жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті екендігімізге тіреліп отыр. Қазақстан Республикасы ғаламдық қауіпсіздікті сақтауға өзінің ішкі тұрақтылығы арқылы елеулі үлес қосуымен дүниежүзілік қоғамдастықтың табиғи ажырамас бөлігіне айналды. Еуроазиялық мемлекет бола отырып, біз республиканың геосаяси жағдайына сәйкес келетін сыртқы саясат жүргізуге тиіспіз. Осы жыл біздің мемлекетіміздің халықаралық беделін нығайтуға арналған маңызды оқиғалармен айтулы жылға айналғанын сеніммен айтуға болады.

Қазақстанның ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуы оның халықаралық айқындамаларының нығаюына қызмет еткендігі сөзсіз. Шетелдерден түсіп жатқан пікірлер бұл шешімді дүниежүзінің құптап отырғанын көрсетіп отыр.

Сондай-ақ аяқталып келе жатқан жыл Франциямен, Иранмен, Түркиямен, Моңғолиямен ірі уағдаластықтарға қол жеткізілгендігімен айтулы. Қазақстан Каспий өңірі мемлекеттерімен ынтымақтастық ұйымын құруға белсенді түрде қатысуда.

Биыл сыртқы саясат бойынша қол қойылған барлық құжаттарда біздің еліміздің қауіпсіздігі мен тұтастығын құрайтын басты мәселелер: егемендікті құрметтеу, қазіргі шекаралардың және аумақтық тұтастықтың мызғымастығы көрінісін тауып, баянды етілді.

Қазақстан алдағы уақытта да олардың әлеуметтік-экономикалық және саяси бағдарларына қарамастан, бізге шын ниетімен және адал көңілімен келетін мемлекеттердің бәрімен белсенді ынтымақтасатын болады.

Мен Қазақстанның бейбітшіл мемлекет болуға әзір екендігіне өзімнің миллиондаған отандастарымның қолдайтындығына сенімдімін. Ең алдымен, сіздердің қолдау көрсетуіңізге сүйене отырып, мен Біріккен Ұлттар Ұйымының сессиясында Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) құру туралы ұсыныс жасадым. Бұл бастама өзінің аса маңызды мәнділігінің арқасында әлемнің көптеген елдерінде түсіністік тапты.

Біздің экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени өміріміз тығыз интеграцияланған, өзара тәуелді және бұдан былай да солай бола береді. Ұлттық валютаны енгізуге байланысты қиындықтар, осыған байланысты уақытша алшақтау ақыр аяғында бізден бір-бірін құрметтейтін сенімді әріптестер қалыптастырып шығаруға тиіс. Біздің болашақ ынтымақтастығымыздың қолайлы келешегі жайында, біздің мемлекеттеріміздің ортақ рыногын құру тұрғысынан бекем сенімді бола аламыз.

Бұл біздің елдеріміздің әрқайсысы үшін экономикалық дағдарысты барынша жеңуге өз арамызда шаруашылық байланыстарын жолға қоюға көмектесетін Экономикалық одақ туралы шартты жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер ашады.

Біздің Ресей Федерациясымен достық, тату көршілік, ынтымақтастыққа бағытталған бағытымыз бекем де сындарлы болып қалады. Бұл біздің елдеріміз халықтарының арман-мүддесіне толық сай келеді және саяси конъюнктураға, тайыздыққа және кімнің де болса шамшылдығына жағыну үшін өзгере алмайды.

Біз тең құқықты әріптестікті одан әрі дамытуды жақтаймыз. Бұл тұрғыдан қазір Ресейде жүріп жатқан саяси процестердің бір сипатта еместігіне және көп жағынан байсалды бағалауды талап ететіндігіне есеп береміз. Бұл жерде бір нәрсе анық — қазір өте күрделі жағдай қалыптасты. Әрине, бүгін Ресейде өткізілген сайлаудың түпкілікті қорытындысы туралы айтуға әлі ерте. Бірақ кейбір тенденциялар әжептәуір айқын байқалып отыр. Іс жүзінде осы сайлау Ресей қоғамының алдында тұрған өте маңызды саяси проблемаларды айқындаған ауқымды әлеуметтік зерттеу болып отыр. Мен батыстағы кейбір талдаушылар тәрізді тым тереңге барып. Ресейде реакциялық күштер жеңіске жетті деп айтпас едім. Мұның фашизмнің хайуандық бейнесін танып-білген, қоңыр обаға қарсы шайқасқа түсіп, оны жеңіп шыққан бұрынғы одақ халықтары, ең алдымен орыс халқы тарапынан реакциялық идеялар ешқашан қолдау табуы мүмкін емес.

Саясаткерлерге, аймақ басшыларына, шаруашылық жүргізушілерге, бейбітшілік тілін — экономикалық ынтымақтастық, мәдени өзара байланысты дамыту, еркін саудадағы тосқауылды алып тастау тілін әлдеқашан нысанаға алулары қажет. Бүгінде бүкіл әлемдік қауымдастық жаңа мыңжылдық қарсаңында айқын көрініп отырған осы ғаламдық проблемамен бетпе-бет келіп отыр. Адамзат бірін бірі қырып-жойып жатқан соғыс өршіген кезде, ғасырлар бойғы дұшпандық, таптық, ұлттық және діни төзімсіздіктің құрдымға кетіретінін енді ғана сезіне бастаған сияқты. Қазақ ұлтына, Қазақстанның барлық халқына, біздің жас мемлекетімізге аспаннан шұға жауған жоқ. Ғасырлар бойғы достықтан туған мүмкіндіктің арқасында нақ қазір бүкіл әлемге өзінің ізгілікке деген ұмтылысын, ұлтаралық татулықта тұруға және оған деген әзірлігін көрсетудің сәті түсті.

Соңғы күндері біз әдеттен тыс оқиғалардың куәгері болдық. Кеңестер түріндегі өкілетті органдар жүйесі тарады. Олардың өзін-өзі таратуының жаппай процесі парламенттің өзінің Жоғарғы Кеңес өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы заңды қабылдаумен аяқталды. Асырып айтпағанда, өзінің тарихи қызметін аяқтай келіп, Жоғарғы Кеңес мемлекеттік өкіметті құру мен жетілдіру үшін үлкен маңызы бар бірқатар заңдарды: сайлау туралы кодексті, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар туралы және біздің республикамыздың аумақтық құрылысы туралы бірқатар заңдарды қабылдады.

Байсалды саяси шешім нәтижесінде бізде өкілетті құрылымдардың ауысуы әлеуметтік тайталассыз өтуде. Ал оның аса қауіптілігіне Ресейдегі қазан оқиғалары кезеңінде көзіміз жетті.

Республикаға қазір қай кездегіден де жоғары сапалы заң қабылдай алатын және сол арқылы жүргізіліп отырған реформаның заңдылық базасын құратын тұрақты жұмыс істейтін кәсіби парламент қажет.

Біздің қоғамымызда шапшаң өтіп жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік процестер Конституцияда осындай көріністерді талап етеді. Атап айтқанда, заң шығару, атқару және сот билігін ұйымдастыруға, құзырына және өзара қарым-қатынасына қатысты ережелерін, әсіресе меншік пен кәсіпкерлік мәселелерімен байланыстарын қайта қарау міндеті тұр.

Тұтас алғанда, өкіметтің өкілетті органдарының барлық жүйесі терең реформалануы тиіс. Кеңестер іс жүзінде нағыз жергілікті өзін-өзі басқару органдары болуы тиіс, ал олар бұлай бола алған жоқ. Кеңестерде өз ісіне берілген адамдардың, тамаша ұйымдастырушылардың, мамандардың жұмыс істегендіктері сөзсіз. Олар өзгерістерді ілгерілету үшін аз жұмыс атқарған жоқ. Бірақ Кеңестердің бұрынғы шеңбері тым тар болатын. Бұл адамдар өзінің күш-жігерін жұмсай білетін жұмысты таба алары анық. Бұл шын мәнінде айқын нәрсе: экономикамызды, саяси жүйемізді, мәдениетімізді, білім беруді, денсаулық сақтауды, өмірдің барлық саласын реформалауды алғандағы орасан зор кеңістік. Сондықтан да жұмыс елдің бәріне жетеді.

Жақында республикада сайлау қарсаңындағы күрес қанат жаяды. Ол қоғамның әртүрлі жіктерінің мүддесін көрсететін болады. Және де сайлау қарсаңындағы пікірсайыстар құқықтық, өркениетті шеңберде, демократиялық ахуалда өтері аса маңызды. Саяси күрестің қоғамды көкейкесті сұхбат әлсіретуіне жол беруге болмайды. Керісінше, нақ осы кезеңде оны берік тұрақтандыруымыз, қазақстандықтарды белгіленген жоспарды табыспен жүзеге асыру мақсатында біріктіруге тиіспіз және оған міндеттіміз.

Барлық қазақстандықтарды Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын, Отанымыздың гүлденуі жолында сіздерге шын жүректен жаңа жетістіктер тілеймін. Біздер, сөз жоқ, тарихқа айрықша парақ болып енетін уақытта өмір сүрудеміз. Қазір басталған өзгерістердің ауқымын тек болашақ қана бағалай алады. Ендеше бұл жауапты жұмыста ыждағатты, табанды әрі ұйымшыл болайық!

Жаңажылдық құттықтауы

Алматы қаласы, 1993 жылдың 31 желтоқсаны

Қымбатты отандастар!

Біздің жерімізде жаңа, 1994 жыл келіп жетті. Біз оған үмітпен және жаңалықтар күтумен қадам болып отырмыз. Қалыптасқан дәстүр бойынша, әрқайсысымыз өзімізге: Өткен жыл қандай болды, ол маған және отбасыма не берді, біздің, қоғамның, елдің өмірінде қандай өзгерістер болды, болашақта бізді не күтіп тұр? — деген сұрақтарда қоямыз.

Егер кейінге көз тастасақ, өткен жылды босқа өткізбегенімізді көруге болады. Қиындықтарға қарамастан, саяси әлеуметтік-экономикалық салалар сияқты, халықаралық салада да біраз іс тындыруға қол жеткіздік. Нақты жетістік ретінде қазір біз еске түсіре алатынның көпшілігі жалпы мемлекеттік мәнге ие, жеке адамның күнделікті ой-арманына тікелей қатысы жоқ болып көрінуі мүмкін. Алайда, ол үстірт пікір болар еді. Президент пен Үкіметтің әрбір шешімі, кез келген халықаралық шарт, ірі шаруашылық немесе қаржылық жоба біздің жалпыға ортақ және жеке алғандағы әрқайсысымыздың мүддемізге жұмыс істеді. Және де, бүгін болмағанмен, ертең міндетті түрде қайтарымын береді, ырыс-берекемізді еселей түседі.

Өзіміздің ұлттық валютамызды енгізу аса маңызды оқиға болды. Теңгені нығайту — республика экономикасындағы ахуалды толықтай сауықтыруға көмектесетін бізің ортақ міндетіміз. Таяуда ғана біз жекешелендіруге кірісіп, іс-қимыл бағдарламамыздың жалпы нобайын белгілен ген болатынбыз. Ал, бүгінде оның алғашқы кезеңі іс жүзінде аяқталды. Ондаған мың қазақстандықтар өз істерін ашты, кішігірім кәсіпорындардың, дүкендердің, фермалардың меншік иелеріне айқалады. Іс жүзінде әрбір отбасының жекеменшік пәтері бар. Республикада жекешелендірудің екінші кезеңі басталды. Адамдар жекешелендіру чектерін иеленіп жатыр. Оны дұрыс пайдаланған жағдайда, олар айтарлықтай ірі өндірістердің тең иеленушілері де, инвесторы да бола алады. Акция өз иелеріне қомақты дивиденттер әкелетін уақыт та алыс емес.

Өткен мерзімде мен Қазақстанның барлық облыстарында болып, күні кеше ниет қана болған нәрселердің көпшілігін көзбен көрдім. Бізде республика үшін жаңа және аса қажетті өнім түрлері шығарыла бастады. Қарағандыда электрмен дәнекерленген құбыр өндіретін цех ашылды, Алматы, Ақтөбе мен Шымкентте жолаушылар тасымалдайтын автобустар, Ақмола мен Арқалықта жүк тасымалдайтын және жүкті өздігінен түсіретін автомашиналар шығарылады. Ауыл үшін наубайханалар мен шұжық және шұжық модульдеріне, құрылыс материалдарына арналған техника шығаратын өз өндірістеріміз қалыптасты. Жақында Екібастұз МАЭС-2-нің екінші энергоблогы іске қосылды. Бұл — республика үшін аса маңызды оқиға. Қоса алғанда, мұның бәрі, біз сыртқы рыноктан өнеркәсіп өнімдері мен электр қуатын алғанда шығынды айтарлықтай азайтып, босаған қаражатты тиімді пайдаланамыз, соның ішінде әлеуметтік қажеттілікке пайдаланамыз, жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етеміз деген сөз.

Ай өткен сайын бұрын республикада шығарылмаған халық тұтынатын тауарлар өндіретін кәсіпорындардың саны арта түсуде. Қазір тоңазытқыштарда, теледидарларда, акустика жүйелерінде, шаңсорғыштарда, басқа да күрделі тұрмыстық

техникаларда қазақстандық марка тұр. Біздің кәсіпкерлеріміз киім мен аяқ киімнің, жиһаздың, парфюмерлік — косметикалық өндірістің жаңа түрлерін игеріп, қызмет көрсету саласын кеңейтуде. Сөрелерімізді өз өндірісіміздің тауарларымен толықтыра отырып, біз бір мезгілде, аса маңызды тиімділікке — өндірісшілер арасындағы бәсекелестікті қалыптастыруға қол жеткізудеміз. Сіздер мен біздер тұтынушылар ретінде ғана өркениетті нарық құруға мүмкіндік туғызамыз. Сонда ғана сатып алу оңайлап, сапалы тауар лайықты бағасына ұсынылатындықтан, сату қиын болатын жағдайға жетеміз.

1993 жыл біз үшін халықаралық байланыстардың кеңейуімен де есте қаларлықтай. Олар республикамыздың әлемдік қоғамдастық арасындағы беделін нығайтып қана қойған жоқ, Қазақстанның саяси және экономикалық қалыптасуының айқын болашағына да жол ашты. АҚШ пен Қытай, Түркия мен Франция, Иран мен Австрия, басқа да елдердің басшыларымен менің жоғары деңгейдегі кездесулерімді өздеріңіз білесіздер. Біздің әлем бизнесінің аса ірі өкілдерімен байланысымыз мықты іскерлік негізде дамуда. Олар несие желілерінде, келісімдер мен инвестициялық жобаларда көрініс тапқан. Олар біздің экономикамызға құйылған, жалпы сомасы миллиардтаған долларды құрайды. Сан алуан салаларды құрайтын мыңдаған бірлескен кәсіпорындар жұмыс істей бастады.

Мен әрбір қазақстандықтың бұл жұмыстардың үлкен мәнін түсінгенін қалар едім. Әңгіме шетел капиталы мен жаңа технологияларын тартуда ғана болып отырған жоқ. Бастысы, бұл — экономикалық тәуелсіздік алу, өндірістік әлеуетті дамыту, табиғи байлығымызды тиімді де ұқыпты пайдаланудың әдіс-тәсілдерін игеру. Бұл Қазақстанға, біздің бәрімізге, халықты жұмыспен қамту, жаңа тұрпатты кадрларды даярлау, мыңдаған адамдардың бақуаттылығын қамтамасыз ету проблемаларын тиімді шешуге мүмкіндік туғызатын болады.

Мен Президент ретінде де, республиканың азаматы ретінде де Қазақстан жүргізіп отырған халықаралық саясаттың мақсаты еліміз қауіпсіздігінің берік іргетасына қалау, барлық мемлекеттерге қатысты ашық әрі достық тұрғыдағы қатынастар орнату деп есептеймін. Ешкімге кінә артпай, басқа мемлекеттердің құқықтарын сыйлай отырып, біз олардың тең жағдайда Қазақстанның да егемендігі мен біртұтастығын сыйлағанын қалаймыз. Біз тең құқықты ынтымақтастыққа, еркін сауданы дамытуға, ғылым және мәдени байланыстарға ұмтыламыз. Біздің барлық бастамаларымыз, бітімгершілік күш-жігеріміз, жақында ғана біз ратификациялаған ядролық қаруды таратпау туралы шартты қоса алғанда, барша халықаралық келісімдеріміз бен міндеттемелеріміз соған бағытталған.

Мен алдағы уақытта да, халықаралық аренадағы әрбір келесі қадамдарымда осы саясатты ұстанатын боламын әрі келер жылы да біздің елдеріміз бен халықтарымыздың арасындағы өзара байланыстың кеңейіп, сенімнің арта түсуі үшін күш жұмсаймын. Бірінші кезекте бұл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатынасты. Бізге барлық салада тығыз ынтымақтасып, ортақ рынок құру, ғасырлар бойы қалыптасқан тату көршілігімізді нығайтудан басқа жол жоқ екеніне бұрынғыша сенімдімін. Біз адамдардың таза адами қарым-қатынастарына жасанды тосқауыл қойып, мәдени және рухани байланыстарымызға сызат түсіруге жол бермеуіміз керек.

Құрметті отандастар!

Соңғы кездердегі күрделі, көбіне драматизмге толы оқиғалардың тасқынын да сіздер мен біздер ең басты құндылығымыз — республикадағы қоғамдық-саяси

тұрақтылықты, азаматтық тыныштық пен ұлтаралық келісімді сақтап қала алдық. Міне, нақ осы тірекке сүйене отырып, саяси және экономикалық сілкіністерден айналып өттік әрі ертеңгі күнге үнілудің мүмкіндігіне қол жеткіздік. Ендеше, осындай ахуалды сақтап қалу — біз мақтана алатын, қоғамымызды реформалау ісін жеделдете алатын жетістіктеріміздің арасындағы неғұрлым бағалысы. Сіздерге, жерлестерім мен пікірлестерім, осынау қолдауларыңыз үшін шексіз ризашылығымды білдіремін.

Сіздер мен Конституция берген өкілеттіктерге орай, алдағы уақытта да ұлттық, нанымдық, әлеуметтік жағдайына қарамастан, азаматтар құқықтары мен бостандығының теңдік қағидаттары қатаң сақталатынына кепілдік беремін. Қазақстандықтар өз болашақтары мен балаларының болашағы үшін алаң болмауларына болады. Біз — бәріміз бір Отанның — Қазақстан Республикасының азаматтарымыз және біздің ой тілегіміз Қазақстанның гүлденуіне арналған жасампаз еңбекке бағытталуы керек.

Биылғы жыл сол жолдағы маңызды кезеңдердің бірі болуға тиіс. Экономиканың тұрақтылығына қол жеткізіп, өндірістің құлдырауын тоқтатуға және оның ырғақты өсімін бастауға күшіміздің жететініне сенімдімін. Көп нәрсе біздің ұлттық валютамыздың тұрақтылығы мен оның дұрыс айналымын және инфляцияға қарсы бағамды дәйекті жүргізе алуымызға байланысты болады. Ең бастысы, оң өзгерістер өзінен-өзі болады деген алданыштан айығуымыз қажет. Біздің бастамашылдығымыз, ұйымдастырушылығымыз, талаптылығымыз, істі біліктілікпен жүргізе алуымыз қашанғыдан да қажет. Көп нәрсе республиканың қоғамдық өміріндегі рухани ахуалға да байланысты болмақ. Алдымызда өкілетті биліктің жоғарғы және жергілікті органдарының сайлауы. Барлық қазақстандықтарды осы маңызды науқанға атсалысуға шақырамын. Біз Парламентке өткеннің таптаурындарымен тұсалмаған реформалар жақтастарын, білімді, құзыретті, қайратты депутаттарды сайлауымыз керек. Саяси пікірталастар қоғамның шешімін таппаған проблемаларына шоғырланып, дағдарысты жағдайларды еңсеру жолдарын айқындауға көмектесуіне қол жеткізуге тиіспіз. Қазақстандықтар депутатыққа кандидаттар ұсынуға аса жауапкершілікпен қарап, азаматтық белсенділік танытқанда ғана іскер де кәсіби парламентіміздің болатындығына мен сенімдімін.

Қымбатты достар, 1994 жылды Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының Халықаралық отбасы жылы деп жарияланғанын айрықша атап өткім келеді. Ендеше, осы бір алаңдаулы уақытта әлем отбасы сияқты өркениеттің баға жеткісіз құндылығына бостан-босқа қайырылып отырмағаны даусыз. Нақ осы жерден барлық жарқын да ізгі істер бастау алады. Жақындарыңа, үй-ішіңе деген махаббаттан Отанға деген сүйіспеншілік бастала отбасында биік адамгершілік арқау қалыптасады. Бүгінде біздің қоғамымыз нақ сондай қасиеттерге зәру.

Екінші жағынан, қазіргі қиын кезеңде, отбасының өзіне мемлекеттің қамқорлығы қажет. Айналып келгенде, біздің барлық реформаларымыз нақ осы отбасыларымыздың ырыс-берекесі үшін жасалып жатыр.

Жаңа жылда мен әрбір қазақстандық отбасына — ата-аналарға, балалар мен немерелерге бақыт, денсаулық, табыс тілеймін! Барлық қазақстандықтарға өмір сынынан сүрінбей өтетін оптимизм, күш-қуат, парасатты пейіл тілеймін!

Жаңа жыл құтты болсын, қымбатты менің отандастарым!

1992 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы заңдарының тізбесі

1. «Қазақ КСР халық депутаттарының қызметін қамтамасыз ету және олардың депутаттық қызметке байланысты шығындарын өтеу туралы» Қазақ КСР Заңының күші жойылды деп тану туралы» 1992 жылғы 9 қаңтардағы №1104-XII;

2. «Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы» 1992 жылғы 10 қаңтардағы №1107-XII;

3. «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Қазақ КСР Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 13 қаңтардағы №1117-XII;

4. «Өтпелі кезеңде Қазақ КСР Конституциясының жекелеген нормаларын тоқтату туралы» 1992 жылғы 13 қаңтардағы №1119-XII;

5. «Қазақ КСР Министрлер кабинеті туралы» Қазақ КСР Заңына өтпелі кезең кезінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 13 қаңтардағы №1120-XII;

6. «Қазақ КСР Министрлер кабинеті туралы» Қазақ КСР Заңы қабылдануына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1992 жылғы 14 қаңтардағы №1121-XII;

7. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік статистика туралы» 1992 жылғы 14 қаңтардағы №1122-XII;

8. «Банкроттық туралы» 1992 жылғы 14 қаңтардағы №1124-XII;

9. «Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы» 1992 жылғы 11 қаңтардағы №1126-XII;

10. «Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Қазақ КСР заңдарына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі төралқасының қаулысын бекіту туралы» 1992 жылғы 14 қаңтардағы №1127-XII;

11. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы №1128-XII;

12. «Қазақстан Республикасындағы ғылым мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы №1129-XII;

13. «Қазақстан Республикасының Неке және семья туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 16 қаңтардағы №1138-XII;

14. «Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 16 қаңтардағы №1141-XII;

15. «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 16 қаңтардағы №1142-XII;

16. «Қазақ КСР айналадағы ортаны қорғау туралы» Қазақ КСР Заңының, Қазақ КСР Жер кодексінің және «Қазақ КСР-індегі жер реформасы туралы» Қазақ КСР Заңының қабылдануына байланысты Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 16 қаңтардағы №1143-XII;

17. «Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 16 қаңтардағы №1143а-XII;

18. «Қазақстан Республикасының арбитраждық соты туралы» 1992 жылғы 17 қаңтардағы №1144-XII;

19. «Қазақстан Республикасы арбитраждық соттарының шаруашылық даулары шешу тәртібі туралы» 1992 жылғы 17 қаңтардағы №1145-XII;

20. «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» 1992 жылғы 17 қаңтардағы №1146-XII;

21. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы» 1992 жылғы 17 қаңтардағы №1148-XII;

22. «Білім беру туралы» 1992 жылғы 18 қаңтардағы №1153-XII;

23. «Мереке күндері туралы» 1992 жылғы 18 қаңтардағы №1154-XII;

24. «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 18 қаңтардағы №1154а-XII;

25. «Қазақ КСР еркін экономикалық аймақтар туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер енгізу туралы» 1992 жылғы 18 қаңтардағы №1156-XII;

26. «Ішкі істер органдары қатардағы және бастықтар құрамының арнаулы атақтары туралы» 1992 жылғы 18 қаңтардағы №1161-XII;

27. «Қазақ КСР Конституциясының 97 және 114-3 баптарына толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 18 қаңтардағы №1167-XII;

28. «Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы» 1992 жылғы 30 мамырдағы №1367а-XII;

29. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы» 1992 жылғы 4 маусымдағы №1372-XII;

30. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы» 1992 жылғы 4 маусымдағы №1374-XII;

31. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің музыкалық редакциясы туралы» 1992 жылғы 4 маусымдағы №1376-XII;

32. «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» 1992 жылғы 5 маусымдағы №1378-XII;

33. «Қазақстан Республикасында Конституциялық сот ісін жүргізу туралы» 1992 жылғы 5 маусымдағы №1379-XII;

34. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1992 жылғы 20 маусымдағы №1403-XII;

35. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1992 жылғы 23 маусымдағы №1405-XII;

36. «Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері туралы» 1992 жылғы 23 маусымдағы №1407-XII;

37. «Қазақ КСР сот құрылысы туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 24 маусымдағы №1410-XII;

38. «Қазақ КСР Азаматтық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 24 маусымдағы №1411-XII;

39. «Қазақ КСР-інің Қылмыстық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 24 маусымдағы №1412-XII;

40. «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1992 жылғы 17 сәуірдегі қаулысын бекіту туралы» 1992 жылғы 24 маусымдағы №1416-XII;

41. «Қазақстан Республикасының Патент заңы» 1992 жылғы 24 маусымдағы №1422-XII;

42. «Шетелдік инвестицияларды пайдаланатын кәсіпорындар Заңның («Қазақ КСР-індегі шетелдік инвестициялар туралы» 1990 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақ КСР Заңына қосымша) 20-шы бабына сәйкес жеңілдіктер ала отырып өндіретін өнімдер мен көрсететін қызметтердің тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 26 маусымдағы №1430-XII;

43. «Қазақ КСР Жер кодексіне, «Қазақ КСР жер реформасы туралы», «Қазақ КСР шаруа шаруашылығы туралы» Қазақ КСР заңдарына және «Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 26 маусымдағы №1431-XII;

44. «Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта қорына, Халықаралық қайта құру және даму банкісіне, Халықаралық қаржы корпорациясына, Халықаралық даму қауымдастығына, Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігіне және Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа мүшелігі туралы» 1992 жылғы 26 маусымдағы №1433-XII;

45. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 26 маусымдағы №1435-XII;

46. «Көшіп келу туралы» 1992 жылғы 26 маусымдағы №1437-XII;

47. «Қазақ КСР Еңбек туралы заңдар кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 26 маусымдағы №1439-XII;

48. «Қазақ КСР Еңбекпен түзеу кодексінің 56-шы бабына өзгерістер енгізу туралы» 1992 жылғы 26 маусымдағы №1443-XII;

49. «Қазақ КСР Неке және үйелмен туралы кодексінің 63-ші бабын толықтыру туралы» 1992 жылғы 26 маусымдағы №1444-XII;

50. «Қазақ КСР кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» 1992 жылғы 26 маусымдағы №1446-XII;

51. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерін өзгерту, толықтыру және күші жойылды деп тану туралы» 1992 жылғы 26 маусымдағы №1447-XII;

52. «Қазақстан Республикасының 1992 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 29 маусымдағы №1451-XII;

53. «Қосылған құнға салынатын салық туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы №1457-XII;

54. «Қазақстан Республикасы азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы №1459-XII;

55. «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» Қазақ КСР Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы №1461-XII;

56. «Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық туралы» Қазақстан Республикасы Заңына толықтыру енгізу туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы №1462-XII;

57. «Жер салығы туралы» және «Жол қоры туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы №1464-XII;

58. «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы №1468-XII;

59. «Тіркелген (ренталық) төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 30 маусымдағы №1469-XII;

60. «Тұрғын үй кодексі» 1992 жылғы 1 шілдедегі №1473-XII;

61. «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі №1488-XII;

62. «Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі №1491-XII;

63. «Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Қазақ КСР Қылмыстық кодексіне, Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі №1505-XII;

64. «Туризм туралы» 1992 жылғы 3 шілдедегі №1508-XII;

65. «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» 1992 жылғы 3 шілдедегі №1510-XII;

66. «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 3 шілдедегі №1520-XII;

67. «Қазақ КСР азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақ КСР Заңына толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 3 шілдедегі №1521-XII;

68. «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-ші бабына өзгерістер енгізу туралы» 1992 жылғы 3 шілдедегі №1522-XII;

69. «Қазақстан Республикасы Кеден комитеті мекемелерінің басқарушы құрамының дербес атақтары туралы» 1992 жылғы 4 шілдедегі №1526-XII;

70. «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты өтпелі кезеңде жер және шаруашылық заңдарының жекелеген нормаларын қолдану тәртібі туралы» 1992 жылғы 4 шілдедегі №1530-XII;

71. «Қазақ КСР Халық депутаттары жергілікті кеңестерінің тұрақты комиссиялары туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 4 шілдедегі №1531-XII;

72. «Ұжымдық шарттар туралы» 1992 жылғы 4 шілдедегі №1541-XII;

73. «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» 1992 жылғы 4 шілдедегі №1543-XII;

74. «Қазақстан Республикасының 1992 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізу туралы» 1992 жылғы 11 желтоқсандағы №1773-XII;

75. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің тексті туралы» 1992 жылғы 11 желтоқсандағы №1774-XII;

76. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні туралы» 1992 жылғы 11 желтоқсандағы №1775-XII;

77. «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 18 желтоқсандағы №1787-XII;

78. «Мемлекеттік баж туралы» 1992 жылғы 19 желтоқсандағы №1792-XII;

79. «Қосылған құнға салынатын салық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 22 желтоқсандағы №1798-XII;

80. «Қазақстан Республикасының азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 22 желтоқсандағы №1799-XII;

81. «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» Қазақ КСР Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 1992 жылғы 22 желтоқсандағы №1800-XII;

82. «Акциз туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 23 желтоқсандағы №1802-XII;

83. «Тіркелген (ренталық) төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізу туралы» 1992 жылғы 23 желтоқсандағы №1803-XII;

84. «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 23 желтоқсандағы №1805-XII;

85. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 23 желтоқсандағы №1815-XII;

86. «Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 23 желтоқсандағы №1816-XII;

87. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 23 желтоқсандағы №1817-XII;

88. «Қазақ КСР-індегі кәсіпорындар туралы» Қазақ КСР Заңына толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 23 желтоқсандағы №1818-XII;

89. «Қазақ КСР-інің Неке және үйелмен туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы» 1992 жылғы 23 желтоқсандағы №1820-XII;

90. «Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 23 желтоқсандағы №1820а-XII.

1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы заңдарының тізбесі

1. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 1993 жылғы 13 қаңтардағы №1872-XII;

2. «Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы» 1993 жылғы 13 қаңтардағы №1874-XII;

3. «Кеден нарығы мен бажы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына толықтыру енгізу туралы» 1993 жылғы 15 қаңтардағы №1881-XII;

4. «Стандарттау және сертификаттау туралы» 1993 жылғы 18 қаңтардағы №1886-XII;

5. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» 1993 жылғы 18 қаңтардағы №1888-XII;

6. «Жол қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 18 қаңтардағы №1890-XII;

7. «Өлшем бірлігі туралы» 1993 жылғы 18 қаңтардағы №1894-XII;

8. «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» 1993 жылғы 19 қаңтардағы №1897-XII;

9. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын сақтау туралы» 1993 жылғы 19 қаңтардағы №1899-XII;

10. «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1993 жылғы 20 қаңтардағы №1901-XII;

11. «Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1993 жылғы 21 қаңтардағы №1910-XII;

12. «Еңбекті қорғау туралы» 1993 жылғы 22 қаңтардағы №1914-XII;

13. «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» 1993 жылғы 23 қаңтардағы №1921-XII;

14. «Қазақ КСР халық депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 23 қаңтардағы №1923-XII;

15. «Қазақстан Республикасының Орман кодексі» 1993 жылғы 23 қаңтардағы №1924-XII;

16. «1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы» 1993 жылғы 25 қаңтардағы №1927-XII;

17. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» 1993 жылғы 28 қаңтардағы №1932-XII;

18. «Қазақстан Республикасының және Қазақ КСР-інің кейбір заң құжаттарына толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 28 қаңтардағы №1934-XII;

19. «Жол қозғалысының қауіпсіздігі мен көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзудың жекелеген түрлері үшін санкциялардың өзгертілуіне байланысты Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы» 1993 жылғы 30 қаңтардағы №1947-XII;

20. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық қызметі туралы» 1993 жылғы 31 наурыздағы №2052-XII;

21. «Қазақстан Республикасының Су кодексі» 1993 жылғы 31 наурыздағы №2061-XII;

22. «Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу жайында» 1993 жылғы 31 наурыздағы №2064-XII;

23. «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» 1993 жылғы 1 сәуірдегі №2066-XII;

24. «Қосылған құнға салынатын салық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» 1993 жылғы 1 сәуірдегі №2068-XII;

25. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1993 жылғы 1 сәуірдегі №2069-XII;

26. «Қазақстан Республикасының бірқатар заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 1 сәуірдегі №2071-XII;

27. «Қазақ КСР сот құрылысы туралы» Қазақ КСР Заңына, Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексіне, Қазақ КСР Азаматтық істер жүргізу кодексіне, Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 1 сәуірдегі №2073-XII;

28. «Алтын қоры мен Алмас қоры туралы» 1993 жылғы 3 сәуірдегі №2078-XII;

29. «Қазақ КСР-індегі бағалы қағаздар айналымы және қор биржасы туралы» Қазақ КСР Заңына толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 7 сәуірдегі №2085-XII;

30. «Қазақ КСР-індегі шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы» Қазақ КСР Заңына өзгеріс енгізу туралы» 1993 жылғы 7 сәуірдегі №2086-XII;

31. «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 8 сәуірдегі №2087-XII;

32. «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 8 сәуірдегі №2088-XII;

33. «Қазақстан Республикасындағы концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» 1993 жылғы 8 сәуірдегі №2090-XII;

34. «Қазақ КСР сыртқы экономикалық қызметінің негізгі принциптері туралы» Қазақ КСР Заңының күші жойылды деп тану туралы» 1993 жылғы 8 сәуірдегі №2091-XII;

35. «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және Қазақстан Республикасының «Шаруа шаруашылығы туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 8 сәуірдегі №2092-XII;

36. «Жер салығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 8 сәуірдегі №2093-XII;

37. «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» Қазақ КСР Заңына толықтыру енгізу туралы» 1993 жылғы 8 сәуірдегі №2105-XII;

38. «Кәсіптік одақтар туралы» 1993 жылғы 9 сәуірдегі №2107-XII;

39. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 1993 жылғы 9 сәуірдегі №2108-XII;

40. «Қазақ КСР-індегі меншік туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 9 сәуірдегі №2109-XII;

41. «Жоғары білім беру туралы» 1993 жылғы 10 сәуірдегі №2110-XII;

42. «Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту қоры туралы» 1993 жылғы 12 сәуірдегі №2112-XII;

43. «Инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесі туралы» 1993 жылғы 12 сәуірдегі №2113-XII;

44. «Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы» 1993 жылғы 12 сәуірдегі №2115-XII;

45. «Шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдар туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 12 сәуірдегі №2117-XII;

46. «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде» 1993 жылғы 12 сәуірдегі №2118-XII;

47. «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 12 сәуірдегі №2120-XII;

48. «Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 12 сәуірдегі №2122-XII;

49. «Аренда туралы» Қазақ КСР Заңының күші жойылды деп тану туралы» 1993 жылғы 12 сәуірдегі №2123-XII;

50. «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Бақылау палатасы туралы» 1993 жылғы 13 сәуірдегі №2131-XII;

51. «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» 1993 жылғы 13 сәуірдегі №2133-XII;

52. «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақстан Республикасы халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» 1993 жылғы 13 сәуірдегі №2136-XII;

53. «Қазақстан Республикасындағы банкілер туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі №2139-XII;

54. «Валюталық реттеу туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі №2141-XII;

55. «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі №2143-XII;

56. «Қазақ КСР-індегі кәсіпорындар туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі №2154-XII;

57. «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» және «Қазақстан Республикасында Конституциялық сот ісін жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде» 1993 жылғы 15 сәуірдегі №2168-XII;

58. «Ең төменгі жалақы мен ең төменгі зейнетақы туралы» 1993 жылғы 14 қазандағы №2422-XII;

59. «Қазақ КСР Қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 15 қазандағы №2428-XII;

60. «Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 15 қазандағы №2429-XII;

61. «Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы» 1993 жылғы 15 қазандағы №2433-XII;

62. «Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы» және «Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1993 жылғы 18 қазандағы №2442-XII;

63. «Қазақ КСР Еңбекпен түзеу кодексінің 50-ші бабына өзгерістер енгізу туралы» 1993 жылғы 18 қазандағы №2443-XII;

64. «Қазақ КСР Азаматтық істер жүргізу кодексіне өзгерістер енгізу туралы» 1993 жылғы 18 қазандағы №2444-XII;

65. «Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының арнаулы атақтары туралы» 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» 1993 жылғы 18 қазандағы №2445-XII;

